

Каз
М37



МЭШҮҮР-ЖҮСЭЛ



Сүхбаатар

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Қаз
М37

Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы

Мәшһүр-Жүсіп
(Қазақ фольклоры үлгілері)
Шығармалары. 6 том.

Павлодар, 2005 ж.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 6 том.

Павлодар: “ЭКО” ҒӨФ, - 2005 ж. - 396 бет.

ISBN 9965-625-10-9

Алтыншы томда Мәшһүр-Жүсіптің ел арасынан жинап, қағазға түсіруімен сақталып, бұған дейін жарық көрмеген қазақ фольклоры үлгілері топтастырылған. Атап айтқанда: ертегілер, аңыз әңгімелер, күлдіргі сөздер, шешендік өрнектері, айтыс үлгілері т.с.с. Кітап- қазақ фольклорын және қазақ тарихын, тұрмыс-салтын, наным, психологиясын т.с.с. зерттеуші ғалымдар мен қалың оқырман үшін құнды бай материал көзі.

Редакциялық алқа:

Арын Е.М., Қирабаев С., Құсайынов А., Мәшһүр-Жүсіп Қ.П.
(жауапты редактор), Қаскабасов С.А., Нұрғалиев Р., Әбусейітова М.Қ.,
Негимов С., Дәуітов С., Қамзабекұлы Д., Тұрышев А., Жүсіпов Н.Қ.,
Жүсіпов Е.Қ.

Рецензенттер:

А.С.Еспенбетов- М.Әуезов атындағы Семей университеті ректоры,
фил.ғыл.докторы, профессор; Д.Ысқақұлы- фил.ғыл.докторы,
профессор.

Кітапты араб жазуынан аударып, ғылыми түсініктер беріп, құрастырып,
баспаға әзірлеген- Нартай Қуандықұлы Жүсіпов, фил. ғыл. кандидаты.

С.Торайғыров
атындағы ПМУ-дің
академик С.Бейсенов
атындағы кітапхана

КІТАПХАНА

I Ертегілер

Шыншыл мен суайт

Бір шыншыл мен бір суайт жүретұғын жолы бірге болғандықтан, жорықтас болып жол жүріп келе жатып көрген әңгімесі. Шыншыл қайда барса, сөзінің шындығы төрге отырғызып, ішпегенін ішкізіп, жемегенін жегізіп, ел көзіне сүйікті көрсетеді екен де, ілгері баса береді екен. Суайт қайда барса, өтірігі бетіне шығып, жұртқа жексұрын көрініп, көтінен кері кете береді екен.

Екеуі бір қорқынышты, қауіп-кәтерлі шөлге шығып кетті дейді. Бұрын жүрмегендіктен, жол жайын білмегендіктен, солай болатұғындығы үшін бұрынғы қазақ қариялары айтқан: «Көрген жер- бостан, көрмеген жер-көрстан» деп.

Ол шөл сондай шөл екен: желі ыстық оттай бетке ұратұғын, топырақ-құмы борандай борайтұғын, бетке қадалар бетеге жоқ, көздің жасындай суы жоқ, түкіріктен басқа дым жоқ, жанды нәрсе күнелтіп, тірілік қыла алмайтұғын, «Тозақ шөлі» атанған аты-шулы жан жүрмейтұғын шөл екен. Бұлар мән-жайын білмегеннен абайламай жүріп кетіп душар болыпты. Шыншыл:

- Не болса, Құдайдың бізге берген нәубеті. Мұны берген Құдай бұл бейнеттің рақатын бізге көрсетер, «мехнат- түбі- рақат»-деп, қуана береді екен де, Суайт:

- Құдай білгіш дейді, бәрін біледі дейді, кәне, білгені?! Білгіш болса, осындай жер дүние жасай ма?! Құдай күшті дейді, қайда күштілігі?! Мұның жерін жаратуына шамасы келсе де, су жаратуға мұршасы келмей қалған гой!- деп, аузына келгенін шаға береді дейді.

Шыншыл:

- Маған мұның бейнеті ауыр емес. Осындай қиын-қыстау тар жерде сен сықылды жолдас берген Құдай маған не бермес дейсің?! Ырзамын Құдайға, шүкір, шүкір!--дей береді дейді. – Сұмырай күнде, сұм жұлдызда тудық па? Әлде маған сондай күнде кез болдың ба?- деп, тәубе тізірух Құдайға жалынуда болады екен.

Суайт аузына келгенін шатып, Құдаймен арпалысуда болады екен.

Ес кетті, жан шықты дегендей болып, шөл таусылып, бір дарияның жағасына жетті дейді. Дарияның жағасына келсе, жыбырлаған кеме, қыбырлаған жан, күллі қоры-дағы жұрттың кемемен дариядан әрі өтетұғын күшіне кез болған екен. Жұрт жабырласып ақырғы кемеге жанталасып мініп жатыр екен. Бұлар кемеге сыймай қалып бара жатқан соң,

кемешілер екеуіне бір қайық беріпті. Екеуі бір қайыққа мініп, арқанын бір зор кемеге тіркеп, су жүзімен жүріп келе жатса, дария да неше күн, неше түн жүрсе, таусылмастай болған соң, суайт шыдай алмайды дейді:

- Япыр-ай, жұрт: «Құдай, Құдай!»- дейді. Шөл болса, оған бір тамшы су орнастыра (орналастыра) алмай, су жасаса, алақандай құрғақ жер орната алмапты. Анауы- анадай, мұнысы- мұндай: сондай Құдайды «Құдай, Құдай!»- деп, аузыңнан тастамайсың. Мен кісі танысам, сенің өзің шын оңбаған сұмырайсың ғой!»- деп, шыншылға ұрсады дейді.

«Бірдікі- мыңға!»- деген бар емес пе?! Суайт залымның кесапатты кесір тілінің сұмдығынан көп кеме толқынға килігіп, Құдай пана берсін, су тас-талқан, кеме быт-шыт, біреу олай, біреу былай (бұлай) басымен қайғы күн туып[ты]. Суайт мұндай зор күнге ұшырап қалған соң, жағы қарысып, шыншыл:

- Қой, жаным, айта көрме!»- деп, онымен арпалысып, бір жағынан Құдайға сыйынып,- «Сақта, Құдірет, сақта!»-деп, жалынып- жалбарынып, ақ жүрекпен айтқан наласы қабылдай болып, күн жайма- шуақ, жадағай боп ашылып, толқын басылып, дария ортасында көздеріне бір қара көрінді дейді.

Сол көрінген қараға қайықтарын жел айдап, аман- есен келсе, бір жасы[л] байтақ кең арал екен. Құм топырақ бір араға жиылып, үйіліп, кең сахара дала болып, үстінен ағашлар өсіп, өзіне-өзі келіп, бір жетіліп тұрған жай екен. Қайықтарын бір ағашқа байлап, құрғақ дүниенің жүзіне шығып аралап келе жатса, суы мөлдіреп, түбі күмістей жылтырап жатқан бір бұлаққа кез болыпты. Басында бір тас. Тасқа жазу жазылған. Жазуы қазылған тасқа таңба басқандай, қиямет-қайым болмай жоғалар жазу емес. Екеуі де танып оқыды- тасқа жазылған сөзі: «Кімде- кім бұл бұлаққа кез келсе, өмірінде өтірік айтпаған шыншыл кісі бұл бұлақтан бір жұтса, мейірі қанады, көзі шырадай жанады. Толық бір айға шейін ас-су іздемей, тойған қозыдай томпиып, дәнемеге пейілі (мылы) шаппай қалады. Егер өтірікші, жалғаншы ішсе, мейірі қанбайды, көзі шырадай қанбайды. Оның тоқтығы- ай, отыз күн түгіл, үш күнге бармайды. Қанша ішкенмен, өмірінде сусыны қанбайды және тағы мұнан ішкен соң, аузынан бір өтірік сөз абайламай шығып кетсе, табанда қарны кеуіп кетіп жарылып өледі. Ана көрініп жатқан дария суы ащы, ауызға ұрттап алғысыз. Бұл маңайда мұнан басқа көздің көлеміндей де су жоқ. Ішсе де ерік өзінде, ішпесе де ерік өзінде. Және бұл айтылған ішу шартынан басқа шомылу шарты бар. Өтірікші бұл суға түссе, денесіне тиген жері өртенеді. Отқа күйгенге жазылу бар, бұған күйгенге жазылу жоқ. Шыншыл шомылса, жаны сая табады, денесі рақатланады. Көзін жұмсын, құлақ-мұрнын тығындасын, бір сүңгіп, басын көтеріп алсын.

Сонда көзіне не көрінсе, жанға аузынан шығармасын, өзіне-өзі ие болуға жараған жан шомылсын!»-деп жазыпты (иазыпты). «Және бұл суға құлаш ұрып жүзіп малтымын демесін. Егер ондай қыламын десе, етпетінен (екбетінен) суға жабысып жатып қалған бойымен жатып қалады!»- депті.

Суайт мұнан ішерін де білмеді, ішпесін де білмеді. Өзін әрі аштық, әрі сусағандық жетесіне жетіп, титығын құртқан.

- Енді бір ауыз өтірік айтпаска тәубе қылдым!

Шын Құдайдан қорқып, қылған тәубе емес, амалсыз, шарасыздықтан тәубеге келіп, ішіпті, шыншыл әуелі дәрет алды, шүкірүзу намазын оқыды. Ол намаз оқып жатқанда, суайт шомылайын деп ойланып, суға қолын тигізіп еді, қолы ду (дау) ете түсті. Шегініп тұра қалды. Шыншыл намазын оқып болған соң, қаннен қаперсіз, дәнemedен сескенбей, ұят жеріне белдемше байлап, суға кірді. Өл балық есепті болды, су оған жан есепті болды. Өмірінде көрген бір рақаты болды. Жаны жай тапқан соң, денесі сүйсінген соң, суға бір сүңгіп, басын көтерін алса, манағы шешіп суға түскен жер емес, басқа бір бөтен дүниеден шықты. Әдемілігін, оңдылығын ауызбен айтып түсіре алар емес. Жалғанның жарық сәулесін жаңа көрді. Судан қырға шығып еді, қылқын (құлқын) кескендей қырық қыз сұлулықта бірінен- бірі өтеді. Бірінің қолында орамал, бірінің қолында сүлгі, қолы бос ешқайсысы жоқ. Жалма-жан етін құрғатып, торғын төсеп, атлас жайып, бастан-аяқ киіндіріп, бірі қолынан ұстап, бірі қолтығынан сүйеп, сандал ағаштан салынған сарайға алып барысып, бұл өзіне де ие бола алмай қалды, ісіне де ие болмай қалды. Ол сандал үйде сандал ағашынан алтындатып жасатқан бір тақ. Тақ үстінде бір қыздың суреті. Мына жанды қыздардың бәрі де ол суреттің қасында дәнemedеге тұрмай қалды. Жалғанда мұндай сұлуды жаратқан Құдай қалай шебер?! Құдайдың жаратқан қалпын аудармай өзіндей қылып салып алған суретші қалай шебер?! Сол суретті көргенде, есінен адасып жығылды. Қырық қыздың басшысы Шәрігүлрух жалма-жан басына келіп, отыра қалып, бетін-бетіне тигізгенде, жансыз денеге жан салғандай болып, көзін ашып мұны көрді де, ананы ұмытты. Басын көтертуге жараған, өзін тұрғызуға жарамай ма?! Қолынан ұстап, құшақтасып, қойындасып жоғары таққа алып шықты. Шәрігүлрух етіне-еті, бетіне-беті үйренген [соң], айттырып алған жарынан артық «жайылып жастық, иіліп төсек»- болып, бүркіттен қырағы, байғыздан зерек, маймұннан (маймылдан) ойыншы, мысықтан ебі асып, құшақтасып, сүйісіп, ыржақтасып күлісіп, қырық қиылып, отыз үйіліп, он екі бұралып, мойнына оралып, әуліктіріп, еліктіргені былай (бұлай) тұрсын, алма дейсің бе, анар дейсің бе- жегізіп, шырын, шәрбат, қызыл арақ қосқан арап пен сарапты (шарапты) ішкізіп, әуелі өзі

ұрттап, өзі ұрттаған жерінен жігітке ұрттатып, ғақыл-естен тандырып, көзін шырадай жандырып, аса жанындай жақсы көргендігіне кылық, қызметімен нандырып, жігіт те күйіне түсіп, көңілі көтеріліп өсіп, екі көзі мөлдіреп, қадалғаннан қадалып, қыздың өңменінен өткендей тиісіп, ұят-ардан кешіп әйел жынысынан еркектің ерік әліне (алдына) қоймай, керек қылғанын дәметіп, жалынып-жалпая бастады. Құшақтаса, қымсынбайды; сүйсе, шімірікпейді. Қалай уқаласа, уқалауына көнді.

- Бірақ бүгін маған аял бер. Ертеңгі күннің таңы атсын! Тайдай тал түсте адал неке, ақ жолмен қосылайық. Бұл жер аса адалдықты ұнатады. Иненің көзіндей арамдыққа (арамдықға) басуға жол жоқ. Бір соқырдың қобалжығанына қозғалып, жігіт болсаң, менің етегімді былғам! «Асыққан- жетпес, бұйырған- кетпес»- деген бар емес пе?!- деп, о да жалынды дейді. Мұның бойын әбден билеп жеңіп кеткендігі сондай, айтқан сөз құлағына да кірмейді, өзі есі-түсін де білмейді. Екі көзі қыздың бетінде, екі қолы емшек, тамақ сықылды жоғарғы дене етінде. Сабыры қалмағаннан шыдай алмай, қолды төменгі жаққа соза бастады.

Қыз жалынып:

- Бір жұмысқа кірмей, өзінді тоқтата алмай тұғын болсаң, өзімнен де артық бір сұлуды қойныңа салайын!- деп, Сыросминсақ деген бір қызды шақырып алып:

«Мал- жан садақасы, жан- ар садақасы», - мен саған жанымды қинамайын. Бір түнге шыдай алмағандығыңа арымды қимамайын!-деп, жалынып-жалпайып Сыросминсақты қойнына салып, өзі тұрып кетті дейді. Бұл өз билігінен айрылып, соқырдың билігінде қалған кісі, ойына алғанын қылып, көңілі дауалап тынып жатты да қалды. Ағарып таң атты, жарқырап күн шықты. Бір мезгілде оянып, есін жиып, көзін ашты. Ғақыл-есіне келген соң, жындылық мінез бәрі бойдан қашты. «Ұрылған екенмін ғой! Құдай мені неден мұндай масқара қылды?!»- деп окініп өзіне-өзі пұшайман болып: «Суға шомылып адалданайын!»- деп, оңашаланып барып суға бір сүңгіп, басын көтеріп алғанда, манағы жолдасының қасынан шықты. Қайта сүңгиін десе, су жоқ. Не қыларын білмеді. Хайран-асыр, таң-тамаша, мең-зең, сал-сал, ессіз-түссіз, дал-дал. Көз басқа нәрсені көруден қалды, тіл бөтен сөзді сөйлеуден қалды. Алғашқы корген қыздың суретін (сортын) бір ойлайды, ол көз алдына бір елестейді. Онан соңғы өзін әлпештеп аялаған қыздың қылық-қызметін ойлайды. Ол көз алдына бір елестейді. Онан соңғы көңілін дауалатқан қыздың етінің жұмсақтығы ойына түседі. Ол көз алдына бір елестейді. Бұ жалғанда мұндай зор пәлеге ұшыраған кім бар дейсіздер?! Әзер зорға киімін киініп, аяғын басарын да білмейді, баспасын да білмейді. Оның

үстіне және таста бір жазу сайрап тұр: «Бұл жерге кімде-кім кез келсе, суға бір шомылған соң, титтей (биттей) кідіріп тұрмасын, олай-былай (пұлай) мойнын бұрмасын! Не дию пері өлтіреді, не жайын, не айдаһар жұтады. «Бас аман, жан сауға!»-деп, жөнелсін!»- деген.

«Өлейін десе, жан тәтті; өлмейін десе, дерт қатты». Амалсыз аяндап жөнеле берді. Жолдасы да хайран-асыр. «Аттан жығылғанды пері аңдиды- деген —осы екен-ау! Не қылса да, судан бұған бір нәрсе жабысты. Жын соғып кетті ме, пері соғып кетті ме?!»-деп, ол олай ойлап, бұл былай (бұлай) ойлап, екеуден-екеуі елсізде бір-біріне тіл қағысып, сөйлесуден де қалды. Шыншыл өз көргенімен хайран-асыр, суайт мұны көріп хайран-асыр- қайыққа мініп, дарияға түсіп келе жатып, бір зор кеме көрінді. Кемеге келсе, іші лық толған сандал ағашы. Тірі жан қырылған, жанды қарға да жоқ. Бұлар иесіз қалған кемеге келіп ие болды. Бұл кеменің жайы: бұл дария мұхит екен, Һиндстанға (үндістанға) астасқан жағы екен. Мұнан құрғаққа шыққан Һиндстаннан шығады екен. Ол заманда Һиндстанда бір Хысырау патша бар екен. Соның жалғыз қызы болған екен: заманасының сұлуы екен. Көрген кісі талып, өліп қала береді екен. Сол қыз басы айланып (айналып), көзі қараятұғын бір ауруға ұшырап, дүниедегі бақсы, балгерлерді жинаса да, еш дауа қыла алмай[ды]. «Бұған сандал ағаштың ісі жақсы»- дегенмен, патша жұртқа жар салған екен: «Сандал ағаштың бір тұтамын бір алтыннан аламын!»-деп.

Қызына сандал ағаштан үй жасатпақ болып, соған сандал ағаш алып, тиеп (түйе) келе жатқан бір керуен екен. Өздері су соғып, дерт тиіп, қырылып мүкәммалдары иесіз қала берген екен. Шыншылдың ау, әуеден басқа дәнемемен ісі жоқ. Суайт көп дүниені көрген соң, тыңайып кетті. Өлген жанның бәрін дарияға тастады, жалғыз өзі иеленді. Ақыры келіп құрғаққа бір шықты. Сөйтсе, Һиндстан патшасы Хысырау хан дария жағасында сейілге шығып жүр екен. Кемені көрсімен, кісі шаптырды. Екі кісіден басқа жан жоқ. Шыншылға:

-Жүр!- деп еді, басын шайқады:

- Менен аулақ, аулақ. Анау барсын!- дейді.

Суайт: «Құдай берді ғой!»- деп қуанып, «Бұған бір өтіріктің суын ағызып, майын тамызайын!»-деп, ханның жіберген кісісіне еріп, ханға барды.

- Жаным, кімсің?- дейді.

- Қыр қыдырған, су сыдырған, тау асқан, тас басқан, жүрген-тұрған жерімнен жын-шайтанның ұясы қашқан «Хожай саудагер»- деген саудагермін!- дейді. – Дария ішінде келе жатқанда, қызыл жел ескектеп, құл-күнім бәрі қырылып, жалғыз-ақ құлым қалды кемеді, малдың басында. Артқан-тартқан жүгім сандал ағашы!- дейді.

Патша:

- Издеген жоғым табылды!- деп қуанды.

Әлгі сөз аузынан шығуы мұң екен, ісіп, кеуіп, киіміне сыймай, кеу[десі] жарылып өлді. Патша өміріңде көрмеген нәрсесі болған соң, жаман шошып кетті. «Мұны жуып көміңдер!»- деуге де аузы бармады, өлген жерінде қала берді. Ол жерден өздері былай қашып кетіп, кемеде қалғанына кісі жіберді. Шыншылды дедектетіп алып келді. Ол кіріп келгеннен-ақ көрген жұрттың бойы иіп, еміреніп, сүйсініп, қарасын көрумен көңілдері тойып қалды. Оны сөйлетіп еді, онда бір мүлтік өтірік бола ма? Иесіз кемеге өздеріңіз қайықпен келіп киліккенін сөйлеп, айдан жарық, күннен раушан қылып айтып берген соң, патша да мұның шыншылдығына ден қойып, аузынан шыққан сөзіне тойып:

- Жаным, бізден қалағаныңды ал, көңілге алғаныңды айт!- дейді.

- Уай, тақсыр- ай, сізден не қалайын, не сұрап алайын?! Елім-жұртымнан айрылып келіп түстім қолыңызға, ғазиз тәнде шыбын жаным пида болсын жолыңызға! Сіз патша да, біз құл. Қарақан басыма азаттық берсең, Құдайға құлшылық қылып, Жасаған Иемнен сізге өмір тілеймін! Тілеуқорыңыз болуға жарасам, соның өзі маған бақ та, тақ та! Міне, шындығым!- деп, жер сүйді дейді.

Патша мұның сөзіне еріп-елтіп кетті. Қасына алып, уәзір етті. Онымен де қоймады. «Алмаймын!»- десе де, зорлап ықтиярсыз қызын қосты. «Қожаны жықпас па, аузына тықпас па»- дегендей қылып, ақ некені қиды, ал шымылдық құрды, алаша, төсек салды. Патша қызы қолына емін-еркін бір бай тиген соң, қуанып қалды. Мұның әлі қызбен ісі жоқ, ұялғаннан түзу де қарай алмайды. Есі-дерті баяғы бір қиялда жүр. Патша қызы мұнан мән-жайын сұрады. Бұл бастан кешкен, көрген-білгеннен түк қалдырмай сөйледі. Патша қызы:

- Жарайды, Құдайдың бір заманда бір түзу жаратқан жаны екенсің! Сол түзулігіңнен Құдай саған не берсе де, шын берген екен. Енді мен сөйлейін, сен тыңда!- дейді.

- Құдай Тәбәрік Отғылы әр заманда бір сұлу жаратады екен де, жан біткенді оның бетіне үңіліп қаратады екен. Сонда оны: «Жалған дүниенің жүзіне бір жақсылық берсін!»- деп, жаратпайды екен. «Біреудің ажалына, біреудің бейнетіне себеп үшін жаратады екен. Адамзаттан өлгеннің ұшы-қиыры (ғұйыры) жоқ. Бір жын патшасы маған ғашық болыпты. Қанша аңдып келгенмен, ұрлап алып кете алмай, маған қосылуға қолы жете алмай, басымды әңкі-тәңкі (әңгі-тәңгі) қылып, құлағымды азан-қазан қылып шулатып, есім ауып талып қалатұғын бір ауруға душар қылып кетіпті. Сонан соң атам балгер, бақсы, не қожа, молда тәуіпті, жинатып ем-дом қылса, бірде-бірі қонбапты. Ең ақырында дағдарғанда,

жұрттың тапқаны, тауып айтқаны сол болыпты: «Сандал ағашын тұтатса, талған кісі есін жиюшы еді. Бұл қызыңызға сандал ағашынан үй салдырып, соның ішіне бақтырыңыз!»- дегенменен менің атам бар қазынасын аямай жұмсап, сандал ағаштан үй салдырып, ойына келгенін қылыпты. Сонан кішкене серпіліп, тәуір болыппын. Болғанмен де анық жазылмасам керек. Анда-санда жын*перінің қанатының суылдағаны, өздерінің улаған-шулаған дауысы құлағыма естіліп тұрады. Сол жын патшасы маған ғашықлықпен атам салған сандал сарайды о да өз жерінде салдырыпты. Оның ішіне менің суретімді (суретімні) орнаттырыпты. Оның күтушісіне қырық қыз қойыпты. Құдай айдап, онда барып, сенің көріп ғашық болып жүргенің түнде көрген түс емес пе? Сені сонда айдап барған Құдай мұнда айдап келіп, міне, көрін отырғаның өң емес пе?!Өң мен түс- екеуінің арасы жер менен көктей емес пе?!- деген соң, бәрі өзінің бастан кешкен, жүрген-тұрған әңгімесінің шешуіндегі болған соң, Құдайдың қуатына хайран-асыр қалып, қыз сөзіне әбден сеніп наныпты.

Еркек пен ұрғашының арасында болатын қолқаны бірінен-бірі емінен-еркін алып, барша мұрат басына, сақалы көтіне жетті дейді.

Һамза, Лумза әңгімесі

Пайғамбар заманында аға-іні – бір туысқан екі жігіт болды. Біреуінің аты- һамза, біреуінің аты- Лумза. Өздері жалаңаш, кедей: ішер ас, киер киім аз. Бірақ мінздері оңды, қыздан қылықты, екі аяқты адамзаттың жорғасы, намаздан қалмайды. Намазға жұрттан бұрын келеді, жұрттан соң шығады. Егіз қозыдай жарасып, жұрттың көзіне түсіп, аузына ілінді. Сөйтіп жүргенде, ан хазіретіміз бір соғыстан түскен олжа үлестіргенде, екеуіне екі қара қой берді. Мұбарак алақанымен қойдың арқаларынан бір-бір сипап, екі қара қойды үйлеріне алып барды. Қойлар-бұты толған бұлақ болды. Бүгін қырықса, ертең жүні өсіп шыға келеді. Құдайдың құтты күні қыркатуғын болды. Киім, тамаққа мол жарыды. Бұрын жоғында екен, ішіп, жеп, киіп, дәндеген соң: «Барлық жақсы екен ғой, байлық жақсы екен ғой!»- деп баюға құмар болды. Ан хазіретіміздің қыңқылдап, құлағының тынышын кетірді.

- Ағайынды екеуіміздің баюымызға бата берсеңіз екен!-деп.

- Қой, балам, осы екі қойдың жүні, сүті сендерді аш қылмайды, жалаңаш қылмайды, осыған қанағат қылыңдар! Бай болған Қарабайдың не болғанын құлақтарың естімеді ме?- деп еді. Ондай- мұндай сөзге тоқтамады:

- Хазірет Оспан да бай, Сәдуақас та бай, Ғаббас та бай. Байлар пәлен құл азат қылады, ашқа- тамақ, жаяуға- ат, жалаңашқа тон береді.

Оның сауабын өзіңіз айтып тауыса алмайсыз. Құдайдың қанша мол жақсылығын бізден қызғанасыз ба? - деген соң, құлағына маза бермеген соң, шын ықыласпен емес, «Жығылған жағыннан тұрма!» - дегендей:

- Малдың астында қал! - деп, бата беріпті. Сонан соң бұлар дүрілдеп байып, шаһарға түгіл, далаға сыю қайда, жонға шығып кетті, қиыр жайлап, шет қонып, ұзақ мойынға кетіпті. Қайыр, бұлардың байлығы сондай, малының санына жете алмапты. Артқысын санаймын десе, алдыңғы санағанын ұмытып қала берсе керек. «Сан жетпеген!» - деп, сондай малды айтса керек.

Бір күндерде ан хазіретіміз зекетші жіберіпті. Барған зекетшіге зекет беру қайда, Әбу Жаһил Лағын Мұхаммед хақында не айтқан болса, Құран сөзіндей жаттап алған екен. Ылғи пайғамбар хақында қиянат, ғайбат сөзді ағасы бастап, інісі қостап:

- «Баяғыда бір-екі қара қой беріп едім» - деп, біздің қыр соңымыздан калмай-ақ жүр екен ғой! - деп, барған зекетшіні жанымен қайғы қылып жіберіпті.

Зекетші келіп, көрген-білгенін айтқан екен, нанбапты. Нанбаған себебі-мұның алдында бір жұртқа зекетші жіберін, ол зекетші барған жерін жамандап, қиянаттап келіп, пайғамбар соғыс ашуға мобилизация қылып, Халдібін Лулитті әскербасы қылып, аттандырып, бұлар барса, алдыңғы сөз шіп-шикі өтірік шығып, соның хақында: «Жалғаншының сөзіне нанып, арандап қалмаңдар!» - деген аят келіп отыр екен. Ол аят мынау: «Иа ирһалдин әмұна ан хакім пасықпын ба фітбинуан тысибуа маф ғатим иадмен» - деген аят келген.

Зекетшілердің сөзіне нанбай, ан хазіретіміз өзі барыпты. Барса, малдың астында қалған екен. Қойдың жүні тау-тау, төбе-төбе болып және сол пайғамбар барған күні қой қырықтырып науқан болып жатыр екен. Пайғамбар барған соң, «апысы кіріп, күпісі шығып» асып-сасып:

- Уай, тақсыр-ай, Құдай [сізді] де көрсетеді екен-ау! Жақсы келдіңіз! - деп, «жайылып жастық, иіліп төсек» - болып, ағайынды екеуі жорғалағанда, Уәли ханның асында жорға бәйгесінің алдында келген Жананның көк ала жорғасы мен ханның сырғанақ боз жорғасы айдалада қалыпты. Ағасы інісіне:

- Тұр, мал ап кел, сой! - дегенде, інісі шыға беріп, ағасына көзін қысыпты. Онысы: «Өзің бері шығып кетші!» - дегені екен. Ағасы:

- Әлгі семізін ап келмей, арығын ап келер, өзім шығайыншы! - деп, жүгіріп шығып, екеуі сыбырласып:

- Аузын ұрып, аяғын сыпырған жарықтықтарды қалай қиып, бас салып соямыз? Жетім күнінде не жемеді дейсің? Бір мысық сойып, палау басайық! - деп, жанға көрсетпей, мысық сойып, палау басты дейді.

Табакты көтеріп пайғамбар алдына ап келіп,қойған заман бір бүртік ет табакта қалмай, мысық тіріліп, шек-қарнын шұбатып, мияулап, жүре бергенде, екеуі жүгіріп шығып, ұялғаннан жүннің арасына кіріп кетіп, қайта жарық жалғанның жүзіне шыға алмай,қара күйе болып кетіпті. Қара күйе өзі екі түрлі болады: себебі сол дейді, солай болғаны үшін. Бұл әңгіменің қиямет қайымғаша айтылып жүруіне мұның хақында Уаеил сүресі келген деседі. [Мағынасы мынадай айтылады...]

«Айналайын, Һамза, Лумза, малды үсті-үстіне топырлатып жиды. Санап санына жете алмады ... ойлады: «Сол жиылған мал сол бойымен тұрады. Өзімізге өлу жоқ, ол малға ешқайда кету жоқ»-дейді. Ол мал ол дүние жиюшының өзіне Хұтыма деген- тозақтан кейін болмайды. Хұтыма деген тозақ ішіне түссімен, күйдіріп жібереді екен. «Сондай ол Һамза, Лумза да жүннің ішіне кірсімен, күйіп күйе болды!»- дейді. Жалғанда осы Һамза, Лумзаны еліктеушілер ақыретте Хұтыма атлы тозаққа кіргенде, түссімен, күйе болып кетсе керек.

Заманына қарай амалы

Бұрынғы заманда бір адам қатынымен араз болыпты. Болған себебі-қатынының өз байынан басқа жақсы көрер тамыры болғандықтан. Байы үйден шығып кетсе, тамырын шақырып алып, ойына алғанын жұмыстай беретұғын болғандықтан, байы кіріп келе сабап, еркектің күшін қолымен көрсетіп, бірін-бірі көргісіз болып, өйткенмен бірінен бірі кете алмайды. Қосақталған екі хайуандай бір арыснай (арестный) домға қамалған екі арестангтай күн кешіріп жүре беріпті.

Бір күн[і] қатынының тамыры қойынында жатқанда, даладан байының келіп қалғанын сезіп, қатын есікті ішінен тарс бекітіп алып, байы кіре алмай, есіктің алдында тұрғанда, көше жақтан бір жаршы жар салып жүр екен:

- Хан түсін жоруын білетұғын түс жорушы бар ма?!- деп.

Қатын терезеден айғайлап, жаршыны шақырып алып:

- Есіктің алдында менің байым тұр, түс жоруын жақсы біледі. Айтқаны далаға кетпейді. Жалғыз-ақ ұрмаса, сокпаса, кинамаса, білмейтұғын жаман әдеті бар. Өзін өлтіре ұрса, сонда шешіліп сөйлейді!- деген соң, ханның жұмсаған жендеттері ерік-әліне қоймай, сүйретіп ала жөнеліп, ханның алдына апарыпты.

- Түс жоруын білемісің?- деген екен.

- Жоқ, таксыр, білмеуші едім!- деген соң, алып келген жендеттер айтыпты:

- Өзінің қатыны бізге барлық сырды айтып берді. Ұрмай, соқпай сөйлемейтұғын әдеті бар өзінің!- дейді.

- Ендеше ұрындар, соғындар, кинандар! Тұщы етіне ащы таяқ тисе, долданып, ашынып сөйлейтұғын бойында бір бөлек айтатұғыны бар шығар!- деп, дүрсілдеттірді дейді. Жанына таяқ батып бара жатқан соң:

- Таксыр, дат!- дейді.

- Арызың болса, айт!- дейді.

- Үш күн мәулет беріңіз, оңашаға барып, елсіз жапанда ұйықтап қалып, сіз не көрсеңіз, соны түсімде көріп, сөйтін келіп айтушы едім,- дейді.

- Жарайды,- деп, босатып қоя берді.

Хан алдынан былай (бұлай) шығысымен, құба жон, құла түзге бет қойып жөнелді. «Үш күнге шейін іздеген жан таба алмастай, бір жетермін!»- деп, сол кеткеннен мол кетін бара жатыр еді. Жапанның сары даласында біреу мұның атын атап шақырады:

- Ай, пәленше, қайда барасың?-деп.

Жан-жағына қараса, өзінен басқа қарайған, қалқиған жан жоқ, жүре берейін десе, шақырып қоймайды. Қараса, бір жылан басын қақитып, шақырып тұрған. «Осы менің атымды айтпай танып, сұрамай біліп тұрған жылан да болса, тегін жылан емес қой!»- деп, жуықтап, жанына барды.

- А, пәленше, қорықпа, саспа! Хан түс көріп, сол түсін саған жоры!- деп, қинап, қыстаған соң, жаныңнан қорқып кетіп барасың ғой! Ханның түсінде не көргенін айтайын және оның жоруын үйретейін. Ханның өзіне бергенінің жарымысын маған қиямысың өзің?- дейді.

- Ойбай, саған түгел әкеп берейін, маған ханның бергенінің керегі жоқ. Жаным өлімнен қалса, маған соның өзі зор олжа!- дейді.

- Ой, байғұс-ай, «Судан өткенше, қызымды берейін,- деп, өгін алған соң -аузыңды сі...ін!» - деп айтатұғын қазақтың бірі емессің бе? Бүтін әкеп бер-деп, не қылайын, жартысына қалыт (қалта) қылмасаң болады!»- деп, әбден кешіріп, жылан сөйлепті.- Хан түсінде көктен жылан, шаян, құрт, құмырсқа жауғанын көрді. Өзі қорқып, түсімде соны көрдім! - деп айтуға да аузы бармай: «Не көрдім түсімде, соны тап та және жоруын айт!»- деп, қинаған ғой сені. Ол түсінің жоруы- заман жаманға айналды: ұрлық, зорлық, өтірік көп болады. Бұ күнгі уәдесінде ертең ешкім тұрмайды. Біреуді біреу жеу, біреуді біреу өтірік алдау, арбау- жұрт түрі солай болады.

- Жарайды, ханның бергенінің қақ жартысын саған ап келіп, алдыңа қояйын!- деп, қайта берді.

Келіп ханға сөйлеген соң, хан түсін тапқанына риза (ырза) болса да, «заман жаман болады!»- деген соң, мың ділда сыйлапты. Бұл мың ділда

қолына тиген соң, «Алтын көрсе, періште жолдан шығады»- деген бар ғой,«Жыланға ділданың не керегі бар, маған енді жыланның не керегі бар?!»- деп, үйіне барып, тымпиып жатып алды дейді.

Айлардан айлар өтті, жылдардан жылдар өтті. Баяғы хан тағы бір түс көріп, белгілі түс жорушыны шақыртты дейді. Шақырғанмен қоя ма, ерік әліне қоймай дедектетін алып келіпті. «Білмеймін десем, тағы да ұрады ғой!»- деп:

- Тақсыр, үш күн мәулет!- депті.

- Жарайды, бар!- деп, қоя беріпті.

Тағы да жазы жапанға, құла түзге қаша жөнелді: «Енді маған баяғы қыдыр болған жылан қайда? Жылан ұшырағанмен, не бетімді айтамын, қалай ұялмай, оны көремін? Не болса да, осы бетіммен қаңғи берейін!»- деп, бара жатса, баяғыдай атын атап, жылан тағы шақырды дейді.

Аяғымен басып баруға жарай алмады. Жерге жата қалып, бетімен басып, зорға барды дейді:

- Саған қарар жүзім де жоқ, айтар сөзім де жоқ! Алсаң, міне, бас;алмасаң, алдияр бас!- деп, жыланның аяғына бас қойып, жатып алды дейді.

- Көтер басынды! Байғұс, енді мұнан былай өтірік айтпасаң, ендігі бергеннің жартысын ап келіп бересің! Оныға да көнейін!- деген соң, қуанып,ұшып тұра келді:

- Ендігі бергенін түгел ап келіп, алдыға қоймасам ба?Менен ұрғашының жаман жері жақсы деп біл!- дейді.

- Жарайды, антың толық болды.Хан түсінде көктен қой жауғанын, қозы жауғанын көрді, қуанып оянды. Бастапқы түсін қорыққанынан ұмытты, бұл түсін қуанғанынан ұмытты. «Қорыққан, қуанған- екеуі бір бас»- демеп пе еді? Оның жоруы- заман жақсылыққа айналады (айланады).Жылан мен бала ойнағандай, итқұс пен қой ойнағандай: «Қой үстінде торғай жұмыртқалайтұғын» - заман болады!- дейді.

Еліктей ұшып, елпілдей басып, ханға келіп:

- Тақсыр, түсіңізде көктен қой жауғанын, қозы жауғанын көрдіңіз бе?- дегенде:

- Рас, рас, көрген түсім- осы еді. Енді мұның жоруын айт!- дейді.

- Тақсыр, бұл түсіңіздің жоруы- заман оңға айналды, жамандықтың жолы байланды. Енді заманыңыз бір түрлі, бұрын соң да ешкім көрмеген жақсы заман болады!- деген соң, хан қуанып, он мың ділда берді.

Қолына түссімен: «Қайдасың, жылан, енді көрінші!» - деп, асып-сасып, желпектей басып, жолда сүрініп, мүдірместен,титтей кідірместен, жыланның алдына алып келін, бәрін төге салды:

- Алшы түгел бәрін сен! - деп.

Жылан айтты:

- Ой, байғұс-ай, баяғы мың ділданың жартысын әкеліп беруге кимай, өтірік айтып кеткен пәленше сен емессің бе? Бүгін қайдан әулие бола қалдың?! Мен сені сөзге түсіндірейін. Заманды адам билемейді, адамды заман билемек! Баяғыда заман көтін көрсеткен заман еді. Заман оңға айналмай (айланбай), қыңыр қисыққа айналған еді. Сондықтан сені заман шыры жеңіп, өтірікші болып алып, келе алмағаның сол. Бұл күнде заман бетін көрсеткен заман. Заман оңға айналып, өтірік зым-зия жоғалып, шындық күшейіп, ұрлық жоғалып, біреудің біреу бір сабақ жібіне қиянат қылмайтуғын болып, зорлық жоғалып, әділет күшейіп, сол заманның жақсылығының әсері (шыры) сені шыншыл қылып, айтқанда, табанын аудармай тұра қалатұғын жігіт қылып тұрғаны. Сенде жазық та жоқ, әулиелік те жоқ. Өтірік сөйлетсе, заман сөйлетті. Шыншыл қылса, заман қылды. Солай болғаны үшін айтылады: «Заманына қарай- амалы»- деген сөз сонан қалған! - дейді.

Дүние бір күн көтін көрсетпек, бір күн бетін көрсетпек! «Дәл осы күн дүниенің көтін көрмесе, бетін көріп тұрған бір жан жоқ!» - десең, өтірікші болмайсың. Көктен жылан, шаян жауғанын бұрынғы түсінде көрген болса, бұл заманның адамы өңінде көріп тұр. Ешкімге өкпе жүрмейді. «От ішінде макта, // Мактадан Құдай сакта!» - деп, жүре бергеннен басқа дәнеме өнбейді.

Ақылдың пайдасы

Ерте уақытта бір патша болыпты. Патшаның әдеті үстіне жабайы киім киіп, жабайы адам болып, шаһарын аралап жүреді екен. Бір күні бір жерде бір адамды көреді. Басына ат басындай алтын, аяғына қой басындай алтын жастап жатыр екен. Патша бұған келіп:

- Сен не ғып жатқан адамсың?- деді.

Ол айтты:

- Мен ақыл сатып, кәсіп [етіп] жүретін адаммын, - деді.

- Мынау алтындарым сонан жинап алған пұлым, - деді.

- Ендеше маған да бір ақыл сатасың ба? - деді патша.

- Сағайын,- деді адам. - Сізге осы ақыл қайырлы болсын,- деп, мынау ақылды береді, сатады: «Не жұмыс, не іс қылсаң, ақылмен, сабырмен артын ойлап істе!» - деген сөзді береді.

Патша бір ділда беріп, алып кетеді. Үйіне келгеннен кейін, үйінің қабырғасына, әрбір ұстайтын орамал, дастарханға сол сияқты неше түрлі нәрселеріне жазып қояды. Бір күні патша шаштаразыға:

- Сен бүгін біздікіне жүріп, менің шашымды алып берші! - деп, шақырып кетеді. Артынан шаштаразы кешікпей келеді. Шаштаразының

патшаның шашын алайын деп келе жатқанын біліп, патшаның бас уәзірі алдынан қарсы жолығып:

- Патшаның шашын қандай пышақпен аласың? - деді.

Шаштаразы өзінің күнде шаш алып жүрген ағаш сапты пышағын көрсетті. Онда уәзірі айтты:

- Сенің ол пышағың патшаның шашын алуға лайық емес. Мә, сен мына пышақпен ал! - деп, уәзір өзінің алтын сапты ұстарасын береді.

Ол алып келеді де, патшаның үйінде жазулы тұрған жазуды көріп: «Не іс қылсаң, ойлап істе, - деген сөз дұрыс қой деп, - қой, өзімнің күнде алып жүрген ұстарам лайық болар!» [деп], алтын сапты ұстараны былай қояды да, ағаш сапты ұстарамен алады.

Патша көріп отыр, ойлап отыр: «Бұл маған менің шашымды алуға алтын сапты жақсы ұстарасын қимай отыр. Бұл ұстарасын менің шашымды алуға қимағанда, енді кімге қияды?! Шашты алып болсын, шашты алып болған соң, оның сазайын тарттырамын!» - деп, шашын алып болған соң, бір жасауылын жіберіп, бас алатын жендетін шақыртып алып:

- Шаштаразының басын ал! - дегенде, шаштаразы:

- Дат, тақсыр! - деді.

Патша:

- Айт! - деді.

- Айтсам, тақсыр, менің жазығым не, айтып өлтіріңіз! - деді.

Патша:

- Айтсам, екі ұстара әкелдің: алтын сапты, ағаш сапты. Алтын сапты жақсы ұстаранды менің шашымды алуға не себепті қимадың? Жазығың сол! - дегенде:

- Тақсыр, оның себебі қимағаным емес, себебі бар. Себебін айтайын. Алтын сапты ұстара менікі емес. Оны сіздің өзіңіздің бас уәзіріңіз беріп, жаңа осында сіздің шашыңызды алуға келе жатқанымда, алдымнан қарсы жолығып беріп еді: «Патшаның шашын [а] мына алтын сапты ұстара лайық, осымен ал!» - деп. Мұнда үйіңізге келген соң, сіздің мына жазуыңызды көзім көріп: «Қой, сырын білмеген аттың сыртынан жүрме!» - деген бұрынғылардың мақалы да бар еді, - деп, - күнде көзім көріп, қолыма ұстап үйренген өзім ұстарам жақсы болар! - деп, алған себебім сол! - дегенде, патша бір жасауылын жіберіп, уәзірін шақыртып алып, шаштаразыға:

- Мынаның шашын ал, өз ұстарасымен! - деді.

Шаш алып болмай-ақ, уәзірдің табанда жаны шығып кетіпті. Онан кейін патша бағанағы ақыл сатушыны өзіне бас уәзір қылыпты. Тағы да патша бір күні шаһар аралап жүрсе, базарда нан сатушы біреудің нанын

талап, таласып алып жатады. Патша да бір нанын алып дәмін татып көрсе, наны өте тәтті екен. Патша оған айтады:

- Сен маған үйінді көрсет. Сенен күнде нан алып тұрайын,- дейді. Ол үйіне патшаны ертіп барып, тамақ жайын аралатып көрсетіп, енді бір үйге алып барса, үйдің іші толған адам, бәрі темір көгенмен көгенделіп жатқан. Патшаны да бірге көгендеп салады.

Патша жоғалады. Уақытында үйіне бармайды. Патшаның жоғалғанын ешкімге сездірмейді. Ақылды уәзірі өзіне белгілі ақылы бар: «Артын ойлап іс қылу керек», - деп, ешкімге сездірмеген, артын ойлап іс қылуды ойлаған.

Күнде біреуін сойып, майына нан нісіріп, базарға сатады. Бір күні патшаны союға кезек келеді. Патша жалынып айтады:

- Сен мені сойма, мен саған нан сатқан пайдаңнан артық пайда келтірейін - дейді. - Маған кілем тоқитын құрал тауып бер!- деген соң, басқа бір биік үйге, оңаша кілем тоқуға қояды. Патша кілемін тоқып бітіреді, өзіне белгілі ақылды қоса тоқып:

- Ақыл белгілі ойлап, іс қылу басқаның әлі келмейді. Осы шаһардың патшасына сат, мың ділдадан кем берме!- деп айтып жібереді.

Айтқанындай, дәл сатып келеді. Бағанағы бас уәзірі, ақылды уәзірі, біледі: патшаның тірі екенін, мынаның білетіндігін сезеді де, бұған айтады:

- Үйіңде енді осындай кілемін бар ма? Бар болса тағы аламын! - дейді.

- Бар - деген.

- Ендеше екі есе артық бағаға аламын, үйінді көрсет! - деп, бір жасауылын қосып жібереді. Артынан жансыз үш жасауылын жіберіп, оның соңынан өзі он жігітпен барып тінтіп қарап, патшаны, басқа көгендеулі адамдардың бәрін тірі тауып, тұтқыннан босатып алады. Патшамен көрісіп жыласып жатыр. Мана жоғарыда патша жоғалған күнде ақылды уәзірі патшаның жоғалғанын жарияламаған, көпшілікке сездірмеген, артын ойлап іс қылуды ойлаған.

Әлгі кісі өлтіріп, кісі етін сатып пайдаланушыны мойнына темір шынжыр тағып, сүйретін өлтіріпті.

Екі патшаның білместігі

Біреуі Мысыр, біреуі Бағдат, Басра шаһарында болатындығы бар. Сөз басы Мысыр шаһарының патшасы бір күні өзінің қол астындағы халқын жиып алып, сахара майдан жеріне сейілге шығып, шаттанып отырғанда, барлық халқынан, жолдастарынан сұрайды:

- Жасырмай айтыңдар: өз тұсымда дүние жүзінде менен асқан көрікті, ақылды, данышпан адам бар ма? Көрген, білгендерің бар ма? Егер бар болса, менен қорықпай, ұялмай, жасырмай айтыңдар! - дейді.

Дегеннен кейін көптің ішінде бір жігіт адам айтады:

- Маған айтты деп ренжімесейіз, қауар қылмасаңыз, мен бір адам көрдім. Ол он қабат артық. Ақыл да, көрік те, мінез де, инабат та, ғылым да, мал да, ой да, бой да- бәрі де сізден артық! - дегенде, патша айтқан жігітке қауар етіп:

- Сол айтқан патшанды тауып алып кел. Әйтпесе басынды аламын! - деп, қауар етеді.

Бұл жігіттің айтқан патшасы Басра шаһарының патшасы еді. Бұл жігіт патшадан мәулет сұрап, Басра шаһарының өзі көрген патшасының шаһарына барып жетіп, патшаның [үйіне] қалжырап жетіп, есігіне барып, қақпасын қаққан соң, есігін ашады, үйіне кіргізеді. Кіріп, патшаның алдына келген соң, патшаның алдына жығылып, талып, ессіз болып, бірнеше күн жатады. Патша данышпан адам болғандықтан: «Бұл жігіт алыс жерден келген адам. Мұнда бір сыр бар шығар!» - деп, бірнеше тыныққанша күтіп, сыйлап, өзіне келтіреді. Бірнеше уақыттан кейін өзіне келген соң, жөнін, жайын сұрап, қайдан келген, қайда баратынын, жұмысын сұрап біледі. Жігіт бастан-аяқ келген, жүрген, көрген әңгімесін айтады, патшаны іздеп келгенін айтады. Егер бұл патша ана патшаға көрініске бармаса, жігіт өлетіндігін айтты. Патша жігіттің, бармаса, өлетіндігін ойлап, амалсыз бармақ болады. Жол жабдығын ыңғайлап, үйінен, шаһарынан бір қонақтық жерге барғаннан кейін:

- Үйімде бір өте қажет, адамға айтпайтын бір нәрсем ұмыт қалыпты,- деп, түн ішінде үйіне қайтып келіп, күзетшілеріне патша екенін білдірмей, көп алтын сыйлап, өз үйіне өзі сөйтіп кіріп барса, төсегінде қатыны мен бір бөтен жігіт бірге жатыр екен. Патша қолындағы қылышпен екеуін бір-ақ кесіп өлтіріп, қайтадан жолына келіп, бірнеше күн жол жүріп, Мысыр патшасының үйіне келіп тынығады.

Бірнеше күндер өткеннен кейін екі патша әңгімеге келіп, жолаушы келген Басра шаһарының патшасының ажары күн-күн сайын бәсең тартып, ажары түсін, жүдеу тартып, уайым-қайғыда болып, күрсініп жүдегендік, көңілінде ауыр қайғысы барлығы біліне бастайды. Екі патша бір күндері көңілдерін көтеру үшін далаға сейілге шығады. Екі патша сейілге шығып, шаһар сыртында биік тау бар екен. Тау басына шығып, тау басынан шаһарға көз салып қарап тұрса, патшаның әйелі қырық қыз, қырық жігітпен бірге мен о да сейілге шығып, шаһар ішінде бау-баша ішінде гуляйт құрады. Патшаның әйелі ді бір жігітпен гуляйт құрғанын алыстан, тау басынан патша өз көзімен көріп, екі

патша бастас болып, екеуінің мұны бір келіп, екеуі енді түсіп: «Бүйтіп мынаны көріп, мына дүниенің ішінде жүргенше, о дүниені бер!»- деп, құдай жолына түсіп, мал-жанынан безіп, қаңғып келе жатып, бір қалың ағашты бәйтерекке келіп, бәйтеректің түбінде ағып жатқан тұщы мөлдір бұлақ бар екен. Су ішіп, сусындарын қандырып, дамылдап отырғанда, бір айдаһар жылан келеді. Екі патша айдаһардан қорқып, бәйтеректің басына шығып паналайды. Біраздан кейін айдаһар жөніпше кетеді. Енді аздан соң, бір дәу келеді. Арқасында арқалаған алтын әбдіресі бар. Екі патша айдаһардан құтылдым ба деп отырғанда, дәуге кез болып, шыбын жандарынан үміттерін үзіп отыра берді. Дәу келді де, жоғары-төмен еш нәрседен қауіпсіз ешқайда қараған жоқ. Бұлақтан суды бір-екі ұрттап алды да, арқасындағы әбдіренің аузын ашып, ішінен ай мен күндей бір сұлу қызды шығарып алып, ойнағаннан кейін, ұйықтап қалды. Біраздан соң қыз түсіп, бұлақтың басына суға шомылып, жуынып, бұлақтың шетіне отырып, шашын тарап отырса, судың бетінде екі көркем жігіттің сәулесі түсіп тұр. Қыз көріп, талып қалғандай тамашалап, бұлар қайдан келіп қалған адам дегендей, жан-жағына қараса, бәйтеректің басында екі жігіт отырғанын көріп, қуанып шақырып:

- Екеуің мұнда кел! - деп.

Екі патша :

- Түспейміз! - деп еді, қыз айтты:

- Екеуің түспесең, менің тілегімді орындамасаң, қазір екеуіңді мына жақтан дәуге өлтіртемін! - деген соң, жанынан қорыққан соң, екеуі қыздың тілегін амалсыз орындайды.

Қыз бастан кешкен уақиғасын айтып, осы екеуімен тоқсан тоғыз адаммен ойнағанын айтады. Бұл екі жігіт қыздан мұндай әңгімені естіген соң: «Біздікі асаулық, дәнеме білмегендік екен!» - деп, тәубе қылып, райдан қайтып, үйірін, елін табады. Мұның аяғы қыздың тоқсан тоғыз жігітпен қалай ойнаған әңгімесін естігендерің әңгімеге жарысындар, соған құлақтарыңды салып тыңдап тұрындар.

Бес тиын бақыр және мысық

Бұрын ерте уақытта бір адам: «Адал еңбекпен азға қанағат қып, қалай байиды екен?»-деп, адал еңбек қылып, азға қанағат қып байиын!»-деп, сол ойының соңына түседі дейді. Өз елінен басқа, өз шаһарынан басқа, бір алыс жерге барып, бір байға жұмыскер болып, жұмыс істеп тұрады. Баймен жалақысына баға сөйлеспей тұрады. «Құдайдың бұйырғанын алармын, адал еңбегімді жемес!» - деп, жыл он екі ай болып, байдан шықпақшы болып, еңбегін сұрағанда, бай бес тиын бақыр ақша

береді. «Құдайдың бұйырғаны осы шығар!» - деп алып, бір дарияның шетіне келіп, судан өтпекші болып, киімдерін шешініп, ө ғып бұ ғып аудастырып жүргенде, бес тиын суға түсіп кетеді. Қайтадан манағы байға келеді де, тағы жұмыс істейді. Еңбегі- баяғы бес тиын. Осы тәртіппен үш рет бастапқы тәжірибе болады. Арада үш жыл өтеді. Қайтуы бір жыл, баруы бір жыл, арада бес жыл өткеннен кейін, өзінің еліне, жеріне қайтып келе жатса, бір адам жолында жолығады. Қойнына тығып алып келе жатқап қара мысығы бар жігіт. Мысық иесіне:

- Мысығыңды сатамысың?- деп сұрады.

Мысық иесі:

- Сатамын - деді.

- Бағасы не? - дегенде,

- Бойыңда не пұлың бар, соған беремін,- деді.

- Бойымдағы бес тиын бақыр,мә! - деп, алып берді.

Азсынған жоқ, алып кете берді. Бұл жігіт мысығын алып, қойнына тығып алып, өз жөніне жүріп, аман-есен еліне келеді. Келсе, елінде бір аждаһа пайда болған. Көзіне көрінген нәрсені жұтып, харап қылады. Оған уақытында көрген адамдардың қолынан келетін жұмысы- қашып құтылу, тілеген нәрсесін берісу болған. Бір күндерде харап қылып, қырысу, жұу қара мысықты баланың шаңарына кездесіп, бала мен қара мысыққа ұшырасады. Қара мысық бір хайлалармен аждаһаны өлтіреді. Қара мысықтың даңқы барлық ел халқына түгел жайылып білінеді. Шаһардың патшасы балаға:

- Мысығыңды сат, маған бер, - дейді.

Бала:

- Сатамын. Үш шартым бар соны орындасан, сатамын да, беремін!- дейді. - Бір шартым – қызыңды бер! Бір шартым-өз ауырлығыңдай алтын бер. Бір шартым- өз отырған сарайыңдай сарай салғызып бер де, ал! - деген.

Патша бәрін де орындап, алады. Бала бай болады. Тоғыз мың ділда тоғыз сиыр болып, бір атқа айырбасталады. Ат бір тымаққа айырбасталады. Тымақты суға ағызып жіберіп, онан кейін байбатшамен серттесіп, оның барлық малын алып, адал еңбекпен толық байып шығады.

Патша қызы және тазша

Бір патша қасында уәзірлерімен бір мәжілісте отырғанда, үстерінен екі қаз қаңқылдап ұшып өтіп кетеді. Патша уәзірлерінен:

- Анау қаздар не деп барады, білдіңдер ме? - деп сұрады.

Уәзірлер:

- Білгеніміз жоқ. Құстың тілін қайдан білейік? - деді.

- Осыны табындар. Таппасаңдар, бастарыңды аламын! - деді.

Уәзірлер мыстан кемпірден сұрап, мыстан кемпір: «Патшаның өзінің кіші қызы табады», - деп, сонан кейін кіші қыздан сұрап, ол айтып беріп, сонан сол қызын сол шаһардағы ең жаман басы таз тазша балаға жіберіп, әуелі қыз тазшаның басын жазып, бір шәлі тоқып беріп, саудаға жіберіп, ол шәліні сатып, ақшасына бес лақты ешкі алып: «Есі кеткен ешкі жияды, // Ешкіменен есіп жияды» - деп еді деп, ешкіні сиырға айыр-бастап, сиырды атқа айырбастап, атты тымаққа айырбастап, тымақты суға жіберіп, байбатшамен серттесіпті. Серттен жеңіп, барлық малын алып, бай болады. Әбден байып алғаннан кейін, баяғы патшаны қонаққа шақырады. Қыздың әкесі қонаққа келіп, тамақ-тамақтардың дәмін татып жеп көріп, жылайды.

- Неге жыладыңыз? - дегенде, патша кіші қызын айтып:

- Сол қызым кеткелі бір тамақ аузыма татымап еді. Сонан соңғы, сол балам кеткелі аузыма татыған тамағым осы болды. Сол балам есіме түсіп жылаймын! - дегенде, тазша күйеуі екендігі[н], [тамақ жасаушы оның] қызы екендігін айтқан екен. Сонан кейін патша орнына хан сайлап, ақырында тазша патша болады.

Қонақтың ақылы

Ертеде бір хан болыпты. Ханның үйіне бір қонақ келіп қонады. Хан қонағына:

- Жақсы мейманым, әңгіме айт! - дейді.

Онда мейманы айтады:

- Әңгіме айт десеніз, айтамын ғой. Бірақ айтқан әңгімемнің бір ауызына бір ділладан беретін болсаңыз, айтам, - дейді. Хан ойланып отырады:

- Япыр-ай, айтқан сөздің бір ауызына бір ділладан бере берсем, мұнымен көп ақшам шығады. Екіден, айтқан сөздің бәрі бір ділладан болатын қандай сөз болады? - деп ойланады да, - Кәне, айтшы сөзінді, - дегенде, мейман айтады:

- Не жұмыс істесең, артын ойлап істе! - дейді.

Хан бір ділдаға сатып алып, осы сөзін өзінің үйінің ішіндегі барлық нәрселеріне жазып қояды. Үйдің ішінде, тысында, орамал, дастарқанда, үй ішінің барлық нәрсесіне жазып қояды ұмытпау үшін. Ханның қан алатын дәрігері болады. Өзінің бірден соңғы уәзірін жібереді.

- Барып дәрігерді шақырып кел! - деп.

Уәзірі шақыра келіп, дәрігердікне қонақ болып қонады. Түнде төсекке жатып, жайланып жатқан соң, уәзірі дәрігерге әңгімелесіп айтады:

- Мен сенімен дұрыс боламын. Сен менің айтқанымды қыламысың? Сен менің айтқанымды істесең, менімен дос болсаң, мен ханның орнына хан боламын. Сен менің орныма уәзір боласың. Сен көп ойланғанды, менің айтқанымды істесең болды, - дейді.

Дәрігер көп ойланып тұрады да, амалсыз уәзірден қорыққанынан:

- Айтқаныңызды істейін, - дейді.

- Айтқанымды істесең, ертең шашын алған болып, ханды өлтір есебін тауып. Егерде осы менің айтқанымды орындамасаң, сені мен өлтіремін! - деген соң, амалы бар ма, ханды өлтірмек болып, уәдесін береді. Бірақ та уәзірге айтады:

- Мен өлтіргенде, қалай өлтіретін әдісін өзің тап, - дейді.

- Мен өзім тапсам, мен[ің] ұстарама у жағып, сенің қолыңа беремін. Сен сонымен қанын алсаң, хан өледі.

Уәзірмен уәдені бекітіп, ханның қасына келіп, қанын алмақ болып, ханның үй ішіндегі нәрселеріне көзі түсіп еді. Барлық нәрселерінде жазылған: «Не істесең, артын ойлап істе!» - деген жазуға көзі түсіп, мұнан ғибрат алып: «Мен де не істесем, артын ойлап істеуім керек екен!» - деген ойға түсіп, ойланады. Қолындағы у жағылған уәзірдің ұстарасын былай қояды да, бұрынғы өзінің ұстарасын алып, қанды сонымен алмақшы болады. Хан мұның бәрін көріп отыр, ана уәзірдің ұстарасын былай қойып, өзінің ұстарасын алғанына хан сезіктеніп:

- Анау ұстараны неге былай қойдың? - деп, хан тексеріп сұрады. - Сенің ұстараң бұрын біреу болушы еді. Бүгін неге екеу болды? Себебі не? - деп, қазбалап сұрай бастайды. Олай – бұлай жалтақтап, қикақтап, қипақтап еді, хан айтты:

- Шыныңды айтсаң, құтылдың, өтірік айтсаң, тұтылдың! Береке шында емес пе? Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам. «Аққа қара жоқ, // Қараға шара жоқ!» - деген, - деп, сөзден ұтып, апшысын қуырып, қол-аяғын бір-ақ уыс қылып, жаллаттарын (жендеттерін) шақыртып алып:

- Шынын айтпады, мынаны дарға тартыңдар! - дегенде, дәрігер ойланып:

- Тақсыр хан, аз ғана аял берсеңіз, айтайын шынымды. Айтпасыма болмады, - деп, бастан уәзірдің айтқан жұмысының бәрін айтып бергенде, хан мұның ықтиярсыз қорыққанынан істегеніне көзі жетіп, мұны босатады да, уәзірді дарға тартқызып өлтіреді. Дәрігерді уәзірдің орнына уәзір қойыпты.

Ханның өлмеуіне, мынаның өлтірмеуіне себеп болған: «Не істесең, артын ойлап істе!», - деген жазудың көзге түскен себебінен болғандай болады. Шықпас жанға аз бір айла, ажалсызға бір себеп болмақ.

Ер Төстік

Ертеде бір Мұтышақ деген бай болыпты. Оның 8 еркек баласы болыпты. Жылқы малы өте көп болып, жерге сыймайтын қалың болады. Бір жыл қыс қатты, жыл ауыр болғандықтан, жылқының қонысы басқа алыс жер, жат елдерге кететін болғандықтан, сегіз ұл жылқымен басқа алыс жерге кететін болып, әке-шешесіне сәғмына үш жылғы қара ту биені сойып беріп кетіпті. Кемпір-шал қара биенің етін үш жыл өтемге жеткізіп, үнемдеп жейді. Қазы-карта, жал-жаяларын үнемдеп жеп тауысып, ең сонында қара биенің төс еті қалады.

Мұтышақ бай бәйбішесіне айтады:

- Осы төстен басқа қара биенің етінен балаларға арнап сақтаған сыбағамыз жоқ. Осы төс етті балаларға арнап сақтайық! - десе де, бәйбіше төс етке қызығып, жеріп, сыпырып-сиырып жеп қойыпты.

Сонан кейін еркек бала тауып, атын төстікке жеріп тапқандықтан, Ер Төстік қояды. Бұл бала туғаннан-ақ ерекше ер бала болып туады. Өзі құрбы балалардан жаратылысы күшті, қуаты өзгеше артық болып балалар ойнап жүріп, ұрыс-төбелес, жанжал болатын болса, Ер Төстік балалардың біреулерін бастан ұрып, біреулерін көттен теуіп, біреулерін шалқасынан, біреулерін етпетінен (екпесінен) түсіріп, біреуінің қак шекесін, біреуінің мұрнын қанатып, ең болмаса, асып-сасыңқырап жылдамдататын болса, екі баланы екі қолымен ұстап алып, екеуінің басын біріне-бірін сүзістіріп [жүріпті]. Ер Төстік баланың бұл сияқты мінездерін көрген балалар қырғидан бұққан торғайдай, бүркіттен бұққан қояндай, қасқырдан үріккен қойдай үркіп жүретін болыпты. Төстік бала осы ретпен жүргенде, бір күні бір кемпірдің баласын да ұрып соғады. Кемпір Төстік балаға ұрсып, тілі тиіп:

- Бұл шіркін менің баламды сабап, мені жылатып, маған әлі жеткенше, қаңғып хабарсыз, жолсыз кеткен сегіз ағасын тауып алса-шы! - деген сөздер айтып, кемпірдің тілі тиеді. Кемпірден мына сөзді естіген соң, Төстік үйіне, әке-шешесіне келіп:

- Менің сегіз ағам жоғалып кетіп пе еді?! Олар қайда, қашан, қандай? - деп, сұрап қысқан соң, әке-шешесі шыдай алмай, айтып қойып, сонан кейін Төстік бала беліне жүген байлап алып, 10 жыл жоғалып кеткен ағаларын іздеп жолға түседі. Бірнеше ай, жылдар арада жүргеннен кейін, сол уақыттың әдет-ғұрпы бойынша қуаныш мереке той жасап жатқан бір жойқын қалың елге кез болыпты. Төстік тойға келіп, аралап

жүріп көрсе, бір уақыттарда ет жасап, табак тартып, той басқарып жүрген кісілер айтысады:

- Мұтышақ байдың сегіз серісі келеді, солардың табағын, кіретін үйін дайындау керек!- деген сөздер айтысады.

Төстік бала бұл сөзді құлағы естіп, көзі көріп, жүрегі қуанып, іздеген жоғы табылғандай көңіліне әжептәуір медеу болады. Мұнан кейін сегіз серінің келіп түсетін үйінің маңайын күтіп тұрады. Бір мезгілдерде күтіп тұрған сегіз сері мырзалар келіп түсіп, шайын ұрттап тамсап, бастарын шайқап, қымыздарын ішіп, етіп жеп құсып, өздерімен өздері мас, басқаның ойын-күлкі, ду-шуын керек қылмай:

- Жылқыға жау тимесе игі еді! - деп, тойдың артына қарамай шу деп жөнеле береді. Ойпан жерлерден орғытып, қыран жерден қарғытып, сайлы жерден сырғытып, жылғалы жерден жылжытып, айшылықты алты аттап, айлық жерлерде жатқан жылқыларына келіп, бұлардың артынан жаяуымын деп жалықпай, жалғызбын деп тарықпай, шапқан аттан қалыспай, Төстік бала да келіп жетеді. Бағана ағалары тойға барғанда, Төстік бала жолығып жайын айтқанда:

- Біздің сен сияқты қалған ініміз жоқ-ты. Айтқан сөзіңнің тіпті дәмі жоқ-ты!- деп, баланы баласынып сөйлеспей көңілге алып, көзге ілмей жүріп кеткен болатын. Бала:

- Танымасаң, танырсың! Шаңыма ере алмай қаларсың!... [деген].

Мұнан кейін сегіз сері жылқыға келіп жеткенде, Төстік бала да арттарынан ілесе бірге келді. Жылқыларын аралап жүргенде, бұрын басқа жандардың қарасын көргенде, маңына дарытпай, қарасын көрсетпей кететін асау тағы жылқылар ер Төстікке қарай айналып оралып, жақындап, айуан да болса, сезініп, алдарына иіліп, бастарын иіп шұлғып, көп жылқыдан басқа ерекше бөлек алты құлаш ала айғыр, жеті аяқты жирен бие бастарын изеп, Ер Төстікке құрықсыз қолға ұстатып, ерсіз еркіндікпен мінгізіп, ат бола бастайды. Ағалары ер Төстіктің мына сияқты тәжірибелерін көргеннен кейін, танысып, білісіп, туысқан болып, бәрі бірлесіп елге қарата жылқыларын айдауға бет қойып, баяғы елден кеткенде, сегіз ұлға әрбіреуіне бір мыңнан жылқы тиген болса, жылқылардың өскендігі сондай, тоғызының әрбіріне тоғыз мыңнан – тоқсан мың жылқы тиген болады. Бұлар аман-есен жылқыларын айдап, еліне: әке-шешесіне келіп қосылады. Тоғыз ұл тоқсан мыңды тоғыз қос қылып төңкеріп, соны бағудан-қағудан басқа жұмыстарға қолы тимей, соның әлегімен жүргенде, өздерінің сол замандарындағы халқының қарап, бағынып тұрған ханы Шынғышхан естіп, Мұтышақ байдың байлығын, тоғыз ұлын естіп, көрмекші болып келгенде, тоғыз ұлға қалың беріп қатын әпермегенін ерсі көріп, байға айтады:

- Байеке, мал-басың сай, ұлдарыңа әлі қалың бермегеннің мәнісі қалай? - дегенде, Мұтышак айтады:

- Уа, алдияр таксыр хан,
Мал аяп жүргем жоқ баламнан;
Мұңсыз адам өткен бе адалынан?!

Ойлаған ойыма лайықты
Жер таба алмадым ғаламнан!
Сіз мынау айтқандай,
Көңілімде қатты санам бар:

Көп екен деп көпірмен,
Токсан мыңдай қарам бар!

• Топтанғандай несі көп,
Тоғыз ғана балам бар!
Осыдан артық дәулетті
Бағар менің қанша шамам бар?!

Осы аз ғана дәулетті
Әр жерге шашып төкпей-ақ,
Бір-ақ жерден орындасам-

Деген мұратым бар! - дегенде, хан айтады:

- Ойынды білдім, байеке! Ойың оң, тілеуің дұрыс болсын! Ой түбіне ешкім жете алмайды. Сенің үйде отырып ойлаған ойынды кім біледі? Жатқанға жан жуымайды, // Қимылдаған қыр асады. // Іздеген миқан ағашын табады, - деген бар емес пе?! Елден елді қыдырып, іздесең болмай ма? - деп, ақыл береді.

Мұнан кейін Мұтышак бай тоғыз ұлға бір-ақ жерден құда болатын тоғыз қызы бар кісіні іздейді. Ел қыдырып, су сыдырып жүріп, бір үйге кез болса, бір үйде қыздың ілулі тұрған сегіз құндыз бөркін көреді. «Япырм-ай, тоғыз болар ма?» - деп дәмеленеді. Бай әуел көргенде, бөріктің біреуі жоқ болады. Сегіз-ақ бөрік тұрады. Мұтышак бай тоғыз болмай, сегіз болған соң, қуанбай мұңайып отырады. Мұтышак бай алғаш үйге кіріп келгенде, бөріктің санының көптігінен үмітті болып қуанып қалса да, тоғыздан біреуі кем болған соң, мұңайып, томсарып ренжіген қалыппен отырғанын көріп, тоғыз қыздың тапқан шешесі бәйбіше сусын құйып беріп отырып, Мұтышак байға қарап:

- Жаным, бұрын көрмеген жат елдің адамы екенсің. «Қырықтың бірі-қыдыр», - деп еді. «Қыдырған қыдырдың ізін басады», - деуші еді. Ел аралаған сыншы, ағаш аралаған үйші. Бір жоқты бір жоқ табады. «Іздегенге сұраған кез болады» - деген сөз бар еді. «Ерді көрсең, қыдыр тұт. // Асты көрсең, қадір тұт!» Қадірлі мейманым, айыпқа бұйырмасаңыздар, сіздерден бір сөз сұрағым келіп отыр. Мана біздің үйге алғаш кіріп келген бетіңізде шаттық шыраймен келген тәрізді едіңіздер. Қазірде

уайымдаған, уайым ойлаған адам сияқты болып отырсыздар. Әлде біздің сіздерге ұнамаған жат міпездеріміз болды ма? Бұрынғылар айтқан: «Ел-елдің заңы басқа, иттері қара қасқа», - дегендей, ұнамаған жат міпезіміз болса, көзімізге айтып кетіңіздер. Қатеміз болса, мойынға алайық. Мұнан былай есімізге алып сақтанайық! - деген соң, Мұтышақ бай бастан-аяқ жүрген жұмысының мән-жайын айтып, баяндап, үйге кіріп келгенде, көп бөрікті көріп қуанса да, бөріктің тоғыз болмай, сегіз болғанына ренжіп отырғанын айтты. Сонда бәйбіше:

- Е, қадірлі мейманым, кәміл болсын иманың, адал болсын жиғаным! «Ауырды жер көтереді, көңілді дос көтереді» - деген. Бөріктерді көріп қуанған болсаң, қуанған көңілді қайтадан ренжітпеңіз. Іздегеніңіз тоғыз болса, тоғызы да табылар. Құдайдың берген тындырымдары бар. Бер дегенге- бірінші қызым бар, егескенге- екінші қызым бар, өштескенге- үшінші қызым даяр. Төбелесушіге- төртінші қызым даяр. Белдесушіге- бесінші қызым даяр. Аталасқанға- алтыншы қызым даяр. Жетелесушіге- жетінші қызым даяр. Серттесетін болсаң, сегізінші қызым даяр. Бәрінен де артық толған айдай қызым бар. Бұлардың әрқайсысының қалың малдары- қалың мал, қара малдарынан басқа, сүт ақы, той малы, ит ырылдатар; бақан аттарына, бөлек үйге енгізер, ұрын келер, шымылдық құрар, шаш сипарынан бөлек тоғыз-тоғыздан тоғыз жақсы, тоқсан жамбы теңге болмақ. Сізге, байеке, ескертейін, «Балалары жаман шығар, тоғызы бірдей үйінде неге отырады?» - деп ойларсыз. Менің балам жамандығынан өтпей отырған жоқ. Тегін беретін теңі келмей, алушының әлі келмей отырған жайы бар. Бірінің ері, бірінің жері, уақытымен сағат кезі келмей отыр. Және де, байеке, сізге ақырғы рет ескертемін. Балаларың саны тоғыз болғанмен, ертедегі тоғыз тоңқылдақтай болып жүрмесін. Бұрынғылар айтқан сөз бар еді: «Ешкі егіз табады, ит сегіз табады, шошқа да тоғыз табады», - дегендей, саны тоғыз болғанмен, не доңыз, не қоңыз болып жүрмесін!

Бәйбіше Мұтышақ байға тағы мынаны айтады:

-Ей, Мұтышақ бай, Мұтышақ бай,

Мал-басың сайма-сай.

Жетер болса дәулетің,

Қимылдап бақ аянбай!

Сонан кейін Мұтышақ бай үйіне келіп, ел-жұртын жинап, ақылдасып, тоғыз ұлдың қайыны бір жерден табылып, өз ойындағы ойлағаны болған соң, не жанын аясын, құдай берген көп жылқыны аямай шашып - төгіп беріп, тоғыз отауды біржолата көшіріп алып, қайтып келе жатып, бір жерге көштері түнеп жатса, сонда тоғыз қыздың кенжесі Бикеш сұлуды Ер Төстік алады. Сонда Бикеш сұлу Төстік батырға айтады:

- Әкем мен шешем бізден бар дүние, бар малын аямас. Үш нәрсесін кимас. Сол үш нәрсесін ұмытпай: «Бермесен, ырзалығым жоқ!» - деп, қоймай сұрап алғайсың! Бірі- Ақжал ат, бірі- құба інген, бірі- сырмалы шапан.

Айтқанындай, бұл үшеуін бай өзіне, Ер Төстік еркіне қоймай, сұрап алады. Қыздар ұзатылып келе жатып, жолда бір жерге қонып жатқанда, Мұтышақ бай мыстан кемпірге жолығады. Қорыққанынан барлық мал-жанын бермек болып, ақырында Ер Төстіктің алтын сақасын бермек болып құтылады. Артынан алтын сақасын іздеп, Ер Төстік келіп кемпірмен сөйлесіп тұрғанда, алтын сақа жерде жатқанын көріп, Ер Төстіктің астындағы Ақжал ат аузымен тістеп ала қашады. Кемпірден қашып келе жатып, батырға ой түсіп: «Мен батыр бола тұрып, кемпірден қашқаным не болғаным?!»- деп, атының басын бұрып алып, қайта ұмтылғанда, кемпір қашып келіп, бір құдыққа түсе бергенде, екпінімен ат та, батыр да бірге түсіп кетеді. Мұнан кейін батыр көп уақыт зынданда қалып, бірнеше уақыттар өтеді. Мұнан кейін Күлмес ханның Бермес қызын алып келуге кемпірмен келісіп, жер бетіне шығып, Күлмес ханның Бермес қызын іздеп келе жатып, бір сыңараяқ жүйрік адам жолдан кездесіп, жолдас қылып алып, екеуі келе жатып, сауысқанның жұмыртқасын білгізбей ұрлап алатын епті ұрыны көріп, оны да жолдас қылып алып, үшеуі жолдас болып келе жатып, бір мерген кездесіп, оны ертіп алып, төртеуі жолдас болып келе жатып, бір балуанды тауып - бір тауды бір тауға соғатын- бәрі жолдас болып келе жатып, бір жалмауызды тауып алып- бір көлді ұрттап алып аузына сыйғызатын - Күлмес ханның еліне келеді. Көп құмырсқаны артып алып, бұлардың бәрі өзі айтып, өздері ере бастайды. Жер тындағыш тағы кез болатыны бар. Бұлардың бәрі де аман қайтады. Бермес қызды алып қайтады. Үйде қалған елі, Бикеш сұлу қайғырып, беліндегі жібек белбеуін шешпей жатып: «Не Ер Төстік келгенде, не өлді деген анық хабарын естігенде, шешем!» - деп, құба інген деген түйесін: «Ер Төстіктің не өлі, не тірі – деген хабарын естігенде, боталатам!»- деп сақтайтын болып...

(Аяғы жоқ).

Желкілдек

Бұрынғы заманда Нұрманбет деген хан болған. Хан жүз тоқсан екі жасаған. Өзтемір [1] деген інісі болған, Өзтемір қырық екі кісіге бас болып қолға кетті. Нұрманбеттің екі қызы болған. Бірінің аты- Күнікей, бірінің аты- Тіпкей болған. Екі қыз ұйықтағанда, түс көрген. Танертең жеңгесіне келді. Бір шапан жамылды, екеуі бір жеңінен басын шығарды:

- Жеңге,- дейді:

- Мен бір түс көрдім,
От жағалай іс көрдім.
Екі де кара тең көрдім,
Сорғалап аққан қан көрдім.
Жоры, жеңге, түсімді.

Жеңгесі қайнағасына келді:

-Айтайын- дейді,- қайнаға,
Мен бір түс көрдім,
От жағалай іс көрдім.
Екі де кара тең көрдім,
Сорғалап аққан қан көрдім,
Жоры, қайнаға, түсімді!

Қайнағасы айтты:

- Бұ түсті кім көрді?- дейді.

- Мен, мен,- дейді қатын.Қайнағасы айтты:

- Мұны корген сен емессің, мұны көрген екі қызым екен. Қызым келсін тұсыма, келіп айтсын,- дейді. Екі қыз: Күнікей, Тінікей келді тұсына.

-Жамағат,-дейді ,

-Құлақтарыңды бері сал,

Кеңестерінді әрі сал.

Бүгін түнде түс көрдім,

От жағалай іс көрдім.

Екі де кара тең көрдім,

Сорғалап аққан қан көрдім.

Жоры, жамағат, бұ түсті!

Қыздар бұ түсті айтқан соң,

Жамағат бұ түсті естіген соң,

Мағынасын білген жақсылар,

Ақсақалды ағалар,

Басы шалмалы бабалар:

- Ағаң бүгін келер!- дейді.

-Олжалы үйге келер,- дейді.

Нұрманбеттің қыздары-

Тінікей мен Күнікей,

Бұ сөзіне нанбады.

Өзтемір үйде жоқ болды,

Жоқ болғанда бок болдык [2],- дейді.

Нұрманбет хан айтты:

Жүз тоқсан екі жасаған,
Қаздың етін асаған,
Өзтемір үйде жоқ болды,
Жоқ болғанда, боқ болды! - дейді,

Нұрманбеттің сақалынан жас төкті, жылайды, «Өлеміз!» - деп жылайды. Нұрманбеттің жеті жасар Жастүлек деген баласы бар екен. Жеті қырдың астында алпыс баламен асық ойнап жатыр екен. Жылаған Нұрманбеттің даусын баласы естіп келді. Келді де:

- Хан ием, неге жылайсыз? - дейді.

Хан айтты:

- Жыламай қайтейін:
Өзтемір үйде жоқ болғанда,
Боқ болдық,- дейді.

Баласы айтты:

- Жылама, әкем, - дейді,
- Оң батанды бер, - дейді.
- Дүлділіңді бер, - дейді,
- Семсеріңді бер! - дейді.

- Жауға мен барайын,
Бір ауыз жолға барайын.
Бір келгенін бір қырайын,
Екі келгенін екі қырайын,
Біріне-бірін қосайын.

Әкесі айтты балаға:

- Сенің алар жауың жоқ,
Бойың сенің өскен жоқ,
Бұғанаң сенің қатқан жоқ,
Балақта жүнің жеткен жоқ!
Баласы сөзін алмады,
Батасын сұрады.

Әкесі оң [3] батасын берді:

- Жортқанда жолың болсын,
Жолдасың қыдыр болсын!
Аллаһу акбар! - дейді.
Дүлдүлін берді, семсерін берді:

- Бар, балам! - дейді.
- Дүлдүлің оң аяғымен жер тарпыса [4],
Сол аяғын көкке көтерсе, келме! - дейді.
- Сол аяғыменен жер тарпыса,

Оң аяғын көкке көтерсе,
Қайт, балам,- дейді.
Жеті жаста Жастүлек,
Дүлдүліне мінеді,
Семсерін қолына алады.

- Аман-есен болыңдар! - деп кетті.

Келе жатса, бір белдің [5] үстінен шықты. Жер жүзін қарады, жау келе жатыр екен. Дүлдүлден түсті бала.

Алдыңғы айылын бос тартты,
Артқы айылын берік тартты,
Онан соң дүлдүліне мінді.

Бір келгенін бір қырды,
Екі келгенін екі қырды,
Бір-біріне қоспады.

Көп жауды қырды.

Жаудың ең көтінде кәпір басы [6]Телегей алып бар екен. Телегей айтады:

- Жамағаттар, тұра тұрыңыз,

Бұ жерде от жағыңыз.

Құмалақ шашайық,

Бал ашайық,

Қой жауырынын жағайық,

Жаудың алар хайласын табайық [7].

Құмалақ шашты,

Бал ашты,

Жауырын жағып, қарасты:

- Бізді алып жатқан жау екен,

Жеті жасар Жастүлек дәу екен.

Атсақ, оны ата алмаймыз,

Шапсақ, оны шаба алмаймыз[8].

Атсақ, мылтық тимейді,

Шапсақ, қылыш өтпейді.

Ал, оған амал не?

Кәпір басы - Телегей,

Күнді боран соқтырды,

Аяз қылдырды,

Бала тонды, жаурады.

Тонған соң әкесінің айтқан сөзі есіне түсті [9]. «Дүлділің оң аяғымен жер тарпып, сол аяғын көкке көтерсе, қайтпа! Егер де сол аяғымен жер тарпып, оң аяғын көкке көтерсе, қайт!» - деген екен.

Күн боран болды,
Суық болды.
Бала мұздады, тонды.
Дүлдүл сол аяғымен жер тарпыды,
Оң аяғын көкке көтерді.
Дүлдүліне мінді, қайтты,
Жас бала тоңыпты,
Атқа мініп қайтыпты.
Қамшыны баса салып [10],
Дүлдүліш жүгіртіп,
Әкесіне жетіпті.
Үлкен апасы Тінекей,
Кіші апасы Күнікей,
Алдынан шығыпты:
- Тондың ба, қарағым-ай,
Мұздадың ба, шырағым-ай!
- Дүлдүлінен түсірді, - дейді,
- Үйіне енгізді, - дейді.
Бір апасы басын алдына алды [11],
Басын қойнына салды.
Бір апасы аяғын алды,
Аяғын қойнына салды:
- Тоңған басы жылынсын,
Мұздаған аяғы жылынсын! - деп.

Екі апасы Тінекей мен Күнікей артына қарады. Жау келіп қалған екен. Үйінде жеті құлақты қазаны бар екен. Соны жеті жасар Жастүлектің үстіне төңкеріп, екі апасы жауып, жасырып тастады. Кәпір жау келіп қалды. Ақ шаһарын шапты. Жүз тоқсан екі жасаған Нұрманбеттің басын алды. Өтін сыртынан жарды. Күнікей, Тінекей қызды айттырамын дегендерге Нұрманбет бермеген екен. Аттың көтіне салды-лар. Өзге малын да, жанын да алып, жөнеліп бара жатып, кәпір басы Телегей айтты:

- Бізді алған жау мұнда жоқ екен. Жеті жасар Жастүлек, оны өлтірмей кетсек, бұл дүние біздің бойымызға сіңбейді. Табарға керек! - дейді.

Сонда қу аяқ, қу кемпір айтты:

- Мен ол баланы тауып берейін. Жасырған жерін көрдім. Менің малымды, менің жанымды- бәрін берсең, айтайын, - дейді.

Кәпір басы Телегей айтты:

- Бәріп танысаң, ал, - дейді. Манағы малын, жанын берді. Кемпір айтты:

- Қазанның астында жатыр, - дейді. Кәпір басы Телегей қазанға келді. Қазанды көтерді. Бала жатыр екен. Сол жерде баланың басын алды. Басын қанжығасына байлады. Қан ақты сорғалап. Кәпір басы Телегей жер-жебір қылып қайтты жеріне.

Бір уақыт күнде,
Өзтемір келді,
Ақ шаһарға келді.
Келген соң,
Әкесі жоқ, інісі жоқ,
Шешесі жоқ, қатыны жоқ,
Екі қарындасы жоқ екен.
Өзінің астында мініп жүрген бедеу биесі бар екен.
Аттан түсті. Жылады:
- Жүз тоқсан екі жасаған,
Қаздың етін асаған.
Нұрманбеттей хан ием,
Дұшпанға басыңды алдырдым.
Кәуірге өтінді жардырдым.
Мен өзім үйде жоқ болдым,
Жоқ болдым да, боқ болдым.
Шұғадан түскен қиындым,
Мақпалдан түскен ойындым,
Күнікедей көріктім,
Тінікедей тектім,
Өзім барда айттырып,
Келген кісіге бермедім!
Күнінде біреуге
Тегіннен тегін олжа қылдырдым,
Ат көтіне салдырдым.
Әсіресе сүйікті қатын,
Үйде жүрсем- мұңдасым,
Жолда жүрсем- жолдасым!
Жеті де жасар Жастүлек,
Қауырсының қатқан жоқ,
Балақта жүнің шыққан жоқ,
Бойың сенің өскен жоқ,
Ақылың сенің толған жоқ,
Қапыда кеттің, жалғыздықтың жаманы-ай!
Жеті күн жылады,
Жеті түн жылады.

Жылағанда Өзтемір,
Жер бауырлап сұлады.
Жылап, жылап ұйықтады.
Сүйтіп ұйықтап жатқанда,
Тұрды оның басында,
Келді бір адам,
Дап-даяр қасында.
- Өзтемір, көтер басыңды,
Тұр, түрегел!,- дейді.
Өзтемір басын көтерді.
Көтерін басын отырды.
Келген адам сөйлепті:
- Сен ол жауға барма!- депті.
- Алар жауын ол емес,
Сарыбай деген хан бар,
Соның бір баласы бар.
Атса, мылтық тимейді,
Шапса, қылыш өтпейді.
Отқа салса, күймейді,
Суға салса, батпайды,
Қарғаса, қарғыс жетпейді.
Сарыбайдың баласы екен,
Жеті жасқа биыл жеткен,
Атын әлі қойған жоқ,
Сол балаға бар!
Сол балаға барсаң,
Кегінді ол алып берер.
Манағы Өзтемір тұрды,
Беті-қолын жуды.
Бір қойды жалынып сойды,
Бір қасық ет жейді.
Манағы түсінде көрген адам Қыдыр екен,
Қара бедеу биесін ерттеп мінді.
Сарыбайды іздеп кетті.
Сарыбай деген бай екен,
Бала жоқ екен.
Бір күндерде, бір уақытта,
Жиын, тойға барған,
Төрт биemen, төрт сабамен барады екен [12],
Қулар [13] өтірік той қылған екен.

- Бұ Сарыбай өзінің баласы жоқ, бұған құдайдан бір бала тілейтін,- дейді. Манағы өтірік тойға Сарыбайды шақырды-лар. Сарыбай қатынымен, төрт биімен, төрт саба қымызбен келді. Шақырған ауылға келді. Келсе, ауылда ат байлаған жоқ, алдынан шыққан, құрмет қылған ешкім жоқ. Сарыбай ашуланды. Кісілерді боқтады:

- Мұнда кісі жоқ екен. Бізді мазақ қылды!- дейді. Өзге кісілер Сарыбайға жауап қайыра алмады. Бір кішкене тазша бала бар екен. Ол бала айтты:

- Мен Сарыбайға жауап берейін!

Тазша бала тысқары шықты. Сәлем берді. Сарыбай сәлемін боқтады. Бала айтты:

- Сәлемді боқтама, бұл той- баласы бардың келетұғын тойы.

Ұлы барға орын бар,
Қызы барға қызық бар.
Ұлы жоққа орын жоқ,
Қызы жоққа қызық жоқ.

Сарыбай мұны естіп долданып,
Төрт биені бауыздап тастап,
Төрт саба қымызды жарып тастап,
Қатынымен екеуі үйіне қайтты.

Астында мінген боз жорға ат бар екен. Боз жорға атты белдеуге байлады. Өзі қатынымен екеуі: «Құдайдан бір бала сұралық!»- деп, екі етегін беліне түріп алып:

- А, Құдай,өзің қай жақтасың,қайда болсаң да, міне, біз сенен бала сұрап қаңғырдық!- деп, жапан түзге бет алды. Қаңғырып жүріп кетті. Жүре-жүре Сарыбай арықтады. Қатыны арқалады [14]. Бір ақ тікенекке келді. Киімінің етегін тікенек ілініп жүргізбеді. Қатыны шаршады, отырды. Сарыбай ұйықтап қалды. Қатыны ұйықтаған жоқ екен.Аспаннан күмісті табақ балмен түсті. Табақтың ішінде күміс қасық бар екен.

- Түрегел, байым,

Тілекті берді Құдайым!- дейді.

- Аспаннан табақ түсті!- дейді [15].

Сарыбай түрегелді:

- Бисмила!- деп, бір қасық бал жейді.Қатынына байы айтты:

- Сен же!- дейді.- Құдай бала берер!- дейді.

Қатын бәрін жеп қойды,

Екеуі мас болды.

Бірін-бірі құшақтап жығылды,

Жас күнгі қуат-күштері кірді.

Сонан соң есін жиып,

Көздерінің жасын тыйып,
Бойлары бір-біріне еміреніп иіп,
Бірін-бірі құшақтап сүйіп,
Ойнап-күліп үйлеріне қайтты.
Қатын буаз болды [16]. Бір уақытта қатын босанды. Бір ұл, бір қыз-егіз бала тапты. Олар енді той қылды. Арап- шарап берді.

Он бие сойды,

Он қой сойды,

Он сиыр сойды.

Жоғарғы елді шақырды,

Төменгі елді шақырды.

Аямай малын қырды,

Жұрт жиылып келгенде,

Табақ тартып бергенде,

Келген жұртты сыйлады,

Мінер атын мінгізді,

Киер тонын кигізді.

Аты жоққа ат берді,

Тоны жоққа тон берді.

Сойылған малды жеген соң,

Жиылған көп тойған соң,

Келген елі тарқады.

Шалқар көлдің басында,

Шатыр тікті.

Бала ойнап жүрді.

Ту тобылғыдан жақ қылды,

Шиден оқ қылды.

Кәрі кемпірді атты,

Кәрі иналды атты.

Көп кемпірді, көп шалды өлтірді,

Шалы өлген кемпірлер,

Кемпірі өлген шалдар,

Сарыбайға келіп жылады:

- Балаңызды тыйыңыз! - деп,

- Жарайды, - дейді.

Баланы шақырды:

- Балам, - дейді, - жылқыға бар, - дейді.

Сарыбайдың бір құлы бар екен.

Токсан қойдың терісі,

Телпек тымақ шықпайды екен,

Манағы Сарыбайдың баласы жылқыға кетті,

Топай құлға келді.

Ақ сақалы бар екен,

Сақалының ағын жұрт: «Қайың»- дейді екен,

Қарасын: «Қарағай»- дейді екен.

Күн ыстық болғанда,

Тоқсан торы ала айғырдың үйірі,

Сақалына үйездеп тұрады екен.

Сол күндерде Өзтемір жылқыға келді: «Қарағайдың ішінде паналап, көлеңкелейін», - деп, атын бір ағашқа байлап, жатып қалды. Топай құл айтты [17]:

- Сақалымның ішінде бит жүр, балам, алып берші,- дейді. Бит жүр дегенге қараса, Өзтемірхан екен. Мінгені қара бедеу бие екен. Сарыбайдың баласы Өзтемірханды уыстап ұстап, Топай құлға алып келді.

- Сен менің сақалымның ішінде не қылып жүрсің, ұрымысың?- дейді. Өзтемір айтты:

- Жоқ, мен ұры емеспін, бір бейшара адаммын,- дейді.

- Олай болса, неге келдің, қайда барасың, бармағымның арасына салып сені жоқ қылайын ба? - дейді[18].

Сарыбайдың баласы айтты:

- Тиме, байғұсқа, аға,- дейді. – Сенің сақалыңды сақал екенін күнде көріп жүрген біз білеміз. Бұл сорлы қайдан білсін?

- Не ғып жүр едің, ағатай? - дейді.

Өзтемірхан айтты:

- Сарыбайдың ұлын іздеп жүрмін, - дейді.

- Өзі мырза бай,- дейді:

Аты жоққа ат береді,

Тоны жоққа тон береді.

Сондай мырзаға барамын!

Сарыбайдың баласы бар,

Жеті жасар ұлы бар,

Мылтық атса, оқ тимейді,

Қылышпен шапса, қылыш өтпейді.

Ол баласын сұраймын.

Бала айтты:

- Барсаң, анау белдің астында біздің аулымыз бар. Сарыбайдың баласы- менмін!

Өзтемір кетті, бір уақытта Сарыбайдікіне келді.

Өзтемір ханды аттан көтерді. Үйге отырғызды, амандасты, есен-десті:

- Қайда барасыз? - дейді.

- Сізге келдім, - дейді.

- Біздікіне не бергенің, не өткізгенің бар еді? [19] - дейді.

- Сіздің бір балаңыз болған екен. Оның аты қойылған жоқ екен.

Әдейі ат қойып, айдар тағайын деп келдім [20], - дейді.

Сарыбай айтты:

- Бәрекелді,

Сенен басқа кісіге қойғызған жоқ едім.

Баламды айтпай біліп,

Сұрамай таныған,

Қойсын атын! - деп,

- Ойымдағы жаңа табылды! - деп қуанды[21].

Өзтемір баланың атын:

«Жеті жасар Желкілдек» болсын,- дейді.

Әкесі:

- Жақсы, жарайды,- дейді.

Хан:

- Ат аламысың, ат берейін,

Тон аламысың, тон берейін! - дейді.

Өзтемір:

- Алмаймын, ат пенен тонды

Екінің біріне, егіздің сыңарына

Беріп жүрсің ғой.

Сені жын мырза емес,

Шын мырза деп естіп келдім.

Маған бергіш болсаң, балаңды бер,

Балаңды қалап, сұрағалы,

Сенің мырзалығыңды

Сынағалы келдім! - дейді[22].

Сарыбай:

- Баламды неге берейін? Тұр, жөнел! - деп боқтады.

Өзтемір жылап шығып кетті. Сарыбай үйіне келді, қатыны айтты:

- Не сұрай келген екен? - дейді.

Сарыбай айтты:

- Біздің жалғыз баланы сұрай келген екен. Соны мен бермей, боқтап-боқтап жібердім.

Қатыны айтты:

- Бұрынғылардың: «Дүние боқтан сасыққа, тастан қаттыға бітеді», - дегені осы екен-ау, ақылың жоқ екен, байғұс байым! Мырза Құдайдың мырзалық қылып берген нәрсесіне кісі сараңдық қылмас болар. Бізді

күдай «кубас»- деген аттан құтқарды. Бізге сонысы да қанағат. Шақыр бері, келсін! - дейді.

Сарыбай тымағын қолына алды,тымағын бұлғап шақырды [23].
Өзтемір шақырған соң, келді.

- Мен баламның өзін таптым, мінезін тапқаным жоқ, баланың өзіне бар. Бала саған еріп кетемін десе, бетінен жарылқасын, қайда барса, жолы болсын! Бір жаман алжыған шал, қақиған кемпір қызығын көрді не, көрмеді не? Тірі болса, қызығын халық, жұрт көрсін!- дейді.

Өзтемір кетті. Жылқыға барды.Топай құл айтты:

- Немене деп ат қойдың?

Өзтемір айтты:

- «Жеті жасар Желкілдек» болсын! – деп,ат қойдым.

Топай құл айтты:

- Жап-жаман ат екен.

Бала айтты:

- Ағам, ақылың жоқ екен. Бізге осы қойған ат жақсы.

Өзтемір айтты:

- Інім, саған келдім. Сен маған қатты керексің.

Бала айтты:

- Керек болсам, әкемнен сұрадың ба мені? - деп.

Өзтемір айтты:

- Сұрадым, - дейді. - «Баланың өзі білсін!» - деп, өзіңе жіберді,- дейді.

- Жарайды, ағам, мен барайын.

Топай құлға айтты бала:

- Ағатайым,маған бір ат бер. Өлін кетсем, малым- жаным сенде тұрсын. Ақыретте қолыңнан алайын. Тірі болып келсем, малымның жарымы сенікі болсын.Сен аға бол, мен іні болайын. Мынау әке-шешемді сен күт. Маған бір ат бер!

Жылқының сыйып жатқан даласы бес шақырым болыпты. Топай құл баланы ертіп жүріпті [24]. Бір дарияның жағасында тұрып, Топай құл жылқы біткенді құйрығынан ұстап алып, дарияның ар жағына лақтыра беріпті.Сонда бір қотыр күрең тай дарияның ортасына шо[л]п етіп түсіп кетіпті. Суға балықтай байпандап, үйректей қайқаңдап, екі жағына да шықпай, дарияға жүзіп жүре беріпті. Топай құл шалма тастап тартқан екен, тайды сүйреп ала алмапты. Сонан соң бала шалманы Топай құлдан:

- Бері ап кел, бермен, - деп, жұлып алып, тайдың мойнына тастап жіберіп, тартып қалғанда, тай жылп беріп, не ғып келіп қалғанын білмей қалыпты. Топай құл жүгендеймін деп ұмтылған екен, тай тулағанда,

құлдың қайың, қарағай болып жүрген сақалын дал-дал қылып, құлдың басын ит мүжіген қу бастай қылыпты.

Сонан соң жеті жасар Желкілдек өзі жүгендеймін деп ұмтылған екен, тай бүлк етпепті. Бөгелекке басын изегендей басын изеп: «Қылша мойным мұнша»- деп тұра беріпті. Жүген салса, құнан болыпты [25]. Ер-тоқымын салғанда, дөнен болыпты. Мінсе, бесті болыпты. Санына қамшы тигенде, алты жасар ат қалпына түсіп, оқ жыландай ойнақтатып, мініп алып:

- Хош есен бол! - деп, жөнеле беріпті. Өзтемірді әкесіпе жіберіпті:

- Маған оң батасын берсін, қара қоржынын берсін, семсерін берсін, мені мына жерде кетіп барады дей ме, жүрегі айыз кеше кетіп қалды. Маған жеткізетұғын емес, артынан барған жерінде тап! - деп кетті - дегейсің.

Өзтемір Сарыбайға келді. Сарыбай баласының айтқанының бәрін түгендеп берді.

Оң батасын да беріпті:

- Жортқанда, жолы болсын,
Жолдасы қыдыр болсын! - деп.

Өзтемір бәрін алып қайтты.

Жеті жасар Желкілдекті,

Артынан қуып,

Өзінің елінің үстіне келді.

Қырық жігіт ертіп алды.

Қырық бір кісі болды. Бәрі бас қосып, Желкілдекке жетті. Айдалада анттасты. «Қай қашқанымызды құдай тапсын», - деп, жер ортасына келді. Жеті жасар Желкілдек Өзтемірге айтты:

- Тау басына шық, жауды қара, көріне ме, байқа! - дейді.

Өзтемір тауға шықты. Төңіректің төрт бұрышына көз жіберді.

- Ойбай!- деп, таудан төмен қарай жүгірді. Келді де, атқа мінді:

- Қашыңыз, қайтыңыз, жау көп-ақ. Біздің алар жау емес! - қашты

Өзтемір.

Жолдасымен жеті жасар Желкілдек асын ішті. Күреңше атқа мінді, қашқандарды қуып жетті:

- Тұра тұр! - депті, - Ал, Өзтемір айтысқан сөз осылай ма?

Өзтемір айтты:

- Қайтыңыз, біз қорқамыз, жаудың жаны көп, - дейді. - Біз аз! - дейді.

Бала айтты:

- Жоқ, аға, қайтпаймын, сен қайтсаң, жүре бер! «Ноқталы басқа бір өлім!», «Өлім- құдай ісі, қашқан - қатын жұмысы» - деп, бала атының

басын бұрын алып, жауға қарай жүрді. Бір обаның басына шықты. Жау келіп қалған екен. Күрең атқа тіл бітті:

- А, ием, түс үстіменен, айылың бауырыма батып- батып барады. Жүгенің кеңсірігіме батып барады, құйысқаның құйрығыма батып барады. Бес тұрманың бестамнан емес. Мені жалаңашта. Ертоқымымды ал- аунайын, жүгенімді ал- қунайын. Оң жағыма бір аунайын, сол жағыма бір аунайын. Оңды - солды аунап шөп жейін. Құдай ер ерттер ме екен, Құдай маған жүген жүгендер ме екен? Сонан соң маған күш-қуат кірер!- дейді.

- Айылды ағытты, ертоқымды сыпырды. Жүгенді алды, қоя берді. Ат аунады. Оң жағына аунады, сол жағына аунады. Шөп асады, түрегелді. Ат күміс ер тоқымды болды. Кісі қарап тұрғандай тамаша болды. Желкілдек атқа мінін алды.

Ат айтты:

- Алдыңғы айылымды бос тарт, артқы айылымды берік тарт,- дейді. – Маған мін-дағы көзіңді жұм! Мен жауға араласпай, көзіңді ашпа, жүрегің айныр. Тайып кетсем, маған серт! Тайсалып соқсаң, саған серт! - дейді.

Желкілдек атқа мінді, көзін жұмды. Ат аспанға ұшқандай алып ұшты. Желкілдек жаудың ортасына кіріп, етіне таяқ тигенде, көзін ашты. Өзі ортада жүрген соң, жаудың азын, көбін байқай алмады. Төбелес сала берді, бір мезгілде атының аяғының астына қараса, аттың тізесінен қан екен. Маңайында төбелесуге жан қалмапты. Өлгені-өліп, өлмегені басын құтқарғанды олжа көріп қашқан екен. Келді бала бір обаның басына. Бала аттан түсті. Желпінді. Кәпір басы- Телегей деген алып екен. Күншілік жерден болжайды екен.

- Тұра тұрыңыз, - дейді. – Біздің алар жау емес- дейді.- Атса, мылтық өтпейді, шапса, қылыш өтпейді. Қарғаса, қарғыс жетпейді. Отқа салса, күймейді, суға салса, батпайды. Құдайымның шынымен жаратқан жаны екен! Жалғыз-ақ мұның бойында жоқ та, ақыл жоқ.

- Жігіттер, ор қазындар, мұны орға түсірейік. Ор қазсандар, терен қазындар. Мұның: «Мынау ор екен-ау, мынау кісі жығыларлық жер екен-ау!» - деген ойында дәнеме болмайды. Жай жердей көріп, «шауып өтіп кетемін»- деп, далақтап келін түседі де, қалады, - дейді.

Жігіттер жиылып алып ор қазды. Жеті жасар Желкілдек желпініп отыр екен. Кәпір басы Телегей дуа қылыпты. Ордың үстінде қаптап жайылып жүрген көп түйені Желкілдіктің көзіне түсіріпті. Желкілдек атына мініп тұра шауыпты. Атының аяғының астына қарамастан орға барып бір-ақ түсіпті. Ат шошынып, бір-ақ қарғып шығып кетті. Желкілдек орда қалды. Атын аңдып тұрған кәпір басы- Телегей дұшпан ұстап

алды. Телегей атты жетектеп үйіне алып келе жатыр екен. Алдынан жалғыз қызы шығыпты:

- Әке, бір олжаңыз ғой, атыңызды маған байла, - депті.

- Не қыласың, сен еркек емессің, қызсың, - деп, атты бермепті.

Қыз:

- Бер! - депті, - Мейрамда жегіп, сейілге шығамын! - депті.

Телегей қызға айтты:

- Жүзі (дүзі) қара, тұрмасынды біліп едім, бұл атты саған берсем, менің басым кесіледі, мұрным тесіледі. Бұл аттың көзін жоғалтуға, өлтіруге көзім қимай алып келе жатыр едім. Жеті жаудың бірі сенсің ғой, ал ажалым сенен болатұғын болса, оған мен не қылсам да, болмас! - деп, атты берді. Жеті қабат темір үйге атты да енгізді, қызды да енгізді:

- Осы үйден атты да шығармаңдар, қызды да шығармаңдар. Бұл үйден босанып бұлар шықса, бізге бұл жарық дүние жоқ, - дейді. Бір жеті жасар баланы екеуіне күтушіге қойды, сыртынан көп қарауылшы қойды.

Жеті жасар Желкілдек орда жатыр екен. Бір қоңыр қаз қаңқылдап келіп қасына қонды. Желкілдек өзінің шынашағын қанатып, ақ жейдесінің етегін жыртып алып өзінің орда жатқанын: «Маған қырық биенің еті керек, қырық саба қымыз керек», - деп, шынашағының қаныменен шимайлап бәрінің суретін салып:

- Сарыарқа деген жерге бар, Сарыбай деген байға бар. Үйінің қасына бар да, қон. Міне, менің көйлегімнің шүберегі екенін таныр. Бұларды сенен алар да, өзіңе тимей қоя берер.

Қоңыр қаз ұшты, Сарыбайдікіне келді. Таңертең Сарыбай тысқарыға шықты. Құман алып шықты да, дәрет алды. Қасына қоңыр қаз келіп қонды. «Балама берейінші!» - деп, ұстап алды. Қызын шақырды, қызына бұ қазды берді. Бала қазды үйіне алып келіп сипады, сылады. Қанатының астында желбірлеп жүрген шүберекті көрді. «Бұ не ғылған шүберек?» - деп, айналдырып қарап, ағасының көйлегінің жыртығы екенін таныған соң, қыз бақырып шошып қалып, еңіреп қоя берді. Қыздың жылаған даусымен Сарыбай келді. Шешесі келді, досы келді.

- Немене?! - десіп, үрпиісіп қалды.

Қыз айтты:

- Жалғыз ағамның көйлегінің жыртығы мынау шүберек. Өзі қып-қызыл ала қан, - дейді.

Шешесі жүгіріп келіп:

- Кәнеки, - деп, - қолынан жұлып алып қарады. - Оның үшін жылап, жаман сұмдық бастама, бетбақ қар! - дейді. - Балам, құдайға шүкір, тірі екен. Өзі орда жатыр екен. Мұның бәрін өз ойынан шығарып, тірілігін,

есендігін білдіріп, өз қолынан байлап, өз қолынан жайлап,өзі қылмаса, әуеде ұшып жүрген құс үлкен кісінің киімін жыртып ала ма, мұнша шимайды сала ма?!Мынау қан және жарадан аққан емес. Өз денесінен өз ықтиярымен шығарған қан. Жарамен аққан арам қан түсі қаралтым болады. Мынау қып-қызыл далаптай таза қан ғой. Бұған жылайтұғын не бар? Менің балам құдай алса, ажалдан оледі. Жаудан өлмейді. Айналайын, құдай, маған бергенде,жарты қылып бермей, бүтін қылып берген. Тұр, бай, сой да, қыр малыңды. Жи жұртыңды, қырық ту бие алып, қырық саба қымыз алып,өзі көрген бозжорға атты алып, жүр жетейік. Аман тірі күнінде аштан өліп қалар! - деген соң, Сарыбай жоғарғы елін шақыртты. Жорға бие сойдырды. Төменгі елін шақыртты, төбел бие сойдырды. Қырық саба алып келіп, бәрін қымызға толтырып, елі-жұртын жиыпты:

Жамағат, құлақ салыңдар,

Бозбала, ат-тон алыңдар.

Бұ жас балам Желкілдек,

Орға түсіп қалыпты.

Жараған атты мінісіп,

Жараған тонды киісіп,

Жабыла соған баруға

Ағайын, қанша әлің бар?!

Бозбалалар:

- Барамыз! - депті,- Бейсенбі күні жүрелік,- депті.

Таң атты, бейсенбі болды. Сарыбай айтты:

- Баратұғындарың жүріндер!- дейді.

- Жоқ, - дейді-лер, - бай, өзін бармасаң, баратұғынымыз жоқ, - дейді.

Сарыбай ашуланды. Қатынын, қызын, досын қасына ертті. Қырық бие алды, қырық саба алды, кетті. Бір күнде балаға келді. Баласын таба алмады. Бала сыбызғы тартты.Сыбызғының даусымен тапты баласын.

- Аманбысың, балам?! - дейді.

- Тәуірмін, - дейді.

Қырық құлаш жібек арқан алып, түсірді тамақты баласына. Бір биенің етін бір-ақ асады. Сүйегін мұрнынан шығарды. Қырық биенің етін қырық асап жеп қойды. Қырық саба қымызды жарып, баланың аузына ағызды. Қырық саба қымызды түгесті.

Досы айтты:

- Тойдың ба?

- Жоқ, тойғаным жоқ. Қырық биенің ішінде өзім көрген мал жоқ екен. Өзім көрген боз ат бар ма? - дейді.

- Бар, - дейді.

- Сойыңыз, - дейді.

Сойды, бір жапырақ етке тойды.

- Енді қайтыңыздар. Сендер мені шығара алмайсыңдар.

Әкесі, шешесі- бәрі жылады. Жылап, жылап қайтып кетті. Желкілдек жатып қалды. Бір уақытта Желкілдек айтты:

- Ә, құдайкем-ай, мені осы ордан шығарасың ба, шығармайсың ба,өзіңнен басқа маған болысушы жоқ екеніне көзім әбден жетті. Енді жаратқан, жан қылған, жоқтан бар қылған құдай,өзіңнен күіп-куат сұраймын,- дейді.

Құдай бір адам болып айтты:

- Құдай деп жаңа айттың ба,бұрынғыда неге айтпадың?- дейді,- Басынды көтер, ақымақ, ұмтыл, шық!

Желкілдек айтты:

- Қайтіп шығайын?

Құдай айтты:

- Сен ұмтыл, мен өзім шығарамын!

Бала:

- Иа, құдай, әл-куат бере гөр!- деп ұмтылды. Құдай қолтығынан бір көтеріп демеп жіберді.

Ордан шығып кетті бала.Келе жатса, жердің астынан бір түтін шығады. Келді түтін шыққан жерге.Бір үй болды.Үйге енді.

- Ассалаумалейкүм,- дейді.

Бір қу аяқ, қу кемпір бар екен:

- Уалайкумассалам, жоғары шық, сәлемші балам,- дейді. – Қайда бара жатқан адамсың?- дейді.

Бала айтты:

- Ұлсызға ұл болайын, қызсызға қыз болайын- деп жүрген жанмын,- дейді.

Кемпір айтты:

- Маған бала бол, бала қылайын, - деп,бір аяқ боза құйып берді. Бала ішті. Кемпірге бала болып тұрды. Бір күнде баладан сұрады:

- Қайдан жүрген баласың, айт маған шыныңды.

Бала айтарын да білмеді, айтпасын да білмеді.

- Шешеке, шынымды айтайын, Сарыбай дегеннің баласы едім, солай бір жауға шығып едім. Кәпір басы- Телегей Нұрманбет деген ханымызды өлтіріпті. Тнікей, Күнікей деген екі апамды алып кетіпті.Жеті жастағы Тастүлек деген бауырымды бауыздапты. Сол жаудан солардың қанын жоқтап шығып едім. Құдай ол тілеуімді бермеді. Кәпір басы- Телегей мені алдап орға түсірді. Астымдағы мінген атым дүлдүл еді. Сол атымның қайда кеткенін білмей қалдым. Сонан бір уақытта құдайкем

мені есіркеп, аяп, жалғыздығыма болысып, ордан өзі шығарды. Сол менің жүрген мән-жайым,- дейді.

Кемпір айтты:

- Жақсы, бұл сөзің шын екен. Сен маған шын бала болсаң, отынға бар. Отынымды боқтама,- дейді.

Бала кетті отынға жаяу жіп алып. Отынды әрі-бері жиып алып, арқалауға келгенде, отынды боқтап салды. Бір арқа отынды алып келді. Кемпір бір аяқ көже берді:

- Балам, неге боқтадың?- дейді. - Ертең боқтамасаң, тоғайға бар, - дейді. - Тоғайымның бәрін қопарып, жалғзын қалғызба. Қопара алмасаң, басыңды аламын! - дейді.

Бала жатты, ұйықтады. Ертең тұрды. Беті-колын жуды. Барды тоғайға. Тоғайды қопарды, жалғыз да ағаш тастамады. Алып келе жатыр еді, көзі терледі. Кемпірді боқтады. Кемпірдің үйінің қасына тоғайды үйіп тастап, бала үйге келді. Кемпір айтты:

- Неге боқтадың?

Бала айтты:

- Жаны кейіген тәңірісін қарғайды,- демеп пе еді? Өзің жаратқан құдайдан қалайсың? Адамның шамасы келмейтұғын жұмысқа жұрт боқтасын деп жұмсайды ғой деп, боқтағаным сол, онан сенің дәнемен кеткен жоқ. Жұмысың орнына келген соң, не бар? - дейді.

- Жарайсың, балам, жарайсың! Сен маған қызмет қылдың. Тілімді алып, айтқанымға көніп, айдауыма жүрдің.«Жаман кемпірдің қолында не тұр дейсің?» - демедін. Енді мен саған бір жақсылық қылайын. Кәпір басы- Телегейдің қызына барайын. О қарды саған күйлетейін! Үйінде отыра алмастай қылайын.

- Шеше, сені жолата ма, оның үстіне кіргізе ме? - дейді.

Кемпір жөтеліп-шашалып қалды:

- Ойбай, мына шұнақ не дейді? Мен көк кептер болып ұшпаймын ба? Қыздың жатқан темір үйінің терезесіне қонбаймын ба? «Мен саған бір оңды бай тауып келдім!»- демеймін бе, онан соң о қарда жан қала ма?! - деді де, кемпір жүріп кетті. Көк кептер болып ұшып, қыздың темір сарайының терезесіне қонды. Қызға сөйлесті.

- Қыз-бикеш, күрең аттың иесі біздің үйде, сені қашан келеді деп, екі көзі жолыңда сарғайды. Сорлы саған не болды? Осы сықылды ат қолыңа түскенде, осындай жануардың үстінде ойнақтап жүрген ер кез болғанда, жаның барда соған жетіп, бауырыңа басып, құшақтап жатпай, қараң қалған темір үйде қатқаныңның ғана басына отырмысың? Әке-шешен сені қанша жақсы көргенмен, олар саған бай бола ма? Сығыр, шұнамыр жаман, жасық туған күн-ай! - дегенде, қыз хайран-асыр қалды.

- Өзім де осы атты көрген соң, осы аттың иесі атын қалай бір іздеп келіп таппайды?! - деп, бағып жатыр едім. Бірақ мен оны қайдан тауып, қай жерден жолығамын? - дейді.

- Уай, балашығым, мен саған айтайын, о баланы осы шаһарға алып келіп, бір байға жалшылыққа жүргізейін. Жұрт аңыз қылар: «Бір жат бөтен жұрттың жас науша баласы пәленше байға жалданып, қойшы болыпты!»- деп, әркім таңырқап сөз қылар. Сол сөз біреуден болмаса, біреуден құлағыңа жетер. Сонда сен өз-өзіңнен алас ұрып ауыр. Есіктен төрге домала. Төрден есікке домала. «Не қылды, не қылды?!»- деп сенен сұрар. Сонда сен айт: «Ішім пысты, пысты, құса болып өлуге тақалдым. Күрен арғымақпен сейілге шықсам екен, жазғы жапан даланы көрсем екен!»- де. Әкең сұм ғой, білер, шығармас. Шешеңе жалын, шешен шығартар. Сені далаға шығармақшы болса, әкең ел-жұртын жияр. Той қылар, арақ-шарап берер. Ішкен мас, жеген тоқ болар. Сонда сен шығып серуенде жүргенде, желбас бозбалалар аңыз қылысар: «Телегейдің жалғыз қызының емшегін ұстағанның арманы бар ма екен?!»- деп. Сонда қой бағып жүрген қойшы: «Ұстамай несі бар дейсің?!»- деп, саған келіп шап етіп жабысар. Сонда сен атыңа мінгізіп ал да, қаш! Мен күнді тұман қылайын. Сонда сендер, құдай құтқарса, құтыларсыңдар!

Кемпір үйіне қайтты. Балаға келді:

- Балам, сені қыз сүйді. Сені апарып бір байға жалдайын. «Жылына бір қой бер!»- дейін.

- Жарайды, шеше, мен өзім барып жалшылыққа жүрейін. Сіз үйде дөкей болып отыра беріңіз. Қыз қолыма түссе, салып осында келермін!- деп, бала жөнеле берді.

Кемпір батасын беріп қала берді. Бала шаһарға келді. Бір қойы көп, ғақыл-ойы жоқ қазақтікіне жалданды.

- Ақыңа не аласың?- деп еді.

- Бір жылғы еңбегіме бір қой берсең болады,- дейді. – Жарайды, қойды жақсы бақсаң, қой қотаннан өріп жөнелгенде, тұра алмай соңында қалған жаман сенікі болсын!- дейді.

- Болады,- дейді.

Қызыл өгізді мініп алып, қой жайды. Бір күндерде Телегейдің жалғыз қызы ауру болды. Есіктен төрге домалады, төрден есікке домалады. Әкесіне кісі жіберді: «Әкем келсін! Мен аурумын, құса болып барамын. Сейілге шықсам, жақсы болар еді!»

Жіберген кісі келді, айтты:

- Қызың ауру болды: «Құса болып өліп барамын!»- дейді. «Сейілге шықсам, жақсы болар едім!»- деп айтты қызың,- дейді.

Әкесі айтты:

- Жатсын, сейілге шығармаймын! Шықты, қызым қашады,- дейді.

Шешесі айтты:

- Адаммен үйір-шүйір болған жоқ. Тірі пендемен тіл қатысқан жоқ. Шайтанмен қаша ма, сейілге шығар. Құдай жаратқан жарық дүниені көрсін, көңілі басылсын! Тіпті далаға шықпаған соң, құса болып өліп кетер!- дейді.

- Ұрғашылық қылдың, маған болыспадың, қызына болыстың. Осыдан қашып кетсе, мен оны қумаймын. Үйде, қасымда отырған сенің басыңды аламын!-дейді.

Қызды сейілге шығармақшы болды. Ел-жұртын, жамағатын жиды. Той қылып, арақ берді. Қызы күреңше атқа салт мінді, сейілге шықты. Сөйтіп жүргенде, Желкілдек келді.

- Осы күрең атқа мініп жүрген кімнің қызы?- дейді.

Көп жамағат айтты:

-Телегейдің қызы,- дейді.

Желкілдек айтты:

- Иттер-ау, біреуің жандасып, жанамалап барып емшегін ұстасаңдар болмай ма?- дейді.

Қарап тұрған көп бозбала: «Жаман қойшының көңілі көп жерде-ау! Ер болсаң, сен барып ұстай қойшы!- дейді.

Қызыл өгізді борбайлап-борбайлап, әукелектетіп жетіп барды. Бір қолын емшегіне салды, бір қолын ердің артқы қасына салды. Қыздың артына шап ете түсіп, бір-ақ қарғып мініп алып:

- Жібер аттың басын!- дейді.

Желкілдектің тақымы тигенін күрең ат білген соң, Алла пана берсін, көрген көрді, көрмеген көре алмай қалды. Көкке ұшты ма, жерге кірді ме дегендей, болды да қалды. Бір араға тышқан айғырдың боғындай үйіліп, Телегейдің ел-жұрты қала берді. Желкілдек қызды алып, аман-есен шешесінікіне келді.

Қызды сонда қойды да, өзі күрең атқа мініп, қайтадан Телегейдің жұртына келді. Күнікей, Тінікей- екі қызды іздеп жүр. Келсе, Тінікей өлген екен, Күнікей соның басында жылап отыр екен. Тіпкей өлгеніне үш күн болған екен. Күнікей соны қайтерін білмей отыр екен. Желкілдек келді де, Күнікейге айтты:

-Мен Сарыарқа деген жерден, Қазақ деген елден іздеп келген бауырыңмын, апатай, Сарыбайдың баласымын. Атым- Желкілдек,- дейді. Сол жерде түрегеліп, құшақтасып көрісті.

- Айналайын, қарағым, сенен де айналайын, артымыздан бізді іздер сендей ұл туғызған Құдайдан да айналайын!- деп, жылап, мауқын басқан соң, өлген қызды ақ жуып, арулап, терең қазып, тепкілеп көмді де, тірі қалған Күнікейді алып, шешесінікіне келді.

Өзі күрең атқа мінді, семсерін қолына алды. Телегейдің шағарына барды. Кәпірбасы- Телегейдің шағарын шапты. Бір жан тастаған жоқ, бәрін қырды. Кәпір басы- Телегейді ұстап алды. Мұрнын тесті, тесігінен жіп байлады. Алып келді, жетектеп шешесінікіне келді. Апасын алып жүрді. Телегейдің қызын алды. Төртеу болып жеріне келді. Өзтемірге келді, амандасты, есендесті.

- А, құдай, көрсететұғын күнің бар екен!- дейді.

Той қылды, Өзтемір іні қылды.

- Қарындасымды ап келді, жауды мұқатты. Кәпір басы- Телегейді жеңіп алып келді!

- Міне, Телегей: «Ағандай қылып, сыртынан жарып, өтін алсын өз қолымен!»- деп алып келдім!»- деп, Өзтемірдің қолына берді.

- Ой, бұған не қылсақ та, обал жоқ еді. Сен маған іні болдың. Мұнан туған қыз маған келін болды. Құдайға да разымын, інім, саған да разымын! Тап сені тапқан қатыннан айналайын! Мұның қасықтай қанын, шыбындай жанын келінімді, сені есен көрген қуанышым үшін байладым. Ал, мені өлітіріп кетсең де, ерікті, ықтиярды өзіңе бердім!»- деп, қол-аяғын босатып, мұрнынан жібін алды.

Телегей айтты:

- Мұнан да мені өлтіріп тастағандарың жақсы еді. Енді мен не деп жүзі қара болып, қалған ел-жұрттың бетін көремін. Тірі жүрсем, татар несібем, өлсем, топырағым осы жақтан бұйырған екен,- дейді.

Өзтемір айтты:

- Айтысқан сөзіміз бар еді: «Қашпаймын!»- дескен, қаштым. Оның үшін төбемізден оқ атысайық.

Желкілдек айтты:

- Атпа,- дейді.- Құдай кешсе, мен кештім!»- дейді.

Өзтемір айтты:

- Жоқ, болмайды. Атысайық төбемізден.

Желкілдек айтты:

- Қой, аға!

Болмады, қоймады, айтқан тілді алмады. Төбесінен оқ атысты.

Өзтемір айтты:

- Інім, сен бұрын ат!

Желкілдек айтты:

- Жоқ, сен ат, ат!»- дейді.

Өзтемір өз төбесінен өзі оқ атты. Оқ төбесіне келе жатыр еді, Желкілдек оқты қағып жіберді. Оқ барып жерге түсті. Енді Желкілдек өзінің төбесінен өзі атты. Оқ келді де, жерге түсті. Өзтемір айтты:

- Кел, тағы атысайық!

Желкілдек айтты:

- Қой, болар осы атысқанымыз, болар. Екеуміз де ақ екенбіз.

Өзтемір сөзін алмады:

- Атысамыз!- деп айтты. Желкілдек:

- Атыспаймыз,- дейді. - Әлгіде мен болмасам, оқ төбеңе тиетұғын еді. Мен оқты қағып жерге жібердім!

Өзтемір:

- Мен Құдайға жалғаншы болып, жалған дүниеде жүргенімнен өлгенім артық. Өзімді-өзім Құдайға бергенім!- деп, оқты атты басынан. Оқ келді, тиді. Өзтемір өліп қалды. Желкілдек жылады. Өзтемірді жерге көмді. Кәпір басы- Телегей айтты:

- Мен өлген Өзтемірден де разымын. Желкілдек, сенен де разымын! Қызым, сенен де разымын! Сен болмағанда, Нұрманбетке не қылсам, маған Өзтемір соны қылса керек еді. Сыртыман жарып өтімді алса керек еді. Енді мен де өзімді-өзім Құдайға беремін. Жалған дүниеде пенде кешкенмен, онда барғанда, Құдай кешпесе, жалған дүниенің не керегі бар?- деп, ұшып түрегеліп, төбесінен оқ атты. Төбесінен оқ келді, тиді. Желкілдек тәрбиелеп көмді. Телегейдің қызын қатын қылды, некесін қидырды. Күнікей апасын төренің баласына берді. Өз жеріне қайтты. Жеріне келді. Сарыбай әкесі тірі екен, шешесі тірі екен. Жалғыз қарындасын Топай құл алған екен. Той қылып жатыр екен. Әкесі, шешесі қартайыпты. Желкілдек Топай құлға ашуланды:

- Құл болып, менің қарындасымды неге алдың?!- деп, Топай құлдың басын алды. Өкесінің жерінде тұрған малын, бәрін де өзі алды. Өзі хан болып елін-жұртын биледі. Барша мұрат басына жетті.

Еділ-Жайық ертегісі

Түбі- тегі Қыпшақ еді. Еділ деген бай болыпты. Жайық деген қу жарғақ мерген болыпты. Еділ ағасы еді де, Жайық інісі еді дейді. Еділ бай Еділ суының бойында болыпты да, Жайық мерген Жайық суының бойында болыпты. Кертағы, аладомбай, бұғы, бұлан, арқар, киік, құлан елсіз, күнсіз жерлерде быжынаған биттей, құжынаған құрттай- соларды атқан мергендігіне қызығып, құмарланып, «Қу жарғақ Жайық»- атанып, Жайық өмірін өткізіпті. Жайық өзенінде бір «Құлан суаты» - деген суат бар екен. Сол суатқа Жайық бұрын келсе, құланды бықпырт тигендей қылады екен де, құлан бұрын келсе, аттырмай кетеді екен. Бір күндерде Жайық түннен тұрып, сол суатты бұрын алып: «Құлан, енді келші!»- деп, тосып жатса, судың ар жағынан бір ел келіп қонып жатыр дейді. Малы ылғи құлан дейді. Уық, кереге, шаңырақ- бәрі алтын мен күміс;

киіз (кигіз) орнына ұстағаны- ылғи жібек пен торғын. Қазықтары- алтыннан, желі, тоқпақтары- күмістен, желі арқаны- жібектен. Шатырлатып құланның қодығын байлап жатыр дейді. Қу жарғақ Жайық есі шығып, елеуреп, сірі тоны сіресіп, аузын ашып аңқиып,қадала қарай қалып тұрғанында, бір келішшек қатын сылаң етіп, қасына жетіп келіп:

- Жезде, амансыз ба?- деп,қарында көнегі, қолында аяғы,қымызды құйып беріп, көзін шырадай жандырып,- Мен барып, шатыр тіге берейін. Балдыздарыңыз да келер!- деп кетіп қалды. Оның артынан тойға баратұғын қыздардай жасанып, киім киген қыздар сау етіп жетіп келіп:

- Жүріңіз, жезде,шатыр тігілді!-деп, ала жөнелді.

Желқомдап міпген жауыр көк шолағы қалып бара жатқан соң, алаңдап еді:

- Оған алаңдамаңыз, мына қыздар алып келеді,-деп, алтыннан қазық қағып, жібек арқанмен арқандап, өзін тұрған шатырға кірғізіп, былқылдатып белден төсек салып,үстіне отырғызып,бір керсен қымызды алдына алып келіп құйып,бір астау құланның қазы-қарта, жал-жаясыналыдына меңгертіп, ай дейін [де]се, аузы бар, күн дейін десе, көзі бар, бір қасық сумен жұтып жібергендей бір қызды оң жағына отырғызып:

- Керсен алдыңызда, кездік қолыңызда,басыңда бар бөркіңіз, не қылсаң да, еркіңіз!- деп, қыз бен екеуін оңаша тастап, шығып кетісті дейді.

Құланның қымызын ішті, жал-жаядан таңдағанын кесті. Құшақтап, сүйіп, сұлу қызды құшты. Қымыздың мастығымен, құлан етінің желігімен, құшырланып, құмарланып, қызды бауырына басып, қысып жібергенде, қыздың балдағы шырт ете түсті. Бүгінгі көрген дәурені бар өміріне татырлық дәурен болды. Жалығып, шаршап ұйықтайын деп еді, қыз жалынды:

- Ұйықтай көрмеңіз,бір күнгі ұйқыға менің татымағаным ба?Осы түн ұйықтамасаңыз, осы тігулі шатыр, салулы төсек, мына отырған мен басыбайлы сіздікі боламыз. Егер ұйықтап кетсеңіз, сіз маған жоқ, мен саған жоқ. Жарық дүние екеуімізге де арам болады.Мен анау елде ешкімге тие алмаймын. Байы өлген қатындай, бетім жаралы, басым қаралы. Бұл жүргендер: «Көшпелі дүние»- деген дүние. Жан көрмесе, көрінбеген бойымен көрінбей кетеді. Егер жазатайым өздерін бір жан көріп қалса, өстіп жалынып,жалпайып, бір қыз беріп құтылып кетеді. Сен бұрын көріп қалдың. Сол себептен (себелтеден) осындай жалынып- жалпайып жатыр. Өзіңізді де аяңыз, мені де аяңыз!- деп, қыз жылаған соң:

- Неге ұйықтайын? Бір түн ұйықтамасам, өлемін бе?- деді.

Солай дегенмен қымыздың мастығы, еттің мастығы, қыздың мастығы бойын еріксіз билеп кетіп, ұйықтап қалды. Көзін ашып, ояна келсе, қыз да жоқ, шатыр да жоқ, жамбасының (жанбасының) астында төсеніштің тамтыры қалыпты. О жақ, бұ жағын кесіп ап кетіпті. Атын арқандаған жібек арқан мен алтын қазық қалыпты.

Жайықта ес жоқ, есалаң, тұра келіп, жалғыз-жарым қалған жұрнақ белгіні артына бөктеріп, салған бойымен Еділдікіне барыпты. Өң жоқ, түс жоқ, түсі қашып, көп ортасына кіріп барғанда, көрген жанның бәрі де үрпиісіп шошып кетіпті.

- Жаным, жаймысың? Денің сау ма? Не қылды?- десіп, сұраған екен. Көрген-баққанын әңгіме қылып айтыпты.

Ағасы Еділ ұшып тұра келіп, мылтығына қарай жүгіріпті:

- Бұл итті атып тастайын!- деп. - «Көшпелі дүние»- деген болады,- деуші еді. Осындай кез болып қалғанға көп дүние беріп кетеді»- деуші еді. Шірік, сасық, жаман шіркін, бір түнге ұйықтамаса, өле ме екен?!- деп.

Жұрт Еділге Жайықты аттырып қарап отыра ма, арашалап, айырып алыпты. Сонан соң Еділ айтыпты:

- «Ол көшпелі дүние бір түнеген жеріне жылда кез келінеді», - дейтұғын. Сол көрген жерінді бір жыл күзет. Тағы кез болып қалар!- деген соң, Жайық ас-су ішпей, ұйқы көрмей, бір жыл күзетіпті. Бір жылдан соң, көрген-баққаны: бір құланға мінген, қара киген бір қатын:

- Міне, Жайық, қатын-балаң!- деп, бесігімен бір баланы тастап кете беріпті. Алтыннан шүмегі, күмістен түбегі бар екен.

Сол баланың атын Құлан қойып: «Құлан жалғыз, құдай жалғыз»- деген сөз мәтел болып қалған деседі. Құлан: Қыпшақтан Қошқарбай батыр шықты. Ол барып Естектен бір қыз алып келіп, Жақып деген Естек молдасына қосып, онан жеті ұл туып, біреуі- Жайықбай, одан- Ыбырай туып: «Молда балалары» - атанды.

Сарыбас мерген

Кіші жүз: Қарабура ұранды Тамада «Қу жарғақ Сарыбас»- атанған мерген болыпты. Бетпақ шөлінде Жетіқоңыр құмында аң аулап, өмір өткізіпті.

- Бір түн далада жалғыз жатыр едім. Топтанған киік жосылып, жөңкіп өтіп барады. Оның артынан арқар, оның артынан құлан, оның артынан бұлан, оның артынан бұғы, оның артынан аладомбай, оның артынан кертағы,- бірінен-бірі қалмай, шұбап өтіп жатыр. Ең соңында қаралдысы иттен кіші, мысықтан зорырақ, бір кішкене жануар айсыз қараңғыда

далаға жаққан оттай жарқ-жұрқ етіп, аяқпен басып оара жатқан сияқты емес, канатпен ұшып бара жатқан сияқты көрінген соң, бір атып қалдым, жығылды. Түн ішінде қорқып, батып қасына бара алмадым. Таң атқан соң, ақырын аяндап қасына бардым, өліп жатыр. Аңнан бөлектігі- канаты бар, өмірімде көрмеген нәрсем. Терісін сөйіп алып, илеп, жанға айтпай, адамға көрсетпей сақтадым. Бұрын атқан аңдарымның етін қақтап, обаға, іншіктерге тыға беретұғынмын. Тұс-тұсынан ел келіп, алып кете беретұғын. Терісін де сондай: сауырын алып, далаға тастап кете беретұғынмын. Сауырларын Бұхара базарына бара жатқандарға қосып, оқ-дәрі, керек-жарағымды алдырып тұратұғынмын. Мынау қолыма түскен соң, Бұхара базарын аралауға көңілім соқты. Бұл сықылды аң терісі болса, сонда болар деп, жаяу барып, Бұхара базарын аралап жүрдім. Бұл сықылды аң терісі көрінбеді. Көз тұнжырататұғын аң терісін жинаған бір бай шақырды:

- Ай, казак, бері кел!- деп. Бардым.

- Адамға айтпай, өзіңнен басқаға көрсетуге қимай жүрген сенде бір аң терісі бар, шығар маған? Көрейін!- деді.

Айтсымен, кідіріп қалғаным жоқ, шығарып көрсеттім.

- Уай, жарықтық-ай, құлағың естігенді көз көреді деген осы екен-ау! Айсыз қараңғы түнде аттын-ау! Тайдай тал түсте көрсең, ата алмасаң керек еді. Бұл Зариф деген жануар: дүниеде мұнан қорықпайтұғын, мұнан үрікпейтұғын адам болсын, аң болсын, еш мақұлық жоқ. Өзің көрген шығарсың: мұның алдына түсіп кетіп бара жатқандар- бәрі осының зарпынан кетіп бара жатқандар. Мұнда құн, баға (баа) болмайды. Өзін жүре бер, үш күннен соң кел, - деп, - қоя берді.

Үш күннен соң бардым. Алты түйеге жүк тиеп:

- Осы түйелер үстіндегі жүгімен сенікі, өзің өлгенше, өмірің қарығанша тіршілігіне керек-жарак міндетің менің мойнымда,- деп, құшақтасып, дос болып қалды.

«Қу жарғақ Сарыбас»-атандым, атқа тақымым тиген жоқ, жарғақ құлағым жастыққа тиген жоқ. Түн ұйқысын көрген жан емеспін, оқ тиген аңның тыпырлап жатқанын көрсем, құмарым тарқайды.

Күн қыс еді, жер қар еді. Бір нәрсе тап-тап етеді. Таң атқан соң қарасам, жалаң аяқ басқан адамның сыңар табанының ізі бар.

Күндіз көрінбейді, түнде тықыры білінеді. Маңайымнан ұзап кетпейді. Бір түн шоқиып отырғанын көріп, аттым. Ойбайлап жығылды. Таң атқан соң, барып қарасам, жарты адам, жарты денеденденеме жоқ. Терісі тақыр, тұла бойында іске жарар денеме жоқ. Жалғыз-ақ тұмсығысы темірдей көкпеңбек (көпкөңбек) темір екен. Сол тұмсығын кесіп алып сақтадым. Бұхара базарына барғанымда, наркескен соғатын ұста, сол

танып, көп құн төлеп алды. Өзіме бір қылыш, бір пышақ, бір біз (боз) соғып берді.

- Темірдің суы мұнымен суарылса, метін болады. Хандар, патшалардың қолына түспесе, анау-мынаудың қолына түспейді. Ангос (аңкөс) деген аң осы,- деді.

Енді бір көргенім: сексеуіл ортасында жеті қараңғы түнде аң етіп асып жеп отыр едім, қарсы алдыма бір қыз келін қадалып отырып алды. Жеп отырған тамағымнан беріп едім, қолын жеңінен шығармады. Жеңімен алып жеді. Ол менен көз айырмады, мен онан көз айырмадым. Сүйек кеміріп едім:

- Болатты болатқа ұрғаны несі?- деді. Қолымды шөпке сүртіп едім:

- Майды майға сүрткені несі?- деді.

Менімен аңдысты. Сонан соң бір сексеуілді адамдай қылып жатқыздым да, басына тымағымды кигізіп, аяқ жағына етігімді кигізіп, шекпенімді айқара жауып салдым да, өзім сексеуіл арасына барып, мылтығымды кезеп отырдым. Түн ортасы ауып, таң атуға бір-ақ ұйқылық мезгіл қалған кезде мысықша басып, тықырын білдірмей келді. «Жатыр екенсің, пәлем»,- дегендей, атша мініп алып, екі бүйірден «Аф!»- деп тырнағын салған шақта, атып салдым, жатып қалды. Таң аппақ атқан соң, барып көрдім, он саусағы жез екен. Жезтырнақ дейтұғын сол екен. Мен оның киімін олжалаймын ба, қала берді. Соған өшіккендей, тағы біреуі аңдысты. Оны да жайраттым. Үшінші біреуі аңдысты. Мұны алыстан аттым, оқ тиді, жығылмады. Шегін сүйреткен қояндай Қаратауды бет алып жүре берді. Бір нәрсемді алып кеткендей өшігіп, мен де соңынан қалмадым. Қалың Қаратауға барып, бір үңгіріне кірді. Мылтығым қолымда, мен де кірдім. Ұзыннан- ұзақ, ұшы-ғұйыры жоқ үңгір. Соның түбіне барып, бүк түсіп жатыр екен. Өзі кемпір екен, сөйлей бастады:

- Алғашқы көргенің қызым еді. Соңғы көргенің келінім еді. Жынысы еркегіміз оңбаған, құдай қарғаған, ант жеткен, қарғыс тиген болады. Жынысы әйеліміз өзің көрген: бірінен-бірі өтеді. Өткені бар болсын: түбімізге жеттің! Құдай жаратқан асыл қазына осы үңгірде түгел. Мұның бәрін қопарамын деме, өзің көтергеніңше алып кет. «Жерұйық» деген осы. Енді қайта айлансаң (айналсаң), саған бұл жоқ,- деп өлді.

«Елге, жұртқа хабар беріп, түйе жинап келіп, ел-жұртты бір қарық олжаға батырайын!»- деп, қанша жұрт болып бардық. Бір бүртік дәнеме таба алмадық. Көргендігімнің өзі бір арман болды. Жұрт аңыз қылысты: «Бұ да бір көшпелі дүние екен. «Көшпелі дүние»- деген бір жерде тұрақтап тұрмайды. Бүгін көрсең, ертең жоқ деуші еді»- десті.

Құлақ естігенді көз көрмек. Талай жерұйық болғандар қайда кетті?!
Көшпелі дүние екені өтірік пе? Опасыз жалған екені өтірік пе? Құдай
рахмет қылсын, Мәшһүр-Жүсіп айтты ғой:

Зар болып қалар кей бір күн бай бір пұлға,
Үнем[і]қонып тұрмайды дүние қолға.
Бақ пенен тақ, патшалық тиіп қалар,
Ескерусіз есікте жүрген құлға.

Байлар-ау, жиған малың- жанның қасы,
Садақа беріп жүрсің, атаң басы!
Байлардың қолындағы жиған малы-
Кем-кетік, кедейлердің сыбағасы!

Ұйқының әлегі

(Сарыбастың екінші бір әңгімесі)

Бір күн[і] бір төбенің басына шыға келдім. Аяғым астында бір
торғын шатыр тұр. Айналасында құланның қодығы байлаулы жатыр.
Бір жалаңдаған жас келіпшек жылмаң етіп, шатырдан шыға сала, маған
жүгіріп келіп:

- Жездеке, шатырға жүріңіз!- деп, қолымнан жетектеп, шатырға
алып кірді. Ал шымылдық құрулы, алаша, төсек салулы. Бір сәулем қыз
отыр, ұшып тұра келіп, төсек үстіне отырғызды. Керсен тола қымызды
алдыма ап келіп қойды. Бір астау етті алдыма қойып:

-Керсен алдыңызда, кездік қолыңызда,- деп, келіншек шығып жүре
берді.

Етті жедім, қымызды іштім, қызды құштым, аузымнан су ақты,
балжырадым, қалжырадым. Ұйықтайын деп едім, қыз жалынып,
ағатайлап ұйықтатпады. Мені ұйықтатпасқа әңгімеге кірісті:

- Қайыперен, Аушыерен деген аңның бакташысы болады. Сіз бір
түн ұйықтамасаңыз, осы шатыр барлық сайманымен басыңызда болады.
Мен күндіз-түн қасыңызда боламын. Бір түнгі ояулықты көтере алмай,
ұйықтап қалсаңыз, сіз маған жоқ, мен саған жоқ. Анау ел мені ит тиген
арам астай көреді. Онан соң жалғанның жарық сәулесі екеумізге де
арам.

- Жарайды, неге ұйықтайын?!- деген болды.

Өйткенмен бола ма, ұйықтап қалды. Ояна келсе, сопайған өз ба-
сынан басқа дәнеме жоқ. Аң аулаудан қалды. Бір жыл күзетіп, тырп

ете алмай қалды. Бір жылдан соң, басы қаралы, беті жаралы, құланға мінген бір келіншек өңгерген бесігін, ішінде бір еркек бала бар, тастап жүре берді. Сол баланың атын Қайыпберді қойды. Өсіп-өніп, оның нәсіл жұрағаты: «Қайыпберді-Тамамыз»- деседі.

II Аңыз әңгімелер

Нұх пайғамбар мен бір кемпір

Топан су әуел таһрор қылғанда, хазірет Нұх ғалайссаламның нан жабатұғын тандырынан білінді. Ол тандыр- тас еді, хазірет Хауа анамыз нан жапқан, сонан әулетіне (ауладыына) мирас қалған. Ол уақытта ол тастың орнап тұрған жері-Куфа шаһарының Бапкенде деген даруазаның елінде. Қала бұл күнгеше ғаламаты бар: «Куфада опа жоқ болған, бағышы сол (шөл) Куфа шаһарының бұрынғы заманда зорлығы сондай: бір шетінен кірген керуен он тоғыз күнде бір шетінен зорға шығар еді. Енді осы күнде сонан дәнеме жоқ. Әр жерде жалғыз-жарым қалған үйлердің ескі орны бар. Ешқайда кете алмай қалған, өшпейтұғын, өспейтұғын, екі үйі бір жерге бірігіп отырмайтұғын, ант жеткен, қарғыс кеткенлердің тұқымы бар.»

Нұх пайғамбар: «Топан суы тасиды», - деп, жиырма жыл кеме жасаған. Сонда кәпірлер келемеж қылған: «Қартайғанда алжып, ашамайшы шал болды», - деп. Сонда бір кемпір жалғыз сиыры бар екен. Құдайдың құтты күні жалғыз сиырын сауып, пісіріп, ұйытып, қатығын Нұх пайғамбарға алып келіп береді екен:

- Шырағым, су тасығанда, жалғыз сиырыммен мені кемеңе ала көр! - деп.

Топан суы тасыды, көк пен жердің арасы суға лық толды. Кемпір қайда,кеп қайда? Нұх пайғамбар оны ұмытып кетті. Алты ай, он күн су дүние жүзін түгел қаптап қайтты. Дүние жүзі құрғақшылық болды.

Бір күні қалғақтап баяғы кемпір тағы қатығын алып келін тұр дейді.

- Шырағым - ау, су тасығанда, мені, жалғыз сиырымды кемеңе ала көр! - деп.

Сөйтсе, кемпір байғұстың ықыласы зор, жүрегі шын болғандықтан, Нұх ұмытса да, құдай ұмытпаған екен. Кемпір Нұх пайғамбардан қайтып, үйіне барып, сиырын сауып, қатығын ұйытып жата қалыпты, ұйықтап қата қалыпты. Сол ұйықтағаннан ұйықтап, дүние ай-жай болған соң, бір-ақ оянып, ұйықтап-ұйықтап, қатығын алып келіп тұрғаны екен. Жалғыз

сиыры да аман. Міне, құдайдың шеберлігі- осы. Кемпірдің үйінің орны Бурса шаһарында, көп народ (нар от) бас қосып, жұма намазын оқитын мешіт жамиғанын ортасында. Ол мешіттің маңдайында жазылған дейді. Мершімес алдин Мұхаммед Әлінжары опаты 338-де болған. Ол өзі хазірет кожа Баһуалдиннің бірінің баласы-Міркүләл бабаның перзенті екен де, Сұлтан Баязит уилдірімнің қызын алған күйеуі екен.

Сол мешіт жамиғанын ортасында бір кішкене қозы ішінде балықлар ойнап жүреді. Айналасы аяқ таятұғын тас дейді. Кемпірдің үйінің орны сол дейді. Сұлтан Мүрәд перуайының зираты сол Бурса шаһарында. Оның [қ]асында әулиенің зираты бар дейді.

Сүлеймен мен құмырсқа

Күндерде бір күні хазірет Сүлеймен ... ұзыны-ұзын, (ені) көлденеңі сегіз жүз шақырым қатар-қатар, бір ашық жері жоқ, сонша (иірді) [1] жерді түгел толтырған ғаскерменен ұшып бара жатқанда, құмырсқаның патшасы илеуінің үстіне шығып (тұрып) [2] көп құмырсқаға жар салды:

- Уай, бейшара, құмырсқалар, жердің астына қарай тығылыңыздар! Сүлеймен ғаскерімен, олардың көздері көкте, сізлерні майда-майда қылып кетеді!- депті. Уақтап-уақтап [3], ұсатып кетпесін!- деді. Өңшен сезбестер келеді. Екі көзі аспанда жүргендер аяғының астында бір нәрсе бар-ау деген ойларында бар дейсің бе?!- дейді.

Жел құмырсқа патшасының аузынан шығысымен, қазірінде Сүлейменге жеткізді, құлағына сап еткізді дейді [4]. Хазірет Сүлеймен ғалайһи-уәссалам өзін зор санап, құмырсқаны қор санап күлді дейді [5]:

- Надан шіркін, аспанда ұшып бара жатқандардың жердегіге не зарары тиеді [6]?! Соған білімі жетпей айтып жатыр-ау! - деп, қорашсынып, тоқтап тұрып, құмырсқаның патшасын шақыртып алды.

Сонда құмырсқаның патшасы:

- Мені неге шақырттыңыз?- дейді.

- Тілдесейін, сөйлесейін деп шақырттым!- дейді.

- Менімен тілдесіп, жауаптассаңыз, иығыңыздың үстінен, құлағыңыздың тақ түбінен орын беріңіз. Әйтпесе, біріміз-көкте, біріміз-жерде: сөзіміз түгел бола ма?- дейді.

Тақ Сүлеймен құмырсқаның патшасына иығының үстінен [7], құлағының түбінен орын берді.

- Сұра, тақсыр,- дейді.

- Сұрасам, мендей патшасы бар жұрт біреуге зорлық-зомбылық қыла ма? Не үшін: «Таптап кетпесін?»- дедің?!

- Уай, тақсыр-ай, қол астыңдағы халқыңның төбесін көкке тигізбедің, аяғың жерге тигізбедің. Көкте болсаң, жердегіні аяр едің. Жерде болсаң: «Бәріміз бір ауылдың кісісіміз ғой!» - дегендей, жаның ашыр еді. Көкте де жоқ, жерде де жоқ, желге ұшқан тулақтай өзін ұшып жүрген соң, сенің қай жерінде ғақыл-ес тұрады деп ойлаймын. Шөп жаманы- қаңбақ, о да желге ұшқанда, жерге домалап ұшады: есебі құдайға қылған сәждесі. Аспан-көктің арасында не жүреді: құйынмен ұшқан шөп- шар жүреді. Желмен ұшып жүрген нәрседе ғақыл-ес бар деп кім ойлайды?

- Хош, менің ғаскерімнің көк пен жердің ортасында ұшып жүргенін біле тұрып: «Қирап қаласыңдар, жойылып қаласыңдар!»- деп, қалайша айттың? Сен білгіш болсаң, білімді кісіден бос сөз шыға ма екен?!- дейді.

- Оны айтқаным: «Аналар басып кетеді де, сендер жаншылып қаласың!»- дегенім емес. «Алма алмадан реңк алады, ат есекпен бір ахыр-да тұрса, мінездес болады. Желге ұшып, жеңіл тартып жүргендерді тамаша қыламын деп фікір-зікірден бос қалып, ғапілдерден (ғафиллардан) болып, құдай қасында тапталып, уатылып қаларсың!»- дегенім еді. Тақсыр, кезектесейік. Менің де сізден сұрап үйренейін деген мұқтажым бар, маған жол беріңіз!- дейді.

Тақ Сүлеймен:

- Сұра!- дейді.

- Сұрасам, құдайдың өзіңе бергенін айт, жұрттан бөлек не берді?- дейді.

- Желді маған билетті, жел тізгіні қолымда болғандықтан, құдайға шүкір, аруаққа шүкір, айлық жер менің баруыма- түстік, екі айлық жер қоналқалық болды!- дейді.

- Бәрекелді, тәуір нәрсені билеткен екен. Гуілдеп өткен желдің қайта айналып келгенін көрген жан бар ма? Желді қолына ұстап: «Мынау менікі!»- деп, алып жүрген жан бар ма? Орынға тұрмаған сөзді «Желге кеткен бір сөз-дағы»- демей ме? Сондай дүние- ақыретке пайдасы жоқ: құдайдың саған бергені-желге кеткен бір өмір екен. Тағы бергенде, жұрттан бөлек не берді?- дейді.

- Бір жүзік берді: барша патшалықтың кілті, билігі соның көзінде,- дейді.

- Ол жүзігін қайсы?- дейді.

- Мінеки!- деп, көрсетті.

- Бәрекелді, барлық құны тырнақтың көлеміндей тас болған бақ-дәулеттің болғанға, тұрғанға не сәні бар? Тіпті, дәнеме емес екенін осынан білсейші!- дейді.

Хазірет Сүлеймен ғалайи-уәссалам айтты:

- Сен артықпысың, мен артық па?- дейді.

Құмырсқа патшасы айтты:

- Астыңдағы тағың артық па, үстіндегі киімің артық па?- деді.

- Тахыт бақытпенен. Тақта бақ жоқ болса, тақ жансыз нәрсе, немене жарайды? Тақ артық болса, төбеме көтеріп жүрер едім. Бір күн де болса, үстінде отырмын: тақтан мен артық-дағы- дейді.

Құмырсқа:

- Рас айтасың!- дейді. – Астыңдағыдан үстіндегі артық болатұғын болса, әлхамдид шүкір, сенен менің артықлығым мағлұм болды. Сен пенде жасаған таққа мініп отырсың да, мен құдай жасаған сені тақ қылып отырмын ғой қазіргі сағатыңда!- дейді.

Тақ Сүлеймен айтты:

- Құдай жаратуда қайсымызды жақсы жаратты? Бұл турадан хабарың бар ма?!- дейді.

Онда Құмырсқа айтты:

- Бұл турадан хабарым бар.Әлхамдилла шүкір, жаратуында осы отырған сенен мені артық жаратты. Неге десен: өзге денеңе қарағанда, басың кіші, миың аз: ақылыңның аздығы- сол!Менің өзге денеме қарағанда, басым зор: миым көп, ақылымның артықтығы сонан!- дейді. Сенің өзге денеңе қарағанда, қарның жуан: тойымдығың жоқ, қанағатың аз. Тойымы жоқ қанағатсызда қасиет бола ма?!- дейді.Менің өзге денеме қарағанда, қарыным жіңішке: қанағатым зор, дүниеге мұқтажлығым аз!- дейді. Сенің өзге денеңе қарағанда, аяқ тарпың шидей: өзіңнен қаралдысы зорды көтере алмайтұғының- сол. Менің өзге денеме қарағанда, бөксе тарпым- жуан: сол үшін өз қаралдымнан үлкен нәрселерні көтере беремін. Ақылымды көп қылып, тамақ үшін уайымымды жоқ қылып, өзімнен зорды көтеретұғын күш беріп жаратты. Мұнан артық жаратылу бола ма?!-дейді.

Сонда құмырсқаның патшасы хазірет Сүлейменнің өзін, барлық ғаскерін қонақ қылды.Жер астына жиып тастаған астығы тақ Сүлейменнің қосынына мол болып жетті.

- Өгізің жоқ, соқаң жоқ, мұнша астықты қайдан егіп өндірдің?- дейді.

- Өзің не айтасың, ылғи баланың сөзін сөйлейсің: құдайдың жаратқаны жалғыз сен деймісің?Бір патша көп қосынымен отіп бара жатып, осы жерге бір түнеп, қосыны аттарына жем берді. Сонда соның шашылған, төгілгенін жұртыма жиғыздырып едім: «Бір керек күні болар, құдайдың жаратқан нығметі далада қалмасын!»- деп. Міне, сені бір қонақ қылып жөнелттім: еңбегім орынға тұрмады ма?!- дейді.

- Сонан бері таусылмай, өзін, жұртың не жеп күн көрген?- дейді.

- Бәрекедi, жалғыз бидай жетi жыл жеуiме жарайды. Бұл жеуменен не құрайды?- дейдi.

- Сонда хазiрет Сүлеймен құмырсқаның бұл сөзiне нанбай, шын-өтiрiгiн бiлу үшiн, бiр құмырсқа мен бiр бидайды темiр қапасқа салып сақтады: «Жетi жылда ауызын бiр-ақ ашамын!»- деп.

Жетi жылдан соң, аузын ашып қараса, құмырсқа аман-сәлемет бидайдың жартысын жептi, жартысы қарап тұр дейдi.

- Бұл қалай, жетi жылда бiр бидайды тауыса алмапсың ғой!- дейдi.

- Оны тауыса алмағанымның мәнiсi бар. «Өзi өтiрiкшi болған – кiсi сөзiне- нанбайды»- деген бар едi. Менiң сөзiме нанбағандығыңнан жазықсыз қапасқа салып, мейман тұтқар қылдың. «Жетi жылда ашамын деген уағдасына опа қылса жақсы, уағдасында тұрмай, ар жағында жетi жыл артық салып қойса, сонда керек болар!»- деп, жартысын жемей сақтағаным-сол!- дейдi.

- Хазiрет Сүлеймен тәубе қылып, құмырсқадан қанша үгiт-насихат алып, өзiнiң бiлместiгiне, оның бiлiмдiлiгiне қайып болды:

- Менен соңғы патша болғанлар мұнан ғибрат алсын! Бiреудiң көзге көрiнiсi құмырсқадай болса да, тауып айтқан сөзiне құлақ салып тұра қалсын!»- деп, кiтапқа жаздырып, кейiнгiге қисса қылып кеттi.

Құдайды қолдан жасаушылар әлегi

Баяғы заманда Хыбыш деген жұрт болыпты, Иемен уалаяты делiнедi. Ныжаш деген сұлтаны болыпты. Оның қол астында Абыраға деген патшасы болыпты. Жалғанды жалпағынан басып, дүниенi өз қолымен аударып, төңкерiп, астын-үстiне келтiрiп жүрген күндерде Абыраға көп жiгiт-желеңмен аң аулап жүрiп, көп жүрiп бара жатқан жүргiншiнi көрiп:

- Қайда бара жатқан жансыңдар?- десе,

- Мекке деген шаар бар, онда «Құдай үйi»- деген үй бар. Соған зиаратқа барамыз?- десiптi.

Абыраға:

- Текке қаңғып бармаңдар. «Құдай үйi»- сондай жаман ескi тас үй болушы ма едi?- десе, бұлар болмапты:

- Бiздi барғызбай бөгегенiңмен, дүниенiң төрт бұрышына тор жаямысың? Жалаң бiз емес, дүниенiң төрт бұрышынан ол үйдi iздеп келушi бихисап!»- деген соң, Абыраға ашуланып, долданып:

- Тоқта, мен ол үйге жан бармайтұғын қылайын! Өзiмiздiң құдайға арнап бiр шiркеу жасатайын. Сонан соң «Құдай үйi мұнда!»- деп, жұртқа жар шақыртайын! – деп, инженерлердi жиып, өз жерiнен лайықты жер

іздеп, атқа мініпті. Сахара майдан елсіз даладан Иемен уалаятының Зыға деген шаһарынан үш сағатта баратұғын бір жерді ұнатып, шіркеу салдырыпты. Ол үйден аяп қалған алтын, күміс, асыл тас болмаса керек. «Жалғанның бейіші қыламын!»- деп, жасатып, не керектің бәрі өзінен табылатұғын қылып, үйдің атын: «Қылиса (қалса)»- деп атандырыпты. Өзіне көп монах (манах) мінәстірлер тұрғызыпты. «Келген, кеткен жандарға тамаша қылдырып, есін шығарып тойғызып, есінен қалғысыз қылып, айта жүргендей қылындар!»- деп тапсырып, қолдан жасаған алтын құдайды төріне орнаттырып: «Міне, құдайға жарастықты үй- осы!»- дегізіпті. Бұл хабар дүниеге жайылыпты. Сөйткенмен қолдан жасаған шіркеу мен қолдан жасаған: тас құдай, ағаш құдай екінің бірінде, егіздің сыңарында бар. «Әркімдікі өзіне // Ай көрінер көзіне»- деген емес пе?! Жұрт бара қоймапты.

Араб (ғараб) халқынан Канана руынан алты жігіт саудагерлікпен Иемен уалаятына барып:

- Неміз кетеді, көре кетейік!- деп, Қылисаға барыпты.

Монахтар (манахтар):

- Кім боласыздар?- деп сұраған соң:

- Мекке шаһарының кісісіміз!- деген соң,

- Бәрекелді, жақсы келдіңдер! - деп, сыйлап, күтіп, аралатып көрсетіпті.

Бұлар да таң-тамаша қалып:

- Құдайларын құдай-ақ екен. Үйлерін жарайды құдайға үй болуға толық екен!- десіпті. Монахтардың біреуі:

- Бұлардың не қылса да, аузынан су ағып, есі шықты- ау!- деп Сендердің құдайларының үйі қалай, біздің құдайдың үйі қалай? Қайсысы жақсы?- депті.

Онда олар өтірік айта алмай, шынынан сөйлепті:

- Біздің «Құдай үйі»- деп жүрген үйіміз мұнан көп артық, көп оңды. Неге десендер, сендер мына алтын, күміс, асыл таспен артық болады деп ойлайсындар ғой. Біз оны дәнемеге тұрады демейміз. Біздің «Қағба» деген үйді Ибраһим-Смағұл деген пайғамбар жасаған. Және ол үйдің босағасына таянып тұрып, не тілесе, тілегі қабыл болады. Ұлсызға ұл береді, қызсызға қыз береді. Жарлы байиды, ауру жазылады!- дей бастаған соң- ақ, жанжал-керіс көбейіп, аяғы төбелессіз тарқайтынға айналып бара жатқан соң, алтаудың біреуі жүгіріп барып есікті басып тұра қалды да, қалған бесеуі іштерінде жасырын байланып жүрген бір-бір жеке ауыздары бар екен. Бірін сау қалдырмастан, шек-қарындарын аяқтарының басына түсіріп, келемеждеп, қорлап өлтірді де, өздері сол үйдің ішіне шөмеле тұрғызды да, онан апарып құдайларының бет-аузына,

үсті-басына былжыратып жақты да, бір балтаны қасына сүйеп қойды да, хат жазып тастап кетті: «Міне, біз Мекке шаһарының қаңғып жүрген саяғымыз, бетіне [боқ] жағып жатқан біздің қолымызды қағуға жарамады. «Құр қол болдым, қапы қалдым!»- деп айтар деп, қасына балта да қойдық. Оны ұстап, өз басының қамын қылуға, өз басын қорғауға жарамаған құдай сендерге неменеге сөп болуға жарайды дейсіндер?!»- деп, кетіп қалыпты.

Осы уақиғаны ең алғаш көрген не деп айтып барды екен? Құдайдың бетін немен былғап кетіпті дейді екен. Абыраһа мұны естіп, өзі келіп көріп, ашу аса зор қысқаннан, есінен жаңылыпты. Бар шамасы келгені сол болыпты. Соғыс ашуға даярланып, күннің көзін, жердің жүзін тұтылдырған қосын алып, қырық піл бар екен бордақы қылып бақтырып қойған. Оның ішінде бір пілді «Піл Махмұды» - дейді екен.

- Мекке шаһарын орнымен жоқ қылып, аспанға ұшырып жіберейін де, ол үйді іздеп келушіге бір кесегін орнынан таба алмай тұғын қылайын!- деп, Мекке шаһарын қамап келіп жатып алыпты. Қурайыштың далада жүрген қой, түйесін түп көтере шауып, талап алыпты. Бұл күн Ғабділмүтәліп ақсақалдың Мекке халқына ақсақал болып тұрған күні екен, төрт жүз түйесі бар екен. «Түйені қуып кетті!»- деген соң, «Мал ашуы- жан ашуы»- деген бар ғой, бой токтатып отыра алмады. Жақсы киімін киді, басына дағарадай сәлдесін салды, түйесіне мініп, Абыраһаға мал соңынан барды. Жолда жатқан қырық пілдің бастығы піл Махмұд ақсақалды көрген жерден: «Ақыр заман пайғамбарының бабасы»- екендігін танып, басын төмен салып: «Жүре бер, ақсақал, саған жол бос!»- деген кісідей тырп етпей жата берді дейді.

Абыраһа пілдерінің сыйлағандығын көріп, ұшып тұра келіп, тағынан түсіп барып, қолынан ұстап көрісіп, сый-құрметпен тағының үстіне бірге алып шығып отырғызып:

- Жол болсын, ақсақал, жүрісіңіз жай, немене?- дейді.

- Шырағым, жол болса, мол болсын! Қу даң төлеңгіттерің төртті-бесті күн көріп, ауқат (арқат) кешіріп отырған мойнақтарымызды қуып кетіпті. Малсыз кісінің күні немене? Соны саған шағып келіп отырғаным ғой!- депті.

Абыраһа күліп:

- Ой, жарықтық, ақсақал-ай, біз сенің қаралдыңды көрумен тойып, ісініп, еміреніп қалып едік. Сөзіңді есіткен соң, қарын ашты ғой. Мен үйіліп- төгіліп неменеге келіп жатырмын. Мына қара жабулы үйдің қарасын өшірейін, тып-типыл жоқ қылып, орнынан көшірейін деп келіп жатырмын ғой! Соның мән-жайына келген екен ғой десем, сырты төксе (түгіл), іші [боқ] мал үшін жүр екенсіз ғой!- депті.

Онда Ғабділмүтәліп айтыпты:

- А, балам, «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар!»- деген. Ол үйде менің не жұмысым бар? Ол менің үйім емес, өзінің иесі бар. Ол өзі бір қу: жалғыз, онда не әке жоқ, не шеше жоқ, не туған-туысқан жоқ, не қатын, бала-шағасы жоқ. Біздің бауыр, ағайын, туысқанымыз емес. Құдай қосқан құда, құшақтасқан досымыз емес. Не ұлымның қайыны, не қызымның қайыны емес. Айдалада біреудің үйі үшіп мені кіммен жауласып, кіммен қастасады дейсің. Төртті-бесті мойнақ күн көріп, ауқат кешіріп отырған малым, мен соның иесімін, сол малым үшін келіп отырмын. Айдаладағы біреудің үйінде не ақым бар? Үйіне иелік қылып, айырып алып қалса да, өзі біледі, саған беріп қоя беріп, бақырайып қарап отырып қалса да, өзі біледі.

- Иа, ақсақал, ертең біз сол үйге қол қоямыз. Сонда сен оған болысып, бізге, жасаққа қарсы шықпайсың ба?- депті.

- Жоқ, жоқ, шырағым, мен осы барған бетіммен үйім де, өзін де саған тастап, айнала жан-жараныммен, бау-шарбағыммен көшіп шығып кетсем, ризасың ба?- депті.

- Жарайды, ақсақал, онда сен табылмай тұғын жақсы кісі болдың!- деп, төрт жүз түйесін түгел алдына салып, айдап қоя беріпті.

Ғабділмүтәліп түйесін айдап барып:

- Ал, қатын-қалаш, бала-шаға, ағайын-аймақ – бірің қалмай көшіндер, шаһардан шығындар! Мынау өзі бізге сенемін деп, бізді бар екен, жан екен деп, үйінен айрылып қалмасын! Өз үйін қорғап алып қалса, қалсын, қалмаса, қойсын!- деп, қыбырлаған жан, тайлы-таяғына шейін қалмай жабырлап шығып жатыр дейді.

Абыраһа да қуанып, масайрап отыр дейді:

- Кешегі ақсақал сөзінде тұрарлық, жарайтын кісі екен!- деп.

Жұрт арылып шығып болды. Түн өтті, таң атты. Абыраһа:

- Ал, айдаңдар пілді! Үйге қол қойындар, орнында бір кірпіш қалмасын!- деп жарлық қылды.

Бір піл аяғын тырп етіп ілгері баспады. Көтінен кейін шалқалақтап шегіне берді. Аспаннан бұрын түсі-түгін, ажар-түрін адам көрмеген бір түрлі құс пайда болып, тұмсықтарында бір тас, екі аяқтарында екі тас, қара бұшақтай жаудырып еді, кәпірлердің төбесінен [түскен] тас көтінен шықты, бықпырт болып, қырылды. Қыбырлауға жарарлық жан қалмады. Абыраһа көтенінен пісіп, бұтына тышып, қашып барады. Бір құс төбесінде күйкентайдай ебелектеп, жанын қоярға жер таптырмай, қуып барады.

Нажашының алдына барып, не көрген, не білгенін о да асығып сөйлеп болды, құс төбесінен тасты тастап жіберіп, Абыраға Нажашының алдына жалп ете түсті.

Манағы Меккеден көшіп шыққан ел қайта өз қоныстарына келіп, жаудан қалған олжаға шаш етектен ілініп, мээ-мейрам болысыпты.

Дәл осы оқиға болған жылда пайғамбар Мұхаммед- Мұстафа ғалайссалам ана қарнында екен. Шешесі Әмина пайғамбарды көтеріп, екіқабат буаз екен. Сонан сол жыл Ғараб жұртында «Піл жылы»- деген жыл атанып, қурайышларда жазылып қалыпты.

Мұның қиссасы хақында Ләмтір, кәф сүресі келген. Тәпсірлерден қарап, ұзын әңгімесіне сонан қаныңдар!

Құдайдың құдіретінің шеберлігі сол- тастардың әрбірінде арналған жандардың аты жазулы екен дейді. «Әркім өз тасына ұшырамақ»- деген сөз сонан қалған екен. Ондай көріне келіп, төбесінен таспен қойып кетпегенмен, бұл заманда өз тасына ұшырайтұғындар аз емес. Құдай ісінде асығыс жоқ. «Күнбе-күн бола қоймады!»- деп, жұрт асығады. Жоқ, қашан да болса, Құдай құдайлығын бір танытпақ, барлығын өзі білдірмек, күштілігін көрсетпек. Мұхаммед пайғамбарға келген хатаб жалғыз Мұхаммедке емес, қиямет қайымғаша көктің астында, жердің үстінде болған іс- шынға!

Асан қайғы және Ежен хан

Асан қайғының шын аты- Хасенхан екен. Өзі нәзіркерде әулие деп айтуға жарарлық екен. Мұның он екі жасар бала күнінде қазақ шүршітке қарайды екен. Шүршітке хан болғанда, Ежен хан деп сөйлейді екен. Ежен хан көшпелі қазақ байдың баласына:

- Айғырын кісінетпесін!- деп, жарлық қылды дейді. -Егер қазақтың далада жүріп айғыры кісінесе, менін қорада тұрған тазы бедеулерім құлын тастайды. Айғырын кісінеткен жанның басы айдауда, малы талауда болсын!- депті.

Қазақ жұрты мұны естіп, уайымға түсіп жылады дейді:

- Хайуан малды қалай кісінетпей тұрамыз?!- деп. Сонда Хасен бала:

- Ол үшін уайым жемендер. Маған отыз-қырық мерген ертіп беріндер, отыз-қырық желмая тауып беріндер. Мен Ежен ханға барып, бұл жарлығын қойдырып, қазаққа бір бостандық алып келейін!- дейді.

Сонан соң жұрт отыз-қырық мерген ертіп берді, отыз-қырық желмая жиып берді. Хасен бала мергендерді жолдас қылып, шүршіттің ханына жөнелді. Шаһардың шетінен кіргеннен «әу»- деп, үрін шыққан итті ата берді дейді. Ит иелері келін:

- Мұның қалай, жазықсыз итімізді неге қырып келесің?- десе:

- Біз Елібайдан келе жатқан елшіміз. Не арызың болса, хандарыңа айтыңдар. Жауабын хандарыңа берейік. «Елшіге өлім жоқ!»- дегенді білмейсіңдер ме?- деп, жүре жауап беріпті.

Ит иелері хандарына ғарыз қылыпты. Хандары:

- Келсін, себебін сұрап тексереміз,- депті.

Елшілер келіп ханға жолыққан соң:

- Елші болғандарың қалай? Еліміздің итін қырып, жұртты шулатып келе жатқандарың қалай?- депті.

Сонда Хасен бала:

- Таксыр, оның мәнісі бар. Кішкене күнімде әкем маған қой бақтырды. Далада қой бағып жүргенімде, көп қасқыр келіп қамады. Сонда мен ойдың да итін шақырдым, қырдың да итін шақырдым, елдің де итін шақырдым, шаһардың да итін шақырдым, бір ит келіп ара түспеді. Сонда ант ішіп едім: «Ойдың иті, сені де атармын! Қырдың иті, сені де атармын! Елдің иті, сені де атармын! Шаһардың иті, сені де атармын!»- деп. Сол сертіме жетейін деп, ит біткенді қиратып, атып келе жатқан мән-жайым сол!- дейді.

Онда хан айтты:

- Тентек шіркін, сенің қазақтың мидай сары даласында жүріп айқайлаған даусынды біздің шаһардың иті қайдан естісін?- дейді.

Хасен бала жауап қайырды:

- Айғыр даусын бие естіген жерден кісі дауысын ит естімей қоймайды,- дейді.

- Қап, бала мені ұрдың! Мен ұтылдым да, сен ұтттың! Қалағаныңды ал!- дейді.

- Қалағанымды берсең, қазағымды өзіме берсең болады,- дейді.

- Бар, бердім, Қазақ деген жұртқа өзіңді хан сайладым,- дейді.

Сонан соң: «Хасен хан»- атанып қайтты.

Асан қайғы және пері қызы

Бір балдама ашып, талай нама көтеретұғын балгер айтқан екен:

- Сенің бақ талайыңа су перісінің төресі, су сұлтанының қызы несіп болайын деп тұр!- деп. Ол:

- Қайдан маған душар болады?- дегенде:

- Еділ, Жайыққа қармақ сал, Сырдарияға қармақ сал, ұзын аққан Ертіске қармақ сал,- осы төрт үлкен өзеннің бірі болмаса, бірінен қармағыңа ілінеді,- деп.

Сонан желмаямен жүріп, бәріне де қармақ салып, ең ақырында Ертіс суының басынан қармағына ілінген екен. Адамзаттан бөлек жері жоқ, сұлулықтан басқа міні жоқ, жалғыз-ақ айыбы- сөйлесерге тілі жоқ. Қыз қалыбында жатып тұруға, қылық қызметке, бір сөйлеуден басқа ойын-күлкіге титтей мүлтік кемі жоқ. Бірнеше күн қатын қылып алып жүрді, бірақ сөйлеспегеніне қапа болып, базар аралатты. «Бір нәрсені тамаша қылып, иа ұнатып, иа ерсі көріп, бір нәрсе деп сөйлер ме екен?»- деп, ләм-мим деп, бір калима сөз сөйлемеді. Бірақ үш орында мырс етіп күліп жіберді. Неменеге күлгенін білмеді.

Базар тарқап, аулақ оңашаға шыққан соң:

- Сөйле!- дейді. Сөйлемеді. – Біреудің не айтқанын білесің, білген үшін екі-үш жерде күлдің, енді неменеге сөйлемейсің? Мені адамзат деп менсіпбей жүрсің ғой- деп, ашындырып ұрды- сөйле!- деп.

Тұшты етіне ащы таяқ тиген соң, сөйледі:

- Мен сөйлемейін деп жүргенім: сөйлейтін күніме жеткен жоқ едім. Сенен жүкті болып, жерге шыр етіп бойымнан бала түссе, сонан соң сөйлемекші едім. Онан бұрын сөйлесем, сен маған жоқ, мен саған жоқ болып айрылып кетпек эзел күнде жазуда бар іс еді. Оған шыдамадың, екіқабат едім, табуыма төрт ай қалып еді. Қой, қош, аман-есен бол! Төрт айдан соң, жардың астынан келіп, күндақпен жатқан баланды ал!- деп, жөнеле берді.

- Тоқта!- деп еді.

- Жоқ, тоқтауға бұйрық жоқ, енді тоқтап болмайды!- дейді.

Тұрмасын, тоқтамай тұғынын білген соң:

- Күлгеніңнің мәнісін айтып кет!- дейді.

- Оны айтайын,- дейді.- Бір күлген себебім: базарда біреу той қыламын деп, мың теңге шығарып: күріш, май, өрік, мейіз және түрлі тамақ алып жатыр екен. Тұзға келгенде, қымбатсынып, бір теңгені қимай, тұз алмай кетті. Соның ақымақлығына күлдім. Мың теңгенің тамағы бір теңгенің тұзынсыз тамақ болып ләззат бермейді. Екінші күлгенім: біреу өріктің дәнін тісімен сындырып тұр екен. Тістің құны мың теңге, мың теңгелік тісті бір пұлға тұрмайтұғын нәрсеге жойып тұрған соның ақымақлығына күлдім. Үшінші күлгенім: біреу бір етікке саудаласып, бағасына келісіпті. «Бірақ осы етігін жеті жылға шын шыдай ма?-деп, -Соған шыдаса аламын», - деп, соның неше жылға шыдауына серттесіп тұр екен. Етік аламын деп тұрғанның үш-ақ күндік өмірі қалған еді. Өзінің өмірінің қанша күнге жетуімен жұмысы жоқ, етіктің қанша күнге

жетуіне, соған таласып тұрғанға, соның ақымақлығына күлдім,- деп, қош айтысып жүре берді.

Төрт ай тосып жатып, жар астынан барып, құндаққа орап тастаған баланы тауып алып, атын «Жалғыз жетім Жаналы» қойды. «Сол қатыннан жоқ жерде асығыстық қыламын деп айрылып қалдым-ау!»-деп, соның қайғысынан: «Асан қайғы»- атанған екен. Және өзі көзіне көрінген нәрсені уайым қыла береді екен.

Асан қайғының жер туралы айтқандары (бірінші нұсқа)

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көреді?!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтіп күн көреді?!
Жалаң аяқ байпаңдап,
Қаздар қайтіп күн көреді?!
Шыбын шықса, жаз болып,
Таздар қайтіп күн көреді?!

Сонда ұлы Ертіске қойған аты:

- Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным ашты деп жылап отырмас, сиырдың мүйізі шығып, кәпірдің құлағы шығып тұрған жер екен. Күнінде баласы кәпірден жылайды-ау!»- депті.

Шыңғыс тауын, Семей тауларын көріп:

- Мына шіркіннің топырағы құтырған екен. Оған шыққан шөп құтырады екен. Оны жеген мал құтырады екен. Оның етін жеп, сүтін ішкен адам құтырады екен. Қан үзілмейтұғын, ұрыс-төбелес көп болатұғын жер екен!»- дейді.

Түндік деген өзенге келгенде:

- Он екі қазылық ой, Түндік; маңырап жатқан қой, Түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен!»- деп қимай үш қарапты. Сонан сол жер «Үшқара»- атаныпты. Қаз дауысты Қазыбек бидің балалары, Алшынбай ауылы қыстайды.

Қызылтау деген жерге келгенде:

- Тауы-тасы кеш болғанда, қой болып ыңыранып жатады екен. Өмірінде тоқты қысыр қалмайтұғын жер екен!»-депті.

Баянаула тауын көргенде:

- Ат ерін алуға жарамай тұғын жер екен. Мына шіркінді жұрт қалайша қоныс қылып отырған? Өзін бір көрген кісі: «Кәпір-ай, сені желкемнің шұқыры көрсін!» - дейді екен. Өйткенмен бауырында бір тұзы бар екен. Сол тұзы ауыр екен. Бір күн түнеп кетемін деген кісі бір жұма айналып (айланып) қалады екен, тұзы жібермейді екен! - дейді, - дейді.

Ащы деген жерге келгенде, артына бір қарап:

- Баянаула, сенің қоныс болып тұрғандығың мына Ащының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма аңылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен, сонысы жылға татиды екен. Олай болмағанда, Баянаула қоныс болуға жарамай тұғын жер екен дейді, - дейді.

Бөкенбай деген төбені көріп:

- Ана Баянауладан мына Бөкенбайдың қырық кез биіктігі бар екен дейді, - дейді.

Ереймен тауын көргенде:

- Желдің жеті есігі бар екен. Қыс болса, жылқы тұрмас, жылқы тұрса, ішінде құлын тұрмас. Ораздының жайлауы, Шиырлының қыстауы екен. Бір-бірімен едірейісіп- төбелесетұғын кісі сықылданып тұрған, панасы жоқ, шіркін екен! - дейді.

Сілетіден өтіп, Жалаңаштың тұзын көргенде:

- Аттың төбеліндей, Жалаңаш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? - деген екен. - Айналаң аз, онан басқа таптырмайтын жер екенсің дейді, - дейді.

Есіл деген жерді көргенде:

- Жары менен суы тең, жарлысы мен байы тең болатұғын жер екен дейді, - дейді.

Нұранын Есенқарт деген жерін көргенде:

- Алты күнде ат семіртіп мінетұғын жер екен дейді, - дейді.

Қаракұйын-Қашырлыны көргенде:

- Жылқының жалы менен құйрығы төгіліп тұрған жер екен! Бауырында бір жұтқыш айдаһары бар екен! Онан басқа жылқы кетпейтұғын жер екен! - дейді. - Бір үлкен зор теңізі бар: боран болғанда, жылқы түсіп қырыла береді. Айналасында жылқы өсімі өзге жерден артығырақ бола береді.

Терісаққанды көргенде:

- Сарыарқаның тұздығы екен, анда-санда: «Әуп!» - деп қоятұғын жұты бар екен. Артынан мал өсімі тезінен өсетұғын жер екен! - дейді.

Торғай деген өзенді көргенде:

- Ақ шабағы май татыған, ағар суы бал татыған жер екен дейді, - дейді.

Жетікоңырды көргенде:

- Сарыарқаның мәуіті екен дейді,- дейді.

Шудын бойын көргенде:

- Мына шіркіннің екі жағы бор бас екен, өне бойы нар қамыс, іші толы жолбарыс екен. Баланың іші қурылмайтұғын, өмірінде қыннан пышағы суырылмайтұғын, еркегі ат болатұғын, ұрғашысы жат болатұғын жер екен!- дейді.

Қаратауды көргенде:

- Көкектен басқа құсы жоқ, көк шөптен басқа исі жоқ,- жер азғыны мұнда екен; қатыны семіз, ері арық-, ел азғыны мұнда екен. Аты бестісінде қартайтұғын, жігіті жиырма бесте қартайтұғын жер екен. Қаратауды жайласа, Сырдың бойын қыстаса, сонда жарайды екен, әйтпесе, жеке өзі қоныстыққа жарамайтұғын жер екен дейді,-дейді.

Шымкент, Сайрамды көргенде:

- Екі басса, бір базар: малда береке болмайтұғын жер екен. Екі басса, бір мазар:баста береке болмайтұғын жер екен. «Базары жақын байымас, мазары жақын көбеймес дейді»,- дейді.

Сырдың бойын көргенде:

- Басы байпақ, аяғы қайқақ: екі-ақ ауылға қоныстық жері бар екен. Өзге ұзын аққан өн бойы анық кедейдің қонысы екен дейді,- дейді.

Сұлы Келес, Құрлы Келесті көргенде:

- Мөңіреуін, сиыр болып мөңіреуін! Сиыр тұқымы үзілмейтұғын жер екен дейді,- дейді.

Сонан арман Жиделібайсынға шейін жүре берген екен.«Сарыарқаны орыс алады!»-деп, «Орыс бармайтұғын жерге барамын!»- деп, қойға қошқар қоймай, жылқыға айғыр салмай, түйеге бура шөгермей, сиырды бұқасыз сақтап, малды үш жыл ту қылып, сөйтіп ауған екен. Сол ауып бара жатқан бетінде Ноғайлының ханы Өз Жәнібекке кез болды дейді. Бұрын үш тойына шақырғанда, Асан қайғы бармаған екен. Ауып бара жатып кез болған соң, Өз Жәнібек:

- Асан қайғым,

Шақырса келмес ханымды

Бура қуып келтірді.

Қалжы-бұлжы қылмастан,

Тура қуып келтірді,- деген осы ма?!- дейді.

Бұл сөздің себебі- бір хан болған екен. Ханның қасында бір қарашы кедей үй қоңсысы болған екен, төмен тартар сауыны жоқ екен. Ханның малының сүмесінен қозы қарын май, құлақтан қап құрт алған екен. Күздігүні ел тауға қонар мезгілде қарашысы хандыкінен айрылып кететұғын болған соң, қатынына айтыпты:

- Осы құрт-майды ханымды шақырып алып, алдын татырып кетейік, сонда бізге қалғаны жұғымды болар. Ханымға татырмай кеткен соң, берекеміз болмас,- деп, ханымды үйіне шақырса, ханым қарашаның үйіне кіріп шығуға намыс қылып, арланып: «Әне, барайын, міне, барайын», - деп, кірмепті. «Құрт-майдың алдын ханымға таттырмай, кетпейміз!» - деп, ол бейшара: «Ханым қашан біздікіне басын сұғады?!»-деп, сарғайып тосып отырып қалыпты. Күндерде бір күн ханым бүркеніп шығып, қазыханаға барып, қайтып келе жатса, (Мәшһүр-Жүсіп ескертпесі: «қазыхана» - деп адамның далаға барып жұмыстайтын зәрүрі үлкен (өлген) жұмысын айтады) ханның кісі алатұғын қара бурасы бар екен, ханымды қуыпты. Ханым сасқанынан, киімінің бауын байлауға шамасы келмей, қолымен ұстаған бойымен қарашаның үйіне келіп, жоқ болып кетіпті. Сонда шал бейшара айтқан екен:

- Шақырса келмес ханымды
Бура қуып келтірді.
Қалжи-бұлжи қылмастан,
Тура қуып келтірді.
Бастай гөр, қатын, құртыңды,
Сала гөр майыңды!-

деген екен. Сол айтқандай, үш тойыма шақырдым, бірде-біріне келмедім, қадірсіз, аяқсыз келдің-ау!- депті.

- Рас айтасың, Жәніпбегім, ойың ұрғашыға ауған, өз бойындағы ақыл-еске өзің ие бола алмаған жан едің. Сондықынмен айтып отырсың-ау, сен өзің. Неге той қылдың, білесің бе? Әуелі той қылғанда, қара қалмақтың қызы Қарашаш сұлуды алдым деп той қылдың. Сен ақсүйек төре едің, ол қара еді, тұқымыңды аздырдың. Сұңқарды қарғаға айырбастан, оның несіне келейін?!- дейді. - Екінші той қылғанда, Жайық суының бойына дауыл өтпейтұғын, жауын өтпейтұғын үй салдырдым деп, той қылдың. Ол үйіңді кім салды: кәуір салды. Күнінде өзі салған үйді өзі алады. Сен Жайықтың бойына кәуір жиып, қала салдырмасаң, есіл осындай жерді орыс алар ма еді?! Мұсылманның қанша күн көріп, жан сақтайтұғын жерін кәуірге қалдырдың, оның несіне келейін?! Үшінші той қылғанда, неге қылдың? Құладыңға қу ілдірдім деп, той қылдың. Құладың құстың құлы еді де, қу құстың төресі еді. Оның кесірі: өзіңнің басыңды есігіңдегі құл алады, өзінмен кетпейді, тұқым-тұқымыңа кетеді. Заманның ақыры кезінде сенің тұқымыңды қара қазақ биеші, түйеші қылады, оның несіне келейін?!- дейді.

Айтқанындай, Әз Жәнібектің сұлу тоқалымен бір байдың баласы үйір-шүйір болып, ханның бір құлына көп алтын сыйлап, сол құлы өлтірді. Тоғыз ұлдан тоқал ханды азғырып, балаларымен жау қылып,

оңаша алып шығып кеткен күнде Әз Жәнібек Асан қайғының не айтқанына басын шұлғығаннан басқа дәнеме демеді. Екеуі дос болысып, жалғыз жетім Жаналыны сұрап алып қалды дейді.

Асан қайғының жер туралы айтқандары

(екінші нұсқа)

Асан қайғы желмая мініп, желдіртін, Сарыарқаны аралап жүргендегі жерге айтқан сындары.

Ұзын Ертісті көргенде:

- Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным ашты деп жылап отырмас, сиырдың мүйізі, кеуірдің құлағы шығып тұрған жер екен. Күнінде баласы кеуірден жылайды-ау!- депті.

Шыңғыс тауын, Семей тауларын көргенде:

- Мына шіркіннің топырағы құтырған екен. Оған шыққан шөп құтырады, оны жеп семірген мал құтырады, оның етін жеп, сүтін ішкен адам құтырады. Қан үзілмейтін, кісі өлтіру, ұрыс-төбелес көп болатұғын жер екен!- депті.

Түндік өзенін көргенде:

- Он екі қазылық ой, Түндік; маңырап жатқан қой, Түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен!- деп, тастап кетуге қимай, үш қараған екен. Сонан «Үшқара»- атанған.

Қызылтау деген жерге келгенде:

- Тауы-тасы кеш болғанда, қой болып, ыңыранып жатады екен, тоқтысы қысыр қалмайтұғын жер екен!-депті.

Баянаула тауын көргенде:

- Ат ерін алуға жарамайтұғын жер екен, шіркінді жұрт қалай қоныс кылып отырған? Бір көрген кісі: «Кәпір-ай, сені желкемнің шұқыры көрсін!»- дейді екен. Бауырында бір қара тиген тұзы бар екен, тұзы ауыр екен. Бір күн түнеп кетемін деген бір жұма тоқтап қалады екен, тұзы жібермейді екен!

Ащы бойына келгенде, артына қарап:

- А, Баянаула, сенің қоныс болып тұрғаның мынау Ащының арқасы екен! Мал жазғытұрым бір жұма ащылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен, сонысы бір жылға татиды екен. Олай болмағанда, Баянаула қоныс болуға жарамайтұғын жер екен дейді,- депті.

Бөкенбай деген төбені көргенде:

- Ана Баянаула тауынан мына Бөкенбайдың қырық кез биіктігі бар екен! - депті. Осы күні жұрт Бөкенбайдың басына аң қуалап, атпен

шығып жүреді. «Аспанмен тілдескен Баянауладан қалай биік болады?»-деп, таңданып, жер өлшеп жүрген землемерлерден сұрағанда:

- Рас айтқан екен!- десті.

Шідерті деген өзенді көргенде:

- Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай арықтатып мінген ат бір айда майға бітетін жер екен! - деп. - Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтұғын жылқының қонысы екен!- депті.

Өлеңті өзенін көргенде, тоқтап ешнәрсе айтпай, өлеңдете берген екен.

- Неге үндемейсіз? - дегенде, аз тұрып:

- Мына шіркіннің шөбі көп, қоныс қылған елдің уайымы жоқ. Малы семіз, тайыншасы қысыр қалмайтұғын, ақ айраны ерте шығып, туған бала кеутамақ болып, тамақтан басқаны ойламайтұғын, тоқты-торым ұрлығы үзілмейтұғын, өтірік-өсегі көп болатұғын жер екен! Өлеңтінің суы- май, Шідертінің шөбі- май!- де[пті].

Ереймен тауын көргенде:

- Желдің жеті есігі бар екен. Қыс болса, жылқы тұрмас, жылқы тұрса, ішінде құлын тұрмас. Ораздың жайлауы, шиырлының қыстауы екен. Екі жағындағы ел бай болар да, тап ортасында- мұны қоныс қылған ел кедей болар. Бітісі жаман екен. Бірімен-бірі едірейісіп- төбелесетұғын кісідей едіреюің, панасы жоқ, дала сықылды тау екен! - депті.

Сілетіден өтіп, Жалаңаштың тұзына барғанда:

- Аттың төбеліндей, Жалаңаш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? - деген екен. - Айналаң аз, онан басқа табылмайтұғын жер екенсің дейді, - депті.

Есіл деген өзендікөргенде:

- Жары менен суының, жарлысы мен байы тең болатұғын жер екен,- депті.

Нұраның бойын көргенде:

- Алты күнде ат семіртіп мінетұғын жер екен,- депті.

Қарақұйын, Қашырлыны көргенде:

- Жылқының жалы менен құйрығы төгіліп тұрған жер екен. Бауырында бір жұтқыш айдаһары бар екен! Онан басқа жылқы үзілмейтұғын жер екен!- депті. - Бір зор теңізі бар: боран болса, оған киліккен жылқықайда кеткенін жан білмейді.

Торғай өзенін:

- Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен!- депті.

Терісакқан деген өзенді көргенде:

- Сарыарқаның тұздығы екен!- депті.

Жетіқоңырды көргенде:

- Сарыарканың мәуіті екен!- депті.

Шу деген өзенді көргенде:

- Мына шіркіннің екі жағы бор бас екен, өне бойы нар қамыс екен, іші толған жолбарыс екен. Баланың іші қуырылмайтұғын, пышағы суырылмайтұғын, еркегі ат болатұғын, ұрғашысы жат болатұғын жер екен! -депті.

Қаратауды көргенде:

- Көкектен басқа құсы жоқ, көк шөпті жұлғаннан басқа ісі жоқ, аты бестісінде қартайтұғын, жігіті жиырмасында қартайтұғын жер азғыны да мұнда екен. Ел азғыны да мұнда екен!- деген.

Шымкент, Сайрамды көргенде:

- Екі басса, бір базар: малында береке болмайтұғын; екі басса, бір мазар: басында береке болмайтұғын, «Базары жақын байымас, мазары жақын көбеймес!»- деген екен.

Ұзын аққан Сыр бойын көргенде:

- Басы байпақ, аяғы қайқақ: екі-ақ ауылға қоныс екен, өн бойы кедейлікке біткен жер екен! Қаратауды жайласа, Сырдың бойын қыстаса, қоныс болуға сонда дұрыс екен!- депті.

Сулы Келес, Құры Келесті көргенде:

- Мөңіреуін, сиыр болып мөңіреуін! Сиыр тұқымы үзілмейтұғын жер екен,- депті.

Одан әрі Жиделібайсынға шейін жүре берген екен деседі. «Сарыарқаны орыс алады, күндердің күнінде молам орыстың атының аяғының астында қалады!-деп, орыс бармайтұғын жерге барамын», - деп, қойға қошқар қоймай, жылқыға айғыр салмай, түйеге бура шөгермей, сиырды бұқасыз сақтап, малды үш жыл ту қылып алып, ауған екен.

Асан қайғының мұны

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып, жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тамам болар.

О күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан-күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлық-қызың орысқа бодан болып,
Қайран есіл ел-жұртым сонда не етер?!

Жиренше шешен

(бірінші нұсқа)

Әкесі ертерек өліп, жетім қалған бала екен. Өз Жәнібек хан бір жақтан келе жатса, бір жас бала жаяу мал өрісі жерде жүр екен. Айнала тұра қалып:

- Шырағым, елсіз жерде не қылып жүрсің?- деп еді.

- Бір жалғыз түйем бар еді. Сонан айрылып қалып, соны қарап жүрмін,- дейді.

- Түйенді тұсап койсаң болмай ма?- дейді.

-Түйемнің тұсауы өліп қалған еді,- дейді. («Тұсап кой түйенді»- деп айтатұғын әкем өліп қалып еді»- деген сөзі екен.»Мәшһүр-Жүсіп).

- Балам, біз қай үйге қонайық?- дейді.

- Бір кой жесеңіз, қай үй де болса берер, екі кой жесең, біздікіне қон, - дейді.

- Мырза бала екен ғой, осыныкіне қонайық,- деп, үйіне келіп түсе қалды дейді.

Бір буаз саулықты жетектеп келіп, бала:

- Иллаһи-амин,- дегенде,

- Шырағым, бойдағы жоқ па еді?- депті.

- Мана далада айтпап па едім жоғын. «Бойдақ кой жеймін десең, қай үйден табылады. Екі кой жеймін десең, біздікіне қон», - дегенім. Буаз кой сойғызам десең, онда бізге қонасыз», - дегенім емес пе еді? - дейді.

Баланың жауабына қайран қалып, тамаша қылысты дейді.

Сол замандарда Өз Жәнібек хан қырық уәзірін жиып:

- Маған өтірік пен шынның арасы неменен айрылады? Соны тауып беріп, қалағандарынды алыңдар. Болмаса, бастарыңды аламын, қырық күн мәулет бердім,- депті.

Сонда ешкім керек қылмай: «Әңгіме естимін!» - деп, Жиренше де өз бетімен барған екен. Уәзірлер тарқасып кетіп, қырық күн ойлап, дәнеме таба алмапты. Қыркыншы күн болғанда, хан жинап алып:

- Өтірік пен шынның арасы неменен айрылатұғындығын таптыңдар ма? - дегенде,

- Жоқ, тақсыр, таба алмадық,- десті.

Хан:

- Бастарыңды алдырамын, - деп, қаһарланған шақта, Жиренше шешен айтыпты:

- Анау күні хан хандығымен бас-басына бір күннен- қырқына қырық күннен мәулет берді гой. Енді өздерің тіленіп, ер басына қырық күннен мәулет алсаңдаршы! Согоан шейін бірің болмаса, бірің табарсыңдар,- дейді.

Хан:

- Жарайды, бұл баланың сөзі де дұрыс көрінеді.- Менің мақсатым сендерді өлтіру емес, сынау. «Ханда қырық кісінің ақылы болады»- дейді. Сендер ақылды болсаң, сонда әрқайсыңнан бір ақыл алған соң, менде қырық кісінің ақылы болатұғын себебі сонымен-дағы. Сендердің бірде - біріңде ақылдан шайнам дәнеме жоқ болса, менде ақыл қайдан болсын?! Табыңдар осыны, ер басына қырық күннен мәулет бердім,- деп, тарқатып жіберді дейді.

Ханның алдынан шыққан соң, он екі жаста жас бала Жириенше:

- Осы сөзді біреу болмаса, біреу білуші болар. Соны іздеп табамын,- деп, жаяу жалғыз елден-елді кезді дейді. Қаңғып келе жатып, бір қорғаны бар шаһарға келді дейді. Намаздыгерден төмен, намазшамнан жоғары даруазасынан кіріп келе жатса, даруазаның есігі темір, қаракөк ат мінген, дулыға, сауыт, шарайна, белдік киген, ер қаруы- бес қаруды асынып, найзасын жерге шаншып, біреу тұр екен. Даруазадан кірген-шыққан,- бәрі сәлем беріп өтеді екен. Жириенше сәлем бермей, мойнын бұрмай, керек қылмай өте берді дейді. Сонда найзасын жерге тіреніп, ат үстінде шіреніп, ширатылып сөйлейді дейді:

- Сенен басқа осы даруазадан кірген-шыққан жан сәлем бермей өтпеуші еді. Сәлем неге бермей, мойныңды неге бұрмай барасың?- дейді.

- Біріміз атты, біріміз жаяу, сәлеміміз келісе ме?- дейді.

- Бұл шаһардың жөнін бұрын көріп-білмеген жан екенсің. Кел, артыма мінгес, біздікіне мейман бол,- дейді.

- Ер тоқымды аттың алдын бізге, артын сендерге құдай бұйрық қылған еді. «Ат иесі алдына мінеді», - деген сөз бар еді. Жұртыңды көрсет, жаяу-ақ барайын!-дейді.

Ол- атты, бұл- жаяу: үйіне ертіп келді, мейманханасына кіргізді. Өзі үйіне барып түсті. Мейманхана кірген кісі шыққысыз, жалғанның бейішіндей үй екен. Маржандай тізілген жаңа өспірім қыздар пар-парымен неше түрлі тамақ, қонақ жабдықтарын даярлап, тіке тұрып күтті. Ас жеп болған соң, қаракөк аттың үстіндегі мырза келіп:

- Қонағым, әңгіме айт!- дейді.

- Біріміз- бүтін, біріміз- жарты: әңгімеміз келісе ме?- дейді.

Отыра алмай ұялып, шығып кетті дейді. Сөйтсе, өзі қыз екен, сол шаһардың патшасының қызы екен. Атасынан рұқсат алған екен.

«Еркек киімін киініп, даруазаның алдында тұрып, келген-кеткенді сынаймын, сыныма келген жанға тиемін!» - деп. Жолаушы- жобаушының бәрі мұның әйел екенін білмей, иіліп, сәлем беріп өтеді екен. Жиренше көрген жерден атқа отырысынан әйел екенін біле қойып: «Біріміз-атты, біріміз- жаяу»- дегені- «Біріміз-еркек, біріміз-ұрғашы, қалай сәлем берісеміз?»- дегені екен. Өзінің әйел екенін әбден танығанын: «Біріміз- бүгін, біріміз- жарты», - деген сөзінен біліп, ұялып, тұра жөнелген себебі сол екен. Атасына кісі салдырды дейді: «Менен білімі асқан кісі кез келді. Мені осыған берсін!»- деп.

Атасы хош көріп, қабыл алып, жорға бие сойып, жоғарғы елді шақырып; ту бие сойып, төменгі елді шақырып; үлкен зор тамаша той кылып, қызын Жиренше шешенге некахлап қосты дейді.

Жиреншенің жақсы, аяулы, данышпан қағыны осы екен. Екеуі бір-біріне қосылып, құрмашаны сындырып, көңілдерін тындырып, ұйқылары ашылған соң, мауқы әбден басылған соң, Жиренше шешен:

- Мен қайтамын,- дейді.

- Қалыңдықсыз қайда қайтасыз? Әкемнің менен басқа ұлы да жоқ, қызы да жоқ. Әкем өлген соң, осы дәулетке кім ие болады? Енді не іздейсің? «Есіктен табылса, төрге озба», - деген бар емес пе еді?»- дейді.

- Жоқ, қайтатұғынымның мәнісі бар. Әз Жәнібек деген ханымыз қырық уәзіріне: «Өтірік пен шынның арасын айырындар!»- деп, қысым кылып еді. Соны солар таба алмай, қанша күнге мәулет алысып еді. Мен соны білуші болар ма екен деп, іздеп шыққан жұмысым сол еді. Үйден шыққанда, ойлап шыққан жұмысымды аяқтамай тұрып қалсам, бұқа қарап жүріп, жасауылға тұрғанның құтты өзі болғаным ғой. Онан соң менің адамшылығым болмайды ғой,- дейді.

Онда қалыңдығы айтты:

- Болмашы нәрсенің өзі керек кылып іздеушіге әлдеқандай қиындап кетеді екен-ау! «Өтірік пен шынның арасы бір-ақ тұтам жер емес пе? Бұрынғылар айтпаушы ма еді: «Өтіріктің түбі- бір-ақ тұтам», - деп. Оның мәнісі: көзбен көрген шын емес пе, құлақпен естіген өтірік емес пе? Құлақ пен көздің арасы бір-ақ тұтам жер емес пе? Өтірік пен шынның айырмасы осы емес пе? «Көзбен көрген-анық, құлақ естіген- танық»- демеді ме? - дейді.

- Бәрекелді! Іздеген жоғым табылды. Енді мен мұны барып, Әз Жәнібекке есіттірмесем, қырық уәзірін жок жерде өлтіріп тастайды ғой. Солардың ажалына ара тұрсам, тіршілігімнен зор пайда тапқаным ғой! - деп, жүруге ыңғайланғанын білген соң, қыз атасына кісі салдырды:

- Жат жұрттыққа жаралған әйел, міне! Күйеуі ел-жұртына қайтамын дейді. Мені қалдырмасын, ұзатсын! - деп.

Атасы қызының айтқанын ізетті көріп, алтынмен аптап, күміспен күптеп, ұзатты дейді. Қырық уәзірін қосыпты. Қызымызды берген күйеудің жері қандай, суы қандай екен, алып барып салып, көріп келіңдер деп. Бұл ханның жұртынан былай ұзап шыққан соң, Жиренше шешен:

- Мен ілгері ұзап барып, ел-жұрттың аман-жаманын білейін,- деп, жалғыз жүріп кетіп, еліне келсе, Өз Жәнібек дәл сол күні қырық уәзірін жиып:

- Таптыңдар ма?!- деп сұрап, олар таба алмай, енді бәрін өлтіртейін деп тұрғанның үстіне тура келіп:

- Тақсыр, бұларды өлтірмейтұғын болсаңыз, керек қылған сөзіңізді айтып берейін!- деп, қалыңдығынан үйренген сөзді бастан аяқ түсіріп айтқан соң, хан риза (ырза) болып:

- Маған уәзір болуға сен лайық екенсің!- деп, өзінен соңғы бір деген бас уәзір сайлап, алтын жабдық арғымақ ат, қалы кілем, қара нар, қамқа тон- тоғыз қылып сый беріпті дейді.

- Тақсыр, ғырза!- дейді.

- Айт!- дейді.

- Мен сондай жат жұртқа барып, құдайдың бұйрығы болып, бір ханның қызын алып қайтып едім. Қырық уәзірін қосып еді: «Алып барып, салып қайтыңдар!»- деп. Олар жолда көшіп келе жатыр, мен сізді көрейін деп ұзап келіп едім. Не ойменен қосқанын кім біледі? Дослықпен қосқан болса, жолынан қалдырмайық. Дұшпандықпен қосқан болса, сыр алдырмайық. Соларды орта жолдан қайырып жіберсек екен!- деген соң, Өз Жәнібек хан мұнысын ұнатып, қырық уәзірін қосты:

- Қазынадан қырық ат, қырық шапан алып барып, мұның қонақтарын жөнелтісіп келіңдер!- деп.

Жиренше қырық уәзірмен алдынан барып, ханның берген ат, тон, тарту, таралғыларын оларға сый қылып, орта жолдан қайырып жіберген соң, олар да ырза болып, қайтысты дейді. «Бәрекелді, бала теңіне қосылған екен. Күйеуіміз ханның өзінен соңғы бір деген уәзірі екен. Түзде мынадай қылып жөнелтті, үйіне барсақ, мұнан да көп сый-құрмет көретұғын едік», - десіп[ті]. Қайдан білсін: Жиреншенің екі кісі бас паналап отыратұғын үйі жоқ екенін, екі қанат ит арқаның кигіз түгіл бүтін шиі жоқ екенін?! Міне, жігіттер, бір ауыз сөздің түбін, төркінін білемін деп іздегендіктен, қалыңсыз бір ханның қызын алды. Өз ханының сату-сыз, пұлсыз уәзірлігін алды. «Жігіттікте жаннан кеш те, іс қыл: өлесің, өлмесең, кісі боласың!»- деп, бұрынғының айтқаны - осы!

Әз Жәнібектің қырық уәзірі: «Жи́реншенің қатыны сізге лайықты кісі екен. Дүниеде көрмеген әйеліміз екен!»-деп, ханға мақтап, өсіріп сөйлеп келді дейді. Жи́реншені көре алмай күндегендіктен, ханмен арасын ашы қылуға, өздерін өлімнен алып қалғандығы ойда да жоқ. Бұрынғылардың айтқаны бар емес пе: «Жаманға жақсылық қылсаң, атыңды ерттеп даярлап қойып, сонан соң, жақсылық қыл, неге десең, жаманға қылған жақсылығың өзіңе үлкен залал болады. Пәледен басы босанып алған соң, сол жаман өзіңнің соңына түседі. Сонан қашып құтылу үшін күні бұрын күтін. Күтінбесең, ақыры бір күн көтіңнен шығар түтін!»- демеп пе еді? Әз Жәнібектің есі ауып, ойы бүлінді дейді. Сонда бір күн ханның қаз алатұғын лашын дейтұғын құсы қашты. Жанындағы жүрген жігіт- желең адасып қалып, айрылып қалды дейді. Бірнеше күн өткен соң естіді. Құс барып Жи́реншенің үйінің төбесіне қонып, қатын ұстап алып, асырап, сақтап, түлетіп, желпінтіп қойған екен. Хан естіп, өзі барды дейді. Жи́ренше үйде жоқ екен. Қатын бүркеніп шығып, құсты алып берді дейді. Қараса: құсқа жарастықты томаға тігіп кигізген екен, биялай тігіп, балақ бауын, ұзын бауын ұксатып, жарастырып қойған екен. Бұрын томағаны, биялайды бұл жұртта көрген, білген жан жоқ екен. Жәндерімен ұстап, уықтың бауын жұмсақ жүн ғой деп, құстың аяғына соны жағып: ұшқанда, онысы бір құлаш болып шұбалып, аяғында жүреді екен. Хан тамаша қылып, құсына қарарын да білмеді, қатынға қарарын да білмеді. Аттан қисайып, ауып түсе жаздап барып оналды.

- Біз бүгін осында қонармыз, реті келсе,- дейді.

-Таксыр, үйде еркек жоғын өзіңіз көріп тұрсыз. Алда-жалда еркек жоқ-та болса, қонамын десеңіз, біраз күнді араға салып, бір айналып келіңіз. Кір-мір болса жуып, қонақ жабдығын даярлайын. Және жігіт- желеңмен келмеңіз, көп қонақты күтуге мұршам келмейді, өз басыңыз ғана болмаса!- дейді.

Хан да:

- Жарайды!- деп: «Оңаша келіңіз»- дегенінен дәмелі болып, көңілі өсіп қайта берді. Бірнеше күн өткен соң, хан келді. Қатын ұшып тұрып, алдынан шығып, қолтығынан сүйеп түсіріп, қолынан ұстап, үйге кіргізіп, бір дүниелігін жайнатып, ханның зығырланын қайнатып қойған екен. Көрпе жаюлы, төсек даяр салулы, шымылдық құрулы. Ханды отырғызып қойып, қатын тамақ жабдығына айланды. Хан жалғыз өзі отырып, оған- бұған көз салса, қатынның нәрсесінің бәрі кестелеулі. Кесте тіккенде: «Сен біреудің есігін қолмен қақсаң, өз есігінді біреу аяғымен тебер!»- депті. Жастықта, көрпеді, шымылдықта, орамал, дастарқанда- бәрінде де кестемен тіккен осы сөз дейді. Хан бұл сөзге түсе де қоймай, түссе

де, бой салмай, есі-дерті қатынның етегінде болып отыра берді дейді. Қатын палау басып, әр түрлі ыдысқа салып, алып келін, ханның алдына қойды дейді. Хан бұрын палау жеп көрмеген болса керек. Әр ыдыста болған соң, басқа-басқа тамақ қой деп, әрқайсысынан бір алып татса керек. Бәрінің дәмі бірдей болған соң, таң-тамаша, қайран-асыр қалды дейді. Қатын айтты дейді:

- Тақсыр, ыдыстың басқалығы болмаса, бәрі бір тамақ дейді,- дейді.

Ханмен отырып, әзілі жарасқан соң:

- Тақсыр, сабын айныса, не түзейді?- дейді.

Хан:

- Май түзейді-дағы,- дейді.

- Май айныса, не түзейді екен?- дейді.

Хан:

- Тұз түзейді-дағы,- дейді.

- Халық айныса, не түзейді екен?

Хан:

- Халық айныса, хан түзейді-дағы,- дейді.

- Хан айныса, кім түзейді?- дейді.

Хан дәнеме дей алмады, ұялғаннан терледі дейді. Ләм-мим деп дәнеме айтуға шамасы келе алмады, қолындағы жүзігін қатынға сыйлап, түн ішінде қайтып кетіпті.

Бұл қатынның хикаясы ұшы жоқ ұзын, түбі жоқ терең, таусылмайды. Сонда да бір қысқарағын әңгіме қылып айтайық. Жиренше шешен бір күн бір жақтан келе жатса, бір бөтен көрмеген жұрттың кісісі кез болды. Мұрны біздей(бөздей), көзі тұздай, беті қырдай суық екен. Келемеждеп кету үшін:

- Ей, сен қай жұрттың сұмпайысың, көзің тұздай, мұрның біздей, бетің қырдай?- дейді.

Онда ол айтты:

-Көзім тұздай болса, тұзсыз астың дәмі бола ма? Мұрным біздей болса, бізбен тігіп, дүние жұмыстың бәрін бітіреді. Бетім қырдай болса, қырға шықса, кімнің көңілі көтерілмейді? Бар тауып айтқан сөзің осы болса, адырам қалайын!- деп, аузын осыртып, өте берді дейді.

Жиренше дәнеме дей алмай, ұялып қалды. Түсі жап-жаман болып, үйіне кіріп келді. Қатыны ұшып тұра келіп, күйеуін шешіндіріп:

- Шешен, немене біреудің тілі тиді ме? Біреудің үні тиді ме? Түсіңіз неменеден қашып келді?- дейді.

Шешен көргенін, естігенін, өзінің не дегенін, онда оның не дегенін,- бәрін айтты. Қатын айтты:

- Уай, ол орыстың жансызы екен, өзі әйел екен. «Тұзсыз астың дәмі бола ма?»- дегені- «Әйелсіз еркектің күні бар ма?!»- дегені. «Біз біткен дүниені бітіреді»- дегені- «Ұрғашы жұмыстың бәрін орнына келтіреді»,- дегені. «Қырға шықса, кімнің көңілі көтерілмейді»,- дегені- «Әйелдің үстіне шыққан кісінің қыр басына шыққан есепті көңілі көтеріледі»,- дегені. Аузын осыртқаны: «Еркектің қайраты қолында, әйелдікі аузында болады!» - дегені. Бар қылған қайраты сол болғаны. Осы күні Әз Жәнібек ханыңызға барып, аузын ашырмай, екі аяғын бір етікке тыққандай, заманын бір уыс қылып отырған шығар. Жылдам бара гөр! Орыстың әйелі штан кимейді деген. Кіріп барған жерден: «Манағыдан отырмысың, көтінді ашайын ба?»- де. Сасқанынан сөзге келмей, ұшып тұра келер дейді. Жиренше шешен Әз Жәнібектің ордасына кіріп барса, қатынының айтқанындай: ханды сөзден ұтып, апшысын қуырып, замананы бір уыс қылып отыр екен. Есіктен кіріп барғанда, шешенге жалт қарағанда:

- Манағымысың, әлі мұнда отыр ма едің, көтінді ашайын ба?- дегенде, ұшып тұра келді дейді.

- Бұл жұрттың ақылы ханда екен. Хан ақылы қарашасында екен. Қарашының ақылы қатынында екен. Болмас, болмас!- деп, артына қарауға мұршасы болмай, жүре берді дейді.

Бұ жалған дүниеде мұндай данышпан қатын Жиреншеден басқаның қолына көп түсе қойған жоқ шығар. «Ердің атын қатын шығарады»- деген қатындар осы.

Жиренше өзі бір жаққа жолаушы кеткенде, осы қатыны өліпті. Сонда Жиренше әуелі ханға келіп жолығып отырғанда, хан есіттіргенде, былайша есітгіріпті:

- Әкесі өлсе, қайтеді, шешенім?!- депті.
- Асқар тауы құлағаны есепті- дағы,- депті.
- Анасы өлсе, қайтеді, шешенім?!- депті.
- Ағар бұлағы суалған есепті-дағы,- депті.
- Ағасы өлсе, қайтеді, шешенім?!- депті.
- Оң қанаты қайырылған есепті-дағы,- депті.
- Інісі өлсе, қайтеді, шешенім?- депті.
- Сол қанаты майырылған есепті-дағы- депті.

- Апа-қарындасы өлсе, қайтеді, шешенім?!- депті.
- Ұзын өрісі қысқарған есепті-дағы,- депті.
-Қатыны өлсе, қайтеді, шешенім?!- дегенде,
Жиренше шешен қамшысын екі бүктеп, шарт жүгініп, қамшысына сүйеніп отыр екен, қамшысының сабы шарт етіп үзіліп кетті дейді.
- Уай, менің қатыным өлген екен ғой!- депті.
«Қатын өлді, қамшының сабы сынды»,- деген сонан қалған екен.
Егер қамшысы сынып кетпегенде, «Қатыны өлсе, халманы бұзылды-дағы», - дейін деп отыр екен.

Мұнан соң бір нашардың қызын алған, оны да сынап алған. Әкесі мен шешесі тіленшілік қылатұғын қара қасқа кедей екен. «Қара қасқа» демектің мәнісі- маңдайында дүниеліктен дәнеме жоқ дегенге келеді.

Соның он екі жасар жалғыз қызы бар екен. Қыз үйінде жалғыз отырғанда:

- Әке-шешен қайда кетті? - дегенде,
- Алақандай бетін жұдырықтай нанға сатқалы кетті, - дейді.
- Жуырда келе ме? - дейді.
- Қайдан келсін! «Толмасты толтырамын, тоймасты тойғызамын, тірі болып кіріп, өлі болып шығамын?!- деп кетті, - дейді.
- Жуырда толмайтын алып кеткен ыдыстары үлкен бе еді? - дейді.
- Жок, ағатай! Екеу ара үш ыдыстары бар еді. Бірі тырнақтың көлеміндей, бірі шұрқылтайдың ұясындай. Бірінің жергілік те түбі жок еді,- дейді.

«Тырнақтың көлеміндей»,- деп, көздерін айтқан екен. Көз өмірінде қанша нәрсені көрсе де, көруге тоя ма? Бір топырақтан басқаға тола ма? «Шұрқылтайдың ұясындай»,- деп, жұтқын тамақты айтқан екен. «Түбі жок»,- деп, жергілік те қанағат жоқтығын айтқан екен.

- Әке-шешен жуырда келмейтұғын болса, үш ауыз сөз сұрайын: ауырда не ауыр, қаттыда не қатты, тәттіде не тәтті?- дейді.

Онда қыз айтты:

- Ауырда- жылқы ауыр, қаттыда- кәріпшілік (ғаріпшілік) қатты, тәттіде- ерлі- байлы кісінің татулығы тәтті, - дейді.

- Жылқының ауырын қайдан білдің?- дейді.

- Ханның жүз қаралы түйесі біздің үйдің сыртынан өріске қарай жайылуға шығады. Жалғызының тықыры естілмейді. Кешке таман қысырдың тайымен бір бала жиғанда, желіп шапқандағы дүбірі жер

жарып жібергендей естіледі. Жылқы ауыр-ау деп сонан ойлаймын,- дейді.

- Қаттыда кәріпшіліктің қатты екенін қайдан білесің?- дейді.

- Әкем мен шешем кешке таман үйге келгенде, арта алмай, тарта алмай, қойны-қонышы олжаға толып, өздері әбден көңілдегілеріндей болып келеді. Сонда да масайрап қуанып, бір жарқылдап күлмейді. «Кісіден тіленіп барғаның құрысын, бүйтіп дүние жиып алғаның құрысын!»- деп, -Ууе! – дегенде, жүрегі қарс айрылып, еңіргенде, етегі толады». «Кәріпшілік, шіркін, қатты екен-ау»-деп, сонан ойлаймын.

- Тәттіде- ерлі-байлы кісінің татулығы тәтті екенін қайдан білесің?- дейді.

- Әкем мен шешем төсекке жатқанда, екеуі мені ортасына алып жатады. Ертең тұра келгенде, мен бір жақтан тұра келемін, екеуі бір жақтан тұра келеді. Ерлі-байлы кісінің арасының тәтті екендігін сол жерден ойлаймын, - дейді.

Ақырында осы қызды Жиренше және алды. Не қылса да, «ат мінсе, ауынан»-деп, қатынға қарағанда, Жиренше бақытты кісі болды. Сұлуға құмар болғанда, Әз Жәнібек құмар болды. Оның өлімі ұрғашының сұлулығынан болды.

Жиренше шешен

(екінші нұсқа)

- Жок, қайтатұғынымның мәнісі бар. Әз Жәнібек деген ханымыз қырық жігітіне: «Өтірік пен шынның арасын айырып беріңдер!»-деп, қысым қылып:

- Таба алмасандар,басыңды аламын!- деп, солар соны таба алмай, қанша күн мәулет алып: «Біреу болмаса, біреу білер!»- деп, мен соны ізлеп шығып едім!- дейді.

Сонда қыз айтты:

- Іздесең, не болса,сол сөз бола береді екен!- дейді. -Бокқарын жасық ұлға тұрғаным болмай ма?- дейді.

- Сонан соң менің тіршілігімнен пайда болмайды ғой!- дейді.

Сонда қалыңдығы айтты:

- Болымсыз нәрсе іздеушіге әлдеқандай болад!- деген. «Өтірік пен шын арасы бір-ақ тұтам жер» емес пе? Оның мәнісі: көзбен көрген рас, құлақпен естіген өтірік емес пе? Құлақ пен көз арасы бір-ақ тұтам емес пе? Өтірік, шын айырмасы осы- дейді. «Көзбен көрген- анық, құлақ естіген- танық» емес пе?

- Бәрекедді! Издеген жоғым табылды. Енді мен барып, Өз Жәнібек ханға мұны естірмесем болмайды, қырық жігітті текке өлтірін тастайды ғой. Солардың ажалына ара түссем, тірліктен зор пайда тапсам керек!- деп, жүруге ыңғайланғанын, қайтатынын білген соң, қыз атасына кісі салдырды:

- Аллатағала бізді жат жұрттыққа жаратқан. Мына күйеу қайтамын дейді. Енді атам мені сонан қалдырмасын,- деп.

Атасы естіген соң, «Қызының ері қалыбын қыламын!»- деп, алтынмен аптап, күміспен күптеп, қырық қара нарға қазына артып, күн, құл жұмсап:

- Елің, бәрің көріп біліңдер!- деп, қырық жігіт қосып.- Алып барып салыңдар!- деп, жөнелтті, - дейді.

Сонан сонша күн жол жүріп, Жиренше келе жатқан кісілерінен озамын деп, рұқсат алып жөнеледі. Сонан жүргеннен жүріп, озып келсе, дәл сол күні елін жиып, қырық жігітті:

- Таптыңдар ма?- деп, бір-бірлеп тексеріп жатқан үстіне кез келіпті. Қырық жігіттің бірде-бірі таба алмай: «Енді өлеміз!»- деп, жылап тұрған үстіне жетіп келіп:

- Ассалаумағалейкум, хан ие, дат!- деді.

- Арызыңа рұқсат!- дегендегі Жиренше сөзі:

- Иа, тақсыр, қырық жігітіңізді, басқа кісі тапсам, өлімнен құтқарасыз ба? Өздері таба алмаса, өлім бұйырасыз ба?- дегенде, сонда хан жарлығын есіттірді:

- Осы жиылған жамағат, кімде-кім айтса да, өлім жоқ!- деді. Сонда Жиренше сөйледі:

- Құлақпен естіген өтірік емес пе? Көзбен көрген рас емес пе?! Екеуінің арасы бір-ақ тұтам жер емес пе?- дейді.

Сонда жұртын тарқатып, қырық жігітті өлімнен босатып, Жиреншеге- тапқанына риза болып, сый беріп:- Қырық уәзірінің бас уәзірі, менен соңғы сен бол!- дейді.

Алтыннан ертоқым, қара нар, қалы кілем және басына тәж, беліне кемер (кәмір) белбеу буындырды дейді. Болған соң:

- Тақсыр, арызым бар!- дейді.

Хан:

- Айт!- дейді.

- Мен бір жат жұртқа барып, Құдайдың бұйрығы болып, бір хан қызын алып қайттым. Хан жұртын жиып, қызын бізге ұзатты: Күнді, құл мен қырық жігітпен. Қырық жігітті: «Ел-жұртын, жер-суын» көріп, біл!- деп. - Сондай жайымыз, не айтасыз?- дейді.

Сонда хан қырық уәзірді шақырып алып айтты:

- Сіздер қазынаға барыңдар!- дейді.- Мына Жиреншенің жұмысына жәрдем қылып,қазынадан қырық ат, қырық шапан алып, алдынан барып мұнда келтірмей, сыйытын беріп қайырыңдар!- дейді. - Айтқан соң қырық ат, қырық шапанын алып, алдынан шығып киігісін беріп, жолдан қайыр! – дейді.

Олар тартуларын алған соң,сыйын көрген соң:

- Бәрекелді, ханымыздың қызы өз теңіне қосылған екен. Күйеуіміз ханның өзінен соңғы уәзірі екен!- дейді.

Қайдан білсіп, Жиренше басына тігер үйінің жоғын, екі қанат күркенің шиі жоғын. Қалай кісімен таласпан дегенменен жігіттер бір ауыз сөз түйінін шешкеннен, Алла тағала қанша дәрежеге жеткізді де. «Жер таны желіп жүріп», «Жаныңнан кеш те, іс қыл, // Өлсең, өлесің; өлмесең, кісі боларсың!»- дейді. Бұрынғының айтқаны осы дейді.

Өз Жәнібектің қырық уәзірі:

- Жиреншенің қатыны сізге лайықты кісі екен!- дейді.- Дүниеде көрмеген әйеліміз екен!- дейді. Ханға мақтады, Жиреншені көре алмай күндеді дейді. Өздерін өлімнен айырып алғаны ойында жоқ.

Бұрынғылар айтқан екен: «Жаманға жақсылық қылсаң, атынды ерттеп, даярлап қойып қыл!»- деген.-Сонан соң қыл! – дейді.- Өзіңе нұқсан залал болады екен. Өлімнен басын босатқан соң, сонда оза түсіп (ұнатысып):«Жаманнан күні бұрын күтінбесең, ақыр бір күн шығар көтіңнен» -демеп пе еді!

Естіген соң, Өз Жәнібектің есі өлді, ойын бөлді дейді. Сонан соң бір күн қаз алатын лашыны бар екен. Соны қазға салып, сол құсы қашып, таба алмай қанша қарап,үйіне келіп қапаланып жатты дейді. Арада бір күн өткен соң, хабар естиді дейді:

- Сіздің құсыңыз Жиреншенің үйінің үстінде отыр!- дегенін естиді.

Қатын ұстап алып, көрсе, аяғында он үзбе басы, баланың басы. Басына томаға... құсты түрлендіріп қойды да, Өз Жәнібек хан естіп, хан қалыбымен баяғы сөз есінде болып, аргымағын ерттетіп, тәж кемерін буынып,патшалық салтанатымен Жиреншенің үйіне [келді]. Сонда қатын үйінен шығып, ханның атының басын ұстап, қолтығынан сүйеп түсірін, атты байлап, үйіне кіргізді дейді. Отырған соң, құсты қолына алып көрсе, басында томаға, аяғында балақ бау тағып, бұрынғы жұмсақ қып, уықтың ала бауын тағып,құлаштай жібімен салады екен. Томаға ондай нәрселерді білмейді екен. Аяғын құсқа жібергенде, сонымен жібереді екен. Құс алғанда, сонымен алып, аяғына шырматылып оралып жүреді екен. Құсты көрген соң, құсқа қарауын, ой, ғам қатынға қарауын білмей отыр дейді. Және қолға қолымен бірдей, тұяғы өтпейтін құлынның жүн терісінен биялай тігіп,қолмен бірдей қылып, балақбау, томаға, биалай- бұлардан

еш нәрсе білмейді екен. Салпаңмен шалып жүреді екен. Бұларды көрін, қолға тиіп, есі ауып отырды дейді:

– Тақсыр, үйде кісі жоқ: «Қонақ бол!» – деуге, өзіңіз білесіз.

Хан үндемеді, қатын біліп:

– Біраз күннен соң келіп, біздікіне өзіңіз оңаша келіп, қонақ болыңыз! – дейді.

Сонда хан:

– Жарайды! – дейді.

– Біз оған шейін қонақ жабдығын даярлап, соған шейін әзірленіп тұрайық! – дейді. – Және жігіт-желеңмен келменіз, көп қонақ күтуге жайымыз болмайды дейді. Өз басыңыз болса, жарар – деп.

«Жалғыз кел» – дегенінен үмітлі болып, көңілі өсіп, қайта берді.

Бірнеше күн өткен соң, хан Жиреншенікіне қонаққа келді. Келгенін білді де, қатын үйден шығып, қолтығынан көтеріп түсірді де, үйіне кіргізді дейді. Бар дүниесін жайнатып қойған екен, ханның зығырларын қайнатып қойған екен. Көрпе жаюлы, төсек салулы даяр, шымылдық құрулы. Ханды отырғызып, тамақ жабдығын қылып, хан жалғыз отырып, оған-бұған көз салса, қатынның жабдығы бәрінде: кесте, жастық, көрпе, орамал, дастарқан, шымылдық, кесе, есік[те]: «Қолмен қақсаң, ұрасың да, біреу аяғыменен тебер – деген. Бәрі де сынмен тіккен кесте!» – дейді.

Хан бұл сөзге түссе де, айтпаса да, етегінде болып көңілі отыра берді дейді.

Қатын палау басып, әр түрлі ыдысқа салып алып келіп, ханның алдына қойды да, дастарқанын жайып, хан бұрын палау жеген жоқ екен. Әр ыдыста болған асты: «Басқа-басқа тамақ қой», – деп ойлайды.

Әр ыдысқа салып, ханның алдына қойды да, сонда әрқайсысынан бір-бір татса, ләззат бір. «Бұ қалай?» – хан тамаша қылды, айран (хайран) – асыр (асар) қалды.

Қатын айтты:

– Тақсыр, ыдыстың басқалығы болмаса, бәрі бір тамақ, – деді қатын. Өзілі жарасқан соң сөз сөйледі:

– Тақсыр, сабын айныса, кім түзейді? – дейді.

– Хан айтты:

– Май түзейді – деді.

– Екінші сөз: халық айныса, кім түзейді? – дейді.

– Хан түзейді – дейді.

– Үшінші сөз: хан айныса, кім түзейді? – дейді.

Хан дәнеме дей алмай, ұялғаннан, қолындағы жүзігін, терлеп-терлеп қолындағы алтын жүзікті қатын қолына салып, үйіне қайтты дейді де, «Қатын хикаясы – осы» – дейді.

Сонан бұлай бұл қатынның бір әңгімесін баян қылайық, қысқарағын айтқанмен таусылмайды дейді.

Бір күні Жириенше бір жақтан келе жатса, бір жаяу адам кез болды. Түріне қараса, мұрны біздей, көзі тұздай, беті қырдай сойқа (сұйық) екен. Келемеждеп кету үшін:

- Ай, сен қай жұрттың сұмпайысысың? Шыныңды айт!- дейді. Сонда Жириенше әлгі адамға айтты: - Мұрның біздей, көзің тұздай, бетің қырдай болып, қайда барасың?- дейді.

Сонда әлгі адам айтқан сөзі:

- Көзім тұздай болса, тұзсыз астың дәмі кірмейді де; мұрным біздей болса, бізсіз іс біте ме? Бетім қырдай болса, қырға шықпай, адамның көңілі көтеріле ме?- дейді. Бар айтқан сөз[ің] осы болса, адырам қалайын!- деп, аузын осыртып, жүре берді.

Жириенше дәнеме дей алмай, ұялып қалды. Үйіне келді. Қатыны ұшып тұра келіп, киімін шешіп:

- Шешен, неменеге ренжіп тұрсыз? Біреудің тілі тиді ме? Түсіңіз неге қашып тұр?- деді.

[Шешен] көргенін, естігенін, білгенін- бәрін бәйбішесіне тамам қып айтты дейді. - Ақырында айран-асыр қып, жөнеле берді,- дейді.

- Уай, ол орыстың жансызы екен де, өзі әйел екен!- дейді. - Әлгі адам,- дейді, - бәрін тамам айтты. Айтқанын бәрін... «Тұзсыз астың дәмі бола ма?»- дегені- «Еркексіз ұрғашының күні бола ма?»- дегені: «Жұмысын біз бітіреміз!»- дегені. «Қырға шықса, көңілі көтеріледі»- дегені- «Ұрғашының үстіне шыққан қыр басына шыққанмен бара-бар» - дегені. Ернін уасырғаны әйелсіз дәнеме бітпейді!- дейді. Аузын осыртқаны- еркектің қайраты- қолында, ұрғашының қайраты аузында- дегені екен. Ұрғашының бар қылғаны сол!- дейді. - Әз Жәнібек ханымызға тез барыңыз! Екі аяғын бір етікке тығып, аузын ашырмай, аяғын бастырмай отырған шығар. Жылдам бара гөр!

Әз Жәнібектің ордасына кіріп барса, қатыны айтқандай, ханды сөзден ұтып, апшысын қуырып, заманасын бір уыс қылып отыр екен. Есіктен кіріп барғанда, шешеннің бетіне жалт етіп қарады. Сонда Жириенше сөзі:

- Манағымысың, әлі мұнда отыр ма едің, мен сенің көтіңді ашайын!- деп ұмтылды.

- Қатынның айтқаны:

- Дүниеде хан ақылы қарашасында екен. Қарашаның ақылы қатында екен. Болмас, болмас! - деп, артына қарауға мұршасы болмай, жүре берді дейді.

Бұл жалған дүниеде мұндай данышпан қатын Жиреншеден басқаға кез болған жоқ шығар. «Ердің атын қатын шығарады»- деген қатындар осы.

Жиренше өзі бір жаққа жолаушы кетсе, өзі жоқта [қатыны] өліпті. Әуелі ханға келіп, сәлем беріп жолығады екен. Келіп отырғанда, хан есітпргені былайша дейді:

- Уа, шешенім, атасы өлсе, қайтеді екен?!- депті.

- Асқар тауы құлағаны есепті-дағы,- депті.

- Анасы өлсе, қайтеді екен, шешенім?!

- Ағар бұлағы құрыған есепті-дағы,- депті.

- Ағасы өлсе, қайтеді екен, шешенім?!

- Он қанатың қайрылған есепті- дағы,- депті.

- Інісі өлсе, қайтеді, шешенім?!- депті.

- Сол қанаты шайырылған есепті- дағы,- депті.

- Апа-қарындасы өлсе, қайтеді, шешенім?!

- Ұзын өрісі, кең тұсауы құрыған есепті десейші!- депті.

- Қатыны өлсе, қайтеді, шешенім?!- дегенде, Жиренше қамшысын бүктеп, қамшысына сүйеніп отыр екен. Қамшының сабы шарт етіп, екі үзіліп кетті дейді.

- Уай, менің қатыным өлген екен!- дейді. «Қатын өлді, қамшының сабы сынды»- деген сөз сол екен дейді. Егер қамшы сабы сынбаса: «Қатын олді, қалың бөз өлді-дейді екен»- дейді.

Жақсы қатын өлген соң, екінші қатын хикаясы тырұр.

Мұнан соң бір нашардың қызын сынап алған екен дейді. Әкесі мен шешесі тіленшілік қылады екен, «қара қасқа»- дейді екен- дейді. Оның мәнісі үйінде дүниеліктен дәнеме жоқ екен дейді. Он екі жасар жалғыз қызы бар екен дейді.

Қыз үйінде жалғыз отырғанда, Жиренше үйіне кіріп келді:

- Әке-шешен қайда?- дегенде,

- Толмасты толтырамын, тоймасты тойғызамын,- деп кетті дейді.

- Алақандай бетін, жұдырықтай нанға сатқалы кетті,- дейді.

- Кәзір келе ме?-дейді.

- «Тірі болып кіріп, өлі болып шығамын!» - деп кетті дейді.

Сонда шешен:

- Алып кеткен ыдысы не?- дейді- Үлкен бе?- дейді.

- Екеу ара үш ыдыстары бар, - дейді. - Бірі тырнақтың көлеміндей, бірі шұрқылтайдың ұясындай. Бірінің жергілікті түбі жоқ,- дейді.

«Тырнақтың көлеміндей», - деп, көздерін айтқан екен. Көзіміз қанша нәрсе көрсе де, тоймайды-дейді- топырақтан басқаға тола ма? «Шұрқылтайдың ұясындай», - деп, [жұтқын] тамақты айтқан екен. [«Түбі жоқ» - деп] жергілікте қанағаты жоқтығын айтқаны дейді.

- Әке-шешен жуырда келмесе, үш ауыз сөз сұраймын: ауырда не ауыр, қаттыда не қатты, тәттіде не тәтті?- дегенде, қыздың айтқаны:

- Ауырда- жылқы ауыр, - дейді.

- Оны қайдан білесің? - дейді.

- Оны білгенім: ханның жүз қаралы түйесі бәрі де осы күркемізді басып өреді: таңертең дыбысы білінбейді. Кешке таман болғанда, бір бала: «Түйе жиямын» - деп, бір тайға мініп жөнеледі. Жер дүңкілдейді. Оны сонан білемін, - дейді.

- Екінші, сөз-қатты, кәріпшілік қатты екенін қайдан білесің?- дейді

- Әкем мен шешем келгенде, қойны-қонышын толтырып арқалап, тарта алмай келеді. Сонда мажырап бір ойнап, күліп отырмайды. - Жүрген, тұрғанымыз құрысыншы!- дейді.- Тіленгеніміз құрысын!- деп, «һу!»- дегенде жүрегі қақ жарылып, ая ұрады. Кәріпшілік қатты екенін сонан білемін!- дейді.

- Ерлі-байлы кісінің татулығы тәтті екенін қайдан білесің?- дейді.

- Әкем менен шешем кешке таман: «Аһи, хош!»- деп келгенде, ортасына жатамын. Ертең тұра келгенде, мен бір жақтан тұрамын, екеуі бір жақтан тұрады. - Мен оны байқап білемін- дейді. -Ерлі-байлы кісінің тәтті екенін содан білемін. - «Ат мінсе, өзіне (орнына) тартар»- деген рас-ты екен! - дейді.

Ойлаймын, осы қызды сынап, ақырында сынына келген соң, Жиренше алған екен.

Өз Жәнібекке қараған елінде Жиреншеден әйелге бақытлы жан болмаса керек. Оның ханының құмарлығындай жан болмаса керек. Сұлуға Алла тағала оған хан екен деп сұлуды несіп қылмады дейді. Өз Жәнібектің өлімі ұрғашының сұлулығынан болды дейді.

Ұста тұспалы және Жиренше

Өз Жәнібек хан қанша уәзірлеріменен келе жатса бір жақтан, бір ұста үй салып жатыр екен:

- Осынша өнерің бар, күніне не аласың?- дейді.

- Күніме бір ділда- дейді.

- Күніге бір ділда болғанда, не ғып байып кетпеген жансың?- дейді.

- Мен қайдан байимын?- дейді.- Тапқанымды төртке бөлемін-дейді.- Бірін борышыма беремін, бірін қарызыма беремін, бірін суға тастаймын,бірін өзім ішіп-жеймін,- дейді.- Қайдан баю мұндайда?

Өз Жәнібек хан қасындағыларына:

- Ұстаның не айтқанына түсіндіңдер ме?- дейді.

- Жоқ!- десті.

- Енді осыны Жиреншеден сұрайық- дейді.- Таратып, орнын тауып берсін!- дейді. - Өзгемізден соны артық көресіңдер!- деп, өкпелейсіндер!- дейді.

- Жоқ, өкпелемейік!- дейді.

Ешқайда бұрылмастан шешенге келді,- дейді.

- Шешен қайда, үйдемісің? – дейді.

-Тақсыр, үйдемін!- деп, жүгіріп шықты- дейді.

- Біз бүгін үй салып жатқан ұстаға жолықтық. «Күніне бір ділда алам!»- дейді. «Сен мұнымен қалай байымайсың?» - дедік. Ұста айтты: «Мен қалай байимын? Тапқанымды төртке бөлемін,- дейді. «Уа, қалайша?» «Бірін-борышыма беремін, бірін- қарызға беремін, бірін- суға тастаймын!- дейді. Біреуін-ақ өзім ішіп- жеймін,- дейді. Сол сөзіне біз түсе (түсіне) алмадық. - дейді. - Ашып-жетуін білгелі: соның борышы не, қарызы не, суға тастағаны не - орнын таратып берші! - дейді.

- Тақсыр, ол ұстаның кәрі ата-анасы бар екен де,бір ер жеткен ұлы бар екен және бір ер жеткен қызы бар екен. Жасында баланы әке-шешесі асырайды, ер жеткен соң әке-шешесін бала асырайды. «Борышыма бердім» -дегені- «Сол әке-шешеме қарайласам»-дегені дейді. «Қарызыма беремін»- дегені -еркек баласына ішкізіп- жегізгені. Тірі болып күнінде қаруы онан да қайтар дегені.«Біреуін суға тастаймын» деп айтқаны: «Күйеуге беріп, жасынан өсірген (отырған) қызы бар екен. Қызға қылған жасау суға тастағаныммен бір дегені. Қалған біреуі өзіне мүкі-тақы зорға бар етуі шығар- дейді. Мұның бәріп асырап сақтаған соң, қалай байимын дегені. Құлағынан басқа дәнеме жоқ, жобасы жоқ байымасқа.

-Не мырза?- дейді.

-Әр ханның заманында бір сұрқылтай. Өз Жәнібек заманында шыққан данышпан адам мұнан өтпеді дейді.

Өз Жәнібек заманында ақылы асқан Жиренше. Осы кісінің заты-қазақ, үш жүздің қай руынан болғанын ешкім білмейді дейді.

Жақсыдан жаман тумайтыны

Өз Жәнібек бір күні Жиреншеден сұрапты:

- Шешен, қас жақсыдан жаман туа ма?- депті.

Шешен:

- Тумайды!- депті.

Сонда хан ойлапты: «Өзінің баласы жаманға қосылып кетеді,- деп,- соны қорғап отыр-ау!»- деп.

Мұнан кейін біраз жылдан соң Жиренше өліпті. Мұнан кейін біраз жыл өткен соң, басқа елді шауып келуге жорыққа [шығыпты]. Сонда Жиреншенің баласы шешесіне келіп:

- Осы жорыққа мен де барсам, кайтеді?- [деп] сұрапты. Шешесі баласына:

- Өкеңнің айтып жүрген сөзінен ұққаның бар ма?- депті.

Сонда баласы айтыпты:

- «Жорыққа барсаң, аттың сырмінезің мін, сырмінезі жоқ болса, жасынан мін!»- деуші еді- депті.

Сырмінез аттың бәрін мініп қойған. Бір жас атты ұстап мініп, бұ да барыпты. Барған ел соғысып, ханның атына оқ тиіп, қолда қамауда қалуға қарағанда, басқа батырлардың бәрі қашып кетіп, Жиреншенің жаман баласы ханға келіп, атын беріп, өзі қолда қалыпты.

Сонда елге келгеннен [соң] батырларын жинап алып, Өз Жәнібек хан айтқан екен:

- Таудан аққан тас бұлақ

Құймай қоймас теңізге.

Жақсыдан жаман туғанмен,

Тартпай қоймас негізге!- депті.

Шаш туралы әңгіме

Өз Жәнібек бір жақтан келе жатып, бір адамға кездеседі. Ол кісінің шашы қара, сақалы ақ екен. Қасында бірге келе жатқандардан:

- Былай болуының себебін тауып айтыңдаршы!- деп сұрапты.

Олар тауып айта алмайды. Сонда Жәнібек:

- Ал, шешенім, кезек саған келді. Сен айтшы:

- Шашының қара, сақалының ағы қалай?- дегенде, бөгелместен Жиренше:

- Түзде кебінген, үйде күйінген, аты шабан, қатыны жаман бір байғұс шығар!- депті.

Жиренше мен Қызылым

Бір жолы Қызылым қарт Жиреншеге жолығып:

- Шешен, сізден бір сұрайын деген сөзім бар еді-дейді.

- Сұраңыз,- дейді.

- Он бес лақ, жиырма бес серке, отыз бес орақ, қырық бес қылыш, елу бес егеу, алпыс бес арқан, жетпіс бес шідер жоғалттым. Осыған құлақтас болыңызшы!- дейді.

Жиренше:

- Ақсақал, тоғызыңыздың жөнін айтып берейін, өзіңіз тауып алыңыз. Он бес жас- құйын қуған желмен, жиырма бес- дауыл ұрған перімен, отыз бес жас- ағып жатқан селмен тең. Қырық бес- аю аспас белмен, елу бес- ерттеп қойған атпен, алпыс бес- арқандап қойған атпен тең. Жетпіс бесте- көңілің- жермен тең, сексенде- селкілдеген шал боласың, тоқсанда- толық миың орта түсер, жүзде- күдеріңді үзе бер: олмесең де, оліден кем боларсың!- дейді.

- Әттеген-ай, өзім жиырма бестегі жігіттей едім! Көңілімнің жердей болғанын қарашы, бекер-ақ сұраған екенмін!- деп, Қызылым қарт жантая кеткен екен.

Жиреншенің енді бір түйіндері

Бір жолы хан билеріне:

- Дүниеде не өлмейді?- деп сұрақ қойғанда, алпыс би бір ауыздан былай деген екен:

- Ағын су өлмейді, асқар тау өлмейді. Аспанда Ай мен Күн өлмейді, әлемде қара жер өлмейді.

Сонда Жиренше шешен бәріне қарсы шығыпты:

- Ағын судың өлгені -алты ай қыста қатқаны. Асқар таудың өлгені-басында бұл (қар) жатқаны. Ай мен Күннің өлгені-еңкейіп барып батқаны. Қара жердің өлгені-қар астында қалғаны. Өлмейтін солғалымдардың жазғаны! - деген екен.

Қарашаш өліп, Жиренше қартайып, ақылсыз әйел, парықсыз бала сыйламай, Жиреншеге бұзау бақтырып, тезек тергізіп қояды. Көріскелі келген Әз Жәнібек хан Жиреншеге далада кездесіп:

- Уа, шешенім, тезек теріп жүргенің қалай?- дейді.

Сонда Жиренше:

- Қатын шайпау, ұл тентек,- екеуледі, ей, ханым!

Кәрілік келді, мал тайды,- төртеуледі, ей, ханым!
Арқадағы ку тезек, әркімге келер бір кезек,
Басымнан бақыт тайғанын көрмейсің бе, ей, ханым?!- депті.
- Ей, жаным, бірімізге біріміз- аз күн қонақ,
Ойласаң, мына дүние тіпті шолақ.
Тірілікте, аз өмірде сыйласып өт,
Бүгін бар, ертең жоқ: өмір-сол-ақ!
Жастықты аңдып кәрілік жүр,
Денсаулықты аңдып- ауру жүр.
Тірілікті аңдып- ажал тұр,
Құлшылыққа мойын ұсынбай,
Жонын беріп надан тұр.
Өлшеулі өмір ол жетсе,
Өкінішті заман тұр.
Құдайдың берген борышын
Мойнындағы өтей алмай,
Меңіреу сияқты адам тұр.
Аққу құсқа оқ тисе,
Қанатын суға тигізбес.
Айтулы ерге оқ тисе,
Қиналғанын білдірмес.
Ноқталы басқа бір өлім
Ақыры бір күн келмей ме?!
Ажалдың соққан дауылы,
Өмірдің шамы сөнбей ме?!
Неше жыл сақтап жүрсең де,
Сұрай келсе Иесі
Аманатын бермей ме?
Хактан әмір болған соң,
Пендесі оған көнбей ме?!

Кемпір мен қарға

Ертеде бір елсіз тауда бір жалғыз үй қыстап қалыпты. Ауып бара жатқан ел екен. Елге ере алмай, азаматының жоқтығынан, үй иесі кемпір болса керек. Бір топ қарға, қайтып бара жатқан, жалғыз үйге кез болып,оның ішінде бір арық мүгедегі: «Мен мыналарға ере бергенде, не табамын? Жолда бір жерде боранға ұшырап, текке қатып қалармын. Мына жалғыз үйдің қасында қалайын. Қара-құрасы бар көрінеді, қаны болар, жыны болар, дәнеме тимегенде, мына кемпірдің қарақан басынан

атамның асы табылар!» - деп, қар қалың жауып, қыс хамытшылыққа айналып, кемпір есігінің алдынан күрек аршып, қойларын жайып тұрса, қарға жалп етіп келіп қонғанына қойлары үрке берген соң, кемпір ыза болып:

-Осы қаргадан-ақ өлдім-ау!- деп, қан-жын, дәнеме далаға тастамай-тын болыпты. «Қарға аштан қатып өлсін!»- дегендейін, тышқан боғын да көміп тастайтын болыпты.

Қарғаға жүдеушілік кіріп, ағаштың басында отырып: «Қарқ-қарқ!»-деп, қарқылдай береді дейді.

- Мынау ит құлағыма маза бермеді-ау!- деп, кемпір құлағын салып, қарғаның қарқылдағанын тыңдаса:

- Күнім, күнім, гүрсілде,
Боран соғып дүрсілде!
Аяз болып арсылда,
Мұз болып қатып, қаршылда!
Тоқты ұшып, көті түссін,
Біз байғұсқа еті түссін!- дейді екен.

Кемпір мұны естиді де, бір кереге жайып, керегенің бір жағына ет қойып, керегеге бір бақан тіреп, бақанның аяғына жіп тағып, ұстап отырыпты. Аштан өлер болған қарға сорлы қып-қызыл етті көрген соң, көзі қызарып кетіп, етке келіп қонып, бір шұқып, екі қарап отырғанда, кемпір бақанды тартып қалғанда, қарға керегенің астында қалып, кемпір ұстап алыпты. Төбе жүнін жұлмапты, екі қанат құйрығын жұлмапты. Өзге жүнін жұлып, суыққа тоңатұғын қылып, үрпитіп қоя беріпті. Сонда қарға ағашты паналап, қонып отырып, қарқылдайды дейді:

Күнім, күнім, күн шықсын,
Қарды ерітер жел шықсын!
Біз байғұсқа жүн шықсын,
Тоқты жазған жыл шықсын!

Сонан соң кемпір қан-жынды, өзі жемейтұғынды қаргадан қорымайтұғын болыпты да, күн жылынып, қар кетіп, кемпірдің қойы да аман, қарға да аман шығыпты. Біреуге біреу көршілес болғанда, осындай тілеулес болса, аман шығуына әбден сенімді дәлел. Және қыс хамытшылық бола бастаса, қарғаны ұстап алып, оны өлмес қылып, жүнін жұлып алып жіберсе, күн жылынаатыны осындайдан қалған.

Тұлпардың дүбірі

Алданазар ханға жүйрік тұқымы қайдан келді? «Толыбай»- ұранды Қанжығалыға ұран болған- Толыбай сыншы екен. Жүйрік сынайды екен. Сол Толыбайдың бір жас баласы Қарақалмақ: Қатысыбанның ханы Қоңтажының қолына тұтқындыққа түсіп, Қоңтажы қозы бақтыруға бұйырыпты.

Көп бала қозы бағып жүрсе, айдалада бір қу бас жатыр екен. Жылқының басы екендігін баланың бәрі таныпты да:

- Тірі күнде қандай жануар екен?- деген.

Толыбай сыншының баласы танып, еңіреп қоя беріпті. Қалмақтың қозы баққан көп баласы ауылдарына айта келіпті:

- Айдалада бір қу басты көріп, қазақ бала жылады!- деп.

Қоңтажы баланы шақырып алып, сұрапты:

- Балам, қу басқа неменесіне жыладың?- деп.

Бала айтыпты:

- Әкем жүйрік сынайтұғын сыншы еді, қазақ жұртына аты аталған, аруағы шашылған, «Толыбай сыншы»- атанған. Айдалада жатқан қу бас жай жылқының басы емес, тірілігінде дүбірі жер жарған тұлпардың басы екен. Соны көрген соң:

- «Уай, жарықтығым-ай, сенің тұлпардың басы екендігінді кім таниды да, менің Толыбай сыншының баласы екендігімді кім таниды?!- деп, қозы бағып жүргеніме қорланып жылап жіберіппін!»- деген соң, Қоңтажы қозы бағудан шығарды, атқа мінгізіп, қасына нөкер қосып:

- Өзіме қараған қырық сан қалмақты аралап, таза тұлпардан шыққан жүйрік тауып бер!- деп жіберді.

Бала қырық сан қалмақты аралап, қалмақтың жылқысы топыршық болады екен. «Ат- биеден, алып-анадан». Ат туатұғын бие жоқ, тұлпар қайдан болсын?!- десіп, жүйрік таба алмай келіпті. «Жүрген-тұрған жолаушыдан, келген-кеткен керуеннен қара!»- деп, бұйырған соң, бір керуеннен аяғы ақсақ, арқасы жауыр, құйрығы шолақ, кестірілмеген бір көк сәуірікті: «Тұлпар екен!»- деп, сынап алып келіпті.

Жазғытұрғы уақ екен:

- Сүйегі ағарсын, бел қызығын көрсін, көңілі жабырқамай өссін!- деп, оны бір байталға үйірге салыпты.

Шыңына әбден жетіп қалған арықтық бір күнде, бір жылда бойдан арыла қоя ма? Салған жылы бір бие де шығара алмапты. Қыстыгүні үйіріндегі байталдан бірін сойдырып қараса, байталдың жілігінің екі-басы түгелімен қаракемік шығыпты.

- Сүйегінің ағарған-ағармағанын осынан байқау керек!- депті.

Келер жылы да бие шығара алмапты. Ол қыста үйірінен бір байталын сойғызып қараса, жілігінің бір басы ақ кемік, бір басының жартысы ақ кемік, жартысы қара кемік болып шығыпты. Үшінші жыл тоғызын түгел буаз қылуға жарапты. Үйірінен бір байталын және сойғызып қараса, бармақтың көлеміндей қара мік табылмапты.

- Сүйегі ағарды. Ал енді ас, тойың болса, жарат та, қоса бер, алдын бермейді. Қырық сан қалмақта мұның алдына түсер жанды қара жоқ!- деген соң, Қоңтажының өзінің сұраған жанның жалғызына бере алмай отырған жалғыз қызы бар екен. Қызын байға тигізбекші болып, қырық сан қалмаққа сауын айтып, той қылып, балаға:

- Осыны өзің жарат та, өзің шап!- деп, бұйрық қылыпты.

Сонда бала екі бүйіріне қом теңдеп, терін тіліменен жалап көріп, терінің ащы дәмі ауызға білінбегенде:

- Ащы тері алдында- деп, тізесін қолымен сығып көріп, қолымен сыққан тезектен дым табылмағанда- қу тезек болды!- депті.

Тойдың атшабар күні болғанда, мейлінше алыстан айдатып, бала өзі мінip шауып, ұшқан құс, жүгірген аң да ілесе алмайтын күйіне түскен екен, жапа-жалғыз келе жатыр дейді. Қарақшыға жете бергенде:

- Жылқы үйірін сағынса, құлақ басын қағынар, // Ер үйірін сағынса, айыл-тұрман тағынар- деген осы болатұғын. Қой, хош-аман болыңдар!- деп, Сарыарқа, қайдасың?!- деп, жөнеле беріпті.

Жабыла қуғанмен жалғыз жан қарасын көре ала ма?! Бір буаз билі көпке шейін жалбаңдап алысыпты. Ішіндегі құлынынан айрылып, «Қал!»- десе де, қалмапты. Бір уақытта құлынын атып жіберіп, қалта қарап тұра қалыпты. Сөйтсе, жануардың өзінен шыққан бие екен, ішіндегі құлынның буы екен.

Бала құтылып, жазы жапанға шығып кетті. Басын тартып тоқтатуға әл қайда, дәрмен қайда, екі қолы қарысып, ұшқан құспен жарысып, қатарласқанның бәрі де әудем жер бармай, кейін қалысып, баланың екі көзінен Сарыарқаның әр төбесін бір көрген сайын жас парлап: «Осы көріп келе жатқаным өнім бе, түсім бе, Құдай?!-деп, зарлап келе жатқанда, қас қарайып, түн болыпты.

Үйде бойжеткен жалғыз апасы бар екен. Апасының түсіне кіріпті. Бұл жауға түсіп кеткенде, оң жақта айттырып қойған қалыңдығы бар екен. «Отауын оң жағыма түсіріп, жанымды ағартамын. «Қуыс үй құр тұрмас»- деген сөз бар еді. Үйдің тілеуі-құлын жасында қосағынан айрылған келінімнің тілеуі неге бос қалсын?!- деп, отауын түсіріп, апасы:

- Жалғызым есепті: бауырыма басып жатып, ұйықтамасам, ұйқым келмейді- деп, отауда жалғыз інісінің қалыңдығын бауырына басып жатып ұйықтайды екен. Түн ішінде оянып, төсекте жатқан әкесіне жүгіріп келді дейді:

- Сүйінші, сүйінші, әкеке, жалғызым түсіме кірді: «Қалмақтан аман-есен құтылдым, мінгенім- тұлпар- дейді. – Бұл Арқаға тоқтайтын емес. Екі үйдің арасынан жібек арқан құр!»- дейді- деген соң, әкесі:

- Түсің шын, қарағым, тұлпардың дүбірі құлағыма келіп жатыр еді. Бұл Сарыарқада қайдан болсын, не ала жүрсін?!- деп, басымды көтермей жатыр едім!- деп, ұшып тұра келіп, жалма-жан жібек арқанды құрып байласымен, арқанға келіп килігіп, лықсып қалғанда, бала түсіп қалды да, арқан шарт етіп үзіліп, тұлпар кете берді. Толыбай сыншы артқы жағынан көріп қалып:

- Тұлпардың өзі емес екен. Су тұлпарының айғырының су биесіне шапқанын көріп, сүйініп, бойы еміренген екен, қыр биесінің құлыны екен. Бұл суға түсіп кете алмайды. Алдында көлденең Күркілдектің суы бар, соған барып тоқтайды!- депті.

Бала аман-есен үйіріне қосылды. Құдай пендесінің үмітін жамид қылмайды. Бәрінің де ойлағаны болды. Толыбай сыншының айтқанындай, тұлпар Күркілдектің бойына барып тоқтапты. Сонда сол маңайды Ұлы жүз: Үйсін-Қасқарау байдың ауылы бар екен. Өзін ұстап алу қайда, тағы болып, су басында жүргенін көрген соң, Қасқарау бай бес байталды оңаша тастап, сол бес байталға шапқан екен. Қыпшак: Қарабалық-Алданазар паң бала күні екен де, өзі Қасқарауға жиен екен. Нағашысына барып:

- Не қалағаның болса, ал!- десе, алмай, жиендік қылып, бес байталдың бірін буаз күнінде алып қашып кеткен екен де, артынан Қасқарау қумайды да, зерттемейді. Қазақтың жиендік қылатұғын бұрыннан ғұрып-ғадеті болғандықтан, сол байтал еркек құлын тауып, өскен соң, үйірге салып Алданазар ханның жылқысы шетінен туа жүйрік бола бастағаны сол екен. Сонан соң мұның жылқысынан тұқым алу үшін құда болмаған қазақ жоқ. Бұл орта жүзде болған жүйріктің түп негізі сол Алданазар ханға барысып тиянақтайды. Онан соң Қасқарау деген елдің аты қосылған жерде өзге ел бәйге алмайды. Және бұл күнгеше өзге елге қарағанда, Қасқарау жылқысы жүйрік келеді. Қуандық аты тұрғанда, біздің Сүйіндікке бәйге жоқ. Қасқараудан жылқы тұқымын алған Қарсұн-Керней аты келген жерде Қуандыққа бәйге жоқ. Қасқараудың өзімен аралас аста Қарсұн-Керней атына бәйге жоқ.

Жиенәлі батыр тұлпары

Алтай ішінде Бекайдар деген табынан Жиенәлі батыр шыққан. Жиенәлі батырдың қайыны Уақ екен. Қайынының жылқышысының айтуы бойынша бір күрең бесті ат алған. Екі мың жылқысы бар екен.

- Осы күрең дөнөнді алыңыз,- деген,- екі мың жылқы жиылғанда, тоқымдығы терлемейді- деген екен.

Сол күрең бестіні жаратып, талай асқа түсіп, өлшеусіз жүйрік болған. Жиенәлі батыр Демік деген жолдасын қасына алып, күрең атты жаратып, бір баланы үстіне мінгізіп алып, Ұлы жүзде бір асқа барады. Сол аста «Мыңтайлак» - атанған бір ат бар екен, сол Мыңтайлак та келген екен. Жиенәлі батыр асқа тіккен үйлерді аралап жүріп бара жатқанда, Мыңтайлактың иесі үйде отырып:

-Тұлпардың дүбірі шықты, менің атыма: «Бәйге бермеймін!»- деп, бір қу ауыз жүйрік келді!- деген.

Күрең ат алдында келіп:

- Өзі шақырмай аяғынан келді, өзінің жүзі басқа екен!- деп, көпшілік намыс қылып, бас бәйгені бермепті. Сонда үстінде құлын жарғағы, астында ақ боз аты бар біреу келін, Жиенәлі батырға:

- Аттың бәйгесін қолыңа бір тигізсем, әкете алар ма едің? - депті. Жиенәлі батыр:

- Қолыма бір тигізсең, көрер едім!- деген соң, Жиенәлі батырды ертіп алып, қалың топты қақ жарып келіп, ат бәйгелерін ұстап тұрғандарға:

-Жақсыны көрмек үшін деп еді. Басқы аттың бәйгесі қандай бұйым, бере тұрыңызшы, көрейік!- деп, алып, шеже көздеген алтынды мауыт екен. Қолына алып көріп, көрген болып, Жиенәлі батырға:

- Мінеки, қалай онды, көріңізіші!- деп, Жиенәліге беріпті.

Жиенәлі батыр күрең атты балаға беріп:

- Ал да, жөнел, үш күндік жерге бармай, тоқтама!-деп, бала ала жөнеліп, жалғыз жанға шалдырмай, құтылып, бір жерге құлап, қалжырап жатып қалыпты. Артынан Жиенәлі батыр келсе, бала қалжырап жатыр, ат бетімен жайылып жүр екен. Жиенәлі батыр:

- Ыстықтай суысып қойды-ау, зорығып кетеді ғой!- деп, қатты қайғырып, уайымдапты.

Шеже көз сауытты алса да, үйіне аман келіседі. Атына қайғырып, дөңбекшіп, орнында байырқалап отырмапты. Сонда қырдан бір сыншы адам кез болып:

- Атыңа олай-бұлай деп, уайымды болсаң, маған сау күніндегі бағасына сат!- депті. Сатпапты.

- Мен жылқы танысам, атына уайым қылма, атың дәнеме етпейді. Сенің бұл атың аш-тоғын, ыстық-суығын, алыс-жақынын елең қылмайды. Мұнан былай жаратып, терін алғанда, үстіне жабу жауып, үстіне екі пұт құм теңдеп шап. Әйтпесе бүйірі қызбайды. Туысы тұлпардың аунаған жеріне кездескен жануар екен!- деп айтып беріпті.

III Күлдіргі сөздер

Қыз таңдау

Жағалбайлы: бір байдың баласы қыз таңдап, әкесі:

- Қыз айттырамын!- десе,

- Әуелі ол қызды өзім барып көріп келейін, тіл қағысқанда, сөзіме сөз қайыруға жараса, аламын! Оған жарамаса, томырлықты тұнжырды алғанда, не оңамын [1]?- деп, қыз көрерге екі жолдас ертіп, ел қыдырып жүргенде, елсіз далада үш жолаушы кез болыпты [2]. Оның біреуі жасөспірім жас қыз екен. Жөн сұрасса:

- Тама деген елміз!- десіпті.

- Қайдан келесіздер?- десе,

- Мына баланың ұзатқан апасы бар еді. Соған амандыққа барып келеді [3], - десіпті.

- Бұл баланың өзін қай елге көзін өткізуге ыңғайлап қойған бала еді?- десіпті [4].

- Ондайдан аман, таңба салынбаған, дақ түспеген бала, - десіпті [5].

Қыз таңдап жүрген қу-қызға қарап:

- Шырағым, «Тама қызы дәмді (тамды) келеді, қарыс сүйем а...ды келеді,- деуші еді. Қарысын тігіп, сүйемін сі...п байқаса, қалай болар еді?- дегенде, қыз жұлып алғандай:

- Ағайлар-ай, «Жағалбайлы жігіті жақты келеді, байлары көзі қиып мал сатпайтын атты келеді. «Қарысын тігемін, сүйемін сі...мін,»- деп жүргенде, сендей шекесі қушық, сорайған жақтылар сілесі құрып, талып өледі!- депті.

Олар да жөніне жүре беріпті, бұлар да еліне келіп:

- Әке, мен бір қыз көрдім, соны аламын, мал беріп [6], алып бер!- деген соң, әкесі құда болып, малын шоқ беріп, «қалыңдық ойнай» барып, «қол ұстатар» болып, жеме- жемге келіп, қыз үстіне жігіт міне бергенде, жігіт айтыпты:

- Мен Жағалбайлы да, сен- Тама,
Мен керги берейін, сен сана.
Екеуміздің қайсымыз өлер екенбіз,
Қызығыма бір қара!- депті.

Онда қыз айтыпты:

- Басында бар бөркіңіз,
Әр не [7]қылсаң, еркіңіз.
Әкем мені малға сатты,
Аптықпай-ақ [8] кергіңіз! - депті.

Жігіттер сыбағасы (бірінші нұсқа)

Шу бойында Шанышқылы мен Тама қоныстас қона қалыпты. Таманың желбас бозбалалары : «Шанышқылының қыздарымен қағысып, қалжыңдасып қайтайық!»- деп, гулесіп келе жатса, бір топ қыз суға түсіп жатыр екен. Сірә, (сыра) қыздар киімін киінуге мұршалары келмей, судың ішінде отыра қалса керек.

-Шырақтарым-ай, алагеуімнен суға малшынғандай, не жаза қылып еді?- дегенде, бір қыз:

- Ағатайлар-ай, көріп, көрмегенсіп, біле тұра білмегенсіп, жымпиғаннан жымпиып тұрғандығы жаза емес пе?- дегенде, жігіттің бірі:

- Басына шоқпар тиген ғой, көгеріп қалыпты ғой!- дегенде,

- Ағатайлар-ай, оған тиген шоқпар өз шекелеріңе тисе, бастарың көгермек түгіл ыңғы-жыңғы болар!- депті.

Онда бозбаланың біреуі:

- «Шанышқылының қызы шамды келеді, қарыс сүйем а...ды келеді. Қарасын тіктіреді, сүйемін с... тіреді»- деуші еді, рас па?

- Ағайтайлар-ай, «Тама жігіті табаған келеді, итше шәуілдеп қабаған келеді. Тапса, танасын с...ді, таппаса анасын с...ді – деуші еді.- Рас па?- дегенде,

- Жігіттер, сыбағамызды алдық кой. Осы да аз олжа емес!- деп, қайтып кетіпті.

Жігіттер сыбағасы

(екінші нұсқа)

Шанышқылы мен Тама қоныстас қона қалыпты. Таманың желбас бозбалалары:

- Шанышқылының қыздарымен қағысып, қалжындасып келейік!- деп, атқа мініп, гулесіп келе жатса, бір жасөспірім, шамасы 12-13-те әйел бала бие саудырып, бір келіншек сауып тұрғандардың үстіне келін калып:

- Шырағым, қай елсіңдер?- дегенде,

- Ағатай, қай ел боларымды өзім де білмей тұрмын- депті.

- Ендеше, Шанышқылы шығарсыңдар, «Шанышқылының қызы шамды келеді, қарыс сүйем а...ды келеді. Қарысын тіктіреді, сүйемін с...тіреді»-деуші еді, рас па?- депті.

Онда жұлып алғандай, қыз айтыпты:

- Өздерің де мына ауылдан шықтыңдар ғой, бөтен жолаушы емессіңдер ғой. «Таманың жігіті табаған келеді, // Итше шәуілдеп, қабаған келеді. Тапса, танасын с...ді, таппаса анасын с...ді»- дейтұғыны рас па?- депті.

Бозбалалар атын санға бір ұрып, ауылдарына қайта беріпті:

- Ауылына барсақ, мұнан да зор бір сыйды алармыз!-деп.

Түзеле алмау әңгімесі

Бір ыртақ-жыртақ желбас бозбалалар келе жатса, бір кішкене қыз-лақпен, бір келіншек бие сауып тұр екен. Бозбалалар мазақ қылып кету үшін, тұра қалып:

- Шырағым, қай ел боласыңдар?- депті. Сонда қыз-лақ(қызалақ) бала:

- Ағатайлар-ай, қай ел боларымды өзім де біле алмай тұрмын!-депті.

Енді біреуі қу жігітсіп, пысықсынып, келіншекке:

- Жазығы жоқ байғұсты мұнша шалжайтып, түріп, сиқын бұздың-ау!- дегенде, келіншек:

- Тұрып кетсем, түзеледі, өмірінше түзеле алмастай, бейнеуі кеткен сендердің аузың емес қой!- дегенде, жігіттер: «Өлмегенге кара жер», дәнеме дей алмай, тұра қа[ша] жөнеліпті.

Барпық өнері

(бірінші нұсқа)

Он сан Орта жүзге ұран болған- Айдабол: Олжабай ұрпағы- Қаракалпак: Барпық қасында Баба деген жолдасы бар, өр Найманда ұрлық үшін жүріп, жай жолаушы болып, бір байдікіне қоныпты. Бай үйде жоқ екен, бәйбіше, бір жалаңдаған жас тоқалы бар екен. Бәйбіше мал сойып, сыйлап, күтіп, жатар орынға келгенде:

- Шырақтарым, қонағасыларыңды олқы қылғаным жоқ. Текемет, көрпе, жастық беремін. Байдың мінезі жаман еді: «Үйге қонақ жатқызба, есікке құлып салып қой!»- деп еді. Далаға жатасыңдар!»- деген соң:

- Өзіміз де атымыздың қасында жатқанымызды жақсы көреміз,- деп, далаға жатыпты.

Ауыл жатты-ау, оттары сөнді-ау деген кезде:

- Бір-екеуің байдың үйіп шыр айналып, тоқалды оятып, тоқал кілтті қарап, таба алмай, дағдарған шақта даладан пысқырған дыбыс естілген соң: «Бай келіп қалды ма?»- деп, арсалаңдағандар қашып кетіпті. Барпық байсызын біліп жатқан қу ұшып тұра келіп, тоқалдың тұсына барып, сыбырлап:

- Шиді тіліп жіберейін, керегенің де көгін сөгіп жіберейін. Өзің арман қарап жатып, бөксенді тоса ғой!»- деген соң,

- Ойнас байым екен ғой!»- деп, айтқанындай қылғанда, Барпық атын арқандаған қазықты қаққан қолтоқпақты ала келген екен. Тоқалды аямай, ашымай шонданайдан қолтоқпақпен бір қойып қалып, барып орнына жата қалыпты.

- Ойбай, өлдім, шонданайым, шонданайым!»- деген тоқалдың құлындағы дауысы құраққа шығыпты.

Бәйбіше шошып оянып, түндігін ашып, от жағып, ауылын жиып, күзетіп отырыпты. Таң атсымен, бай да келіп қалып:

- Немене, немене?»- дегенде,

- Түн ішінде ұйықтап жатқан жерінде бір пәле жабысты. Не екенін біле алмадық!»- деген. Қонақтарды шақыртып, жөн-жобасын сұрап:

- Арғын едік!»- деген соң:

-Түнде бұларды үйге жатқызбағанға Арғын аруағы өкпелеп, бір нәрсе қылғаны ғой!»- десіп.- Жаным, «Қырықтың бірі- қыдыр»- деп еді. Көзі қарақтыларың бар ма, тамыр ұстайсың ба, құмалақ саласыңдар ма?»- деген соң, Барпық:

- Ауру-сырқау кез келсе, баксылық, балгерлік қылушы [ем]. Домбыра болса, қобыз болса, ап келіндер. Тамырын ұстайыншы!»- деп, тамырын ұстап, көзін жұмып отырып жынына сөйлескен кісідей:

- Ой, сен,қой, сен айт! Өтірік айтпа, шын айт. Түнде келген екі атты сендер ме едің? Бірің кетіп қалып, бірің қалып па едің?- деп көзін ашып, көпке қадала қарап:- Түнде бір-екі атты пері келген екен. Бірі кетіп,бірі қалған екен. Қалғаны тоқалдың тұсынан келіп, шиді тіліп, керегенің көгін сөгіп, тоқалды шонданайдан бір түйіп қалып жүре берген екен. Шидің сөгілгені, көктің сөгілгені рас болса,шонданайында дақ бар шығар!- дегенде, бәйбіше:

- Рас, рас, ұлым: «Ойбай, шонданайым, шонданайым!»- деген дауысынан шошып ояндым!- депті.

Жалма-жан жүгіріп барып қараса шиді, тілініп қалыпты, керегенің көктері де сөгіліп қалыпты. Бақсының айтқаны бәрі рас болды. Бай:

- Енді бұған бір қайран қыла гөр, шырақтарым!- деген соң, Барпық:

- Жарайды, бай, бір үйді ауылдан анадай алыс тіктіріп, тоқалды сол үйге көтеріп алып бар. Жын-перінің оқуын оқып, үшкіремін, дем саламын. Мына жолдасым да осы үйде қалсын, біреу сығаламасын, біреу үй маңына жолаушы болмасын! Перілер шамданады. Сығалаған көзден айрылады, тыңдаймын деген құлақтан айрылады!- деген соң, жұрт қорқып, үрейі ұшып, зәресі қалмайды. Үйді ауылдан аулақ тікті, тоқалды төсегімен көтеріп апарып жатқызды.Барпықтан басқа жан ол үйде қалмады.

Сонда Барпықтың сарыны:

Шидем, шидем көт,
Кілт таба алмай, үйден кет!
Шиге көтін бұрған көт,
Қол тоқпақпен ұрған көт,
Жазылсаң, үн жоқ, түн жоқ,
Мен еліме қайттым, көт!
Жазылмасаң, көрген-білгенімді
Елің менен байыңа
Тұра сала айттым, көт!- деп,үшкірді дейді.

«Өлімнен ұят күшті»- деген бар емес пе? Тоқал ұялғаннан, жазылмаса да, «жазылдым»- деуге көніп, жаны шығуына шыдапты. «Бір жерім ауырады»-деп қыңқ етпеске ант айтыпты. Тоқал дыбысын қойған соң, бай да, ауыл да қуаныпты:

- Бақсы бақсы-ақ екен!- деп, гулесіп, шуылдасып, мақтасып жүр дейді.

- Енді келер күн кешке бай мен екеуіңді бір жатқызып, оқимын. Өзім барда сен екеуіңді құшақтастырып жатқызып, үйір-шүйір қылмасам, мен кетіп қалған соң, байды шошытып, әуре қылып жүрер!- деп, тоқал мен байды бір жатқызып:

- Бай, сен де аянбай қимылдап, білгенінді жұмыстай бер, мен де аянбай оқып сарнайын!- деп. Сонда оқыған оқуы:

- Өне құран, өне кітап,
Астуаны шүрүт салат.
Әптиекті алып ап жат,
Иманшартта алты хаят,
Құранда бар салауат.
Бай ұмтылса дәме ғып,
Бек айтпа: «Тыныш жат!»

Түн бе, жоқ, таң атты ма,
Байдың дөкейі- сойылы
Жаныңа жаман батты ма?

Қолтоқпақтан қатты ма?- деп, үшкірді дейді.

Не керек, тоқал жазылып, бай да көңілі шын жадырап, тоқалдың өзінің көшке мінетұғын жорғасын мінгізіп, дүриа шапан кигізіп жөнелтіпті. Бұл Барпық осындай қулық, хайламенен «мал тапқыш»-жігіттің бірі болған.

Барпық өнері

(екінші нұсқа)

Он сан Орта жүзге ұран болған- Айдабол: Олжабай ұрпағы- Қарақалпақ бір Барпық деген жігіт күнінде қасында Баба деген жолдасы бар, екеуі ордегі Найманға барыпты. Жүрген жолы- адал ақ жол емес, «білсе, барымта; білмесе, сырымта»- мал табу жөнімен бір байдың үйіне қоныпты. Бай үйінде жоқ, қыстауына жұмыс істетке кеткен екен. Бір жақсы бәйбішесі бар екен, сылаңдаған, ойнақшыған жас тоқалы бар екен. Бәйбішесі қонаққа семіз бағлан сойып, майға тойғызыпты. Жатарға келгенде:

- Шырақтарым, байдың мінезі тар, қатаңдау еді, іші қара еді. Өзі үйде отырғанда, үйге қонақ жатқызбаушы еді. Және маған қатты тапсырып еді: «Өзім үйде болмағанда, үйге қонақ жатқызба, есігіңе құлып салып қой!»- деп. Шырақтарым, риза (ырза) болғандай болдыңдар ғой, далаға төсеніш берейін, үй сыртына далаға жата көріндер!- деген соң, қонақтар риза болып:

- Жарайды, бәйбіше, асқа сыйлап күттің, төсенішті мол берсең, болды!- деп, далаға жатыпты.

«Жұрт ұйқыға барды-ау!»-деген кезде бір-екі жаяу келіп, байдың үйін шырқ айналып (айланып) жүргенде, ат пысқырған ды-

быс шығып, біреуі жүріп кетіпті де, біреуі қала беріпті. Өздері атпен келген екен, пысқырған жар астына бекітіп келген өздерінің аты екен. Қалғаны тоқалдың тұсына барып, тоқалды оятып, тоқал түрегелін, қараңғы[да]кілтті іздесе де, таба алмай, таба алмағанын айтқан соң, үйге кіруден түніліп, қайтып кетіпті. Мұның бәрін ояу жатқан қонақ әбден біліп алып, ойнас байы болып, тоқалдың тұсына келін:

- Шиді тіліп жіберейін, керегенің көгінен арт жағыңды тақап тос, арт жағыңнан жұмыстайын,- деген соң, тоқал: «Ойнас байым екен»,- деп, арт жағын ши мен керегеге жабыстыра тосқанда, қолтоқпақпен шонданайға перінті.

- Ойбай, өлдім!- деп, тоқалдың құлындағы дауысы құраққа шығыпты.

Бәйбіше шошып оянып:

- Не болды, не болды?!- дегенде,

- Білмеймін, шонданайыма бір пәле жабысты, шыдай алмай барамын!- деп, алас ұрыпты.

Түнде ауыл жиылып, ертең таң атқан соң, бай келіп:

- Немене, немене?- дегенде,

- Түн ішінде бір пәле жабысты, не екенін біле алмадық!- деген соң, қонақтардан жөн сұрапты:

- Кім едіндер?-деп.

Бұлар:

- Аргын едік,- деген соң:

- Тамыр білесіндер ме, құмалақ саласындар ма?- депті.

- Өзіміз де реті келген жерде балгер, бақсылық қылып жүргенмен жайымыз болушы еді,- деген соң,

- «Қырықтың бірі-қыдыр»- деп еді, тамырын ұсташы! - дегенде, жүгіріп келіп, шап берін тамырын ұстап:

- Сен қой, ай, сен айт! Өтірік айтпа, шын айт! Түнде келген екі аттымысың? Бірін кетіп, бірін қалдың ба? - деп, басын шайқап, жынымен сөйлескен болып:

- Түнде бір-екі атты пері келген екен: бірі қайтып кетіп, біреуі қалып, ұйықтап жатқан жерінде шонданайдан бір тиіп қалған екен!- дегенде, бәйбіше де:

- Рас, рас, «Ойбай, ойбай, шонданайым!»- деген дауысынан шошып ояндым,- депті.

- Бұған не ем, не дауа?- деп сұрапты.

- Оңаша үй тігіп берсең, жын-перінің [дұғасын] оқийн! Оқып, үшкіріп жазамын!- деген соң, бай қуанып, үй тіктіріп, тоқалды емін-еркін қонақтың қолына беріпті. Сондағы Барпықтың оқуы:

- Шидем, шидем, шидем көт,
Кілт таба алмай үйден, көт,
Шиге көтін бұрған- көт!
Қолтоқпақпен ұрған көт,
Жазылсаң, елге қайттым, көт,
Жазылмасаң, байың менен еліңе
Көргенімді айттым, көт!- деп үшкіріпті.

«Өлімнен ұят күшті»- деген бар емес пе? Тоқал ұялғаннан, жазыл-
маса да, жазылдым деуге айналыпты, жаны шығуына шыдапты. «Бір
жерім ауырды!»- деп, қыңқ етпеске көніпті.

Тоқал дыбысын қойған соң, бай да, ауыл да қуаныпты.

- Бақсы бақсы-ақ екен!- деп мақтасыпты.

- Ертең кешке бай мен екеуіңді бір жатқызып, қараймын!- деп,
екеуін бір жатқызып оқыпты. Сондағы оқуы:

Әне, құран, әне, кітап,
Астуаны шырдат сылат, күф!
Әптиекте әліф ажбат,
Иманшартта алты жиат,
Құранда бар салауат!
Бай ұмтылса, дәме ғып,
Бүлк етпе, тыныш жат!- деп үшкірді дейді.

- Түн бе, жоқ, таң атты ма,
Жаныңа жаман батты ма?!

Байдың дөкей сойылы

Қолтоқпақтан қатты ма?!- деп, үшкіреді дейді.

Не керек, тоқал жазылып, бай да көңілі шын жадырап, тоқалдың
өзінің көшке мінетұғын қаратөбел жорғаны бақсыға мінгізіп, дүриес
шапан кигізіп, сөйтіп жөнелтіпті.

Бұл Барпық осындай хайламен әрқашан мал тауып, табыскер болып
жүрген құдың бірі екен.

Екі жігіттің өнер салыстырғаны

Құрттай бала күнінен асықты бірге атысып, бір төсекте жатысып,
бірінен-бірі айырылуға қиыспай жүріскен екі тату құрдас болыпты. Өсіп,
ер жеткен соң, екеуі екі байдың жалғыз екен, қоныстары басқа болып
және әкелері екеуіне де қалың беріп, қатын алып беріпті. Қатын алған
соң, ұя басқан құстай үйлерінен шыға алмайтұғын болып, бұрынғыдай
емес, бірін-бірі көрісе алмай кетіпті. Бір күндерде құба жон, құла түзде

мал жабдығында жоқ қарасып жүріп, октай ұшырасып, көрісіп, бірін-бірі құшақтасып, жыласыпты. «Бақ деген, шіркін, балалық күн екен ғой, баяғы екеуміздің балалық күн қайда? Әкелеріміз болса өліп қалды. Міне, жалғанның жарты пәлесінде қалып, дерт қаратқан сергелден, жоқ жоғалтып сергелден екеумізді серілік душарластырып тұрған жоқ. Сергелден тек көрістіріп тұр ғой!»

Екеуі де жоқ қарап жүргендігін былай тастай беріп, жетімдік мұнын шағып, жылай берді. «Қатын алған соң, мән-жай қалай болады екен?»-деп, бірінен-бірі сыр сұрасты:

- Қатын тұрсын, ол итгі айтпа, сұрама! Бар «бойыңда іске жарайды»- деген итің ұзын болып, түбіне жетпеген соң, жуан болып, ауызын кермеген соң, бір...екі...үшті- төртті місе қылмайды: «Бол, бол, кәне, кәне, тағы, тағы!»- деп, мазамды алады. Сонан тиышым кетін, өзім осыдан жүдеумін,- дейді. - Арықтап, азғаным-сол! - дейді. - Сен өзің менен де жаман жүдеусің ғой! Қатын алған бәрі екеуміздей болса, онда оның күні құрысын!- дейді.

- Жоқ, менің қатыным сенікіндей емес, сенікіне ит ұқсасын! Қатыным көрікті, шырайлы, есті, білгіш. Томырлықты, тұнжыр ма? Қалай езу тартып, ыржиып күлуді білмейді. Қасқайып отырып, қасын кермеген соң, күліп отырып, асын бермеген соң, адамның ішкені ас болып, бойына тарамайды екен. Және: «Менен жақсы көретұғын бір сүйгені бар -ау осының?!»- деп, кісіге қызғаншақтық бір қиял пайда болып, құса болады екенсің. Мен осы қиялдан жүдеумін,- дейді.

Онда біреуі айтты:

- Мен сенің қатыныңды күлегеш қылайын, ол оңай, сен менің қатыныма тоқтау айла тапсаң!- дейді.

- Жарайды, - деп, екеуі бір қулық айла жасауға кіріспекші болады.

- Ал, енді сен жолаушы кетіп, үйінде жоқ бол. Мен өзің жоқта үйіне барып қонайын, - деп, құрдасының жолаушы кеткендігін естіп, барып қонды.

Шешесі қартайып, алжуға айналған екен. Бұл өзі өзін танытып, кемпірді ең жалғыз келіншектің байының құрдасы екендігін айтып:

- Өзім әдейі құрдасымды сағынып, көрейін деп келіп едім. «Екі аяқтыда құрдас тату, // Төрт аяқтыда түйенің ботасы тату»- деген ғой. Жас күнімізде бірімізсіз - біріміз ас ішпеуші едік. Бірімізді- біріміз көрмесек, отыра алмаушы едік. «Бір төсекте екі ортамызда шүберек те болмасын!»-деп, сыр жалаңаш құшақтасып жатушы едік!- деп, «сөздің майын тамызып, суын ағызған» соң, кемпір:

- Қарағымның айтқанының бәрі рас!- деп, солқ-солқ жылай береді.

Келіншек те қонағы мен енесі үн қосып жылаған соң, есі шығып кетіп, о да қосыла жылайды.

- Енді сен екеуің қорықпаңдар: мен қазір сап-сау отырмын ғой. Алдыма табақ келсе, тамақ келсе, ұстамалы бір науқасым бар, есімнен айрылып қаламын. Кісіге залалым жоқ, өзіммен өзім арпалысып, жұлынып: «Өлемін ғой!»- деп үрейлене бастаймын,-деп айтуы-ақ мұн екен, тамақты алас ұрып отырып жеп, есалаңдыққа айналып, қолының майын шашына, басына, бет-аузына сүртіп, далаға жүгіріп шығып кетіп, қайтып келіп, солқ-солқ жылай берді дейді:

- Енді өлдім ғой, енді жоғалдым ғой, қаран суалдым ғой! Сағынып келген жалғыз құрдасымды көре алмай кеттім-ау!-деп,- ойбай, ойбай!-деп, кемпір де, келіншек те жылап: әрі жолаушысын сағынғандық бар, әрі мынаны аяушылық бар.

Және айтты дейді:- Анау күні ауылға даңқы жер жарған бір бақсы келіп ойнап еді. Ол айтып еді: «Мынау не ғып осы күнге шейін өлмей жүрген жігіт екен?» Сонда: «Несі бар екен?»-деушіге: «Бойында ұстамалы күшті жыны бар екен, есалаң қылып, есінен айыратұғын. Бір кемпірі бар, бір келіншек бар үйге қонасың. Сол үйде отырып, есалаңдықпен қолыңның майын шашыңа, басыңа, бет-аузыңа сүртесің. Сонан соң жатқан жерінде майдың ісімен бір сұр қаншық келіп басыңды ала қашады. Ажалың сонан!»- деп еді. Сол бақсының сөзі дәл келгенін көрмейсіз бе? Енді мен өлемін, өлгеннен басқам жоқ!- деп, біресе кеңкілдеп, біресе солқылдап жылай береді.

Онда кемпір:

- Шырағым, бақсың бақсы-ақ екен. Осы ауылда май жаққан айыл-тұрманды жұнттай қылып кететұғын сұр қаншығы құрғырдың бары рас еді. Өзіміздікі емес, басқа үйдікі. Өзіміздікі болса, алдына ас қоямыз,-деп, шақырып, мына келіншек балтамен бір салып, жайын таба қояр!-деп,-Енді қайттік?- деп сасады.

- Ойбай, әже, таяма? Мен балаңның құрдасы болсам, көз алдында итке жегізесің бе? Мына құрдасым мен екеуің күзетіп отыра көріндер!- деген соң:

- Ойбай, қарағым, сен келген соң, жалғызым келгендей қуанып, жүрегім жарыла жаздап: «Жалғызым орнына жалғызым!» -деп отырғанда, сені күзетпегенде, біз не бітіреміз?- деп, қолдарына бірі көсеуді, қалақшасын алып, екеуі екі жағында қақиып отырып алды.

Бұл есалаң жынды кісідей: біресе шешініп, жалаңаштанып, біресе киініп, аунақшып, дөңбекшіп, алас ұрады. Сөйтіп отырғанда, кемпір бырылдап ұйықтап кетті. Бұл өзі шырағданды жалп еткізіп сөндіріп:

- Ойбай, жақ, ойбай, жақ!- деген даусынан кемпір шошып оянды.

Келіншектің қу шақпағы даяр тұр ма, бір үйден барып, от тауып тұтатып жағып ап келейін деп асығып-аптығып, сасып, босып тұра жөнелді.

Сонда жігіт:

- Ойбай, әже, ойбай, әже, тұр, тұр, бол, бол! Басымды ит алып кетті, сорайып кеңірдегім қалды. Сіз мына кеңірдегіме ие бол, айрылып қала көрме!-деп, жалаңаш өзінікін кемпірге қос қолдатып, ұстатып қойды. Сөйтіп отырғанда, шырағданын лапылдатып, келін бақыр кіріп келді. Енесінің қос қолдап ұстап отырғанын көрген соң, қалай күлмей, шыдап отыра алады?

Жігіт атып тұрып, түрегели, киініп, тойынып, атына мінді де, кетті де қалды.

Кемпір де, келіншек те: «Жын ба, шайтан ба,- деп,- немене?»-деп, аң-таң болды да қалды. Енесінің «кеңірдек»- деп ұстап отырғандығын корген келіншек күлкісін тыя алсайшы! «Жынды кісі»-десе, есіне түсіп кетсе, еріксіз күлегеш болды.

Аман-есен өз байы келгенде, келіншек шықса да, күледі, кірсе де, күледі. Байы аң-таң:

- Немене, немене?- деп сұраса, күлкі зор қысқаннан, түсіріп те айта алмайды дейді.

Бұл білді: өзі үйде жоқта құрдасының келіп, айтқанын-айтқандай қылып кеткенін.

Өзінің аман-есен үйіне келгенін құрдасына сәлем айтып, хабарландырды. Онысы: «Үйде болмасын, жолаушы болып кетсін!»- дегені.

Бұл енді атқа мінді, әдемі ер-тұрман салып, үстіне шағы батсайы торғын бұйымдар бөктеріп, бір атты қосаққа алды. Аттары көп жортуыл жүріп, бауырынан жараған, өзі түн ұйқысын көрмей, қабағы қатқан, аса жұрт, арту елдің жолаушысындай асығып, сасып, қашып, босып жүрген кісідей, атын сабылтып, қара терге шомылтып, бір бөтен жолаушы болып, құрдасынікіне қоналқаға қарсы келіп түсе қалды. Бұл өзін танытпады, жөнін айтпады, жанын қоярға жер таппай жүрген кісідей, ентігіп, асығып, аптығып сөйлейді:

- Ол ауылда кемпір бар екен, келін бар екен. Ауыл-аймақ, қатын-қалаш тамаша көрісіп толып кетті. Кемпір келінге:

- Тамақ даярла!- дейді.

- Ойбай, шешеке, маған тамақ берсеңдер, бір қайнауын ішінде қылып, тез қылып бере көріңіздер! Мен ас ішіп, жайланып, жата алмаймын. Тамағымнан ішкен асым әрі өтпей, Құдай ұрып, қаран суалып жүрген жанмын!- дейді.

Естігендер үрпиісіп, шошып кетті:

- Немене, немене?- деп, аң-таң қалып сұрасты.

- Сендер сұрамаңдар: артын айтпаймын, жұртта жоқ бір пәлені Құдай басыма берген жанмын. Өзім жаңада отаулы болып, үйленген едім. Келіншегімнің бойы да, түрі де, кескін, пішіні де, шешеке, таяу мына өз қолыңызда жүрген келііңізден аумаған еді. Құдай-ай, тәубе, «Малға мал ұқсайды, жанға жан ұқсайды»- делінген сөз рас екен. Өзім аттанғанда, үйде еді, менен суыт, менен қатты жүрген жан жоқ еді, қарақұс көтеріп ап келіп тастады ма?- деп, айран-асыр қалып отырмын. Сол келіншегім сырқат аурулы болды. Ауруы сол: сүзек емес, шешек емес, безгек емес; сұйық ас ішсе, тоқтамайды. Аузынан ішсе, артынан саулап төгіледі де отырады. Және жай төгілмейді, сарнап, зарлап: «Кеттім, бардым!»- дегенде, жанды кісі жанында шыдап отыра алмайды. Сонан соң елден ел қоймай, жұрттан жұрт қоймай, бақсы, құшнаш іздедім. «Жынының аты«Жүзей»- деген бір зор бақсы бар»- деген соң, қос атпенен жердің жеті түбінен барып алып келдім. Ол бақсы қобыз тартып ойнады, сарнады, жынның неше атасының атын атап шақырып, үйдің ішін жынға толтырды. Сонда бақсы қобызын тартып отыр. Қобыздың басына тұрған болып қонып, жыны сөйлеп отыр:

- Ай, надан, ақылсыз, ақымақ қазақ бұрынғы ата-бабаның кейінгі сендерге жаны ашып сөйлеп айтып кеткен мақалын есітпеп пе ендер, ұқпап па едіңдер: «Астыңдағы атыңды тұрып тышуға үйретпе, // Қойыңдағы қатыныңды екі с...уге үйретпе!»- дегенін?! Сол сөзді беркерге айтқан жоқ. Түбінде осындай бір пәле боларын болжағандықтан айтқан. Бұл келіншек өзі сабырсыз, шыдамсыз әйел екен. Байына: «Бол, бол, тағы!»- дей берген екен. «Ұра берсе, шайтан да өледі»- деген бар емес пе? Қалыптан асып кеткеннен екі көті бір көт болып, усик (осық) болған екен. Мұндайды: «усик»- дейді. Мұны жазу, сауықтыру біздің қолымыздан келмейді. Ұлы жүз: Үйсінде Құдайменде деген зор тәуіп бар, оның «Қара қабан» -деген күшті жыны бар. Ол тәуіптің өзін жын-дары елсізге алып кетіп, байлап тастайды дейді:«Сен бізді қобыз алып, шақырмайсың, ойнатпайсың!»-деп. Қос ат алып, жатпай-тұрмай, соған жетудің қамын қыл! Бұл қатынның байы- сенсің ғой! Осы сықылды опонды әйелді қалыты шанышпай, тура шаншып бүлдіріп алып, азапқа қалдырғаның!»- деп, оң жағыма бір салып қалып еді. Көзімнен от шарк ете түсті. Күні бұл күнге шейін ауырып тұр. Міне, құлағымның түбінде қалған сол жынның алақанының дағы!»- деп, құлағының түбінде танадай қара қалы бар екен, соны көрсетіпті.

Естіген жұрт қатықтай қатып, сүттей ұйып, сілтідей тұнып нанды дейді. Және онымен де қоймады:

- Мен кісі танысам, мына келіншек те тезінен сол дертке ұшыраса керек. Неге десендер, аумай-талмай менің қатыныма ұқсаған (ұсаған)

екен!- дегенде, келіншектің жаны тас төбесіне шықты, үрейі ұшып, түсі бұзылып, сұп-сұр болып кетіпті. Отырған жұрттар:

- Мынау кісі сақтанатын, абайлайтын жұмыс екен!- деп қала берді.

Жігіт ас-масқа, тамақ- мамаққа айналмай (айланбай):

- Отырып қалсам, ойбай, қатыңым өліп кетеді!- деп, асығып-үсігіп тұра жөнелді.

Отырған жұрт аузы аңқып, айран-асыр, аң-таң болып қала берді.

Бір заманда жолаушы кеткен байы аман-есен үйіне келді. Түнде қатынының қойнына жатып, түзде жүргенде: «Айран құйып іш-сем-ау!»- деп, жүрген сорлы ұмтылайын десе, қатыны зар-зар етін; маңайластырмайды дейді. - Бұл қалай?- дегенде, қатыны естіген- білгенін бұлжытпай сөйлеген соң, жігіт:

- Жарайды, ендеше сенде менің «ұзыннан өшім, қысқадан кегім» бар ма,- деп,- бірден соң зорламайын,- деп, соның өзіне эзер көндірді дейді.

Бұл өзі бір әңгіме төрт әңгімені ойға түсірді. Біреуі: «Екі көтті бір көт қылдың-ау!»- деген. Біреуі «осық» болған қатынды кемпір болған күнінде көрдік. Бірі екі құрдастың татулықпен қылған жұмыстары. Біреуі- бір жігіттің өнері.

Тіней әңгімесі

Үшата-Қозған: Тіней-Мақанның Тінейі өзі сақау еді, бір қызы өзіне тартып, сақау болыпты. Өзі ерке шолжың болыпты. Құрттай күнінде еркелетіп, атшыл болып, атқа мінген соң, әкесінің жанынан қалмай тұғын болыпты. Ол күнде арба жоқ, ылғи түйе Өлеңті, Шідерті арасына бір-ақ көшеді дейді. Ауыл (әділ) басы, көшбасшысы болады. Әлгі ерке қыз әкесінен қалмаймын деп, көш басшыларымен ілесе бірге кетіп және көш басшылары өзенге барсымен түсе қала ма, жайлы қоныс қарап, өзенді өрлей жүре береді. Сонда барып түскен жерінде:

- Туу, әкей, екі көтті бір көт қылдың-ау!»- депті.

Ауыздан шығып құлаққа естілген соң қала ма, бұл күнге шейін айтылып жүр.

Әкесі өлгенде: «Әкеме ас беремін!» - деп, бір қара атын Тіней тұлдап жіберінті. Өзімен тұстас бір Мәлике деген қу Құдайдың құтты күні сұрайды дейді:

- Әкеңе ас бересің бе?- деп.

- Беремін!- дейді.

- Не сойып бересің?- десе,

- Қиямды сойып беремін!- десе керек.

Екі көті бір көт болып кеткен кемпір Күлік ауылыныкі, өзі-Айбас: Даниярдың Данияры, Тұяқ қажының ағайындары. Балаларының аты: Байсал, Жұматай; байының аты-Жылқыбай.

- Ұсик(осик), ұсик деуші еді, бұл қалай қойылған ат? - дегенде:

- Мұнын екі көті бір көт болып кеткен! - деп молда, байлар айтып отырушы еді. Сөйтсе, ондай болғанды қазақ: «Усик» (осик) - дейді екен.

Екі құрдас әңгімесі

Бұрынғы заманда екі тату құрдас болыпты. Бірінің аты- Айдақ екен, бірінің аты- Бойдақ екен. Бұл қазақта үш түрлі мінез бар. Бірі- атына мініп жүрген, атын басқа біреу мінсе, қызғаншақтық. Бірі- қойнында жатқан қатынын қызғаншақтық. Бірі- жер қызғаншақтығы. Бұл Айдақ, Бойдақ бір-біріне бұл мінездерден аулақ.«Қалыңдық ойнай» барғанда, бірінің орнында бірі қалыңдық ойнауға көнісіпті. Әуелі Бойдаққа бұрын қыз айттырылып, құрдасы Айдақ бірге барып, уәде бойынша оның қалыңдығына Айдақ қалыңдық ойнапты. Енді Айдаққа қалың мал беріліп, Айдақ қайнына «қалыңдық ойнай» барғанда, Бойдақ бірге барып, Айдақ бұрыннан татып, қызық көріп қалған неме, қимапты, жеңгелеріне жалыныпты, құрдасымен уәдесі барлығын айтып, отауға салар күн[і] Бойдақты бір қиын-қыстау жабдыққа жұмсап, ол кеткен соң: «Отауға салар жабдығына алаңдар», - деп, сонан соң жеңгелері:

- Отауға саларға союға бір ту бие, бір еркек қой тауып кел. Оны даяр қылмасаң, отауға салар болмайды!- деген соң, «Жазған құлда шаршау бар ма», Бойдақ кетті. Ол кетсімен, қатындар отауды оқшау апарып тігіп, ал шымылдық құрып, алаша, төсек салып, ақ шүберек жайып, қалыңдығын Айдақтың қойнына салды.

Бойдақ та жатпай- тұрмай, «жарғақ құлағы жастыққа тимей», күн қатып, түн қатып, ту бие жетектеп, еркек қой өңгеріп, ел шырт ұйқыда жатқанда келіп, отау тігіліп қалғанын көріп, ат үстінде тұрып өлеңді қоя берді дейді:

Ақ отау шетке қонған Айдақ па екен,
Мерейі сұлу сүйіп қанды-ақ па екен?!
Айтысқан сөз, алысқан қол бар еді,
Біздерге берер нәрсе қойды-ақ па екен?

Сонда Айдақ қойнында жатқан қалыңдығына:

- Менің бұған қарар жүзім де жоқ, айтар сөзім де жоқ. Сен бір-деме деп жауап қайыршы!- дегенде, қалыңдығы басын көтеріп алып айтқаны:

Ау, Бойдақ,білмедің бе той болғанын,
Ақ отау той болған соң шет қонғанын?
Әкесінің көріндей қазып еді,
Білмедім: не қалып, не қойғанын!

Мұны есіткен соң, еркек қойды жерге тастай беріп, биені- ноктасын сыпырып, басқа бір ұрып қоя беріп, еліне қайтып кетті де қалды.

Айдақ барған соң, ел-жұрты:

- Екеуің бұрынғы татулықтарыңды бұзба, татулықтан айрылмандар! -деп, - Бойдаққа жарылмаған қар[быз], ашылмаған боқша- бір жас қыз алып бер!- деп, Айдақ оған:

- Қылша мойным мұнша!- деп көніп, татулық, құрдастықтары баяғысындай болыпты.

Бір епті жігіттің өнері

Бір жақсы, аймағына қадірлі жігіттің қатынының әкесі өлген екен. Ауыл- аймағы: «Бір мал сойып, есіттіру керек!»- десіпті.

Қазақ ғұрпында өлген өлікті артында қалған жанашырларына мал сойып, есіттреді екен. Сонда жігіт айтыпты:

- Менің қатынымның әкесінің өлгеніне бір малды текке шығын қылмаңдар. Өздерің де соймағанды сойғызып, әуреленбеңдер. Мен өзім жылатпай, өкпелетпей, есебін тауып есіттірейін!- депті.

- Сен қалай есебін тауып, жылатпай есіттiresiң?- депті.

- Түнде от сөніп, түндік жабылып, түн қараңғы болған кезде менің төсегімнің тұсына келіп, тындап тұра қалыңдар. Менің қалайша есіттіргенімді тамаша қылыңдар. Мен оның жылауға мұршасын келтіріп, қолын тиғізбейін,- деген соң, құрбы-құрдас, әйел-еркегі- жатқан кезде үйдің сыртынан келіп: «Не дер екен?»- деп, тындасып тұрыпты. Жігіт төсекке басы тисімен, қатынының екі аяғын белге алып, бар күшін аяп қалмай, әрі-бері сілтеп: «Енді бойдан кетеді-ау!»- деген кезде, қалта қарап, тоқтай қалып, жабырқап, мұңайған кісі сықылданып:- Әкең өліп қалды-ау, оны естіп пе едің?- дегенде, астында жатқан қатын:

- Өлсе, Құдай иман берсін! Кім әкесін жанына байлап жүр? Өзіңнің де әкең өліп, өлгенің жоқ қой, қозғай берші,- депті.

Жылау қайда, сонымен көңілі жайланып, жаны сая тапқан бетімен ұйықтап қала беріпті.

Ертең таң атқан соң ауыл-аймағы күлісіп кірін:

- Түнде өзің айттың ғой: «Әкеңе Құдай иман берсін!»- деп көңіл айтысыпты.

Қатын түнде естігенде, жыламаған соң, сол бетімен үн жоқ, түн жоқ, жымыып жүре беріпті. Міне, өнер, жігіт болсаң, осындай бол!

Бір кедейдің сарандығы

Бір кедей қазақтың, Жансары, өзінде ұл жоқ. Жалғыз қызын Қозғанға ұзатқан. Жалғыз қызы төркіндеп келіпті. Сонда қызына мал бермей-беріп қайтарған сөзі:

- Бір сиырым алабас, айдауыңа жарамас. Бір сиырым қашқан жоқ, сен түгіл бұқа етегін ашқан жоқ. Біреуі қашып кеткен қашар, айдауыңа нашар. Бірді-екілі тайынша, о да айдау, байлау көрмей жүргендігін жақсы көреді жайынша!- деп, қызын құр қайтарыпты.

Ақырында: «Өлер шағым болды, баламды көремін!» - деп, шақырып алып, бір бұзау-тайынша беріп қайтарыпты.

Қазақта да мұндай мырза жан болады екен.

Сараңның барып тұрған сараңы

Бір келіншек қатынға біреу:

- Енең келеді!- дегенде,

- Енем інге кірсін!- депті.

- Уай, байғұс, енеңнің қанжығасында саған алып келе жатқан оша мен төсі бар!- депті.

- Енемнің менен басқа несі бар?- депті.

Сонда енесіне тамақ берерде айтқаны:

- Айран аяулы, қымыз құюлы, төс шандыр, сүт ыстық. Не болса да, таң атқан соң, көрерсің! - деп, аш жатқызыпты.

Енесі:

- Үйге қайтамын,- дегенде, айтқаны:

- Бір сиырым бар - қара ала, нанбасаң, барып арала. Бір сиырым бар- мөшке, өзі келеді кешке. Бір сиырым бар- қашар, айдап жүруіне - нашар. Бір тайыншам ала бас, айдауыңа жарамас - деп қайтарыпты.

IV Шешендік өрнектері

Үлгілі сөздер

Барлы, Барлы, Барлы тау,
Басы есеннің- малы жау.
Ұйықтама[са], қабақ жау,
Ішпей жүрсе, тамақ жау!
Арық атқа- қамшы жау,
Жыртық үйге- тамшы жау!
Ұрысқақ болса, ұлын жау,
Керіскек болса, келін жау!
Қашқақ болса, атын жау,
Тіл алмаса, қатын жау.
Кетеген болса, түйең жау,
Тебеген болса, биен жау.
Ұл он беске жеткенше,
Қолға ұстаған қобызың.
Ұл он бестен асқан соң,
Тіл алмаса, доңызың!
Көкпектен өліп қалмаса,
Жасында күйеу алмаса,
Бәрінен өткен қызың жау!

Ақсұңқар, ұшқырмын деп мақтанба,
Алдында жаюлы тұрған торлар бар.
Тұлпар, сен жүйрікпін деп мақтанба,
Алдында қазулы саған орлар бар!
Басым көп деп, топтанба,
Малып көп деп, шоқтанба!

Бұрынғылар айтқан екен:
«Мал ұрысы- пенденің ұрысы,
Сөз ұрлаған- Құдайдың ұрысы»- деген екен.

Сыбырласып сөйлесудің, сөзді жасырып сөйлескішінің хақында айтылған сөз. Бұрынғы заманның жақсылары бүркітше саңқылдап,

айдай ғаламның көзінше сөйлесуші еді. Бұл заманның қулары: «Бері шығып кетші!» - деге[н] пәлеге қалды.«От ішінде мақта // Мақтадай Құдай сақта!»

Абылай хан сауалы

Бір күні Абылай хан қарамына көз тойған, үш жүзден озған, әлемнен озған ала аяқ билері бас қосып отырғанда, айтыпты:

- Дүниеде тозбайтұғын нәрсе бола ма, өлмейтұғын жан бола ма? Тозбайтұғын не нәрсе, өлмейтұғын не нәрсе? Осыны тауып беріңдер де, менен қалағандарыңды алыңдар,- деп.

Сонда отырғандардың біреуі:

- Тас тозбайды, темір тозбайды. Асқар тау өлмейді, аққан су өлмейді, қара жер өлмейді, Ай мен Күн өлмейді- деп, бірі оны, бірі мұны айтыпты.

Абылай хан өзі біліп отырған жоқ, білсе, сұрай ма?

Бұл сөздер орнығып, көңіліне қона қоймапты.

Сонда түбі-тегі Қыпшақ:Таймас- Жуас деген, жұпыны киімі бар, тамам билер ғүлесіп, дүрілдесіп отырғанда, ләм-мимдеп тіл қатпайды, сөз тындап босағада отырады екен, ұшып түрегеліп, Абылай ханның алдына шарт жүгініп отыра қалып сөйледі:

- Алдияр таксыр,бұлардың бәріннің айтып отырғаны-тозатұғын нәрселер, өлетұғын нәрселер. «Тозбасты ұста соқпайды, // Өлместі Құдай жаратпаған»- демеді ме?! Міне, мен тозбайтұғын не, өлмейтұғын не,- айтып берейін! Құдай дескен құда болады, құшақтасқан дос болады. Дос болғанда, бірінен-бірі жүйрік ат алады, қыран құс алады, түзу мылтық алады.Ат өледі, құс қашады, түзу мылтық қисаяды, достық сондаймен тозады. «Төсекте басы қосылсын, // Төскейде малы қосылсын!»- деп, құда болады. Кінт саларда бір дау, мал берерде екі дау, үйге енгізерде үш дау, ұзатарда төрт дау. Осы даулардың бірде болмаса да, бірімен ол құдалық та тозады. Құдай қосқан құда емес, құшақтасқан дос емес, бірінен-бірі жан аяспайтұғын, көрмесе, сағынып жүретұғын бір-екі тату болады. Тозбағанда, сол екі татудың татулығы тозбайды.

Қара жердің өлгені-

Қар астында қалғаны.

Асқар таудың өлгені-

Басын мұнар шалғаны.

Аққан судың өлгені-

Мұз боп тоңып қатқаны.

Ай мен күннің өлгені-
Түнеріп барып батқаны.
Өлмегенде, не өлмейді,
Ғалымның жазған хаты өлмейді,

Жақсының аты өлмейді!- дегенде, естіген жандар сілтідей тұнды.
Абылай хан да айызы қанып, риза болды. Қамқа тонын бас қылып жауып, толық «тоғыз» беріпті.

Отырған көпшілік шулай қоя береді:

- «Батырдан- сау[ға], мергеннен- сыралғы!»- деген, бізге алған олжаңнан байла!- десіп.

Сонда ол Таймас: Жуас айтыпты:

- Мұны бір кимас дүние көріп, байламай бара жатқаным жоқ. «Атамыз Абылай ханның бір айтқан сөзін шешіп беріп, алған нәрсесі екен!»- деп, балаларым мұра қылып, айта жүрсін!»- деп, алып барамын»,- деп, байламастан алып шығып жүре беріпті.

Ерте заманда жас уақытымда естіген сөзім: Тобықты: Құнанбаймен сапарлас болып қажыға бірге барған Сілеті бойындағы-Қыпшақ: Құрман баласы Хасен қажы айтып еді: «Естіген сөзім жерде қалмасын!»- деп, ерінбей қағазға жаза беру маған біткен ауыр әдет болды,- дейді.»

Қазыбек би

Қазыбектің алғаш көзге түсуі

Абылай ханның заманында қалмақты қысқа күнде қырық шауып беттетпей қойыпты. Сонан тағы да басқа елді шабу[ға] өзінің белгілі батырларын алып, жорыққа аттанып кетіпті. Бұлар осы жолы көп жүріп кешігіпті. Сонда арада жүретін өсекшілер қалмақтың Қоңтажы деген ханына барып: «Абылай барған жорықта өліпті. Сен осы кезде қазақтан кегінді алып қал!»-деп, қалмақтың Қоңтажы деген ханын азғырыпты.

Осы сөзге елігіп, қазақтың бір жағын келіп қалмақ шауып әкетіпті. Абылай келсе, елдің бір жағы жетім-жесір болып қалған екен.

Абылай бұл жолы:

- «Сен бар»- деп, ешқайсыңның атыңды атамаймын. Намысқа шыдамағандарың өздерің айт!»- депті.

Сонда Тайкелтір би мен Малайсары батыр:

- Біз барамыз!»- депті.

- Ендеше жүз адам жолдас алып барындар!»- депті.

- Жарайды!- деп, бұлар дайындалып жатқанда, Қаракесек: Келдібек би үйіне келіп әйелінен:

-Қазыбек қайда?- деп сұрапты.

Онда әйелі:

- Бағана тай үйретемін...,- деп, жылқыда шығар,- депті.

Жылқының ішіне келсе, айтқанындай, жылқыда тай үйретіп жүр екен. Келдібек баласын шақырып алып:

- Балам, атқа мініп, атақ алғың келе ме?- депті.

Сонда бала шу дегеннен:

- Атаққа шапқанша, жақсының атын ерттеп, жатқа атымды солай шығарсам, болмай ма?-депті.

- Жарайды, балам, анау тұрған бедеуді ұстап мін де, үйге жүр,- деп, ертіп алып келіп, киіз беріп:

- Бар, балам, жолың болсын,алдыңнан, артыңнан күн тусын! Жортқанда, жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын!- деп батасын беріп,-Жүріп бара жатқан, барып қосыл!- депті.

Келе жатса,қалмаққа баратын топты шығарып, өзі аңға шығып келе жатқан Абылайға қарсы келіп, жолығып, сәлем беріпті.

Абылай:

- Балам,қай ұлсың?- депті. Сонда Қазыбек:

- Тай бәйгесін менсінбей, ат бәйгесіне қосылайын деп жүрген-Қаракесек: Келдібектің сіргелі тайы едім!- депті.

Сонда Абылай:

- Бар, балам, жолың болсын, бақытың арта берсіп, бетінді бұрма! Анау бара жатқан топқа барып қосыл!- депті.

Қалмақтың еліне таянғаннан кейін, Тайкелтір ойланып:

- Жүз кісімен қалың қалмақтың ортасына кіріп барғанда, не бітіреміз? Онан да бір-екі кісі барып, қалмақтың бетін біліп келсін!-депті.

- Бұ да жарайды екен!- де[сіп], сөз білетін бір-екі жігітті жіберіпті.

Бұлар қалмақтың ханына келіп:

- Қазақ болып жиналып, қол келе жатырмыз. «Қапы қалдым!» - демеі, дайындалсын!-деп,сізге жіберді,- депті. Сонда хан өзінің бектерін шақырып айтыпты:

- Алыстан қонақ келеді, шатырды тігіп, малды сойып, дайындалындар! - депті.

Бұлар ханның бетін білген соң, келіп көпшілігіне айтады. Көпшілігі бөгелмей, ханның ауылына келсе, айтқанындай, шатырды тігіп, еркек қойды үйтіп, тайды сойып, сондайын дайындықта екен. Бұларды қарсы

алып күтіпті. Үш күн тынығып жатыпты. Төртінші күні хан келін, аман-дасып, бірге отырып, қалмақ енді бұлардан сұрапты:

- Неге келдіңдер?- деп.

Сонда Тайкелтір айтыпты:

- Өгізді өлеңге байладық, өрлікті төменге байладық. Ақ десең де, қара десең де, істің [шешуін] өзіңе байладық. Ендігісін өзің айт!-депті.

Сонда:

- Бүрсігүнге дейін менен хабар болса, болды, егер болмаса, бастарың аман, жандарың бейбітте елдеріңді табыңдар!- деп, орнынан түрегеліпті.

Сонда босағада отырған Қазыбек:

- Тақсыр, хан, дат!- депті.

Хан:

- Арызың болса, айт! - дегенде, бала былай депті:

- Сен темір болсаң, мен көмірмін,

Еріткелі келгенмін.

Екі елдің арасын

Теліткелі келгенмін!

Сөз бермейтін шешенді

Кеміткелі келгенмін.

Тұтқыр сары желіммін,

Жабысқалы келгенмін.

Жаңа үйреткен жас тұлпар

Жарысқалы келгенмін.

Сен қабылан болсаң, мен- арыстан,

Алысқалы келгенмін.

Шалқақтамай сөз берсең,

Табысқалы келгенмін.

Шалқақтайтын болсаңыз,

Тұрысатын жеріңді айт,

Шабысқалы келгенмін!- депті.

Сонда хан:

- Уа, жаным, сен қай ұлсың?- депті.

Қазыбек:

- Тай бәйгесін менсінбей, ат бәйгесіне қосылайын деп жүрген

Қаракесек: Келдібек бидің сіргелі тайы едім!- депті.

Хан:

- Атың кім?-депті.

- Атым Қазыбек!- дегенде:

- Даусың қаздың даусы сияқты, сенің атың: «Қаз дауысты Қазыбек»- болсын! Сенің келген жолыңа қазақтан алғанды түгел 3 күннің ішінде көзін тауып берем!- депті.

Осылай бітімге келіп, барған жұмыстарын бітіріш қайтыпты. Сол күннен бастап «Қаз дауысты Қазыбек»- атаныпты.

Қазыбектің екінші билігі

Сыр (Сібір) бойына келе бастаған орыс шаруаларын бұл маңнан әрі куу үшін үш жүздің барлық хан-төресі, жақсылары бас қосып, ақылдасыпты. Біреулер: «Соғысамыз!»- деседі. Ашуланысып көпшілік бір тоқтамға, пәтуаға келе алмаған соң, үш жүздің үш төбе биі оңаша шығып, жұмбақтап сөйлеседі. Ұлы жүз: Төле би айтыпты:

- Алар ма ед мына көлдің қуын атып,- депті.

Кіші жүз: Мама биі:

- Тигізе алмай жүрмесек суын атып,- депті.

Орта жүздің Қазыбегі:

- Арылмастай пәлеге қап жүрмесек,

Суда жүрген перінің қызын атып,- депті.

Сонда Төле би отырып:

- Қазыбек, сен соғыспауға байладың-ау!- депті.

Сонда Қазыбек айтыпты:

- Біз орыспен қалай соғысамыз? Пайғамбарымыздың ғаділшілік орыста қалады,- дегені бар емес пе? «Жер астынан жік шығып, екі құлағы тік шыға қалса», қолының ұшын беретін көршіміз орыс болса, жаман болмас!-деп ойлаймын-деп, Қазыбек «Орыс[қа] соғыс ашамыз!»- дегендерді тоқтатыпты.

Қазыбектің үшінші билігі

Ерте заманда Ұлы жүз бен Кіші жүздің жерінде құрғақшылық болып, жауын жаумай, жаз күнде келіп, Орта жүздің жерін жайлапты. Күз болғанда, әрқайсысы өз жеріне қайтып көшкенде, Кіші жүздің бір сері жігіті Ұлы жүздің сұлу келіншегін қиянатпен алып кетіпті. Ел қонысына қонып жайланғаннан кейін, Ұлы жүздің Төле биіне хабар береді. Төле би Кіші жүздің елінен екі жүз жылқы айдатып алады. Кіші жүздің адамдары жиналып, Ұлы жүзден бес жүз жылқы алып кетеді. Екі ел осымен үлкен бүліншілікке [ұ]шыраған осы даудың аяғы үш жүздің

игі жақсысының басын қосады, зор үлкен айтысқа түседі. Ұлы жүздің төбе биі, Төле би:

- Мен ағаның баласымын, билікті мен айтамын!- депті.

Кіші жүздің биі Мама тұрып:

- Мен атаның қара шаңырағындамын. Менің жасым кіші болған[мен], жолым үлкен, мен айтамын! - депті.

Сонда Орта жүздің биі Қазыбек күліпті. Сонда:

- «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра» - деп еді, Қазыбек, неге күлдің?- депті Төле мен Мама.

Қазыбек сонда:

- Сендер атаны білесіндер де, өсиетін білмейсіңдер, соған күлдім!- депті.

Сонда Төле би мен Мама:

- Атаның өсиеті не деп еді?- депті.

Қазыбек:

- Білмесең, атанның өсиеті мынау: «Ұлы жүзді қауға бер де, малға қой. Кіші жүзді найза бер де, жауға қой. Орта жүзді қамшы бер де, дауға қой!»- дегені қайда? Соған қарағанда, төре беру жол[ы]менікі емес пе? –депті. - Жығылсам, алдымда ағам бар, сүрінсем, артымда інім бар: билік менікі еді ғой! Мұны біреуіңнің аузыңа алмағандарың қалай?- депті.

Бұл сөзді үш жүздің жиналған адамдары бір ауыздан қабылдап, билікті Қазыбекке берінті.

Қазыбек осы арада:

- Уа, Үйсін: Төле би, сен атадан үлкен болып тудың. Ініңнің бір еркелігін көтеретін жөнің бар. Оны ойламай, жылқысын неге қуып аласың? Уа, жарқыным Мама би, сен атаның қара шаңырағында қалған екенсің, ағаңның көзінің тірісінде жеңгенді неге зорлықпен әкетесің? «Даугердің адалы құстай ұшатын да, арамы мұрттай ұшатын.»Сен, Мама би, қатыныңды қайтар, сен Төле би, жылқыны қайтар. Екі жағыңда иесіне табысы болмаған, екі аяқты түгіл, төрт аяқты қалмасын!- деп, билік айтыпты.

Бұған екі жағы да риза болып, татуласып, тарасыпты,- дейді.

Қазыбектің төртінші билігі

Қаракесек ішінде Шаншардан шыққан Азбас бидің жасы жетпістен асқанда, әйелі өліп, тоқалдыққа Гөбе сұлуды алмақшы болады. Қыздың әкесі- дөңгелек шаруалы, мінезі жуас Ақберген бұған көнбейді. Бірақ та ауыл атқамінерлері сыртынан билеп, Азбастан 47-[ні] матап берген,

қабылдатады. Азбас енді: «Әке берсе, қыз болмас кімге қатын?»- деп, бір күні өзінің мұндас, сырлас бес құрдасын әдейі қайынына аттандырып:

- Барсаң, сәлем айта бар

Менен арнап Гөбеге!

Көп көрмеген көнеге

Ел ішінде есер көп,

Көзін салып жүрмесіп

Біржындаған немеге!- деп, сәлем айтады қалыңдығына.

Кәрі күйеудің құрдастары, бес шал Ақберген дегеннен төстік жеп, аттанарда Азбастың сәлемін айтады. Бой жетіп, оң жақта отырған Гөбе:

- Ол кісіге менен де сәлем:

Қысса,қиюы келер ме,

Қарағайдың талменен?

Дәмі бірдей болар ма,

Қара судың балменен?

Бізге лайық емес қой,

Алып тұр ғой малменен.

Әкемнен үлкен жасы бар,

Тау құдіреттей басы бар,

Қайтіп ойнап-күлерміз,

Жетпістегі шалменен?! - деп, қамығыпты.

Мұны естіген Гөбенің әке-шешесі, жанашыр туыстары қызды тоқалдыққа бермеуге бел байлайды. Мұны естіп Азбас би ашуланып, шамданып, қызды тартып алуға қамданады. Ақыры екі жағы Қазыбекке келіп жүгінеді.

Қазыбектің алдын көрмей тұрғанда, Азбас би Ақбергенге:

- Мен майлы кара сорыңмын, тәңіріңнен де зорыңмын! Қызыңды тоқалдыққа қайтсем де аламын!- деп, қыр көрсетіп қояды екен.

Қазыбек алдына Азбасты жүгіндіріп отырғызып:

- Азбасым, қартайғанда, азғаның ба? Қыз сені сүймесе, сен оны қалай сүйесің? «Дос егіз, дұшпан- сегіз.» - Әйелдің аққуындай, балаңмен жасты Гөбеге сұқтанып, басына пәле тілегенше: «Есің барда етегіңді жап!» - дегенде, Азбас лажсыздан жуасып:

- Қойдым! - депті. - Осы бітім - бітім! - деп, жүріп кетіпті.

Қазыбектің бесінші төрелігі

Бір байдың жалғыз қызы Ақбалық сұлу- бай, мырза, сұлу серілердің бірін де менсінбей, өз үйінің жас қойшысы Қозыбақ деген жігітке ғашық болады. Қыздың әкесі момын, бірақ ағалары «Бес қасқа» атанған, айбарлы болса керек. Ата-ана, туыстары Ақбалықты жылатпай, өзінің сүйгеніне қосады. Ақбалық сұлу төркінінен еш (нәш) нәрсе алмай, қотан шетінде үш канат құрым отау тіктіріп, отыра беріпті. Бұған намыстанған Майқы, Бошан руларының басшы, ақсақалдары Қаз дауысты Қазыбек биге келіп даттайды. Қазыбек таң қалып, сынау үшін Ақбалық сұлудың құрым үйіне келіп түседі. Қозыбақ қойын жусатып тастап, үйіне түскі дәмге отырған екен.

Қазыбек би Ақбалық сұлуды қағытып:

- Қарындас, мәнді сөзден мән шығады. Беймәнді сөзден не мән шығады? Жапалақ үйрек іліпті, өйткенмен онан не мән шығады?- дегенде, Ақбалық мүдірмей:

- Рас айтасыз, мәнді сөздің мәнісі бар. Беймәнді сөздің не мәнісі бар? Жапалақ үйрек ілгенге таңырқайсыз, оның енді бір қоңыр қаздан дәмесі бар!-депті.

Қазыбек қыздың қойшыны сүйгеніне көзі жетіп, намысқой ақсақалдарға:

- «Байлық- мұрат емес, кедейлік- ұят емес», «Атадан алтау тудым,- деп жалғызға жапа көрсетпе!» - деген, қосағымен көгерсін! - деп бата беріп, басына үй тіккізіп, алдына енші бөліп бергізінті.

Қазыбектің: «Тәңірі алдына барғанда» сөзінің әсері.

Үш жүздің орталығы Ұлытау деген жерде үш жүздің басын қосқан бір үлкен ас болыпты. Ұлы жүздің: Сикым, Жаныс деген екі тап жігіттері, Арғынның бір жігітінің мініп жүрген ертоқымына өте қызығады. Төле биге келіп ақылдасады. Сонда Төле би былай деп ақыл береді:

- 15-20 жігітпен бар да: «Мынау менің былтырғы жоғалған тұлпарымның үстінде кеткен менің ерім!» - деп, менің алдыма сүйретіп алып кел. Мен бір-ақ ауызбен бұйырып берейін! - депті.

Айтқанындай барып, Арғынның жігітін Төле бидің алдына сүйретіп алып келіп:

- Ерімді танып алдым, енді тұлпарымды алып бер! - деп, арыз қылыпты.

Сонда Төле би аудары қарап, ақтара сұрап:

- Көзі бар ерінді өзің ал, көзі жоқ тұлпарың салауат!-деп, төрелік қылыпты.

Арғынның жігіті қарап жүріп, ұры атағын алып, ертоқымнан айрылып, атын жаяу жетелеп, болған оқиғаны Қазыбекке келіп айтыпты.

Қазыбек Төле бидің отырған үйіне келіпті. Келсе, Төле бидің жанында бірге жүріп, бірге тұратын тәуірлерінің бірсыпырасы сол үйде ерді бірінен соң бірі алып көріп отыр екен дейді. Сонда Қазыбек:

- Бұл немене көріп отырғандарың? Маған берші, мен де көрейін,- депті.

Күміс ерді қолына алып, айналдырыпқарап отырып, Қазыбек:

- Қапталың-қайың, қасың шұбар,

Қалмен бет қосқан бір ерсің!

Үйсінге ие Төле би,

Бұл ерге қайтіп тиерсің?!

Сикым, Жаныс екі топ,

Бір ерге қайтіп мінерсің?!

Бұл мінезбен Үйсінді

Бір төбеге үйерсің!

Бұл мінезден қайтпасаң,

Тәңірі алдына барғанда,

Қалменіңмен күйерсің!-депті.

Сонда Төле би:

- Мынау ақымақтар ақымақ болып жүргенге: «Қайтер екен?»- деп, мен бір сөзді ойнап айта салып едім, ерді иесіне беріңдер!-депті.

Қазыбектің 3 сұраққа жауабы:

Ел шетінен бір қарт ақсақал келіп, Қазыбектен үш сұрақ сұрапты. Бірінші сұрағы: «Жақында не жақын?»

Қазыбектің жауабы:

- Тату болса, ағайын жақын. Ақылшы болса, ағаң жақын. Бауырмал болса, інің жақын. Инабатты болса, келінің жақын. Адал асын алдыңа тартқан қимас жақын. Қарындасың, сыбайлас болса, нағашың жақын. Адал болса, досың жақын. Еркелеткен немерең жақын, өз ұрпағың шөберең жақын. Жас кезіңнен жан серігің- бәрінен де әйелің жақын!-депті.

Екінші сұрағы: «Қымбатта не қымбат?». Екінші сұрағының жауабы:

- Алтын ұяң- отауың қымбат, мейірімді апаң қымбат. Құт-берскетан қымбат, аймалаған- анаң қымбат, асқар таудай әкең қымбат. Туып-

өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат. Ұят пенен ар қымбат.
Бәрінен де осының- өзің сүйген жар қымбат!

Үшінші сұрағы: «Дүниеде не қиын?». Қазыбектің жауабы:

- Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмаған дау қиын,
Шанышқылаған сөз қиын!
Дәл осындай жағдайда
Пана болмас өз ойың.
Жазылмаса, дерт қиын,
Іске аспаған серт қиын,
Ақылыңнан адасып,
Өзің түскен өрт қиын!
Тентек болса, ұл қиын,
Не істерінді білмей,
Ашиды-ау сонда бас-миың!

Қазыбектің қартайған шағындағы сөзі

Асқар тау төбе болар тас кеткен соң,
Жақсы ауыл ұры болар бас кеткен соң.
Қадірі бәйбішенің бола бермес,
Қолынан қара саба ас кеткен соң.
Ақсақал төрде отырып не болады,
Кейінгіден: «Тыныш отыр!»- деген сөз жеткен соң?!
Ер жігіт мырза болып не болады,
Қолдан-дәулет, басынан бақ кеткен соң?!
Ханның сөзін қабылдау бола бермес,
Басынан-тәж, астынан тақ кеткен соң!
Әкеден бала безер күн болады,
Қуат кетін, алпысқа жас жеткен соң!

Қазыбектің қастандықтан аман қалғаны

Атасы-Қаракемпір: Қосым жорға, Жалықпас, Ханбертіс- үшеуі күнінде Қазыбекті өлтірмек болады. Мұны қарындасы Мәлике сезеді де, Қазыбекке:

- Барма!- дейді.

Қазыбек:

- Олардан қорқып, үйде тығылып отырып, жан сақтай алмайсың!
Не де болса, тәуекел, барамын!- деп, киіне бастайды.

Мәлике ағасының көйлегінің сыртынан сауыт кигізеді. Қазыбектің Бөдене деген батыр інісі бар екен, ол жол жүріп кеткен екен. «Бөдене жоқта өлтіріп тастайық!»- десіп, үшеуі ақылдасып, Қазыбекті шақыртады.

Қазыбек іркілмей барады. Сәлемдесіп, біраз әңгімелескеннен кейін Қосым жорға:

- Ананы айттық, мынаны айттық, бағанагыны қайттік?- дегенде, Ханбертіс Қазыбекті бас салып, үстіне міне түседі. Үшеуі жабылып, Қазыбекті жұмалап жатқызады. Сырта тұрған біреу айқай салып:

- Бір шаң шығып, біреу келе жатыр!- деп, хабарлайды.

Үшеуі тұра қашады. Бөдене екен. Қашып бара жатқан Ханбертісті көріп:

- Атын атайын ба, өзін атайын ба?- дейді Қазыбекке.

Қазыбек:

- Қан төгіп қайтесің, атын ат!- дейді.

Атын атып өлтіреді, Ханбертіс қашып, Ташкентке кетеді. Екі-үш жыл өткеннен кейін 250 ақ байтал (ақпартал) беріп, сатып алған ақ сәукелені айыпқа беріп, Қазыбектің аяғына жығылады.

Қазыбектің соңғы бір тілегі

Қаз дауысты Қазыбек қартайып, жүгі (жүзге) жетіп өлген екен. Далбада Қарағайлы бұлақты қыстап қалып, қыс ішінде өзінен күдер үзген соң, ел-жұртын шақырта кісі жіберсе, Бекболаттан басқа кісі келе қоймапты. Сонда арман қалған екен:

- «Бауырдың өті күйерлік, қатынның көті күйерлік»- күнде өлмеген соң, күл төбеде қалған кәрі саулықтың жемтігі есебінде қалдым-ау!- деген.

Байдалы шешен

Байдалының күйеуін менсінбегенге төрелігі

Ұлы жүз: Үйсінде бір қыз өз күйеуін менсінбеген турасында.

Үйсін-Төле би Кіші жүзде- Алшын- Әйтеке биге айдапты: «Жүзі басқа елге барып бітіңдер!»-деп.

Алшын- Әйтеке би Орта жүзде: Қозған- Тайтеке биге айдапты. Тайтеке би Қуандық: Байдалы биге айдапты. Сонда Байдалы би бәрінен

жасы кіші, он жеті жасар күні екен. Бұрынғы заманда жасы үлкен ақсақалдары: «Жасы кіші, жаңа талап, жау жүрек»-деп, жас биге айдайды екен. Байдалы бидің берген төресі- күйеуғе «ер қаруы- бес қаруды» асындырып:

- Жайдақ атқа қарғып мініңдер!- депті.- Ер қаруы бес қаруды асынып, жайдақ атқа қарғып мінуге жараса, қатынға бай болуға жарайды. Қызды еркіне қоя бермей, еріксіз байлап беріңдер!- депті.

- Ер қаруы- бес қаруды асынып, жайдақ атқа қарғып міне алмаса, ондай жаман- қатынға бай болуға жарай ма? Айырып қызды теңіне қосыңдар! Мал салауат, жаман, жарамсыз балаға, баланың әл-қуатын білмей, сынамай, жасында қалың берген оған әке өзі виноват,- депті.

Байдалы және Айғаным

(бірінші нұсқа)

Қуандықтан шыққан Байдалы би Абылай ханның Уәлихан деген баласы өлді дегенді естіп: «Өліге бата, тіріге көңіл айтамын!»- деп, барғанда, Уәли ханның ханым Айғаным:

- Түсіріп алып келіңдер!- дегенде:

- Ханым өзі шығып, көріспесе, түспеймін!- деген соң, ханым өзі шыққанда, ханымға құшақтасып, көрісіп тұрып айтқаны:

Ер қартайды, мал тайды,
Екеуледің, Айғаным,
Қатын шайпау, ұл тентек,
Төртеуледің, Айғаным!
Ат арыды, тон тозды,
Жұрт билеген жақсыдан
Жұртқа қайтқан ит озды,
Алтауладың, Айғаным!
Етік тозды, ұлтан жоқ,
Қадір білер сұлтан жоқ
Сегіз болдың, Айғаным!
Кәріптік қатты, жан тәтті,
Тап он болдың, Айғаным!

Сонда ханым:

- Бір бай ініңіз бар деп еді, қараспай ма?- депті.

- Ой, ханым-ай, індегі мал- індегі мал. Ін түбіне қолым жете ме?- депті.

- Бір бай балаңыз бар деп еді ғой, о да қараспай ма? - депті.

- Ой, ханым-ай, баладағы мал- даладағы мал. Даладағы малға малдың шамасы қанша?- депті.

Жүрерінде:

- Көңілге алғаныңыз бар ма, қалағаныңыз бар ма?- дегенде:

- Ой, ханым-ай, саған мен тамыр болғалы қолқа сала келді дейсің бе? Ханның тері сіңген,тебінгісі тигенін берсең де, болады,-депті.

Ханның қамқа тонын кигізіп, ханның өзі мінін жүретұғын жұртқа танымал атын мінгізіп қайтарған екен.

Байдалы бидің сонда айтқаны:

- Өлі аруакты тіргіздің (тірілттін),

Тірі аруакты күлгіздің.

Жұдалының жұрнағы,

Асыл ханның ұрпағы

Екенінді білгіздің!

Ханнан қалған қамқа тон,

Иініме жауып кигіздің.

Жазығы айуан жануар

Сауырысында қалы бар,

Ханнан басқа мінбеген,

Кертторыға мінгіздің!

Байдалы және Айғаным

(екінші нұсқа)

Бұл Байдалы би қартайғанда, нашар, малы аздау болыпты. Батбұқа дейтұғын бай інісі болыпты. Және бәйбіше қатынының баласы еншісі басқа бай болыпты. Бір інісі, бір баласы- бұл кісіге қараспапты. Байдалы би қартайған кезінде Уәли ханның ханымы Айғанымға амандасамын деп келіп, сөйлес қылған соң, ханым:

- Түсіріп алып келіндер!- депті.

- Ханым өзі шықпаса, түспеймін,- деп, ат үстінде тұрыпты.

Сонан соң ханым жанат ішігін жамылып, далаға шыққан соң, Байдалы би аттан түсіп, ханымға көрісіп тұрғанда, айтқаны дейді:

- Ер қартайды, мал қайтты,

Екеуледің, Айғаным.

Қатын шайпау, ұл тентек,

Төртеуледің, Айғаным.

Ат арыды, тон тозды,

Жұрт билеген жақсыдан

Жұртқа қайтқан ит озды,
Алтауладың, Айғаным.
Етік тозды, ұлтан жоқ,
Қадір білер сұлтан жоқ,
Сегіз болдың, Айғаным.
- Ғаріптік қатты, жан тәтті,
Дәл он болдың, Айғаным!- дейді.

Сонда Айғаным ханым айтыпты:

- Бір малды, ауқатты балаңыз бар деп еді ғой, қараспай ма?- депті.

- Уай, ханым-ай баладағы мал даладағы мал, даладағы малға шалдың әлі жете ме?- депті.

- Бір малды, ауқатты бай інііз бар деп еді ғой, ол қараспай ма?- депті.

- Уай, ханым-жан-ай, інідегі мал- індегі мал, ін түбіне қолыма жете ме? - депті.

Сонда ханым үйге кіргізіп күтіп, сыйлап, аттанарға келгенде:

- Көңіліңізге алғаныңыз бар ма?- депті.

- Уай, ханымжан-ай, мен қолқа сұрай келген тамыр ма? Ханның тері сінгенін берсең, тебіңгісі тигенін берсең болад-дағы, - депті.

- Ханның тері көп сінген бір киімі бар еді. Оның сілкіп киер жағасы жоқ еді. Тебіңгісі көп тиген бір аты бар еді, басып мінер құлағы жоқ еді. Жағалы киімді сілкіп кюден, құлақты асауды құлағынан басып мінуден өзіңіз де қалған екенсіз. Бірін мініңіз де, бірін киіңіз, - деп, ханның өзінен қалған қамқа тонды кигізіп, Сырғанақбоз дейтұғын кәрі жорғасын мінгізіп қайтарды дейді. «Бөрі қартайса да, бір қойлық әлі болады»- деген осы сабазыңның шаң берген жері. Қайдан шаң берді?!

Осы Байдалы өр найманы көк етікті Тілеубердіге барып келе жатып, Шідерті деген өзеннің бойында Жаманшат деген жерде ауырып оліпті. Жолдастарына айтыпты:

Менің сүйегімді елге алып барамын деп сүйремеңдер! Осы жерге қойыңдар! Ендігі жылы ауылым басыма келіп ас берсін! Менің асыма шығындамас: «Байдалы биге ас береміз»-деп, елдің алдымен олар келгенде, бұл жақтағы Сүйіндіктің малына індет тиер. Өзі өліп жатқан малды аясын ба: «Бидің сыбағасы» - деп, ошаққа алып келіп тастай берер. Соның өзімен ас болар, - дейді.

- Айтқанындай-ақ: «Байдалы биге ас береміз!»- деп, бұл жағынан Қуандық келгенде, бұл жағынан жайлауға көшкен Сүйіндіктің малына індет тиіп: «Бидің сыбағасы», - деп, арбалап тасыды дейді. Ошақтың басы қан сасып, ас молшылық болды дейді. Бұл күнгеше сол Жаманшат жайлап келген елдің малына індет тиетін болды. Байдалы бидің басы-

на айдап барып, мал сойып түнетсе, тыйылатұғын болды. Өзі айтқан екен:

- Сүйіндіктің індет тиген малына ем болуға жарармын,- деген екен.

Едіге би

Едігенің алғашқы билігі.

Ұлы жүз: Үйсін-Ошақты деген ел Орта жүзден: Малайсары Жәдігер деген таптан бір Құлназар дегенді олтірген екен. Сол заманда Ақбура-Бөрібай ақын деген айтыпты:

- Ошақты, Құлназарға құн бермексің,
Алты «жақсы»,жүз жылқы пұл бермексің!
Алты «жақсы»,жүз жылқы пұл бермесең,
Тұлымды қыз, айдарлы ұл бермексің!
Құлназар келін өлді ауылыңа,
Ішім оттай күйеді бауырыма.
Алты «жақсы», жүз жылқы құн бермесең,
Есекем таңба басар сауырыңа!

Есенбай, Еспембет деген Малай-Жәдігерден шыққан екі батыр екен. Ошақты «Есекесін» керек қылмапты, құлағына да қыстырмапты, кете беріпті.

Замандардан заман өткенде, осы құнды жоқтап, 14 жасар күнінде Едіге би атқа мініпті. Арғыннан- Едігенің соңынан ерген жүз кісі болып жүріпті. Шу деген өзеннің бойына барып түсіпті. Он кісіге бір үйден-бұларға Ұлы жүз он үй тігіпті. Алшынны бар, Жағалбайлы, Тамасы бар,- бәрі қопарыла келмесе де, Кіші жүзден де басты-басты кісілер келіпті. Алшын: Қаражігіт бар дейді. Бесіннен төмен, намаздыгерден жоғары үш жүздің баласы бас қосып, амандық айтысып отырыпты. Осы құннан басқа үш жүздің баласында бір тоқты даулаған жан жоқ екен деседі. «Әділ бидің елін дау араламайды, //Әділ патшаның елін жау араламайды» - делінген сөз осындайдан айтылған ғой. Дау-шар дәнеме айтылған жоқ, амандық-есендік сөйлесіп отырды.

- Намаздыгер болып қалыпты, намаз оқиық!-деп, көп ду түрегелгенде, Ұлы жүздің кісілерінің ішінен ұзын бойлы, нар жүнді шекпенді бір қара кісі түрегеліп тұрып, Орта жүз кісілеріне қарап сөйледі:

- Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен? Алмасың болса, мойным бар, асылың болса, қойным бар. Бұ сөзімді ойлай бер!- деп, аяғын баса бергенде, Едіге:

- Ақсақал, кішкене мойныңызды бұрыңыз! «Кигіз кімдікі болса, білек сонікі. // Ауыз кімдікі болса, сөз сонікі.» Кен шыққан жеріне қайтып сыймайды. Сөз шыққан жеріне қайтып сыймайды. Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден! - деп, қала беріпті.

Отырған жұрт бірінен-бірі сұрасыпты:

- Әлгі Ұлы жүздің кісі қараларының ішінен сөйлеген кім? - десіп.

Онда танитұғын біреуі:

- Ол- Үйсін: Төле деген би- сол! - депті.

Онда Едіге:

- Үйсін: Төле би сол болса, мен біттім, тындым! - депті.

- Сен қалай біттің? - депті.

- Ертең таң атсымен, алты атаның ұлы Арғынга алты ат бастатқан «тоғыз» жібереді. Төрт атаның -Төртуылға- төрт түйе бастатқан «тоғыз» жібереді, оны қылса, қолынан ұстап жалаңаш қыз береді. «Жар құн»- деген құн осы болады! - депті.

Едігенің айтқанындай болыпты. «Ер құны есебін тапқан сабаға екі-ақ ауыз екен ғой!» - деп, сондағы көз көргендер сөйлеген екен. Он «тоғыздың» аяқ «тоғызын» Төле бидің өз босағасына тастап, бас «тоғызын» үйде жатқан Бабырдың босағасына байлаған екен. Сонда Бабырдың інісі Құлнияз Едігемен бірге барып, бірге қайтқан екен.

- Бірге барған, бір жүріп, бір тұрған бізге дәнеме де жоқ. Үйде жатса да, үндемесе де Бабыр еңбегі екен-ау- дегеннен: «Үндемесе де, Бабыр еңбегі»- деген сөзі мәтел болып қалды.

Едігенің Тоғаспен құда болуы

(бірінші нұсқа)

Едігенің бала жігіт, жаңа үйленген кезінде үйінің сыртынан он кісі келіп түсе қалды. Шатыр тігіп берді. Және он кісі келіп түсе қалды. Оған да бөлек баспана тігіп берді. Түнде қонақасысын беріп, таң атқан соң, ұйқы қанып, тамағын ішкен соң, би келіп:

- Жол болсын! - деп жөн сұрайды:

- Ұлы жүз: Үйсін-Тоғас бидің елінің адамдарымыз. Өзді-өзіміз даулымыз. Дау себебі: ұрыс-төбелес болып, бір қатын бала тастап, соны құрым кигізге тігіп алып, өз еліміздің биі Тоғас биге барып едік:

- Көз таңбалы Арғында Манас би деген бар еді. Соған барыңдар!- деп,бізді бұйрық қылып, Манасқа айдады. Оған келіп едік:

- Қаз дауысты Қазыбек бидің баласы- Бекболат биге барыңдар,-деп, бұлай айдады. Бұған келіп едік:

- Кеше үш жүздің басы қосылғанда, Үйсін- Төле менен ердің құнына екі-ақ ауыз сөзбен біткен Едігеге барыңдар!- деп сізге айдады. Жүрген жайымыз-сол!-дейді.

Екі даугерді алдына алдырып, құрым кигізге тігілген баланы кигізін сөктіріп көрсе, түсік екен. Анық бала болған жоқ екен, бас, қол, аяқ- мүшелерден белгі жоқ екен. Ортан қол, сұқ қол сықылды: екі бөлек егіз бала екен.

Сонда Едіге би бұған бұлайша төре берді:

- Мұнда бастайтын бас жоқ екен, көретұғын көз жоқ екен,ұстайтын қол жоқ екен, жүретұғын аяқ жоқ екен. Он екі мүше түгелденген жоқ екен.Бұл адам есебіне қосылмайды. Бұған құн бұйырылмайды. Бірақ ата-бабамыздан қалған сөз бар еді: «Даушы құр қалмайды,жаншы құр қалмайды»- деген. Бұған айып керек. Ұрыс-төбелес болғанлығы үшін, таяқ жеген қатынға жақтас болғандарың ат бастатқан «тоғыз» айып тартыңдар. Қатынды ұрғанға жақтасқандарың түйе бастатқан «тоғыз» айып тартыңдар. Бір «тоғызды»Тоғас бидің босағасына байлаңдар. Бір «тоғызды» Манас бидің босағасына байлаңдар! Бекболат пен екеуімізге бітіріп қайтарған абырой да болады!- дейді.

Екі жағы да риза болып, бұл сөзді Бекболатқа барып айтты.

О да: «Пәлі!»- дейді. Манас биге барып айтты. О да: «Пәлі!» -дейді. Тоғас биге барды. О да: «Пәлі!»- дейді. Тоғас би Едігенің сөзіне риза болғандықтан, қыс ішінде он жігіт жіберді:

- Едігенің қызы болса, құда түсіп келіндер! Егер қызы жоқ болса, еркек баласына бізден қыз айттырсын! Құдалыққа шақырып келіндер!- деп.

Қыс ішінде он жігіт келді. Едіге биде қыз жоқ екен. Қиғара деген ұлы бар екен. Соған Тоғас бидің Нақ деген қызын атастырып: «Жаз шыққан соң, елдің жайлауы, биенің байлауына қарсы келіп, құда түсіп қайтыңыз!»- деп, шақырып қайтты.Бұлардың жолы құр болмасын деп, он кісіге он ат, он құлын терісі- қаражарғақ кигізіп қайтарды.

Жарқырап жаз шыққан соң, күркіреп көк шыққан соң, Едіге би бірнеше адамлармен Тоғас бидің еліне барса, Тоғас бидің елі бір аққан өзен судың бойында екен. Екі жарқабақ өткелсіз су екен. Ине шаншар бос жер жоқ болып, өзенге сыңыса ел қонған екен. Азан-қазан, қым-қуыт, шым-шуыт болып шулап жатқан бір ел. Таң-тамаша қалып, Тоғас бидің

үйінің сыртына келіп түсті. Тоғас би келіп көрісіп, амандық айтысып болған соң:

- Бұл у-шу, аласапыран, жаңғырыққан немеңе? - дейді.

Тоғас би:

- Оның мәнісі бар, - дейді: - Кәрі қатты Жәңгір хап деген ханымыз бар еді. Соның жалғыз баласы бар еді. Сол жалғыз баланың өлгеніне бүгін сегіз күн болды. Жалғыз баласы өлген соң, хан елге жарлық қылды:

- Төрт түлік малдың енесін судың бір жағына қойып, баласын бір жағына қойыңдар! Қозыны қойға жамыратпаңдар, бұзауды- сиырға, құлынды- биеге, ботаны- түйеге! Мен қандай аңырасам, жаң-жануар, хайуан да мендей аңырап, зарлансын! - деп.

Сол жарлық бойынша бүгін сегіз күн болды төрт түлік малдың баласы енесіне жамырамағалы! Мал шулап, азан-қазан болып тұрған соң, халықта не тыныштық, не құзыр болсын?! Хан өзі сонан бері дым сызған жоқ. Тосектен басын көтерген жоқ, теріс қарап жатып алған бойымен жатыр. Ешбір жанның сөзі құлағына да кірмейді, дес те бермейді. Еліміздің қым-қуыт, шым-шуыт, у-шу болып тұрған мәнісі – сол! - дейді.

- Ханның өзі Құдайға құл, Мұхаммедке үмбет пе? - дейді.

- Құдайға құл, Мұхаммедке үмбет, - дейді.

- Ендеше ертең оның басын тосектен шошығандай қылып, көтертейін мен! - дейді.

- «Оналар істің басына, // Жақсы келер қасына», - дегендей, жақсы келдіңіз! Бүгін қонағасыңызды жеп, тынығып жайланыңыз. Ертең сізді алып, ханның ордасына барайық, - дейді.

Бұл түн жатып, таң атқан соң, Тоғас би Едігені ертіп, ханның ордасына барды. Қазақ дәстүрінше:

- Алдияр! - деп, ашық қылып, сәлем беріп, өз білгендерінше баға қылысып отырды.

Хан басын көтеріп бұларға қарамады да, дес те бармеді. Сонда Едіге шарт жүгініп отырып сөз бастады:

Ақ сұңқар ұшты ұядан,

Қол жетпейтін қиядан.

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,

Қияғы бүтін сұңқар жоқ.

Тұлпардың тұяғы,

Тасқа байласа, кетіледі,

Суға байласа, жетіледі.

Алтын қонырау үзіліп жерге түсті.

Құс маңдайлы, жез таңдайлы

Бір тұйғын балақ бауын үзіп, тұғырынан ұшты.

Құдайдың саған бір жабдығы түсті.

Мойының жуан, көтересің!

Көтермегенмен, амалың бар ма?!

Оны алған Құдайдың әмірі күшті!

Көтер, хан басынды!

Босатпа белінді,

Мұнайтпа елінді!

«Тозбасты ұста сокпайды,

Өлместі құдай жаратпайды» - деген! - дегенде, хан басын төсектен жұлып алғандай, көтеріп, Едігеге ежірейіп қарап, кадала қалды. Біраздан соң:

- «Көз таңбалы Арғында Едіге деген бір жас бала бар», - деп, естуші едім. Солмысың, жоқ басқа біреумісің? Айнама, жөніңді айтшы?! - дейді.

- Болсақ, болармыз, - дейді.

- Айтқан аузыңнан да айналайын, сені көтеріп тапқан қатыннан да айналайын! Балам өлгелі сегіз күн болып еді, осындай бір ауыз сөз айтып, көңіліме тигізген жан жоқ еді. Балам тірілгендей, көңілім тірілді менің! Осы қайғым қайтсем кетеді, не қылсам, мұнан құтыламын? Менің қайғымды кетіріп, орнымнан біржолата тұрғызып кете гөр, шырағым! - дейді.

- Сенің бұл қайғың жиылған көптің тобында қалады, атылған мылтықтың оғында қалады. Қыран құстың қияғында қалады, жүйрік аттың тұяғында қалады. Аққан судың бойында қалады. Сұлу қатынның қойнында қалады. Өлім деген, шіркін, өрт емес пе? Оны сөндіретін ойын-күлкі, сауық, көңіл көтеру емес пе?! «Ит құйрығын өзі алып жүрмесе, оның құйрығын кім көтеріп жүреді?!» - деген сөз бар емес пе? - дегенде, хан төсегінен ұшып тұрегеліп:

- Өшкенім өніп, сөнгенім жанғандай, өлгенім тірілгендей болды ғой! - деп, малды жамыраттырып, дүниенің жүзін шандаттырып, қыран құс, жүйрік ат, түзу мылтық жинаттырып, той-тамашалар қылдырып, Тоғастың киітінен ханның сыйыты асып кетті дейді. «Өнер алды-қызыл тіл» - деген осы.

Сол Тоғас бидің қызы Нақты қыс ішінде ұзатқан екен. Тоғас бидің өзі қызын: «Едіге бидің үйіне ертіп алып барып, аман-есен құтты жеріне қондырып қайтамын!» - деп, бірге ере жүріп келе жатып, жолда қонып түстенген жерде қыз бен күйеуі отырған күркеге кіріп келсе, күйеу келіншегінің екі аяғын қойнына салып жылытып отыр екен. Соны көрінті де:

- Ұрғашыдан құны төмен неме екен. Бұған еріп барып мен не абырой табамын?! - деп, күйеуінің мінезіне өкпелеп, сол жерден қайтып кетіпті.

- Нақтан туған Шаржау жалғыз, онан Добан мырза жалғыз туған екен. Қатынына қызығып, Шоң бидің тоқалының баласы Қорабай деген Ерейменнің бауырында, Қарасенгір деген жерде Кешубай жартастың Қарасуына мойнына шылбыр салып, терең суға тастап өлтірін, қатынын алған, өзін Ереймен ішінде көлдің басына қойған. «Үш мырзаның көлі»- атанған: Төкі, Шүркен, Добан- үшеуі бір жерде.

Бұл үшеуі: Добаннан- Қамин, Қарақыз, Сайділда. Тоғас бидің өзі екен: Нақтан туған Шаржау жалғыз. Шаржаудың бәйбішесінен Добан жалғыз, тоқалынан Үмбет, Мәмбет молда. Мұнан- Садуақас. Төкі- Шоңның бел баласы. Шүркен- Ақынбайдың тұңғышы. Добан- Шаржау баласы, Қиғара немересі- үшеуі қыршын жастай өлген.

Едігенің Тоғаспен құда болуы (екінші нұсқа)

Едіге би Жақсыдалбада- Қарағайлы бұлақта отырған күнінде үйінің сыртына он жолаушы келіп түсе қалыпты. Ол заманда киіз үймен қыстап шығатұғын күн, үй сыртынан күрке тіктіріп беріпті. Оның артынан іле он кісі түсе қалыпты, оған да күрке тіктіріп беріпті. Қонағасыларын беріп, ертең таң атқан соң, бәрін үйге шақырып, құрт жылыттырып беріп отырып, жүрген- тұрған жөн-жобасын сұрапты. Сөйтсе, олар:

- Ұлы жүз: Үйсін- Тоғас бидің елінің кісісіміз,- десіпті.

- Өз ұлтымыздан, ағайын арасынан бір ұрыс-төбелес болып, бір қатын бала тастады. Өз ортамыздағы биіміз Тоғас би: «Ағайын бірің оң көзімсің, бірің сол көзімсің: мен қанша түзу айттым дегенмен, жығылған жағың өкпелі боларсың! Көз таңбалы Арғында Манас би деген би бар, соған барыңдар!»- деп, солай айдады. Ол Манас би: «Қаз дауысты Қазыбектің баласы -Бекболатқа барыңдар!»-деп, оған айдады. Ол Бекболат: «Үш жүзге үлгі айтқан Үйсін: Төле би жалғыз ауыз сөзіне риза (ырза) болып, барған жолына он «тоғыз» байлаған Едігеге барыңдар!»-деп, сізге айдады. Келіп отырған мән –жайымыз сол!»- деді.

- Ол қатыннан түскен түсік қайда?»- деді.

- Құрым киізге тігін алып, қанжығамызға байланып жүрміз, - десті.

- Кәне, алып келіндер, көрейік!»- деді.

Тігіп тастаған құрым кигізді алып келіп,сөктіріп, көріпті. Корсе,екі бөлек сүйек екен, егіз бала екен, бас, кол, аяк- он екі мүшеден бір мүше жоқ, сурет бола алмаған екен.

Едіге би сөйлепті:

- Мұнда бастайтын бас жоқ, көретұғын көз жоқ, ұстайтын-кол,жүретұғын аяқ жоқ. Кісі есебіне, адам санына қосылған жоқ екен, бұған құн бұйырмайды. Бұрынғы ата-бабамыздан қалған сөз бар еді: «Даушы құр қалмайды, жаншы құр қалмайды»- деліпген. Бұл төбелеске екі «тоғыз» айып салу керек. Қатынды ұрған жағын түйе бастатқан «тоғыз» төлеуің керек. Қатынға болысып төбелескен жағын ат бастатқан «тоғыз» айып төлеуің керек. Түйе бастатқан «тоғызды» Тоғас бидің босағасына байлаңдар, ат бастатқан «тоғызды» Манас бидің босағасына байлаңдар! Бекболат пен кеуімізге бітіріп қайырған абыройдың өзі олжа болуға толық!- депті.

Бекболатқа барып айтқан, о да: «Пәлі!»- депті, Манасқа барып айтқан екен, о да: «Пәлі!» -депті. Тоғасқа барып айтқан екен, о да: «Пәлі!»- депті.

Оның ырза (риза) болғандығы сондай- ақпан мен қаңтар- қыс ішінде он жігіт жіберіпті: «Едігенің қызы болса, айттырып келіңдер. Қызы жоқ болып, ұлы болса, қыз беретұғын болып келіңдер. Өзін қонаққа шақырып келіңдер, «Елдің жайлауы, биенің байлауы болсын!»- деп, тоқтамасын, жарқырап жаз шығысынан, күркіреп көк шығысынан қалмай келсін!»

Он жігіт келсе, Едіге қыздарын әр орынға атастырып беріп қойған екен. Алты қыздан соң туған Шоңға да қалың беріп қойған. Шоңға тетесі Қиғара, оған қалың берген жоқ болса керек. Сол Қиғараға Тоғас бидің Нақ деген қызын атастырып қайтты дейді. Едіге би бұл келген он жігітке он қара ат,он қара құлын жарғақ кигізіп қайтарыпты.

Жарқырап жаз, күркіреп көк шығысымен: «Ат қара тел (тіл) болды»- десіп, Едіге би аттанып, бірсыпыра кісімен Тоғас бидің еліне барды. Тоғас бидің елі Күркілдек өзенінің бойында отыр екен. Қым-қуыт, шым-шуыт, азан-қазан, у-шу болып жатқан жұрт. Тоғас биге барып түсіп, көріскен соң, елдің ың-жың болып жатқан мән-жайын сұрады.

- Мұның мән-жайы мынау,- деді,- елімізде: «Кәрі қатты-Жәңгір хан» атанған ханымыз бар еді. Сол ханымыздың жалғыз баласы жардан құлап, жайрап қалғанына бүгін сегіз күн болды. «Мен қандай зарлап қалған болсам, жан-жануар, мал да, жан да мендей зарласын!»-деп, жаңа туып жатқан жас төлдің енесін өзеннің бір жағына, баласын өзеннің бір жағына қаматып, иіртіп, сегіз күн, сегіз түн болды- мал баласы жамырамағанына!Хан өзі теріс қарап жатып алды. Баласы өлгеннен бері

нәр су татқан жоқ, ешбір жанға тіл қатқан жоқ. Елдің осындай күйзеліп тұрғандығы!-деді.

- Ханның өзі Құдайдың құлы, Мұхаммедтің үмбеті ме?!-деді.

- Құдайға құл болмаған, Мұхаммедке үмбет болмаған жан бола ма?-деді.

- Ертең о неменнің басын, түсінен қорқып оянған жандай, бір көтертейін, мені алып бар!- деді.

- Жарайды, бүгін қонағасыларыңды жеп, жайланып жатыңыз, не болса, ертең көрейік!-десті.

Ертеңгі күннің таңы атып, күні шықты. Астарын ішіп, түннен қалған сарқыттарын жесіп, өздеріпе өзі келіп, жайланып, сақадай сайланып, кәрі қатты Жәңгірханның үйіне барысты. Бұлар саңғырлап сәлем беріп, кіріп еді: «Күндегі көп сәлемнің бірі ғой!»-деп, хан тебіренбей, тырп етпей жата берді. Сонда Едіге шарт жүгініп отырып сөйледі:

Ақ сұңқар ұшты ұядан,

Қол жетпейтін қиядан.

Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,

Қияғы бүтін сұңқар жоқ,

Тұлпардың тұяғы

Тасқа байласа, кетіледі,

Суға байласа, жетіледі.

Теректен- бұтақ,

Теңізден- көбік.

Ақ сұңқар әуелеп аспанға ұшты,

Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті.

Хан, саған Құдайдың бір жабдығы түсті,

Мойның жуан, көтересің күшті!

Көтермегенмен, қайтесің?!

Оны алған Құдай

Одан да күшті, бұдан да күшті!- дегенде, хан басын көтеріп, көзін ежірейтіп, Едігеге қадалып қарай қалды:

- «Көз таңбалы Арғында Едіге деген бір жас бала бар»-деп естуші едім. Солмысың, басқа біреумісің, өзінді танытшы!-деді.

- Болсақ, болармыз!-деді.

- Айтқан аузыңнан айналайын, сені көтеріп тапқан қатынның а... нан айналайын! Балам өлгелі бүгін сегіз күн болып еді. Осындай қылып бір жан сөйлеген емес. Сондықтан мен өліп жатыр едім, енді мені тірілттің, тірілттің! Бұрынғылар: «Өшкенің өңсін, өлгенің тірілсін!»- дейді екен. Ошкен өнбек емес, өлген тірілмек емес.«Өшкен өнді, өлген тірілді»-деп, осындай орынға тұрған, көңілге қонған сөзді айтады екен.

Көтере алмай жатқан басымды көтертпін, өзімді біржолата тұрғызып кетсейші!-депті.

Сонда Едіге:

Сенің бұл қайғың:

Жиылған көптің тобында қалады,

Тұзу мылтықтың оғында қалады.

Жүйрік аттың тұяғында қалады,

Қыран құстың қияғында қалады.

Жыландай иіріліп,

Құйындай үйіріліп,

Аққан судың бойында қалады.

Ақ маралдай керіліп,

Аяғын бір басуға ерініп,

Ырғала басқан сұлудың қойнында қалады!

Өлім деген, шіркін, өрт емес пе?!

Осы айтылғандар-

Оны сөндіретін су емес пе?!

Ит өз құйрығын өзі котеріп жүрмесе,

Оның құйрығын кім алып жүрмек?!-дегені-

Адам өз көңілін

Өзі көтеруге керек»- дегені емес пе?!-дегенде, хан ұшып тұра келіп, сілкініп:

- Менің ошкенім өнді, өлгенім тірілді. Алып кел малды, қыр да, сой. Мен жұртыма беремін зор тамаша той!-деп, «Тоғастың киітінен ханның Едігеге берген сыйыты артық болды!»- дейді.

Сол Тоғас би Нақты кемеліне келтіріп, ырғап-жырғап, қыс ішінде ұзатқан екен.

- Құдағиымды көріп қайтамын,-деп, Тоғастың бәйбішесі бірге жүрген екен.

Бір күн[і] құдағиы күйеу мен қызының күркесіне кіріп келсе, күйеу пақыр қалыңдығының аяғын қойнына салып жылытып отыр екен.

- Ұрғашыдан құны кем неме екен ғой, мынаған еріп еліне барғанмен де, көп жаманның бірі болып кетермін!- деп, өкпелеп, сол жерден еліне қайтып кетіпті.

Өуел Едіге, Орта Едіге, Ақыр Едіге,- үш Едігенің бірі болған Едіге би- осы кісі. Әлі осы күнге шейін: «Едігенің майлы жұрты»,- дейді. Бұл кісі Жиделібайсын барып, Хасар Күлептен келе жагып, Бұхарай Шәріпте бір мешітке намаз артынан бата қылғанда, қолын жеңінен шығармай, бата қылыпты. Сонда мешіттің имам молдасы:

- Биеке, бата қылғанда, қолыңызды жеңіңізден шығарып бата қылыңыз, құдайдың рахметі жауады!- депті. Онда Едіге айтыпты:

- Әуелі рахмет қайдан келеді?- депті.
- Жеті қабат көктен келеді,- депті.
- Жеті қабат көктен өте ала ма?- депті.
- Өтеді,- депті.
- Там үйдің төбесінен өте ме?-депті.
- Өтеді,- депті.
- Жеті қабат көктен өтіп келген рахмет, там үйдің төбесін сылап тастаған балшық пен тақтайдан өткен рахмет екі қабат шүберектен өте алмайды дегенге кім нанады?!- депті. Молда дәнеме айта алмапты. «Сөз тапқанға қолқа жоқ»,- деген-осы.

Едігенің көрген түсі (бірінші нұсқа)

Едіге бидің балалары қатынының бойына бітерде көрген түсі:

1. «Шоң биде қара бүркіт ұстадым. Жемсауы үлкен: әр түрлі аңның бәріне салып едім. Жемін екі қанатымен бүркеп отырып жеді. Паракор болар!»- деген екен.

2. «Қиғара туарда қырғауылдың қоразын ұстадым, мал баққаннан басқаға жарамас»- деген екен.

3. «Шорманда (Сарманда) тот басқан темір қылыш тауып алдым. Оның тотын кетіріп, іске жаратамын дегенше, кім бар, кім жоқ?!»- деген екен.

4. «Торайғырда- сұңқар ұстадым: айдын шалқар көлдің бір шетінен кірді, бір шетінен шықты. Алған құсын бір шоқымады, табанымен басып, кекжиді де отырды. Адамның сұңқары болар!»- деген екен.

5. «Қосдәулетте ұстағаным қаршыға еді, артынан кешікпей жапалак болып кетті»- деген екен.

Едігенің көрген түсі (екінші нұсқа)

Едіге би Борсық бәйбішеге бейсенбі, жұмасыз күні қойнына жатпайды екен. Қойнына жатқан соң, тааратын алып, төсегінің үстінде қыбылаға қарап отырып ұйықтайды екен. Борсық бәйбіше әуелі бес қыз тапқан екен. Сонда бір күн жұма (жымға) ақшамында Едіге би бәйбішесіне:

- Тұршы, тағарат ал,- деп, тағарат алған соң, бәйбішесінің қойнына жатып,- сенің ішінде бір нәрсе бар ма?- депті.

- Бар болса, қыз-дағы,- депті.

- Жоқ, қыз емес, түс көрдім, бір қара бүркіт уыстап ұстадым. Неше түрлі аңның бәріне салып едім, алмаған аңы болмады. Алған аңын айыртпады, екі қанатымен бүркеп жеп отырды. Жемсауы мейлінше зор екен, балақ жүні тұғырын жауып кетті.

Шоң бидің өткен жылы- қой жылы екен. Жетпіс екі жыл болады өлгеніне. «Қу мешін»- деген жұт болды. Онан бұрын Арқада жұт болмайды екен. Азнабайдың жеті мыңы сонда- Өлеңті, Шідертінің арасында қырылды.

Едігенің көрген түсі

(үшінші нұсқа)

Бұрынғылардың қандай жан екендігін қасында жүрмесең де, мен сөйлесем, танысың!

Ол заманда қожа, молда жоқ: «Ораза жоқ, намаз жоқ, // «Құдай»- деген жанбыз!»- деп жүре береді. Едіге би өмір бойынша шарт жүгініп отырады екен. Малдас құрып отыруды, жантайып жатуды білмейді екен, басын жастыққа тигізбейді екен. Түн қараңғы, түндік жабулы болса, төрдің алдына құбылаға қарап отырады екен де, қояды екен. Қағынына дауам бейсенбіден жұмаға қараған түнде құсша шағылысады екен. Жұмысы біткен соң, суға шомылып алып, төр алдына құбылаға қарап, шарт жүгініп отырысынан жазбайды екен. Қатыны- Борсық бәйбіше- Кіші жүз қызы екен. Жүремете ұдайымен алты қыз тапқан екен.

Бір күн Едіге – отырыста отырған кісі, өзі төр алдында отырып, төсекте жатқан қатынына:

- Қатын, дәреттенші!- депті. Ол сөзінің мәнісі- жұмысқа кірісерде қатынын суға шомылдырып алып, сонан соң қимылдаға[нды] бастайды екен.

Қатыны жақтырмай:

- Қойшы, арман! А...ын ырбитып, қыз итті таба бергеннен не түседі?- депті.

- Ит, былшылдама! Тұр деген соң, бол деген соң, бол, жылдам, дәреттен! Жап-жаңа бір қара бүркіт ұстадым. Балақ жүні тұғырды жауып кетті, жемсауы мейлінше зор. Салмаған да аңым болмады, алмаған да аңым болмады. Екі қанатын бүркеп алып, алған аңын бір айыртпады. Өзі би болар, өзі парақор болар. Заманындағы адамның толық дөкей ірісі

болар. Үбірлі-шүбірлі болып, арты өсіп,-өнер!- деп, қатынына жатқан екен де, қатыны ер ұл тауып:«Бұл шоң болар!»- деп, атын «Шоң» қойған екен. «Шоң» - қырғыз тілі болса керек. Кәдуілгі (қадуылғы) атағы шыққан Шоң- Торайғырдың Шоңы.

Екінші дәреттенгенде:

- Бір қырғауылдың қоразын ұстап алдым. Қой бітіп, қотан иесі болғаннан басқа дәнемеге жарамас!- депті. Онысы- Қиғара.

Үшінші:

- Дәреттен,- дегенде,- тот басқан қылыш тауып алдым. Тұқымынан ұста шығар.Атын кісі білмесе, кісі білерлік жан шыға қоймас!- деген екен. Онысы Сарман болыпты

Төртінші дәреттенгенде:

- Бір сұңқар ұстадым. Бір көлден бір үйрек ұшырмады. Және алған үйрегін бір шоқымады. Адамның сұңқары болып туар!- депті.

Бұл айтқаны Торайғыр болып шықты.

Бесінші: «Дәреттен,- дегенде,-қаршыға деп қызығып ұстап едім, жапалақ болып кетті ме, немене? «Би баласымыз» дегеннен басқа, түк кеспес!- деген екен. Бұл айтқаны- Құсдәулет болып шығыпты- деген екен.

Едігенің соңғы билігі

Күлік: Шобалай баласы Жаңабатыр бидің бес көкала бас атаны жоғалыпты. Айдаболдан шыққан Олжабай батыр Жаңабатырдан қолқа қылып сұрапты: - Осы бес көкалабас атанды: «Қонақ тандап қонады, // Ұры басынып ұрлайды»,- деген.Кім ұрласа да, басынып ұрлады. Мен жоқшы болайын, шығарып келейін!- деп.

Рұқсат (ұлықсат) беріпті. Олжабайдың іздегені бүліншілік қой. Аттанып шыққан соң, жай келе ме, Қаракесек: Қарсұн- Кернейден «Олжабайлап» тиіп, жылқы алып келіпті. Қарсұн –Керней қай Құдай деген ел, ол түп көтеріле аттанып келіп, Қуандық, Сүйіндіктен: кез келген жерінен жылқы алып, үсті-үстіне барымта, уылтығып- шулығып, ел елдіктен кетуге бет беріп бара жатқан соң, Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек болып, бітім-тыным сөйлесу үшін: «Қарсұн-Керней ортасында Жарылғап үстінде бас қосылсын!»- деп, бәтуа байласып, Күліктен- Жаңабатыр, Айдаболдан: Едіге, Олжабай бас қосып, бітім сөйлесуге жүрді дейді. Мал жоғалтқан- Жаңабатыр, жылқы алып, бүлік бастаған- Олжабай. Олжабайдың жала жапқан кісісі- Қарсын-Керней: Жарылғап батыр

болса керек. Бұл Жарылғап Қарсұн-Кернейдің Кернейінен-Даушаң. Бұл Даушаңның ұрпағы күні бүгінге шейін дау-шаңсыз отырмайды. Даудың бәйбішесінен- Қалқаман, токалынан- Балта, Төйте. Сол Төйтенің бел баласы- Жарылғап: Бай Жарылғап, би Жарылғап, батыр Жарылғап заманында үштің біріне қосылған дөкей ірі кісі болған. Қанжығалы: Бөгенбай батырмен құда болып, мұның Борсылдақ деген кіші қызын тұңғышы Қырбасқа алып беріп, онан Байсейіт жалғыз туады. Жарылғапқа барып түсті.«Аққа мал төлемейтұғын, // Қараға жан бермейтұғын»- деген байдың өзі, // «Көк шолақтың көзі.»

«Ұзыннан ұзақ таусылмайтын сөз көп, берерлік бөз жоқ»- Қаржас: «Айту- байту» атанған шешенді алып барған екен. Оған Жарылғап оңайлықпен сөз бере қоя ма? Жолаушылар «Сасық қамал» боп,жалығарлық болыпты. Отырған қара бұқара өзді-өзімен сөйлесіп отырғанда, көлденеңнен бір төрт жолаушы ат үстінде қақиып тұрды. Тұрған жаннан бір жан барып,оларға тіл қағысқан жоқ.Бір мезгілде төрт жолаушының бірі:

- Асқар тау, сенде бір мін бар: асуыңа бермейсің!

Аққан су, сенде бір мін бар: кешуіне бермейсің?!

Едіге, сенде мін бар: көпке тізгін неге бермейсің?!

Жарылғап, сенде бір мін бар:көлденең неге бермейсің?! -

деп, жүре берді дейді.

Отырғандар: «Бұлардың кім екенін біліп қалайық!» - десіп, жүгіріп барып, жөн сұрасып, тіл қағысты дейді. Сөйтсе, ол жолаушылар –Кіші жүз: Алшын- Әйтеке бидің баласы Өміртай деген екен.

Сонан соң Едіге көпке тізгін беріпті де, Жарылғап көлденең беріпті.

- Қарсұн-Кернейде бір арам сирақ бар! - десіпті.

- Ендеше соны алдырып көру керек! - дескен соң, алдырыпты.

Сөйтсе, ол өзі атан түйе екен де, өзі сары, өзі кәрі екен. Сонда Едіге:

- Мұның жүнін бояп, сары қылған ғой. Тісін егеп,кәрі қылған ғой!- деп, отырған жұрт:

- Сөз-ақ қой!- деп, шулай қоя беріп, осы сөзді ілік қылып, бітім алған екен.

Едіге оңашаланған соң, айтыпты:

- Енді мен көпке бармаймын! Өмірімде бір ауыз өтірік айтқан емес едім. «Мына ақсақал осы көптің алдында құр қайтса, тауы шағылып, ажары мұқап қалады ғой!»- деп, айтып едім!- депті.

Едіге өмірінде түзде жүргенмен,түз тамағын татпайды екен, үйден алып шыққан азығымен үйіне қайтып түседі екен. Бұл сапарында дау

жуырда бітіп тынбай, көп жатып қалғаннан, үйден алып шыққан азық таусылып калып, қасындағылардан сұрастырыпты. Олжабай батыр:

- Үйден алып шыққан азық менде бар!- депті. Оныкі не үйден алып шыққан азық болсын: «Тамақ жемесе, аштан өліп қалар!»- деп, аяған болғаны ғой. Пісіртіп алып келіп аузына салғанда, тамағынан өтпей тұрып алыпты.

- Қап, ұрдың ғой!- депті.

Тамағы ісіп кетіп, қайтып тамағынан ас әрі қарай жүрмей, үйіне келсімен, өліпті.

Құдай рақмет (рахымет) қылсын Едіге Төлебайбаласына! Кісі болса, осындай болсын!

Мөңке

Ноғайлыдан шыққан Мөңке бидің әңгімесі:

Азарсың, жұртым, азарсың,

Азғаныңның белгісі:

Тайпақ-тайпақ көлдерден

Балық шығар деп еді.

Ол балықты аулайтын

Үш ашалы шанышқы

Қайық шығар деп еді.

Қамыс жаққан пенделер

Алып шығар деп еді.

Қамыс жақпас қырсықты

Екі етегі су-бу болып,

Бір жаратқан тәңірге

Налып шығар деп еді.

Жаулықтарын ту қылған,

Ауылдарын шу қылған-

Зайып шығар деп еді.

Оқшантай жоқ, кісе жоқ,

Белбеу шығар деп еді.

Жүгініс жоқ, малдас жоқ,

Көлбеу шығар деп еді.

Заман ақыр адамы

Менмен шығар деп еді.

Үй басына тақ еткен

Келі шығар деп еді.

Келісімен кірпііп (кіршиіп),

Келін шығар деп еді.
Келін-айғыр, кемпірмен,
Саяқ шығар деп еді.
Бір уысқа толмайтын
Аяқ шығар деп еді.
Қай жақ болса қонысың,
Сол жақ шығар деп еді.
Бұзау, тайынша, танаға
Жүк (иүк) артылар деп еді.
Ағып жатқан дария су
[Бір] тартылар деп еді.
Өзі болған жігітке
Қыз артылар деп еді.
Көкі айы болғанда,
Кемпір күйлер деп еді.
Ендігінің қатыны
Байын билер деп еді.
«Туған байым болар!»-деп,
Аруақ шығар деп еді.
Сол аруақтың ішінен
Ыңғайы жоқ жаманның
Пышағы мен шақпағы,
Қалып шығар деп еді.
Бес қойға алған өгізің
Теңін дерсің деп еді.
Егін егіп, тарының
Сөгін жерсің деп еді.
Жалаң аяқшар иттерін
Бегім дерсің деп еді.
Алысқа деген қамыстан
Үй шығады деп еді.
Сол үйіңнің ішінен
Құрыс жауырын, қой бұтты,
Би шығады деп еді.
Заман ақыр болғанда,
Ат қояндай болады,
Адам құмандай болады...

(Аяғы жоқ)

Бөлтірік би

Ұлы жүз: Үйсін- Ошақты, Жалайырдың Жалайырынан Бөлтірік би деген би шығыпты. Мұнымен замандас қырғыздың бір ханы Бөлтірікпен бақкүндес болып, қырғыздан пәлен шешен, түген шешен дегенді алдырып, айтыстыра беретін сықылды. Бір күні қырғыз, қазақтың бас қосқан жиылысында қырғыз, қазақ байлық айтысқанда, Бөлтірік би айтты дейді:

- Қырғыз шіркіннің байлығы ғой, көшкен сайын ошағын жұртына қалдырып көшеді ғой! - депті.

Ол сөзінің мәнісі - қырғыз ошақ алмайды, үш тасты ошақ кылып, қазан асады, көшкенде, ол тасты артып көше ме, жұртта қалмақ кой. Және бір бас қосылған жиылыста:

- Қырғыз, қазақ көптік салыстыр!- дейді.

Сонда бір қырғыз:

- Қазақтан қырғыз көп қой. «Қырғыз көп пе, жұлдыз көп пе?»- делінген сөз бар ғой, - дегенде, Бөлтірік айтыпты:

- Рас, меңдей қара бұлт шықса, жұлдыз енесінің а...на кіріп кеткендей болады. Он қазақ басын қосып аттанса, қырғыз енесінің а...на кіріп кеткендей болады, - депті.

Қырғыздың ханының жалғыз баласы жардан құлап, қаран суалып қалыпты.

Бөлтірік қожа білмес, бықсық байларына:

- Саба жиыңдар, ту бие алып жүріңдер. Ханның баласына бата қылайық, көңіл айтайық!- депті.

Онда байлар:

- Саба жиярмыз, ту бие апарармыз, не деп көңіл айтамыз? Дәнемені білмейміз!- дегенде, Бөлтірік би саба апаратын, ту бие апаратұғын байға:

- Алдымен сен сөйле: «Жазғытұрғы кез, жаманшылық уақ қой, сиіп-тышып бір сабаны әрең толтырып ап келдік!»- де. Хан сөзіңе балқып, сұлап жата кетер. Сонда екінші біреуің айт: «Түйе шіркін мен төре шіркін басы бір қисайған соң, оңа ма?»- де. Оған тете біреуің: «Төре өлмегенмен, көп бола ма? Бірі қалса да, тек бола ма?»- дегейсің,- депті.

Үшеуі үш сөзге ие болып, ұғып алыпты. Көтеріле аттанып барып, сабаны үйге кіргізіп, хан қойған соң саба жиған ит мазаттанып алды:

- Иар, тақсыр, жазғытұрғы уақ, жаманшылық кез ғой, бір сабаны сиіп-тышып әрең толтырып ап келдік!- дегенде, баласы өліп, қаран суалып отырған хан жарылып кете жаздап, құлай кетті дейді. Онымен қоймай, екінші біреуі былшылдады: үшінші біреуі тағы сондай. Сонда Бөлтірік би:

- «Акку құсқа оқ тисе, қанатын суға тигізбес. // Ақсүйекке оқ тисе, қарашыға сырын білдірмес!»- деген. Көтер, хан, басыңды. Мұңайтпа еліңді, бекем бу беліңді! – дегенде, хан күліп жіберіп, басын көтеріп:

- Мына иттерді былшылдатып қойған сен екенсің ғой!- деген екен.

Бөлтірік қырғыздың ханына бір барғанда:

- Тойға баратұғын апайларша ұзынды-қысқалы киініп жүргенін калай?- деп, қырғыздың ханы күліпті:

Хан күлген соң,үй тола отырған қырғыз бәрі күледі ғой. Сонда Бөлтірік:

- Ой, тақсыр-ай, ұл өскен соң, ұл киеді; қыз өскен соң,қыз киеді. Бала-шағамен: «Мен киемін!» - деп,киімге таласайын ба? Бір жаққа барарда солардың киімінің қай қолға түскенін кие саламын: ұзыны болса, қызымдікі, қысқасы болса, ұлымдікі. Ұлы жоқ, қызы жоқ қу бас болсам, бір басыма киім табылмай ма?- депті.

Қырғызда: «Жан сөйлетпейтін, әлемнен озған алаяқ»- дегенмен, хан Бөлтірікпен [сөз] қағыстыруға бір шешен алдырып, сақтапты. Бір қалың жиылыста Бөлтірік куілдеп сөйлеп отырғанда, қырғыз шешені:

- «Ат жаманы соқпақшыл, адам жаманы тақпақшыл»- деген,- депті.

Онда Бөлтірік:

- «Сөздің көркі- мақал-ды,

Ердің көркі-сақал-ды.»

Сақалы жоқ көселер

Қасабалы тоқал-ды!- дегенде, көсе ұялып қалып, тұра жөнеліпті.

Сонда Бөлтірік:

- Көсені үйге кіргізбе,

Көтін жерге тигізбе!

Кесірі жұғар кәпірдің

Қуалап жүріп сизгізбе!- деген екен

Құдай рахмет қылсын Бөлтірік биге, кісі болса, осындай болсын!

Тайкелтір би

Айдабол бидің бәйбіше қатынының баласы: Жанғозы, Малғозы; ортаншы қатынының баласы: Аққозы, Бозқозы, Қаракозы. Онан соң бір қатыннан Қожакелді жалғыз және бір тоқалдан Қошетер жалғыз және бір тоқалдан Тайкелтір жалғыз. Тайкелтір баланың ең соңғы кенжесі болып, Айдабол бидің шөберелерімен замандас болды. Бала күнінде әкесі өліп, жетім қалған соң, «Тоқалдан туып ерке болмайды, шыбыштан туып серке болмайды», - деген күй басына түсіп, бәйбіше балаларына малшы болып,

жылқы бағып жүрген күнінде бір айғырдың үйірі - қысырақ жоқ болып, соны қарап, Ұлы жүз: Үйсін-Төле бидің үйіне келіп қоныпты.

Шидем күпісі бар екен, етегі де бүтін емес екен. Төле би сұрапты:

- Айнам, кім баласысың?-деп.

- Айдабол бидің баласымын,- депті.

Баланың бетіне ежірейіп қарап:

- Айдабол бидің қалайша баласысың?-деп, қазбалап қайта сұрапты.

Киім формын ұнатпағанын бала біле қойыпты:

- Айдабол бидің баласымын дегеніме нанбаған[ыз]: «Жақсы болса, жол келтір болар, жаман болса, ат келтір болар,» - деп, атымды Тайкеттір қойған баласы мен,- депті.

- Нандым, шырағым, нандым Айдабол бидің баласы екендігіңе. Бүгін осында қон. Жолың болар, жоғын табылар. Ертең менің алдыма бір даугерлер келмекші еді. Соның төресін беріп, жолын байланып кет!- депті.

Бала үндемепті, отыра беріпті. Ол түн қонып жатыпты. Таң атсымен бидің үйіне екі тайпа елдің адамдары сау ете түсіпті. Әр екі жағы екі түйе бастатқан «тоғызды» бидің екі босағасына алып келіп байлапты. Бұрынғы заманларда: «Әділ патшаның елін жау араламайды, әділ бидің елін дау араламайды», - дейтұғыны: ортасынан дау шықса, сол дау иесі ел ру аймағымен айыпты болады екен. Даудың айыбы деп жүгініске келгенде, әр екі жағы екі «тоғыз» айып алып келеді екен. Бұл даулы ел Төле бидің өз ру, туысқандары: Сикым, Жаныс екен. «Сикым көп пе, кикым көп пе» - дейтұғын, «Жаныс көп пе, қамыс көп пе» - дейтұғын екеуі де өсіп-өнген тұқым екен. Сонда Төле би сөйлейді дейді:

- Кешегі «Есім ханның ескі жолын» білетұғын, «Қасым ханның қасқа жолын» білетұғын, өрнекті хан, үлгілі биден сөз бастайтұғын Айдабол бидің баласы екен- мына отырған жұдырықтай бала. «Бой түйеде де болады, сақал текеде де болады. Жастың көптігі құзғын, қарғада да болады.» Мұның өзінің түріне қарамаңдар, аузынан шыққан сөзіне қараңдар! Сикым, Жаныстың баласы, бірің-оң көзімсің, бірің-сол көзімсің. Мен қандай түзу төре айтсам да, жығылған жағың өкпеші боларсың. Бұл дауларыңның төресін осы бала беріп, жолын байланып кетсің!- деген соң, жұрт:

- Құп болады!- деп, тақ тұра қалды.

Сонда даулы бір қыз бен бір жігіт (игіт) екен. Қыз шыдамсыз қомағайлығынан аса тойып жуандап, жұрт көзіне түсіп кеткен соң:

- Бұл қалай?!- деп, жұрт қазбалап ежіктей бастаған соң, құрмашасын сындырған, көңілін тындырған замандасына тап берген екен.

- Еркектік қылып күші асып, мұның зорлығымен осындай жұмыс болды, - деп.

Жігіт:

- Мен зорлағаным жоқ,өзіне білдірмей ұрлағаным жоқ. Өзінің ерік-әліме қоймай, жұғыс қылуымен болды, - дейді екен.

Іс еркектің мойнына мінсе, зорлықпен болған жұмыс болса, еркек өлтіріледі екен. Ұрғашының өзінің ықтияр- еркімен болған жұмыс болса, ұрғашы өлтіріледі екен. Ол заманда бұл сықылды жасырынбақ ойынның жазасы- мойнына арқан тағып, қырық қысырақтың құйрығынан байлап, жылқыны үркітіп айдап, сүйреттіріп өлтіріледі екен. Қыздың өлмегенін қыздың аймағы жақсы көреді. Жігіті өлмегенін жігіт иесі ел жақсы көреді. Дау осы екен.

- Кінә қайсысына ауады?- деп, Тайкелтір қыз бен жігітті шақырып, алдына қарсы отырғызды. - Маған бір қылыш алып келіндер қынабымен,- дейді.

Тайкелтір қылышты қынабынан суырды да, қынабын қыздың қолына берді. Жалаңаш қылышты жігіттің қолына берді.

- Жігіт, сен осы қылышты қыздың қолындағы қынапқа салсаң да, саласың, салмасаң да, саласың.Осы отырғап жұрттың алдында осы қылышты қынапқа сала алмасаң, сені өлтіруге бұйырамын!- дейді.

- Қыз, сен осы қылышты қынапқа салдырмасқа тырыс. Егер қынапқа салдырдың-ау, сені өлтіруге бұйырамын! Менің төрем осы,- дейді.

Сол жерде қылышты қынапқа саламын деп жігіт таласты. Салдырмаймын деп қыз таласты.Екеуі жатып алысты, әрі- бері таласып, тартысса да, қызды ықтиярсыз жеңіп, жігіт қыздың қолындағы қынапқа қылышты сала алмай, қалжырап, шаршап отырды. Сонда Тайкелтір би:

- Отырған әлеумет, көздеріңізден көрдіңіз бе? Қынаптың аузын қыз даярлап тоспаған соң, қылыш кірмеді. «Қынаптың аузын тоспаса, қылыш кірмейді», - деген - осы. Ұрғашы өзі ықтияр болмаса, еркек зорлықпен оған жұмыс қыла алмайды. «Құнажын күйлесе, бұқаның аяғын басады», - деген сөз бар. Мұндай жұмысқа еркек виноват емес, ұрғашы виноват. Бірақ «Айдабол бидің бір жас баласы келіп, еліміздің екіқабат ұрғашысын өлтіртіп кетті!» - деп, мені жамапатқа қалдырмаңдар.Осының кінәсын маған байландар! - дейді.

Сонан соң Үйсін-Төле би:

- Бұл екі қудың өзін де саған байладық. Мына екі түйе бастатқан «тоғызды» да саған байладық. Бұларды біздің елге қоймай, өзің алып кет. Жамандық қылғыш кесапатты адамды ел ішіне тұрғызып, тірі қоюға жарамайды,- дейді.

Сонда жігіт өлімнен аман қалғанына қуанып:

- Алдияр, төреңе құлдық!- деп, ұшып тұра келді дейді.

Қызды, жігітті, екі түйе бастатқан «тоғызды» Тайкелтір ел шапқандай қылып алып қайтып келе жатып, Жәдігерге кез болыпты: «Батыр, байла!»- деген соң, бәріп түгел байлап кетіпті. Жәдігер жігітті өзі еншілес қылып алыпты. Ол жігіттің аты- Алдияр болыпты. Қызды екіқабат бойымен малайға алып келіп беріпті. Бәйбішелері өліп, малай қатынсыз тұр екен. Ішінде көтеріп келген баласының атын: «Өз жайынан келген бала», - деп, Жайын қойыпты.

Бұрынғылардың әңгімесі осындай болады екен.

Жәуке шешен

Қазақ жұртында- Орта жүз: Арғын тайпасынан –Аққошқар- Сайдалы атаған. СолАққошқар: Кішкентай баласының сөзі:

- Он жеті, он сегіз жасар күнімде базаршы болып, керуенбасылық ғамалына кірісіп, Бұхара шығып жүрген кезімде Ұлы жүз- Үйсінде бір «Би қатын»- деген қатын бар деп естідім, аты Сарайбике екен. Ол аты қалып, «Биқатын» атаныпты. Алатаудың теріскей бетіндегі Ұлы жүздің баласы соның аузына қарайды деген соң: «Қатын би болып қандай болады екен, сонымен бір қайымдасам екен!»- деп құмар болдым,- депті.

Бұхарадан келе жатып елінің үстіне жақындасқанда:

- Биқатын үйінде бар ма?- деп, сұрастырып едім,

- Арқаға жолаушы кетті,- деп есіттім.

- Әй, бәрекелді, кездеспедім-ау!- деп, кіжініп келе жатқан кезімде Биқатын Арқадан қайтып келе жатыр екен. Бетпақтың шөлінде қарсы ұшырадық. Олжасы жоқтау, аты арып, жүдеңкіреп келеді екен. Жолыққан жерден:

- Құдағи, ит мініп, ирек қамшылап қайдан келесіз?- дедім.

Сонда қатын жұлып алғандай:

- Қарақұйып, Қашырлы деген жерге барып едім. Әлике- Байдалы деген елге барып едім. Тайын тәңірісіңдей көреді екен, құнанып құдайындай көреді екен, сонан келемін,- дейді.

Айтып тұрған Қарақұйып, Қашырлы өзімнің жерім болған соң, Әлике-Байдалы өзімнің елім болған соң, соған дәнеме дей алмадым. «Мұны құдай кездестірсе, Жәуке керуенбасымен бір кездестіріп, екеуін бетпе-бет бір сойлестіріп, қызығын көрсем!» - деп, осыны ойыма алдым да, жүре бердім. Ол жыл өтті, келер қысқа қарсы Қуандық, Сүйіндік, Қаракесек, Қанжығалы- Арқадағы жұрт тағы да Бұхараға қой айдадық, он сегіз керуен басы болдық. Ақсақалымыз- Жәуке- керуенбасы- Ай-

даболдан шыққан- Еламанның баласы Тұрсынбай- Шонтының ағасы. Түркістанда Тоғай ханның ордасына бардық.

Тоғай алды
Түркістанның қаласын,
О да зар еңіретті

Бұл алаштың баласын!- деп, өлеңге қосылған Тоғай ханның дәуірі жүріп тұрған кезі екен. Барсақ, Тоғай ханның ордасында Бикатын тақтың үстінде отыр екен. Тоғай ханның мұнан артық қадірлейтұғын кісісі көрінбеді. Дастарқан да соның алдында, сый-кұрмет, - бәрі Бикатынның басында көрінді. Төменгі жақта отырған жастау бозбалалар күнкілдесіп күлістік:

- Хан мұның қойнына барады ғой, сол үшін осынша ардақтап күтеді ғой!- деп.

Қатынның құлағы шалып қалған екен, күлісіп отырған біздерге қарап:

- Мұндар не дейсің, жағынды тас-талқан қылайын ба?!- дейді.

Ен жоғары бас жағымызда Жәуке би отыр еді, басында тымағы бар еді. Тымағының маңдайын қолымен түріп көтеріп қойып, қатынға қарап:

- Сүндетің бар ма?- дейді.

Қатын:

- Жоқ,- дейді.

Жәуке би:

- Ох!-дейді. –Жаназаға кіріп еркекке имам болған жерің бар ма?- дейді.

- Жоқ,- дейді.

- Ох!-дейді. –Ердің құнына, нардың пұлына төбеге шығып, торе берген жерің бар ма?- дейді.

- Жоқ,- дейді.

- Ох!-дейді. –«Тең теңін олжалайды, тезек қабын олжалайды». Олжаға қатын аттанса, жорықта жүріп, сақар, майын сатып олжалайды. Құралай бастаған киік оңбайды, қатын бастаған көш оңбайды. Байтал шауып бәйге алмайды. Қатын қайраттанса, қазан қайнатпайды. Қараң қалған елді қатын билейді!»- деген. Сен бір қараң қалған елді билеп тұрған немесің-дағы! Сен кімнің жағын тас-талқан қыласың! Мен Арқада жатқан он сан Орта жүз елмін, «Абылай аспаған сары белмін!» Сен түгіл мына отырған Тоғай хан менің атымның шаужайынан ұстауға жарар ма екен? Көзіңді ашып қара өзіңе!- дейді.

Қатын ұялып ұшып тұра келіп:

- Біз сіздердің кім екеніңізді танымадық. Білмегендігіміз болса, кешіріңіз!- деп, Жәуке бидің үстіне бір жақсы шапан алып келіп жапты.- Және қайтқандарыңызда қонақ болып қайтыңыздар!- деп, көп ғызыр /құзыр/ қылып, өтініп қала берді.

Базар базарлап қайтып келе жатып, салт атты керуенбасылар қатынның үйін сұрап, әдейі жолдан бұрылып қонақ болдық. Үлкен абажадай үйі бар екен, жожа білмес байы бар екен, перзенті кем екен, сарғайып сағынып көрген екі-үшке жаңа аяқ басып талпынып отырған әйел баласы бар екен.

Қатын баласын сүйгенде:

- Құдай сенен бір-екі елі сіңірді несің аяды екен?-деп, сүйді дейді.

Сонда Жәуке би айтты:

- Құдағи, ол баланың тірлігін сұра. Тірі болса, ол жері екі елі сіңірсіз болмас, - дейді.

Қатын дәнеме дей алмай, ұялып қалды дейді. Құдай рахмет қылсын: Жәуке би Бикатынды бір соққанда, екі соғыпты келістіріп тұрып.

Тәйтеке би

Тәйтеке және Кетебай сәлемі

Өтетілеу заманында төрт Шөмекейге қараның ханы болған, сол кісінің мәтелі:

Бір қоян су ішсе,
Мың қоян су ішкен заман!
Бір құлдың мұрнын кессе,
Мың құлдың мұрнын кескен заман!
Жапырақ жалғап, қыл құрап,
Ипемен құдық қазған заман!
Ақ шабдардан құла озған заман,
Атадан бала озған заман!
Аттан байтал озған заман,
Биеден құлын озған заман,
Енеден келін озған заман!
Атасы тұрып, ұлы сөйлегеннен без,
Енесі тұрып, қызы сөйлегеннен без!

Осы Өтетілеудің әкесі- Кетебай заманында Алшын: Қаражігіттің баласы Сопақ бір құн даулап, сонда Кетебай бір кісі қосып, Орта жүзде

әз Тәйтеке биге айдап жіберген екен. Сонда Кетебайдың қосқан кісісі айтты дейді:

- Сізге сәлем дейді:

-Үйде Кетебай деген кісіміз!

«Кезекпен түсер,- дейді,- ісіміз!»

Мынау келіп отырған-

Қаражігіттің Сопағы.

Мұның бір жігітін жұтыпты

Мың батпаннаң қопағы.

Абыжылан мен емес:

«Ат арып (арпа)!»-деп тартарға.

Аруана мен емес,

Тағандап жүкті артарға.

Жақсы алдында жалпылдап,

Жаман кісі сөзді айтар ма?!

Сонда: «Кезекпен түсер ісіміз»,- деген сөзіне шамданып:

- Кетебайдың жалғыз баласы Өтетілеу жанын берсін, болмаса, құн берсін!-депті.

Келген кісі:

- Шешен, сенемін!- деп, жығылып қайтыпты.

Тәйтекенің болжамы

«Тәйтеке би ауырып жатыр»,- деген соң, Айдаболдан- Төлебай, Күліктен-Шобалай, Орманшыдан-Қарабай,- осы үш кісі Тәйтекенің көңілін сұрай барған екен. Сонда Тәйтеке би:

- Басымдағы күләмды(коләмды) Шобалайға бер, таяғымды Төлебайға бер, кебісімді Қарабайға бер!- депті.

Сонда Қарабай айтыпты:

- «Бас болсын!»- деп, күләнды Шобалайға бердің. «Таяғы жұрт үстінде болсын!»- деп, таяғыңды Төлебайға бердің. «Осы екеуінің аяғының астында болсын!»-деп, кебісінді маған бердің!- деген екен.

Мырзағұл-Шаржасы Шорманның бабасы, Тәйтекенің жиені, бұлардан он сегіз күн бұрын барып, Тәйтекенің басын сүйеп отыр екен:

- Маған ештеңе бермеді!- деп, басын тастап, далаға шығып кеткен екен.

Мырзағұлды шақыртып алып айтқан екен:

- Шобалайға күләмды берсем, бұларда болған бақ зорлықшыл омырау бақ болады. Төлебайға таяғымды берсем, бұлардағы болған бақ-күншіл бақ: бірінде болған бақты бірі күнде кетіргенше асығады. Қарабайға кебіс берсем, «жынды бақ»- деген бақ болады: саған терім сіңген көсемді берейін, жеті атаңа дейін бақ кетпес!- деген екен.

Айтқаны дәл келіп, Заржанға дейін жеті ата болды. Тәнті- жұрт басы, Балқожа- арқасы- Орманшы кісілері. Бұларға қонған бақ, айтқанындай,шолақ бақ болды. Төлебайға берген бақ күншіл бақ болды.

Ақтайлақ сыны

Алшынбай Ақтайлаққа Қарқаралыда кездесіп:

- Осы сіздің ел: «Қымызға тар,- дейді ғой,- шөлдеп барған жолаушыға тостағанмен ауыз тигізіп, шөліп қандырмайды!»- дейді. Осы рас па?- депті.

Сонда Ақтайлақ би:

- Рас болса, рас шығар. Жылқыны қазақ: «Жаным,- дейді- қымызын- «қаным»- дейді емес пе?! Біздің ел жылқыны жанындай, қымызды қанындай көретін ел.Қанын есепсіз біреуге бере береді дейсіз бе?

Алшынбай:

- Бәсе, солай болса керек,- деген екен.

Ақтайлақ Алшынбайға:

- Осы сөзді біздің елге барып, көзбен көріп айтып отырсыз ба? Жок, естіген құлаққа сеніп айтып отырсыз ба?- депті.

Алшынбай:

- Жок, мен сіздің елге барғаным жоқ қой, естіген соң, айтып отырмын, - депті.

Ақтайлақ:

- «Көз- шынның расы, құлақ- өтіріктің ұясы» -деуші еді. «Өтірік пен шынның арасы төрт-ақ елі»- деп, төрт саусағын көз бен құлақтың арасына қойып тұрып: - «Сіз осы сөзді көзбен көрген шығар, расын айтып отыр екенсіз»- деп отырсам, «өтіріктің ұясы» құлақтың естігенін айтып отыр екенсіз ғой. Мен сізді «Алшекең»дегенге- іздеп келіп отырсам, әлі де ақылың пісіп толмаған алаңғасар есер екенсіз ғой, қап,әттеген-ай!- деп өкініпті.

Алшынбай қатты ұялып қалады, әйеліне:

- Мынау мені қатты тосты. Сен төсекті төрге салмай, өз төсегінді сал, - дейді.

Ақтайлақ сыртқа шыққанда, әйелі [өз күйеуі] айтқанындай, өз төсегін салып қояды. Ақтайлақ үйге кірпін келсе, төрде төсек жоқ, тұрып қалады. [Алшынбай] әйелі:

- Қонақ, неге тұрсыз? «Ердің семізі- есек, әйелдің семізі- төсек»- деген. Сіз семіріп кеткен көріпесіз, төсегімді дайындап қойдым,- дейді,- соған жатыңыз!

- Ой, құдағи-ай, сіз дұрыс айтпадыңыз ғой: «Ердің семізі- елдің құты, әйелдің семізі- үйдің жұты.» «Атың жемпаз болса, берді Құдай, қатының жемпаз болса, ұрды Құдай,»- деген емес пе? Мені құдай жұтатсын дегенің бе? «Досың түгіл дұшпаныңа тілеме жұтты!»- деген қайда? Маған салмаған төсегің- жұтағандарыңда жұрт қолына кетсін!- деп, төрге барып, шапанын шешіп: «Етегім- төсек, жеңім-жастық.» «Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер; ер басына күн туса, етігімен су кешер!»- деп.- Ал, өздерің төсектеріңнің қырын сындырмай жата беріңдер!- дейді.

Бәйбіше жаман ұялып қалады. Сол кезде Алшынбай:

- Астахыфир –алла-ай, кешіріңізші! Мен едім сізді сынамаққа істеткен,- депті.

- Бәсе, «Әлі... пісіп толмаған» шала екенсің!- деген сөзім артық болды ма?»- деп өкініп едім. Құдағи шынында ақылды адам сияқты еді. Бәсе, бәрі шаладан шыққан ақылсыздың ісі екен ғой! Құдағи, онда мені кешіріңіз! «Жақсыдан- шарапат, жаманнан- кесапат»- деген. Сол жаманның кесапаты екі ортада саған тиді-ау, құдағиым! Жаман да болса, сүйген жарың- дарға асасың ба? Бәріне де кешірім, өзім-өзіме ризамын!- депті.

Досбол әңгімелері

Досболдың нақыл сөздері

Досболдың бір көп бас қосқан жерде сөйлеген сөзі:

Ханға бергісіз қара бар,
Қылышқа бергісіз ара бар.
Кей қараның сөздері
Хан сөзіне барабар (пара-пар).
Арамменен жолдас болсаң,
Көңіліңді қаралар.
Жаманменен жолдас болсаң,
Жүрегінді жаралар.

Хан алдында сөйледім,
Хан кеспеді тілімді.
Халық алдында сөйледім,
Халық таппады мінімді.
Өз үйіме келген соң,
Итке берсін күнімді!

Досболдың тапқырлығы

Кенесары: Наурызбай: «Балаби, Досболмен сөйлестіремін», - деп, Арғыннан бір би, Найманнан бір би, Қоңыраттан бір би- үш биді таңдап, ертіп алып, бір аста бас қосып, қымыз ішіп, дуылдасып отырғанда, үш бидің біреуі, тақымы толмағансып:

- Қара ағаштай қалтия қалған, қаралдысы жоқ, бұл қатқаның кім? - дегенде,

Досболдың айтқаны:

- Рас, мен қара ағаштай қатушы едім. Сендей талайдың есінен қалғысыз кылып, шымбайына батушы едім. Өзімді елеп еңкілдегеннің таңдайына бал шекердей татушы едім. Қарайғанды ес көрмей, қалқиғанды хош көрмей, қақиғанды хан демей, елдің шетінде, жаудың бетінде жатушы едім! - дегенде,

Үш бидің бірі:

- Қа...ма ұқсап қақия қалған неме екен! - депті.

- Қа... болсам, жаман болман: қасын керген қыз туғызармын да, жасын керген ұл туғызармын! - дегенде,

Үш бидің бірі:

- Қанша мақтанғаныңмен, ми сыярлық басың, шынашақ айнарлық шекең жоқ екен! - депті.

[Досбол]:

- Барыс, барыс етті, барыс етті. Барсаң, байдан табылар. Құлан сирақ, қу шеке, іздесең, қайдан табылар?! - деп, үшеуін де тоқтатып кеткен екен.

Досболдың енді бір сөзі

Досболдың қартайған кезінде Қоңыраттың көп жас билерінің ішінде отырғанда, жастар кәрі кісіні қолға алынқырап, сықақтаңқырады.

Сонда Досболдың айтқаны:

Арғымақ шабан болмайды,
Жалы кетіп, арыса да.

Жаксы жаман болмайды,
Жасы жетіп қартайса да.
Дария арам болмайды,
Ит пен шошқа сарыса да.
Жыланды үш кессе де,
Кесірткелік болады,-

дегендей, бәлем, Қоңырат, әлі сендік қуат-күшім мол: Досбол азуын шалып, ақыл-естен жаңылса да!-деп, қасында отырған біреуін қойып қалып, шалқасынан түсіргенде, үй тола отырғандары ду күлді дейді.

Досболдың қартайғандағы сөзі

Досбол бидің қартайып далаға шықпай, үйде отырып қалған шағы. Үйінің жанынан Қыпшақ-Баймұрат қасында үш-төрт адамымен өтін кетіп бара жатқанда, жанындағы жолдастары қайрылмаса да, Баймұрат өзі бұрылып келіп, сәлем береді, амандасып отырады. Сонда Досбол би керегенің көзінен Баймұраттың бұрылып келгенін, оның жолдастарының қайрылмай кеткенін көріп отыр екен. Баймұратқа риза болғандығын білдіріп айтқан сөзі:

- Сен бізге қайрылған болсаң, саған да біреу қайрылар. Сәлемдесуге келген болсаң, саламат бол! Біз міне, енді қартайып отырмыз. Өміріміздің ішінде азды-көпті нәрсені көрдік. Дүниедегі жанды-жансыз заттардың пірсізі болмайды. Бәрінің де пірі бар. Жарлының пірі- Қалтаң ата, ұрының пірі- Жалтаң ата, шебердің пірі- Тешім ата, кәрінің пірі- Кекшіл ата. Сол айтқан Кекшіл атаға біз де қол беріп, мұрит болып қалдық. Жүре бер, енді, шырағым, жолың болсын, сау жүр!

Осы Баймұратты біз көрдік: Шымкентте- Есмұрат деген баласы судьяға переводчик болып тұрған күнінде.

- Шырағым, даңқыңды естігеніме он алты жыл болып еді,- деді.

Жағанша Сайдалин деген төре прокурор тілмашы екен. Сыздық төре Кенесарин оған қонаққа келіп жатыр екен. Соның үстіне бізді қонаққа шақырып, бір көк шұға (ұшыға) шекпен жауып шығарды. Баймұрат бір манарыс шапан кигізді.

Досболдың көңілін сұрағандарға айтқаны

Сыр бойындағы Торттөбе- Қыпшақтан шыққан Қорлыбай бидің баласы- «Балаби-Досбол»- атанған. Балаби- бір кісі, Досбол- бір кісі. «Осы Досбол датқа қартайып, өлер шағына жетіп, өлейін деп жатыр»-деген

соң, Ақмешіт дуанына қараған болыс-билер, бір съезге бара жатқандар: «Көңілін сұрай кетейік,- деп, түсе қалыпты,- қалжырап жатыр ғой, не айтар екен?»- деп.

- Датқа-еке, бұрынғының арты едің, бүгінгінің қарты едің, әлде қалай боласыз? Артында қалатұғын жандарға не айтып кетесің, ілгергі өткендерге не айтып барасың?- депті.

Сонда Досбол:

- Сендерге не айтайын, заман сендердікі, жұрт сендердікі, өз ақылдарың өзіңе жетеді. Ілгергі өткендерге айтып баратын сөзім мынау: «Бақ деген сендер тірі күнде сұңқар еді. Елде кімнің басы биік болса, соған қонушы еді. Сол бақ қартая-қартая қарашыбын болды. Қайда сасық болса, соған қонды: соқырдың көзіне қонды, пұшықтың мұрнына қонды, таздың басына қонды!»- деп барамын ғой!»-депті.

Мұны айтқандығы: болыс-билердің ішінде: Байсын деген соқыр болыс, Нұрмаш деген пұшық болыс, Саудағұл деген таз болыс бар екен, тұра-тұра жөнеліпті.

Өтетілеу

Кіші жүзден шыққан Өтетілеу би заманында төрт Шөмекей, бес Жаббасқа қараның ханы болған. Сол кісі сөз бастарында былай бастайды екен:

Бір қоян су ішсе,
Мың қоян су ішкен заман!
Бір құлдың мұрнын кессе,
Мың құлдың мұрнын кескен заман!
Жапырақ жалғап, қыл құрап,
Инемен құдық қазған заман!
Ақ шабдардан құла озған заман,
Атадан бала озған заман!
Аттан байтал озған заман,
Биеден құлын озған заман!
Енеден келін озған заман,
Атасы тұрып, ұлы сөйлегеннен без,
Анасы (енесі) тұрып, қызы сөйлегеннен без!

Осы Өтетілеудің әкесі Кетебай би заманында Алшын: Қаражігіттің баласы Сопак бір құн даулап, сонда Кетебай бір кісі қосып, Орта жүзде: Өз Тәйтеке биге айдап жіберген екен. Сонда Кетебайдың қосқан кісісі сөйлепті:

Сізге сәлем айтты-

- Үйде Кетебай деген кісіміз:
«Кезекпен түсер, - дейді, - ісіміз!»
Мынау келіп отырған-
Алшын- Қаражігіттің Сопағы.
Мұның бір жігітін жұтыпты
Мың батпаннаң қопағы.
Абыжылан мен емес:
«Ат, әуп!»-деп, тартарға.
Аруана мен емес,
Тоғанақтап жүкті артарға.
Жақсы алдында жалпылдап,
Жаман кісі сөзді айтар ма?!

Сонда: «Кезекпен түсер ісіміз» - деген сөзіне шамданып,
Кетебайдың жалғыз баласы:

- Өтетілеу жанын берсін, болмаса, құн берсін!- депті. Келген кісі шешенсінемін деп, жығылып қайтыпты. Арғын: Тәйтеке болғанда, Алшын: Айтеке болған. Айтеке баласы Өміртай да тілді, шешен болған. Алшын: Қаражігіт, төрт Шөмекейден шыққан-Өтетілеу, Алшын: Әйтеке, бірінен-бірі өткен алаяқтар.

Үкібай

Төртуыл: Қаржас-Үкібай би сөз бастағанда, былай бастайды екен:

- Адам ата, хан Шыңғыс,
Дін мұсылман құл пейіс (бейіш),
Алаш-алаш болғанда,
Алаша хан болғанда,
Үйіміз ағаш болғанда,
Ұранымыз: «Алаш!»- болғанда,
Алты сан алаш, жеті сан қазақ
Тоқсан екі баулы Қыпшак,
Он баулы Өзбек,
Тоғыз таңбалы Арғын
Сан таңбалы Абылай
Қол (құл) таңбалы Бөкей,
Кеше Есім ханның ескі жолы,
Қасым ханның қасқа жолы!- деп бастайды екен.

(Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Қасым хан - Әз Жәнібектің бел баласы: өз заманындағы ақылды, білімі асқан, білікті хан болған кісі.»)

Басқа да бұрынғы шешендік үлгілері

Үйсін: Төле бидің дауам айтатыны: «Аллаға жағайын десен, азанды бол, балам, // Халыққа жағайын десен, қазанды бол, балам!»- дейді екен. Басқа елден шешен, ғаламнан асқан алаяқ шыққанда, біздің Күліктен шықпап па?! Шобалайдан-Жаңабатыр би шыққан. Сол Жаңабатыр балаларының би баласы:

- Сөз баста!-дегенде, бастаған сөзі:

- Жаңабатыр бәйбішесінің тұңғышы Таңсыққожа мен және бір Шөкек деген баласын қосып, Найман төресі Досан төреге ел бітіміне жіберіпті. Сонда Досан төре:

- Би баласы, сөз баста!- дегенде, Таңсыққожа айтты дейді:

- Өсетін елге с...іс кіреді, өспейтін елге сыбыс кіреді,- депті.

Мұнан түңіліп, енді біреуіне:

Жаным, сен сөйле!- дегенде, Татан- Шөкектің Шөкегі:

- Медеттің шешесі, Ханкелдінің қатынының өлгенін жасырамыз, көмгенін қайтеміз?- депті.

Сонда босаға жақта отырған Жанайдар Күнтубаласы:

- Он екі тарау қара жол

Бірден болар сағасы,

Қозғалмайды арғымақтың

Төстен тартқан доғасы.

Қара қанша бас қосып жиылғанымен,

Қара қарғаша шулағаннан басқа не табады?

Құдай артық жаратқан-

Хан, сұлтан болар сөздің ағасы.

«Қор мен зорды теңгерсін,

Жаман мен жақсыны теңгерсін!

Жарлық-ханнан,

Жабдық қарашаларынан болмақ!»- десті,- деген соң,

- Жарайды, балам, сөзің жарайды!- деп, тағалы торы тайын қалдырмай, малын жиғызып берген екен. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін!»- дейді. Осы Жанайдар Абылай ханнан Бұхарай Шәріп ханына барған қырқы бір кісінің бірі болып барған. Өзі 14 жасар бала күні, сонда сол қырқы тауып айта алмаған сөзді бұл тауып айтқан. Сонда бұған аруақ байланып, аты аталмаған- бақ қонбағандық.

Бұ да бұрынғы үлгілі билерден қалған сөз:

Заман азбас, ел азар,

Ел тозығы жетер сөзден азар!

Ер тозығы жетер көзден азар,
Көп отырған жер азар,
Қатыны жаман ер азар!
Қарашысы жаман хан азар,
Имансыз болса, көр азар!

Қариялардан қалған сөз,
Пайғамбарға нанған сөз.
Жігіттерде жалған сөз-
Жын-шайтаннан алған сөз.

Бұрынғы өрнекті хан, үлгілі билердің сөздерін айтушы да таусылды, шын құлақпен тыңдаушы да таусылды. Енді сұм жалғанның сұмдық сөзі. Ел тозығы жетін, сөзден азғандық белгісі- осы.

Құрттай бала күнімізде ақ сақалды қариялар айтып отырушы еді:

- Айтайын десең, тыңдаушы жоқ; тыңдайын десең, айтушы жоқ!- деп. «Құлақ естігенді көз бір көрмек.» Соны, міне, біз бұл күнде көріп отырмыз.

Түркістанда ақ күмбез иесі хазірет сұлтан Алғарфин қожа Ахмет Иассауи, Шаһынша әулие айтқан екен: «Уақытсыз ерден- бақытсыз ұрғашы артық!»- деп. Сол «уақытсыз ер»-осы жазып отырған.

Және бір қарияның үлгілі сөзі:
- Байғыз деген құс болар,
Оның бейшаралықтан, жатқан жері тас болар.
Кәрі өлсе, жігітлерге ас болар,
Жігіт өлсе, біліз [білімсіз] тағылар шат болар!
Дат десем, ырғиды шөлден араби ат,
Бірнеше ерді жұрт қылар молда медет.
Кәрі өлсе, ол Құдайдан рахымат.
Жігіт өлген күні болар қиямет!
Бұ дүние деген құс болар,
Оның кәріптілігінен жатқан жері хас болар!
Дәулеттінің баласы
Он бесінде бас болар!

Бастығының белгісі:
Қолабалы кол келсе,
Келте қара ту келсе,
Ел шетіне жау келсе,
Қолға алғаны тас болар,
Қайда мірдімен дос болар!
Кембағал байғұс баласы
Жиырма бесте жас болар!
Жастығының белгісі-
Ертеменен тұра алмас,
Беті-қолын жуа алмас,
Белін қатты буа алмас!
Буса, белі бос болар,
Тепкілесен, оянбас,
Қимылдамас тас болар!
«Ертеменен тұр!»- десен,
«Беті-қолың жу!»-десен,
«Белінді бекем бу!»- десен,
«Бұйырған жанға бар!»- десен,
Өле-өлгенше сеніменен қас болар!
Сол жаманның көңілінде
Бір табақтай ас болар.
«Асынды іш те, шырағым,
Жылы жайда жат!»- десен,
Өлгірдің уақыты (оқты) хош болар!
Сондай бала бергенше,
Қолыңда тобылғы сапты камшың іс болар!
Айта берсем: «Мынау кім?»
Еп болар кең шағардың
Арығы қазып қойған ше[т] болар!
Қыз баланың мақсаты-
Боқша тола сеп болар.
Ақырзаман белгісі-
Әр меніште жақсылар
Талтайған сопы көп болар.
Мешкейменен ас жесең,
Қол жуғанша жеп болар!

Қараменде

Дадан Тобықтыдан шыққан Қараменде бидің 75 жасында[ғы] сөзі:

- «Қатынды не ел шауып,ыңар қылып жаттан аларсың, не ағаңды өлтіріп, жеңгенді аларсың!»- деген аталарының кешегі күнде айтқан сөзі еді. Ер жігіттің жесірін өзіндей жігіт алса, еркек болып туған ұл оз кегіні өзі алуды білуші еді. Рулы ел болып, тайлы-таяғы қалмай, шұбырып жас жігітке қатын әпергенді көрген жоқ едік.

Бұ да жаңа заманның жаңа бір түрі екен.

Тобықтыдан өзіпе серік бір ұл тумағандықтан,ердің есіл сөзі аяқсыз қала берді.

Кешкенбай

Тұлпар деген елден бір жұпыны, айдынды, атақты емес, елеусіз қораштау Кешкенбай деген би шығыпты. Шоң бимен замандас болған. Жалғыз баласы бар екен: «Баламды сері, сал қылып, ит жүгіртіп, құс салатұғын Айдабол бозбаласымен үйір-шүйір қыламын!»- деп, өз елін менсінбей,баласы үшін Айдаболға қоныстас болып жүргенде, бір жазғытұрым жалғыз баласы қорасан деген аурумен арпалысып жатып қалыпты. Ол күнде жұрт қорасаннан ат-тонын ала қашып,үріккен қойдай беттемейтін күні болса керек. Айдабол жау тигендей, көше қашып жөнеліп, Кешкенбай жұртта жалғыз үй қалыпты.Бала сол аурудан өліпті.

Жайлауға бет алып көшкен Тұлпар деген ел жалғыз баласы жайрап қалып отырған үстіне келіп,жыласып, сықтасып, шулап,өкірісін жатқанда, Кешкенбайдың айтқаны дейді:

Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса, көзден шығар жас.
Тар [татыр] қолтықтан оқ тисе,
Суырып тастар қарындас.
Өзінің басын зор тұтқан,
Ағайынды қор тұтқан
Жапанда қалар жалғыз бас,- деген осы!- деген екен.

Халқы, жұрты бір тоқал алып беріп, ол тоқалдан ұл туып, атын Бектас көйып, мұнан өсіп-өнген ұрпақ-жұрағат бар.

Қондыбай

Қондыбай, Тойтенің Қондыбайының айтқаны. Уақ: Таңатбай баласы Жаңқабаймен құрдас екен. Жаңқабайды келсеждеу үшін тамам Уақтың мінезін тақпақтап сөйлеген:

Менің атым-Жаңқабай,
Сөз сойлеймін байқамай,
Ана бетте[бейітте] Қалдыбай,
Қалмайды онан ол Шабай,
Адьютант (агутан) болды Аязбай.
Ойбайшыл болды Молдабай.
Күміс шапты ол Итбай,
Жылқы бақты Жолдақай.
Малына жазған Тезекбай,
Өтірікші, суайт Көжекбай.

Торайғыр би

Торайғырдың шешендік өнері

Әкесінің аты- Едіге, шешесінің аты- Борсық бәйбіше- бесеуі бір саптан, бір қаптан,- қалай құдай тағаланың жаратуы?! Сол сиырда туған бала 79 жасында, 1905-ші жылында, «Баянаулаға дуан саламын!»-деп, ағаш кескен. Сол жылы туған баланың атын Дуанбай қойған. Уақ: Жалбыр- сол жылы туған бала. Сиыр жылы еді. Он шақты қытай келіп:

- Ағаш кестірмеймін, қала салдырмаймын, қазақ, саған қарамайды, бізге қарайды!- деп, таласқан. Сонда Уәли ханның бәйбішесінің баласы Абайділда ханның заманы, Шоң, Торайғырдың заманы, жаздың күні еді. Жайлаудан Шоң биден тіленіп:

- Мұның жауабын мен берейін,- деп Торайғыр келген

Абайділда хан келген. Сонда орыстың полковойы:

- Қазақ, шүршітке қарайсың ба, бізге қарайсың ба? Айт шынынды?!- дегенде, Абайділда хан үндей алмаған, не дерін біле алмай, сасып қалған:

Торайғыр айтқан:

- Әй, полковой, осы жүрген уақытыңда өзіңе біреу: «Маған кара!»- десе, не айтар едің?- деген.

Онда полковой айтқан:

- Біздің қарап тұрған патшамыз бар. Қасықтай қанымыз, шыбындай жанымыз қалғанша жолында боламыз. Онан биліксіз біз: «Ешкімге қараймыз!»- деп айта алмаймыз!»- деген.

- Ендеше, біздің де сондай қарап тұрған патшамыз бар. Ата-бабамыздан бері қарай Бұхардың хандарына бағынып, қарап келе жатқан жұрт едік. Малдың қамы үшін: «Сарыарқа бос жатқан жер», - деп, көшіп келген едік Енді бұл жерге ие табылса, біз де өз патшамызға барайық. «Мұнда жер-су бар, көшіп кел!»- дер ме екен? Жоқ болмаса: «Малыңның қамын қыла бер!»- дер ме екен? ! Осы күнгі ханымыз-Мерхидар- деген екен.

Сонан соң орыс көптік қылып:

- Жүр, бұл сөзінді Омбыдағы полковойға есіттір. Қарасаң, қарамасаң, сонан қайтасың!»- деп, Торайғыр мен Абайділда ханды алып кетіпті.

Жолда көрген Бәсентінің ағайындар:

- Жібермейміз, тартып алып қаламыз!»- деген екен, Торайғыр:

- Тімендер, текке жеккөрініш болмаңдар. Бізді өлтіре алмас, саға алмас. Бізге бір залал қыламын деп, өзі де орнында тыныш тауып жата алмас. Қайта ең жоғарғы ұлығына барып, қазақ қала салмай тұғын, солдат алмай тұғын қылып келейін,- депті.

Сол барғаннан барып, Омбыда жетпіс күн жатыпты. Сонда: «Орыстың дәмін татпаймын!»- деп, Сағара деген сарттың үйінен сиырдың сүтін алдырып ішіп жатыпты. Шай деген астың кескін түрін ең алғаш көргенде, Омбыда көрген екен.

- Бұл не?»- деп сұрағанда,

- Шай деген ас- осы,- дегенде,

- Мына, шіркін, ішкен кісінің мейір шапағатын шайып кететұғын неме екен,- депті. Ұрттап алғанда, қайта төгіп тастапты. Қантты көріп:

- Бұл немене?»- дегенде,

- Қант деген ас-осы,- депті.

Сонда:

- Уа, қу дүние, мына шіркіннің өзі тәтті болса да, жеген кісіні қатты қылатұғын қу екен,- депті. - Сірә, мына екеуін ас деп ішкен бізден соңғы жұрттың бір-біріне достығы болмас. Сойған малының бас-сирак, төстігі болмас,- деген екен.

Омбының полковойы алдына шақырып алып сұрапты:

- Қолыңа сақина салайық, басыңа қалпақ кигізейік, беліңе қылыш асындырайық!»- деп.

- Қолыма сақина салсам, аулымда ұста бар, соған соқтырып салмаймын ба?! Қалпақ киетұғын болсам, қойдың жүнінен қандай қылып

бастырып киём десем,- бәрі табылады. Қылыш асынсам, қазақта не түрлі қылыш соғатұғын ұсталар бар.Бәрі өзімнен табылады, сенікін не қылайын?- депті.

- Бізге не Шоң, не өзің анда-санда келіп тұр. Сені жеріңе қайтаралық, - депті.

- Өзінде ақылдан дәнеме жоқ екен ғой. Сенің ақ патшаң біздің ауылға неше барды? Шоң- сондай қазақтың ақ патшасындай кісісі. Ол сенен не аламын деп келсін. Мен сегіз санатың қатар кісімін, сенің сегіз санатың біздің ауылға неше барды? Біз де сондай керексіз орынға қаңғып жүрмейтін кісіміз,- депті.

Сонда полковой айтты дейді:

- Аюдан да күшті екенсің. Жетпіс күнде аюды құрдай жорғалатушы едік, сені илiктiрiн көндiктiре алмадық. Бар, бар енді!- деп, қайырып қоя берген екен.Бұ жақта: «Абайдiлдa мен Торайғырды алып кеттi!»- деп, қазақ қорқып, Баянаулаға- Шоң,Көкшетауға Уәли ханның тоқалы Айғаным қала салдыра бастаған екен. Торайғыр өкпелеп:

- Бір жолдың билігін маған бермедің. Мені елден құрмалдық тоқтыдай қылып жіберсең болмай ма еді?«Менің билігім інімде, онда інім көніп келсе, салдырамын, болмаса, інімді ұстап ап кетіп, өзіммен жауласып тұрғанда, сенің тілеуіңді қалай аламын, не деп саған қараймын?- деп, қала саламын?!»- десең, сөзден аса алмас еді. Маған беттеп аяғын баса алмас еді. Сөйтіп аяқсыз қалдыратұғын едік қой!- деп өкпелеп,- Орысқа қарамаймын!- деп,ауып көшіп кеткен екен.

Торайғыр би, Шоң би, Ізден абыз- үшеуі құрдас екен. Мұнан кеткен жылы Қуандық жібермей, Алтай:Амангелді-Айтастың қасын қыстаған екен. Сонда Ізден абыз әдейі іздеп барған екен. Жетіқоңырда отыр екен.

- Баянаула, Қызылтаудан сен қалайша адасып біткен жерсің?! Айдабол мен Күліктен сен не ғып адасып жүрсің?- деп көріскенде, Торайғыр өкіріп жылаған екен. Айдаболдан Шоң іздеп барыпты.

- Емшегімді көкке сауамын, осыдан қайтпасаң!- деп, шешесі Борсық бәйбіше барыпты.

Жаз шыққан соң Қуандықпен бірге жайлауға келгенде, Қуандық, Сүйіндік Көкшетау айналасында, ауыл аралас, қой қоралас қонып, Айдабол, Күлік Торайғырдың аулының үстін баса қонып, жайлауда бірге отырыпты. Үріккен елдей ел жайлаудан қайта көшкенде, Торайғыр түндігін алдырмай, көшпей, еру қалыпты. Мұны көріп Шоң би де- үйіші, бәйбішеге:

- Торайғырмен бірге қалайық, үйді жықпа!- деген екен.

- Азбанға бола би қайнағадан айрылушы ма едім?!- деп, үй-іші, бәйбіше үйін жығып, тас-талқан боп көше жөнелген соң, Шоң Торайғырдыкіне барса, Торайғыр намаз оқып болып отыр екен, ұшып тұра келіп, Шоңға көрісін, жылап қоя берді дейді. Сонда Торайғыр:

- «Ел соңынан енді ермейін, кәуірдің жүзін көрмейін!»- деп, ант ішіп едім. Сенің қалғаның қиын болды. Сені үйірінен айырған азбанға ұқсатып қалай сақтайын? Енді сені қимай амалсыз ел соңына еремін. А, құдай, орыстың жүзін көрсетпей, мені ала гөр!»- деп көкқасқа айтты дейді.

-Үй-ішіге: «Түндікті алма, көшпейік», - деп едім. Тілімді алмай, үйін жығып, көшіп кетті. Енді қатын- балаға тілімді алғыза алмаған соң, сенен қалып тірі жүргенде, не бітіремін? Торайғырды алсаң, мені де, құдай, мұнан қалдырма!»- деп, бұл кісі боз қасқасын айтты дейді. Сол уақытта екеуі де қырық тоғызда екен. Торайғыр ауылын көшіріп, Сілетінің бойында «Соқсаңсоқ»- деген жерде елдің соңынан қуып жетті. Дәл сол жерде ажалы жетіп, көп ауырмай, Шоң өлді. Өлерінде өсиет қылды:

- Балалар, Торайғырмен екеуміздің құдайға берген уағдамыз бар еді. Бұл ыәм кешікпей менің артымнан келер. Мені аманат қойыңдар, екеумізді хазіретке бір алып барыңдар!»- деп.

Сілетінің бойына аманат қойдырған екен. Ел Баянаулаға көшіп келген соң, Шоңның қырқын беріп жатқанда, Торайғыр өлді. Торайғыр өлді деп жаназаға шақырып жүрген түні Байбақы баласы Құлмұхаммед ұста туған екен. Бұл кісінің жылы не болса, Торайғыр, Шоңның өлген жылы- сол.

Жаз шыққан соң Торайғыр мен Шоңның сүйегін аманат қойған жерінен алып, Хазірет Сұлтанға алып кетті. Сонда Шоңның (Шонтының) сүйегін аманат қойған жерінен алғанда, ішінде едім, - дейді Шонабай кожа деген қожа. Өз заманындағы адамның асық-жілігінен Шоң бидің асықты- жілігі бір қарыс ұзын екен. Әдейі қарыстап көрдім, - дейді, - және бір сонам (сүйем) және бар.

«Жантақты жерде сона бар, қыспаған көтте пәле бар», - деуші еді, Шонабай қожаның дуам айтатұғын мақалы еді.

Торайғырдың күн беруі

(бірінші нұсқа)

Жаздың күнінде ел жайлауда отырған мезгілде Торайғыр, Шоңның жылқысына түнде жау тиді дейді. Сонда Торайғырдың аты белдеуде байлаулы, найзасы босағасында шаншулы [1] тұрады екен «Ал, жау

тиді жылқыға!» [2]- дегенде, атына қарғып мініп, найзасын ала жөнеліп, жаудан жылқыны айырып, түн ішінде қайтып келіп, төсекте жатқан Шоң бидің тұсына келіп:

- Немене жылқыны айырдыңдар ма? - дегенде,

- Жылқыны жаудан айырдық. Кім екенін білмеймін, ат екпішімен [3] қараңғыда біреуді найзамен шаныштым, қолым сүйсінді. Өкіре құлады, барғаным жоқ, қалды сол жерде [4], дегенде,

Шоң би:

- Уа, ұрған екенсің [5], жағың қарыссын! - депті.

Сөйтсе, жылқыға тиген жау Қуандық екен. Ішінде Алшынбай деген бір сарбаз бар екен. Уәли ханның бір деген қадірлі төлеңгіті екен. Сол уақытта Ошақты көлге Уәли ханның балалары қонып: «Уәлиханға ас береміз!» - деп, ошақ қазып, сауын айтып қойған екен. Сүйіндік болып асқа жүрмекші болғанда, Торайғырға:

- Сен үйде қал, асқа барма! - дейді. - Жүзің қара болып, не деп көрінесің? «Қанды қанмен жуамыз!» - десе, Абайділда ханға не дейміз? Аға баласы Қуандықтың жақсысына не жауап айтамыз? Сен жоқ болсаң, бір сылтау табармыз, - дейді.

Торайғыр болмай асқа жүрді. Сүйіндік кісісі қорықты:

- Созге келмей, мынаны ұстап алып, өлтіреміз десе, соған айтар сөзіміз жоқ. Мына, шіркін, өзіне-өзі қылды-ау! - деп, ел қорқа-қорқа барды [6].

Асқа барған жерде әуелі [7] Абайділда ханға ат үстінде кез болып, билердің бәрі ат үстінен көрісті. Торайғыр аттан түсе қалып, жаулап барып көріскенде, Абайділда хан айтты:

- Торайғырым, ерге жаратуын деген, - дейді.

Сонда Торайғыр айтты:

- Алдияр тақсыр, рас айтасыз, Құдай тағаланың құдіреті хазіреті Мұса пайғамбармен Тор тауында сөйлегенде: «Мұса, жердің тарында кім тұр, кеңінде кім тұр?» - деген екен. Сонда Мұса пайғамбар айтқан екен: «Жердің кеңінде мен тұрмын, тарында сен тұрсың», - деген екен. «Мен он сегіз мың ғаламды жоқтан бар қылған Құдай болсам, жердің тарын, кеңін жаратқан өзім болсам, мен қалай тарында тұрамын, сен қалай кеңінде тұрасың?» - дегенде, «Рас, он сегіз мың ғаламды жаратып, мені жоқтан бар қылған құдайым сен болсаң, сендей құдайым бар екен. Мен жердің кеңінде тұрмай, кім тұрады? Менің сендей құдайым бар болған үшін, жердің кеңінде тұрамын. Сенің ар жағында сүйенетұғын құдайың жоқ, жердің тарында тұрғаның сол емес пе? - дегенде, «Рас айтасың, құлым. Сөзің- хақ сөз!» - деген екен. Сол айтқандай, сендей төрем бар, не ғамым бар, тақсыр?!» - дегенде,

- Рас айтасың, Торайғырым, жетім бастатқан «тоғызың» бізден болсын!- деген екен.

Алшынбайдың қатыны ұрғашының бұлбұлы екен:

- Байымды өлтірген батырды көремін!- деп, қолын ұстаған жігіт-желеңге болмай, бұлқынып кіріп келгенде, Торайғыр би:

- Алшынбайдың ажалы жетті де, менің ақ найзамның ұшынын абиыры кетті де?!- дегенде,

Қатын:

- Байым өзінен кемнен өлмей, өзімен теңнен өлген екен. Қараңғының көзі бола ма, тиіп кетсе, сөзі бола ма! Құдайға да разымын, байыма да разымын, өлтірген жаным, саған да разымын. Мен байымның құнын кештім. Байымның өлігін сатып, мал алмаймын!- деп, жадырасып, разыласып қайтысқан екен.

- Баянауланың қарағайы желмен шулап тұрған: «Ием жоқ, ием жоқ, ием келген күнде тұтамыш ту бие боламын!»- деп жылап тұрсың-ау!- деген екен.

Торайғыр тапқырлығы

Өлейін деп жатқанда, жалғыз баласы Әбет мырза:

- Әке, қалай боларсың?- дегенде,

- Уай, балам-ай, мен қалай болатұғынымды қайдан білейін? Мұнан бұрын өліп көріппін [бе]?- деген екен.

- Сонда Әбет мырза жылаған екен:

- Біз енді кімді әке қыламыз?- деп.

- Жылама, балам, жылама. Жақсы болсаң, өзің жұртқа әке боларсың. Жаман болсаң, әкесіз боламын деймісің, кім көрінген әкен болар,- деген екен.

Асың барда ер таны, беріп жүріп,

Атын барда жер таны, желіп жүріп.

Бұл дүниенің өтерін білген сырбаз

Малын бер де, сұлуды ал көріп жүріп, - деген сол Торайғырдың өлеңі екен.

Торайғыр би үйінің оң жақ босағасына ақ тас, қара тас көміп қояды екен. Екі даугер келгенде, ақ-қарасын сөзіменен басқара алмаса, екеуін де бірдей жұмсайды екен: «Ана іргеден қазып, тас тауып алып келіңдер!»-

деп. Сонда ақ тас алып келгенді: «Сенің дауың ақ екен»,- дейді екен. Қара тасты алып келгенге: «Сенің дауың қара екен»- дейді екен.

Бір түйелі кісіге бір жаяу жолдас болып, сонда түйелі жаяуға:

- Түйенің жабуынан бір қолыңмен ұста да отыр,- депті. Сол түйе зорығып өліп, түйелі жаяумен дауласып, Торайғырға келген.

Жаяу:

- Мен жалғыз қолыммен ұстап отырғаннан басқа дәнеме қылғаным жоқ, - деген соң:

- Қанша жер ұстап отырдың?- деп, жер мөлшерін сұрап алып, сол айтқан жерге шын қолыңды жоғары көтеріп отырып бар депті. Егер де соған шын қолыңды жоғары көтерген бойыңмен бара алмасаң, түйенің төрттен бірін төле,- депті.

Және бір шалдау қойшыны бір бала қойшы ат үстінен қамшымен бір салып қашса, шалдау қойшы қуып, баланы ұрамын дегенде, астындағы ат сүрініп кетіп, пышаққа ілініп, ат иесі төлеу сұрағанда, себеп: қашқан бала мен қуған шал екеуі даулы болып, Торайғырға келген.

- Мынау балалықпен ойнады. Оны қуатығын сен де баламысың? Баланың балалығын құдай да есепке алмайды. Үш есесін өзің төле. «Даушы қорқа алмайды, жаншы қорқа алмайды»,- деген бар еді. Бала төрттің бірін төлесін,- депті. Осындай айтқан биліктері көп.

Торайғырдың тағы бір сөзі

Абайділда:

- Қалған сөзді қайта қозғаймын,- дегенде, Торайғырдың айтқаны:

- Баялышты құба жон,

Кетпен шотпен шапқанмен, сай болмас.

Өз ақылымен ер жігіт

Бұлғақтағанмен, бай болмас.

Құс төресі аққу-ды,

О да жалғыз оттамас.

Қас патшаның белгісі-

Қара дауды пұттамас.

Батыры бар- жаудан қорықпайды,

Шешені бар даудан қорықпайды, - деген.

Адасса, сайдың басын білмейтін,
Қарны ашса, күннің сәтін білмейтін,
Елдің ішіне тұрғандығыңды қылса! - дейді.

Торайғырдың күн беруі (екінші нұсқа)

Бір жылы ел жайлауға көшіп жүріп, жолшыбай үдере көшіп, жаппаның астында жатып, Торайғыр, Шоң екеуі ғана ... малды ауылдар қасына иіріп, әйел-еркек таң атқанша күзетіп тұрғанда. Сыбызғы тартып, жау келіп жылқының барлығын айдап кетіп, халық жаяу қалып, сонда Торайғырдың торы жорғасы белдеуде тұр екен. Жау артынан жалғыз өзі адамға айтпай қуып кете барған.

Шоң оянып:

- Япыр-ай, түсімнен шошып оянып едім. Торайғыр үйде ме, барып, біліп келші!- деп, кісі жібереді. Келсе, кетіп қалған екен. - Қап, әттеген-ай, жазым болмаса игі [еді]-деп, қорқып отырғанда, Торайғыр жылқыны жаудан айырып, аман алып қалыпты.

Ертеңінде Шоң келіп қараса, Торайғырдың ақ найзасының сағағы қанға боялып тұрғанын көріп, қорқып: «Мұның артынан бір пәле шықпаса екен?!»-деп, тірі жанға білдірмей жүрген еді.

Келер жылы болғанда, Алтайда Алшынбай асына шақырып, арнаулы кісі келген еді. Сонда Шоң айтқан:

- Торайғырға бармасын деп айтындар, - деп, кісі жіберген, - Мен қорқамын! - деп.

Торайғыр:

- Мен де барам, қорқарым жоқ! - деп болмапты. Екеуі де көп жолдас алып барған, алдынан сыпайы атшы шығып:

- Екеуіңізге екі үй тігілген, - деп,

- Бұған да шүкір!- деп, қорқып, - Менімен бірге түс, Торайғыр [жеке] барма! - деп айтқан бұған да болмай, жеке бөлініп [Торайғыр] жөнелгенде, Шоң қорқып:

- Көбірек барындар!- деп, жолдастарын жіберген.

Торайғыр өзіне тіккен үйіне барып қонып, ертеңінде алдыңғы ауылдан бір ұзын бойлы ақ сұр қатын қолында ақ семсері бар:

- Ерімді өлтірген ер қайда, қандай қанын мен жұтам!-деп, келе жатыр. Көп әйел мен еркектер екі қолына ие бола алмай келе жатқанын көріп, шошып, Шоң би:

- Баршы!- деп, тағы кісі жіберіп, - Иа, Құдай, сақтай гөр! - деп, жалғыз үйде отыра алма[ды].

Алдындағы адамдар есікті басып, жібермей, есік маңы толып тұрған халық. Қатын: «Кірем!» - деп, кісілер жібермей, таласып тұрғанда, Торайғыр үйде тұрып, айқай салып жалыққа айтқан:

- Ей, халық, аш есікті, қоя беріңіздер, ашуын басар, ақылына түсер. Бұрынғының айтқан сөзі бар еді: «Қараңғыда көзім жоқ, тиіп кетсе, сөзім жоқ», - деген. Дулығалы ақ найзаның бақыты ұшып, жерге түсті. Жазатайым боп кетіп, біздің найза сіздің ерге түсті. «Мен Алшынбаймын» - десе, жолар ма едім?! Бәрінен де бір Алланың әмірі күшті! - деп айтқанда, қатын тұрып:

- Мен қойдым: «Ерім құнсыз бір жаманнан өлді ме?» - деп едім, ерден өлген екен, арманым жоқ! - деп Торайғырмен көрісіп: «Кешу!» - десіседі.

Торайғыр қатынға ақ жібек шапан жауып:

- Мені қорған көр!- [деп], жорғаны жетектетіп, ертең[інде] ат қосып, жалғыз қара жұп торы жорға [алдында] келіп, екінші Шоңның сарыбауыр аты келіп, үшінші Алшынбайдың Бозойнағы келіп, ат бәйгесінен жүз жылқы [түскен] екен. Мұны қатынға беріпті.

Ертеңінде қатынға Шоң мен Торайғырды қонаққа шақырып, қонақ қып, ертең қайтарында:

- Ат адамның бағы еді,- деп, торы жорғаны өзіне беріп,- маған жүз жылқы болады!-деп,- Мынау ерімнің жорықта киген шекпені еді, мынау-өз найзаңыздың тиген тесігі,- деп,үстіне жауып,- Мынау сондағы мінген Бозойнақ ат,- деп, манағы үшінші боп келген атты мінгізіп жіберген екен.

Келесі жылы қатынды Торайғыр қонаққа шақырып, сыйлап, келген жолына қырық жылқы беріп, разы қылып қайтарыпты.

Торайғырды тоқтату

Шоң мен Торайғыр екеуі араздасып, Торайғыр Жиделібайсынға көшіп бара жатқан жерінен оны Қобының құмында Қарауыл: Мүсет би қуып жетіп,мынадай тоқтау айтып,елге алып қайтқан екен:

Шоң, Торайғыр, сенбісің мақтап жүрген,

Бар өнерің осы ма сақтап жүрген?!

Елден кетіп барасың

Мамыр менен Сабырға.

Барғаннан соң сен жерсің

Жал-жая жоқ, қабырға.
Жүйрік атың бар бөлса,
Барымтаға шабарсың.
Сұлу қызың бар болса,
Бозбалаға жағарсың.
«Ауыл қашан көшед?»- деп,
Түндігіне қарасаң,
Төрешіге барғанда,
Төмен қарап, жарарсың
Асыл туған затынды!
Шоң, Торайғыр атанған
Егіз шыққан атыңды
Қайдан іздеп табарсың?!
Ұқсаң, айтқаным-осы,
Ұқпасаң, қайтқаным-осы!
Босат атымның басын!- депті.
Сонда Торайғыр түсініп, елге қайтқан екен.

Шоң би

Шоң нақылдары

Құдай рахмат қылсын: «Шоң би айтады екен: «Берген аста береке бар». «Береке»- деген періштенің аты. Берген үйдің асына періштесі-береке береді. «Бермеген аста біте бар». «Біте» деген- шайтанның аты.«Бермеген үйдің асын Біте деген шайтан сорып құртады»- дейді.

Отыз жеті жасымда Ташкент барғанда, атармын (аңармыз) құлақтан құлақта қалған сөз еді. Алпыс үш жасымда нұсқа болып қағаз үстіне жазылды. Жасымда жүрмесем, тұрмасам, маған бұл қайда?

1921-інші жылында 25-декабрьде- жаңаша.

Тіл мен көз

Бір сөзді жазып отырғанда, бір сөз ойға түсіп кетеді. Шоң би, Торайғыр би және қасында Тайкелтір бидің тоқалынан туған баласы Өтеп сақау бар және Торайғырдың атшысы Ыстықмұрт: Ерсары бар-Қаракесекке бітімге бара жатып, Қаракесектің бір ауылына жақындап қалғанда, бір кісінің басындай доп-домалақ ақ тасты көріп, айнала тұра

калып, тамаша қылып, көреді де, кете барады. Ауылға барып қоныпты. Байдың екі ала бас ботасын, екі аққара бас марқасын көріп, тамаша қылып, таңданыпты. Бұлар аттанғанша, екі бота да, екі марқа да пышаққа ілініпті. Сонан соң бұлар әңгіме қылыпты:

- Мына екі бота мен екі марқаға біздің көзіміз тиді. Кешегі біз таңданған тас қайтты екен?- десіп, әлгі ауылдан аттанып, әдейі барып, тасты көрсе, ортасынан қак жарылып жатыр екен дейді.

Сарман мен Шоң би

Шоң би бір шаруа жөнінен ақылы алты тарап болып отырғанда, бір-екі даугерді Сарманға айдап жіберген екен. Сонда Сарман екеуінің сөзіп сұрап естіп алып:

- Сен де жан бер, сен де жан бер! - депті.

Екеуі қайта Шоңға келіпті.

- Қайттіндер, біттіндер ме? - депті.

- Екеуімізге де жанға салды, - депті.

Сарманды шақырып алып:

- Мұның рас па?- деген екен.

- Маған салсаң, осы сөзден басқа айтарым жоқ!- депті.

Шоң бидің бір әйелден жеңілуі

Кіші жүз Атантай хан 60 жасқа келгенше баласы болмай, бала үшін елден қаңғып, бір сұлу қыз алып[ты]. Атантайда 5 жыл тұрғаннан кейін, Атантай қаза болып, алған әйелі 25 жасында ерге тимей отырып қалғанын Орта жүздегі Шоң, Шорман билер естіп, Шоң бидің әйелді алуға көңілі кетіп, Шорманға:

- Сол әйелді маған алып беруге жәрдем көрсететін болсаң, сенің қалауыңды беремін!-деп, Шорманды ертіп, Атантайдың үйіне барады. Барып отырса, Атантайдың өлгеніне 2-3 жыл болса да, үй айналасы тозбаған. Ері жолаушы кеткен әйелше ұстап отырғанын ұнатып, Шоң би жақсы кеңестер айтып отырады. Кезек Шорман сөйлеуіне келгенде, Шорман: ері өлген әйелдердің ұяты шығып, буаз болып, болмаса, өсегі білініп, қалғандарды ерсіз отырмақ жағына бейім сөздер сөйлейді.

Сонда әйел айтады:

- Ұлы өзеннің бойына

Үлгілі билер қонады.

Үлгілі билердің кеңесі
Рулы елге болады.
Шөкет қара суларға
Шөңкиген билер қонады.
Шөңкиген билердің кеңесі
Шөметейінде болады.

Шоң, Шорман ұялып аттанып кетінті.

Шоң мен Тіленші

Екі елдің дау-жанжалы, «Ердің құны- нардың пұлы»-сияқтыларды Қаракесек, Тортуылдың билері бас қосып, бітім, тыным қылып, ел арасын тыйыштандырып, жайландырады екен. Сонда Қаракесектің биі- Тіленші, Тортуыл биі-Шоң би- екеуі бас қоспақшы болып, Шоң би Қаракесекке бет алып жүрмекші болып: «Айдабол Тайкелтір бидің Өрік деген тоқалынан туған Өтеп сақауды ала жүрейік!»- деп, барса, Өтеп кедейлікте қара қасқаның өзі екен.

- Атым, тоным жоқ- деген соң, Тайкелтірдегі Манкен байдың торы жорғасын алдырып, мінгізіп, шұға шекпенін алғызып кигізіп, алып жөнелді. Сонда Өтеп сақау айтыпты:

- Алдынан буа сөйлейін бе, артынан қуа сөйлейін бе?- дегенде, Құдай рахмат қылсын, Шоң би айтқан екен:

- Артынан қуамын деп жүргенде, жеткізсе жақсы, шалдырмай, шығып кетсе, қапы соғып қаларсың. Не болса да, алдынан буа сөйле!- депті.

Билер бас қосып, сөзді бастағаннан-ақ Өтеп сақау ешкімге сөз бермеді, Тіленшінің аузын ашырмады. Сонда Тіленші не дерін білмей:

- Мынау өзі жағасы кір-кір немең кім өзі?- депті.

Сонда Өтеп сақау айтқан екен:

- Көйлек кірі жуса, кетер; көңіл кірі айтса, кетер; сүйек кірі қайтсе, кетер?- дегенде, Тіленші:

- Менің сүйегімде не кір бар? Әкем- Бекболат, бабам- Қазыбек,- Бошанға, Болатқожаға шейін шұбыртып сөйлегенде, сонда Өтеп сақау айтқан екен:

- Әкең айсыз қараңғы түн еді, жерошақтың басында, көгеннің қасында жататын шеше- сол Мықыра күн еді,- дегенде, Тіленші сөз таба алмай, Шоңға айтқан екен:

- Ай, Шоң-ай, мынау сөзді биті быжынаған, құрты құжынаған жаманыңнан есіттірмей, өзің-ақ айтып тынсаң, не етеді?!- дегеннен басқа дәнеме айта алмапты.

Сол Қазыбектің ұрпағына: «Кімсің?» - дегенге «Кішікіміз!» - дейтіндері бар. Онысы: «Біз Сұлымқарадан емеспіз,» - дегені. Кішік-қатынның аты болса керек. Сұлымқарадан жирендіріп қойған Өтеп сақаудың сөзі болмаса, кімнен туғанын кім біледі?

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (бірінші нұсқа)

Шоң- Торайғырдың Шоңы қартайғанда, Қуандықта бір асқа барған әңгімесі. Қуандықта: Қопа, Сапақ, Қорысбай деген байлар болған. Сол «Қорысбайдың асы бар!»- деп, сауын айтты. Ошақ қазған жері-Есіл бойы: Амантай, Қарқаралының қақ қасында. Сол асқа Шоң биді шақырды. Шоң би ат бәйгесіне қосуға Жананның Қараласын алып жүрді. Балуан бәйгесіне түсіруге Қаржас: Ақша- Байболаттың Байболатынан шыққан Жаманқара- Кенжеқараның Жаманқарасын алып жүрді. Ақын бәйгесіне жарысқа салуға Орманшыдан шыққан Сақау ақынды алып жүрді.

- Осы жолы бағымды сынайын деп едім, осы астан тапқан, алған олжаң менікі болсын! Үйге қайтып келін түскен соң, қыздың қалың малын алсаң да, қолың бос болсын!- деп, Қараланың алдына жанды кара түссе, аттырамын!- деп, Күлік: Жаңабатыр бидің баласы «Қаһарлы Жанақты» алып жүрді. Бұл Жанақ: «Аттым!»- десе, мал да, жан да мұрттай ұшады екен. «Шоң бидің сабасы- деп айтсын!»- деп, Ақбура: Қаралтайдың баласы Қарқымбайдың сабасын алып жүрді. Ол сабаның көрінісі- төрт сары айғырдың терісінен- жүнін сыртына қаратып, жал-құйрығын өзіне қойып, бұлқынына бір өгіздің терісін тіктіріп, өзін түйеге теңдегенде, сегіз қанат үйдің бір үзігі бір жағына тең болады екен. Алты атанға қымыз артып барып, асқа барғанда, сабаны үйге орнықтырып, алты атанға артқан қымызды ішіне сол жерде құяды екен.

Шоң би асқа бара жатқан бетінде Амантайдың [1] басына шығып, асқа тіккен үйлерді тамаша қылып тұрды. Көптігі- бір шеті мен бір шетіне көз жеткісіз екен. Сол жерде тұрып, Қарала атты алдына алдырып, Қарала атпен серттесті дейді:

- Осы Амантайдың басынан қарақшы тіктіріп, пәлен жерден айдатпасам, маған серт! Алдында келмесең, Қарала, саған серт! Алпыс төртте мен тұрмын, жиырма төртте сен тұрсың! Енді Қуандықтың асы, Шоң, саған да екіталай, енді бәйгенің алды, Қарала, саған да екіталай: екеуіміздің ақыр-тақырымыз - осы!- депті.

Асқа барып түсіпті. Шоң би ақын Сақауға:

- Алдымен мына Шонтыжанға өлең айтып, басындағы тақиясын алып ки, ырым болсын! Сонан соң бар да, ілкі бұрын Саржан төреге айт, онан сұра- тон.Өтебай жындыға айт, басынан сәукелесін сұра. Қанша дүние берсе, алма! Егер сәукелесін бере қалса, етегіңе орап, алды-артына карамай, мұнда алып кел! Елі білсе, тартып алып қалар!- деп, батасын беріп, жөнелтіпті.

Саржан төре өлеңшінің өлеңін керек қылмайды екен, алдына өлең айттырмайды екен. Бұл Сақау домбыра алмайды екен, домбырасы жоқ болған соң, мұның кім екенін қайдан білсін?! Саржан төренің алдына барып, шарт жүгініп отырып,өлеңді қоя беріпті. Сонда айтқан өлеңі:

Құдай артық жаратқан тілегінді,
Гауһар тастан жаратқан жүрегінді!
Бір тартқанда, өткізген жеті шоттан,
Айналсам да, болмай ма, білегінді?!- дегенде,

Саржан төре:

- Тоқта, тоқта,сөзің түгел болды, жетті. Аузыңа сөз салып тұратұғын күшті перің бар қу екенсің. Мынаған бес көк алабас атаң, бес дүриіе шапан ап келіп беріндер! - депті.

Оны Шоң биге беріп жіберіп,Өтебай жындыға барыпты. Бұл Өтебай жынды Алтай: Тоқаның Тоқасынан, Көктің көліндегі Инем баласынан шыққан сал екен. Әкесі Күшікбайға он екі мың жылқы біткен екен.Сол он екі мың жылқы мұны жындандырмай, қалай тыныш қояды?!Осы асқа киіп келуге өзіне арнап сәукеле жасаттырған екен. «Тоқа: Сапақ қызының сәукелесінен де артық болсын, Алтай: Алдажұман қызының сәукелесінен де артық болсын!» - деп, жасаған ұсталар: «Жүз биенің құнына, пұлына жеткіздік» - деген екен.

- Осы асқа барғанның бәрінен биік боламын, - деп, сәукелені басына киіп,түйеге мініп келген екен.

Өзі бір үйде жалғыз жатады екен де, сәукеле басында,үлкен құс жастық арқасында, аяқ жағына есіктей айна қойдырып, өз түрін өзі айнадан көріп:

- Бар түрің осы ма,бар болғаның осы ма? - деп, - Ішіңе сиейін, көтімді сүртейін!- деп, аузын осыртып, айнаға карап, ернін шығарып, өзін-өзі келемеждеп жатады екен.

Сақау кіріп барып өлеңді қоя берді.

- Үйден барып, қысырақ ал, - деді, - жүзді ал, мыңды ал,- деді.

- Басыңнан бермесен,тіпті алмаймын!- деп, бұ да өлеңмен ерік әліне қоймай бүріп кетті.

- Өзіме де сүйкімсіз болып, түрімді бұзып жатыр еді, ененді с...інді арман ап кетші, көрмегенім осы болсын!- деп, басынан жұлып алып, есікке қарай лақтырды дейді.

Сақау алды да, жөнелді, Шоң бидің алдына ап келіп қойды.

- Сегіз ұлдан соң көрген жалғыз қызы, ... жанды ұзатқанда, басына кигізісін,- деп, сәукелені Шонтыға байлады дейді.

Міне, бұрынғылардың бәрі әулие екендігі осындайдан білінеді. Қанша ұста жидырып, жүз биенің құнына жеткізіп жасатқан иесі Өтебайға бір тақия есебінде болды. Еңбек қылып алып келген ақын, әдейі жіберіп алдырып отырған Шоң, - бәріне де бір тақиядан артық құны болмады. Сонда Тоқа: Сапақ бай:

- Қарқынбайдың жылқысы қанша?- деп сұрапты.

- Төрт жүз бар шығар,- десіпті.

- Менің бір қыста соятұғын соғымым құрлы жылқысы жоқ неменің сабасы қандай екен, көрмек керек,- дегеніп естіп, Шоң би, Құдай рахмат қылсын, тамам ер тоқымды бір жерге үйдіріп, сабаны соның үстіне орнатып, туырлықты тестіріп, піспектің басын сонан шығартып, далада ат үстінде тұрып пісетұғын қылып қойыпты. Үкісін бұлғандатып, күмісін жарқ-жүрқ еткізіп, атпен пісіп тұрғанын Сапақ анадайдан көрін, келуге ұялып, қайтып кетіпті.

Бұрын бес Мейрам ортасында ас берілсе, Шоң биге келіп: «Қарақшыны қайдан тігеміз, атты қай жерден жібертеміз?»- деп, ақыл сұрайды екен. Бұл күнде Қоңыркұлжаның аға сұлтан, дуанбасы күні, бұл Қайырқоңырдың заманы болып тұрған күні екен. Төрелік қылып, Шоңға келмей:

- Ат шабар! Ат шабар-лап, қарақшыны алып шығып кетті дейді.

Шоң би атқа мінбей, жатып алды. Бұл аста Қаз дауысты Қазыбек ұрпағы болған Тіленші баласы Алшынбай би бар екен. «Ат шабар, ат шабар»-лап қарақшыны ала жөнелген соң, олар да шығып кеткен екен. Сонда Шоң би Алшынбайға кісі жіберді дейді.

Тіленші би өлгенде, Шоң би орнына дұға (дуа) қыла барып, бір күн, бір түн жатып қайтқан екен. Сонда Алшынбай жиырмаға жетпеген уыз-жас күні екен, Шоң биді шығарып салу үшін еріп шығып, «Айыркезең»-деген таудың түбінде аттан түсе қалып, рұқсат (ұлықсат) сұрап:

- Кеше бесінде барып түскеннен бүгін бесінде аттандыңыз. Сіз түскеннен аттанғаныңызша алдыңызда жұлдыздай ағып сөйледім де, отырдым, бір қақпадыңыз. Сіздей кісі қақпайтұғын менің сөзім сонша мүлтіксіз, оң болып кетті ме, болмаса мені ақымақтанып, әуейіленіп кете берсін дедіңіз бе?! - депті.

Сонда Шоң би айтыпты:

- Сенің ана бір сөзіңнің анадай сөкеті бар еді, о бір сөзіңнің мынадай оғашы бар еді [деп], жұрт көзінше топ ортасында пәлен-паспадан дегенім: «Қарадан хан болды – деген Шоң да бұған бір ауыз бір нәрсе деуге жарамады», - деп, елің қатықтай қатып, сүттей ұйып, қалта қарап тұрып қалсын! - дегенім ғой!» - дегенде, Алшынбай жылап жіберген екен.

- Айыркезеңді ұмытпасаң, бір қаруын қайырарсың, балам! - деп, жүре берген екен.

Жіберген кісісіне айтып жіберді:

- Алшынбайға бар: «Би жіберді, Айыркезең есінде бар ма?» - десен, болады, - деді.

Жіберген кісісі барып, айтып еді.

- Би қайда? - деді.

- Би атқа мінген жоқ, жатып алды, төсегін жайлап салып алды, - деді.

- Би мінбесе, біз не алғалы міндік? - деп, түсіп отырып қалған жерінен атына қайта мініп алып, - Қарқабат, Қарқабат! - деп, ұран шақырып, айғайды салып келін, түсіп жатып алды.

Қуандық кісісі үрпиісіп, шошып қалып:

- Бұл қалай, бұл қалай? - десті.

Күптені жоқ бір қу таңдай суырылып сөйледі:

- Мұнда аруақтың соңы болған, Айдаболдың Шоңы болған Шоң деген кісі бар. «Қай жерге қарақшы тігеміз, атты қай жерден жібереміз?» - деп, маған сабағат салмады!» - деп, қияңқылық қылып жатқаны, - деді.

Төрелер:

- Біз ондайын білмедік, бара көріңдер, қарақшыны қай жерден тіксін дейді, атты қай жақтан жіберсін дейді. Өзі білсін! - деп, кісі жіберді.

Сонда олардың жіберген кісісіне Шоң би былай сөйледі:

- Бұл Қорысбай асы бес Мейрам басын қосып, ақылдасып берілетін ас еді. Солай болғанда, қар суынан осылай беттеп көшіп, ошақ басына қонатұғын едік. «Көптеген қонақ атандырады, көмектеген жау қашырады» - дегендей, оп-оңай тарқайтұғын еді. Ағайын-туғанды ақылға алмай, бір-екі төре не десе, сол болады дегенмен, «Төреге ерген ерін арқалайды» - демеді ме? «Түлкі алмайтын жаман құс - ат еңбегі, Абылайдан басқа төре-ет еңбегі» - деген сөз бар емес пе? Ел жайлауға беттегенде, сауын айтылмай, елдің жайлаудан қайтарына қарсы айтылып, қайта көшіп бара жатқан бетімізден: «Ағайын шақырған асымызға келмеді» - дер - деп, ұялғаннан зорға келдік, Сілетіден шығып келдік. Атымыздың мойны қатып, азаматымыздың сілесі құрып келді. Ертең тұрып, бүрсігүні ат шаппаса, жайымыз жоқ! - депті.

Сонан соң Қуандық қайта саба жиып, қайтадан соғым сойып, асты екі берді. Міне, Шоңның қара қазақтан бағы асқан жері-осы.

Айтқан ертеңі өтіп, бүрсігүні болды. Амантайдан қарақшыны тіктіріп, Қаралаға серттескен жерінен атты айдатты. Атты жөнелтіп жіберген соң:

- Балуан, балуан!- деген айғай шықты.

Сонда Шоңның балуаны Жамаңқара күреске қалай түседі? Бұл Жаманқара мойнына қыл шылбырды күрметіп байлатады екен. Ол шылбырдың бір ұшын, бір бозбаланы атқа мінгізіп, тақымының астына бастырып ұстатады екен де:

- Өлсең, айрылма!- деп айтады екен.

Бір-екі бозбаланы атқа мінгізіп, қолына құрық беріп, құрықтың жіңішке басымен:

- Құрайт, құрайт!- деп, құрықтың астына алып, аямай тарсылдатып сабатады екен.

Әбден бойы қызып, дуылдап алған соң, шылбырды жұлып кетіп, биеге шабатұғын айғырдай оқыранып барып, күреске түседі екен. «Жылқы жыным бар»- дейді екен. Бұл бүйтіп түскен соң, мұнымен күрескен өлмей қалғанын зор ғанибет деп біледі екен.

Балуан жықты, бас бәйгені алды дейді ғой!

- Ат келеді, ат келеді!- десті.

Қараса, өзге ат жоқ. Бір-екі қара келеді: біреуі- Баранқара, біреуі- жазған Қарала. Баранқара Қараланың алдына түсіп келеді. Сонда Шоң қасындағы мергеніне:

- Ат ана Қараланың алдына түсетін немені! - дегенде, мергені оң қолының сұқ қолын ұртына тығып:

- Өне, аттым!- депті.

Қара мұрттай ұшыпты: Қоңырқұлжа төренің қара аты екен. Үстіне мінген бала- Мұрат: Аманкелді деген бала екен. Бұл Аманкелдінің інісі Малкелдіге өзіміз ауызба-ауыз жолығып, сөйлестік.

Қуандық тағы жуандығына кетіп:

- «Қарала жерінен шапқан жоқ, жолдан қосылды, бәйге бермейміз» - ге түсті.

Шоң би ат үстінде бармағымен маңдайын тіреп, көзін жұмып тұр екен. Өзінің әдеті екен: жай отырғанда, көзін жұмып, бармағымен маңдайын тіреп отырады екен де, сөйлеуге келгенде, көзін ашып, ақыра сөйлейді екен. Шоңнан дыбыс шыққанда, басқа жанның аузына, сөйлейін десе, сөзі аузына түспей қалады екен. Сонда Шоң сөзі:

- Делегей етек, жуан қоныш Қуандық ағамның баласы, қамшыңның көптігіне де сөз жоқ, ақылыңның жоқтығына да сөз жоқ. Атым жерінен шапты, талас, тартыссыз жалғыз келді, бәйгемді бер! «Қапым бар!»- десең, атты қайта жіберуге бұйырамын. Өзім күнсіп далада тұрмаймын,

Алдажұман ауылына барып жатамын. Тағы бір атым құйрық тістесіп, Қараланың соңынан келеді. Екі аттың бәйгесін сол жерге алып келуге бас бұрып, бүлк етпейсіңдер! - деп, атты қайта айдатып жіберді де, өзі жөнелді.

Алдажұман аулына келіп түсіп жатып алды. Астан бұрын Абайділда хан түскен екен, оған да бір ат сойып, жеті еркек қой үйткен екен. Шоң биге де бір ат сойып, жеті еркек қой үйітті.

Айтса, айтқандай болып, Қараланың соңынан бір қарақасқа ат құйрық тістесіп келіп, екі аттың бәйгесін шып-шырғасын шығармай, Алдажұман аулында жатқан Шоңға айдап келіп берді.

Бұл қарақасқа ат Айдабол- Күліктің Күлігінің ішінде өсіп-өнген Майлытон- Шегірдің Шегірі «Әлісүйірдің (Алысойырдың) қарақасқасы»- атанған екен. Үстіне мінген баланың аты: «Жайылған» екен: «Қарақасқаға жиырма бесіме шейін шаптым»- деген екен.

Сонда Қуандық Сапақ байға өкпелепті; өкпелеген себебі- қарақшы тіккен төбенің басында Сапақ Шоңның қасында отырып қалған екен.

- Шоң Сүйіндік құты еді, сен Қуандық құты едің. Екі жарылған жерде өз ортамызда отырмай, Шоңның қасында неге отырып қалдың? Сен өз ортамызда болсаң, бүйтіп маңдайымыз жып-жылтыр болып қалмай тұғын едік! - десіпті.

Сонда Сапақ айтыпты:

- Шоң деген кісінің алды- жарық, арты қараңғы екен. Шоңнан былай бұрылып кетейін десем, адасатұғын болдым. Мен оның қасына түсейін деп түсіппін бе? Амалсыз түстім: алдын-жарық, артын- қараңғы қылып, бақытын аса зор қылып жаратқан Құдайға өкпелендер. Шіркіндер, Құдайдан деп білмей, менен көреді ғой! - депті.

Алдажұманнан аттанып, былай елсізге шыққан соң, Қаракесек, Сүйіндік болып, бір жерге түсіп, бәйгені ортаға салып, үлесіп алысыпты. Аттың, балуанның бәйгесінен Сақау бәйгесі он есе үздік болып шығыпты. «Жүйрік ат, шешен жігіт жұрттың бағына туады»- дегенді көзбен көріп, нанысыпты. Ақын Сақау үйге барған соң:

- Маған дүние малын берсең, алмаймын. Осы көптің көзінше, Шоң, маған оң батанды берші! - деп, ұшып түрегеліпті, сөйтіп бата алыпты. «Шоң биден, шешен болдым, бата алған соң!»- деген сөзінің мәнісі осы екен. Сол астан қайтып келе жатып, Тоқада: «Үш қозы»- атанған: Телқозы, Байқозы, Қарақозының Телқозысына түстену үшін түсе қалғанда, Телқозының бәйбішесі сабау ұстап, қымыз құйып отырып, Шоңның қаралдысына көзі түсіп, бойы иіген екен. Кідірмей бір ұл тауып, атын Шоң қойған екен.

«Күні Кеше Алтай: Тоқада атағы жер жарып: «Шоң болыс» - атанған Шоң сол еді», - дейді.

«Тоқсан ауыз сөздің түймедей түйіні бар»-деп, бұл әңгімені ұмыттырмаған Сақаудың бір ауыз өлеңі:

Мейрамның бас қосқанда бес баласы,
Бұл Қайырқоңыр екен дуанбасы.
Қуандық Қорысбайға ас бергенде,
Жананның келген екен Қараласы.
Бес Мейрамның ұлына түгел жеткен
Қарқымбайдың үкілі бір сабасы.

Қарқымбайдың сабасы Көтеш ақынның өлеңіне қосылған:

Қаралтайдың баласы Қарқымбай-ды,
Мырзалығың Байғананы алқымдайды.
Үкілі піспек болғанда, күміс ожау
Жиын сайын сабасы жарқылдайды.
Құйып ішер үйінде саумалы жоқ,
Олжаш неге би болып барқылдайды?

Олжаш деген Күлік: Дербісәлі баласы- Олжаш би. «Олжаш би- дейді екен, - сөзі бәтуасыз, берекесіз, өзі де оңбаған, арты да мәз болмаған жан» - деседі. Осы жаздың келешек қысына Шоң би дүниеден қайтып, денесін былғарыға тігіп, қыс ішінде жүз жылқымен Хазірет (Әзірет) Сұлтанға апарыпты. Әзіретідегі қожалар: «Арқаға қойып, үш жылдан соң ап келсең едіңдер. Еліңнің құты екен, құт шайқалды ғой!»- десіпті.

Шоң бидің өлген жылы қой жылы екен, келер қысына «Қу мешін»- деген жұт болыпты. Шоң өлген жылы туған балалар екен. Шоңның өз немересі, Төкі баласы Бажықай, Ақын баласы Айман өмірінде оңбай, қара қасқа кедей болып, еңбегі жылтырап, қартайып өліпті. Шоң өлген соң жаз шыға ас беріпті. Сол асқа Батыр- Бәрменнің Бәрмені «Алакөз», «Көсеу»- деген екі атын алып келіп қосыпты. Үндемей қосқан жоқ, айтып қосыпты:

- Енді, Қарала, саған бәйгенің алды түгіл, қаямның қақ басы да жоқ! – деп.

Айтса, айтқанындай болып, Шоң бидің асында Алакөз, Көсеу екеуі құйрық тістесіп келіпті. Қарала төртінші болып зорға ілініпті, қалғанының алды осы дейді.

«Қу мешінде» жұрт жұтап қалғанда, Көтеш ақынның айтқан екі ауыз өлеңі:

Қозған, Қақсал теп-тегіс қақсап қалды,
Жылқы- отарда, қолдағы ат ақсап қалды.
Баянаула бауырында Жанқозы атаң
Қара малдың тұқымын жақсы ап қалды.

«Ақыл», «Сексен»-атанған еліміз-ді,
Атпен тартып қағатын желімізді.
«Мал кетті!»- деп, бозбала, мұнаймандар,
Азар болса, үш жылғы төліміз-ді.

Айдабол: Боштай баласы Хұсайын, Қаракесек: Алшынбай баласы
Қакабай, Қаржас: Еркебұлан баласы Жантемір- Шоң өлген жылы туған
балалар. Осы айтылғандардың жиырма бес мүшелінде туған Мәшүр-
Жүсіп өзінен жиырма бес жыл бұрын өлген Шоңның қасында бірге
жүрген бе, қалай?

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (екінші қысқа нұсқа)

Қуандық асында Жананның Қараласы келген жолы, Қуандық:

- Жері жақын болды, қайта шаптырамыз! - десіп, болмады дейді.

Сонда Шоң айтты дейді, ат үстінде бармағымен маңдайын бір
тіреп алды да:

- Жуан қонышты, делегей етекті Қуандықтың баласы, сенің
қамшыңның көп екендігіне де ешкімнің таласы жоқ, ақылыңның жоқ
екендігіне де ешкімнің таласы жоқ. Атым талассыз келді, бәйгемді
бер! Қайта шаптырсаң, тағы бір атым тағы келеді, екі аттың бәйгесін
бересің! Мына мен күнқақты болып далада тұрмаймын. Жұман байдың
аулына барып түсемін. Өздерің артымнан бәйгемді сол жерге алып келіп
беріңдер!- деп, атты қайта шабуға жіберіп, өзі Жұман аулына келіп
түсіп жатып алды дейді.

Алдында Абайділда хан түсіп, оған да бір ат, жеті еркек қой сойып
үйткен екен. Шоң биге де бір ат, жеті еркек қой сойып күтті дейді. Бидің
айтқанындай, Қарала ат тағы алдында келіп, оның соңынан Айдабол-
Қаржастың және бір аты жалғас келіп, екі аттың бәйгесін шып-шырғасын
шығармай, Жұман аулында жатқан Шоңға әкеліп қолдан тапсырды
дейді. Өтебайдың сәукелесін Шоң Шонтының қызына бергізді дейді.
Немере інісі Сапақтың, Байсақал қызы, келінін Мұса мырза әдейі көріп
сөйлескен екен:

- Елінің «жынды», - деген сөзіменен, жыны жоқ екен. Төмен етекті
әйелдің сымбатты, сиықты, қылықтысы екен. Аулының мінезін жарат-
пай, менсінбегендіктен, «жынды» атанған екен. Сонда бір шай қайнатты.
«Үйімнен келген шай еді», - деп, әудем жерден иісі мұрын жарып шығып
тұратұғынның өзі екен.

- Осы отырған аулым осының иісінің не екенін білмей: «Көп сақтаған соң, сасып кеткен ғой!»- дейді. Мен жынды болмай, кім жынды болсын, обалым әкеме болсын! Мені осындай жерге қор қылып бергенде, қызыққаны мал болса, үрім-бұтағы мал көрмей, шұбырып өтсін!-деп, өз әкесін қарғап, жылады дейді.

Сол келінін енесі шағыстырып, Сапақ нақақ өлтірген. Мұнда Сапақ та қаңғырып, жылу сұрады. Онда Байсақалдың арты да қай оңа қойды дейсің? Ұрғашы болса да, көз жасы далаға кеткен жоқ шығар.

Мейрамның бас қосқанда бес баласы,

Бұл Қайырқоңыр екен дуанбасы.

Қуандық Қорысбайға ас бергенде,

Жананның келген екен Қараласы.

Қуандық асына алып барғанда, Қарала- жиырма төртте еді. Шон би- алпыс төртте екен. «Қарақшы тіккен төбенің аты- Амантай еді»,- деседі. «Қоңырқұлжаның атына шапқан баланың аты- Мұрат: «Аман-келді»- деген бала еді», - дейді.

Боздақ би туралы бір дерек

Жәудірқөз- Боздақ бидің қызы екен. Сексен-Қарашаға ұзатылған: «Қараша ұрысса, бермес араша.» Онан бір Бекжан деген жаман бала туған. Бұл Бекжанның апасын Қуандықтың: Құдайбергені алған. Жосқабек (Жосығабек), Сапарбек- жиендері. Құдайберген марқұмның бір сөзі еске түсіп, жаза салдым. Бұл Боздақ би Ақиіс-Қалкаманның Ақиісінен шыққан кісі.

Бестеректің түбінде

Бес үйлі Ақиіс демесін,

«Бес Мейрамға білдірмей,

Басып жеймін!»- демесін!- деп айтатұғын Боздақ би- осы. Моласы Жамандалбада, Батырдың Бейсенінің қыстауының оңтүстігінде, Қаратомардың басында. Бұл күнде жер болып, оба болып [қа]лыпты. Өзі Ақиіс те Бестеректің түбінде өлген екен.

- Сүйіндіктің жерінің шетіне апарып қойындар! Олай-бұлай жүргені дуа қыла жүрер!- деп, өзінің өсиеті бойынша қойған екен. «Боздақ десе, Боздақ екен!»- дейді. Өмірінше сал болып, сылқылдап, әдемі киініп жүреді екен де және Торайғыр сөзден тоқтағанда, осы Боздаққа дәнеме тауып айта алмаған екен.

1910-жылында жаз күнінде ел жайлаудан қайтар кезде барып, зират қылдық: тас тамы бар екен, жер болып қалыпты. Далбаның ту сыр-

тында Үшқағылдың оңтүстігінде Жайма деген жердің күншығысында бір жонның үстінде бір қотан қойдың орнындай бір көп тас үйілген үйеде, тап (қақ) ортасында бір бұлақ бар: дуам (дәуім) суалмайтұғын Құдай жаратқан тамашалардан бір тамаша. Көрген кісі таң қаларлық, көрмеген кісі онда су бар деп ойлайтұғын емес.

Шорман би

Шорманның жас кезі

Шорман деген кісі он үш жасында әкесі өліп, жегім қалып, «Шорман бала» атанған екен. Бас қосылған жерде әңгіме-сөзге кірісіп, аттыға-жол, жаяуға сөз бермей, «Шорман бұлбұл» атанған екен. Қаракесек, Төртуылдың басы қосылған жиында Тіленші биді алды-артын орап, сөйлетпейді дейді. Сонда Тіленші би айтқан екен:

- «Өзім асыраған текешік өзіме жау болды», - деген осындайды айтқан екен-ау! - депті. Жұлып алғандай, Шорман бала айтты дейді:

- Жаксылық өз қолыңда болса, бірі- ақсақ, бірі-таз- екі балаң бар ғой. Оны неге Шорман қылып алмай жүрсің? - деген екен.

Тіленші би дәнеме айта алмай, ұялып қалды дейді.

Бұл Шорман би қасында бірнеше жолдастарымен Қуандықта бір Атымтай деген байдың үйіне келіп, қону үшін бас салып кіріп келіп отыра қалды дейді. Байдың өзі қарт басқан кісі екен. Жамбасының (жанбасының) астында бір тоқым бар, от басында жантайып жатыр екен. Әлекедей жалаңдаған бір тоқал қолды-аяққа тұрмай, ұшып-қонып, от басында жатқан шалмен де ісі жоқ, төр алдында отырған қонақпен де ісі жоқ, бір кіріп, бір шығып, шаруасына айнала берді дейді. Байда үн жоқ, түн жоқ, қисайған бойымен қисайып жатты да, қойды дейді. «Қонақ келді-ау-деген, - бұған жабдық қыл» - деген байдан да ешбір сөз болмады, тоқалдың да ойы бөлінбеді.

Сонда Шорман би сөйледі дейді:

- Сүйіспеген қонақтың кім екенін білмейді, езу тартып күлмейді. «Су анасы -бұлақ болар, сөз анасы -құлақ болар. Адамның жаны денесіне қонақ болар, жанның жалғыз досы дүниеде тамақ болар» - деген екен-ау! - дейді.

Сонда жантайып жатқан шал басын көтеріп алып:

- Уай, жаным-ай! Қатынға қадірі қалмаған, қағып төсек салмаған, кара көзден нұр тайған, қатынға қайрат бел тайған. Қатын тілді алмаса, от басына жантайған- деген осы болатұғын,-дейді.

Шорман би:

- Тойдым, тойдым, төркіндеген әйелді ерткен қосшы сықылды күйде тұрған кәріп (ғаріб) екенсің!- деп[ті].

Тоқал да сөз түрінен шошып, бар әлінше күтті дейді.

Қаржас пен Қанжығалы дауы (бірінші нұсқа)

Нұрқан төре, Бапан би: Қанжығалының бірі- төресі, бірі- биі. Бұлардың заманында Төртуылдың адамы: Шоң би мен Шорман би екен. Төртуылдың Қаржас деген еліменен Қанжығалы-Ерейментауға даулы болды дейді. Шуақтың Ақшоқысы, Торғынбай шаты деген жер Қаржас қыстауы екен. Және Көдейбайдың баласы Өтебай Ереймен қыстап жүреді екен. Жер турасынан ұрыс-талас болып, Тұрсынбай баласы Боштай Шорманға болысып, Баянауладан қырық орыс алып шығып, Қанжығалы ұрыс-төбелес қылып, орыс мылтық атып, Қанжығалының жеті ері оққа ұшып өліп [1], осы даудың бітіміне бас қоспақ болып, Шорман Шоңға келді дейді:

- Керей, Қанжығалыға бітімге бас қосуға жүріңіз,- деп.

Сонда Шоң айтты дейді:

- Мен бармайын, сен өзің бар. Екеуміз бірдей барып, бітіп қайтсақ, жақсы. Біте алмай қайтсақ: «Үйде кіміміз бар?»- дейміз. Сен барып бітсең, бітіп қайтарсың. Бітпей қайтсаң: «Үйде Шоңым бар!»- дейсің ғой. Менің саған ұстатқан бір сөзім: үш күнге шейін бітімге шықпай, бөгелгейсің. «Момынның ақылы үш күндік»- деген сөз бар-ды. Үш күннен соң Момын баласы ақылын тауысып, «өзің білге» келетұғын,- дейді де, Шоң үйде қала берді. Шорман барды, Айдабол, Қаржастан,- әр табынан басты-басты кісілер барды. Керей, Қанжығалы болып ақылдасты: «Төртуылдан билікке кімді аламыз?»-деп. Шорманнан басқа билікке шығарлық кісісі жоқ:

- Шорманды аламыз да,- дейді. Онда Қанжығалы кісілері:

- Өзіміз Қаржаспен даулымыз. Қаржастың өз тұқымынан қалайша Шорманды аламыз? Басқа руынан алайық та,- дейді.

Қанжығалы: Сүгірәлі- Әбсапа деген кісі тұрып айтты:

- Әуелі мен Шорманның өзін оңаша алып шығып, әділ ме, әділ емес пе, сынайын. «Әділ биде ата жоқ, тура биде туған жоқ, туғанына бұрған

биде иман жоқ», - деген. Шорман баладан ата жайын сұрайын. Шорман Қаржасқа бұра қате тиіп, ата тапса, әділ болмағаны. Егер Қаржасқа ата таппай дағдарса, шын әділдігі, - дейді де, Сүгірәлі-Әбсапа бір төбенің басына шығып отырды да:

- Шорман бала маған жолығып кетсін, - деп, шақыртып алып, қасына отырған соң:

- Осы, Шорман бала, сенің әкеңнің аты кім? - дей[ді.]

- Менің әкемнің аты- Байкісі-Күшіктің күшігі, - дейді.

- Оның әкесі кім? - дейді.

- Сатыбалды- Тәтидің Тәтиі, - дейді.

- Оның әкесі кім? - дейді.

- Мырзағұл, - дейді.

- Оның әкесі кім? - дейді.

- Анай, - дейді.

- Оның әкесі кім? - дейді.

- Телі, - дейді.

- Оның әкесі кім? - дейді.

- Құлыке, - дейді.

- Оның әкесі кім? - дейді.

- Қаржас, - дейді.

- Қаржас әкесі кім? - дейді.

- Уай, Әбсапа әкей, «Өзен тұрып, өзге жерге қонған- нәмірд. Өзі болған жігіттің түп атасын сұраған- нәмірд», - демеп пе еді?! Қаржастың әкесін де ұрайын, оның әкесін сұраған кісінің тап аузын ұрайын! - дейді.

Сонда Сүгірәлі Әбсапа қарқ-қарқ күліп:

- Пәлі, Шорманым, әділ екенсің! - деп риза (ырза) болып, арқаға қакты дейді. Керей, Қанжығалының тобының ортасына барып: - Билікке Шорманның өзін алыңдар, турашыл екен, әділ екен, - деп, - мақтады дейді.

- Билікке Төртуылдан Шорман шықсын, - деп, кісі салдырғанда, Шорман бала:

- Бүгін тұра тұрсын, ертең шығайық, - дейді.

Ертең кісі жіберіп еді, тағы:

- Ертең шығайық, - дейді.

Айтқандай, үш күнғеше билікке шықпай кідіріп, төртінші күн шыққанда, Керей, Қанжығалыдан шыққан би /Нұрқан төре- Жолмұрат ескертуі- Н.Ж./ аузына басқа сөз түспей, «Өзің біл, өзің біл-ден» басқа дәнеме айта алмады дейді.

Сонда Шорман би айтты дейді:

- Өзім білсем, жеті ерінің құнын алып, Ерейменнен күллі Қанжығалы шығып кетсең де, ықтияр өзінде. Жок, жеті ерің құнсыз қалып, Ерейменді түгелімен алып қалсаң да, ықтияр өзінде! - деген соң:

- Өлген жеті кісіге бола екі болыс ел қыстап отырған Ерейменді қалай тастап шығып кетеміз?- деп, жеті ердің құнынан кешіп, Ерейменді Қанжығалы иеленуге ықтияр болды дейді. Қаржаста жеті-ақ қыстау бар екен. Онан өзгесі Қанжығалының бұрыннан өз қонысы екен. Шорман бидің сөзді ұтып сөйлеп, ретін келтіргеннен Қанжығалының жеті ері құнсыз кетті дейді.

Қанжығалы: Қоскелді- Досан ақын Қаржас: Елтай ақынмен өлең айтысқанда, былай деген екен:

Ұры Қаржас деген соң, ұры Қаржас,
Жан торсығың, жаның да сірі, Қаржас.
Жаз жіберген көбенді күз қоймайсың,
Тұқымың мұнан жаман құры, Қаржас!

Сонда Елтай ақын айтыпты:

Керей мен Қанжығалы сен емес пе ең?
Байлаулы бұзауыммен тең емес пе ең?
Кешегі жеті еріңді құнсыз қылған

Балам-ау, әкең Қаржас мен емес пе ем?!- дегенде,
Досан ақын дәнеме тауып айта алмай жеңіліп қалыпты.

Қаржас пен Қанжығалы дауы (екінші қысқа нұсқа)

- Керей, Қанжығалыға бітімге баралық!- деп, Шорман Шоңға келгенде,

- Мен қалайын, сен бар: «Үйде Шоңым бар!»- деуіңе жақсы ғой! Екеуміз бірдей барған соң: «Үйде кіміміз бар?»- дейміз. Төрт болыс жарым Қанжығалыда Нұрқан төреден басқа қазақ тілін білетұғынның өзі жоқ. Оның өзі де жазғытұрғы қақтың суы сықылды: бір суалып қалса, ар жағында бұлақ боларлық көзі жоқ. Сенімен екі-ақ күн текірекке жарайды. Үшінші күн болғанда, сөзі таусылып қалып: «Өзің біле бер, не қылсаң да»- дегеннен басқа дәнеме айта алмай қалса керек, тізгін өзіне тиген соң, кісіден сөз үйренетұғын кісі сен емессің. Ойлаған жеріне келтіресің, бар, жолың болсын, бара бер! «Үйде Шоңы бар, түзде Шорманы бардың арманы бар»- демесін- деп қоя берді дейді.

Шорманға бір бәйбішенің сын айтуы

Есіл бойында Қарақозған: Қарабай, Шорман,- он шақты кісі өрдегі Қуандыққа жолаушы болып барыпты. Жаздың күні ыстық шілде, әуе жерге түскен ыстық күн екен. Бір ақбоз үйдің сыртына тұра қалып сөйлес қылыпты. Кісі шықпапты. Сонан соң өздері кіріп барса, үйдің ішінде екі кісінің құшағы жеткісіз бір бәйбіше қатын отыр дейді. Екі жылқының терісінен қылған бір саба қымызға лық толып тұр дейді. Онан басқа қыбырлаған жан жоқ. Бәйбіше бұлардың шаңырқап, сусап келгенін көріп, орнынан әрең зорға қозғалып барып, сабаны пісуге мұршасы келе алмай, аяғымен толқып қозғады дейді.

- Балалар, біреуің келін, шараны аузына тоса беріңдер!- деп.

Сонда бұлар мырс етіп күліп жіберді дейді. Бәйбіше бір көлді бір көлге қотарғандай, сабаның ауызын қисайтып құлатып, шараны лүпілдетіп аузынан асыра құйып:

- Ал, балалар, іштеріңе сыйғанша орталарыңа алып, іше бер,-деп, шаршап-уф!- деп, отыра кетті дейді.

Бұлар қымызды ішіп, кенелін, маңдайлары шып-шып терлесіп, мээ-мейрам болып, өздеріне-өзі келген соң, бәйбіше баяулап қоңырлап, ақырын ғана сұрады дейді:

- «Жылағанды сұрама, күлгенді сұра»- деп еді. Балалар, мана мен қымыз құйып жатқанда, не себепті күлдіңдер?- дейді.

Онда олар айтты:

- Сіздің сабаны аяғыңызбен толқығаныңызға күлдік,- дейді.

- Оның несіне күлдіңдер?- дейді.

- Біздің жақта қарияларымыз ұрсып тастаушы еді: «Ақты аяғыңмен теппе, ырымға жаман болады»,- деп. «Бұл жақта ондайды ырым қылмайды екен-ау!»- деп, бұрын өзіміздің жақта көрмеген нәрсеміз болған соң, бізге ерсі көрініп, соған күлдік,- дейді.

Онда бәйбіше айтты:

- Балалар, бұрынғының мақалын естіген жоқ екенсіңдер: «Барында батып іш, жоғында сатып іш. Құдай беріп қойған күнінде шалқаннан жатып іш». Дүние, шіркін, кетер болса, өпкеніңмен келмейді. Бір беттеп келер болса, тепкеніңмен кетпейді. «Кедейлер ырым етер, ырымы қырын кетер»,- деген. Ырымшыл болсаңдар, елдерің кедей ел екен ғой!- депті.

Бұлар дәнеме айта алмай, ұялып қалыпты.

Итемген

Бұл Едіге бидің немересі- Итемген. Шоң баласының қырық жылқысын ұры алып, сол жылқысына сұрау салу үшін, Қуандықтың бір зор жиын ат шаптырған асына барғанда, бір Қуандық айтыпты дейді:

- Біз осы күнде жұлдыздай Қуандықтың баласы Үркердей төренің аузына қарап тұрмыз. Заман Буалхайыр, Қоңырқұлжа төре заманы болып тұр. Бет айғақ бола алмаймыз, сырт айғақпыз. Сіздің қырық жылқыңызды Буалхайыр, Қоңырдың төлеңгіттері қуып келіп, қырып алды. Аузыңыз жетсе, өзіңіз сұрап алыңыз, бізді айтты деменіз,- дейді.

Ас тарқаған соң, Итемген би Буалхайыр, Қоңырдың үйінің сыртына келіп түсіп, жатып алды. Қонағасы берді, тамақ жағынан тарықтырмай күтіп сыйлады. Үш күн жатты, екі төре өздері көрініске де келмеді. «Не ғып жүр екен?»- де демеді. Төртінші күннің түніне қарағанда, бір төлеңгіт астыртын тіл берді:

- Ертең екі төренің екеуі де келеді. Керсенмен қымыз көтертіп ала келеді. Қымыз ішіп болып, қол көтеріп, қымыз батасы қылған соң:

- Бұл кісілердің атын жинаңдар, күтіп аттандырыңыздар!- деп тұрып, жүре береді. «Жол болсын-ау, не ғып жүрсіз?»- демейді. Сол қымыз ішіп отырғанда, айтатұғын сөзіңіз болса, айтып қалыңыз,- дейді.

Айтқандай-ақ, ертең ұйқы қанып тұрған соң, екі төре керсенмен қымыз көтертіп келді. Сәлемдесіп, қымыз сапыртып беріп отырғанда, қымызды жерге қойып, Итемген би сөз бастады. Өзі кекеш, тұтықпалап сөйлейтін кісі екен:

- Менің бір қырық жылқымды сенің бір құдаң төлеңгіттерің алып келді-ау! Ежелгі ескі биіңнің баласы налып келді-ау!- дейді. Сонда Буалхайыр айтты:

- Батыр, айғағың бар ма, бай, шоғалың бар ма? Томсартып алған бетің бар ма, қызартып алған етің бар ма? Сорғалатқан қаның бар ма, сойқақтаған ізің бар ма? Терлеген атың, тепсінген ерің бар ма? Қардағының ізі болар деген, қарадағының сөзі болар деген,- дейді.

Онда Итемген би тұрып айтты:

- Сөз сөзден туады, сөйлемесе, қайдан туады? Ат биеден туады, алып анадан туады, аруана нардан туады, қас бұзақы қардан туады. «Шатқаяқты айырса, көтеншегі бос қалар»- деген. Уа, сөйлеме, Буалхайыр! Сөйлей берсең, сөздің арты ұлғаяр!- дейді.

Буалхайыр ашу қысып, аузына сөз түспей қалды:

- Көт белгілі еді-ау!- дейді.

Онда Итемген би айтты:

- Хан сөйлемейді, хан сөйлесе, хам сөйлемейді. Төре білгенін айтады, төре көргенін айтады, төре рас айтады. Кеше әкем Едігенің құманын төре қара көп алып жүр еді. Сондағы жуған көтің ғой, сондағы көрген көтің ғой, сол үшін айтасың ғой!-дейді.

Қоңыр төре ұшып түрегелді:

- Шоқ тәубесі! «Осы кісіні пәлен-түген демей, малын беріп, сыйлап жөнелтейік!»- деп едім. Белдеу ұстап, безерлік қылып болмап едің, алдың сыбағанды!- деп, далаға шығып, төленгіттерін жинатып алдырып, қырық жылқысын: мойнына қосақ, көтіне тіркеу, аттанған кісілердің ер басына ат-тон айып салып, сөйтіп қайтарған екен.

Әне, бұрынғылардың дауға біту тартиғасы: сөзден жығылса, ант аман демей, алдына түсіп томпаңдап, төлеу бере бастайды. «Шешендер дау алады, қан шығармай»- деген осы.

Итемген бидің бір қысырағы жоғалып, соны Баянауланың оңтүстігінде Сатылған- Қаржас ұрлаған екен. Үкібай би біліп, астыртын Итемгенді шақыртып алып, сыйлап күтіп, ертеңінде аттанарға келгенде:

- Сенің бір қысырағыңды жаза басып, біздің бір білмес иттер жеп қойған екен. Соны мен өзім сезген соң, осында өзіңді шақыртып алып, айғырыңа айғыр, биене бие- тұяғын түгел қылып, малыңды мататып қойдым. Менің қызметіме риза (ырза) болып, алып қайтасың да,- дейді.

- Менің атамның жолы қайда? Мойнына қосақ, көтіне тіркеу, ат-тон айып,- соларымды түгел қылып алып бер!- депті.

- «Атамның жолы»- дегенінді қой, оны маған байла. Атыңды терлетпей, еріңді тебіндірмей, төбеге шығармай, төреге барғызбай, «Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде»,- дегендей қылып отырғаным: атаңның артықтығы емес пе? Болмаса, басқа қазақтың түйесін түгімен жұтса, мен тіріде Сатылғанның баласы тобықтай нәрсе беріп көрін пе еді?- депті.

- Мен атам жолын алмай кетпеймін!- деп, Итемген отырып алыпты.

Үкібай ашуланып сөйлепті:

- Уа, кеше екең сенің Шоң еді, қылған ісі оң еді. Сен сол экендеймісің? Қасқайып отырып қасын кермейтұғын, күліп отырып асын бермейтұғын шешең жаман алакөз Естектің қызы еді. Сол қаныңа тартып кетіп, қараулық қылып отырғаның ғой: мені сыйлап, ал дегенімді алып жүре бермегенің!- дейді.

- Уа, сен такпақпен отыр, мен соқпақпен отырайын!- депті.

Сонан соң Үкібай Итемгеннің айтқанының бәрін түгел қылып жөнелтіпті. Ауылдан былай ұзап шыққан соң, Итемгеннің жолдасы жылқыны тасырлатып қуып жөнеліпті. Итемген би жете алмай қалып, борт-борт желіп артынан келді дейді. Жолдасы айтыпты:

- Қалатұғын сай үшін, өлетұғын тай үшін Үкібайдан осынша сөз естіп, сонша неге отырдың? Малы құрысын, сүйегіңнен өткендей, сөз естіп, көп мал алғаннан да, өзінің бергенін алып жүре берсең, нен кететұғын еді?- депті.

- Е, шіркін: «Антың тұрса, жау қашар»,- деген осындайды айтқан депті.

Итемген би айтады екен:

- Кітап сөзі- көл, теңіз, бұлақ.

Қазақ сөзі- жағалай біткен құрақ,- дейді екен. Және айтады екен:

- Кітап сөзі- қара жол,

Қазақ сөзі- омақа,- дейді екен.

- Адамның ішінен адам шықпай, адам кеңімейді. Бала таппаған қатынның жібі шикі болады, құрт бүйрегі болады,- дейді екен.

Өзі жақсы кісіге- дүние мол. Өзі жаман болғанның бар дүниесі- біреудікі.

V Түрлі әңгімелер

Мірсейіт пен Тіптазаны әңгімелері

Мірсейіт Шәріфтің өзіне-өзі айтқан сөздің мағынасы:

- Сен бұл мәжіліске келгенде, өзінді зор санап: «Сол жерде отыр-сам да, танытармын өзімді!», - деп кәбүрәді [1], тәкәббүрлікті [2] көлік қылып мініп келген едің. Енді оған бір ноқат қосып, соған мініп қайттың. Бәрекелді!»- дегені екен.

Кәбүрәға бір ноқат қосса кер болады. «Кер»- деп, сарт тілінде қонақты айтады екен: «Алған олжаң сол- қонағыңды ұстап қайттың», - дегені екен.

«Бай бастас, би құлақтас»- дегендей, Мірсейіт шәріф қожа Баһауалдинге жолығып, өзінің жоқ жерде орнын таппай отырғандығынан жығылып қалғандығын сөйледі дейді.

Қожа Баһауалдин қожа намысына тартып:

- Әмір Темірге арыз (ғарыз) бер: «Бір мәжіліс жасап, екеуімізді екі жағына алып отырып, бір сөйлестір»- деп, және мұны ғарызында қоса бер, оның шәкірттері (шәкірттері) көп, әрбіреуі өзіндей болып жетіліп қалған. Ғұлама Тіптазанының өзінен басқа бір де- бірі сөйлемейтұғын болсын. Сонан соң ойыңа алған сөзінді сұра. Мен о бәлемнің алқымынан алайын, аузы аңқиып, сөз сөйлей алмай аңырайсын да қалсын!- депті.

Мірсейіт шәріф Әмір Темірге ғарыз қылыпты. Сонан соң Әмір Темір зор сияпат (зияпат) жасап, ғалым-ғұламалардан жан қалдырмай бастарын қосып, екеуін екі жағына алып отырыпты. Және ғұламаның шәкірттеріне жарлық қылыпты:

- Бір де-бірің бір ауыз ләм-мим деуші болмандар! Егер сөйлесеңдер, тілдеріңді кестіремін!- депті.

- Ал, сөз бастандар!- дегенде Мірсейіт шәріф Тіптазаныдан:

- Ғылым қай мақалладан?- депті.

Білгені не керек, аузына сөз түспей, аңқиып тұрыпты да қалыпты. Сонда Тіптазанының бір шәкірті шыдай алмай:

- Кәйф [3], бір йәд [4], сiтт [5] нәша [6] биар еді-депті.

- Мірсейіт шәріф:

- Әне-әне айтып қойды. «Кәйфәміз кетті ғой, нәша келтіріңдер»- деп, отырғаны: оның кәйфы кетіп, нәша сұрағаны емес, ғылым кәйфә мақалласынан еді. Ұстазы дағдарып тұрып қалған соң, аузына сөз салып отырғаны,- депті.

Әмір Темір сөйлегішінің тілінің ұшын кестіріп, сонан ол имам Кәстілі атанып, ғақайырға көп шарх [7] сөйлеген.

Мұнан былай бас қосылса, екеуі ақындарша айтысатын болыпты да, жұрт сүйсініп, ұғып алатұғын болыпты.

Сонда Әмір Темір:

- Бұлар сөзге келгенде, бірін-бірі аямай айтысады. Ішінде біріп-бірі қандай көріседі екен?- деп, байқау үшін бір күні Тіптазаны жоқта Мірсейіт шәріфке айтыпты:

- Тіптазаны семіз, зор кеуделі, жуан қарынды күпті кісі екен. Тегін тамақ табылған соң, аясын ба? Ішіп-жеп семіре берген ғой өзі де. Тамақ жегенде, он кісінің жейтұғынын бір-ақ өзі жеп қояды. Анау қарын толған...ғой. Соның ғылым қай жерінде тұрады дейсің, жұрт басына көтергенмен, әуеленіп кеткен ғой!- депті.

Онда Мірсейіт шәріф айтыпты:

- Жоқ, олай емес, Құдайдың құдіретінің шеберлігімен ғылым-білімге толық сауыт болсын деп, әдейі арнап жаратқан бір жаны. Егер мұнда мұның бойына орнаған ғылым-білім басқа біреуге орнаса, жарылып

өлер еді. Құдай білмей жаратты деймісің? Бұлар бұ заманға екінші келмейтұғын жандар!- деген екен.

Хош, бір күн Мірсейіт шәріф жоқ жерде ғұлама Тіптазаныға айтыпты:

- Жарықтықтың қожалығынан, ата-бабасының аруағынан қорқып, пәлен-түлен дей алмаймыз. Өнан басқа қаралдысы анау, өзі шұрқылтайдың ұясындай, ғылым-білім сиярлық бөтегесі жоқ. Қай жерінде оқу тұрады соның?- депті. — - - Қой, олай деменіз! Адам болғанда, немен адам болмақ? Екі жапырақ еттің арқасы емес пе? Бірі-тіл, бірі-жүрек. Бұл өзі жаралғанда, өн бойында бір жапырақ арамы жоқ: өзі- тіл, өзі- жүрек болып жаралған жан. Жалғыз-ақ айыбы- қанатының жоқтығы. Егер қанаты болса, ұшып кетер еді. Осынша құдайдың берген өнерінің арқасында не ғып ұшып кетпей жүргеніне мен қайран асырмын!- деген екен.

Бірін-бірі жақсы көретіндіктері сондай екен.

Қаһарлы Жанақ

Сілеті деген өзеннің бойында «Соқсаңсоқ» шатының тұсында Жаңабатыр бидің баласы «қаһарлы» Жанақтың моласы бар. Бұл кісінің басына- тұсындағы – Керей, Қанжығалы ауырған малын түнетеді: жазылып, тыйылып кетеді. Бұл кісіні заманындағы жақсылар: «Доғал оқ»- дейді екен. Оның мәнісі не десеніз: «Аттым!»- десе, адам да болса, мал да болса, мұрттай ұшады екен.

Бұл кісінің заманында Өлеңті бойында Ажы деген қыстауға Күлік: Жаңабатыр табы мен Бейбіт деген ел даулы болыпты. Сонда ара қарындас екеуімізге бірдей сөйлейді деп, Топай- Торайдың Торайын шығарған екен билікке. Бұл Торай түбі Жаңабатырға бір атасы жақын екен. Бейбіттен пара алып, даулы-талас жерді Бейбіттің пайдасына кетіріпті. «Бітімге барғандар не билік қылып қайтар екен?»- деп, қаһарлы Жанақ Ажының биігінің басына шығып, жолын тосып тұр екен. Бітімнен қайтқан Торай бұл кісіге соқпай, қырындап өтіп жүре берді дейді. Қасындағыларға айтты дейді:

- Торай қу маған неге жолықпай кетіп барады?- дегенде, қасындағылар айтыпты:

- Оны құдай ұрды, Бейбіттен пара алып, жерді соған жіберді,- депті.

- Ол баламды аттым! Ертең түсте өледі, жаназасына бармаймын!- депті. Айтқанындай, ертең түсте: «Торай өлді!»- деп, жаназаға шақырыпты. Жанақ бармапты. Торайдың моласы сол Ажы түбінде.

Бір бұл емес, әркімдерге сондай қылған жері көп. Шоң би мен Боштай араз болғанда, Шоң би Жанаққа:

- Маған қастық қылды, Боштайды ат!- депті.

- Боштайдың оққағары бар екен, бір баласын аттым,- депті.

Баласы мұрттай ұшыпты. Шоң өлген соң, Боштайдың әкесі Тұрсынбай батыр:

- Итемгенді дуанбасы сайлаймын,- депті.

Боштай:

- Шорманды сайлаймын,- депті.

Әкелі-балалы екеуі екі жаққа тартып, ақырында Боштайдың дегені болып, Шорман би дуанбасылыққа сайланыпты. Тұрсынбай қаарлы Жанаққа келіп:

- «Сен Құлболдыға қас қылғанды атамын»- деуші едің. Сол сөзің рас болса, Құлболдыға қас болып, Боштай Шорманды дуанбасы қылды. Атқыш болсаң, Шорман мен Боштайды атшы!- депті.

- Боштайжанның өзінің де өмірі қысқа. Оның жаласы менен болмасын. Шорманды аттым,- депті.

Баянаулада сайланып, ел жайлаудағы кезі екен. Ерейменнің ар жағында аулына бара Шорман өліпті. Жасы қырық тоғызда екен.

Шорман би сау кезінде айтады екен:

- Елуге жетпей өлген кісінің не арманы бар екен?- деп.

Онда замандастары айтады екен:

- Көп жасаған жаман болса, ақсақалдар ақсақалды: «Сары тісті бол!» - деп неге бата қылады?- дейді екен. Онда Шорман би айтады екен:

- Ақсақалды «Сары тісті бол», - деген сөзінің аузын ұрайын! Елуге жетпей, қыршын жас өлгеннің қойнындағы қатыны күйінеді, халқы күйінеді, оның өлгеніне кара жер сүйінеді. Елуден асқан соң өлгеніне қатыны да күйінбейді, халқы да күйінбейді, оған кара жер де сүйінбейді. Жер қуанып қойнын ашпаған неменің өлісі не, тірісі не, оның өлген-өлмегені бәрі бір бас- бас-дағы,- дейді.

Сол өзінің айтқанындай болыпты. Қазақта бір мақал бар: «Мешкей асқа тоймайды, жаман жасқа тоймайды», - деп. Аса жақсының өмірі қысқа болады. Боштай отыз жеті жасында өліпті. «Үзенгісіне у жағыпты Баянауланың қазақ-орысы»- деген сөз бар.

Төйте тәуіп

Қозғаннан шыққан Төйте тәуіптің моласы- Сілеті бойында, Ешкіөлместен жиырма бес шақырымдай төмен, Жебеге: Ақылтау ұрпағының қотанында: бас жағына: караған, аяқ жағына тікен шыққан. Моласын өзі көзі тірі күнінде ағаштан қиытып жасатқан екен дейді. Басына түнеп балалы болғандар көп дейді. Ақыл шөбересі, Асаубай немересі, Бәзіл қажы баласы Бөпкен сөйледі.

Бұл Қозғаннан шыққан Төйте тәуіп: Қызылтауда Жосалы деген жерде қоныс қыстауы. Таң намазын сол жерде оқып, бесін намазын Ақкөлдің жағасында оқып, бір күн түнеп жатып, ертеңгі «Бамдатты» сол жерде оқып, «Бесінді» үйіне барып оқиды екен. Бес намазды Ақкөл басында бір дәретпен оқып, бес намазды үйінде бір дәретпен оқып, өмір бойы әдет қылған дейді. Ақкөлдің: «Әулиелі Ақкөл»- атанғаны сондықтан дейді. Өзіне Қаракесек деген елден тоқсан қатын келіпті бала сұрап, бәріне де бірдеме депті, бір қатын құр қалыпты. Ол қатын назаланып жылап:

- Осынша қатын бәрі алғанда, құдайдың сүймес пендесі мен болғаныма көзіңіз жетті ме? -деп, жылап қоя берген соң,

- Бар, бердім!- депті.

Сол бала Жарылғап: Ақтанберді баласы Жанысбай болған екен деседі.

Дуаның пайдасы

Қазақта бір сөз бар: оңған, ілгері басқан біреуді «Дуа тиген ғой!»- дейді. Бір оңбаған тұқымды: «Дуа тимеген ғой!»- дейді. Кеше Күлікте: біреуінің аты- Әкімбек, біреуінің аты- Ақылбек, екі бай болды. Екеуі- бір Алдабектің баласы: Әкімбекке дуа тиді, Ақылбекке дуа тимеді. Анаған қалай тиді, соңғысына қалай тимеді? Әкімбек «жынды Әкімбек» атанды, «тентек Әкімбек» атанды. Қожа- молдаға, кәріп- қасерге құдай үшін беріп, дуаны көп алды.

Мұсаның қожасы болып болып тұрған Сәт қожаға бір барған жолы- на алтауы- қысыр тайлы бие, алтауы- құлынды бие, айғырын салып, он екі биені бір емес, екі рет берген. Біреуі: «Тауық жұтының зардабынан жұтап қалдым!»- деп барған соң, бірі тағы сондай кем-кетігін шаққандай қылып барған соң. Баянаулада тұрған Қамар хазіретке бір барып түскен жолына он ат берген, бесеуін өз қолымнан барып алып келіп бердім.

Өз әкеме бір барған жолына он жылқы берген. Қай бергенін айтайын: ұшы-қиыры(ғұйыры) жоқ, толып жатыр.

Түркістандық Мәуім-Шәуім тұқымы бір Файзулла деген ишан Арқаға келіп, ел аралап жүріп, Әкімбекке түсіпті. Аттанарында екі түйе, екі ат беріпті. «Ишекемді шығарып салайын!»- деп, бірге еріп ауылдан былай шыққан соң, ишан атынан түсіп жатыр дейді.

- Тақсыр, мұныңыз не?- десе:

- Астымдағы Бұхарадан шыққан арғымақ еді. Ықыласыңа риза (ырза) болдым, сәнге беріп кетейін деп жатырмын! - депті.

- Тақсыр, мына алған малыңыз- өзіңізге сүт, екінші біздікіне келуші болмаңыз!- депті.- Мен берсем, құдай үшін бердім, сенің арғымағыңа сатып беріп тұрмын ба?!- депті.

Әне- дуа тигендік: жалғыз баласы- Қабылбектің отауының оң жағына түскенін көре алмай кетіп еді. Сол жалғыз қалған Қабылбек алпыстан асып, былтыр өлді. Алты баласы бар, үшеу-төртеуі үйлі- баранды болды. Бірден соңғысы Хафиз Семей жақта қызмет жұмысында нан тауып жеп жүр.

Ақылбек қожа-молдаға бір қара берсе, іске татырлық бір нәрсесін алып қалушы еді. Қонған қонақтың іске татырлық я қамшы, я шідер, я бәкі, пышақ бір нәрсесін алып қалмаса, көңілі көншімеуші еді. Әкімбектен үйі де кем емес, күйі де кем емес, кірген кісі шыққысыз үйі де бар еді. «Жұт жылқыдан» кейін толық күйі де бар еді. Тып-типыл, тақыр таза, үйі-қорасы түгіл, моласы да жоқ. Құдай сондайдан сақтай гөр, айтқан жерден әрі! Мұны көрген, естіген дуа талап бола көріндер, дуадан қапы қалмандар! «Дуаменен ер көгереді, жаңбырменен жер көгереді.» Мұны шын деп біліндер, имандай наныңдар(инаныңдар). «Дуалы құл арымас, дуасыз құл жарымас»,- деген сөз тағы бар.

Бір кедейдің тапқырлығы

Өрдегі Байжігіт, Қызай, Садыр, Матай сол жақтағы Керей деген елмен барымталас болған екен. Сонда Найманның бір жесір қатыны байы өлген соң (байынан бала қалмаған екен, пұшпағы қанамаған екен):

- Байымның орнын жоғалтып, атын өшірмеймін!- деп, жігіт-желеңді тарқатып, ие болып ұстап, Керейден мал алдырып, артынан қуғыншы келуге баға алмаған.

Бір кедей: мұрны пұшық, көзі қисық:

- Менің шекпенімнен басқа кісі қызығып аларлық [не] нәрсем бар? Алса, шекпенімді алып қалсын, жаздыгүні жалаңаш қайтсам да, тоңбасын,- деп, жаяу жалғыз мал соңынан қуғыншы болып барып, сөйлес қылмастан, қатынның үйіне кіріп, төрге қарай ұмтыла басып өрмелеп шығып келе жатқанда, қатын:

- Кімсің өзің? «Өлер өгіз балтадан таймайды»,- дегендей, омыраулап қайда барасың?!- дегенде,

- Кереймін!- дейді.

Онда қатын айтты дейді:

Өзіңнің Керей болғаның қалай, осынша кедей болғаның қалай? - депті.

Онда Керей айтыпты:

- Өзіңнің ұрғашы болғаның қалай? К...іңнің жырмашы болғаны қалай?- депті.

Онда қатын айтыпты:

- Мұрныңның пұшығы қалай, көзіңнің қисығы қалай?- депті.

Онда Керей айтыпты:

- Құдайың қаламағаны қалай? Пұшпағыңның қанамағаны қалай?!- депті.

Қатын жер шұқып отыра кетіпті, дәнеме дей алмапты. Малының тағалы торы тайын қалдырмай, түгел қайырып беріп, алдына салып айдатып қоя беріпті. Бұрынғылар сөзден жығылса, алдына түсіп томпаңдай береді екен.

Мыңжанның шешендігі

Бұрынғы заманда Мыңжан деген ақын қыз Шәкі деген төремен ойнап-күліп жүргенін Алтыбас: Қыпшақ-Балқожа, Қанқожалар естіп:

- Жесірімізді адалдап берсін, әйтпесе, алмаймыз!- деп, соның дауын бір жаз өмір өткізіп даулапты.

Сонда қыздың күйеуінің аты Төлеке екен. Қыз күйеуін астыртын шақыртып алып:

- Бір құдықтың басына неше ел қонып өтеді? Сиыр баспалап ішеді, ит жалайды, сөйткенмен сол құдық өмір бойы ішуге жарамай қала ма?Бұрынғы сиыр тышқанын, ит ішкенін не қылсын, өзі көріп тұрмаған соң?! Суы тұнық мөлдір болса, кейінгі жабырласып, жанталасып, іше бермек те,- деп, күйеуін сөзге түсіріп, күйеуі елінің жақсыларының: «Айып аламыз!»- деуіне қарамай, ұзатып алайын деп жатқандағы қыздың өлеңі:

Жігіттер, бар шабылмас, жоқ табылмас,
Шырқаған қараңғыда оқ табылмас.
Қыз Мыңжан Төлекемен басын қосса,
Қанқожа, Байқожа мен түк те қылмас.

Отқа салып, жанады қойдың қиы,
Қыз Мыңжанның болмай жүр биыл күйі.
Көт дауын ала жаздай даулаймын деп,
Қанқожа, Балғожаның қашты миы.

Не жаздым Алтыбастың Бозбайына?
Жүрмей ме жақсы кісі өз жайына?
Бір қыздың оң жақтағы бұтын қорып,
Саумал құйып ішпек пе екен борбайына?!

Қорықпаймын Балқожаның әкімінен,
Оң жақта ойнап күлдім Шәкіменен.
Тозбайды, таусылмайды, кемімейді,
Алмаса сылыттырып бәкіменен.

Сөз- өлең болған соң, жерде қалмайды. Қай замандағы сөз? Бұл Қанқожа, Балқожа-Кенесары заманындағы Алтыбас: Қыпшақтың атақты Шоң, Шормандай кісілері[н], үш ауыз өлеңмен бір қыз адамшылықтарын сындырды. Керегі жоқ жұмысқа кіріскендігінен, сондағы қызыққан олжасы ат, тон айып қой. Неше ат, тондық абыройын алдырды. Жоқ жұмысқа жүргендігін кейінгіге өнеге, үлгі қылуға қалдырды. Қыз болса, Мыңжандай болсын!

Әділ би әңгімесі

Бір адам далада жол жағалап келе жатса, жайылып жүрген бір топ түйеге ұшырайды да, бұл адам өзіне жол ашпақ үшін, қолындағы таяғын түйелерге лақтырып жібереді. Таяғы құрғыр ұшып барып бір түйенің көзін шығарады. Түйеші түйенің көз құнын даулады. Бұл пәледен құтылайын деп түйенің көзін шығарған адам тұра қашыпты. Бір биік жардың кемерінен секіріп түскен екен. Салмағымен көлеңкелеп жар астында жатқан бір бейшара қартты басып өлтіреді. Мұны сол маңда жүрген қарттың баласы көрін қалады. Жолаушы қашады, мұны қарттың баласы мен түйеші қуып келеді. Сорлы қашқын бір дарияның жиегіне келіп жетсе, қайықшыға ұшырайды. Сасқанынан қайықшыға:

- Мені дарияның ар жағына шығарып сал, бір ширек ет берейін!- деді. Қайықшы қашқынды өткізеді. Ал енді қашқынның қайықшыға

беруге еті жоқ, не қыларын білмей дағдарады. Қайықшы қашқынды жағасынан алып жібермейді. Сөйтіп тұрғанда, келінгі екі даугер келін жетеді. Даугер енді үшеу болады. Біреуі- түйенің құнын, екіншісі- әкесінің құнын, үшіншісі- қайық пұлын сұрайды. Қашқын не қыларын білмейді. Қайықшы қашқынға айтады:

- Егер төлеуге етің болмаса, аяғыңның балтыр етін кесіп бер дейді.

Бұлар қанша дауласса да, келісе алмай, ақырында сол маңдағы бір данышпан биге барады. Би түйешіге айтады:

- Ей, балам, бір түйені мен анадай жерге қойғызайын. Сен қолыңа таяқ алып, сол түйенің көзіне дәл тиғізсең, түйенің көзі түгіл бүтін түйенің өзін төлеуге үкім қылайын. Егер тигізе алмасаң, өзің жазалы боласың.

Бұл сөзді естіген соң түйеші ойға қалып, дауын кешіп, кепіл қалады. Би енді қарттың баласына айтады:

- Шырағым, мен осы адамды, қашқынды, жардың астына жатқызып қойайын. Сен шығып үстіне секіріп түс. Егер өзіңнің салмағыңмен қашқынды өлтірсең, мен саған өз жанымнан әкенің құнын төлейін. Өлтіре алмасаң, өзің өлесің.

Бұл сөзді естіп қарттың ұлының зәресі ұшып, құн даулаудан қашады, кетеді. Ал, енді жалғыз-ақ қайықшы қалды. Данышпан би қайықшыға айтады:

- Мынау адамның балтырынан бір ширек ет кесіп ал, бірақ бір ширектен артық та, кем де болмасын. Мұнан не артық, не кем болса, өз обалың өзіне, басыңды... - деді.

Мұны естіп қайықшы қашады, еттен безеді, кетеді. Бейшара жолаушы барлық даудан да аман құтылады. Бұл билік әңгімеге қосымша бір өлең бар. Мұны да төменде айтып өтейін. Өлең мынау:

Әділ бидің алдынан іс кетпейді,
Жебірлік нәпсі үшін не істетпейді?
Ердің құнын екі ауыз сөзбен ептеп,
Абыройын кісінің еш төкпейді.

Қылар жақсы- түймедей түйедейді,
Жөнін тауып әр істің жүйелейді.
Жаман болса төрешің, ептей алмай,
Ақ ісінді қаралап жүйелейді.

Дұшпандарды жақсы би дос қылады,
Дауыңа дау жаман би қостырады.

Бұ бір мақал: «Киікті ата алмаған-
Атамын деп үркітіп бостырады».

Ұрысқанды жақсы адам табыстырар,
Ақылменен жапсарды қабыстырар.
Жаман адам от қылып жандырмаққа
Сөнін жатқан шаланы қағыстырар.

Жақсыларға жалқын от саз болады,
Жатқан пәле жаманнан қозғалады.
Жақсы менен жаманның парқы басқа,
Айта берсең бірталай сөз болады.

Боран батыр

Орманшыдан шыққан Боран батырдың заманында Ұлы жүз: Үйсінде Жарқынбай деген бай болыпты. Боран екеуі замандас, бастас, құрдас екен. Жарқынбайдың жалғыз баласы болыпты. Баласының қайыны Қырғызда бір бай екен. Жарқынбай Боранның айтқанына, батырлығына байлық қылып көнбейді екен. Сондықтан Боран мен екеуі араз болып, бұрынғыдай татулық болмай, аралары алыстан жүреді. Боран мен Жарқынбай араз болғаннан кейін, Қырғыз құдасы айрылып, қызын бермей, өз еліне, Қырғызына, көшіп кетеді. Мұндағы Үйсін: Жарқынбай бар, тағы да қасында басқа қазақтар бар, бірсыпыра ел болып жиылып, ақылдасып:

- Біз барып, Қырғыздан жесір алып келе алмаймыз. Бізге сөз де, қыз да бермейді. Бұған Боран батыр барса, алып келеді. Оған береді, тіл алса, жалынып айтып көрейік!- деп, ел болып жиылып, түйе бастаған тоғыз сый алып, Боран батырдың үйіне келіп түседі.

Батыр келген халықты күтіп, сыйлап:

- Қап, кап, болмас, болмас: «Бай- бір борандық, батыр- бір оқтық»,- деген еді. Жарқынбай үшін емес, келген көпшілік: үлкен аға, кіші інім үшін, Қазақ елім намысы үшін, бір сапар тілдеріңізді алып, барып келейін. «Өзім үшін туыппын, халқым үшін күйіппін»,- деген аталарымыздың сөзі бар еді. Маған елдегі еркекпін деген: ер қаруы- бес қаруды бойына іліп, жайдақ атқа қарғып мінуге жарайтын жігіттен жиырма бес жігіт қос-қос аттарымен, жолшыбай жейтін тамағын қосып беріңіздер! Жолда «Қоқидың қопасы»,- деген үлкен төбе бар. Оны басып жүрмесек болмайды. Оған соқпай, айналып жүрсек, екі ай жүресің. Оны басып, төтелеп жүрсек, он бес күн жүрмекпіз. Ол қопада адам баласына

жау: күшті аңдар, тағы күшті жаулар кездеспек. Мен өзім не болса да, сол қопаны басып жүрем. Алланың не жазғанын көрем!- деп, жолда сыналатын жиырма бес жігіт ат-тон азығымен түгелдеп алады да, тартып береді. Біраз күндер жүргеннен кейін айтулы қопаға кездеседі. Алдынан аю, жолбарыстар кездесіп, Боран батыр бір ақырып қалса, жытып кетеді. Ертемен кездескен қопадан шыға алмай, кешке күн батуда таянды.

Сол уақытта Боран батыр жолдастарына айтып келеді:

- Е, жігіттер, бұл аңдар еш нәрсе емес. Мен жезтырнақтан қауіп қыламын. «Бұл қопада ол да болады!»- деп естігенім бар еді,- дей бергенде, айтқан ауыз жиылмай, біреуі алдынан сылаң етіп шыға келді. Боран батыр бір ақырып еді, жытып кетті. Сонан кейін Боран батыр жолдастарына:

- Ал, жігіттер, сақ болу керек!- дегенде, тағы біреуі кездеседі. Белгілі батыр бір ақырып жібереді, жытып кетеді. Үшінші тағы да кездеседі. Белгілі бір ақырумен кетеді. Онан соң Боран батыр жігіттеріне:

- Көз барында тамақтарыңды жылдам, тез пісіріп, ішіндер! Тез жүріп кету керек! Кешіге берсек, айналып бөгеліп қалармыз. Не болса да, жүріп көрейік!

Жалма-жан біреуі от жағып, ар жағынан біреу келіп, о да жалма-жан от жағып, о да үріп, мынау не істесе, о да соны істей берді. Боран батыр шалқасынан демалып жатыр еді.

- Боранның жолдасы: «Алла!»- деп, Боранның алдына келіп құлай кетеді. Олар да жиырма алты болды. Бұлар не істесе, олар соны істейді, бәсекелесті. Боран батыр тұрды да, бір үлкен қарағайды жұлып әкеліп, ұшын қылышпен жонып, сүйірлеп, қойдың құйрық майын ұшына шаншып, үстіне жақты. Үстіндегі киімі серке терісінен ойранға бояған күрән жарғақ еді. Жезтырнақтың батыры да үстіне жақты. Құйрық майды тауысып, жағып болды да, қызыл қоламта болып жанып тұрған отты Боран батыр қолымен құшақтай алып:

- Кел, батыр болсаң, отты құшақтайық!- деп, отты үсті-басына сүйкегенде, жезтырнақ батыры да алып, үстіне сүйкегенде, майлаған үсті-басы барақ иттің жүніндей лап етіп жана түсті.

Олар жанып жатқан батырын сөндіріп әуреленіп жатқанда, бұлар тартып жөнеледі. Түнімен тартып, таң да атты. Қараса, артында шаң бұрқырап келе жатыр. Боран жолдастарына айтты:

- Қашып құтылып болмайды. Мен жалғыз алдарын тосып қалайын. Сендер тарта беріңдер!- дегенде, жолдастары:

- Сізден айрылмаймыз!- деді.

Шаң таянған соң, жан тәтті ғой, өзгелер тарта берді. Боран батыр тосып қалды. Бәрін қырып, Боран батыр жолдастарының артынан барды.

Жолдастары барып, бір таудың берігіне бекініп, қарап отыр екен. Шан көреді, қорқып тұрысады. Бөрте атымен Боранды таныған соң, қарсы келеді. Көрсө, үсті-басы қып-қызыл қан. Бөран айтады:

- Мына Бөрте ат та, мен де таң асып, дем аламын. Жауың жоқ, тамақтарыңды ішіп, жайланып, дем алыңдар!- деп, өзі жатып ұйықтап қалады. Тұрса, таң, күн шығып қалыпты. Қараса, бақырдағы асулы еті әлі тұр.

- Мына етті неге жемедіңдер?

- Қорқып, жүрегімізге ас батпай отыр еді,- деген.

Сонан Қырғызға барып, онан барған жесірлерін алып, қайтып баяғы Қоқидың қопасын қауінсіз басып жүреді. Бірақ Жезтырнақпен соғыс қылған-әдейі көштен бұрылып барып қараса, төбе-төбе, үйір-үйір қылып қырып тастаған екен. Сол жердегі жезтырнақ тұқымын құрытқан. Ең үлкен батырының тырнағын кесіп алған екен. «Қоқидың қопасы- деген Қоқидың шалқан көліндей»,- деген сөз халық аузында сонан қалған. Ол жүрістен аман қайтып еліне [келсе], алдында екі-ақ күн бұрын Жарқынбайдың жылқысын, не бары үш мың жылқысын, түгел Қалмақ айдап кеткен [екен]. Бөран батырға тағы бір жұмыс, жүріс даяр болды.

Бөран батыр:

- Қап, болмас! «Ел намысы- ер намысы»,- деген сөз бар еді. Және бұл шірік сасық неме болса да, ұйытқы, құт. Бармауым Бөран атыма лайық болмас, не қорыққандай болмайын!- деп, осы жолдан келген бар жолдасы артынан ізімен қуып береді. Жолда бір белгілі жүрген жолаушы түсіп, жариланып аттанатын бір берік таулы жер болатын. Бұрыннан біледі екен. Бөран батыр көп жолдастарын күндік, яки түстік жерге қалдырып:

- Сендер осы жерге тоқтап, тынығыңдар!

Өзі жалғыз Бөрте атымен күндік қара ұлысты көріп қонады. Түнде жүріп жақындап келіп байқаса, қалмақтар қаннен (қаннан)- қаперсіз жатқан, жалғыз-жарым ат, жылқы күзеткендер бөлмаса. Бөран батыр мұны көрген соң, сып етіп қалың жылқының қарсы алдынан келіп, өзінің барлық ащы даусымен үш ақырғанда, жылқы күзеткендердің біреулері етпетінен (екпесінен) құлап, біреулері шалқасынан сұлап, жылқыға ие болмақ түгіл, аттарынан айрылып, жаяу қалады. Жылқы шіркіндер де амалсыз айдалып келе жатқан жануарлар бетін елге қарай бұрғаннан соң-ақ, Бөранның дауысын танығандай, тұз даланың адам көрмеген құланындай, шиыршық атып, шырқап, жолындағы жаяу-жалпы жүгірген қалмақтарды басып- жаншып, құйрықтарын шаншып

жөнеледі. Дөңгелек тұяқтан түз тастамай айдап, жолдастарына келеді. Қалмақтар жүз қаралы адам екен: түгел үйіліп-төгіліп жаяу қалды. Жалғыз дөңгелек тұяқ дегенде, бір қара ат қалады. Түнде Боран батыр ащы дауыспен ақырғанда, жатқан қалмақтар шошып оянып:

- Ойпыр-ай, мынау дауыс Боран батырдың даусы болмаса игі еді?! Әлде бір сорымыз қайнап, Боранның еліне кездескен болармыз ба?!- деген.

Боран тосып жатады:

- Енді бұлардан біреу келер, тіл алайық- деп.

Айтқанындай, ертең бір қара келеді. Көрінген қара- бір қара атқа мiпген бір жас жігіт бұларға келіп сәлем беріп, аттан түседі. Өз жөнінен сөз сөйлеп, жаяу қалған жайын айтып:

- Қателік бізден болды, оны мойынға алдық. Боран екеніңізді түнде даусыңыздан таныдық. Біздерге рақым қылып, аттарымызды берін кетіңіз де, не біржолата бізді өлтіріп қырып кетіңіз!- деген соң,

- Қап, болмас, болмас! «Алдыңа [келсе], әкеңнің құнын кеш!»- деген. «Қашқан жауға қатын ер»,- деген сөз бар еді. Бұлар да еркекпін деп, атқа мінген шығар. Ерін арқалап, еліне жаяу бармасын!

Аттарын қайырып береді.

- Ал, қалмақ бала, мынау аттарыңды айдап бар! Басшыңа сәлем айт: ер болса, маған келіп жолығып, танысып кетсін!-деп, жібереді.

Қалмақтар келіп, Боранға жолығып, әңгімелесіп сырласқанда, Боран айтқан екен:

- Менің қасымда сегіз жолдасым бар еді. Бізге бір көп қол кездесіп, біз қаштық. Ұшсақ та қоймайды, жетер болды. «Қарап тұрып өлуге бола ма?!»- деп, қарсыласып, бетін қайтардым. Сонда бір қара тайлы бала көп бөгеп, әуре қылды. Қара тайдың жүйріктігі, ұшқырлығы сондай болды. Соңында ызаланып тартып жібергенде, оққа да ілінбей кетті. Онан басқада кезектескенде, кем кеткен, сермегенде, сырт [кет]кен, нұсқағанда, ұстамаған жерім жоқ еді!- дегенде, қалмақтар:

- Сондағы қара тайыңыз- мынау қара ат еді! Ұнаса, алыңыз!-деп, Боран батырға мінгізген екен. Сол Боран батырдың ұрпағы осы күнгі Ақсары, Шотана батырлардың ұрпақтары болады. Шотана батырдың да әңгімелері бар. Оны да сөйлерміз.

Тентектер әңгімесі

Есен тентек

Ақбура: Есен тентек, әкесінің аты- Жетібай, шешесі заманындағы әйелдің қақ маңдайы болса керек. Күлік-Жаңабатыр бидің қойнына кіріп барыпты:

- Ат туатұғын бие айғыры келіспеген соң немене?- деп.

Сонда Жаңабатыр би:

- Бердім бір сотқар қияңқы тентекті, атын Есен қой. Өзі есен-аман болады, өзі бай болады, мейлінше тентек болады!- деген екен.

Сол Есен туып, туа тентек болып, өзі жеті жасында жетім қалған соң, ешкім бетін қақпапты. Әкесі жоқ еркелейтұғын, жетім балаша мұңаймай, сүміреймей, өрге жүзген балықтай, өршелене туғаны: «Мынау тегін жан болмас!»- деп.

Мылжың ертегісі не керек, бір ұлы жиын аста самсыған сары қолдың ортасында Жаңабатыр биді тарсылдатып, қамшының астына ала бастапты.

Сонда Жаңабатыр би:

- Тимендер, тимендер!- депті. – Біз биік жар да, бұлар- лақ (ұлақ). Лақтың ойнақтағанына жар құлай ма? Бұлар ойына алғанын орындамаса, өз-өзінен буынып, жарылып өліп кетеді. Бұл біреуді ұрамын, соғамын дегенде, ешбірің арашалаймын деп, мұның қолын ұстаушы болмаңдар!- депті.

Ас тарқаған соң, ұйықтап тұрып, есін жиған соң, түйе бастатқан «тоғыз» ап келін, Жаңабатырдың босағасына байлапты. «Алмаймын!»- десе де, болмапты.

- Батаңды бер!- деп.

- Ойға алғаның оң болсын!- деп, батасын беріпті.

Қазақта бір мақал бар: «Ата- биеден, алып анадан туады»- деген. Сонда ол ана тауықша күлге аунап таппайды, таптырушы бір иесі болады екен. «Ұрлық қыл да, мал тап; ойнас қыл да, ұл тап» - дегені құр еркек бала болып туғанды айтпайды, іске жарарлық, орынға тұрарлық болып туғанды айтады екен. «Көңілсіз жұмыстан көтсіз бала туады». Көті жоқ бала бола ма? Қайратсыз, жасық, жаман туғанды айтады екен.

Үшкұрт (бірінші нұсқа)

Есен тентек әкесі Жетібайдан жеті жасарында жетім қалған. Әкесінің өлгеніне қырық жыл болды дегенде, бұқа жарыстырып, қай озғанына бәйге тігіп, ас берген. Бір көк бұқа алдында келген.

Есен тентек бір ауылдың сыртында қонақ болып отырса, бір баланы шақырып алып, қоржынынан алып құрт беріпті. Бала құртты алып, үйіне жөнеле бергенде, өз қоржынын өзі пышақпен жарып, құртын жерге төге салып, баланы қуып барып:

- Жаңа менің қоржынымды жарып, құрттымды ала қашты!- деп, салауатты салып, ауыл үлкен зор пәлеге қалып, дау аяғы- айыбына баланың өзіп беріп құтылыпты. Сол баланың атын «Үшкұрт» қойып, ол өзі қайратты, пысық болып, жігіт болған күнінде, Есеннің өзі тірі күнінде бір тоқалын меншіктеп кетіп, ол тоқалды өз қолынан Үшкұртқа қосып, онан туған баланың атын Айтқожа (Ескерту: бұған дейінгісі бет ортасынан аяғына дейін жазылса, бұдан кейінгісі арада сегіз сөз ғана жоқ, онан кейінгісі (мұны біз әулеттіктегі ақын жазбасы: 1-папка, 88- бет бойынша анықтап отырмыз- Н.Ж.) былай берілген): «Қалшадан- Жұматай, Жұматайдан- Сағындық, Баутаннан- Қаракесек, Қаркесектен- Жұмакелді.»

Үшкұрт (екінші нұсқа)

Ақбура: Есен тентек бір ауылдың сыртында қонақ болып отырса, бір бала қасына жүгіріп келіпті. Есен тентек қоржынынан үш құрт алып беріпті. Бала үйіне қарай ала жонеліпті. Есен тентек өз қоржынын өзі жарып, құртын жерге төге салып, баланы қуып барып:

- Жаңа менің қоржынымды жарып, құрттымды жерге төгіп, бір уыс құрттымды ала қашты!- деп, салауатты салып, ауыл бір зор пәлеге қалып, дау аяғы айыбына баланың өзін беріп құтылыпты. Сол баланың атын «Үшкұрт» қойып, ол өзі қайратты, пысық болып, Есен тентектің өз балаларынан ілкім үздік болып, мал бағуға, жылқыны жауға алдырмайтын болып, Есен тентектің өзі тірі күнінде бір тоқалын меншіктеп кетіпті.

Есен тентек:

- Бұл тоқал маған лайық емес, саған лайық!-деп, өз қолынан Үшкұртқа қосып, онан туған баланың атын Айтқожа қойыпты.

Айтқожадан Байсал туады. Байсалдан: Қалша, Баутан, Байсымақ; Қалшадан- Жұматай, Жұматайдан- Сағындық; Баутаннан- Қаракесек, Қаракесектен- Жұмакелді, Тоғайда Ертіс бойындағы елде бар, Қаракесек ішінде бар: «Ақбурамыз, Есен тентек ұрпағымыз», - деседі.

Есен тентек және басқалар

Тентек жайын біраз сөйлейік. Қаракесек- Сүйіндіктен екі тентек шыққан. Бірі- Қожан тентек, бірі- Ақбура: Есен тентек. Екеуі –бір замандікі.

Қаракесектен шыққан Қожан тентек: «Қара шорыңмын, Құдайдан соңғы зорыңмын!» - дейді екен. «Отыз ұлды Қожан атанамын!»- деп, бала-шағасы көп, байы өлген жесір жас қатындарды ала берген екен. Бұрынғы байынан қалған балаларына қалың беріп, қатын алып беріп, өз қолынан жүз кісіге қатын ап беріп, мал малдандырып, жан жандандырып, «Отыз ұлды Қожан»- атанған. Бұл бұрынғыдан бар сөз. «Отыз ұлды Қожан», «Отыз ұлды Байзақ» және Кіші жүзде: отыз ұлды Дастан. Сары Қозған: жиырма ұлды Рай, Қаракесек: он сегіз ұлды Бертіс, Қаракесекте он алты ұлды Жоламан, Күлікте: он бес ұлды Тілеуімбет, Алтайда: он үш ұлды Саңырық, Айдаболда: он ұлды Еламан. Қуандықта да: тоғыз ұлды Аралбай, тоғыз ұлды Тоқбура, тоғыз ұлды Итқара, тоғыз ұлды Мұрат. Бекайдар- Тінәліде: тоғыз ұлды Түгелбай, Айдаболда: тоғыз ұлды Мамыт. Санның сүйкімді жері- тоғыз. Сонан соңғы санға қосылмайды.

Егізді ешкі де табады, сегізді ит те табады. Біреу- теріс: жалғыздық бір құдайға жарасады. Екеу-керіс, үшеу-ұрыс, төртеу- дұрыс. Бесеу- бес шоқпар, алтау- алты бақан, жетеу- жеті ит. Сегіз болды, иттің күшігі есепті. Тоғыз болды, толық болды. Қожан тентектің әкесі жеті қатын алған. Қожан өзі бәйбішеден туған, жетеудің кенжесі.

Қожан тентек он жеті қатын алған: «Отыз ұлды Қожан» атанған. «Ілуінен» қашып, ешкім қызын айттыра алмай, қызының алды қырыққа келген. Қырық қыз күйеу алмай, отырып қалыпты.

«Ілу»- деген түйе бастатқан «тоғыз»: мұның бір қызына күйеу болғанға қалың малдан бөлек, қатын басына бір «тоғыз»- ілу керек.

Бір қатыны айтыпты:

- Ұлы жиын бір аста жар шақырыңыз: «Менің қызымды алатұғындарың өз шешесінен басқаға ілу қылушы болмандар!»- деген соң, бір жұртта он төрт қыз ұзатылған.

Қожан тентектің моласы Шідерті өзенінің бойында.

- Бір мұралтайдың үстінде жылқымның суға түсіп, су ішкенін көріп жатайын!- деп, өз өсиеті бойынша сол жерге қойылған. «Қожан шаты»- деп, жер аты болып қалды.

Ақбура: Есен тентек.

Мұның тентектігі: «Не Шобалай қылмадың, не Төлебай қылмадың, не Қарабай қылмадың?! Қаржас: Мырзағұл да қылмадың?! Бураның бір көзінің құнына келген- Ақбурадан туғызып, Құдай, сенің көзіне таңба басқаным?!- деп, жылқының санындағы дөңгелек таңбаның ортасынан таңба бастырады екен. Алла, өзің сақтай гөр! «Естіген құлақтың жазығы жоқ»- деген бар ғой!

Баянауладан сексен атанмен қарағай тарттырыпты: «Таудың құзының төбесін жаптырамын!»-деп. Керекуден алпыс атанмен ұн тарттырып:

- Майсыз, тұзсыз ет пен құрт араласпай, өз бетімен тамақ болмайды,- деп, күл төбеге төктіріпті.

- Тоқал қатынның аулына тау айналып (айланып) бармаймын!- деп, таудың кезеңін қаздырып, жол жасатқан.

- Жайлауға беттеп көшкен Қаракесекке жерімді бастырмаймын!- деп, жұрт көшіп асатұғын асуға тас үйдіріп, көш асатұғын жолды бекіттірген.

- Малың бақтырмаған: итке бұйырса, ит жесін, ұрыға бұйырса, ұры алсын, маған бұйырғаны болса, маған қалсын!- деп.

Ит те жей алмаған, ұры да ала алмаған. Ұрыға, бөріге мал ішінен екі ақ боз атты даяр болған да тұрған. Сонан малдары тағы болып, қыстауда қалатұғын болған. Иесіз (ессіз) жүрген мал болғанмен, ешкім батып жия алмайтын болған. Қысқа қамытшылық болып, жұрт союға мал таппағанда, Есен тентектің өзінен келіп сұрайды екен: «Атып алып жеуімізге рұқсатыңыз бар ма?»- деп.

Сонда Есен тентек:

- Мен сараңдық қылмайын, амалдап, хайлалап, ұстап алып жеңдер, Құдай жаратқан аң емес, аузын ұрып, аяғын сыпырған мал ғой. Атып жесең, өздеріңе жаман болар!- дейді екен.

Айтқанындай болыпты: «Атып жегендердің арты оңбады»- дейді.

Алтай: Мұрат-Бекайдардың тоғызынан: Батыраш, Қотыраш аталары, Сиқымбай атасы- Тіней бай жас-мас күнінде: «Ақбура: Есен тентекке шәкірт боламын, тентектік үйренемін!»- деп келген. Сонда оған Есен тентек айтқан:

- Тентектіктің суы қатты болады, үйренумен болмай тұғын нәрсе, қой, балам!- деген.

Онда Тіней болмаған:

- Боламын, шыдаймын!- деген.

- Қой, бала, тентектік әлуетті күштірек болады, жүн жеп, жабағы тышқан бай баласы тентек бола алушы ма еді?- деген.

Тіней болмаған, тоқтамаған.

- Ал, үйренсең,- деп, Есен тентек бір керсен қымызды алып келіп, Тіней баланың алдына қойған:

- Кел, мына керсендегі қымызға қот...нды мал да, қымызды басыңа көтеріп, іш те қой!- деген.

Тіней ұялып, именіп, қыла алмаған.

- Ұялдың, имендің, тентектік қолыңнан келмейді!- деп, өзі орнына келтірген.

Есен тентек арман қылған:

- Итті- жүзге, ешкіні мыңға жеткізе алмадым!- депті.

Қанша көбейтемін дегенмен, ит көбеймейді екен: бірін-бірі талап өлтіре береді екен. Қанша көбейтемін дегенмен, ешкі көбеймейді екен: кебенек келіп, тауысып тастай береді екен.

- Есі кеткен сиыр жияды, ең таппаған ешкі жияды. Екеуі де оңай кедей болайын дегеннің жұмысы екен,-депті.

Ақыр[ғы] тентектігі:

- «Маған бата қыламын!- деп, қаңғып келген енесін с...кендер таба алмай жүрсін!- деп, өзін өлген шағында быжыр қойтастың ішіне қойдырып, там салдырмапты.

- Берсе, Құдайдың өзі берсін! Құдай өзі бермесе, кейінгінің батасы маған не береді?!- деп.

Құдай рақмет қылсын- Есен тентекке! Ұрпағы көп, өзіндей болған біреуі де жоқ. Қызылтауда «Есеннің қара қуысы»- деген өз алдына жеке бір тау, айналасы бәрі- өзінің үрім- бұтағы.

Ақбурадан- Аққошқар, Тілеулі, Жетібай, Кенже, Көкен. Жетібайдан- Есен тентек. Есен тентектің балалары: Батырбай, Ербай, Асан, Шөкіл, Қарамырза, Балта, Атабай. Батырбайдан: Балға, Жанқожа, Қошай. Балғабайдан- Мәдібек. Онан- Қайып, Законшы.

Бұл Ербай, Батырбай «Құртты» деген жерге қойылған. Аққозы батыр өлгенде, тоқалын Ақбура алып, Кенже, Көкен сол тоқалдан екі [бала] туады. Сағындық Жекен мен айналасы.

Есеннің тентектік салыстырғаны

Қаракесек: Қожан тентек: «Ақбура: Есен тентекпен тентектік жарыстырамын!»-деп келіпті. Сонда Қожан тентек Есен тентектің үйіне кіріп келе айтқан сөзі:

- Қонаққа бала соймаған соң, тентектік қылып неме керек?- дегенде, Есен тентек ұшып түрегеліп, он екі жасар баласын тізесімен басып, отыра қалып, қыннан пышағын суырып алғанда, Қожан тентек жалма-жан ұшып түрегеліп, Есен тентектің пышақ ұстаған қолынан шап беріп ұстай алды дейді:

- Сені мен: «Жын тентек қой!»- деуші едім, жоқ, сен жын тентек емес, шын тентек екенсің! Сен сойдың да, мен жедім. Енді мұның құны менің мойнымда қалды,- деп, ықтиярына қоймай, Есен тентекті үйіне ертіп барып, жүз түйе беріпті. Онда Есен тентек:

- Сен менің сойылмаған балама құн төледің. Мен мұны немен қайтарамын? Жүр, менімен бірге,- деп, Қожан тентекті үйіне ертіп келіп:

- Еркек жетім алып қайт!- деп, Жолдыбай құлды беріпті.

Осы Қожаны Нияз қожа екен дейді.

Есен тентек үйіне келіп отырған бір қожаны бас салып, сабап-сабап, артынан қожаның сәлдесінің ұзындығындай арқанға аяғынан тізіп толтырып мал берген. Сонда қожа:

-Он жасың кем болды, жетпіс бесте өлесің. Астыңнан тас шығады. Үш жер қазады: үшеуінен де тас шығады. Сонан соң ең бастапқы шот салған жерге таспен қалап өстіріп қойыларсың!- деген. Айтқанындай болған.

Мұрат: Тіней баласы Сикымбай- Батыраш, Қотыраштың әкесі- Есен тентекке келген:

- Тентектік үйренемін!- деп.

Сонда Есен тентек оған айтқан:

- Тентектік әлуетті күштірек болады, үйрене алмайсың!- деген.

- Үйренемін!- деп қоймаған.

- Ал, үйренсең,- деп, бір керсен қымыз құйып, алып келген де:

- Кел, мына қымызға қот...ыңды малшы,- деген.

Ұялып, именіп қыла аламаған.

- Ұялдың, имендің, тентектік қолыңнан келмейді!- деген.

Құлболды ішіндегі әулиелер

Шорманұлы Мұса мырза сөйлеп отырады екен:

- Құлболдыда үш әулие бар. Бірі- Мәстөгін (Мастүк) абыздың Ханафиясы -Бұхарай Шариптен ғылым тәхсіл, тыхсыл қылып келіп, 39 жасында сібір науқасынан өлген. Ханафия дауам айтып отырады екен:

- Біздің Жанғозы- Иамының апатына ұшыраған ел- деп.

- Бірі- Күлік: Тоқпанның- Самайы. Бұл кісі қажы сапарына барып жоғалған, қайда өлгені белгісіз. Бірі- Айдабол: Аққозы батырдың Сопагы. Бұл кісі диуана екен. Екі тұлымы белінен төмен салбырап жүреді екен. Түсі суық, көрген жан шошып қалады екен. Жүрісі аттан, түйеден қалыспайды екен. Бір қара қой дауам соңынан қалмай еріп жүреді екен. Өзіретке үш апарып, үш келген, үш қайта келген. Өзі тауық жылы өлген. Жұрттың жұтайтынын айтып сөйлеп жүріпті. Өлген соң, денесі көрден ғайып болған деседі. Бұлардан соң өзіміз көргенде, Орманшы: Батыр диуана, Ақбура: Шалқыма диуана, Қаржас:Ескендір диуана, Шалқыма баласы Айсабай қажы да диуана еді.

Қоңыр әулие

Қоңырбай халфе, Құрманбай абыз, Жайбақы- үшеуі Баянаула тауына аң аулап, арқар атуға шығады. Жерде аздаған қар бар. Үшеуі сөйтіп тау аралап жүрсе, бір жалаң аяқ адам ізі: қарға да басқан ізі, тасқа да басқан ізі- таңбасы түскен соң, бұл үшеуі тамашалап, ізіне түсіп: «Қоңыр әулие бар»- деп жүрген. Сонан кейін бұл үшеуі бұл жерде әулиелердің жайы бар екен деп білген. Ол жолы емес, тағы бір жолы Қоңырбай халфе, Құрманбай абыз, Ақпан молда деген- үшеуі жоғарыдағы айтылған жайға келіп, түнеп жатқан болады.

Сонда Ақпан молда:

- Қоңыр әулие, бар болсаңыз, мекен-жайыңды, кереметіңді көрсет!- деген.

Ұйықтаған кезде бір адам келіп, Ақпан молданы біреу алып кетеді. Ертең тұрған соң Қоңырбай, Құрманбай екеуі Ақпаннан сұрайды:

- Не көрдің, не білдің, Ақпан?- дегенде, Ақпан айтады:

- Қоңыр әулие жайын маған көрсетті,- депті.- Көрдім пәлен-түген,- депті.

Онда ана екеуі айтты:

- Ай, Ақпанбай, тиыш жүрмей, әулиеде нең бар екен?- деп.

Кешікпей Ақпан молданың мойны бұрылып, аузы қисайып кеткен дейді.

Есте болатын ескі сөздер

Бұрынғылар айтады екен: «Арғын болсаң, Алтай бол. Алшын болсаң, Адай бол. Үйсін болсаң, Сиқым, Жаныс, Тұтбай (Топтай) бол. Найман болсаң, Қаракерей-Мағай бол. Өзгең қалай болсаң, солай бол!»- деген. «Тышқанның да сәуірі (сауыры) болады», - деген екен. Сондай-ақ Алтай-Арғынның сәуірі (сауыры) болған: Өлібай, Нұрбай, Әлеке, Байдалы, Сайдалы- үш қатынның баласы да- бір бас, жалғыз мұның өзі де бір бас.

Әлтеке-Сарымжан құтты сөйлеген екен:

- «Алатау, Қаратауға барғанда, Үйсін-Төле бидің төре берген төбесін көремін», - деп барып, Үйсін, Қоңыраттың: «Қандай жан?»- деп сұраушыларына айтқан сөзі:

Тобықты: Құнанбай-
Ішіңнен шыққан қайнар бұлақ.
Қыпшак Ыбырай-
Қажымас кара болат.
Мұса мырза-
Қабыршығы жоқ, қолға тұрмас
Жылмағай кара балық.
Шыңғыс төре-
Орыска жуық,
Діні исламға суық жан!- деген.

Құнанбай, Ыбырай, Мұса- үшеуі қазақтың мандайына қалай сыйып жүргеніне айран асырмын! «Тамыр берген түйеден- Тәңірі берген тойы артық!»- деген сөз сондайдан қалға[н].

Нұрман сөзі

Кеше Қоңыраттан шыққан «Көктің ұлы»- атанған Сапақ датқа мен замандас Қоңыраттың бір табынан кара Нұрман шешен шыққан. Осы екеуі біріне-бірі кездеспей, бақ күндестік қылып жүреді екен. Сапақ өскен, өнген рудан шыққан; туған, туысқанды, балалы-шағалы, Нұрман туған-туысқаннан да таза, бала-шағадан да таза жалғыз да екен, жарлы да екен. Бір қалың ну жиында екеуі кездесіп қалып: «Мына жақта Сапекең отыр ғой!»- демей, Нұрман желдей гулеп есе беріпті. Сонда Сапақ шыдап отыра алмай:

- Нұрманым, Нұрман-ақ екенсің. Құлағың жоқ, шұнақ екенсің де, құйрығың жоқ, шолақ екенсің де! Жалтақтап сөйлейсің- жалғыздық көргеніңді білдіріп, көтеріліп сөйлейсің- көмексіздігіңді білдіріп!- дегенде, Нұрман айтыпты:

- Жалғызды мінесең, құдайды міне!
Жарлыны мінесең, пайғамбарды міне!
Құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын.
Құйрығым шолақ болса, тұлпар шығармын!
Құйрығы ұзын болды-ит,
Құлағы ұзын болды- есек!
Ешкі егіз табады,
Ит сегіз табады,
Шошқа тоғыз табады.
Бабаң егіз еді,
Атаң сегіз еді,
Өзің тоғыз едің!
Сенің көп балаңды алайын десе,
Құдайдың пәлесі жоқ па?
Маған бала берейін десе,
Құдайдың баласы жоқ па?!

VI Ақындар айтысы

Қысқа қақтығыс үлгілері

Жолаушы мен бойжеткен қағытпасы

Бір жолаушы бір жақтан келе жатса, бір үйде екі бойжеткен қыз отыр екен. Бұл жолаушы базар шығып келе жатқандығын айтып, сусын сұрағанда, қыздар:

- Ағатай, базарлық бере ғөр!- дегенде, жолаушы жігіт айтыпты:
Бұхара базарына барып келем,
Малым өтпей, құр шаршап, налып келем.
«Осы үйде екі бала бар»- дегенге
Екі бүйрек, бір сирақ алып келем.

Онда қыздар кідіріп қалмай, жауап қайырды дейді:

Кіріп келдің бас салып, долағай бас,
Жолаушының құны сол- бір аяқ ас.
Екі бүйрек басылсын өз көзіңе,
Ол сирақты шешеннің е... бас!

Мәшһүр-Жүсіптің бір қожамен сөз қағысуы

Мәшһүр-Жүсіп.

Айтамын: «Айт!»- дегеннен әуелі Айдан,
Бір Құдай орын бергей бейіш жайдан!
Соны тапсаң, бір тыныс алдың, қожам,
Жаратты пайғамбардың нұрын қайдан?

Қожа.

- Ырсай Алла, жан Алла пида болған,
Пайғамбар- қазынасы нұрға толған.
Ғабдолла Бұтырашқа нұрын төгіп,
Нұрынан бір Құдайдың пайда болған.

Мәшһүр-Жүсіп.

- Он түйме өңірімде қатар-қатар,
Шешкенше сол түймені таңдар атар.
Үлкендікке талассаң, жол болады,
Дария мына жатқан қашан қатар?

Қожа.

- Олла, ағылым демесе, ғасы болар,
Желді менен тоқсанда дария қатар.
Қарағай садақ қырық кез оқ барымда,
Сендей ақын жоқ па еді өзі атар?

Мәшһүр-Жүсіп.

- Екі сексен бір тоқсан жұмбағым бар,
Жүйрік болсаң, соны тап, құла[ғың] сал?

Қожа.

Қарағай садақ, қырық кез оқ бар белімде,
Мендей ақын бар ма еді өз еліңде?
Екі сексен, бір тоқсан жұмбағыңыз,
Есептесең, екі жүз елуің де.

Мәшһүр-Жүсіп.

Сүйгенге бейіш іші сарай болар,
Екі он бес күн, төрт жұма- бір ай болар.
Кей байлар жүзден бірін зекет бермес,
Оның жайын сұраймын, қалай болар?

Қожа.

Әр не қылсаң, Аллаға аян болар,
Қылған ісің алдыңнан даяр болар.
Жиған малың зекетсіз ақын олжа,
Ақырында жылан мен шаян болар.

Мәшһүр-Жүсіп.

Қожеке-ау, ояу қалай, ұйқы қалай,
Болғанда жаугершілік жылқы қалай?
Ақыретке барғанда, тақсыр қожам,
Жалғандағы ойын мен күлкі қалай?!

Қожа.

Жанның қамын ойламас ақымақ, есер,
Үйде отырып, арымен өлшеп-пішер.
Бұл дүниеде көп ойнап, көп күлгендер
Жылай, еңірей тозақта күні кешер.

Төлеген мен Имантай тәжікелесуі

Төлеген қожаға Қаржастың Имантай деген ақыны айтыпты:

Ассалаумағалейкум, Құтпан қожам,
Шалдарды шытырынжы ойнап, ұтқан қожам,
Төрт биенің сүтіне наз қыласың,
Төрт ауылды құрыта шыққан, қожам!

Онда қожа айтыпты:

Тамам Талас ішінде сен жарлы едің,
Сонда-дағы пейілің кең жарлы едің.
Кеше Шектібайдың аласы құрығанда,
Сол жұтта да ішінде мен бар ма едім?

Бұл сөздің мәнісі: қожа келіп қыстаған жылы бір ауылдан бір шал өз ажалынан қаурап қалған екен. Солардың ысқатын қожа алады ғой. Бұл Имантайдың аталары: Шектібай байдың бұрын бір жұтта жылқысы жұтап таусылып қалған екен.

Көтеш пен Күмпейе сайысы

Көтеш ақынның бала күнінде Қаратауға ел қопарыла ауып барып: «Арғын ауды»- деген бір заман болған. Сонда Қаратауда не көп, шеңгел көп. Ат құйрығы шеңгелмен жұлынып, мінген аттары шолақ болып қалған. Ол заманда Ұлы жүзде Күмпейе (Күмхейе) деген қыз ақын

атақ шығарып тұрған күні екен. Ұлы жүзде бір той болып, Арғындарды тойына шақырып, бір-бір шолақтарын мінісіп барғанда:

- Арғындар, той бастандар, өлең айтындар!- дегенде, Арғындардан «Әу!»-деп, өлең айтушы табылмады дейді. Сонда Көтеш бала екен, бұрын өлең айтып көрген жоқ екен. Жұрт дағдарған соң, Ұлы жүз келемеж қылған соң:

- Тым болмаса, «Әу!»- деп үрерлік иттеріңді ертіп-ақ келмеген екенсің!- дегенде, сонда Көтеш ақынның аузынан алғашқы шыққан өлеңі дейді:

- Қаратаудың басынан көш келеді,
Қара көзден мөймілдеп жас келеді.

- Тағы айт!- дегенде, айтқаны:
- Қаратаудың басынан көш келеді,
Бір кедейге бір кедей өш келеді.
Шуылдама, бозбала, дуылдама,
Біреуге ерте, біреуге кеш келеді.

- Тағы айт, тағы айт!- дейді.
-Қаратаудың басынан көш келеді,
Алыс көшсе, ит пенен ешкі өледі.
Жаксы қыздың үйіне күйеу болсаң,
Табак-табак алдына төс келеді.

- Тағы айт, тағы айт!- дейді.
- Қаратаудың басынан көш келеді,
Тым-ақ тәуір көремін көшкен елді.
Жаман қыздың үйіне күйеу болсаң,
Төсің түгіл, төсегің кеш келеді.

Күмпейе ақын қыз шыдай алмай, өлеңді қоя берді дейді ақындығын білдіргелі:

- Жеңгелікке жүреді екі қатын,
Сақтап жүрмін Алланың аманатын!
Арғындардың жігіті алдап отыр,
Шолтаң-шолтаң еткізіп шолақ атын.

Құдай рахмет қылсын, сонда Көтеш айтты дейді:

-Жеңгелікке жүреді екі зайып,
Өлең сөзді айтамын жұртқа жайып.
Ат шолағын, құдаша, қылсаң айып,
Аса (аша) шолақ нәрсенің бәрі де айып!

- дегенде, Күмпейе қалта қарап тұрып қалды да, Көтеш жеңіп кетті деген атақ болып, ел бастап, ақын атанған жері осы.

Көтеш пен Күнекей қағытпасы

Қуандықта: Алтай-Қарпық Итаяқ байдың қызы Күнекей ақын мен Көтеш ақын айтысқан.

Күнекей өлеңі:

- Ұранымды сұрасаң, Алтай-Қарпық,
Келген аттың бәйгеден бауыр еті артық.
Шашым менен шашбауым, жамбы- көтім,
Екі емшегім жігіттен әлі де артық.

Көтеш айтыпты:

- Киімде жаға менен жең бар деймін,
Айтысып меніменен нең бар деймін.
Шашың мен шашбауыңа сақал-мұртым,
О тесікке бір тығын тең бар деймін,
Емшегіңе екі иінім тура келсе,
Осыменен үйіңе (ойыңа) жөн бар деймін.

Көтештің бір қызбен айтысы

(бірінші нұсқа)

Көтеш ақын Қаратауда сол қыстап жатқан қысында Қыпшақта той болып, Арғындарды тойға шақырыпты. Сонда Қыпшақта ақындықпен: «Арсыз қыз»- атанған бір қыз бар екен. Жастан сонымен айтысуға жан шықпаған соң, шал да болса, тұсына Арғын болып Көтеш ақынды отырғызыпты: «Алжыған шал мен арсыз қыздың аяқтасқанын байқайық!»-деп. Сонда «алжыған шал» не дейді:

- Жігіттік, әлеуметтер, өтті бізден,
Қыз кетпес қартайғанмен көңілімізден.
«Алаштың ала жібіп» аттамаймыз,
Бер, Құдай, өзіміздің пейілімізден!

Қыз айтады:

-Мінгенім дәйім менің боз інген-ді,
Аузыма сөйлейтұғын сөзім келді.
Қызарған екі көзі маймылдай шал,
Тұсыма қайдан менің кезің келді?

Шал сөзі:

- Бұл жерге келмес едім, көп ап келді,
Тұсына ақын қыздың дөп ап келді.

«Кәрі бұқа тайыншаны қуады- деп,
- Қызығын бір көрейік!»-деп, ап келді.

Қыз айтады:

- Арғынның сендей шалы тот жейтұғын,
Арқасын сендей шалдың бит жейтұғын.
Қысың өтін, шал баба, жазың шықса,
Аузың сасып, тісінді құрт жейтұғын.

Шал сөзі:

- Жүгірген ойдан қырға тарғыл тазы,
Жігітті мұңайтады малдың азы.
Аузы ашықтың бәрін де құрт жей берсе,
Құрт кетпес сіздікінен қысы-жазы.

Қыз айтады:

- Шал баба, жарымаған жалшы маған,
Соры бар маңдайыңның тамшылаған.
Өленді бізден бұрын көп айтыпсыз,
Шал баба, тапқаныңды салшы маған!

Шал айтады:

- Жөргекте қызды Құдай ұрған, ботам,
Бөксесін біз дегенде, бұрған, ботам.
Біздерде жоқ екен деп ғапіл қалма,
Түбінде қоржынымның тұрған, ботам!

Онда қыз былай дейді:

-Арғынның сендей шалы тот жейтұғын,
Арқасын сендей шалдың бит жейтұғын.
Қаншығы біздің елдің ұры келер,
Түбінен қоржыныңның ит жейтұғын.

Шал сөзі:

-Жөргекте қызды Құдай ұрған, ботам,
Бөксесін біз дегенде, бұрған, ботам!
Түбінен қоржынымның ит жемейді,
Қасында дөкей жігіт тұрған, ботам!

Алжыған шал жеңеді ғой, ақырын мылжыңдай беріп не қылайын?

Көтештің бір қызбен айтысы

(екінші нұсқа)

Шал.

Деген соң: «Қызыл өгіз, қызыл өгіз»,
Бұл елдің қатыны арық, қызы семіз.
Ақ төсіңе ақ төсім бір тиген соң,
Бұл жерден кім кетеді жиырмасыз?

Қыз.

Жаураймын қыстыгүні тон болмаса,
Жаушы күн көре ме ел болмаса?!
Біздерге бесеу-алтау бұйым емес,
Жеті мен сегіз, тоғыз, он болмаса.

Байлаймын көк аламды көк мойылға,
Кез болдым, шақырған соң, бір тойыңа.
Шал баба, көңіл беріп, қойныма алсам,
Жарар ең кідірместен неше ойынға?

Шал.

Байлаймын көк аламды көк мойылға,
Кез болдым, шақырған соң, бір тойыңа.
Бикешім, көңіл беріп, қойныңа алсаң,
Жараймын кідірместен бес ойынға.

Орынбай мен келіні қағысуы

Қарауыл: Орынбай ақынның бір жаңа түскен келінге айтқан өлеңі.
Келіншек өзінен жасы, жолы кіші, баласындай адам болу керек. Оңаша
үйде бір кездесіп қалғанда, айтыпты.

Орынбай.

Ақ емес, не қара емес, торы келін,
Адамның өзі теңді зоры келін.
Адамға ұят, абырой мұнан болмақ,
Арасын екі аяқтың қоры, келін!

Онда келін айтады:

Ақ емес, қара да емес, мен бір торы,
Адамның өзім теңді болдым зоры.

Мен сақтап осы жерге аман келдім.

Ендігісіп, қайынаға, өзің қоры!- дегенде:

«Қасымда басқа біреу болғанда, тірі масқара болып едім, айтуымыз оңаша болып, жаным қалды!» -депті Орынбай.

Тәттіқыз бен Өске қақтығысы

Қыпшак- Өске ақын бір ауылға келіп түскен екен. Сол ауылда ақын Тәттіқыз кездеседі. Сонда Өскеге Тәттіқыз айтқан екен:

Менің атым- Тәттіқыз,
Өнге қыздың аты –қыз.
Кер[д]ендеп келіп,
Сырты қожырайған шал екенсің,
Ұйқынды бұзбай жатыңыз!

Сонда Өскенің айтқаны:

Сенің атың- Тәттіқыз,
Айтқан сөзің дұрыс-ақ,
Өзге қыздың аты қыз.
Үнемі жігіт-жігіт дей бермей,
Шалдікін де біраз татыңыз!

Мұстафа мен Жұмабай қағысуы

Мұстафаның Қойсары:Жұмабай ақыннан сұраған сөздері.

Мұстафа сөзі:

Дін күткен мұсылманға болар сауап,
Күшің жетсе, мекерге қылшы тауап.
Жүмеке, жасың үлкен, аға едіңіз,
Сұраймын аз ғана сөз, берсең жауап.

Жұмабай сөзі.

Қайыр, ықсан нашарға берген сауап,
Байға парыз Меккені қылмақ тауап.
Қайтармақ сөзге жауап, киын жұмыс,
Берейін шамам келсе, сізге жауап.

Мұстафа.

Бес намаз күнінде бес оқылады,
Ораза жылда бір ай тұтылады.

Құранда неше аят бар, неше тыныс,
Неше аят мансұм сәжде оқылады?

Жұмабай.

Алты жүз мың және де
Алпыс алты мың Құранда аят.
Жүз төрт сүре, он төрт сәжделі аят.
Білетін тыныс жарып (шәріп) мағыналарын
Ғалымдар білер оны бұн заңаят.

Мұстафа.

Бес парыз- дін исламның болған бесеу,
Тозақ жеті болыпты, бейіш нешеу?
Тірегі дін исламның Құран- ғатым,
Жұмеке, сол Құранның әрпі (харпы) нешеу?

Жұмабай.

Нәпсі тыйсақ, күнәдан арыламыз,
Күнә қылсақ, тәубеден жаңыламыз.
Ақша емес шотқа қағып есептейтін,
Есептеп Құран әрпін не қыламыз?

Мұстафа.

Зор күнә: ұрлық, ойнас, өтірік, өсек,
Кісі ақысы, бұлардан, ауыр жесек.
(Бұлардан ауыр күнә арам жесек)
Тақ-жүпсыз, есеп- сансыз нәрсе бар ма,
Есеп білмес, Жұмеке, болдың есек.

Қалыпты айтыс үлгілері

Ақбала мен Боздақ айтысы

Бір Боздақ деген жігіт Ақбала деген қызбенен қосылды. Ғашық болып қосылған соң, екеуінің қосылғанын әкесі біліп:

- Осыған қызымды бермеймін!-деп, айрылып көшті. Алысқа кеткен соң, Боздақтың әкесі жігітті бұрынғы айттырған қайнына жіберді. Қайнынан қайтып, ойнас қызының жеріне келді. Келсе, ойнас қызы өліп қапты. Бейітінің басына жатып өлең айтты.

Жігіт.

Әуеде ызылдайды жасыл сона,
Қалыпты жайлауында жалғыз мола.

Жайлауың мен кеткенде тап-таза еді[1],
Бөлмесін, Ақбала қыз, Аллатағала!

Саламын қоржыныма тарымды ақтап,
Атымды қамшылаймын екі жақтап.
Жасырған алтын-күміс тұл тақияң,
Қалыпты айдалада бейіт сақтап.

Онда моладағы қыз айтады:

Жайлауы еліміздің құм еді ғой,
Базарға қой айдаса, пұл еді ғой.
Басыма келмей жатып өлең айтқан,
Қайғырған қайсы байдың ұлы еді ғой!

Боздақ айтты.

Арқаның ақ қайыңынан ерімді тоздап келдім,
«Бұ мола кім болды?»- деп, қозғап келдім.
«Бір бата кім де болса, қылайын»-деп,
Жалғызы мен Бөртеңің Боздақ келдім.

Қыз.

Жалғанның сұмдығынан ақ баламын [2],
Немді айтып, өліп қалдым, мақтанамын.
Жалғызы сен Бөртеңің Боздақ болсаң,
Жалғызы мен Қырғидың Ақбаламын.

Жігіт.

Ақбала қыз екенің танып тұрмын,
Лапылдап тал отындай жанып тұрмын.
«Тартысқан тар төсекте тату едік,
Ойыма тұра ма?!»- деп алып тұрмын.

Қыз.

Айтамын айт дегеннен, қызыл тілім,
Үй қылдым қазғаннан соң жердің түбін.
Қызыл тіл кейде келер, кейде келмес,
Бейіттен мына тұрған шықпайды үнім[3]

Жігіт.

Қайтті екен [4], Ақбала қыз, сенің мұрның,
Мен едім тірілікте тату құрбың.
Үйіңе апарайын мен сені енді,
Басыңды, әлің келсе, көтер бүгін!

Қыз.

Мұрнымның құм құйылды тесігіне,
Алланың мен жолықтым кесіріне.

Ал, тұрайын десем де, тұра алмаймын,
Қойыпты Алла бөлеп бесігіне.

Жігіт.

Қайтті екен, Ақбала қыз, қолаң шашың,
Көрішген жабысыңқы қиғаш қасың.
Ақбала, әлің келсе, көтер басың,
Тіріде, еске түсті, берген асың.

Қыз.

Орнынан жидіген-ді [5] қолаң шашым,
Қалпында тұрсын ба [6], қиғаш қасым?!
Басымды әлім келіп көтере алман,
Тең көрген ханышамен қайран басым!

Жігіт.

Қайтті екен, Ақбала қыз, ақ етіңіз,
Ағармас баяғыдай тағы етіңіз.
Болғанда астың көрден, үстің- тастан,
Жатты екен қайтіп шыдап жақ етіңіз?!

Қыз.

Айтамын айт дегеннен ақ етіміз,
Ағармас баяғыдай тағы етіміз.
Болғанда астым көрден, үстім- тастан,
Шіриді жатып жерде жақ етіміз [7].

Жігіт.

Қайтті екен, Ақбала қыз, екі көзің,
Аян-ды бір құдайға айтқан сөзің.
Ақбала, әлің келсе, көтер басың,
Басылсын менің көңілім көріп жүзің [8].

Қыз.

Орнынан олқы [9] түсті екі көзім,
Аян-ды бір құдайға айтқан сөзім.
Басымды әлім келіп көтере алман,
Бейіттен мына тұрған шықпай өзім [10].

Жігіт.

Қайтті екен, Ақбала қыз, екі көзің [11],
Аян-ды бір құдайға айтқан сөзің.
Қара жер бауыры суық алған екен,
Қызықты ойнап күлер айдай кезің [12].

Қыз.

Боздеке, қайтіп жатсын екі көзім?!
Осындай мұңлы кәріп болған кезім [13].

Басымды алып келіп көтере алман,
Кісісі акыреттің болдым өзім.

Жігіт.

Жағыңда саусаған-ды отыз тісің,
Аян-ды бір Аллаға қылған ісің.
«Ішіңде туар айдың келемін!»- деп,
Үйінде зар жылайды алған кісің.

Қыз.

Жағымда саусаған-ды отыз тісім,
Аян-ды бір Аллаға қылған ісім.
Қайтейін, зар жыласа алған кісім,
Құдайдың мен қайтейін салған ісің?!

Жігіт.

Қайтті екен, Ақбала қыз, іш-бауырың,
Тіріде осылай ма еді айтқан қаулың?!
Бекітіп төңірегің тас қылыпты,
Жүр екен қайтіп шыдап сенің ауылың?!

Қыз.

Ішімде елжіреген іш -бауырым,
Тіріде бола бермес айтқан қаулым!
Бекітіп төңірегім тас қылса да,
Жүрген-ді қойдай шулап менің аулым.

Жігіт.

Қайтті екен, Ақбала қыз, екі қолың,
Мен едім тірілікте тату құрбың.
Көріңнен қолым салып ала алмадым,
Құдайдың кім бұзады салған жолың?!

Қыз.

Саусағына ілінген екі қолым,
Сен едің тірілікте тату құрбым.
Көрімнен қолың салып бір тартпадың,
Немене ойбай, Боздақ, сенің оның?

Жігіт.

Арқада аттан түйе қымбат екен,
Құдайға төрт періште тіл хат екен.
Арасын [14] екі дүние көрдің қабат,
Ақбала, бұ жалғанда не тәтті екен?

Қыз.

Арқада аттан түйе қымбат екен,
Аллаға төрт періште тіл қат екен.

Арасын екі дүние көрдім қабат.
Кід Құдай әкем қосқан жар тәтті екен.

Жігіт.

Біздер кетіп барамыз үйге қайтып,
Дәтің қайтіп шыдайды жалғыз жатып?!
Мені сен, әлің келсе, жебегейсің,
Басыңа бата қылдым өлең айтып.

Қыз.

Келдің, жігіт, ай, Боздақ, кеттің тастап,
Шыдайды дәтің қайтіп жалғыз тастап?!
Біздерді жалғыз тастап желе берсең,
Тартарсың жол азабын, атың ақсап.

Жігіт.

Олай деген алғысың ба, қарғысың ба,
Айтысқан тірідегі байғұсыңа.
Бізді сен, әлің келсе, жебегейсің,
Жөнелдім өлең айтып дәл тұсыңа.

Қыз.

Ойнаушы ем, ортекемді киік қылып,
Шаншушы ем, қарқарамды биік қылып.
Алдымда- апа, артымда сіңлім жоқ-ты,
Көргенге не қылады күйік қылып?!

Жігіт.

Ойнаушы ең ортекенді киік қылып,
Шанышқаның қарқаранды биік қылып.
Пайдасы қияметте тиер болса [15],
Қайтеді қарқаранды қоймағанда күйік қылып?!

Жыласаң, көз жасыңды иер болса,
Қожаға иман қайда күйер болса.
Басыңа қарқаранды қойғызайын,
Пайдасы қияметте тиер болса.

Қыз.

Ортасын Орайбектің оймай кетті,
Басыма қос қарқарам қоймай кетті.
Әке-шешем бұйырып қоям дейді,
Жиылып елі-жұртым болмай кетті.

Жігіт.

Ортасын Орайбектің ойдырайын,
Басыңа қос қарқараң қойдырайын.

Пайдасы қияметте тиер болса,
Қарқаранды өз басыңа қойдырайын!

Қыз.

Сәлемді шешекеме деп айтқайсың,
Құлағы жоқ әкеме көп айтқайсың.
Ішінде туар айдың келсе жарым,
«Болды мажаңа керек?»-деп айтқайсың.

Шортанбай мен Орынбайдың айтысы

Керей: Тұрлыбек[тің] советник болып, жеті дуан аралағанда қасында Қарауыл: Бертағының баласы Орынбай ақын бар екен. Тұрлыбек Қарқаралыға барғанда, Орынбай бірге барып, Қаракесек: Майқы, Бошан деген елден көп олжа алып қайтқан екен. Арада бір жыл өткен соң, Қарқаралыға аға сұлтан күні, Құсбек төре Орынбайды қонақ болсын деп шақыртыпты, Шортанбай қожамен айтыстыру үшін. Екеуі кездескен жерде

Шортанбай айтқаны:

Жаратқан бәрімізді бір құдайым,
Падиша пендесінің білер жайын.
Атыңа- анық, жүзіңе қанық едім,
Жол болсын, жүрсің қайдан, Орынбайым?

Орынбай.

Диуана қожа атасы барған Мекке [1],
Мейрамға атың шыққан жалғыз жеке.
«Жолың болсын»,- дегенің- жақсы лепес,
Құдай берсе, мол берсін, ай, қожаке!

Шортанбай.

Өлеңге бір кісідей туысың бар,
Тіл мен жаққа бақ берген, ырысың бар.
Барымташы кісідей: «Мол болсын»,- деп,
Әлде қандай кісіде жұмысың бар?

Орынбай.

Былтыр бізді шақыртты Құсбек батыр,
Хан шақырса, не тұрсын ақын бақыр?!
Ақ сұңқардың дидарын көрейін деп,
Орынбай сол жарлықпен келе жатыр.

Шортанбай.

Айтасың мақтаныш қып батыр, ханды,
Ар көресің құр келіп, шатылғанды[2].

Ел бітімін бітірер би емессің,
Құсбек сені не қылсын шақырғанды?!

Орынбай.

Қожеке, ханға тағы сөйлеймісің,
Ханынды шақырды деп сүймеймісің?!
Ішің тар, бұ қайдағы жарықтық-ау,
Ханның өзі шақыртса, қой деймісің?

Шортанбай.

Еліме мен насихат кеп айтамын,
Беті-жүзің бар демей, тік айтамын.
Елімнен былтыр алып кетіп едің,
«Ұялмай биыл неге келдің?»- деп айтамын.

Орынбай.

Тереңнен алатұғын алымым бар,
Жақсыдан алып жүрген қалыбым бар.
Төреңе әлің келсе, бердірмей бақ,
Күндесең алғанымды, ішінді жар!

Шортанбай.

Орынбай Тұрлыбек пен келген екен,
Жан қалмай, төре, қара берген екен.
Елімді өзім жоқта қойдай жуып (жиып),
Бұ мұндар сонан дәндеп жүрген екен.

Орынбай.

Қожеке, соны сөз деп айтармысың,
Қуанып, бердірмесең, қайтармысың?
Мейрамның, қарлығаштай, малын қорғап,
Қызғанған дүние малын шайтанбысың [3]?!

Шортанбай.

Білдің бе сөйткенменен берерімді,
Бағана-ақ білім едім не дерінді [4].
Менен басқа жан жоқ деп мақтанасың,
Асырмасаң, түк бермен, өнерінді!

Орынбай.

Шығыпты Орта жүзге атың, қожа,
Айтасың ғалымдық жоқ батыл, қожа!
Сендей сарттың талайын уқалатушы ем,
Осы жолы бердірмесең, боласың ғой қатын,

қожа[5]?!

Шортанбай.

Орынбай Тұрлыбек пен келдің, кеттің,
Алдыңа түсер жан жоқ, гулеп өттің!
Жалынсаң, қожеке деп қояр едім,
Түк бердірмен, түбірлеп [7] түпке жеттің!

Орынбай.

Қожеке, сөйлер сөзден жаңылғаның [8],
Күсбектен тәуір болды табылғаның.
Бұ жерде қожа билер Қаратау[9] жоқ,
Арғынды сенен сұрап не қылғаным?

Шортанбай.

Қарауыл өрши берді, шындамасам,
Айтпаймын, жұртым, саған, тындамасаң!
Тіленші елге келген сен емеспін,
Көрейін халқымнан-ақ, бұлдамасаң!

Орынбай.

Қожасың- Қарақалпақ затың басқа,
Шығыпсың жақпай жалғыз қарындасқа.
Баласын бір Арғынның екі айыр деп,
Үйретті қандай ақымақ [10] сен кубасқа?!

Шортанбай.

Болса да баяғыдай заманым жоқ,
Бозбала, бәрің бірдей жаманың жоқ.
Пір болған жеті атаңа қожаң едім,
Көрмесең бір заржақтай (жаржақтай), амалым жоқ.

Орынбай.

Нәсілің төрт жардан бұл, дегдар қожам,
Алдымнан қисық жүрмей, жөн бар, қожам!
Пір болсаң, дәріс оқытып [11], дін үйретпей,
Қазақтың өлеңінде нең бар, қожам?!

Шортанбай.

Өлеңін мынау ақын бағады екен,
Сөйлесе, сөз мәнісін табады екен.
Алдынан осындайда бір шықпасам,
Жанына, қоя берсем, жағады екен!

Орынбай.

Айтасың- жүйріктікпен, шешен қожам,
Күнәңды, тәубе қылсаң, кешер, қожам!
Алдыма шығарыңды қайдан білдің,
Айтасың соны білмей, есер қожам!

Шортанбай.

Беріп пе жалғыз саған тіл мен жақты,
Деймісің сөзден кедей біз бейбақты?!
Қожанды жұрт пір қылған есер дейсің,
Ау, балам, тапсырамын аруаққа.

Орынбай.

Деп едім тілім тиер мен бағана,
Жаратқан қожаны есер құдай тағала.
Ишан [12] өлең айтқанын қашан көрдің,
Өлеңінді айт, пірліктен [13] кет садаға!

Шортанбай.

Хан, қара шақырған соң, келе қалдым,
Ақынды іздеп келген көре қалдым.
Қожаны пірлігінен айырып алған,
Молдаға дәріс оқытқан қайдан қалдым?!

Орынбай.

Қожеке, көп шайтанмен салыспаңыз,
Қараға, төре тұрып, таныспаңыз.
Айтамын жаным ашып ақсүйекке,
Жасыққа болатынды [14] алыспаңыз!

Шортанбай.

Өтерін бұ дүниенің ойламасам,
Алдында хан, қараның сайрамасам,
Орынбай- елге келген бұл бір мейман,
Кетермін жолдан тайып сыйламасам [15]!

Екеуінікі де жарастықты, сыпайы болды.

Жанақ пен Түбек айтысы

Қайым өлең: Жанақ пен Түбек айтысқаны. Жанақ- Қаракесек, Қамбар деген руынан шыққан. Сабырбай: Түбек- Найман, Байқара деген руынан шыққан. Бір ауылдан он алты ақын шыққан- Дулат: Жылтыр. Найманның ортасында бір төренің асында- Қамбар: Жанақ, өзі кәрі шал, өзі жалғыз атты жолаушы.

Әуелі Жанақ айтады:

Мен үйімнен шығып ем Ертіс өрлеп,
Үш жүздің ортасында өлең кернеп [1].
Хан ием шақыртқанға келіп қалдым,
Екі неме қоймайды көлденеңдеп.

Түбек.

Шығып ең сен үйіңнен Ертіс өрлеп,
Үш жүздің үш ауылына кедеймін[2] деп.
Жанақ-ау, жамбы түгіл, боқ та алмайсың,
Өлең айтып не етесің, бекер терлеп?!

Жанақ.

Біздерді шау дегенде, өлең бассын,
Өлең айтсам, аруағың сенің қашсын!
Сенімен он сегіз күн тарпысармын,
Он тоғыз күн дегенде, шыдамассың!

Түбек.

Кәрі құл, мен шыдармын, сен шыдамассың,
Шыдамаған жігітті қара бассын [3].
Ұстай алмай қаларсың етегімнен,
Жамбынды алдындағы ала қашсам!

Жанақ.

Құдай-ау, қайдан қалдым сөз ұғарға,
Ноғай кедей болмайды бөзі барда.
Мен неге олжа алудан құр қалайын,
Атамның мына отырған көзі барда!

Түбек.

Мынау орыс салыпты қырға бекет,
Еліңіз бермейді екен қайыр, зекет.
Жас төлін сүтін емген біз алғанбыз,
Тұғырдан түсіп қалған атаңды әкет!

Жанақ.

Ауылы Оспан ханның Бөріқағашта,
Атым -Жанақ атанған алты Алашқа.
Оспан хан шақырған соң [4], келіп едім,
Қой, бала, менімен сен тайталаспа!

Түбек.

Ауылы Оспан ханның Бөріқағашта,
Кедейлігің белгілі [5] алты Алашқа.
Оспан ханның ақыны қалай екен,
Тай күнінде атпенен тайталасса [6]!

Жанақ.

Ауылың Сасық судан көшкен екен,
Ырысың, балам Найман, өскен екен.
Төре, қараң жиылып кеңес қылып,
Жанақты бір жеңейік дескен екен.

Түбек.

Ауылым Сасық судан көшіп жүрген,
Ырысым жылдан-жылға өсіп жүрген.
Қамбардың кедей шалы келе қалса,
Бозбала, түк бермейік десіп жүрген [7].

Жанақ.

Ау, балам, сенің өзің қай Наймансың?
Қонақасы беруге бай Наймансың.
Арғынның айналасы алты айлық жол [8],
Кемдігінді, балам Найман, ойлағайсың!

Түбек.

А, Жәке, біздің Найман бай Найман ба?
Қонақасы беруге сай Найман ба?!
Жаман, жаман дейсің де, еш қоймайсың,
Жаман болып, жасқанып, тайғандай ма [9]?

Жанақ.

А, балам, Арғын қайда, Найман қайда?
Арғындығым көрсетейін осындайда!
Талқан боп Тарбағатай кетер еді,
Арғын беттеп жайласа жазғы майда [10].

Түбек.

А, Жәке, Арғын қайда, Найман қайда?
Арғын болсаң, Қарқаралы дуан қайда?
Бас қылып Жамантай мен Құсбегінді,
Жақсыңды тізіп қамап жалғыз сайға [11].

Жанақ.

Деген соң, атым Жанақ, атым Жанақ,
Шалбарым бес теріден, сексен балақ.
Ашуыма көп тиме, балам Найман,
Ашулансам, кетермін иттей талап!

Түбек.

Қу кедей тентіреген Қамбар: Жанақ,
Қылғындырып қыдыртқан мешкей тамақ [12].
Ініңді сартқа саттың кедейліктен [13],
Құлағымды кессең де, айтқаным-ақ!

Жанақ.

Қақ жарып көп жақсыңа өлең айттым [14],
Қобызым қолымдағы қоймай тарттым.
Мақтанба көрмегендей, балам Найман,
Жүз жылқы ұрладың да, жүз қой тарттың!

Түбек.

Қақ жарып көп жақсыма өлең айттың,
Қу жарғақ қобызыңды қоймай тарттың.
Өзге байлық айтса, айтсын, сен айтпашы,
Бай болсаң, неге ініңді сартқа саттың?!

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: Жанақ өзі- жеті ағайынды Тимеш балалары. Жетеуі- бәйбішеден, тоқал шешесінен екі бала: Бітімбай, Тынымбай. Тынымбайды Ташкенттік сартқа сатқаны рас. Оның ұрпағы: Қыбырай, Дүрменде, Ақпан, Тоқпан.

Жанақ.

Мен ағаң Арғын болғанда, балам-Найман,
«Кедей Жанақ»- десең де арланбаймын (арланбайман)[15].
Ашуыма көп тиме, Найман бала,
Аузыңды қобызыммен қан қылғаймын (қылғайман)!

Түбек.

Арғын болсаң, қайтейін Наймандаймын,
Қуэм бар, қай сертіңнен тайғандаймын?!
Ұрының өзіне лайық сойылы бар,
Домбыраммен қақ басқа қойғандаймын [16]!

Жанақ.

Сен- пышақ: жетесі жоқ, мен- алтын қын [17],
А, балам, жеңе алмасаң, саған бір сын.
Өзім кедей болсам да, аймағым бар,
Алдажұман жылқысы- жиырма үш мың [18].

Түбек.

Найманда: Бура менен қалған қатын [19],
Тоқсан санды айдаған Қамбар жатыр.
Жүз сандық Бексұлтанда жамбы жатыр,
Алпыс атан түйеге әрең артар.

Жанақ.

Біздерді қыдыр дарып, өлең басты,
Өлең айтсақ, аруақ сенен қашты.
Кесер бас, жүрер аяқ малды айтсайшы,
Ұрыдай не қыласың жатқан тасты?

Түбек.

Күмістен жамбы деген тасым еді [20],
Әр тасым бес жүз сомнан асыл еді.
Елімнен келмей жатып жамбы сұрап,
Ол тас емей, атаңның басы ма еді?!

Жанақ.

Жанаққа ас бермейді бастан басқа,
Көзімнен түк шықпайды жастан басқа.
Берген малын мен қашан тастап кеттім,
Еліңнен берері жоқ тастан басқа.

Түбек.

Абыл хан, Әбен жатыр Ертісті өрлеп,
Сабыл хан, Сәбен жатыр: «Келсең, кел!»- деп.
Тоқта, Күшік- Қамбарда тоқсан мың бар,
Тоқсан атпен жияды көзі терлеп.

Жанақ.

Құрысбай, Сапақ, Бапақ [21] Азнабай-ды,
Оны азсынсаң, қос атқа ал Өтебайды [22].
Қойгелді Ордабай мен бәсеке боп,
Бас-басына тоқсан сан қой айдайды [23].

Түбек.

Біз келдік өңшең төре асқа саулап,
Ішінде Иса, Әлі бар омыраулап.
Қу далада қу таңдап қақсағанша [24],
Садат ханымға айтсайшы, көңілін аулап!

Жанақ айтады:

Адырайып не дейсің Адырбай сарт,
Найманшамның баласы, тізгінің тарт!
Қалай айтсам, мен- Арғын: ерік өзімде,
Қалмағыңның қатынына өзің-ақ айт!

Түбек.

Елінде төрең бар ма іске жарар [25]?
Сұрасаң, біздің төре ханға барар!
Бұл сөзді не деп айттың, кедей Жанақ?
Төрелер ашуланса, басыңды алар!

Жанақ.

Қайтейін, ашуланса, ашулансын!
Ашуланса, қаямды кесіп алсын.
Зауы шайтан басымды кесе алмаса,
Өзі кедей Жанақтың несін алсын?!

Түбек жылдам жауап таба алмағанда, оның орнына, бір жақын тұрған

Сарыбай деген кісі айтыпты:

- «А, Түбек!»- деп, отырып ем, сөйлемейін,
Жанақтың толтыра алар кім көмейін [26]?!

Ұшқынды-ай ұшың шыққан бір-ақ қақпай,
Кедейді неге қойдың әлге дейін?

Онда Түбек айтты:

Сапекен, даусың қалай безектеген,
Күн де күнін көреді тезек терген [27].
Кедейді іштен шалып, қайқайтайық,
Екеуіміз екі жақтап кезекпенен!

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Осы өлеңнің бастан-аяқ бәрінің құны осы айтылған бір ауыз өлеңге жетпейді. Бір жұмбақ бар: білгенге –ұмытпастай өлең-жыр, білмегенге- дір-дір жуан тілмен [бір]».

Жанақ.

Ауылым он қазылық Ойтүндікте,
Тоқсан бие сойдырып, жүз үй тікті.
Қос ақын бұлғақтай бер, ел сенікі,
Жұрттан жалғыз жүрген соң [28], қоңілім күпті.

Екеуің екі жақтап буындырып [29],
Сөйткенмен алсаң жақсы сүріндіріп.
Келген жерден сусыным бір қанбады,
Қаракесек ет бердің тығылдырып.

Түбек.

Кедейге өлең бітіп, жыр бітпеген,
Атасынан бері қарай жол күтпеген.
Тоғыз саба құйсам да, тоймас кедей,
Өмірінде борбайына шыр бітпеген!

Байлыққа кім тұрғанда, Досан тұрған,
Қасында Байжан, Сымақ қоса тұрған.
Қорадан он төрт мың қой бірден өрген,
Аламан шеннен асқан Асан тұрған.
Шапса қылыш өтпейтін Мұсам тұрған,
Маған неге сөйлейді осы антұрған!

Жанақ.

Түбек маған қылады омырауын,
Найман итке тағады қоңырауын.
Көрмегендей мақтанба, балам Найман,
Үзігіннің ұрайын төрттен-ақ бауын.

Түбек.

Мен өлеңді айтармын жағым тынбай,
Сірә, мені жеңбессің, Жанақ сұмырай!

Сені де қалашылар мақтамайды,
Үйіңнің тесігі бар тоқсан мыңдай.

Жанақ.

Үйімнің сырты жаман, іші тәуір,
Сен Түбектей емеспін қара бауыр.
Үйімде тығып қойған жүз жамбым бар,
Мал-жан қылсам болмай ма қанша ауыл?!

Ол сөзге Түбек жауап таппады.

Найманның отырған ақсақалдары:

- Арғын ағамыз ғой, бөтеніміз емес. Біздің Найманды ат төбеліндей төре билейді, бұра тара Уақ билейді. Арғын Арғындығын қылып, төре-қараның жалғызына билетпей, Мұсаның дөкей ірі болып тұрғаны рас. «Аталы сөзге арсыз таласады»- деген. Қой, біздің балалар жүзі басқаны жеңсеңдер де болады!- депті.

Жанақ пен Сақау айтысы

Қуандық, Сүйіндік бірыңғай, Қаракесек: қалың Бошан, Майқы, Танаш бірыңғай- екі елдің басы қосылған жиында Қуандық, Сүйіндік төресі Құдайменде- Есім: Тәукебаласы, Қаракесек төресі-хан Жамантай-Бөкей: Дайырбаласы. Екі төре билік айтты:

- Екі жақтан екі ақынды жекпе-жекке шығарып айтыстырайық. Қаракесек, ақының жеңсе, біз: Қуандық, Сүйіндік атқа-тай, тайға қой алайық. Егер де ақының жеңіліп қалса, біздің қойымызға- тай, тайымызға ат төлеу беруге мойында!

- Жарайды, болса, болсын!-деп, Қаракесек Қамбар: Жанақты ап келді.

Қуандық, Сүйіндік Сақауды алдырды. Жанақ жасы үлкен бұрын сөйледі:

Екі ағам бар алдымда; Майқы, Бошан,
Өзім Қамбар болғалы әлдеқашан.
Қарлығаштың қанаты ыс болмай ма,
Есіл менен Нұранды қаптай қонсам.

Сақау.

Асқар белмін, шалқар көлмін,
Түйенің жауырындай жалпақ елмін.
Ашуыма көп тиме, қара күнім,
Бүркіт алған түлкідей, басып жермін!

Сонда төрелер бұл екеуінің өлеңін билердің билігіне салды:

- Қайсысынікі артық, сонда қандай артықтығы бар? - деп, сынға бергенде, екі жақтың билері ынтымақпен талассыз, тартыссыз кесім қылды: «Жанактың өлеңінен Сақаудың өлеңінің тайлы бие, боталы түйе артықтығы бар!»-деп.

Құдай рахмет қылсын-Алшынбай би де айтқан:

- Тоғжан өлеңінен Сақау өлеңінің тайлы бие, боталы түйелік артығы бар!» - деп.

Сақау мен Тоғжан айтысы

Орта жүзден шыққан Шоң, Торайғыр заманындағы Сақау ақынның Тоғжан қызбен айтысқаны. Сақау өзі қара қасқа кедей, екі ат тақымынан кеткен жоқ, үш ат маңдайына біткен жоқ. Баянаулада жатақ жатып, саржан сатып, ауқат кешіреді екен. Ол күнде бір саржан жиырма тиын екен. Жаз болса, кереге жонып, үй ағашы қылады екен. Анда-санда аңсары ауғанда, ұрлық та қылады екен.

Тоғжан- Қаракесек қызы, әкесі- Самай, үштің біріне косылған, байдың қызы. Екеуі бұрын бір айтысып, Торайғыр биге жүгінген екен. Торайғыр биге қыз пара беріп, қыз парасы белгілі ғой, Торайғыр: «Тоғжан жеңді!»-деп, сонан арманда кетіп: «Ай, бір айтыссам-ау!»-деп жүріп: «Тоғжанды жаз шыға ұзагады»-деп естіп: «Бір елге қатын болып түскен соң, жеңген, жеңілгенімнің не сәндігі бар, өз елінде оң жақта қыз күнінде айтысып қалайын!»-деп, бір атын мініп, бір атын қос атқа алып, ұзататұғын тойына баруға шыкса, сегіз күн той қылып, жеті күні өтіп, бір-ақ күні қалған екен де: «Балаға батасын беріп, аттандырғанының ішінде болсын!»-деп, Алшынбай биді шақыртқан екен. Сақау Алшынбайға оқтай ұшырап қалып:

- Жол болсын!- дегенде,

- Жылқы алдырып, соны қуып келемін,- депті.

- Жүр, бүгін біздің жанымызда бірге бол, Тоғжан баламен айтыстырайық!-деп, Алшынбай шап ете түсіпті.

- Қаракұрттай быжынаған қалың Қаракесектің ортасында жалғыз жүріп айтысып, таяқ жеп қалайын ба?!-депті.

Алшынбай би:

- Қой, үйдеме, кісісіз жерде кісіні ит талайды, кісі отырған жерде кісіні кісі талай ма екен? Жүр, мен қанаттыға қақтырман, тұмсықтыға шоқытпан!-деп, міндеттеніп, ала жүріпті.

Іңір қараңғылығы, апақ-сапақта Сақау үйге кірсімен, өленді қоя беріпті. Қыз әрі танысқан, әрі жар-жар айтысқан, шаршап жантайып жатыр екен.

Сақау.

Қыз Тоғжан, жақсы болсаң, қарындасым,
Жаман болса, азабын арылмасын!
Қос атпен Қызылтаудан Сақау келді,
Ақмарту айтысалық, көтер басын!

Тоғжан қыз шошып қалды, шымылдықты серпіп тастады:

Үйімде жатыр едім, тойған қойдай,
Сұм жалған қызығына көзім тоймай.
Жуынып жаңа бетім отырғанда,
Қу Сақау, жез көмекей, не дейді, ойбай?!

Сақау.

Сен- кепсер, мен жез едім, кинасалық,
Екеуміз бір құдайға жыласалық.
«Сақауды кәрі,- Тоғжан-жеңдім!»- депсің,
Іздеп Сақау кез келді, сынасалық.

Тоғжан.

Тарттың ба маған қарай томағанды,
Сен қайда сыйлаушы едің өз ағанды?!
Келгенің әдейі іздеп мен болсам, кедей құлым,
Берейін асықпай тұр, сыбағанды!

Сақау.

Көп дәурен көзім көріп, сүргеннен соң,
Үстіме парша мәулім кигеннен соң,
Асығып қашып қайда кетер дейсің,
Қос атпен Қызылтаудан келгеннен соң?!

Тоғжан.

Көп түйіп қабағыңды, жамансың ба?
Кеш қалдың, ерте келмей, шабансың ба?!
Көп айлар көрмегелі, көп күн болды,
Қу Сақау, жез көмекей, амансың ба?!

Сақау.

Ақырған қараңғыда қара қабан,
Сақауға сөйлейтұғын келді заман.
Еліміз қорасаннан көп қырылды,
Құдайға шүкір, әлі жүрмін аман!

Тоғжан.

Ай, Сақау, жақсы болып, жай білмейсің,
Бойыңа ине-жіптей бір ілмейсің!
Жағанда екі қолым- қияметте,
Қойныма бойдақ болып бір келмейсің!

Сақау.

Биыл қыс біздің жақта жаман болды,
Жылқы- отарда, қолдағы ат шабан болды.
Жақсы болсаң, қойныңа келмес пе едім,
Мұрның кейкі, сипатың жаман болды.

Тоғжан.

Не дейді мына кедей жандай ғана,
Қалмайды қыр соңымнан сонда ғана.
Бірінде екі сөздің кемітеді,
Көрейік, ап кел жарық, сол өзін қандай ғана!

Сақау.

Шықшытты, алқымым тоқ, орайлымын,
Болғанда қарным жуан, шойдалымын (шүйделімін).
Алып кел, алып келсең, жарығыңды,
Өзіңнен және қызыл шырайлымын.

Тоғжан.

Құлпы тон, көп киген соң, оңатұғын,
Адал ұл ата жолын қуатұғын.
Бетіме бар салығың- сол ма, кедей?
Өлеңім шырайымды жуатұғын!

Сақау.

Кәрі күң, кейкі тұмсық, сенен өлдім,
Елімнен саған бола көңіл бөлдім.
Сені мен жеңбесіме немене енді,
Құдайға ақ сарыбас айтып келдім!

Тоғжан.

Ай, тәңірім, айтқан сөзім жалған болмас,
Аузыма өтірікті Аллаң салмас.
Шаншардың арам сідік баласы едің,
Құдайға айтқан тоқтың қабыл болмас.

Сақау.

Шоң биден, шешен болдым, бата алған соң,
Қожадан ақ шалмалы хат алған соң.
Құрбыңа қай уақытта теңелесің?
«Кәрі күң- кейкі тұмсық», - атанған соң!

Тоғжан.

Базардан базар барсаң, елітерсің,
Биені құлыны өлген телітерсің.
Мен Тоғжан, сен Сақаудың заманында,
Бірінде екі сөздің кемітерсің!

Сақау.

Оқиды қожа кітап, пір болған соң,
Тең тартар, терезесі тең болған соң.
Кемітпей қайтуші едім кәрі күнім,
Өзімнен және шолақ кем болған соң.

Тоғжан.

Өлеңге сен де, керім, мен де керім,
Бұ сөзді не деп айттың, кемеңгерім?!
Сен оны ақылсыздан кемітесің,
Қан болып аузы-басың шыққан жерің!

Сақау.

Қыркады байлар қойын күземменен,
Қуарар көк жапырақ қазанменен.
Күлге аунап қай ұрғашы бала тапқан,
Өзімнің о да біткен тіземменен.

Тоғжан.

Қызылтау, Баянаула бел-ақ еді,
Орманшы өз алдына ел-ақ еді.
Нағашың Шаншар болып, шырақ, тудың,
Кеспелік, түрмелік [1] дем шұнақ еді.

Сақау.

Жылқысын әкең Самай айдаушы еді,
Шалғын деп, шаңдақ жерге байлаушы еді.
Қыл, құйысқан, құр айыл, жінтен шеттік,
Ыстық күні ышқырының битін алып,
бырт-бырт шайнаушы еді.

Тоғжан.

Қыдырдың әкем Самай тілін алған,
Шешең Мәуке Ақкөлге егін салған.
Егінін шегіртке мен торғай жайлап,
Кеспелік, түрмелігің жұртта қалған.

Сақау.

Рас, біз Ақкөл барып жайлаушы едік,
Татуға бейіш асын ойлаушы едік.
Бетіме бұ жалғанда жан пар келмей,
Торғаймен әуедегі ойнаушы едік.

Дәнеме көргем жоқ деп, ақсынасың,
Томпайған ішіндегі балаң қалай?!

Тоғжан титтей іркілген жоқ, былай соқты:

Саннан асып кетті ме-ай, Сақау, салтанатың,
Мыңнан асып кетті ме азаматың?!
Бетіме оның несін қылдың салық,
Қыз туса, таусылмайтын рабатың,
Ұл туса, атынды ұстар қолғанатың!

Сақау.

Жан бергенге жөн берген құдай тағала!
Құлына жаратылған өзі пана.
Бәнгіден [3] бітсе, оған той қылар ем,
Бір біткен Ордабайдан арам бала.

Тоғжан.

Не қыласың манақа-санаканы,
Түйенің жарға ойнайды балақаны.
Бөтен жатқа қимасаң, мен сенікі,
Кешке кел де, өзің сал қолалқаны.

Сақау.

Өктем-өктем сөйлейді малды кісі,
Балуандыққа түседі әлді кісі.
Кемдігіңді осыдан білмейсің бе,
Кісі астына жата ма жанды кісі?!

Тоғжан.

Жұлдыз жиі болмайды жыбырламай,
Жігіт мейірі қанбайды сыбырламай.
Бір кісіге бір кісі жан бере ме,
Өз пайдама жатамын қыбырламай [4].

Сақау.

Қойныңа, ау Тоғжан қыз, алғаның ба?
Үстіне ақ төсіңнің салғаның ба?
Сақауды осылай айтсам, мәз болар деп,
Бір жауап бере алмай-ақ қалғаның ба?

Тоғжан.

Ағаштың буланады жапырағы,
Жаманның шашылмайды топырағы.
Болсам да қызыл түлкі, босатпады,
Бошанның көтере гөр аруағы!

Сақау.

Иллаһи, әлхият, дем бере гөр!
Бейіштің ортасынан жол бере гөр!

Көп өлең мұнан бұрын кім айтыпты,
Иа, бабам, Қаракожа, көтере гөр!

Тоғжан.

Болғаны киямет кайым қашан еді,
Кенже ұлы Келдібектің Асан еді.
Жақсыны бұрынғы өткен ауызға алсақ,
Алаштан асып туған Бошан еді.

Сақау.

Кәрі күң, айта алмайсың сен белдікті,
Тартарсың маңдайыңа боз күндікті.
Бошанды күңнен туған сен салғанда,
Саламын Қуандық пен Сүйіндікті.

Тоғжан.

Атадан артық тудым туысымнан,
Ашулансам, Қарсұн, Керней қояйыншы таған.
Шықпайды уысымнан, болсам да күңнен туған.
Оң туғанмын, тең кеткен Алтай, Қарпық

қонысынан.

Сақау.

Не дейді мына кәрі күң, құдай ұрған?
Аумаған кім бар еді қонысынан?
Ақтауды Ортауменен қабат алып,
Кернейді Алшағырым қойдай қырған.

Тоғжан.

Әкесі әкеміздің- Жанкелді бай,
Салғанда қара өлеңге көңілім жай.
Бестауда қойы сыймай толықсиды,
Бір шеті Дегелеңде- Қойкелді бай.

Сақау.

Осы ма бар тапқаның күніменен?
Айтысып пар келмейсің меніменен!
Малы жоқ қойдан басқа қу басыңды,
Алармын Сапағымның төліменен.

Тоғжан.

Арқаға келер кенттің сарт ноғайы,
Қазақтың қарыс (қарыш) артық бақ талайы.
Қарыштап қанша жерге барар еді,
Әуездін ақ жарылқар алты байы.

Сақау.

Кәрі күң, олай десең, көңілім жай,
Беруім оған жауап тым-ақ оңай.

Мантен, Таутан, Малкелдім жатсын былай!
Он екі мың өзінде қара бойдақ,
Атаң Шаншарға болмай ма Азнабай?!

Тоғжан.

Ертістің арғы жағы құба тал-ды,
Келді де қу кедей құл тынышымды алды.
Азнабай Сапағын айтып салды,
Бошанның тамам байы кеңін қалды.

Сақау.

Адамзат не демейді көңілі жайда,
Қылыңыз тәубешілік мынадайда.
Демесең Алтынторы Ерейменде,
Жайайын қанатымды Өтебайға!

Тоғжан.

Төрт байды төрт өлеңмен тең қылалық,
Қуалап өткен сөзді не қылалық?!
Жақсыны бұрынғы өткен ауызға алып,
Аз ғана Тіленшіні сөз қылалық!

Сақау.

Торайғыр, Шорман билер ақтың жолын,
Біледі Шоң менен Жанақ кең мен молын.
Ол қайда тірісінде түзу еді,
Мақтайды дәсер қылып өлген құлын.

Тоғжан.

Бітімге Торайғыр мен Шоң келді ғой,
Қойшыбай етке айналып, соң келді ғой!
Жан әке, жатқаныңнан басың көтер,
Жаныма жан қысылар сөз келді ғой!

Сақау.

Ол қашан Шоңнан асып сөйлеуші еді,
Демесең: «Бес Бошанды билеуші еді!»
«Тұрмасын жатқанынан!»- дейді ғой жұрт,
Тентегін телісі мен сүйеуші еді.

Тоғжан.

Құдайым біздің елді көре қалған,
Жол салып ала қойды бөле қалған.
Бар болса, сөзге сынық болмаушы едім,
Байғара шешен туған- өле қалған!

Сақау.

Бұл Сақау Байгаранды көрген еді,
Сусылдап сөзін айтып жүрген еді.
Келгенде қызыл тілге Үкібайдан,
Шірік-ақ бок сасыған төмен еді!

Тоғжан.

Табылар сусын қайдан көл болмаса,
Аш-арық күн көре ме ел болмаса?!
Байгара, Тіленшіні- алған Құдай
Қоймады-ау Белгібайды тым болмаса!

Сақау.

Белгібай біздің елге барушы еді,
Сөзін айтып алқаға салушы еді.
Орманшы-Кейкіменен дауласқанда,
Оралып балдағына калушы еді.

Тоғжан.

Бұ сөзім барып жатсын бүйрегіне,
Түздегін шак келмейсің-үйдегіме!
Баласы бес Бошанның басын қосса,
Жетпейсің төрттің бірі ширегіме!

Сақау.

Қаракесек қап-қара күннен туған,
Қазыбегі би болып бетін жуған.
Төртуылдан төрт кісі атқа мінсе,
Сонда сенің басыңа зор күн туған.

Тоғжан.

Торайғыр біздің елде бойдақсиды,
Асқанша Қушоқыдан қунақшиды.
Асқан соң Қушоқыдан көзі алақтап,
Токтыдай баспақ болған бұлғақсиды.

Сақау.

«Қызыл тіл- өнер алды», - үйренген соң,
Несібе ырыс дәулет мол берген соң.
Айтасың, оның несін, кәрі күнім,
Азықсыз пейілің тар жіберген соң!

Тоғжан.

Торайғыр біздің елден жөнелді енді,
Есіл би азықсыздан енді өлді енді.
Тамам биі қостасуға тақалғанда,
Қарасу Шортандының [5] кез келді енді.

Сақау.

Төлебай арғы атасы дем берген соң,
Өзіне Мейрам сопы жол берген соң.
Құтылсын қалай қашып біздің билер,
Алдынан мерзімді су кез келген соң?!

Тоғжан.

- Жіберді азық бермей маған,- деді,
- Өлеміз аштан ойбай тамам!- деді.
Балықты жусап тұрған көре салып:
- Салар ек қармақ болса, бұған!- деді.

Сақау.

Төлебай арғы атасы- елдің басы,
Өзінің Мейрам сопы жан жолдасы.
Жегенді балық алып шамдайсың ба?
Шығарған пайғамбарлар бейіш асы.

Тоғжан.

Торайғыр тәубесінен жаңылмайды,
Қойшыбай қоға шайнап, аңырмайды.
Қасында жолдастарын қағып-сокса,
Бірінен істік (ыстық) ине табылмайды.

Сақау.

Бойында Торыкемнің міші бар ма,
Ойында Қойшыкемнің кірі бар ма?
Инені қайдан алсын біздің билер,
Сол жерде қала бар ма, үйі бар ма?!

Тоғжан.

Торайғыр ту басынан жаңылыпты,
Қойшыбай қоға шайнап аңырыпты.
Қосақтап сауған қойдай тінткен екен,
Бір құлдан істік (ыстық) ине табылыпты [6].

Сақау.

Қырланған жылдан-жылға заман-дағы,
Жақсы да өтіп жатыр, жаман-дағы.
Инені жапан түзде тауып алса,
Жаратқан құдай артық ағам-дағы!

Тоғжан айтты:

- Құдайдың бәріміз де- құлы,- дейді,
-Бошанның кегін алды-ау ұлы!- дейді.
Инені жапан түзде тауып алып:
- Саламыз қайтіп иіп мұны?-дейді.

Сақау.

Бір құлы бес тезекті терген шығар,
Инені отқа салып көмген шығар.
Кеңесін оның несін біздің билер,
Инені жасытып ап иген шығар!

Тоғжан.

Торайғыр сонда инесін иіп алды,
Қойшыбай шегірткесін жиып алды.
Қылды да жиптен- баулық, қылдан- тұзақ,
Қармақты: «Ал, балық!»- деп, суға салды.

Сақау.

Нәрсенің көз көрмеген бәрі жалған,
Баласы мұсылманның тілге нанған.
«Мынау менің өзімнің несібем!»-деп,
Төрт қарыс, сегіз елі шортан алған.

Тоғжан.

Қой, Сақау, өтірік айтып, өлмеймісің,
Алланың аманатын бермеймісің?
Ақ шабақ ерні үзіліп суда қалған,
Тіліме менің айтқан сенбеймісің!

Сақау.

Жанға қас, өтірік сөз- көңілге ток,
Тозақтан имансыз жан көреді шоқ.
Бір шабақ кетсе, суға кетті-дағы,
Жырылып желбезектен ажалы жоқ.

Тоғжан.

Ақ шабақ ерні үзіліп, суда қалған,
Қойшыбай: «Ұста, ұста!»- деп айғай салған.
Бастыра Торайғыр би ұстаймын деп,
Батпаққа оң аяғын тығып алған.

Сақау.

Кәрі күн, бұл айтқаның жалған шығар,
Біздің би дәрет ала барған шығар.
Ойпаң жерден іш дәрет аламын деп,
Аяғы көк майсадан тайған шығар.

Тоғжан.

Айтады Сақау өлең екіталай,
Жүреді сері бойдақ көшті жанай.
Қиулап Хиуадан өте шықты,
Алшеке-ау, мына сөздің мәнісі қалай?

Сақау.

Адамның бермесіне түңілмеймін,
Ешкімге көзім сүзіп, үңілмеймін!
Жүгінсен, бұ тазына өзің жүгін,
Мен емес даулы кісі, жүгінбеймін [7]!

Ұлбике мен Күдері айтысы

Ұлы жүз: Үйсін- Ошақты деген елден шыққан Ұлбике мен Күдері қожаның айтысқаны. Әуелі Күдері қожа бастап айтады.

Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,
Зинахор бір құдайды еске алмады.
Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында,
Тұсыма қыздар келді [1] қос алқалы.

Ұлбике.

Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,
Зинахор бір құдайды еске алмады.
Тұсына қыздар келсе қос алқалы
Ұстайды қожа қалай ақ шалмалы?!

Қожа.

Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,
Зинахор бір құдайды еске алмады.
Біреудің ақ некесін арам қылған
Зәндемге қыздар кетер қос алқалы!

Ұлбике.

Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,
Зинахор бір құдайды еске алмады.
Қазақтың шынжау (ақсақ)[2] тайын алдап алған,
Зәндемге қожа кетер ақ шалмалы!

Қожа.

Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,
Зинахор бір құдайды еске алмады.
О дүние бұ дүниеден жақсы дейді,
Баралық бәріміз де жан қалмалы.

Ұлбике.

Өлең-өлең деуменен отер еді [3],
Өлең, шіркін [4], көңілді көтереді.
Бұ дүниеден о дүние жақсы болса,
Адамға айтпай қожалар кетер еді.

Қожа.

Екі құзғын ұшқан жер - Еділ, Жайық,
Алашта ақын бар ма, айтшы, бізге лайық?!
Кішкентайдан бірге өскен, ай, Ұлбике,
Сенен өлең тілеймін қолым жайып [5]?!

Ұлбике.

Екі құзғын ұшқан жер - Еділ, Жайық,
Алашта ақын бар ма, айтшы, бізге лайық?!
Қожа да өлең тілейді қолын жайып,
Алдағанын қожаның не қылайық?!

Қожа.

Екі құзғын ұшқан жер - Еділ, Жайық,
Алашта ақын бар ма, айтшы, бізге лайық?!
Кішкентайдан бірге өскен ай, Ұлбике,
Әрі отырма, бері отыр, жақындайық [6]!

Ұлбике.

Қожа залым болар ма қара тұрып,
Қара залым болар ма пара тұрып.
Арамзасын қожаның жаңа білдім,
Біз байғұсты алдайды: «Бері отыр!»- деп [7].

Қожа.

Орамал төрт бұрышына [8] түйдім анар,
Қылмысы жақпаған құл тозақ барар.
Қожаменен бас қосып, ойнап-күлсең [9],
Тұла бойың шымырлап, мейірің қанар!

Ұлбике.

Төментінен жеті көшіп, өрге келдік,
Жеті әулие сырласқан жерге келдік.
Келмегірдің еліне қайдан келдік,
Қожасы діннен шыққан елге келдік!

Қожа.

Әжептәуір бала едің денем сүйген,
Қылмысы жақпаған құл тозақ күйген.
Пірлі, мұртты кісі едік, ай, Ұлбике [10],
Көрмес, білмес кісідей- тілің тиген!

Ұлбике.

Қожеке-ау, баз өлеңім осындай-ды,
Күні қап қызыл-жасыл тасындай-ды!
Түбің қожа болғанмен, тағатың аз,
Сабырсыз жан иманға қосылмайды [11].

Қожа.

Менімен жау болмассың, ел боларсың,
Бес-алты ауыз жел сөзбен тең боларсың.
Өршеленің қоймайсың, ай, Ұлбике,
Мал мен бастың бірінен кем боларсың [12]!

Ұлбике.

Сенімен жау емеспін, елдескенмін,
Бес-алты ауыз жел сөзбен белдескенмін!
«Мал мен бастың бірінен кем болад!»-деп,
Қожам, қай күн құдаймен тілдескенсің [13]?!

Қожа.

Атан түйе жарасар нар дегенге [14],
Айран-асыр қаламын жар (иар) дегенге.
Айтысқалы келін ем тойларыңа:
«Ошақтыда ақын қыз бар»,- дегенге.

Ұлбике.

Өзің көңіл бермесен, мен не етермін,
Әмір келсе Алладан, демде өтермін [15]!
Асықпай тұр, саспай тұр, тақсыр қожам,
Бар көңіліңді өлеңмен сап етермін!

Қожа.

Ұлбике, сіз дегенмен, біз дегенмен [16],
Не бөлар өлең , шіркін, кезнегенмен (кішірнегенмен),
Қайтсең, менің көңілімді сап етесің,
Мен де өзіндей сойқанды іздегенмін!

Ұлбике.

Көргенде ақ жүзімді көркем дейді [17],
Шешем сүйіп өзімді: «Еркем!»- дейді.
Бабаңыздан сұрап па ең, тақсыр қожам,
«Қыздың жолы қожадан үлкен!»- дейді.

Қожа.

Ұлбике-ау, тілің-шешен, жүзің-көркем,
Не дегенін білмедім, жаным, еркем.
Хазірет Ғалы, ақсүйек- менің бабам,
Қыздан гөрі бір табан жолым үлкен.

Ұлбике.

Ішінде сыбызғының күй қалады,
Жарасқан ақша отауға ши қалады.
Үлкендікке талассаң, жол былай-ды:
Біле бұрған төресін би қалады.

Қожа.

Өленді білмегендер айып етер [18],
Біле бұрған төренің жайы кетер.
Ақыретке барғанда, қояр шаншып,
Және бір іс артынан дайын етер.

Ұлбике.

Қожеке, шоқша қара сақалыңыз [19],
«Ләббай» - деген ежелден мақалыңыз.
Екеу, үшеу сіздерге көп болмайды,
Сүйіп алған бар ма еді тоқалыңыз?

Қожа.

Ұлбике, шашың алтын, бұрымыңыз,
Тал бойыңа жарасқан тұлымыңыз.
Қожа кісі қарадан қыз алмайды,
Өз теңінді дәл тауып ұрыныңыз.

Ұлбике.

Қожаке, өлең айтып, кітап аштың,
Тоқталуы бола ма қәрі-жастың?
Бұрын неге ұрынып отырушы ең,
Шап бергенде, тап бермей, қалай қаштың?

Қожа.

Аузың-шекер, лебің балдан тәтті,
Өлімнен құтыла ма жүйрік атты?
Қолыңда жайып тұрған кітабың жоқ,
Оқымай, қалай білдің шарифатты?

Ұлбике.

Сынақ оқу «әліф» пен «әбжадты»,
Мұрным «әліф» болғанда, қасым «мәт»-ті.
Көкірегім-кітап сөзі, тілім-Құран,
Мен сенен үйренбеймін шарифатты.

1178- папкадағы Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Күдері қожа әкесі Еркөшек қожаға айтқан екен: «Осы қызды тоқтататұғын бір сөз тауып бер!»-деп. Сонда әкесі: «Жиырма тоғыз әріпті бір-ақ ауыз өлеңге сыйғызып айт, екі әріпті (харибты) қалдыр, соның қалғанын білсе, айтыспай-ақ қоя қой! Оның өкпесіне жазған,»- депті. Сонда қожа өлеңмен айтыпты:«Шын» мен «жымды» қалдырып. Қыздың берген жауабы:

Қожеке, өлең айттың, кітап аштың,
Жау қуды ма, асығып, неге састың?
«Шын» мен «жым»-ды қалдырып, қара басып,
Құранды аяғыңа қалай бастың?!

Қыз қожадан сауал сұрайды:

Жаратқанның бар ма екен көрген нұрын?
Нұрды көрген бейіштен алады орын!
Қожеке-ау, сенен мен бір сөз сұраймын:
«Не жаратқан болады ілкі бұрын?»

Қожа.

«Бар-дейді, Жаратқанның көрген нұрын»,
Нұрды көрген бейіштен алады орын.
Ұлбике, сен сұрасаң, мен айтайын,
Кәф пен Нонды жаратты ілкі бұрын.

Ұлбике.

Жаратқанның бар ма екен көрген нұрын,
Нұрды көрген бейіштен алады орын.
Қожеке, сен ол сөзді білмей айттың,
Жаратқаны бар дейді онан бұрын!

Қожа.

Әуелде Мұхаммедтің нұрын қылған,
Он сегіз мың ғаламнан бұрын қылған.
Он сегіз мың ғаламның тұтқасы қып [20],
Сегіз бейіш ішінде орын қылған.

Ұлбике.

Әуелде жаратқанда, жан жаратқан,
Дарияның түбінде мың жыл жатқан.
Дарияның түбінен шығарған соң,
Нұрдан алып әуелі не жаратқан?!

Қожа.

Әуелде жаратқанда, жан жаратқан,
Дарияның түбінде мың жыл жатқан.
Дарияның түбінен шығарған соң,
Нұрдан алып Ай менен Күн жаратқан.

Ұлбике.

Айтамын, айт дегеннен, әуел Айдан [21],
Бір құдай орын берген бейіш жайдан.
Соны тапсаң, бір тыныс алдың, қожам,
Жаратты пайғамбардың нұрын қайдан?

Қожа.

Ризай Алла, жан Алла пида болған,
Пайғамбар қазынасы нұрға толған.
Ғабдолла Бұттарашқа нұрын төгіп,
Нұрынан бір құдайдың пайда болған.

Ұлбике.

Қожалардың ішінде сен бір дүрсін [22],
Қожам, тоқсан түрлендің мені көрсең.
Оны тапсаң, бір тыныс алдың, қожам,
Хазірет Ғалы атасын тауып берсең!

Қожа.

Әптиектің ішінде бар-ды әліф,
Жетік молда оқиды хатқа салып.
Ғабдолла Бұттарашпен бір туысқан,
Ғалы атасын сұрасаң- Әбутәлін [23].

Ұлбике.

Сабак басын сұрасаң: «Нон-ды», - дейді,
- Жаман сөз жақсы адамға мін-ді, - дейді.
- Пайғамбар ат сұрамақ- сүндеті екен,
Әкең атын сұраймын: «кім-ді?» - дейді.

Қожа.

Арқауылдың құба жон жортар бөрі,
Бір жарымның жоғынан көңілім кері.
Мені қайтсең жеңесің, ай, Ұлбике,
Әкем аты- Еркөшек, мен- Күдері.

Ұлбике.

Шайтан қашар бойыңнан, «Алла!» - десен [24],
Зәндем зымырап кетерсің арам жесең!
Мені қайтсең, жеңесің, ай, Қожеке,
Әкем аты-Жанкелді, Жаңыл-шешем [25].

Қожа кішкене тойпалаңдайын деді, қыз сөйледі:

Он түйме өңірімде қатар-қатар,
Соның бәрін шешем деп басың қатар [26].
Сыймаған тіл аузыңа ақын болсаң,
Дария мынау жатқан қашан қатар?

Қожа.

Ақ тайлаққа жүк арттым қатар-қатар,
Шудасы, шөгіп жатса, шаңға батар.
Қауыста қараша мен қаймақшиды,
Желді тоқсан айында дария қатар.

Онда Ұлбике былай сойлеп жауап қайырды:

Бұл қайдағы қожа еді есі кеткен,
Есі кеткен емес пе, Ертіс өткен!
Есі кеткен болмасаң, есер қожам,
Желді тоқсан айларың қашан өткен?!

Қожа.

Ақ тайлакқа жүк арттым қатар-қатар,
Шудасы, шөгіп жатса, шаңға батар.
Сендей мен ай есептеп жүргенім жоқ,
Қай күні суық болса, дария қатар [27].

Ұлбике.

Естімісің, ай, кожам, есермісің,
Айтқан сөзге бөгелмей түсермісің?!
Келген екен Меккеден қыналы құс,
Ақын болсаң, байлауын шешермісің?

Қожа.

Әулиемнің қонғаны- Ебелек-ті,
Көк шыпшықтың (шымшықтың) қорегі көбе[ле]к-ті.
Тұмсығы ұзын, аяғы қызыл болса,
Қыналы құс дегенің Легелек-ті.

Қыз сөзі.

Ақын жігіт белбеуін шеше келер,
Қызуланып, той десе, есе келер.
Тіл аузыңа сыймаған ақын болсаң,
Бір жылда үтір, уәжіп неше келер?

Қожа.

Асқабақты қауын деп жеген қазақ,
Мені, сірә, қылмасын әзіл-мазақ.
Он екі айда келеді мың бір үтір,
Мұның несін сұрайсың, надан қазақ?

Ұлбике.

Қожеке-ау, ояу қалай, ұйқы қалай,
Болғанда жауғершілік жылқы қалай?
Ақыретке барғанда, тақсыр қожам,
Жалғандағы ойын мен күлкі қалай?

Қожа.

Жанның қамын ойламас ақымақ, есер,
Үйде отырып ойымен өлшеп, пішер.
Бұ дүниеде көп ойнап, көп күлгендер,
Жылай-ендірей тозақта күні кешер.

Ұлбике.

Қожеке-ау, мысық қалай, тышқан қалай,
Дос қалай, бұ жалғанда дұшпан қалай?
Мал бермей, інге қимай, алып жатып,
Біреудің жас баласын құшқан қалай?

Қожа.

Күнәкарды тозаққа асып қояр,
Жанған отқа бетінен басып қояр.
Құшатұғын қарларын кесіп тастап,
Күлетұғын ернінен тесіп қояр.

Ұлбике.

Қожеке-ау, мен де білдім бұл ісінді,
Жұмақ пенен пейіштен үлесінді.
Күлетұғын ерніңнен тесіп қойса,
Енді, кожам, қойып жүр күлісінді.

Қожа.

Ұлбике: «Әумин!»-де, білдім бұл ісінді,
Жұмақ пенен бейіштен үлесінді.
Бабамыз хазірет Ғалы оқ атыпты,
Қоймаймын қыз дұшпанға күлісімді [28].

Ұлбике.

Қарағай, садақ, қырық кез оқ бар белінде,
Сендей ақын жоқ па екен өз елімде?!
Екі сексен, бір тоқсан жұмбағым бар,
Жүйрік болсаң, соны тап капелімде.

Қожа.

Қарағай, садақ, қырық кез оқ бар белімде,
Ақын қайда дәл мендей өз елінде?
Екі сексен, бір тоқсан жұмбағыңыз,
Есептесем, екі жүз елу күн де.

Ұлбике.

Қарағай, садақ, қырық кез оқ бар белімде,
Сендей ақын болмады-ау өз елімде.
Сегіз ойын, сексен бес жұмбағым бар,
Жүйрік болсаң, тап соны капелімде?

Қожа.

Ұлбике-ау, кімге айтасың бұл кебінді,
Қайдан тауып отырсың өз теңінді.
Сегіз ойын, Ұлбике, тал бойыңда,
Сексен бесі томпайған емшегінде [29].

Ұлбике.

Қожа пұлын жіберер достарына (дастарына),
Кисе достар, жарасқан, бастарына.
Ат алған, айғыр алған, тақсыр кожам,
Махшар күн[і] тартар ма екен қастарына?!

Қожа.

Қожа пұлын жіберер достарына,
Кисе достар жарасқан бастарына.
Көзінді тоқсан екі төңкересің,
Сені қалай тартайын қастарыма?!

Ұлбике.

Қожа пұлын жіберер достарына,
Кисе достар, жарасқан бастарына.
Махшар күні мұрттарын тарта алмастай,
Мәкіруә тамған бола ма астарына?

Қожа.

Қожа пұлын жіберер достарына,
Кисе достар жарасқан бастарына.
Достар салған қожаға тіл тигізіп,
Кесір болып жүрмесін бастарыңа [30].

Мәшһүр-Жүсіптің мына ескертуі [1178-папкада ғана орын алған, 257(151)бет]: «Екеуі қанша айтысқанымен, жеңіп, жеңісе алмайды. Талай тойда айтысқан, жеңіп, жеңісе алмаған. Бір айтысқанда, қожаның айтатыны бар:»

Келемін Сырдың бойын жайлап қана,
Көп жылқы көк алалы айдап қана.
Байың атын сұрасаң, Бойтан сері,
Үш күн сені ұрыпты байлап қана.

Ұлбике.

Құранда: «Құл ағузы» беріп лаплақ,
Өтірікті айт дейді бір зәнталақ.
Ұрған түгіл, маңыма жуыған жоқ,
Айтты екен өтірікті қандай қазақ?

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі:

«Бір қыстығүні қожа бір жақтан келе жатса, Ұлбике Жәңке серімен малға қорек аршып тұр екен. Қожаны көрсімен: «Мынау бір нәрсе дейді ғой. Онан да өзінен бұрын қылып тұрған жұмысымды мойныма ала сөйлеп қалайын!»- деп, Ұлбике сөйледі (1178-папка, 257 б.)

Ұлбике.

Қожеке, көрін пе едің мұндай қарды,
Астында- қар, үстінде мұзы барды.
Замананың мән-жайы бұлайша боп,
Ақын Ұлжан қолына күрек алды.

Сонда Қожа айтты:

Шырағым, көрген жоқ па ең мұндай қарды,
Астында-қар, үстінде мұзы бар-ды?!

Күні келсе, байына кетіп қалар
Алдап-сулап күшін ал мұнда қарды.

Мәшһүр-Жүсіп түсініктемесі:

«Күдері қожа Сарыарқаға кетіп, үш жыл жүріп қайтқанда, Ұлбикемен тағы айтысады. Сағынысып, құмарланғандай болып, Ұлы жүздің ұраны: «Бақтияр» болады, кіші жүз ұраны- «Алдиар».

Қожа.

Ұлбике, «Бақтияр» ма тегі затың?
Жайылған алты алашқа «Ұлбике» атың.
Аузыңнан шыққан сөзің- шекер мен бал,
Қадірден қайдан жүрсің, перизатым?

Ұлбике.

Сайраса бауға қонған бұлбұлым-ай,
Барады қапалықпен бұл күнім-ай!
Ағарып атқан таңдай қайдан келдің,
Қыраны қаршығаның, тұйғыным-ай?!

Қожа.

Ұлбике, қыздан шыққан лашынысың?
Бұл жерде сенен сөзді кім асырсын?!
Көтере айт көп ішінде өлеңінді,
Кірбіңі көкіректің бір ашылсын!

Ұлбике.

Барады іштегі ыстық сыртқа теуіп,
Бассайшы лебізімді суды сеуіп.
Тұлпары арғымақтың, қайдан келдің,
Отыр ем қапа болып, шпім күйіп.

Қожа.

Белгісі құшақ жайған- сағынғанның,
Өсекке, сөзі жалған, таңылғанның.
Сүйкенер көңілі сүйген сүйгеніне,
Осындай келер сөзі қадірданнның.

Ұлбике.

Аралар тоғай барған балтаны алып,
Не кетпес, балта тисе, жарқаланып?
Анау жыл мен көргенде, жас бала едің,
Келдің бе аман-есен Арқа барып?

Қожа.

Қайтады қалашылар құман алып,
Ташкентке қатынайды жылда барып.
Ұлбике, еш ойымнан қалған жоқсың,
Сенімен жарым көңілім мұнда қалып.

Ұлбике.

Мақтайсың Ұлбикенің жүзіп көріп,
Сарғайдым жүрген жолың ұзын болып.
Тақсыр-ай, Ұлбикені ұмыттың ғой,
Арқаның ақ мамықтай қызын көріп.

Қожа.

Не қылып сені көрсем, іздемейін (іздемейін),
Онда да қыз жоқ екен өзіңдейін.
Табылар беті тегіс сарт-сауаннан,
Балқытар сөзі қайда сөзіңдейін?!

Ұлбике.

Арқаға, тез келмедің, барсаңыз да,
Көңіліңе, сағынбадың, алсаңыз да.
Сылқымдық Сарарқада үш жыл құрдың,
Қожеке, қолың жетті қанша қызға?

Қожа.

Сылқымдық Сарарқада қылып жүрдім,
Сыртыма шығара алмай, тынып жүрдім.
Әзіліме жазбасам, аман жүрдім,
Қатты сынса, бірінің белін ұрдым.

Ұлбике.

Сылқымдық Сарарқада қылып жүрдің,
Сыртыңа шығара алмай, тынып жүрдің.
«Қалып айтпас халық айтқанды»- деген сөз бар,
Басынды неге өсекке іліндірдің?

Қожа.

Сылқымдық Сарарқада қылып жүрдім,
Сыртыма шығара алмай, тынып жүрдім.
Қалмасам ұйқысырап құр (құры) жүрдім,
Қаттысын сабырымның біліндірдім.

Ұлбике.

Әулиеси бермеші, тақсырым-ай,
Тұлпар басы тоқтамас тасқа ұрынбай.
Әдетің (ғадетің) алаңдаған қайда қалды,
Қой жеген Әлімтаудың қасқырындай?

Қожа.

Ұлбике, сен сенбейсің, тақсырыңа-ай,
Жалған сөзді отырсың жапсырып-ай!
Ауылың ұстап апты бұ Жангелді,
Әңгімең сенің де жүр асқынып-ай!

Ұлбике.

Қожеке-ау, жеңе алмайсың ондай жолдан,
Қожалық, жалған сөйлеп, берме колдан.
Жаны шықсын Жангелдің, мақтаныпты,
Жерім жоқ: «Келсін!»- деген, бәрі жалған.

Қожа.

Ұлбике, ұрдырарсың, сақтанып жүр,
Жангелің қаршығадай баптанып жүр.
«Көкөзекте қойнына бір бардым!»- деп,
Көбіне бозбаланың мақтанып жүр.

Ұлбике.

Қожеке, сенің атың Күдері еді-ай,
Көңілің өсек сөзге көп ереді-ай!
Ұлбикені алмайды кім аузына,
«Жақсыға-сөз, жаманға шөп ереді-ай!»

Қожа.

Белгісі жүйрік аттың желбезекте,
Айтысар, Арқа кеттім, бір кезекте.
«Төсіңе көйлегінді көтердім!»-деп,
Жангел жүр: «Бардым мен,-деп,-Көкөзекте!»

Ұлбике.

Қыз халқына мақтанып жігіт өтер,
Жайсыз жігіт әр жерде сейіл етер.
Жігіт халқы ит мінез болады екен,
Ит екен ішпес астан үміт етер [31]!

Қожа.

Ұлбике, жалтаңдайсың жалған жарға,
Не дейсін ақыретте алған жарға?
Жете алмай жүрген қолы бізді айтпасаң,
Жангелде қолы жеткен арман бар ма?!

Ұлбике.

Қожеке-ау, жолым тура алған жарға,
Жерім жоқ жалтаңдаған жалған жарға.
Өтірік сөз көп айтып, көтеріп лас (лап),
Қожа халқы есектей қалжаңдар ма?

Қожа.

Ұлбике, жалтаңдайсың жалған жарға,
Не дейсін ақыретте алған жарға?
Ауылың ұстап апты бұ Жангелді,
Тағы мұнан таңғандай жанжал бар ма?

Ұлбике.

Ауылдан жүруші еді қымыз ішіп,
Тәйірі алды Көкөзекте қолға түсіп.
Қайтып қымыз ішпестей болып өзі,
Кедейің ырысына кеткен тышып.

Қожа.

Қыз шақырмай, бозбала, барады ма,
Ұстаған соң көңіліне қарады ма?
Жазым жерде Жангелді ұстап апты,
Ауылың қайтті, Жангелді сабады ма?

Ұлбике.

Атпен қуды, жаяуға жеткізген жоқ,
Ат мінген соң, Көкөзектен өткізген жоқ.
Қапаш-құпаш қылмаса бозбалалар,
Қариялар маңдайына шерткізген жоқ.

Қожа.

Жангелге қызыл тілден кеткен дарып,
Қазақтай жүрмесе де малға жарып.
Болды ма бұрынғыдай өлеңдерің,
Тағы да айналақтап қайта барып?

Ұлбике.

Жангелді екіншіде қара басты-ай,
Шаңыма кейін қалды-ау араласпай!
Ақынсынып ыржындап келсе-дағы,
Әр жерден бір жығылды өре баспай.

Қожа.

Қара інгенің қарайды ботасына,
Қожаңның таң қаларсың жотасына.
Абайлап бас, Ұлбике, аяғыңды,
Қожаңның жығыларсың сотасына.

Ұлбике.

Кей жігіт сөйлер сөзге шешен келер,
Ұялмай штан бауын шеше келер.
Біздерге ол сотаның керегі жоқ,
Апарып, керек болса, шешеңе бер!

Қожа.

Жігіттің шын Меккесі ата-ана дүр,
Жел сөзден жеңілмеген- мәртебе дүр.
Ұлбике, аяп бізден қазына қылсаң,
Сен де онда алып бар да, атаңа бер!

1178- папкадағы айтыс соңындағы Мәшһүр-Жүсіп түсіндірмесі:
«Бірін-бірі жеңіп, жеңісе алмай, тағы екеуі осымен тарқады. Өлеңін бізге жеткізе алмады, қара сөзбен бір кәрі құлақты сөйледі. Күдері қожа осы Арқадан қайтқан сапарында су таба алмай шөлдеп өлерлік болғанында, Ұлбике түсіне кіріп, аян берін, су тауып берген жері болған екен. Қожа төмен етектегі әйелсің деп кеміте берген де, Бетпақтың даласында көзіңе көрінгендей-ақ болып едім. Ұмытпастай-ақ қылық еді. Сонда Қожаның есіне түсіп: «Рас, рас!»- деп, мойнына алған екен.»

1177- папкадағы айтыс мәтні аяғында берілген Мәшһүр-Жүсіп түсіндірмесі: «Құдай рахмат қылсын екеуіне де! Сөздері бірінен-бірі асып жығылады. «Сота» деген- диуанының таяғы: іші қуыс болады, өзі ұзын болады. Күміс теңге, қара пұл,- садақаларды ішіне тастай береді.

Бір қыстыгүні қожа бір жақтан келе жатса, Ұлбике жеңгесі мен екеуі қар күреп, малға қорек ашып жатыр екен. Қожаны көре сала: «Мына пәле бірдеме дейді ғой, өзінен бұрын сөйлеп қалайын!»-деп, Ұлбике айтты:

Қожеке-ау, көріп пе едің мұндай қарды?

Астында қар, үстінде мұзы бар-ды.

Замананың мән-жайы мұндай болып,

Ақын Ұлжан қолына күрек алды.

Онда қожа былай соқты:

Шырағым, көрген жоқ па ең мұндай қарды,

Астында-қар, үстінде мұзы барды?

Күні келсе, байына кетіп қалар,

Алдап-сулап күшін ал мұндай қарды.

Ұлбике мен Жангел айтысы

Жангел- Қарақалпақтан шыққан ақын, қарақасқа кедей, ел көшкенде мінер аты жоқ. Әкесі -Дуа өзі де жаяу-жалпы жүреді екен. Бір күн[і] Жангелдің ауылы көшіп келе жатса, Көкөзек деген жерден Ұлбикенің де ауылы көшіп, түйеге жүк қондап артып жатыр екен.

Жангел жаяу көшінен бұрылып: «Ұлбикемен айтысып кетейін!»-деп, жүк артып жатқанда, өлеңді қоя берді. Көш[пеген] ел де, көшіп жатқан ел де екеуінің қасына иіріліп тұра қалды.

Сайқамыс, сай-сайқамыс сайда болар,

Көп жылқы көк алалы байда болар.

Жүк артқан ауыл көшіп, қыз бен қатын,

Кешуі Көкөзектің қайда болар?!

Ұлбике.

Жангел кедей келеді қардай борап,
Жаяу келер әкесі алдын орап.
Жылқың өтпей бара ма, жазған кедей,
Кешуін Көкөзектің менен сұрап?

Жангел.

Пышаққа қын табылса, сап табылар,
Әкем көшке мінгендей ат табылар.
Шыпжалақтай бермеші, құрғыр, Ұлжан,
Сендей байтал айғырға көп шабылар.

Ұлбике.

А, Жангел, күйгеніңнен байтал дедің,
Жақсы болсаң, «байтал»-деп, айтар ма едің?
Әкең көшке мінгендей ат табылса,
Жайлауға жаяу барып қайтар ма едің?

Жангел.

Ау, Ұлжан, күйгеніңнен, «кедей»- дейсің,
Жақсы ма: «кедей»- деген, неге өйдейсің?
«Кедей, кедей»- дейсің де, еш қоймасың,
«Тар жер, тайғақ кешуде» көбеймейсің!

Ұлбике.

Кедейді «кедей» демей, «бай» дей ме екен?
Үйінен бай кедейдің май жей ме екен?
Кедейлікке шамданып, шамырқанып,
Бәрі де кедейлердің сендей ме екен?

Жангел.

А, Ұлжан, кедейлігім жасырдым ба,
Мен саған: «Кедеймін!»- деп, бас ұрдым ба?
Кісіге қарап тұрған соқтығасың,
Үстіңе бұқа болып асылдым ба?

Ұлбике.

Кедейлігің неге айтпайсың, жасырмасаң,
Алдыма неге келдің, бас ұрмасаң?
Қыз түгіл, сен шіркінге қатын қайда,
Сиырға бұқа болып артылмасаң?!

Қыз жеңіп кетті де, Жангел жеңіліп қалып жүре берді.

Тағы жұрт жұтап қалған жыл[ы] жаз жайлауға көшіп бара жатып, Ұлбикенің ауылының көшіне қарақалпақ Жангелдің елінің көші айқасқанда, қыз жеңгесіне:

- Түйенің басын бұра, анау келе жатқан Жангелге жанастыра жүр!
Екі бұзаулы сиырына арба салып, жаяу айдап келе жатыр. «Биыл жұттан

нең өлді, нең қалды?»- дейін. Дәу де болса, арба салған сиыр да өзінікі емес қой.

Ұлбике.

Қорқыт пен су аяғы теңіз қалды,
Байлардың арығы өлді, семіз қалды.
Биыл қыс талай жанды Ұлытты ғой,
Жангелжан, неңіз өлді, неңіз қалды?

Жангелдің екі төбеті бар екен: бірінің аты-Басар, бірінің аты-Байтөбет екен. Жангел:

Өлді де Байтөбетім, Басар қалды,
Байлар көшіп құтылды, нашар қалды.
Бар еді төрт сиырым, түгел өлді,
Жалғыз-ақ қызылала қашар қалды.

Жангелді Ұлбике бастырмалатып жеңе береді екен. Ұлбикенің өзін «жүн жеп, жабағы тышқан» бір байдың баласы көп мал беріп қатындыққа алған екен. Байының аты- Бойтан сері екен, тойға барып, қожамен өлең айтысқанын қызғанып жүреді екен.

- Тойға барушы болма, өлең айтушы болма! Егер ендігәрі тойға барып, өлең айтыссаң, көзіңді жоғалтамын, қарашығыңды батырамын!- деп сөйлепті. Жаман шірік иті үйде жоқ болған қарсаңда бір той болып, ауыл-аймағы, қайны, қайнағалары еркіне қоя ма: «Сені біз ұрдырмаймыз, сабатпаймыз!»- деп, тойға алып барып, өлең айтқызып, той тарқаған соң, келіншек қатын аяқсыз асығып үйіне қайтып, сылаң етіп үйіне кіріп келсе, иесіз үйге байы бұрын келіп: «Сені ме?!»- деп, кіжінін отырған үстіне оқтай ұшырап, қойдың бір қатқан санымен қақ басқа періп қалғанда, мұрттай ұшып, қатын тілге келмей, басы екі айрылып, оліпті де қалыпты. Жұрт жиылып қалды, төркіні де аралас-құралас екен. Құн даулапты. Сонда Ботан серінің елі төркініне таңдау беріпті:

- Пайғамбар шарифатына түсесің бе, бидің билігіне жүгінесің бе?- деп.

- Пайғамбар шарифатына салдық!- деген соң, Күдері қожаның шарифатына беріпті.

Күдері қожаның берген төресі:

- Өлер Ұлбике өлді: аяр да ас жоқ, тояр да ас жоқ. Енді мұны сойып, өкпесін алып көріңдер,- депті,- Өкпесінде жазу жоқ болса, әйел адамның тойға барып өлең айтуы дұрыс емес. Өзіне сот, бұған құн бұйырмайды. Егер де өкпесінде жазу болса, онда ғұзыр айтпаса, ішін жарып кетеді. Үш кісінің құнын берсін: сүйек құны, қара құн, өнер құны.

Ұлбикені сойып, өкпесін алып көрсе, өкпесі жыбырлап тұрған жазу екен. Өкпесіне жазып қойғанның дәл өзі екен. Көрген жұрт ботадай боздап, қойдай маңырап, сиырша өкіріп, жыласты дейді. Көзінен

көрген жұрт күйгендіктен, Ұлбикені өлтірген байы Бойтан серіні бас жетімі үшін құнына беріпті. Сүйек құны үшін елу жылқы, алты «жақсы» беріпті. Өнер құны үшін және елу жылқы, алты «жақсы» беріпті. Қара құны үшін «Тоқал құн»- деп, тоғыз жақсы беріпті.

Күдері кожа айтыпты:

- Бұл әулие еді: екеуміз бір айтысқанда, мен:

- «Бір айда етеккірің үш келетұғын әйелсің ғой!»- дегенде,

- Бетпақтың шөлінде жаныңды алып қалған мен едім. Сонда да танымағаның!- деп еді.

Бетпақ шөлінде адасып жүрін, тілім аузыма сыймай, өлер шаққа жеткенде, Ұлбике болып, бір аяқ сусын бергенде, көзім шырадай жанып, өмірімде шөлдеместей болып едім!- депті. «Жақсы» дегеннің басы-«жетім», онан соң қалы кілем, қара нар, мылтық,- сондаймен «тоғыз» болады екен. Құдай рахмат қылсын Ұлбикеге, Күдері кожаға, Жангел ақынға! Үшеуі де- әулие. Осы күнде кейінгі жұрт үшеуіне де мал түнетіп, ауру, сырқау түнейді.

Баяғыда бала күнде Ташкент барғанда, үйреніп жаттап қайтқан сөз еді. 1915-жылында 22- ноябрьде қағаз жүзіне нұсқа болып, қоян жылы Мәшһүрдің өзі 57 жаста еді.

Шөже мен Балта айтысы

Мәшһүр-Жүсіптің бірінші түсіндірмесі:

«Ақын Қаржаубайбаласы, түбі, тегі- Қырғыз, Арғын ішіндегі Қуандық ортасында Қараөткелдің күнбатысында Қаракесектің бір асында Қаракесектің атақты ақыны болған Балта ақынмен айтысқаны. Бұл Шөже ақын әуелі Алшынбай биге өлең айта барады. Сол аста Тобықты: Құнанбай да бар екен, Қарқаралы дуанына аға сұлтан, дуанбасы күні.

Сонда Шөженің өлең бастағаны (1178-папка, 267(156 б.))»

Мәшһүр-Жүсіптің екінші түсіндірмесі:

«Ақын Шөже өзі соқыр, түбі, тегі-Қырғыз, Қуандық ішінде өсіп-өнген. Быжынаған құрттай қалың Қаракесектің бір ұлы жиын айтысында Қаракесек ақыны Балта ақынмен айтысқаны. Бұл асқа соқыр Шөжені Тәттімбет ертіп келген екен: «Алшынбай мен Жолшараға өлең айт: дәнеме бермесе, тіліңді тартпай, жамандап, орнынан тұрғысыз қыл. Сабаса, өліп қалмассың! Өлең айтқанда, алатұғыныңды мен жалғыз өзім беріп қайырайын. Балта ақынды шақыртып алдырар, сені сонымен айтыстырар. Оның айып, қиюын саған ұғындырайын. Ол өзі Шақабай-Жарылғаптың Жарылғабынан шыққан. Өзі ұрлық қылып, Өтебай, Наушабайдың малын ұрлағандықтан, қашып жүріп күнелткен. Құсбек

пен Жамантай дуанбасылыққа таласып, екі дуан болғанда, екі төре тілмаштардың қойнына қыз салған. Және Алшынбайдың өзі: «Құсбекті дуанбасы сайлаймын!»- деп, параға төрт ат алып, сайламай, өтірік айтып кеткен жері болған!»- деп, бұл аста Тобықты: Құнанбай да бар екен. Қарқаралыға аға сұлтан, дуанбасы күні екен.» (1177-папка, 125-бет)

Шөже.

Жылқышының қарайған қосы болды,
Иманды құл Алланың досы болды.
Ел қыдырған кешегі есер шақта,
Ат шаптырған Шаншардың асы болды.

Сол асқа Тәттімбетпен бірге келдім,
Таңертең Алшынбайға сәлем бердім.
- «Қаз дауысты Қазыбек ұрпағы»,- деп,
- Алдына өлең айта келдім!- дедім.

Ақ серкесі Бошанның- Алшынбайым,
Екі шекті қу тақтай қамшылаймын.
Өңшең доңыз есіктен кіргізбейді,
Соқыр байғұс далада қалшылдаймын.

- Мынау қалай айуан дүр?!- деп айтты,
- Белдеу ұстап, жағалай жүр?!- деп айтты.
- Есік алған бозбала,- қақпа бетін,
Сәлем бер де, соқырым, кір!-деп айтты.

-Белдеу ұстап жағалай жүрдім,- деймін,
- Сенің төре екенің білдім,- деймін.
- Ел- тары да, мен -тауық несіп терген,
Сәлем бере алдына келдім!-деймін.

Елу жылқым бар еді «Қоян» алды,
Қырық сиырым мәліктен өліп қалды.
Майқы, Бошан көл дария теңіздей ел,
Қаздай қалқып, бұл Шөже келіп қалды.

Екі балам шешектен өліп қалып,
Шамшырағым сөнген соң, тұрған жанып.
Дүние жүзін көрмеген мұңды соқыр
Әрең жеттім алдына өліп-талып.

Бозбалаға жарасқан ал қарагер,
Екі жақсы бас қосса, жиылған жер.

«Уәде- Құдай аты»,- деген сөз бар,
Алшеке, көп қақсатпай, атымды бер!

Сонда Жолшара:

- Соқырға берген қайыр тимейді бұған, беру жарамайды!-депті.

Шөже сөзі жалғасы:

Өзің қазы- Жолшара, әкең-Анай,
Қазылықпен параны жедің талай.
«Өлең айтқан-күнә»- деп, кемітесің,
Ат пен түйе парадан алған қалай?

Өзің қазы- Жолшара, әкең-Анай,
Қазылықпен параны жедің талай.
Сегіз жұмақ алдыңда, жеті тамұқ,
Қайсысына кірерің екіталай.

Аят, хадис дейтұғын шар кітапта,
Мұндай сөзді айтады әр кітапта.
«Соқыр келсе, садака бермесін»,-деп,
Айтқан екен, кәнеки, қай кітапта?

Көзімді алды құдайым көрмесін деп,
Жын-шайтанның соңынан ермесін деп.
Кәріп пенен қасерге қайыр-зекет
Қай кітапта айтып тұр бермесін деп?!

Тәттімбетке айтып ем, бір ат берді,
Жал-құйрығы бүп-бүгін құр ат берді.
«Бұл соқырға бергенім жарай ма?»- деп,
Қожасы мен молдадан сұрап берді.

Алшекемнен туған ұл мырза Жүсіп,
Шөже келді алдына құстай ұшып.
Асаубайдың баласы Әбен болыс,
Қара шұға шекпенін берді шешіп.

Шөгіп жатқан Алшекем нар сықылды,
Жүсіп жанның ақылы бар сықылды.
Тоқсанбайдың баласы өңшең шобыр,
Жаңбыр жауып құлаған жар сықылды.

Қанша қақсаса, дәнеме өнбейтұғындығын білген соң, бұлай
соқты:

Осы үйде бас қосыпты таз бен соқыр,
Кітапты сопы алдияр молдаң оқыр.
Алшеке, сіздер-дария, біз бір- қарға,
Дарияның қарға келіп шетін шоқыр.

Түрегелін Алшынбай төрге барды,
Жез бауыр дақ қамшыны қолына алды:
- Мына соқыр айуан не дейді?-деп,
Қамшыменен қақ басқа салып қалды.

- Япырмау, бұл немене тарсылдаған,
Қаншық емес, төбет қой арсылдаған.
Тепкілей бер, сабай бер, өлтірмесің,
Ашуынды баса гөр қалшылдаған!

Тудырайын басыңа заман ақыр,
Елде ақының бар болса, бермен шақыр.
Жерошаққа жығылып, басың күйген,
Құдайдан көр бұл істі, төбел тақыр.

Әптиектің ішінде бар-ды «Иасин»,
Қанын ұртта, соқырдың жарсаң басын.
Жуан аяқ құрт үшін басың күйген,
Құдайдан көр бұл істі, ала басым!

Ақ серкесі Бошанның- Алшынбай таз,
Жаз шілдеде (шілгерде) ұшады ит ала қаз.
Екі сөздің бірінде «соқыр» дейсің,
Кепиетің бар болса, басыңды жаз.

Алшынбай тарсылдатып, тулақ сабағандай сабай беріпті де, Шөже жүндей сабап бұрқылдатып өлеңді соға береді. Мұны естіген сол астағы қасқа жайсаң сол үйге жиылып: «Балта ақынды алдырып айтыстыралық. Балтадан жеңілсе, өзіне адам қылмағанды қылып, екі қолын артына байлап, еліне жаяу айдап қуалық! Егер жеңсе, «би екен, қазы екен»- демей, Алшынбайға, Жолшараға да ат-тон айып салалық!»- деп, Балтаны алдырыпты. Қарқаралыға аға сұлтан дуанбасы күні екен, Құнанбай да келіпті. **Осы орайда Мәшһүр-Жүсіп туындыларының алтыншы томын әзірлеушілер түсініктемесі:** Бұл мәтін берілер алдында 1177- папкасы маңдайшасына жазылған Тәттімбеттің асқа келерде Шөжеге қандай ақыл бергені 1178-папкада мәтін маңдайшасында емес, тап осы тұста бірін-саран сөз өзгешеліктерімен берілген екен. Біз әр папкадағы мәтіннің алуан адамдардан түрліше жазып алынуы нәтижесі болуы мүмкіндігін ескеріп, әрі 1178- папка құрылымына ақау түсірмес үшін, сол жазылған қалпында осы тұста арнайы келтіргенді жөн көрдік: «Бұл асқа Шөжені Тәттімбет ертіп келген екен: «Осы жолы Алшынбай мен Жолшараны орнынан тұрғысыз қыл! Екеуі түгіл, күллі Қаракесектен алатұғыныңды жалғыз

өзім берейін. Және: «Балта ақынмен айтыс!»- десе, оның айып-қиубын саған ұғындырайын. Ол өзі Шақабай-Жарылғаптың Жарылғабынан шыққан ақын. Шақабай, Жарылғап шетінен қып-қызыл ұры. Балтаның өзі де ұрлық қылып, Өтебай, Наушабайдың малын ұрлағандықтан, қашып жүріп күнелткен. Және Құсбек пен Жамантай екіұдай болғанда, екі төренің ылаңынан тілмаштардың қойнына қыз салған жері болған. Және Алшынбайдың өзі: «Құсбекті дуанбасы сайлаймын!»-деп, параға төрт ат алып, сайламай кеткен, өтірікші болған жері бар».

Түбі, тегі бұратана Қырғыз, өзі біреуге жетектетіп жүрген соқыр, оның өлеңін қостап, «Әу!»- дер жан жоқ. Қалың Бошанның ортасында мұны жеңбеймін деген Балтаның қаперінде жоқ, есіктен кіріп келе өлеңді қоя берді:

Шөже ақын, сен де шешен, мен де шешен,
Салғанда қара өлеңге болдық көсем.
Екеуміз екі жұрттың жүйрігі едік,
Жүрдің бе, ақын Шөже, аман-есен?!

Шөже.

Қуандық төрт баласы құтпан бай-ды,
Ортасында бұл Шөже бұлғандайды.
Түрің қандай екенің көре алмаймын,
Жүрдің бе, ақын Балта, өзің жайлы?

Балта.

Сарт егінін салады- мол болсын,- деп,
Төре жұртын жияды- қол болсын,- деп.
Амандасып отырған ақын Балта
Сұрайды інісінен: «Жол болсын!»-деп.

Шөже.

Жаксының жүрген жері- той, мереке,
Майқы, Бошан бас қосқан бір береке.
Әдейлеп ешкімде аласым жоқ,
Құдай берсе, мол болсын, Балта-ағаке!

Балта.

Інісі бар кісінің тынысы бар,
Тіл мен жаққа бақ берген ырысың бар.
Барымташы кісідей: «Мол болсын!»- деп,
Әлде қандай кісіде жұмысың бар?

Шөже.

Туған соң, өлерімді білім едім,
Жасымнан атқа мініп желіп едім.

Мүсәпір, іштен туған, көзім соқыр,
Тергелі несібемді келіп едім.

Балта.

Шөжеке, бұл айтқанға ермеймін мен,
Қолымды құлаш ұрып ермеймін мен.
Бошанның бес баласы дария кол,
Өзім өлмей, адамға бермеймін мен!

Шөже.

Балта аға, жоққа қинап қысамаңыз,
Өлеңмен алды-артымды тұсамаңыз.
Мейрамның, қарлығаштай, малын қорғап,
Қызғышқа көл қорыған ұқсамаңыз!

Балта.

Бұ соқыр теңін таппай ойнайды екен,
Алдымда Балта бар деп ойлай ма екен?
Қуандық, Сүйіндікті бірдей жеуіп,
Қу соқыр көні кепкен тоймай ма екен?!

Шөже.

Ұры Балта, білдірдің ұры атыңды,
Ұрлықпенен кетірдің ұятыңды!
Көл қорыған қызғышты көп көргенмін,
Топшыңнан сындырамын қанатыңды!

Балта.

Жылқымды айдап саламын қалың қаудан,
Ойнап-күліп жүремін денім саудан.
Мұрдар құл, аяғыңды абайлап бас,
Шақырған кім бар сені Алатаудан?

Шөже.

Қой, Балта, мен құл болсам, сен де құлсың,
Мейрамның жетегіне келген күңсің!
Ошақ басы, көгеннің қасында боп,
Әлдекімнен белгісіз туған ұлсың!

Балта.

Қазанда қайнап тұрған құрт бола ма?
Белағаш елің жайлап сырт қона ма?
Тұрған елің белгісі- жүрген жерің,
Қуандық, Сүйіндіктей азған, тозған жұрт бола ма?

Шөже.

Ел қайда Қуандық, Сүйіндіктей дәулет біткен,
«Шөкем!»-деп, төре, қара еркелеткен.

Жамантай Құсбекпенен жауласқанда,
Қызыңды қатарға ұстап орыс еткен.

Балта.

Сен соқыр, біздің елге келіп пе едің,
Аралап мұнан бұрын жүрін пе едің?
Айтасың өтірік сөз, жаның шыққыр,
Қызымды орыс неткенін көріп пе едің?!

Шөже.

Байлар ішік киеді манат тыстап,
Кей ақын сөз сөйлейді қолына ұстап.
Жамантай Құсбекпенен ұстасқанда,
Қызыңды орыс қылған қатарға ұстап.

Балта не деріп білмей қалбалақтап, сасып қалғанда, Шөже ентелей басып өленді қоя берді:

Ұры шіркін, қорықпайсың бір құдайдан,
Жан өтпес пара жеуге мына отырған Алшынбайдан.
Тұқымың ұрлықпенен күнелткенсің,
Қашып жүріп күнелттің Өтебай, Наушабайдан.

Балта.

Кезбе соқыр деген соң, кезбе (кенбе) соқыр,
Осы сөзің өзіңе жөн бе, соқыр?
Төрде отырған хан, қара,- бәрін мінеп,
Ел түзетіп жүруші сен бе, соқыр?

Шөже.

Ұры шіркін, қорықпайсың бір құдайдан,
Салымым бар бұрыннан-ақ осындайдан.
«Соқыр, соқыр», - дейсің де, еш қоймайсың,
«Соқыр»- десең, құтылсайшы мына отырған

Құнанбайдан!

Балта.

Батырлар жауға шабар найзаменен,
Жаманның ісі болмас пайдаменен.
Тілінен төре, қарам шықпасын деп,
Қойып ем Құнан жанды айламенен.

Шөже.

Басында бәйтеректің балалы құр,
Ұры құл, мына сөзге мойныңды бұр!
Табынған аз ғана елге жаман Бошан,
Қорықсаң сен, Құнанбайдың қотіне кір!

Ей, Балта, жылың-қой, биыл шықтың елу төртке,
Соңыннан мұнан былай өсек ертпе!
Құсбекті дуанбасы сайлаймын деп,
Төрт ат алған, бере ме мына тазың ақыретте?!

- Өлеңдерің құрысын, өлеңді қойыңдар! Соқырдың тілін кесе алмайсыңдар, өзін өлтіре алмайсыңдар! Бұл көрінгенді ластайды да отырады!- деп, отырған әлеумет өлеңді қойдырыпты.

Бұл жолы Балта жеңледі, Шөже жеңеді. Ас тарқағаннан кейін жандаралдың адьютанты арызға барған. Сонда айтқан өлең:

Алшекемнің кісісі құта жазды,
Асық ойнап балалар ұта жазды.
Қорқау қасқыр сықылды Алшынбайың
Өлең айтқан Шөжені құта жазды.

Жылқымды айдап саламын Кеңаралға,
Оқ шырқатсам, жетер ме тау маралға?
Арызымды соларға айтайын деп,
Жетпіс бардым адьютант жандаралға.

«Тәуекел!»-деп, алдыңнан тұрдым жылап,
«Не қылад?»-деп, тазың тұр мені сынап.
Пәуескеден сол жаңа түскен екен,
Қоя бердім мен өлең орысшылап.

Қырғызшылап бір айттым сайрап,
Шүршітшілеп кетіппін оттай жайнап,
Орысшалап енді өлең айтқанымша,
Кешіктірмей екеуін келіпті айдап.

- Неге мені сабадың, екі доңыз,
Боқты бермей кетерсің екі «тоғыз»?!
Менің кегім соныменен біте тұрсын,
Екеуінен әперші екі «семіз»!

- Неге мұны сабадың, екі доңыз,
Керегі жоқ пошел-чик тоғыз-моғыз!
Өлең айтқан Шөжені мұндай сабап,
Бұйрық қылды: «Кеншеге салындыңыз!»

Сабағаны соқырға пайда дарау,
Тазға қырсық күн туды ғайда дарау.
Қамшыменен басымды қақ айырды,
Басшы сұлтан государ біле-дар-ау!

Оныҥа не әпердi қолыменен,
Кең қалтаның баяғы молыменен.
Соқырменен еш адам ойнар емес,
Үйге қайттық, «Құдай!»-деп, соныменен.

Құдай рахмат қылсын Тәтiмбетке! Бұл Тәтiмбет өзи Шаншардың Нұрбике деген қатынынан өрбiген, Бертiстiң Бектемир деген баласынан. Битiя-шитiп- Мөшеке өзи- бет бiткеннiң сұлуы, қызыл тiлге келгенде, төрт аяғы бiрдей жорға. Жолшара: Шаншардың Айбике деген қатынынан. «Екi қатынның баласы екi ру ел»- демедi ме? Әдейi осы асқа Шөженi алып барғаны: сол екеуiнiң ажарын мұқату үшiн. Жалған дүниеде өлеңшiнiң өлеңiне iлiнген жұрт аузында қалмақ. «Шөже мен Балтаның айтысқаны»-деп, о да, бұ да қақсайды да жүредi. Өзге сөз өледi, өлеңдi сөз өлмейдi.

Шөже мен Кемпiрбай айтысы

Кемпiрбай.

Ар жағы айыр кезең үлкен борлы,
Бабамның аруағы маған қонды.
Шiлденiң он бесiнде сауын айтып,
Жаныстың Сәтбайының асы болды.

Тәуекел дариясынан бетiм жудым,
Өзелде мұнан қорықсам, неге тудым?!
Сол асқа жұрт жиналған барайын деп,
Жаратып, жалғыз көктiң тiлiн будым.

Талайды салып едiм омырауға,
Құдая, бергенiңе сансыз тәубе!
Сыртында қаралы үйдiң жетектетiп,
Жолықтым бара жатқан Шөже жауға!

Бес намаз, он екi иман- жанға пайда,
Қалайын бiр сөйлесiп осындайда:
- «Бiреуге- мал, бiреуге- жан қайғы»,- деп,
Барасың, соқыр азбан, жаяу қайда?

Шөже.

Жүзiңдей ұстараның ауған дүние,
Қақсадың менi көрiп мұнша неге?
Ай мен Күн, жер мен көктi көргенiм жоқ,
Кемпiрбай, ақылың болса, маған тиме!

Баласы Жаныс мырза- Сәтбай марқұм,
Барамын құран оқи қаралы үйге.

Кемпірбай.

Асыма шақырмаған келдің жетіп,
Алатау бөксесінен көктей өтіп.
«Арқада жожа, молда жоқ қой!»- деп пе ең?
Қу соқыр, кім шақырды жетектетіп?!

Шөже.

Салмағы бір көзімнің бір көзімде,
Алланың не қылса да ерік өзінде.
Бар болса кереметің, көзімді жаз,
Ұрайын, жаза алмасаң, дәл сөзінді!

Кемпірбай.

Ішінде Бошан, Шаншар дегдары едім,
Ішінде ауған қырғыз сен жарлы едің.
Көзіңді көрінгенге төле дейсің,
Жерінде көзің шыққан мен бар ма едім?!

Шөже.

Мен дін ислам, қазақтың жедім қамын,
Сөйлейін мойныма алып неше тайын?!
Балта, Орынбай, Шортанбай түк қылған жоқ,
Сен аламын деймісің менің жаным?!

Мұқтасар, сөзім майда, тақтасындай,
Бұхардын, омырауым, қақпасындай.
Ескі аруақ орнаған жер құр қалмайды,
Қырғыздың алтынымын ат басындай.
Балта, Орынбай, Шортанбай түк қылған жоқ,
Сен қыларсың атаңның қақ басынды-ай!

Кемпірбай.

Бұл елге ақын болған Шөже қайдан?
Қалыпты Шөже дәндеп Орынбай, Шортанбайдан.
Жарлы байып, жас өскен заман болды,
Жүрмесің жаның шығып Кемпірбайдан?!
Жолықпай шын ақынға жүр екенсің,
Береің сыбағанды, соқыр хайуан!

Шөже.

Кемпірбай, көңіліңді тындырармын!
Озса құдай, қалса аруақ, ұрдырармын!
Оралдан түлеп ұшқан мен- ақиық,
Топшыңды канатыммен сындырармын!

Кемпірбай.

Қой, соқыр, сеніменен сойлеспен,
Көргем жоқ сендей арсыз жаннан кешкен.
Болғанда сен ақиық, мен- бидайық,
Бір жағын қанатыңның қымай, түспен!

Шөже.

Қап-қара Қаракесек күннен туған,
Би болып Қазыбегің белін буған.
Ежелден аға сыйлап көрмеген ит,
Сөйлейді қалай-қалай мына антұрған?!

Кемпірбай.

Ай, Шөже, жалған сөзің мін емес пе?!
Бойыңа күпір мақтан сын емес пе?!
Әкең Қаржау Жайықтың құлы емес пе,
Шешең Шама төренің күңі емес пе?!
Жаралған екеуінен, жазған соқыр,
Дегенің сенің- «күндіз»- түн емес пе?!

Шөже.

Кемпірбай, менің сөзім шын емес пе?!
Құлақ сал, мен сөйлейін бұл кеңеске!
Әкем Қаржау Жайықтың ұлы емес пе?
Шешем Шама төренің қызы емес пе?!
Жаралған екеуінен шын ақсүйек
Жиені Қазыбектің мен емес пе?!

Сен бірдей кісі ме едің меніменен,
Мен қашан теңдес едім сеніменен?
Аузыма ә дегенде кірмеймісің,
Бір тартқан тамағымның лебіменен?!

Қой, байғұс, салындыға ораларсың,
Бір аққан тақымымның теріменен.
Қазандай бұрқ-сарқ етіп мен қайнасам,
Сорпаның сен кетерсің сөліменен.

Өзеннің шығанағының шалшық суы (сұмыры)
Мұхиттың тең бола ма көліменен?!
Осы сөз өлең түгіл мақалда бар,
Қой бірге жайыла ма бөріменен?
Бөгембайдан туғанның бәрі жынды,
Болған ба шешең ойнас періменен?!

Кемпірбай.

Жамандар сөзің бар ма мұнан да арман?
Тиеді сөзің суық жауған қардан.
Түбін-қырғыз, тұрағың-Алатауда,
Қу соқыр, туған жерің онан да арман.

Кеше Кенесары қырғызды үркіткенде,
Әкең Қаржау Қаройда аштан қалған.
Қаңғырып Қараөткелге шешен барған,
Пақырлық неше түрлі күйге салған.

Шежиров деген орысқа шошқа бағып,
Мұжықтың сухарынан корек алған.
Мен білмейтін кісідей, монтанысып,
Сүйлейсің енді мақтан, соқыр хайуан!

Шөже.

Ант атқан, тәңірі атқан, кері кеткен,
Мойнына көк шولاқтың ері кеткен.
«Ақ табан шұбырынды- Алқа көлде»
Қырық кісің тамақ іздеп, жаяу кеткен.

Ішінде Кеңтүбектің қайың шауып,
Мен бе едім сол иттерді тентіреткен?!
Қатынын орта жолда нанға сатып,
Кедейлік сенен маған қашан жеткен?!

Кемпірбай.

Барады өтіп кетіп жаз бенен күз,
Құлаққа, айтқанменен, енбейді сөз.
Затыңда бір тазалық болмап еді,
Жаралған қызыл еттен (иттен), соқыр қырғыз!

Қырғыздан келіп, қазақты сайқалдайсың,
Аузыңа келген созді қайтармайсың.
Беруге саған қайыр дұрыс емес,
Махшарда алғаныңды қайтармайсың!

Мысықтай көзің жұмып жеп-жеп алып,
Барғанда тәңірі алдына айта алмайсың!
Кісісін ел бұзғалы келіп жүрген,
Азғырған Қарынбайды шайтандайсың.

Шөже.

Бір құдай көзімді алды көрмесін деп,
Тіліне жалғаншының ермесін деп.

Екі көзім бірдей жоқ, мен бір кәріп,
Кім айтар: «Маған қайыр бермесін!»-деп.
Кемпірбай, білмеймісің өтерімді,
Артыңнан, шапсам, қуып жетерімді!
Қаракемпір: Наманай аз ғана ауыл,
Япырмау, осы қайдан көтерілді?!
Әкең тауып шешпестей жұмбақ айтып,
Қол бойы түсірейін көтеніңді!

Жұмбақ:

Кемпірбай, көкте не бар, жерде не бар?
Жаратқан неше жұпты Қадір жаббар?!
Қай күні ғарасатта майдан болса,
Қай күні өлім кошқар бұғазланар?!

Асылы- тар зиараттың- мұнан шығып,
Бір жағын кім, бір жағын кім тұтып тұрар:
«Ей, лағнет күнәнды мойныңа ал!»- деп,
Шайтанға қай адамзат бөгеу болар?!

«Күнәсын пенделердің жарылқа!»-деп,
Пендеге қай адамзат жәрдем қылар?!
«Шапағаттан мені тәрік қылмаңыз!»- деп,
Кім ерсе, оттан тонын киіп тұрар?!

Қолына қанды тон мен кесені алып,
Кімнен кім махшар күні құнын даулар!
Алланың әмірімен пәрмен болып,
Кіммен кім қиямет күн неқахланар?

Олардың тойларының қызығына
Кіммен кім бел ұстасып күрес салар.
Артылып бақ дәреже, аруақ конып,
Кім жығып махшар күні, мірсап алар?!

Бұл сөзге асыл болсаң, зейін жетер,
Ойланып, біле алмасаң, есің кетер!
Бірін қате шығарсаң, кәпір болдың,
Білмесең егер түгел, шешпе бекер!

Кемпірбай.

Болғанда жерде- Мәді, көкте- Ғайса,
Жаралған алты күнде екі дүние.
Жұптылықты шығарған: Таблит, Жаблит,
Мүнзілде көріп едім осылайша.

Жеті қат жер астында көк өгіз бар,
Дүние бұзылғанша өлмей тұрар.
Қай күні ғарасатта майдан болса,
Сол түні өлім кошқар бұғазланар!

Асылы тар сираттың мұһан шығып,
Құрайыш деген жыланның басын алар.
- Ей, лағнет, күнәнды мойныңа ал!- деп,
Шайтанға имам Ағзам бөгеу болар!

- Күнәсын пенделердің жарылқа!-деп,
Пендеге Нұр Мұхаммед жәрдем қылар!
- Шапағаттан мені тәрік қылмаңыз!- деп,
Абужаһил оттан тонын киіп тұрар.

Қолына қанды тон мен кесені алып,
Фатима-Хасен, Хұсаин құнын сұрар!
Алланың әмірімен пәрмен болып,
Ан хазіреті Мариямға некахланар.

Олардың тойларының қызығына
Қаһарман Ғалыменен күрес салар!
Артылып бақ, дәреже, аруақ қонып,
Арыстан бір сүрінтін, мансап алар.

Егесі (екісі) қайта тағы тіленсе де,
Оларға ерік бермес періштелер!
Әкең Қаржау- Жайықтың басы бар ма,
Қу соқыр, құмарланып мұнша нең бар?!

Шөже.

Не дарақ тұр бұтағы... бес,
Оғы- он төрт, қылышы- алты, қыны-үш.
Бір затында екі сөз бар,
Хисабы- алты мың алты жүз алпыс алты (аяты).
Жетпіс үш баста- бір көз,
Қарасы- дәл кырық, ағы оның- бес,
Ақылы-дана, Кемпірбай ақын болсаң, мұны шеш!

Кемпірбай.

Әуелі парыз болды дін исламға,
«Бұтағы бес»-деген-бес намаз –мұсылманға!
«Оғы он төрт» дегенің- Бамдат-бесін,
Мойынын оқимын деп ұсынғанға!

Көңіліме адастырмай Алла жазған,
Екі сөз-ғылым: ғарышта екі айрылған.
«Алты мың алты жүз алпыс алты»- дегенің-
Отыз пара оқитын құран болған.

Жетпіс үш баста бір көз бар болса,
Сираттың періштесі хисаб алған.
Қыны үш дегенің- үтір, уәжіб,
Ан хазірет алып келген миграждан.
«Ағы-бес»,- дегенің-исламның бес парызы,
Айрылып қырық парыздан шыққан жолдан.

Әуелі пәлесіне сабыр қылмақ,
Екінші қазасына риза болмақ.
Алланың өзі де бір, сөзі де бір,
Ізгілік, жауыздықты Алла қылмақ!

Шөже.

Бұл сөзім Орта жүзді ағаласын,
Мұны сен ақын болсаң, таба аласың.
От туры, минал бәііні, илал ләйлі,
Тауып бер осы сөздің мағынасын!

Кемпірбай шеше алмады, шеше алмаса да, былай деп айтты:

Сен, соқыр, мына сөзден пақыр болдың,
Айрылып халал малдан тақыр болдың!
Өлеңге құдай сөзін қосамын деп,
Қатының- талақ, өзің нәм кәпір болдың!

Шөже.

Кемпірбай, жай жүр десем, жай жүрмейсің,
Түзу ғана ит болып, неге үрмейсің?
Ақын деп сені, тіпті, ойламаймын,
Алланың төрт сөзінен түк білмейсің!

От туры- Тор тауына Мұса барған,
Алладан төрт-ақ ауыз жауап алған.
«Жалғанда Жамалымды көрсетпе!»-деп,
Бір құдай Мұсаны аяп, тасқа салған.

Мұсаның өзі еріп қорғасындай,
Тағаны еріп қалған жерде сондай.
Осындай жақсы сөзден түк білмейсің,
Алдымнан тұр, кет арман, былшылдамай!

Тұрмысың Арғын болып көптейін деп,
Мен тұрмын аылы надан, сөкпейін деп.
Сен итпен бағасы жоқ айтысқанша,-
Жөнелді: «Қаралы үйден ет жейін!»-деп.

Шөже осыны айтып, жөнеле берді. Сонда Кемпірбай артынан қалып, айтқаны:

Тоқтадым аз ғана көптен келіп,
Тұр едім өзім-дағы сезіктеніп.
Соқырға жан жеңбеген соқтығам деп,
Жығылдым төрт аяғым көктен келіп!

Жазамды сөйтіп соқыр берген жері,
Сөзінің ретіне келген жері.
Арқама жуан елі сөзі батып,
Соқырдың мені осылай жеңген жері!

Кемпірбай мұны –тауып шеше алмады,
Шөжеден асқар таудай аса алмады.
Қалжырап қалта қарап тұрып қалған,
Сөз тауып енді аузын аша алмады.

Шөже де ақын екен, елден асқан,
Қыдырдың қыдырғанда, ізін басқан.
Кемпірбай ақынмын деп жүрсе-дағы,
Екпінін ақын Шөже солай басқан.

Шөже мен Қалдыбай айтысы

Қаракесек: Шаншар ортасында Қойсүймес баласы Баймұрын мырзаға Қуандық ақыны болып жүрген соқыр Шөже өлең айтқанда, Қаракесек ақыны Қалдыбай қожа Баймұрынды айырып аламын деп айтысқаны.

Қалдыбай.

Ай, Шөже, шындаймысың, ойнаймысың,
Берсе де тамам Мейрам тоймаймысың?!
Отырған қасындағы қожасы едім,
Бір кісі сыбағама қоймаймысың?!

Шөже.

Көшкен ел шалғын жерге қонбай ма екен?
Қазақтай қожа пейілі оңбай ма екен?!

Мол дәулет құдай берген таусыла ма,
Екеуміз бөліп алсақ болмай ма екен?!

Қалдыбай.

Соқыр, сенен басқада тіл бар ма екен?!
Сөйлер сөзге соқырлар ділмар ма екен?!
Бір соқыр, бір ақсақпен үлесіп ап,
Ақы иесі құр қалмақ жол бар ма екен?!

Шөже.

Қожада да қожа бар, дегдар қожам,
Алдыңда сайрап тұрған жол бар, қожам!
Қожа болсаң, пір болып, дін үйретпей,
Қазақтың өлеңінде нең бар, қожам?!

Қалдыбай.

Қырғызда да қырғыз бар: дегдар қырғыз,
Сенің түбің белгілі, мұндар қырғыз!
Сүйегім қожа-дағы, етім қазақ,
Қазағымның ішінде нең бар, қырғыз?

Шөже.

Мен құдайдан тілеймін денге саулық,
Жалған сөйлеп жаныңа қылма жаулық!
Қожа, қожа дегенге-қоқиланба,
Қожа түбі-сарт екен- өгіз таулық.

Қалдыбай.

Бүркіт алған шығады заңғар тауға,
Ойнап –күлген жақсы екен нәпсі жауға.
«Жер-жерін, жеген-суын табар», - деген,
Соқыр қырғыз, кетсейші Алатауға!

Шөже.

Қожаның өзіме қой жалғыз өзін,
Шөженің кім кемітпес екі көзін!
Қожа болсаң, шатылма көрге, жерге,
Бұл жұртқа ұқгырсайшы құдай сөзін!

Қалдыбай.

Жамандық ойлай-ойлай көзің шықты,
Көзің соқыр болса да, кеудең мықты.
Құдай сөзін айт десең, мен айтайын,
Дария боп зәмзәм суы қайдан шықты?

Шөже.

Қожа құлап құлар-ау Көкшесінен,
Мен шошимын сөзіңнің текшесінен.

Ажар (нажар) ана толғатып қиналғанда,
Зәмзәм шыққан тебінген өкшесінен.

Қалдыбай.

Су шыққан жоқ Ажардың өкшесінен,
Сен шошырсың сөзімнің текшесінен.
Ажар ана су іздеп жүгіргенде,
Зәмзәм шыққан Смағұл өкшесінен.

Шөже.

Қожеке, қожамысың, қарамысың,
Таласып болмас іске баламысың?
Әзиз қожаң: Ханқожаң, ақын қожаң,
Талассаң, Ханқожаңа барамысың?

Қалдыбай.

Соқыр Шөже, мінгенің теңбіл шұбар,
Меніменен талассаң, терің шығар!
Барсаң, бара қоялық Ханқожаға,
О да өзімдей оқыған қожа шығар!

Шөже.

Сенен [басқа] оқуды ұққан жоқ па?
Сенен басқа дүниеде соққан жоқ па?!
Мариям ана Исаға толғатқанда,
Табанынан ағар су шыққан жоқ па?!

Қалдыбай.

Сен соқырсың, мүгедек мен бір ақсақ,
Сенен гөрі сәулем мол менде жақсы-ақ!
Шариғаттың сөзінен білерің жоқ,
Құр далада ойбайлап жүрсің қақсап!

Екеуі жеңіп, жеңісе алмай, таласпен тарқайды (15 ауыз өлең).

Мөнке мен Опан айтысы

Мәшһүр-Жүсіптің 1170-папкасындағы осы айтыстың маңдайшасындағы түсіндірмесі: «Найманға жігіт ұрлыққа барды, қолға түсті. Той болды, Опан деген қыз, Мөнке деген жігіт екеуі өлең айтысты. Тұтқын жігіт, аяғына кісен салған, кісеніменен тойға келген. Әуелі қыз бастады» (1170-папка, 66-бет). Мәшһүр-Жүсіптің кейін қағазға түсірген 1177-папкасындағы осы айтыс маңдайшасындағы екінші кеңейтілген түсініктемесі: «Қуандықта өр Алтай дейді: Аралбай-Бекшеден жортуылшы аттанып, жорыққа барып, Бағаналы, Балталы-Найманнан жылқы алды. Найман көтеріле аттанып, қуып жетіп, ұрыс, төбелес болып,

жылқысын айырып алды. Найманнан бір сырбаз өлді. Алтайдан бір жігіт тұтқын болып, қолға түсіп қалды. Найманда бір зор той болып, тұтқында қалған жігіт аяғында кісен, тойға келді де, Найманда бір Опан деген ақын қыз бар екен. Бұл қолға түскен жігіт те ақын екен. Екеуін айтыстырды. Сонда олеңді қыз бастады.» (1177-папка, 109 бет).

Опан.

Қарқарамның ұшы бар айда-сайда,
Қолаң қара шашымның түбі майда [1].
Тып-тыныш жатқан еліме ойран салған,
Айтысамын, ағалар, жаяу қайда?

Мөңке.

Қарқаранның ол ұшы сайда [2] болар,
Іздегенге асылық пайда болар.
Сонша жерден мен келдім жаяу іздеп,
Айтысамын, қыз Опан қайда болар?

Опан.

Жер мен көкке теңселіп, желсең, жігіт,
Желе жортып, теңселіп жүрсең жігіт.
Егіншінің атындай кісенің бар,
Руынды сұраймын: не елсің, жігіт?

Мөңке.

Мен-Арғын да, сен Найман [3], Бағаналы,
Байлықпенен жылқымыз көк алалы.
Аманжолдың ауыр қол [4] жиып келіп,
Ат көтіне салмаймын ба сен баланы?!

Опан.

Бармақ қайда базарға, келмек қайда,
Өте шауып елімді алмақ қайда?!
Біздің елде жалаң бұт, жаяу жүріп,
Ат көтіне Опанды салмақ қайда?!

Мөңке.

Өлең айтып, Опаным, жөнделерсің [5],
Әмір келсе Алладан демде өлерсің!
«Аманжолдың ауыр қол»- жиып келсем,
Алақандай, сен Найман, жерге енерсің!

Мәшһүр-Жүсіптің бірінші ескертпесі: «Аманжолы- Ақжол. Мұның шын аты- Жанарыс: Жау жолында көзге түсіп, ауызға ілініп, «Болатқожа»-атанған, «Ақжол» атанған, «Аманжол» атанған.» (1170-папка, 68-бет). **Мәшһүр-Жүсіптің екінші ескертпесі:** «Аманжол: Қарыке-Алтай. Оның заманында Алтай азаматы: «Аманжолдың ауыр қолы»- атанған.» (1177-папка, 109(68) бет).

Опан.

Жөн сөйлесіп, білдірме жөндігінді,
Кісендеулі жүргенің кемдігің-ді [6].
Біздің елде жалаң бұт, жаяу жүріп,
Неге айтасың, ау сорлы, белдігінді?!

Мөңке.

Өлең айтсам, тамағым кеней айтам,
Сөз мәнісін білмесем, неге-ай айтам?!
Бәйбішенің баласын басын қоссам [7],
Белдік айтпай, ай, балам, нені-ай айтам?

Опан.

Сөйлер едің, жаяуым, шерің болса,
Сөз тастайтын аузыңа пірің болса [8]!
Қара өлеңнен екеуміз жеңіспеспіз [9],
Енді еліңді айта гөр, ерің болса!

Мөңке.

Бір өлеңім бар еді кенде-кенде,
Кім иманын күтеді осы күнде?
Орыс, қазақ- айдынынан түгел қорыққан [10],
Елімде таксыр төрем- Құдайменде.

Ескерту: осы 69-беттегі 14 жолдық мәтін соңында Мәшһүр-Жүсіптің мына түсініктемесі орын алған: «Қоңыркұлжа төренің әкесі-Қуандық, Сүйіндік төресі болған.»

Опан.

Сөйлер едің, жаяуым, күйің болса,
Кірер, шығар кең сарай үйің болса!
Қара өлеңнен екеуміз қажыспаспыз,
Енді елінде, айта гөр, биің болса!

Мөңке.

Қыз Опан, ойда қала, қырда қала,
Жалғыз жүрген жаяуға Құдай пана.
Он үшінде сөз бастап, би атанған-
Біздің елде бар еді Шорман бала.

Опан.

Өлең айтып, жаяуым, қақсаймысың,
Тері төнмен көшімді жақтаймысың?
Тентегін телісі [11] мен тыймайтұғын,
Ебелек сол жасыңды мақтаймысың?

Мөңке.

Шоң биім сөйлер сөзден өтіп еді,
Шорманым жастай сөзге жетік еді.

Жарықтық ерлікпенен қолға аттанып,
Бошанға- Майқыменен кетіп еді.

1170-тегі Мәшһүр-Жүсіп түсіндірмесі: «Қыз жеңіліп, жауап таппай, тұра қалды, жігіт айтты.» **1177-папқадағы Мәшһүр-Жүсіп түсініктемесі:** «Қыз бұл кісілерге салыстырарлық торе таба алмады, тойпаңдайын деді. Сонда жігіт сөйлеп қоя берді.»

Мөңке.

Сатқаны саудагердің бояқ-тағы,
Жүгірткен сұм жаяуды тамақ-тағы [12].
Бір тостаған осындайда саумал берсең,
Сорлыға біздей кәріп [13] сауап-тағы.

Опан.

Бұ [14] жаяу өлең айтып, аттай желді,
Байғұстың көп жаңғалақ көңілін бөлді.
Сусаған өлең айтып, сорлы жаяу,
Ішінде сырлы шелек саумал келді.

Мөңке.

Әуелде өзі жалғыз [15]Құдай болса,
Айтқан сөзім құдайсыз күнә-ай болса,
Өлеңінді қоя тұр, ойбай, Опан,
Саумалыңды ішейін олай болса!

Опан.

Қатты жұтып іш саумал, қандырайын,
Ақылыңды жаңылтып, тандырайын.
Өлең айтып, сусаған, сорлы жаяу,
Мен көзінді шырадай жандырайын [16]!

Мөңке.

Қатты жұтып саумалды қанғым келді,
Қақ қасыңа, Опан қыз, барғым келді.
Елдегі тентек ойым ауып тұр ғой,
Ақ төсіңе бір мініп алғым келді [17].

Опан.

Бір қамшым бар колымда сегіз өрме,
Тиіп кетсе көзіңе, менен көрме!
Екі аяқты кісіге мінемін деп,
Қыл құйрықты жылкыдан дәңгі [дәнеңе] көрме!

Мөңке.

Күз жаратып мінгенім Қаракөкше,
Аяғыма кигенім шоңқайма [18] өкше.
Е дегенде, мә деген, жарықтығым,
Көтере гөр қолтықтан, атам Бекше!

Мәшһүр-Жүсіп ескертпесі: «Жігіт Алтай екендігі: «Атам Бекше»-деген сөзімен танылып тұр.» (1170-папка, 73 б.)

Опан.

Күші кеше [19] жоқ жұлдыз қайдан шыққан,
Қысыр емген нық құр ат байдан шыққан.
А дегенде атаңды аузыңа алып,
Бекше атаңның сүйегі қайдан шыққан?

Мөңке.

Илла-Аллаға мойынын бұрған-дағы,
Талай нөкер жолында тұрған-дағы.
Атамыз жауда жүріп, жолда өліпті,
Жарықтық арыстан боп [20] туған-дағы!

Опан.

Мен өзім атты да емен, түйелімін,
Қара өлеңге салғанда жүйелімін [21].
Мені қайтіп жеңесің, сорлы жаяу,
Аты шулы Бекшенің жиенімін?!

Мөңке.

Әуелде өзі қазы (хазір) Құдай болса,
Айтқан сөзім Құдайсыз күнә-ай болса!
Сіздер жиен болғанда, біз-нағашы,
Ат-тонымды алып бер, олай болса!

Опан.

Балқын көл, салқын көл мен қызыл қурай,
Жас басыңнан көп жортып, болдың сұмырай.
Атың менен берейін тоныңды алып,
Сүйек қуып, келген болсан, тамыршыдай [22]!

Мөңке.

Көп жорықшы жорыққа жүр деген соң,
«Көп жортушы тілеуі- бір»,- деген соң,
Қыз Опан, ұрыда көз жоқ, малда тіл жоқ,
Байғұс-ау, жылқыңды алдым, білмеген соң.

Опан.

Жаяуым, өлең айтып, қақса сана,
Көшімді тері тонмен жақта сана.
Көтіңнен: «Сандыбайлап!»- қуып жеттім,
Ұры құл, білмей алсан, таста сана!

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Қыздың елі- Найман, ұраны- Сандыбай болғандықтан, сыбанып отыр. «Бағаналы: Барлыбай // Жау шайқаған Сандыбай.» Бұл Сандыбай- Ерден, Жүзіннің әкесі.» (1170-папка, 74-бет)

Мөңке.

Найзамды жауға шаныштым, сермейін деп,
Тіріде жау қорлығын көрмейін деп.
Жылқыңды шаршы түсте тиіп алдым,
Опанға жалғыз тал қыл [23] бермейін деп.

Опан.

Еліміз Есіл барып өтпек пе екен,
Айтқан сертке ұры құл жетпек пе екен?
Аузын ұрып, аяғын сындырған мал
Ұры алдына сол түсіп кетпек пе екен?!

Мөңке.

Өлең айтып, Опаным, толған жоқсың,
Баяғыңдай әріптес болған жоқсың!
Олай десең, Аллаға күпір болдың,
Ұрысайдың басына қонған жоқсың!

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Бұрын Ұрысайдың басында отырғанда,
жылқысын бір алып кеткен жері бар екен.» (1170-папка, 75 б.)

Опан.

Желіп жортқан жайсаңың мен дегенің,
Өз сөзіңді тағы өзің жөн дегенің [24].
Жылқымды шаршы түсте тиіп алып,
Көсемсіп, көрген жерге дәндегенің!

Мөңке.

О сөзім олай айтқан жөн емес пе,
Желіп жортқан жайсаңың мен емес пе?
Жылқыңды тыныштықпенен оттатпайтын [25],
«Аңғал Арғын» атанған мен емес пе?!

Опан.

Біздің елдің жайлауы- Қарагатыр,
Біздің өлең есепсіз толып жатыр.
Өлеңіңді айта бер, арсыз сорлы,
Сойып салған сақтаулы соғым жатыр[26].

Мөңке.

Басын тартып Күреңнің, жорғалаттым,
Күндіз қойдай Найманды қорғалаттым.
Әлі өлсем де, Аллаға, арманым жоқ,
Қара қанын ағаңның сорғалаттым!

Мәшһүр-Жүсіптің бірінші ескертуі: «Сол жерде қызды жеңді,
қыз жылап отырып қалды. Ертең ел көшті. Түйе үстіне міпгізді, елінде
тағы да бір ақын қыз бар екен. Сол қыз: «Көш-жөнекей айтысамын!»-

деп келді. Бұ жігіттің қасында бір арбалы атқа мінген бала бар екен. Со баладан сұрады жігіт:

-Бұ қыздың не міні бар?- деп.

Бала айтты:

- Бұ қыз өңді,- дейді.- Өзі өлеңші,- дейді.- Бірақ кешегі жұртта бала тапты,- дейді.

Қыз келді, жігітке өлең айтты.» (1170-папка, 77- бет)

Мәшһүр-Жүсіптің екінші ескертуі: «Жылқы айырамын- деп барып, соғыста өлген қыздың ағасы екен. Қыз жылап отырып қалды.

Ертең тұра ел көшті, жігітті Опанның қолына берді: «Ағаңның өшін ал, не қылсаң, ерік өзіңде!»- деп. Жүк артқан түйенің үстіне шоқайтып отырғызды. Елінде тағы бір ақын қыз бар екен. «Опан жеңіліп қалды»- дегенді естіп: «Айтысамын!»- деп, көш-жөнекей сол қыз келді. Бір бала түйеге маңайласып келіп: «Осы қыз өзі сұлу, өзі ақын, бірақ осы көшкен жұртта бір бала тауып, өзі өлтіріп тастаған!»- деп, жүре берді. Қыз қаннен-қаперсіз келе өлеңді қоя берді.» (Мәшһүр-Жүсіп, 1177-папка, 117 (72)б.).

Екінші қыз.

Ұры құл, аяғыңда қара қақпан,
Бұ қақпаннан ұры құл пайда тапқан.
Түйе үстіне байғұсты шоқайтыпты,
Опанжан бұ жетімді қайдан тапқан?

Сонда жігіт елеуреп желігіп кетті:

Ұры құл аяғыңда қара қақпан,
Қақпанмен қарғып барып саған шапқан.
Пайдамды жұрт алдында өзіме бер,
Кешегі балаң қайда менен тапқан[27]?!

Қыз оны естіп, қаша жөнелді, жұрт бала тапқанын сонда біліп қалды. Ұят-ай, ұят-ай!

Түбек пен Жамшыбай айтысы

Бұл айтысқа байланысты Мәшһүр-Жүсіптің бірінші түсіндірмесі: «Найман: Бояубай байдың ауылында Күліктен шыққан Жамшыбай ақын мен Найманнан шыққан атақты кәрі Түбек ақынның айтысқаны. Жамшыбай өлең айтып, ән шырқап отырған үстіне кіріп келе өлеңді қоя берді.» (1178-папка, 239(141)-бет).

Мәшһүр-Жүсіптің осы айтысқа қатысты екінші түсініктемесі: «Мұса- дуанбасы, Секербай- қазы, Баянаула- дуан. Айғыркөмген, Аршалы да Баянаула дуанына қараған. Найман: Бояубай ауылында Күліктен

шыққан ақын Жамшыбай мен Найман: Түбек ақынның айтысқаны. Жамшыбай өлең айып отырған үстіне Түбек кіріп келіп, өлеңді қоя берді.»

Түбек.

Өлеңді айтушы едім жылпылдатып,
Сөйлеуші ем талай топта былпылдатып.
Баласы Сүйіндіктің неме керек,
Шіркінді мұнша бұлдап сұңқылдатып?!

Жамшыбай.

Кей адам айтса-дағы сөзге нанбас,
Мен сөйлесем, қандай жан құлақ салмас?!
Арғын аға болғанда, Найман-іні,
Арғыннан жүйрік шыққан мен ақ алмас.

Түбек.

Өлеңнің текшелеулі қаласымын,
Ақынның өзім теңді данасымын.
Байғарадан он алты ақын шыққан,
Ақтайлақ:Қарабайдың баласымын.

Жамшыбай.

Сұрасаң, менің бабам- ақын Көтеш,
Біткен жоқ Жамшыбайдай ешкімге өңеш.
Атам Көтеш болғанда, ағам-Сақау,
Алдыма жанды қара түскен емес.

Мәшһүр-Жүсіп ескертпесі: «Жамшыбайды көрмеген, өз құлағынан даусын естімеген: «Мақтанды»- дейді ғой. Оның даусындай мұңды, күйлі, сырнайдай- сыбызғының үніндей даусы басқа ақындарда жоқ еді. Өзі әдемі, қызыл шырайлы, үні, даусы тағы да әдемі:

Болғаным мен Жамшыбай биыл емес,
Жігітке, өлең шіркін, қиын емес.
Астынан алты қырдың ән шырқасам,
Өңешім отарбадан кейін емес.»(1177-папка, 120(75) б.)

Түбек.

Асылдың кім біледі, сатса пұлын,
Шіриді-ау өлгеннен соң қызыл тілім!
Көтешті қасқыр жеген несіне айттың,
Тантиды Арғын мақтап өлген құлын.

Жамшыбай.

Сен Найман жаулық қылып тонап алдың,
Тұманға ашылмастай сөйтіп қалдың.
Найманның сендей шалы текке өледі,
Бір өзіне үш ердің құнын алдым.

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Жүзден жасы асқан күнінде жаз жайлауда Ереймен тауы, Қарағайлы шоқы аралығында Шерубай қопасынан түйе жиып жүргенінде, жау тонап, жалаңаш тастап кеткендіктен, қасқыр жеп тастаған екен. Өзі семіз екен, жалғыз-ақ санын бүтін тауып алыпты. Майы жерге сіңіп, жатқан жерінің топырағын қап-қара қылған деседі. Жау тонап жатқанда, айтқан екен:

Ау, балам, танымаймын, не ел боларсың,
Не дәулет, не перзентке кем боларсың!
Көтешті жүзден асқан тонаймын деп,
Айдабол мен Күлікке жем боларсың!- деген екен.

Сол өлеңді ұрылар еліне айта барып, Семей мен Кереку аралығындағы Найман екен. Осы өлеңнен білініп шығып, қазақтың орысқа бағынған күні, қыс ішінде Айдабол, Күлік болып аттанып, Шоң би бас болып, он кісіге бір үйден жиырма кигіз үй тігіп күтін: «Өнер құны, , «сүйек құны», «қара құн»- деп, үш ердің құнын алған екен бір өзіне.

«Өнер құны» үшін елу жылқы, алты «жақсы» беріпті. «Сүйек құны» үшін елу жылқы, алты «жақсы» беріпті. «Қара құн» үшін «тоқал құн»- деп, тоғыз «жақсы» беріпті. «Жақсы» дегеннің басы- жетім, қалы кілем, қара нар, мылтық,- сондаймен «тоғыз» болады. «Бұл құн үшке бөлінгендіктен, кем кесілгені»- деседі. Бұлай болмағанда, қара құнның өзі- жүз жылқы, он екі «жақсы» болады екен.» (1177-папка, 121(76)б.)

Түбек.

Ашулансам, алармын айлығыңды,
Шындасам, қойға алмаймын тайлығыңды.
Көтің сонда ашылар, Арғын бала,
Менімен салыстырсаң байлығыңды.

Жамшыбай.

Ертең қожа тұрады азанменен,
Пенде барар тозаққа жазаменен.
Байлығыңды, ел Найман, көріп тұрмын,
Қайнатасын шайыңды қазанменен.

Түбек.

Мен барып, сіздің елге келгенім жоқ,
Жамандық көрсем-дағы, өлгенім жоқ.
Үйіне Қуанбайдың барып едім,
Самаурын аймағында көргенім жоқ.

Мәшһүр-Жүсіп ескертпесі: «Түбек сөзі де рас: Қуанбайлардың уақытысында самаурынды исі қазақ білмейді.» (1177-папка, 122(77) б.).

Жамшыбай.

А,Түбек, олай десең, болдың мешеу,
Болуға жарамайсың ұзын көсеу.

Қуанның айналасы- алпыс ауыл,
Самаурын біреуінде төртеу-бесеу.

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Жамшыбай да бейпіл өтірікті соғып жіберді:» (1177-папка, 122(77)б.).

Түбек.

Жамшыбай, меніменен таласарсың,
Өз теңіңмен сөйлессең, жарасарсың.
Үйіне, Әлі төрем кіріп барсаң,
Жол таппай, самауырдан, адасарсың!

Жамшыбай.

Ар жағы ұлы Ертістің- қара, терен,
Өлеңнің, білгеіміше, бәріп терем.
Найманнан бір жақсы ыдыс таба алмадың,
Түбі-Естек, неме керек, кірме төрең?!

Түбек.

Жамшыбай, елінде ойын, күлкі бар ма,
Еліңнің аса жиған мүлкі бар ма?
Кетіпті Бояубайым саннан асып,
Елінде бұл сықылды жылқы бар ма?

Жамшыбай.

Өлеңім, аққан судай толқыған сең,
А, Түбек, ақын болсаң, өлеңмен жең!
Қара мал, жылқы малды таппай ма екен,
Қойы бар бай Қуанның он екі мың.

Түбек.

Сыйынар дін мұсылман бір Құдайға,
Кіреді иманды құл кең сарайға.
Құдай берген көп малдың есебі жоқ,
Жетерлік бар ма байың Наурызбайға?!

Жамшыбай.

Сөйлеткен мені мұндай жаббар Құдай,
Мен шыққан Сүйіндіктен бір сұр таңдай.
Көкдомбақ, Үштаған мен Қарбасқанда,
Толықсып, сыймай жатыр Атығай бай.

Түбек.

Үкі таққан жарасар Қаракөкке,
Түбек атым жайылған талай көпке.
Құдай берген көп малда есеп сан жоқ,
Елінде жетер кім бар Найзабекке?

Жамшыбай.

Сөйлеткен жастай мені бар Құдайым,
Мен неге байлық айтсаң, тоқталайын?!
Мантен, Тотан байым бар Айдаболда,
Тағы бар Малкелдіде: Ақпан байым.

Түбек.

Темірден аяғыма салған таға,
Артылған көп ақыннан біздің баға.
Құдай берген көп малдың есебі жоқ,
Алаштан жалғыз асқан Серғазы аға.

Жамшыбай.

Жылқысы Темірболат Қаракөктен,
Найманға мен сөйлеймін өктем-өктем.
Он құлынды биеден айдатады,
Байынды айт, кәне, асарлық Әкімбектен?!

Түбек.

Ойға алар дін мұсылман бір Құдайды,
Өлеңге Түбек қардай бұрқырайды.
Жүз алпыс түйе өзінен боталайды,
Айтамын, ашулансам, Іңкәрбайды.

Жамшыбай.

Жайлауға ыстық түспей, ел келмейді,
Дауысым, өлең айтпай, жөнделмейді.
Қабылдың көп жылқысы суға түссе,
Баска малға бір тесік жол бермейді.

Түбек.

Жамшыбай, меніменен ісің бар ма,
Менімен тарпысарлық күшің бар ма?
Елімде Көшелектей шежірем бар,
Соған лайық табарлық кісің бар ма?!

Жамшыбай.

Сыйынар дін мұсылман жалғыз Хакқа,
Құдайдың, кім таласар, берген баққа?!
Күнтайдың немересі Есқара би,
Япырмай, сол кәріңнен кейін-ақ па?!

Түбек.

Сөйлеткен мені мұндай Жаббар Құдай,
Тіліңді тарта сөйле, ай, Жамшыбай!
Өзінен ат-шапанды алып тұрсың,
Осы отырған алдында атым қалай?

Жамшыбай.

Тіліме өнер (һөнер) берген бар Құдайым,
Несіне, тай алдым деп, қорғалайын?
Атымды, сырттан сатып, жібермей ме?
Қуанның ортаншысы- Молдабайым?!

Түбек.

Елінде байын жоқ па берерлік тай,
Сөйлейсің Найманға кеп сен қу таңдай. .
Үш мың өгіз сомасын қол ұстаған,
Бұл күнде болды көпес бай Темірбай.

Жамшыбай.

Әр пенде жалбарынар жалғыз Хаққа,
Құдайдың кім таласар, берген баққа?!
Байлықта көпес болып кім жетеді,
Алты алаш атын білген Қазанғапқа?!

Түбек.

Мінгенім дайым менің Қаракер-ді,
Желігіп, кәрі Түбек екіленді.
Найманның өрде жатқан байын айтсам,
Жұрт асқан көк етікті Тілеуберді.

Жамшыбай.

Қарап тұрсам, бұл Түбек, сөзден сасар,
Өнері Жамшыбайдың судай тасар.
Бәріміз бір Арғынның баласымыз,
Байым бар Қарауылда: Шабар, Шаншар.

Түбек.

- Сыйынар дін-мұсылман бір Құдайға,
Кіреді иманды құл кең сарайға.
Найманның ар жағынан байлық айтсам, .
Жетеді қандай байың Қазытайға?!

Жамшыбай.

Мінгенім дайым менің Қаракөгім,
Білерсің, таныр болсаң, сөздің тегін.
Алдажұман байым бар-Алтай: Қарпык,
Тағы бар Мұратымда: Игілігім.

Түбек.

Сыйынар дін-мұсылман бір Құдайға,
Кіреді иманды құл кең сарайға.
Бір шеті Алатауда шаруасының
Елінде кімің жетер Момынбайға?!

Жамшыбай.

Ел Найман, тіпті Арғыннан асқаның жоқ,
Байлығың неме керек, бас қамың жоқ.
Татырлық Момынбайға Сайдалым бар,
Аймағын Аққошқардың басқанын жоқ.

Түбек.

Сыйынар дін-мұсылман жалғыз Хаққа,
Құдайдың, кім таласар, берген баққа?!
Саршығанақ – Найманда сөз сөйлейтін,
Келейін Бәтішұлы Жүсіп жаққа.

Жамшыбай.

Базардан алып келген жасыл маңдай,
Талай жан қолын артып асылғандай,
Мақтама қу қанжыға жүйрігіңді,
Законшік азар болса, Қайыпжандай!

Түбек.

Өлеңді айтушы едім егілдіріп,
Сөйлейін бастан-аяқ төгілдіріп.
Өрдегі Найманыма кетсем көшіп,
Бір жағын қабырғаңның сөгілдіріп.

Жамшыбай.

Әуеде ұшып жүрген сары шымшық (шыпшық),
Келеді шырайлы өлең жаңа түсіп.
Шорманның, жазсам қағаз, Мұсасына,
Тапжылтпас алқымыңнан бір-ақ қысып.

Айтыс сонындағы Мәшһүр-Жүсіптің бірінші түсіндірмесі:
«Түбек жеңілді, Жамшыбай жеңді!»-деп жұрт дуласып тарқасты. Жамшыбай әнші еді, оның даусындай дауысты қазақ құлағы естіген жоқ десе, өтірікші болмайды. Өңеші де зор және сырнайдай сылдырлаушы еді. Бұл Жамшыбай ақын Күлік: Айбас-Даниярдың Даниярынан шыққан Қуантай, Шағырлардың ағасы.» (1178-папка, 242(141)б.)
Айтыс аяқталымындағы Мәшһүр-Жүсіптің екінші түсіндірмесі:
«Сорпаға сөз бар ма?!»- деп, Сүгір (Сукер) айтқандай, Мұсаға сөз бола ма? «Түбек жеңілді, Жамшыбай жеңді!»- деп, тарқасты. Бұл Жамшыбай ақын- Күлік: Айбас-Даниярдың Даниярынан-Қуантай, Шағырлардың ағайыны. «Күлік»- деген елдің «Әу!»-деп үруге жарайтұғын бір күшігінің жоқтығынан есіл ердің өлеңі, әні аяқсыз қалды.» (1177 папка, 124 б.)

Ұмсын мен Заман қожа айтысы

Мәшһүр-Жүсіптің алғашқы түсініктемесі: «Ұлы жүз: Үйсіннен шыққан ақын Ұмсын қыз бен Заман қожаның айтысқаны. Қыз айтыпты:

- Бұл қожамен айтысқанда, үш түрлі сауал сұраймын. Екеуіне жауап (жуап) берер, біреуіне келгенде, тоқталар. Егер оған тоқтаса, шын қожа болғаны, онда пірлікке жарайды. Егер шешендікке салып, оған да жауап беремін деп далбасаласа, өтірік қожа болғаны. «Әділ биде ата жоқ, тура биде туған жоқ; туғанына бұрған биде иман жоқ!»- деген.

Көп жиылған әлеуметтің ішінде қыз айтысады деген ойында жоқ қожа өлең соқты.» (1178-папка, 243(143)б.).

Мәшһүр-Жүсіптің екінші түсіндірмесі: «Ұлы жүз: Үйсіннен шыққан ақын Ұмсын қыз бен Заман қожаның айтысқаны. Қыз айтыпты:

- Бұл қожадан үш түрлі сөз сұраймын. Екеуіне жауап берер де, біреуіне келгенде, қайраңдар, тоқталар. Тоқтаса, шын қожа болғаны, онда ол пірлік жарайды. Шешендік салып, тіл мен жағына сүйенсе, шын қожа болмағаны.

Көп жиылған әлеуметтің ішінде қыз айтысады деген ойында жоқ, қожа өлеңді ғұлдетіп отыр.» (1177-папка, 82(47) бет).

Заман.

Ай, Алла, аманатың бізге міндет,
Иа, Мұхаммед пайғамбар, болдық үмбет.
Күнәдан (күнәһдан) пак қылғайсың, иа, Құдірет,
Ажалға сабыр бергей екі жендет!

Ай, Алла, аманатың бізге міндет,
Иа, Мұхаммед пайғамбар, болдық үмбет.
Күнәның зардабынан қорыққаннан,
Кетіпті кей дәруіштер (дәруішлар) Меккені іздеп (излап).

Жомарт ер ақыретте иман табар,
Сираттың көпірінен бәрінді айдар.
Күнәдан (кінадан) бұ дүниеде пак болсаңыз,
Ішінен сегіз бейіш (биіш) орын сайлар.

Жомарт ер ақыретте иман табар,
Сираттың көпірінен бәрінді айдар.
Күнәдан бұ дүние пак болмасаң,
Ішінде жеті тозақ сорың қайнар.

Дін күтсе, иман берер жомарт ерге,
«Қол берген- сауап- дейді,- жеті пірге!»
Ақыретке барғанда, сұрау жоқ-ты,
Ішіне сегіз бейіш кіргендерге.

Дін күтсе, иман берер жомарт ерге,
«Қол берген- сауап- дейді,- жеті пірге!»
«Ассалаумағалейкум!»- дегенмен тең,
Парызға дуа (дұға) қылып жүрген ерге!

Ассалаумағалейкум- парыз сәлем,
Ғаршы, Күрсі жаратты (иаратты), Лаух ал-қалам.
«Үлде (Хала) киіп, хор қызын құшар,- дейді,-
-Ішіне сегіз бейіш кірген адам!»

Ассалаумағалейкум- парыз сәлем,
Ғаршы, Күрсі жаратты Лаух ал-қалам.
«Жеті тозақ ішінде жатар,- дейді,-
- Иманынан айрылып қалған адам!»

Қыз шыдап отыра алмады, өлеңді қоя берді:

Ассалаумағалейкум, бердік, сәлем,
Біз сөйлейік, рұқсат (ұлықсат) берсе қожам.
«Білмегенді сұра!»-депті Алла тағалам,
-Қай сауаптан бейішті көреді адам?!»

Заман.

Дін мұсылман пендеге жаза қылмас,
Ораза мен намазын қаза қылмас.
Малдан-зекет, қолынан қайыр берген,
Сол себепті бейіштен құры қалмас.

Ұмсын.

Ассалаумағалейкум, бердік, сәлем (салам),
Біз сөйлейік, рұқсат берсе қожам.
«Білмегенді сұра!»-депті Алла тағалам,
Қай қылмыстан тозаққа барады адам?!

Заман.

Қиямет қайым, болғанда, ақыр заман,
Ақыретте жаныңа күнә жаман.
Өтірікші, зинақор, ұры болса,
Сол себептен тозақты көреді адам.

Ұмсын.

Кім көнбейді Алланың салғанына,
Бейшараның тозақта қалғаны ма?!
Күнә менен зинадан мұқым болып,
Тамам кожа бейішке барғаны ма?

Заман.

Мұсылманшылық көп пайда жандарыңа,
Жан қиналар күнәның салдарына.
Қожа, қара деменіз, бәрі бірдей,
Жолықпаса Алланың оңдарына!

Ұмсын.

Қол берейік пірлердің төрт жарына,
Жолықтырғай Алланың оңдарына!
Шынжау тай, шартық қошқар нияз берсем,
Қандай пайда болады жандарыма?

Заман.

Нияз берсең, берерсің өз қамыңа,
Өлгеннен соң жатарсың жер тарына.
Шынжау тай, шартық қошқар нияз берсең,
Қожекен басшы болар алдарыңа.

1177-папкадағы Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Бұл жерде бір тосатын еді, жорта қоя берді: бір жамбастап (жанбастап) соғу үшін.»

Ұмсын.

Ажал келсе аңсызда, не айла болар,
Он екі иман жаныңа пайда болар.
Алланың аманатын тапсырған соң,
Жұмла жанның тұрағы қайда болар?

Заман.

Ажалдыны, амалсыз, Құдай қылар,
Иман берсе, өлгенмен, несі қуар?
Жұмла жанның тұрағын иман сұрар,
Иншалла, бейіш бар сонда тұрар.

Ұмсын.

Ажал келсе, аңсыздан не айла болар,
Он екі иман жаныңа пайда болар.
Алланың аманатын тапсырған соң,
Періштенің сұрауы қайда болар?

Заман.

Ажалдыны, амалсыз, Құдай қылар,
Иман берсе, өлгенмен, несі қуар?

Сираттың көпіртен сауал қылып,
Періштенің сұрауы сонда болар [1].

Ұмсын.

Ажал келсе, аңсыздан не айла болар,
Он екі иман жаныңа пайда болар.
Алланың аманатын тапсырған соң,
Қыз, жігіттің күнәсы (күнәы) қайда болар?

Заман.

Ажалдыны, амалсыз, Құдай қылар,
Иман берсе, өлгенмен, несі қуар?
Күнәң үшін қожаңа ысқат берсең,
Жаныңа бір шыбындай пайда болар.

1177-дегі Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Бұл жерде бір тосатын еді,
жорта қоя берді: «Әбден сөйлетіп алып жамбасқа бір-ақ алайын!»-
деп.»

Ұмсын.

Ажал келсе, аңсыздан не айла болар,
Он екі иман жаныңа пайда болар.
Алланың аманатын тапсырған соң,
Естір құлақ, сөйлер сөз қайда болар?

Заман.

Ажалдыны, амалсыз, Құдай қылар,
Иман берсе, өлгенмен, несі қуар?
Еститұғын құлағың, сірә да, өлмес,
Сөйлейтұғын қызыл тіл аруақ болар.

Ұмсын.

Ажал келсе, аңсыздан не айла болар,
Он екі иман жаныңа пайда болар.
Алланың аманатын тапсырған соң,
Көздің нұры көгісің мен қайда болар?

Заман.

Ажалдыны, амалсыз, Құдай қылар,
Иман берсе, өлгенмен, несі қуар?
Әлхамды ат қылып, мініп жүрер,
Топырақты тон қылып, киіп тұрар.

Ұмсын.

Алланың мың бір аты «Аллажар» ма?
Қожеке-ау, сізден бізге дәрмен бар ма?
Адамды өлгеннен соң, бес бөліпті,
Оның, сірә, қосылар жері бар ма?

Заман.

Қожа- Құдай пендесі, о да не дер,
Мұхаммедтен басқада жоқ-ты өнер.
Қиямет қайым болғанша қосылмақ жоқ,
Заманақыр болғанда, сөз күн сұрар.
Жамиғы жан сол шақта түгелденер!

Ұмсын.

Қожеке-ау, сіз ақсүйек, біз қарамыз,
Бәріміз тәңірі алдына бір барамыз.
Тәңірі алдында табамыз сізден сауап,
Дәнемені білмеген бейшарамыз.

Заман.

Ұмсын-ау, мұнша неге қысағаның,
Көп дейді сұрағаныңнан сұрамағың.
Шыныңменен: «Пірім!»-деп, нияз берсең,
Сауабымен тәңірге тапсырамын.

Ұмсын.

Бір мағына сұрайыншы, Заман-еке,
Қиялы бұзған қалай-ды халал неке?!
Мүритін (мұртын) бастап Құдайға пірі апарса,
Енді неге іздейді мүрид (мұрт) Мекке?

Заман.

Қожаң айтар кітаптан, көрген сөзін,
Күнәң қалмас, Меккенің көрсең жүзін.
Ғалым қиған некені арам қылсаң,
Қаса доңыз болғаның, бір мегежін.

Қожа қайрандап қалды, не айтарын білмегеннен, қалбалақтап айтқаны [2].

Ұмсын.

Қожекем- қара құлып, алтын сандық,
Таксыр пірдің жауабына қайран қалдық.
Сөз сұрасам, теңейді мегежінге,
Қай жерінде қалды екен мұсылмандық?

Заман.

Әркім-ақ бұ дүниеден өтер, Ұмсын,
Өткен жанның жұмысы бітер, Ұмсын!
Ісіне шарифаттың талас қылсаң,
Күнәың (күнәйың) асып таудан кетер, Ұмсын!

Ұмсын.

Қожеке-ау, адал көп пе, арам көп пе?!
Жеті қат жер, жеті қат аспан көкте.

Көрер көз, сөйлеген сөз- бәрі күнә,
Қожеке-ау, өлең айту сізлерге еп пе?

Заман.

Шыныңмен Құдайдан қылсаң қауін,
Тілеулі құл жүреді иман тауып.
Шын дініңе берік болсаң, Ұмсын ақын,
Өлеңнің күнәсы жоқ: істер сауық.

Ұмсын.

Қожекем кітабымен болжайды екен,
Екі жендет кітапты сұрай ма екен?
Көз бен тілден, күнәдан пак болса адам,
Қожеке-ау, енді күнә қандайда екен?

Заман.

Ұмсын-ау, сөз күнәсы- өтіріктен,
Нәпсінің бір күнәсы-мәкүріптен.
Залалы жоқ адамды ғайбат қылма,
Аллаға тіл тигізбе, үміт (мида) етсең!

Ұмсын.

Қара кісі қожаны: «Иа, пір!»- дейді,
«Аллаға тіл тигізген кәпір!»- дейді.
«Пендесінің күнәсы сол-ақ па екен,
Білмеген қанша күнә жатыр?»- дейді.

Заман.

Иар солы Жаббардың ісі таса,
«Сауаптан обал көп!»- деп ойламаса,
Қол берген пірді салма көңліңізден,
Күнә сол- ата-анасын сыйламаса!

Ұмсын.

Қожеке-ау, пірлігіңмен қолдармысың,
Пірді ұмытқан Құдайға болар дұшпан.
Тәңірі алдына барғанда, тақсыр қожам,
Біз сол жерде көреміз қандай қысаң?!

Заман.

Ұмсын-ау, айтқан сөзге нанбаймысың,
Сен данышпан ақылды өз жынысыңнан.
Тәңірі алдында бар дейді талай қыспақ,
Әркім тартар өзінің қылмысынан.

Ұмсын.

Қожеке-ау, көрген сөз бе салдамаңнан?
Пендесі құтылмайды бір қазадан.

Қара кісі тартады қылмысынан,
Қожа қалай болады ысхат алған?

Заман.

Ұмсын-ау, мен ысхатты алушы емен,
Ысхат алған қожаның ақылы кем.
Ысхат алған қожаның рауаяты бар,
Өтейді намазының сауабымен.

Ұмсын.

Қожеке, олай деме, бір Алла де,
Кім сыйынбас Алланың құдіретіне?!
«Ысхадқор»- деп, шақырса екі жендет,
Сонда берер қожаның жауабы не?

Заман.

Иар сол Жаббардың ісі көп-ті,
Екі жендет: «Ысхадхор қайда?»- депті.
Сонда берер қожаның жауабы жоқ.
Күнә болар, айтпаймын өтірікті.

Ұмсын.

Қожалардың койнында сөз бар екен,
Өлгеннен соң кеңдік жоқ, жер тар екен.
«Ысхадқор»- деп шақырса, үндемесе,
Қожамда да бір сұрау мол бар екен!

Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Емін-еркін қоя беріп, желкеден бір-ақ басып, қылтасын қиған жері.»

Заман.

Иары сол Жаббардың ісі бір дүр,
Өзің құрбы әйелде сен бір - дүлдүл.
Айтқан сөзің кем емес шарифаттан,
Құдайдың ұсындырған жері бар дүр.

Ұмсын.

Шарифат қапия ма, жария ма,
Қожеке, біз- шұқанақ, сіз-дария.
Сұрамаған бір сөзім қалған екен:
«Өлмес жан, өтпес дүние жаралған ба?»

Заман.

Сірә жоқ Мұхаммедтей арызы (ғарызы) жеткен,
Ыдырыс, Ғайса пайғамбар тірі кеткен.
Ұмсын-ау: «Өлмеймін!»- деп, қапы (ғапіл) қалма,
Мынау жалған дүниеден бәрі де өткен.

Ұмсын.

Иманды адам өлгенде, қалай- демес,
Көкіректе дәрмен жоқ, денеді- күш.
«Мән раббик!»- деп, келгенде екі жендет,
Сонда пенде тіріліп, не дейді- міс?

Заман.

Тірілікте көңіл қой бір әдетке,
Иманды адам барады қаны бетке.
«Мән раббик!»- деп, келгенде екі жендет,
Жауап берер таянған Құдіретке!

Ұмсын.

Иа, Бисмилла, сақтай гөр «Мән раббиктен»!
Тақсырға қол бермедік әйелдіктен.
Сұралмаған бір сөзім қалған екен,
Елден бұрын сауапқа нені біткен?

Заман.

Иа, Бисмилла, сақтай гөр «Мән раббиктен»,
Бір бисмилла мың жылда эзер біткен.
«Сауаптың бисмиллада байлауы»- деп,
Имам Ағзам осылай айтып кеткен.

Ұмсын.

Қожеке-ау, айттың тауып, сәлемет бол,
Сізден біздің сұралмай қалды бір жол.
Заманеке, сізді біз пір тұтайық,
Таңда махшар күнінде хабардар бол!

Заман.

Ұмсын-ау, екі дүние сәлемет бол,
Жабулы бойыменен қалсын ол жол.
Бізді сыйлап, қожа деп, пір тұтсаңыз,
Таңда махшарда имам Ағзам қауымында бол!

Ұмсын.

Дәуіт темір соғады, мылтық ата,
Бір Алладан басқада көп-ті қате (хата).
Заман-еке, сізді біз пір тұтайық,
Ықыласыңмен қол жайып, берсең бата!

Заман.

Мүсәпірдің көңілінде бар дүр сана,
Жаратқан Жаббар құдай, өзі пана!
Ұмсын-ау, түрегеліп, қолыңды жай,
Өмір мен иман берсін, иа, Раббана!

Бұл қай замандағы сөз: ауыздан ауызға алынумен бұл заманға келгені. Қазақтың бұрынғы күні не естіп, не қойғанын жат білуші еді. Сондықтан бұл заманға келді. 1915-інші жылында, қоян жылы декабрь жұлдызында Айдабол: Тайкелтір табынан өрбіп, өнген Байбатыр абыз баласы Шалқарбай қажы жат біледі екен. Сол кісінің аузынан өз құлағыммен естіп, жазып алдым. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Күдері мен Ұлбикені, Ұмсын қыз бен Заман қожаны, Көтеш ақын мен Күнікей қызды, Сақау мен Тоғжан- осы төртеуін түгел сөйлеп берушіні көктен түскен төрт кітапты түгел білген жандай көру керек. Бәрі де әулие өткен, аузына қыдыр түкірген, Құдая шүкір, алхамдулла шүкір!

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы

Қозы Көрпеш-Баян Сұлу

Жаратқан жан біткенді, бір Құдай-ды,
Жаратты жарық үшіп күн мен айды.
Бұрынғы ноғай-қазақ заманында
Сөйлеймін Қарабай мен Сарыбайды.

Жарасқан нар түйеге биік өркеш,
Мен сөйлесем, жұрт тындар ертеңді-кеш.
Екеуін сәтті күні құдай қосқан,
Баянға ғашық болған Қозы Көрпеш.

Сөз қылдым Қарабай мен Сарыбайды,
Ноғайлыны екеуі асырайды.
Қолында сүйетұғын баласы жоқ,
Перзент үшін екі бай зар жылайды.

Екі бай сәтсіз атқа мінбейді екен,
Жұмыссыз ел аралап жүрмейді екен.
Дәулеті екеуінің мол болған соң,
Қасына бір-бірінің келмейді екен.

Екі бай бейсенбі күн аңға шықты,
Жұртына атанды деп өкім шықты.
Туғалы бірін-бірі көрмеген бай,
Жүргенде құлан аулап жолығысыпты.

Жүргенде құлан аулап жолығысыпты,
Бір-бірін ақылменен болжасыпты.
Сәлем берін бір-біріне тұрғанында,
Алдынан буаз марал аң қаныпты.

- Кекілін алшаң кердің сылатпан-ды,
Баласын марал атып жылатпан-ды.
Үйдегі үй кісіміз күмәнды еді,
Сарыбай, сен атпасаң, мен атпан-ды!

Сарыбай Қарабайға сөз айтқан-ды:
- Баласын марал атып жылатпан-ды.
Біздің де үй кісіміз күмәнды еді,
Қареке, сен атпасаң, мен атпан-ды!

- Екеуміз жол-жобадан адаспалық,
Далада марал үшін таласпалық.
Сарыбай, сен ат сана, мылтығың бар,
Берсең де бір мүшесін санаспалық.

Екі бай аңға шыққан әр күн екен,
Жарастықты әзілге келген екен.
Екеуі де: « Ұл тапса, бәйбішелер,
Құшақтасқан дос болсын!»- деген екен.

Екі бай әзіл сөзге кірген екен,
Бірін-бірі құмар боп көрген екен.
«Біреуі ұл, біреуі қызды тапса,
Құдай қосса біз қостық!»- дескен екен.

Қарабай құдай жазса деген екен,
Аузына жақсы лепес кірген екен:
- Үйде қатын ұл тапсын, құй қыз тапсын,
Қалың малмен берейін!»- деген екен.

Екі бай әңгімеге кірген екен,
Бір-бірінің сөзіне көнген екен.
Екеуі айдалада құда болып,
Жүз жылқы, қырық кара нар берген екен.

Қарабай кең пейілге кірген екен,
Сөйлескенін көп қызық көрген екен.
«Мінеки, бергенімнің алды осы»,- деп,
Қарғыбау Айбас құлды берген екен.

Сол кезде қара жаңбыр күн жауыпты,
Қарабай қалжың сөзбен жол тауыпты.
Қатыны Қарабайдың Мамабике,
Байы түзде жүргенде ұл тауыпты.

Екі бай аңға шығып жүрген екен,
Бір адам: «Шүйінші!»- деп келген екен.
«Қатыным ұл тапты!»- деп қуанғаннан,
Жүз жылқы сүйіншіге берген екен.

Жүргенде құлан аулап күн жауыпты,
Сарыбай қалжың сөзбен жол тауыпты.
Қатыны Сарыбайдың ол Қаракөз,
Жүргенде байы түзде қыз тауыпты.

Екі бай аңға шығып жүрген екен,
Бір адам сүйіншіге келген екен.
«Қатыным қыз тапты!»- деп қайғы қылып,
Тайлы бие сүйіншіге берген екен.

Қарабай қалың малын берген екен,
Далада естіп қуаныш көрген екен.
Қызығы көрген-білген сол-ақ болып,
Қарабай үйге жетпей, өлген екен.

Қолында бәйбішенің алтын жүзік,
Жас бала жетім қалды-ау, көзін сүзіп.
Қуанышын жалғызымның көрейін деп,
Жығылды жеткен жерде мойны үзіліп.

Той қылып екі қатын көп мал сойды,
Бұл тойға жұрт жиылып асқа тойды.
Бабай түкті шашты эзиз ақтап келіп,
Қозыке мен Баянның атын қойды.

Екі бай бір маралды тосып кетті,
Алдынан буаз марал шошып кетті.
Ер Қозыке құрсақта, Баян іште,
Іште жатқан екеуін қосып кетті.

Борайды онды-теріс көп жауған қар,
Сол күнде Сарыбайдың бейілі тар.
Сарыбай мен Қарабай құда болған шақта,
Құл екен еншілестеу Әлжаппар.

Сарыбай: «Қызымды жесір қатын, жетім балаға қор қылғанша!- деп бұзылып,- Аягөзге қарай аусақ қайтеді?»- деп, Әлжаппарға ақылдасады. Сонда қатыны айтқаны:

- Біледі Әлжаппар малдың жайын,
Жалғызға жазған шығар бар құдайым.
Баланы жастай қалған зар жылатып,
Барасың қайда қашып, қу бас байым?!

- Қой қатын, көп сөйлеме, көңілім қалар,
Көңіліме, мұнда тұрсам, қайғы толар.
Қаракөз, көп сөйлемей, жық үйінді,
Алдында ноғайлының көп жұрты бар.

Сол заманда Аягөзде Ноғайлы деген халық бар екен. Сонда Қаракөз айтады:

- Көшкенмен мұндай жерге қона алмассың,
Мұндағыдай дәулетті бола алмассың.
Жетім ұл, жесір қатын қан қақсатып,
Кеткенмен, барсаң қайда, оналмассың!

Қаракөз Сарыбайдан түңіледі,
Қайғымен ас-су ішпей бүгіледі.

- Қой, қатын, көп сөйлемей, жық үйінді!-
Деп байы қатынына жүгіреді.

Сарыбай әуелден-ақ жарым есті,
Қыз беріп, әуел неге «құдай» десті.
«Қызымды жетім ұлға бермеймін», - деп,
Аяғын Өлеңтінің өрлей көшті.

Мамабике қайғымен тарылады,
Құдасына:

- Көшпе!- деп жалынады.
Өлеңтінің бойынан көшкен күні,
Сарыбайдың сабасы жарылады.

Сарыбайдың сабасы қорлы болған,
Қырық қара нар арықтап жолда қалған.
Сарыбайдың сабасы жарылған жер,
Ақкөл мен Жайылма сонан қалған.

Баян сұлу шырайлы боп өсіпті,
Қозыкеден айрылып күй кешіпті.
Құдай қосқан құдасын тастай қашқан,
Сарыбайдай көрмесің жарыместі.

Көшкен соң Әлжаппар қуанады,
Қолына қуанғаннан ту алады.
Айшылықты алты басқан қара бедеу,
Мініп алып Әлжаппар құл жер қарады.

Әлжаппар қара бедеу атқа мінді,
Айлық жерге бір күнде барып келді.
Сарыбай Әлжаппардан сөз сұрайды:
- Біз қонғандай от-суың бар ма?- деді.

- Сареке, сондай жақсы ойың бар-ды,
Алдыңда сан жетпеген қойың бар-ды.
Бұл арада отырма үйінді жық,
Алдыңда Аягөздің бойы барды.

- Мал қонғандай алдыңда көл бар ма екен,
Ел қонғандай кең дала, жер бар ма екен?
Отын-суын көрдің бе Аягөздің,
Бізге басшы болғандай ел бар ма екен?

- Бірталай Аягөздің саласы бар,
Ноғайдың тастан соққан қаласы бар.
Бағатұғын ноғайдың көп малы жоқ,
Таусылмас әр саланың даласы бар.

Бастады Әлжаппар құл көрген жерге,
Арасы Аягөздің айлық жерде.
Түн қатып, күндіз жатып, көшіп-қонып,
Сарыбай көшіп келді Аягөзге.

Сарыбай Аягөзге көшіп келді,
Ноғайдың сиыр баққан құлы көрді.
- Дәулеті бар бір шалқар бай келді,- деп,
Мырзаға Сұлтанғазы хабар берді.

Қаракөз аппақ шаңқан үйін тікті,
Баян жас жарастырып жиды жүкті.
Ноғайдың Сұлтанғазы бір мырзасы,
Шақыртты Сарыбайды ерулікке.

- Ерулікке келсін!- деп, кісі салды,
Баянды келген кісі көріп қалды.
- Туған айдай балқыған бір қыз бар!- деп,
Жұртына ноғайлының айтып барды.

Баянның сұлулығын ноғай білді,
«Қыз келсе, көреміз», - деп қарап тұрды.
«Тойға келсе, Баянды көреміз», - деп,
Төрт жүз жігіт алдынан қоршап тұрды.

Әлжаппар құл, Сарыбай атқа мінді,
Айбас сорлы мал бағып үйде тұрды.
- Біз де барып ноғайды көрелік, - деп,
Баян сұлу, Қаракөз бірге жүрді.

Сарыбай үй-ішімен тойға келді,
Ноғайлар бай келді деп сыйлап тұрды.
Сыйы екен ноғайлардың сонан қалған,
Алдына самауырын шайды қойды.

Сонда шайды көріп тамсанып, Сарыбайдың бәйбішесі айтқан:

- Ауылға ноғай келсе, барушы едік,
Қазине малға сатып алушы едік.
Шай қылып жапырақты кім ішіпті,
Қантыңды көз ауруға салушы едік.

Бәйбіше Аяғөзді жерсінбейді,
Молдығын Аяғөздің көрсін дейді.
Үйренген қырда жүріп ол бәйбіше,
Қант, шайды алдындағы менсінбейді.

- Қой қатын, көп сөйлеме, көңілім қалар,
Ноғайлар мұны естісе, ашуланар.
Көңіл қылса, еріне қыз берелік,
Ноғайдың толып жатқан мырзасы бар.

Қаракөз бұны естіп талып түсті,
Қайғы мен нала булап, күйіп-пісті.
-Малы жоқ ноғайлының беретұғын,
Қылайын неге дәрі өңшең мысты?!

Баян жас құйған шайды алып ішті,
Қаракөз ұмытпайды өткен істі.
Жалғызы Шақшақ байдың Қодар мырза,
Баянға төрде отырған көзі түсті.

Төрде отырған Баянға көзі түсті,
Шымылдықтан көре алмай, күйіп- пісті.

Баянға ауызба-ауыз бір тілдесу,
Қодарға жұмыс болды көкейкесті.

Баян коркі таудағы мұнар болды,
Қодар көзі түсумен құмар болды.
Баянға бір тілдесіп қалайын деп,
Қайтқанда Қодар мырза қасына ерді.

Қодар мырза отыр тыста, Баян үйде,
Оң жақта құрулы тұр алтын күйме.
Күймеге үйден шығып қыз барғанда,
Соңынан қалмай ерді Қодар бірге.

Сонда Қодар айтады Баян сұлуға:

- Ақ төсін әулиенің кең алармын,
Мұндағы ноғайлармен тең болармын.
Менсінін сөйлеспейсің, сұлу Баян,
Берсем де әке-шешем сені алармын!

Сонда Баян былай деп жауап береді:

- Қолымда жетелеген нарым бар-ды,
Тимеймін ноғайлыға, арым бар-ды.
Қодеке, мазамды алмай жайыңа жүр,
Алтын айдар, шоқ белбеу жарым бар-ды!

Сонда Қодар айтқан:

- Баян жас, сен білмейсің ноғайымды,
Көрген соң ақ жүзіңді көңілім толды.
Сөйлейсің қалай-қалай пейілі қара.
Байыңның менен артық аты кім-ді?

Сонда Баян сұлу айтқан:

- Сұрасаң, менің жарым- Қозы Көрпеш,
Қызы едім мен Сарыбай- Баян еркеш.
Бабай түкті шашты әзиз хабар берген,
Тілеу тілеп жүремін ертеңді-кеш.

Баянның сұлулығын ноғай білді,
Көрген соң аламыз деп көңіл қылды.
Сарыбайға мал бағып жағу үшін,
Тоқсан мырза бас қосып жалға жүрді.

Токсан мырза кенесіп жалға жүрді,
Бір қыз үшін пенде боп қызмет қылды.
Сарыбайға жағымды боламыз деп,
Қодар бас боп, токсан құл малға келді.

Айбастың бір құдайға ісі жақ-ты,
Қодар құл ала айғырмен жылқы бақты.
Сарыбайға жағынып бағу үшін,
Түйеші, биеші боп желі қақты.

Баянның асты жасы жаңа он бестен,
Тұрса, ойдан кетпестей, жатса- түстен.
Қарағаштай азып-тозған ноғайлы елі
Айрылды бір қыз үшін ақыл-естен.

Айбас құл ерте тұрып бетін жуды,
Қодар құл ала айғырмен жылқы куды.
Құдайдың құдіретімен буаз болып,
Қанатты қара бедеу құлын туды.

Токсан құл бір Баянға таласады,
Сыртынан аламыз деп жанасады.
Құлынның: «Бақа айғыр»- деп атын қойды,
Бедеуден үш күннен соң бойы асады.

Айбас құл Баянменен болды жуық,
Жиренді Сарыбайдан көңілі суып.
- Жарыңа құдай қосқан барамын!- деп,
Жаратты Бақа айғырдың тілін буып.

Баян менен Қозыке- Құдай қосқан,
Ортадан Айбас келіп жақындасқан.
- Жарыңа құдай қосқан барамын! - деп,
Баянға Айбас келіп ақылдасқан.

Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Азыққа бір құнан қой сойып алды.
-Құдай қосқан жарыңа барамын!- деп,
Баянның домбырасын қолына алды.

Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Баянмен ақылдасып, мейірі қанды.
-Тағы да сәлемдеме бер!- деген соң,
Баянның бет моншағын оны да алды.

Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Айбастың айтқанына Баян нанды.
- Басыңнан сәлемдеме белгі бер,- деп,
Баянның қарқарасын қолына алды.

Айбас құл қашайын деп ойына алды,
Көп кідірмей жүруге ыңғайланды.
- Сәлемдеме бұйымы көп болсын,- деп,
Алтын сандық, ақ жамшы- оны да алды.

Сәлемдеме- бес бұйым қолына алды,
Бұйымдарын бір жерге жиып салды.
Жылқыдағы Бақа айғырды іздеп барып,
Түні бойы таба алмай көп сандалды.

Айбас құл Бақа айғырды іздеп жүрді,
Біреуі Тоқсан құлдың оны көрді.
-Айбас құл Бақа айғырды іздеп жүр,- деп,
Көрген құл Қодар құлға айта келді.

- Қодеке, сізден дұшпан асқалы жүр,
Ізіңді қара дауыл басқалы жүр.
Не ғып шыдап жатырсың, ау, Қодеке,
Айбас құл Бақа айғырмен қашқалы жүр.

Сонда Қодар айтқан:

- Қалаға пұл апарып сататұғын,
Айбасым маған сырын айтатұғын.
Айбас құл мені тастап, қайда кетсін,
Жылқының ортасында жататұғын.

Сонда құл айтқан:

- Қодеке, қыздан мейіз алмаймысың?
Баянға, ғашық болған, бармаймысың?
Айбас құл Бақаайғырмен қашқалы жүр,
Тіліме, көріп келсем, нанбаймысың?

Қодар қостан ақырып тұра келді,
Қатты даусы Айбасқа естіледі.
Айбас қайтып жылқыдан жетіп келді,
- Даусың неге шықты, айтшы, Қодар?- дейді.

Сонда Қодар айтқан:

- Айбас құл, жүрмек болсаң, мен не етейін,
Бір салып қамшыменен еңіретейін.
Мені тастап, тазшаға жүрмек болсаң,
Қолымнан амандасып жөнелтейін.

Сонда Айбас айтады:

- Қолымнан өзім жазып хат берейін,
Кісіні сізден басқа жат көрейін.
Қодеке, құлға сенбей, жайыңа жат,
Болғанда ертең сәске ат берейін.

Қодар сеніп бұл сөзге жатып қалды,
Айбас қайтып жылқыға жаяу барды.
Қызыл іңір болғаннан жылқы аралап,
Таң атқанда айғырын тауып алды.

Сәлемдеме бес бұйым қолына алды,
Бақайғырды баса ерттеп мініп алды.
Аягөздің бойынан шыққан күні,
Итішпестің бойында ұйықтап қалды.

Ертең сәске болғанда жылқы келді,
Жылқы баққан тоқсан құл елге келді.
- Түндегі мал күзеткен Айбасың жоқ,
Енді қайдан табамыз, Қодар?- деді.

Сонда Қодар айтты:

- Сендерге Айбас сырын айтқан шығар,
Ауылға таң атқан соң қайтқан шығар.
Күзетте таң атқанша жүрген байғұс,
Бір шұңқырда қорғалап жатқан шығар.

-Тоқсан кісі жер жүзін іздеп жүрдік,
Тобылғылы шұбардан ізін көрдік.
Өзен, су, томар, көлден түк қоймадық,
Таба алмай, келіп сізге хабар бердік.

Қодар бұл сөзді естіп тұра келді,
Жылқыдан ала айғырын ұстап мінді.
- Не де болса тілдесіп қалайын!- деп,
Сегіз құл он алты атпен іздеп жүрді.

Қодар мен Әлжаппар құл төрт ат мініп,
Қасына қос атпенен алтау еріп.
Итішпестің бойында жатқанында,
Сегіз құл он алты атпен жетті келіп.

Сонда Қодар сөйледі:

- Айбас құл, жүрмек болып көрдің бе түс,
Көресің алғыс айтсаң көп рәйіс.
Күймеде Баян сұлу жылап жатыр,
Барасың қайда қашып, Айбас байғұс?

Сонда Айбас айтты:

- Қодеке, бұл сөзіңе шын нанам мен,
Аузыма мейіз берсең саламын мен.
Жыласын маған неге сұлу Баян,
Жарына құдай қосқан барамын мен.

Сонда Қодар айтты:

- Айбас құл, жылдам үйге қайтшы,- дейді,
Сөзіңді майда қылып айтшы,- дейді.
- Айбастың айтқан сөзін есіттің бе,
Әлжаппар оғың кезеп тартшы!- деді.
Айбас құл ұшып жерден түрегелді,
Кеудесін жалаңаштап тоса берді.
Әлжаппар атқан оғы көкке шығып,
Қодардың атқан оғы жерге кірді.

Сонда екеуінің оғы бірдей далаға кеткенін көздері көрген соң:
-Бұған да бір кезек берейік,- деп,- енді сен атшы!- деді.

Бірі айтты:

-Аттың басын қарат,- деді,
- Қашпак, қумақ- бұрынғы санат,- деді.
- Баянмен ақылдасып көңілің өскен,
Айбас құл, жолың ақ қой, сен ат!- деді.

Айбас құл оқ атуға ыңғайланды,
Біреуін қырық кез оқтың қолына алды.
Он алты сегіз құлдың атын атып,
Бойында Итішпестің жаяу қалды.

Айдалада сегіз жан жаяу қалды,
Айбас байғұс құтылып демін алды.
Далада сегіз құлдың алтауы өліп,
Қодар мен Әлжаппар құл елге барды.

Айбасқа ерлік, мақтау жарасыпты,
Токсан құл бір Баянға таласыпты.
Туғалы жол жүрмеген бейшара Айбас,
Жолынан жүретұғын адасыпты.

Айбас құл адасқанын білмей қалды,
Қыз үшін кәріп (ғарып) жанын отқа салды.
Итішпестің бойынан шыққан күні,
Екі қалың ағашқа душар болды.

Айбас аттан түсті де, жата қалды,
Бақа айғырын суытып, демін алды.
Баянның домбырасы ұмыт қалып,
Домбыралы-Моншақты содан қалды.

Айбас құл адасқанын білмей қалды,
Қыз үшін кәріп жанын отқа салды.
Баянның алтын сандығы түсіп қалып,
Алтынсандық, Ақшатау содан қалды.

Айбас құл адасқанын білмей қалды,
Қыз үшін кәріп жанын отқа салды.
Тоқырауын Бақа айғыр тоқтаған жер,
Тоқырауын- Жамшылы содан қалды.

Айбас құл адасқанын білмей қалды,
Қыз үшін кәріп жанын отқа салды.
Баянның қарқарасы түсіп қалып,
Қарқаралы-Қазылық содан қалды.

Айбас құл адасқанын білмей қалды,
Көп ағашты бір тауда демін алды.
Баянның туған жерін танып біліп,
Баянауылы деген тау содан қалды.

Айбас құл адасқанын жаңа білді,
Бойына Есіл-Нұра қайтып келді.
Есіл-Нұра бойына жеткен кезде,
Бақаайғырдың белі ісіп жауыр болды.

Ай қараңғы, күн бұлт, тұманданды,
Қозыке Баян жасқа құмарланды.
Үш күн жатып айғырын жазып алып,
Жауырбұғы деген тау сонан қалды.

Айбас құл онан шығып тағы жүрді,
Танымаған көп жерді көзі көрді.
Шу, Таластың бойына келген екен,
Көп қой жайған қойшыға душар болды.

Айбас байғұс қойшыға тура жүрді,
- Қай ауылдың қойы?- деп сұрау қылды.
- Шын танымай тұрмысың, Айбасеке,
Баққаным Қарабайдың қойы,- деді.

Екеуі ата-тегін теріседі,
Малтасын торсықтағы бөле ішеді.
Қойды баққан Қонғабай кенже інісі,
Танысып, зар жыласып көріседі.

Айбас құл Бақа айғырға мініп келді,
Үйге таман аяндап желіп келді.
Бақа айғырды белдеуге байлай салып,
Үйіне Қарабайдың кіріп келді.

Қайғымен Мамабике тарылады,
Айбас құл түздегі асқа жарымады.
Қартайған қайғыменен Мамабике,
Өзі берген Айбасты танымады.

- Орнымнан, отыра алман, тұрсам дағы,
Танымаймын, сол кеше көрсем- дағы!
Шырағым, қай баласың, жөніңді айтшы,
Қалмаған жұрт танырлық мұршам-дағы.

- Үйіне мұнан бұрын келіп пе едім,
Күнінде түгел тұрған көріп пе едің?!
Екі бай аңда жүріп құда болып,
Айбас құл қарғыбауға беріп пе едің?

- Күн қайда көрісетін күліп- ойнап,
Шырағым, жылқыда жүр бие байлап.
Жолаушы боп жүре бер, танып қояр,
Жүр еді тазшаменен асық ойнап.

- Қарағым, сенен менің тілегім болсын: Келдім деме, мен көрдім деме: жолаушы болған бойыңмен жүріп кете бер: егер сені танып, бір хабар алса, мені ұлытып тастаған бойымен тастап кетер де қалар, онан соң менің бұл күнім өзіме көр болып, қараң суалып қаламын ғой, енді менің обалыма қалма!- деген соң, Айбас аттанып жүре берді. Сонда іште қалған Қозыны бір көріп кетуге құмар болып: «Өзім бір көріп кетейінші!», - деп, жанасалап, жанамалап асық ойнап жатқан балаларға келеді.

Айбас құл Бақа айғырға мінді дейді,
Құмарланып көруге келді дейді.
Тазшаменен жүр екен асық ойнап,
Айбас байғұс көргелі келді дейді.

Қозыке ойнар алтын сақа салып,
Тазшаның бар асығын ұтып алып.
Көрген жерден таныды Айбас құлды,
Асық ойнап жүргенде қарап қалып.

Ойнап жүрген тазшамен керіседі,
Ұтып алып кенейді, бөліседі.
Ойнап жүрген асығын тастай беріп,
Түрегеліп Айбаспен көріседі.

- Жақсының жүрген жері той-мереке,
Бұл елге қашан келдің жалғыз жеке?
Жарымнан құдай қосқан не білесің?
Шын сөйле, бұлтармастан, Айбас-еке?!

Айбас бұған келгенін білдірмейді,
Сәлем беріп көрісіп үндемеді.
«Білдірсем, жұртқа өсекші болармын!»- деп,
Үндемей атқа мініп жөнеледі.

Қозыке, айтпаған соң, қапа болды,
Көңіліне ызаланып құса толды.
Үш түйе сексеуілден көмір жағып,
Ұсталарды жидырып алып келді.

Ұсталар соғып темір, садақ қылды,
Ер Қозыке садақ атып талап қылды.
Өрмек құрып отырған бір кемпірдің
Үйін атып, көшіріп мазақ қылды.

Кемпір сөзің балаға тік айтады,
Ойнап жүрген баланы мұңайтады.
- Өрмек құрған кемпірді әжуа қылмай,
Жарыңды іздеп алсайшы!- деп айтады.

Ақылы жоқ бұл кемпір нені айтады,
Бар сөзің өзі білмей, кім айтады?!
- Үйінді өзім орнына қондырайын,
Айтқан сөзің түгел айт!- деп айтады.

- Бір тудың Қарабай мен Сарыбайдан,
Сендерді тілеп қосты бір құдайдан.
Оған неге бармайсың, байғұс балам,
Құдай қосқан жарың бар сұлу Баян.

Қозыке бұл сөзді естіп түңіледі,
Қайғымен ас-су ішпей бүгіледі.
Ойнап жүрген садағын тастай беріп,
Шешесінен сұрауға жібереді.

Қозыке жылап үйге қайтты дейді,
Кемпір әбден ұқтырып айтты дейді.
«Қай мезгілде Баянды көремін?!» - деп,
Үш күн, үш түн дым сызбай жатты дейді.

Үш күн, үш түн арада өтті дейді,
Қарны ашар мезгілі жетті дейді.
- Қарным ашып барады, жан шешеке,
Қазаныңды ассаңшы!- депті дейді.

Үш күн, үш түн арада өтті дейді,
Шешесіне бір қайғы бітті дейді.
- Қазанымды асайын, шырағым-ай,
Жантақ теріп келе ғой,- депті дейді.

Ер Қозыке жантаққа кетті дейді,
Жантақ алып үйіне жетті дейді.
Жантақ теріп келеді жалғыз бала:
- Шешеке, бидай қуыр,- депті дейді.

Шешесі жалғызының тілін алды,
Қазанына бір аяқ бидай салды.
Жалғыз бала қасында қарап отыр,
Бидай пісер мезгілі болып қалды.

Бидай пісер мезгілі жетті дейді,
Күйіңкіреп түп жағы кетті дейді.
- Бидай салып берейін тойғаныңдай,
Аяқ ұста, шырағым,- депті дейді.

- Шешеке, сенен басқаны танымаймын,
Аса қарным ашпаса, налымаймын.
Шешеке, маған берсең, қолыңмен бер,
Аяқ пен шөмішіңе жарымаймын.

Шешесі жалғзының тілін алды,
Қазандағы бидайға қолын салды.
Бидайды уыстаған бойыменен,
Шешесінің қолын ұстап тұра қалды.

Шешесі жалғыз ұлын күтті дейді,
Ыстық бидай қызуы өтті дейді.
- Адамың атастырған бар ма, жоқ па,
Шешеке, соныңды айтшы?- депті дейді.

Ыстық бидай қолынан өтті дейді,
- Бұл қу шұнақ не пәле айтты?- дейді.
- Ата-анаңның атастырған адамы жоқ,
Антұрғанға кім айтқан?- депті дейді.

- Кім көрінген кемітіп мені айтады,
Өрмек құрған кемпірлер нені айтады?!
Кімге озбырлық қылсам, сол тура басып,
«Еріншек ез құл!»- десіп, мені айтады.

Ыстық бидай қолынан өтті дейді,
- Жұрт өсегі түбіме жетті!- дейді.
- Қолым күйіп барады, босатшы енді,
Қалыңдығың бар еді!- депті дейді.

Өкініп ұмытпайды өткен істі,
Айрылып сүйгенінен қайғы құшты.
Бидайды қолындағы босатқанда,
Терісі алақанның бірге түсті.

- Аларсың хордың қызын, барсаң, балам,
Ұйықтасам, түсімде жоқ мұндай заман.
Көз алдымда сен мені тастап кетсең,
Айрылдым жалғызымнан, не дүр шарам?!

- Есен болсам, келермін айда, анам,
Алдыңа қойып кетем малды, анам!
Атам қосқан Баянға бару үшін,
Мен ортаға салам жанды, анам!

- Сұм шешең сен кеткесін, қор болады,
Жалғзынан айрылған сор болады.
Шешенді зар жылатып тастап кетсең,
Сұмырай шешең біреуге күң болады.

- Шешеке, мен тіріде болмассың қор,
«Жалғыз балам бар,- дерсің,- қайнында жүр».
Барған кісі қайынынан қайтпай ма екен,
Жалғзың бір күн келер, қара да тұр.

- Жалғзым, мен білмеймін келерінді,
Білемін барғаннан соң өлерінді.
Тәңірден тілеп алған жалғзым-ай,
Үзейін арыздасып күдерімді.

Ұша алмас балапан құс бөрі алдында,
Жүзің ыстық көрінсін көп алдында.
Сен кеткен соң тоқсан құл, күң қылады,
Қор қылмастан көміп кет, көз алдында.

Қозыке айтты:

- Ақсақалдар бата оқыр туған айға,
Иманды құл кіреді кең сарайға.
Мен түгіл әкем де өліп, өлгенің жоқ,
Жыларсың өзің үшін бір құдайға.

Қозыкенің жүген алып жылқыға барған жері:

Қыстауы Қозыкенің Шатқара-ды,
Сан жетпеген жылқыдан ат қарады.
Жүгенін сылдыратып тұрғанында,
Арда күрең қотыр тай жалт қарады.

Ай қараңғы, күн бұлт, тұман болды,
Қозыке Баян жасқа құмар болды.
Арда күрең тай екен жалт қараған,
Қозыке жүген салса, құнан болды.

Баян сұлу, Қозыке өлең болды,
Құдай берген жақсыға өнер болды.
Құдайдан сол уақытта пәрмен болып,
Ер тоқымын салғанда, дөнен болды.

Көңілі Қозыкениң бітті дейді,
Көп заман сонан бері өтті дейді.
Арда күрең бестіге мініп алып,
Қозыке үйге аяндап кетті дейді.

Сонда Қозының жүрерін біліп, шешесінің айтқаны:

Шешесіне бір қайғы бітті дейді:
- Қайғыменен өмірім өтті!- дейді.
- Сан жетпеген жылқың бар, шырағым-ай,
Оны кімге тапсырдың?- депті дейді.

Парақор би жұрт бұзып төре берер,
Елді бұзған жаманды құдай ұрар.
- Мен кеткен соң бір құдай сақтамай ма,
Жылқы баққан Жидебай бағып жүрер.

Шешесіне бір қайғы бітті дейді,
- Қайғыменен өмірім өтті!- дейді.
- Қора толған қойың бар, шырағым-ай,
Оны кімге тапсырдың?- депті дейді.

Қозыке көңілі көшін кетті дейді,
Шешесінің түбіне жетті дейді.
- Қора толған қой болса, маған десе,
Аш бөріге жолықсын!- депті дейді.

Шешесіне бір қайғы бітті дейді,
- Біткен дәулет түбіме жетті,- дейді.
- Сыймай жатқан желіге түйең бар-ды,
Оны кімге тапсырдың?!- депті дейді.

Жүрмек болып шын көңілі кетті дейді,
- Малға айналып өмірім өтті,- дейді.
- Желіге сыймай жатса түйең, шешем,
Алакүлік оттасын,- депті дейді.

Шешесіне бір қайғы бітті дейді,
- Қайғыменен өмірім өтті,- дейді.
- Жасыңнан ақ сүт берген, қарағым-ай,
Мені кімге тапсырдың?!- депті дейді.

Азған ел қысым көрсе ұлық жақтар,
Байы өлсе, қара салып қатыны жоқтар.
- Мен түгіл әкем де өліп, өлгенің жоқ,
Қайғырма мен кетті деп, құдай сақтар.

Шешесі кетпесін деп құдайға ат айтады,
Хат білмеген ұғып ап жат айтады.
Жалғызының кетерін білгеннен соң,
Белін бекем буып ап қатайтады.

- Ауылын Сарыбайдың көргенің жоқ,
Жалғызым, кетеріңді білгенім жоқ.
Шырағым, өзің үшін қайғырамын,
Болмаса әкең де өліп, өлгенім жоқ.

- Бастаушым бар, жан тілін алма деген,
Садағыңды беліңнен салма деген.
Сәрсенбі күн жұмысыңды бітір- дағы,
Бейсенбі күн жолыңнан қалма деген.

- Жаста кеткен Баянның беті аппақ,
Бұрынғыдай заман жоқ, бұзылған шақ.
Барма десем болмадың, қуарған қу,
Қодар атты құлынан жерсің таяқ.

Қодар деген немене, құл ма, сірә,
Жатқанымнан тұрмайын өлсем сонда.
Бір сөз айтсаң, «өлесің» дей бересің,
Шешем, неге қыласың жаман жора?!

- Тәңірден тілеп алған жалғыз бала,
Сені маған көпсінген құдай тағала.
Сен кеткен соң тоқсан құл күң қылады,
Арыздасып қалайын бір-ақ жола!

- Құдай басшы, күрең ат жолдасым-ды,
Баянға қылдым құрбан бұл басымды.
Жан барында іздейін сүйген жарды,
Бір өлген соң, білемін, тұрмасымды.

Шешеке, мен еркек пе, ұрғашы ма,
Мен Баяннан басқаны алман, сірә.
«Әкем қосқан Баянға бармасын!»- деп,
Сөйлеп сөзім өтпейді-ау құрдасыма!

Қыстауы Қозыкенің таулы дейді,
Қалыңнан ат жүре алмас қауды дейді.
- Айрылып жалғызымнан қаламын!- деп,
Шешесі көкке емшегін сауды дейді.

Шешеке үйде отырып күйді дейді,
Қозыке ұшып жерден тұрды дейді.
- Сен кеткен соң мен мұны қайтемін?!- деп,
Мүкәммалын далаға үйді дейді.

Жайлауы Қозыкенің бетегелі,
Керме иық, тыран ойлы бөтегелі.
- Сен кеткен соң, мен мұны қайтемін?!- деп,
Шашыпты дүниелігін өртегелі.

Қозыке жүрмек болып атқа мінді,
Шешесі жүрмесін деп, жылай берді.
Қозыке атқа мініп тұрған жерде,
Шешесі жылап тұрып жауап берді.

- Аттан -дағы жүре бер көрінбей-ақ,
Ашуымды келтірме, жерсің таяқ.
«Барма!»- десем, болмадың, жалғыз бала,
Барғаныңнан еш келме, сөзім сол-ақ.

- Қарғыс емес, алғыс қой қарғаның,
Қорқамын ба Қодардан бармағаным.
Шешеке, бүгін жаман түс көрдің бе,
Көзімше жора қылып қарғаның.

- Баянға сен барасың намыс қылып,
Не жақсылық көресің онда жүріп?!
- Емшек берген әрі жат,- дерсің, балам,
Әл-ауқатым кім білер мұнда келіп?!

- Менен жақсы болды ма кеткен Баян,
Алдыңда жылап отыр тапқан анаң.
Киім болса, кие кет үйден, балам,
Сен кеткен соң не болар кәріп анаң?!

Қозыке амандасып атқа мінді,
Шешесі жылап үйде қала берді.
Ақ сүт берген анасын қиып тастап,
Қозыке Баянды іздеп жолға жүрді.

Қозыке Баянды іздеп кетті дейді,
Бұл жалған кімге опа етті дейді.
Ауылдан алты қонып шыққаннан соң,
Айбас қуып артынан жетті дейді.

Айбас Қозыкенің жатпасын біліп: «Осы бір іздеп шығады ғой!»-
деп, ел арасында жай жолаушы болып жүрген екен.

Ақынға құдай берген тіл мен жақты,
Білген сөзді қалдырсақ, бізге ұят-ты!
Айбас сорлы артынан жеткен жерде
Баянның айтқан сәлем сөзін айтты.

Қозыке шаш ал десең, бас алады,
Оң сөзге түспей жаман қас қалады.
Баянның айтқан сөзін естіген соң,
Елжіреумен көзіне жас алады.

Қозыке жазған хатты оқып білді,
Көңіліне құпиялап сақтап сырды.
Сарыбайға жаранып жағамыз деп,
Айтыпты дұшпан болған тоқсан құлды.

«Шырағым, сені мендей көрсін,- депті,
- Айбасты анық тіл деп білсін,- депті.
- Әкем мені Қодарға бергелі жүр,
Тірі болса кешікпей келсін!»,- депті.

Баянның әр сөзіне мейірі қанды,
Өргеніп, іші-бауыры от боп жанды.
Сәлемдеме бергені көп-ақ еді,
Қонған-түскен жерлерде ұмыт қалды.

Айбасты құдай десін іні қылды,
Сарыбайдың ауылын іздеп жүрді.
Керде күрең, Бақа айғыр мінген аты,
Аягөздің бойына жетіп келді.

Жақсы-жаман кісіні көз көреді,
Тыңдасаң, Қозыкеден сөз келеді.
Аягөздің бойына жеткен күні,
Көп қой жайған қойшыға кез келеді.

Екі жігіт қойшыға жетіп келді,
- Қай ауылдың қойы?- деп, сұрап білді.

- Сен кеткелі көп заман болып еді,
Қай жақтан келіп тұрсың, Айбас? - деді.

- Баянның бұзылмаған ойы, - деді,
- Тал шыбықтай бұралған бойы,- дейді.
- Шын танымай тұрмысың, қашқын Айбас,
Баққаным Сарыбайдың қойы,- дейді.

Айбас пен Қозыке амал қылды,
Күн жайлатып тазшаны адастырды.
Баян жас осы жерге бір келер деп,
Алай-дүлей ұйтқытып боран қылды.

Тазша адасып далада өліп қалды,
Оның киімін Қозыке киіп алды.
Күннің боран болғанын көрген соң-ақ,
Сарыбай Баян жасқа жетіп барды.

- Баян жас, бал қаймақты алшы,- дейді,
- Сөз айтам, құлағыңды салшы,- дейді.
- Мал кетер күн аңызы жаман болды,
Қарағым, қой алдынан баршы!- дейді.

- Атаке, сіз -биік тау, біз бір- шынар,
Ғашық жар, бір көрсем деп, көңілім құмар.
Атеке, өзіңізбен бір жүрмесем,
Ноғайдың бозбаласы мазақ қылар.

Баян жас қойға таман қадам басты,
Қойды көріп, көзінен төкті жасты.
Баян қойға жеткенде күн ашылып,
Әкесімен бірігіп қой айдасты.

Жұрт білмеген Сарыбайдың қойы көп-ті,
Баян Сұлу Қозыкеге іңкәр бопты.
Баян Сұлу қой айдап жүргенінде,
Көлденендеп жүрмейді қотыр тоқты:

- Апеке, не бересің енді?- дейді,
- Күрең атты жездемді көрдім,- дейді.
- Айбасекем Бақа айғырмен қасында жүр,
Сүйіпші бер, жездекем келді,- дейді.

Сұлу қыз текеметке түр салады,
Баян сенбей көңіліне кір салады.

- Ойбай, күйген жанымды күйдірме!- деп,
Құйрыққа камшыменен бір салады.

Қоңыр тоқты шыдамай керіледі,
Баянменен сөйлесуге ерінеді.
Қыздың соққан қамшысы киелі боп,
Қой құйрығы жырмаш боп бөлінеді.

Тоқты жерден бір жұлып шөпті алады,
Баян сұлу құдіретке таң қалады.
-Мені неге жазықсыз соқтың, Баян,
Ақ жүзіңе дақ түссін!- деп салады.

Тіліне қоңыр тоқты Баян нанды,
Желкесінен бір тал жүнін жұлып алды.
Қамшыменен арқасын бір сипады,
Қазаққа сонан мирас болып қалды.

Сарыбай қызыменен қойға келді,
Баян сұлу бір шетте жалғыз жүрді.
Сарыбай қой қайтара кеткен екен,
Қозыке тазша болып қызға келді.

- Баян жас, бал қаймаққа жаримысың,
Қыдыр боп жолаушыға даримысың?!
Әкеңнің атастырған жары кім-ді,
Тазша боп душарласса, танимысың?!

- Сұрасаң, менің жарым- Қозы Көрпеш,
Қызы едім мен Сарыбай- Баян еркеш.
Келер атты күн бар ма, ойбай тәңірі,
Мен құдайдан тілеймін ертеңді-кеш.

- Қойыңа мұнан бұрын келіп пе едің,
Жарым бар ғой деп анық біліп пе едің?
Жарыңның қай жерінде белгісі бар,
Бесікте қалған күнде көріп пе едің?

- Сағындым құдай қосқан, алған жарды,
Әкемнің жаста айырған пейілі тар-ды.
Бабай түкті шашты Әзиз хабар берген,
Алтын айдар астында мені бар-ды.

Жеткізді бір тілекке Құдіретім,
Қозыке Баян жастың корді бетін.

Баянға күйеулігін білдіргелі,
Көрсетті, ашып басын, айдар шетін.

Баян жас өз күйеуін біліп алды,
Тіл қатып бір-екі ауыз мейірі қанды.
Қозыке қылып тағат тұра алмады,
Баянның оң бетінен сүйіп алды.

Қар кетіп қара жерге қақ тұрыпты,
Сүйген құлға дәулет пен бақ тұрыпты.
Сағынып Қозыкенің сүйгенінен,
Бетіне Баян жастың дақ тұрыпты.

Баян жас өз күйеуін білді анық,
Түнде алтын күймеде жүрді дарып.
Баян жас өз күйеуін таныған соң,
Алтын табақ қояды мейіз салып.

Баян жас опа жақпас ақ бетіне,
Қозыке ерді тазша боп қой көтіне.
«Үйге кірсем жұрт біліп қояды!»- деп,
Алтын күйме құрдырды қой шетіне.

Қозыке қойды бағып үш жыл жүрді,
Білдірмей Баянменен ойнап күлді.
Үш жылдан соң күймеде жатқан жерде
Сарыбайдың тезек терген күні көрді.

Қара күннің көргенін Баян білді,
Ұйқылы-ою сескеніп тұра келді.
Барып әке-шешеме айтады деп,
Сезіктеніп Баян жас күнді өлтірді.

Бір күн келіп Баян жас:

- Тұршы,- деді,-

- Үйге таман, шырағым, жүрші,- деді.-

- Әке-шешем қуансын, «күйеуім» деп,

Ақ шымылдық кәдесін қылшы!- деді.

Қозыке Баянменен үйге кірді,
Екеуі ойнап- күліп бірге жүрді.
Алтын айдар белгісін ашып еді,
Қараңғы үй шам жаққандай жарық болды.

Ақ жүзі екеуінің бірдей болды,
Шымылдықтың ішінде ойнап-күлді.
Бетіне жарық сәуле түскендіктен,
Ұйықтап жатқан шешесі оны көрді.

- Шырағым, қашан келдің, шыныңды айтшы,
Кешіктірмей, ұзатып алып қайтшы.
Қойды бағып, қор болып жүргеніңше,
Көңілің жақсы жүргендей жылқы бақшы.

Қозыке ертең атқа мінді дейді,
Айбас құл тазша болып ерді дейді.
Ауыл жақтан екеуі келе жатса,
Жылқыдағы Қодар құл көрді дейді.

Ауыл жақтан екеуі келді дейді,
Жылқыдағы Қодар құл көрді дейді.
- Ауыл жақтан келіпсің, екі тазша,
Баян не сәлемдеме берді? - дейді.

- Ала құлаш ала айғыр мінген атым,
Айтсам аузым сүйінер қыздың атын.
Ауыл жақтан келіп тұрған екі тазша,
Қандай сәлем жіберіпті біздің қатын.

Сонда бұлар айтады:

- Баян жас, ай, Қодеке, - десін отыр,
Талдай бойы Баянның өсіп отыр.
Қодар деген сен болсаң, «сәлем, - деді, -
Тірі болса, тез келсін», - десіп отыр.

- Баян жас, ай, Қодеке, - десіп отыр,
Баян шашын ширатып есіп отыр.
«Өзімнің құдай қосқан жарым келді,
Шұнақ құл көтін қыссын!», - десіп отыр.

Қодар құл ашуланып түрегелді,
Жылқыдағы ала айғырын ұстап мінді.
Баянға ауызба-ауыз тілдесуге,
Жылқыдан сегіз кісі елге келді.

Ғашықтар болған машұқ құдай сүйіп,
Қодар жүр екі ортада іші күйіп.

Сегіз кісі жылқыдан келе жатса,
Алдынан Сарыбай жүр түйе жиып.

Сонда Қодар айтады:

- Сарыбай, пейілің жаман, болдың сараң,
Бақсам да көп жылқыңды, күнім қараң.
Қосылып тазшаменен кәміл тапты,
Күймеде Баян деген бақты қараң.

Сонда Сарыбай сөйлейді:

- Алтын күйме ішінде Баян жаным,
Шашбауының шашағы қырық бір талым.
Сен тұрғанда, ешкімге бере қалман,
Үндемей жылқыңды бақ, Қодар жаным!

Қодар түзден қуанып қайтып кетті,
Қозыкенің жайланып көңілі кетті.
Жылқыда ала қыстай бірге жүріп,
Жазғытұрым болғанда елге кепті.

Мойнына кер төбелдің тұмар тақ деп,
Шақырды Айбас құлды:

- Отты жақ!- деп.

Ауылға бие байлап, Қодар мырза,
Шақырады Қозыкені:
-Желі қақ!- деп.

Қодарға күштілігін білгізеді,
Айбасты ақылменен жүргізеді.
Қодардың қол ағашын керек қылмай,
Қолымен жерге қазып кіргізеді.

Сонда Қодар айтады:

- Ақ түзін әулиенің кең айтады,
Ақылы жоқ Қодар құл нені айтады:
- Мынау тазша күшті ме екен, Әлжаппар-ау,
Аударыспақ ойналық, - деп айтады.

Қозыке бұл сөзді естіп түрегелді,
Қысыр емген тел торы тайга мінді.
Торы тайға Қозыке мініп алып:
- Толағай бас Қодарым, келші!- деді.

Өктем-өктем сөйлейді малды кісі,
Балуанға тұрады әлді кісі.
Сонша жерден қыз іздеп келгеннен соң,
Құлдан қайдан жасқанар жанды кісі.

Баянжан тоқсан құлға көз салмайды,
Қозыкеден басканы ойға алмайды.
Ала атпенен Қодар құл тартып еді,
Қозыке тай үстінен қозғалмайды.

Қозыке бір құдайға сыйынады,
Токсан құл тамашаға жиылады.
Қодар құлды ала аттан тартып алып,
Ұршықтай айналдырып иіреді.

Қодар күліп ойын деп ыржақтайды,
Басқа тартқан үкідей былғақтайды.
- Қодеке, бар болғаның осы ма?- деп,
Аш белінен қысып ап бармақтайды.

Сонда Қодар ашуланып, жыламсырап, долданып сөйлейді:

- Антұрған мынау тазша түпке жетті,
Мені аударып алған соң, көңілі бітті.
Кісі өңгеріп ойнаған ойының құрысын,
Қоя бер, ердің қасы ішіме өтті.

Саудаға Үргеніштей қала бар ма,
Сөзінде Қозыкенің шала бар ма?
Қодар құлды босатып қоя берді,
Сол жерде қысып қойса, шара бар ма?!

Баян алтын күймеде отыр еді,
Аударысын бұлардың көзі көрді.
«Шырағым құлдан өлер емес екен»,-
Деп жағасын ұстаумен тәубе қылды.

Көп жылқы жүрді түзде бетіменен,
Ер Қозыке жүреді еркіменен.
Қодардың жүрегіне бір тиген соң,
Қашып жүрді жылқының шетіменен.

Сарыбай жұрт асқан бай салтанатты,
Құдай оған көп қылды қолғанатты.

Орманбет би ноғайдың бір тап елі:
- Ат шаптырған ас бар!- деп, сауын айтты.

Баян мен Қозыкені құдай қосты,
Екеуі тар күймеде көңіл қосты.
- Жұрт барған ас жиынға барайын,- деп,
Қозыке Баянменен ақылдасты.

- Шырағым, сен жылқыңнан қалма,- деді,
- Садағыңды беліңнен алма,- деді.
- Көп біріксе, бір ауыз жоқ болады,
Жұрттан жалғыз жүрсің ғой, барма!- деді.

Қозыке Баян жастың тілін алды,
Сан жетпеген жылқыда жалғыз қалды.
Үйде Баян, жылқыда – ер Қозыке,
Өзге жаннан түк қалмай асқа барды.

Не болар жұртсыз жалғыз көрген күнім,
Сайраған көңіл ашып қызыл тілім.
Жылқыда Баянменен тілдес екен,
Баласы тор биенің торы құлын.

Қақ басқа құрыкпенен құлынды ұрды,
Енесіне емізбей, түңілдірді.
Қозыке жылқы ішінде күн жайлатып,
Шынғыртып ноқтаменен буындырды.

Баян даусын естіп, есік ашты,
Құлынды көріп, желіге қадам басты.
Желіге жеткен шақта күн ашылып,
Қозыкемен сүйісіп құшақтасты.

Екеуі құшақтасып бірге жүрді,
Күймеге ойнап-күліп бірге кірді.
Құшақтасып күймеге кірген шақта,
Ауылдан екі қатын көріп қалды.

Екеуі төрт күн, төрт түн ойнап күлді,
Жиыннан жұрттан озып Қодар келді:
- Үйдегі жылқы баққан тазшаға,- деп,
- Әкелдік көтен, мойын, бауыр,- деді.

Байларға жақсы-жаман көп келеді,
Танымаған кісіні жек көреді.

- Қу тазша жылқы баққан бір тойсын,- деп,
- Ап келдім шек-қарын мен өкпе,- деді.

Жылқыда Айбас байғұс жалғыз жүрді,
Қодар құл тазшаны іздеп ел қыдырды.
Елден таппай ауылға келген жерде,
Екі қатын: «Көрдік!»- деп хабар берді.

Қодар құл тазшаны іздеп, ел қыдырды,
Елден таппай күймеге жетіп келді.
Терезеден екеуін көріп қалып:
- Тазша не ғып жатыр?!- деп еңіреді.

Қодар жылап күймені үш айналды,
Қозыкеден кіруге бата алмады.
- Бақты қараң тазшамен бір жатыр,- деп,
Қодар жылап Сарыбайға жетіп барды.

- Сарыбай, пиғылың жаман кәпір,- дейді,-
- Күймеде қызың болды қатын,- дейді.
- Не ғып шыдап отырсың, [ай], Сареке,
Бақты қараң тазшамен жатыр,- деді.

Сонда Сарыбай айтты:

-Тіліңе жалған айтқан ере алман,
Мезгілсіз алдауыңа көне қалман.
Жылқы бағып жүре бер, Қодар балам,
Сен тұрғанда ешкімге бере қалман.

Сонда Қаракөз айтты:

- Сарыбай, білемісің тоқсан құлды,
Қыз үшін бәрі бірдей жалға жүрді.
Құлға тартып сөйлеме бұрынғыдай,
Құдай қосқан Қозыке жалғыз ұл-ды!

Даладан мерген кісі мылтық атсын,
Қалаға пұлды кісі пұлын сатсын.
Мал бермеген Қодарды не қыласың,
Құдай қосқан өз жары, жатса, жатсын!

Сарыбай бұл сөзді естіп ашуланды,
Қодар мен екеуі' бір боп алды.
Қодар менен Сарыбай ақылдасып,
Көп ноғайды шақырып жиып алды.

Қаракөз Сарыбайға жалынады,
Өкпесі Сарыбайдың қабынады.
- Өлтіріп, обалына қалмай жастың,
«Тап,- десең,- бар елінді!» не қылады?

Сарыбай қайыспайды шейлі азған,
Өлтіріп саламыз деп құдық қазған.
Айтқан тілін байына алдыра алмай,
Жылады:

- Сақтай гөр!- деп, қатын жазған.

Қаракөз жан-жағына көзін салды,
Толыпты ноғайлыға үйдің алды.
Тамам ноғай жиылып ақылдасып,
Алтын күйме жан-жағын қоршап алды.

Күйменің жүрер жолын бөгетеді,
Тал түсте ноғай қамап жүдетеді.
Күймеде ер Қозыке қысылған соң,
Күрең аттың бір тал қылын түтетеді.

Айбас байғұс жылқыны бағып жүрді,
Сарыбайға жаранып жағып жүрді.
Бақа айғыр күрең ат пен бір тұр екен,
Айбас құл:

- Неге тұр?- деп, келіп көрді.

Күрең ат долданып тұр түсі қашып,
Қоштасып Бақа айғырмен амандасып.
«Қозыкеге бір қысым болды ма?»- деп,
Айбас байғұс бек қорқып қалды сасып.

Күрең ат көп жылқыдан желіп келді,
Қозыке қысылғанын біліп келді.
Жолда тұрған ноғайды баса көктеп,
Алтын күйме үстіне төніп келді.

Баянға алтын жүзік беріп кетті,
Екеуі аз күн ойнап күліп кетті.
Қамап тұрған көп ноғай бата алмады,
Тал түсте мініп атқа жүріп кетті.

Қозыке жапа-жалғыз елсізге қаңғырып шығып кетті де: «Жаны қысылған соң, бұл еліше қашты ғой!»- деп, майдандағылар қалды. Бір-

неше күннен соң, Баян сұлу асыранды торғайын жіберді дейді: «Бұл маңайда болса, бір хабар алып кел!»- деп:

Баян жас жалғыз жатып күңіренеді,
Қодардың қылған ісін мін көреді.
-Бір хабар, тірі болса, алып кел!- деп,
Торғайын асыранды жібереді.

Торғайы Қозыкеге ұшып барды,
Қайда барып жатқанын хабарлады.
Елге жете бергенде, бір торғайды
Біткен қырғи қудалап ортаға алды.

Жаксының жүрген жері күнде сауық,
Қайырсыз бай қалады жерді қауып.
Баянның мақпал тонын ұрлап киіп,
Жеңгесі отыр екен сиыр сауып.

Тамам қырғи торғайды қуалайды,
Жеткені қанатымен уалайды.
Баянның мақпал тонын бүркенген соң,
«Мынау әпкем екен!»- деп, қорғалайды.

Жеңгесі қастық қылып сиыр сауды,
Басқаның бір Айбастан бәрі жау-ды.
Баянның мақпал тонын бүркенгенін,
Білдірмей жеңіменен ұстай алды.

Торғайы кешіккен соң, Баян жеңгесінен келіп сұрайды:

Торғай келер мезгілін Баян білді,
Кешігіп, келмеген соң, қайғы қылды.
- Торғайымнан бір хабар білдің бе?- деп,
Баян жас жеңгесінен сұрай келді.
- Жүгіріп шықсам, ақ үйден көйлегім кір,
Алтын айдар шекемде сегіз тал өр.
Жеңеше-ау, қолыңдағы торғайым бер,
Өлгенше алғаныңнан айырылмай жүр.

Сонда жеңгесі айтады:

- Тілейсің торғайыңды берер біліп,
Қашайын деп жүрмісің көзің күліп.

Ардақтаған бикешім қашып кетсең,
Сыртыңнан өсектейді қазақ күліп.

Баян сұлу айтады:

- Біздерге күлсе, күлсін күлген адам,
Біздерге неге күлсін білген адам?
Біз құрбылы қыз бала үйленіпті,
Жүйрік аттай зымырап өткен заман.

Сонда жеңгесі айтады:

- Үйдесең, торғайыңды бермен бикеш,
Екі ортада шөл дейді адам жүрмес.
Қашып жүре бер өзің күйеуіңмен,
Байыңның жүрген жерін адам білмес.

Баян.

Жұрт әуелі таппай ма жатқан жерін,
Торғайымды бермесең, қалар көңілім.
Торғайымды берместей өкпелетіп,
Не көңіліңді қалдырдым, жеңгем, сенің?!

Жеңгесі айтады:

- Тілейсің, торғайыңды, берер біліп,
Айрылдың алғаныңнан не ғып жүріп?
Шіркінді ұрғаным жоқ, соққаным жоқ,
Алып ем төбесінің жүнін жұлып.

Сонда Баян айтады:

- Торғайымды өлтірсең, кінә қылдың,
Кінәңды біле тұра неге қылдың?!
Жазығы жоқ өлтіріп торғайымды,
Жеңеше, айналайын мен не қылдым?!

Сонда жеңгесі айтады:

- Жарқыным, мен еш нәрсе қылғаным жоқ,
Жүнін жұлдым торғайды, ұрғаным жоқ.
Несін менен көресің торғайыңды,
Өліп қалды Алладан қазасы боп.

Сонда Баян айтады:

- Тілеймін торғайымды берер біліп,
Жеңешемнің отырған көзі күліп.
Жеңеше, қолындағы торғайым бер,
Үстімдегі қара тоным алып киіп.

Жеңгесі айтады:

- Қашып барып үйленген қандай адам,
Қашты деген, бикешжан, аты жаман.
Мен сырымды айтайын, бикеш, саган,
Мен берсем де, бермейді Қодар ағаң.

Сонда Баян айтады:

- Жалпайып жалынбаймын Қодарыңа,
Мен не қылдым жылқышы соларыңа?
Жеңешем, қолындағы торғайым бер,
Қол алыс Қодарыңның өлеріне.

Жеңгесі айтады:

- Тірі жүрер деп пе едің Қодар өлмей,
Торғайың өліп қалды-ау, тілге келмей.
Торғайыңды өлтірген мен емес қой,
Тынышымды алмай, аулақ жүр, менен көрмей!

Баян айтады:

- Кімге айтайын, торғайымды сенен көрмей,
Қалайша өлді торғайым тілге келмей.
Торғайымды бермесең, өкпелетіп,
Тірі жүрер деймісің, біздер өлмей.

Сонда жеңгесі айтады:

- Бикешжан, сен жасыңнан неге өлесің,
Жастай өлсең, жалғаннан не көресің?
Ардақтаған бикешім, өліп кетсең,
Азды-көпті күнәні көтересің.

Мінгені Қозыкөненің көк төбел-ді,
Астық еккен Түркістан тоқ деп еді.
Өңге жүнін жұлғанда, үндемеді,
Төбе жүнін жұлғанда «Шоқ!»- деп өлді.

Қойшылар ертең өрер қойыменен,
Баян сұлу көрінер бойыменен.
Тамам ноғай таба алмай дағдарғанда,
Әлжаппар құл тауыпты ойыменен.

- Аягөздің бауыры шок терек-ті,
Айналасы малға жай коп терек-ті.
Қысырақ қарап жүргенде көріп едім,
Айтқаны, ойлап тұрсам, сол терек-ті.

Армансыз бір төсекте жата алмады,
Баянмен бір ауыз тіл қата алмады.
Сарыбай тоғыз кісі барып еді,
Иіліп сәлем берген соң бата алмады.

Мінгені Қозыкенің күрең ат-ты,
Шок теректің түбінде байлап жатты.
Байғұстың көзі ілініп кеткен кезде,
Қозы жауырын қол оқпен Қодар атты.

Күрең ат азу тісіп ойған ба деп,
Баян жас көзіннің жасын тыйған ба деп,
Қозы жауырын қол оқпен Қодар атты,
Мұны тірі керек қып қойған ба деп.

Қодар құл атып оқпен өшін алды,
Қылғандай сүйтіп қастық несіп алды.
Олжам деп Баян жасқа берейін деп,
Шұрқылтайдың түбінен кесін алды.

Бәрекелді Қодардың тентегіне,
Асау күрең жүрмейді жетегіне.
- Ал, байыңның басы!- деп тастай берді,
Баян тосып алыпты етегіне.

Баянның жұрт қарайды жабдығына,
Қозыкеден жас қалған қамдығына.
- Ал, байыңның басы!- деп тастаған соң,
Баян жылап салады сандығына.

Сонда Баян: «Қозыкені кім өлтірді?»- деп, әкесінен сұрағаны:

Баян жылап күймеден түрегелді,
Сарыбайдың қасына күйіп келді.

- Ата, сенен сұрайын бір сауалды,
Қозыке атты күйеуің кімнен өлді?

Сонда Сарыбай айтты:

Сарыбай қызын көріп түрегелді,
Баянға оң жағынан орын берді.
- Тірі болсаң, бір күйеу табылмай ма,
Күйеуің Қодар атты құлдан өлді.

Ала арқармен бірігіп жусайын да,
Көздің жасын қолыммен тосайын да.
Оған күйме, жылама, бас көңіліңді,
Қозыкеден артыққа қосайын да.

Сонда Баян сұлу күйін кетті дейді:

- Етегімді жел ашып жүрген емен,
Қозыкеден басқаға күлген емен.
Әке, неке ки-дағы, енді өзің ал,
Елден бура салғандай інген емен.

Өз еркіммен жаман сөз айта қалман,
Еріксіз шыққан сөзімнен қайта қалман.
Әке, неке ки-дағы, енді өзің ал,
Елден айғыр салғандай байтал емен.

«Баян сұлу»- атандым тамам жұртқа,
Әке, қылған ісіңді сен де ұмытпа!
Шешем қара бетіне қарай алмас,
Неке қиып өзің ал тоқалдыққа.

Сұлу Баян қолына айна алады,
Қозыкеден айрылып қиналады.
Өзімменен қосылып зарласын деп,
Ботасы өлген боз інген қолға алады.

Баян жібек белбеуін белден шешті,
Қозыкеден айрылып күйге түсті.
Баян сұлу тұра алмай жұртта қалды,
Ертең тұра Сарыбай ауылы көшті.

Баян сұлу тұра алмай жұртта қалды,
Оны көріп Қодар құл қуанады.
Көш жөнелін кеткенін көріп тұрып,
Жұртта қалған Баянға Қодар келді.

Сонда Қодар айтады:

- Жылқыны көп жалшылар суарады,
Сені көріп жүрегім қуанады.
Алған байың өлді ғой, сұлу Баян,
Енді сені мен алмай кім алады?

Баян айтады:

Баян басын көтеріп түрегелді,
Жылап тұрып Қодарға жауап берді:
- Саған жұпты болайын, Қодареке,
Қозыкені бір көрсет маған!- дейді.

Қодар айтады:

- Баян жас, тимеймісің маған,- дейді,
Тимесең, болар ақырзаман,- дейді.
- Осы жерде маған тисең, тура сөйле,
Тазшанды көрсетейін саған,- дейді.

Баян сұлу қуанып түрегелді,
Қодарменен екеуі бірге жүрді.
- Ойдым-ойдым жер келді сұлу Баян,
Кел екеуміз ойналық, Баян,- деді.

Баян Сұлу Қодарға жауап берді,
Қозыкені көруге алып жүрді.
- Далада ойнағаның не болады,
Су басына баралық, Қодар,- деді.

Хақтың жолын күткен жан болар дұрыс,
Баян жастың кигені алтын кебіс.
- Су басына баралық, сонда болсын,
Оған шейін сабыр қыл, ит те жемес.

Сонда бұлар бір құдықтың басына келіп:

- Шөлдеп қаның құрып барады, әуелі маған бір жұтым су бер, со-
нан соң көңіліңе алғаның бола берсін,- деп, Қодарды құдыққа түсіреді.
Сонда Қодар қуанып айтады:

- Айт дегеннен айтамын айда, Баян,
Мұндай ақыл біздерге қайда, Баян.
Алдыңда жарық болған айнаң, Баян,
Қасыңа мендей жолдас қайда, Баян?

Айт дегеннен айтамын айда, Баян,
Мұндай ақыл біздерге қайда, Баян,
Тазаланып жатайын қойыныңа,
Білегіме шашыңды байла, Баян.

Баян алдап, Қодарды суға салды,
Қодар сорлы су ішіп, мейірі қанды.
Қодар құдық ішінде, Баян- қырда,
- Суға тондым, тарт енді, Баян,- деді.

Баян естіп бұл сөзді тұра келді,
Бида пышақ қолына Баян алды.
Қодар суда жалаңаш, Баян қырда,
Қодарды пышақпенен салып қалды.

- Баян жас, мені есіңе алмадың ба,
Әуелі суға түс деп алдадың ба?
Екі бірдей байыңнан тең айрылып,
Енді қараң суалып қалғаның ба?

Мұндай қастық қылғандай не еттім, Баян,
Мені неге сергелдең еттің, Баян?!
Екі бірдей байыңнан тең айырылып,
Көзің ашық жалғаннан өттің, Баян!

Мұндай қастық қылғандай не еттім, Баян,
Әке-шешем жылатып кеттім, Баян.
Тілеуші едім мен сені жақын қыл деп,
Аңдып жүріп түбіме жеттім, Баян.

Айда Баян, ай Баян, не еттім, Баян,
Айтпай жүріп түбіме жеттім, Баян.
О дүниеде артыңнан еш қалмаспын,
Ақ тікен боп араңа біттім, Баян.

Қоңілі тынып Баян жас қуанады,
Тіліне ұрғашының кім нанады?
Баян жас шашын кесіп жібергенде,
Құл құдықтың түбіне жоғалады.

Баян Қодарды жайратып тастап, Қозыкенің басына келіп
зарлағаны:

- Ботасы өлген боз інген алып келдім,
Мен Баян тал отындай жанып келдім.

Қодар құлды құдыкка құлаттым да,
Аза тұтып басыңа налып келдім.

Қозыкем, жатырмысың жер бауырлап,
Қобы жонды қайың оқ соны ауырлап.
Тұрар болсаң, тұр сана, Қозыкежан,
Баян жас, алған жарың келді зарлап.

-Қозыкем, жатырмысың жер бауырлап,
Қарға жүнді қамыс оқ соны ауырлап.
Тұрар болсаң, тұр сана, Қозыкежан,
Құдай қосқан қосағын келді зарлап.

Қозыке іздеп еді қылып талап,
Жеткізді Баян жасқа құдай қалап.
Не өлісін, не тірісін білейін деп,
Отырды іші қымай біраз қарап.

Баян жас зарлап, қақсап отыр еді,
Құдайдан түсіп рақым, пәрмен болды.
Баянның көзі ілініп кеткен екен,
Түсінде қырық шілтен аян берді.

Баян жас көзі ілініп бір түс көрді,
Түсінде қырық шілтен аян берді:
- Басты сал өз орнына, сөйтіп, сұра,
Тілейсің неше күндік өмір?- деді.

Баян жас зарлап жылап тұра келді,
Тілеген шын тілегін Алла берді.
- Ұзақ өмір тілеп мен не қылайын,
Үш күн, үш түн ойнасам болар,- деді.

Баян жастың тілеуін құдай берді,
Қырық шілтен: «Аумин!»- деп, шулай берді.
Құдайдан сол мезгілде пәрмен болып,
Сілкініп Ер Қозыке түрегелді.

Ер Қозыке сілкініп түрегелді,
Отырғанын Баянның көзі көрді.
Шын ғашықтың жандары өзіпде емес,
Үш күн, үш түн бас қосып дәурен сүрді.

Қозыке жыр болғалы бір талай жыл,
Туысында жақсыға бір қызыл гүл.

Шығардык өлең қылып бұл қиссаны,
Баянның сұлулығын есітіп біл!

Ибраһим- Мекке тұрғызды құдай үйін,
Жақсының жүрген жері күнде жиын.
Қозыке мен Баянды өлең қылып,
Біз де мұны жаңарттық, міне, биыл.

Ақ кірпіштен басына салған үйін,
Өмірін қысқа тілеп, болдық қиын.
Үш күн, үш түн екеуі ойнап күліп,
Ажалына шығады қызыл құйын.

Қияметтің қыл- көпірі тар-ды дейді,
Бір жағы- от, бір жағы жар-ды дейді.
Қозыке мен Баян жас өлген шақта,
Қырық бір молда Меккеге барды дейді.

Бас қосып қырық бір молда Мекке жүрді,
Қырық періште қасында жолдас болды.
Меккеден үйге қайтып келе жатып,
Бір екеу түзде жатыр, көзі көрді.

Қырық бір молда жан кешті Мекке жүрді,
Қырық періште кісі боп қасына ерді.
«Бұл не қылған адам?»- деп, тамаша етіп,
Жатқанның қасына бұлар келді.

Екеуі жатыр екен мойындасып,
Құшақтап бірін-бірі қойындасып.
Өлді десе, ажары бір тайған жоқ,
Тірі десе, жаны жоқ нұры тасып.

Қалтасында ғашықтық хатын көрді,
Хатқа жазған өлеңмен атын көрді.
- Жаралған жеті ғашықтың бірі екен!- деп,
Қарасып тамаша ғып біраз тұрды.

Балқыған жер мен көкке нұры сыймай,
Сол үшін болып жатыр мұнша шимай.
Басынан қырық бір молда кете алмады,
Кетуге солай тастап іші қимай.

- Біз үйден шығып па едік мұны қастап,
Үстіне кез қылғандай құдай бастап.

Кел, осыған бір сауап іс қылайық,
Мен тұрмын жадағай кетпей тастап.

Түрі жоқ бұл қалпында анық өлген,
Шын өлсе, айрылмай ма ажар, түрден?!
Шалажансар талумен жатқан жан ғой,
Бір қатты жел соғумен құйын жүрген.

Жанымыздың жайы үшін Мекке бардық,
Деп шығып ек: «Құдайға біз құрбандық».
Құйын құрлы болмаса жүрісіміз,
Бұл жүрістен біз қандай еңбек алдық?!

Шын ниетпен жүрін ек, басты қосып,
Алдымыздан кез болды бұлар тосып.
Кел, осыған бір қайран іс қылайық,
Өлін қалған кісі деп кетпей шошып.

Бірі айтты:

- Бұл сөз жөнге келмес,- деді,-
- Құр сөзден дәнеме өнбес,- деді.-
- Әркімнің өз тілеуі өзінде ғой,
Құдай бізге алғанын бермес!- деді.

Ақ сақалды бір молда түрегелді,
Өзгесі оның сөзін қабыл көрді.
- Жаны кеткен дүниеге жан кіргізу,
Құдайға жұмыс емес ауыр!- деді.

Сол молда ашып жаны айтты жылап:
- Құдайдан шын тілесек, тегіс шулап,
Жаны кеткен денеге жан кіргізсек,
Мұнан абзал болар ма артық сауап?!

Ақ сақалды сол молда былай деді,
Өзгесі бұл айтқанын мақұл деді.
Қозыке мен Баянның жанын тілеп,
Қырық бір молда қол жайып түрегелді.

Қырық бір молда құдайдан тілеп тұрды,
Қырық періште Аллаға ғарыз қылды.
Құдайдан сол мезгілде пәрмен болды:
-Періште, не жұмысқа келдің?- деді.

- Қырық бір молда бас қосып Мекке жүрдік,
Өзіңнің жарлығыңмен соған ердік.
Меккеден қайтып келе жатыр едік,
Жаралған жеті ғашықтың бірін көрдік.

Жомарттық рақымың мол саған сендік,
Беруші сен болған соң үміт қылдық.
Шулап тұр қырық бір молда жастары ағып,
Біз соны біліп-көре айта келдік.

Құдайдан сол мезгілде пәрмен болды:
-Тілеуің, қырық бір молда, қабыл болды.
Мың жанды бір қапасақ салатұғын,
Бостандық екі жанды алсын,- деді.

Біздермен қырық молда жолдас болды,
Меккеге тауап қылып бірге келді.
Қозыке мен Баянның хатын көріп,
Қырық бір молда біздерден тілек қылды.

Құдайдан сол мезгілде пәрмен болды,
Қырық бір молда тілеуін қабыл қылды.
Мың жанды бір қапасақ салған екен:
- Екі жанды шығарып алсын!- деді.

Періштелер қапастың аузын ашты,
Жаннан жанды бөле алмай жаман састы.
«Бірдікі- мыңға» -деген осы емес пе,
Қапастан мың жан бірдей тұра қашты.

Қозыке мен Баянның жаны кірді
Екеуі жерден ұшып түрегелді.
Қозыке мен Баянның себебінен,
Мың кісі көрде жатқан тірілді енді.

Қозыке мен Баянның жаны кірді,
Жаны кірген соң екеуі түрегелді.
Қырық бір молда басында отыр екен,
Қозыке молдаларға сәлем берді.

Екеуі жатқан жерден ұшып тұрды,
Жалаңаш айдай балқып нұрға толды.
Ғашық-машық екенін жұрт білсін деп,
Жұмақтан құдай берді халла тонды.

Екеуі тонды киіп, шүкір қылды,
Ақ жүзі бұрынғыдан артық болды.
Молдалардың қасиеті құдайынан:
«Отыз бір жыл ойна»- деп өмір берді.

Қозыке мен Баянның көңілі толды,
Еңбектері орынға жаңа тұрды.
Қырық бір молда қол жайып бата беріп,
Бұлармен амандасып жүре берді.

Бозбала, мұндай сөзді білмей жалған,
Жалған сөз созғанымен, қайда барған?!
Бұл сөздер әуел ақыр шындығынан,
Мінеки, жұрт алдында сөз боп қалған.

Екеуі сол арада жалғыз қалды,
Төңіректе дәнеңе жоқ жансыз қалды.
Айдалада қалғанын біліп сонда,
Құдіреттің шеберлігін ойына алды.

Көңілі Қозыкенің біткен екен,
Түбіне Қодар аңдып жеткен екен.
Сарыбай күйеу, қыздан айрылған соң,
Өлеңті-Шідерті кеткен екен.

Сонда күйеуі мен қызы тірілгені Қаракөздің түсіне кіріп: «Шеше,
біз жаяу қалдық, бізді алдыр»,- дейді.

Қаракөз бір күн ұйықтап жатыр еді,
Түсінде күйеу, қызы сәлем берді.
Тірілгені көңіліне ғаян болып,
Күн шықпай кемпір жылап түрегелді.

Кемпір жылап күн шықпай тұра келді,
Үш күншілік жылқыға жаяу барды.
Пәрменменен тіл бітті екеуіне,
Келе жатқан кемпірге қарсы жүрді.

Арда күрең, Бақа айғыр қарсы жүрді,
Алдына кеп кемпірдің шұлғып тұрды:
- Туғалы мал ішіне келген жоқсың,
Шешеке, неге зарлап келдің?-депті.

- Бір күн жатып төсектен тұрдым,- дейді,
- Қозыке мен Баянды көрдім,- дейді.-

- Өзімнің іздеп барар шамам жоқтан,
Сендерге соны айтқалы келдім,- дейді.

- Өзімнің іздеп барар шырағым жөк,
Тірі болса, көрсем деп көңіліме ток.
Екі бірдей шырағым көрсем-ау деп,
Сарғайып зарығамын ынтызар боп.

- Айталық тура жауап сізге,- дейді,
- Балалардан күдерді үзбе,- дейді.-
- Тірі болса, екеуміз ап келеміз,
Алтын жабдық әзірле бізге,- дейді.

Байғұс кемпір қуанып қайтып келді,
Алтын жабдық, ер тоқым даяр қылды.
Қозыке мен Баянның киімдерін,
Түгендеп қанжығаға байлап берді.

Түс болғанда ауылға жылқы келді,
Бақа айғыр, Ардакүрең бірге келді.
- Қозыке мен Баянға барамыз,- деп,
Екі айғыр аунап-қунап сілкінеді.

Айбас байғұс жылқыда түздә қалды,
Құл мен күң биелерін байлап сауды.
Намазшам мезгілінде бие ағытып,
Екі айғыр көп жылқыдан бөлек қалды.

Ардакүрең, Бақа айғыр жүрмек болды,
Қас қарайып күн бата түрегелді.
Алтын жабдық ер-тоқым ерттеген соң,
Аягөзге жол тартып жүре берді.

Құдайдан сол мезгілде пәрмен болды,
Періште жер тамырын тартып тұрды.
Арада тіпті титтей бөгелместей,
Екеуі жарысумен жетіп келді.

Ардакүрең, Бақа айғыр келін жетті,
Мұны көріп бұлардың көңілі бітті.
Үйден киім келген соң екеуіне,
Халла тоны ұжмақтың ұшып кетті.

Екеуі киімдерін киді дейді,
Күрең атқа Қозыке мінді дейді.

Бақа айғырды Баянға ерттеп беріп,
Сарыарқа, қайдасың деп жүрді дейді.

Не кедергі жерлерде торығыпты,
Ат шаршап талай жан зорығыпты.
Өлеңтінің бойына жеткен жерде,
Көп қой жайған қойшыға жолығыпты.

Қойшыға жөнін айтпай жүре берді,
Есіткен жан демей ме, не ғып келді.
«Енді күйеу кәдесін қылалық»,- деп,
Қозыкені далаға түсірді енді.

Қозыке күйеу болып түзде қалды,
Баян Сұлу жарқылдап үйге барды.
- Қызың келіп тұр,- деген дауысынан,
Қаракөз қуанғаннан талып қалды.

Құдайдың құп тамаша құдіретін көр,
Жұрт үйіріліп таң қалып қарасып тұр.
«Өлмегенге- қара жер»- деген осы,
Сарыбай жылаған боп еңкілдеп жүр.

Жұрт білді Қозы Көрпеш- Баян атын,
Қолында жүзігі бар қызыл алтын.
Аман-есен келген соң қуаныш қып,
Алдынан шатыр тікті қырық бір қатын.

Күйеу, қызы жоқтан бар боп келді,
Төрт күн, төрт түн жұрт жиып тойын қылды.
Торғайға қастық қылған жау жеңгесі,
Ұзатқанша жасырынып үйде отырды.

Ғашық қылған бұларды Құдай сүйіп,
Бірнеше жыл бейнетпен жүрді күйіп.
Ақ неке пайғамбардың адалдығы,
Екеуін жаңа косты неке қиып.

Ақ шатыр айдалада жалғыз тұрды,
Ал шымылдық пердесін үйге құрды.
Бәрі де бұрынғының босқа жүріс,
Қызығын ерлі-байлы жаңа көрді.

Айбас құл хабар таппай елге келді,
Шатырды анадайдан көзі көрді.

Шатырдың есігінен қарай салып,
Өнім бе, түсім бе деп жылай берді.

Қозыкең ұшып орнынан түрегелді,
Көрісіп құшақтасып, көңіл тынды.
Баян бір күн күймеде ұйықтап жатса,
Түсіне Мамабике кемпір кірді.

Сол күні ай қараңғы түн болыпты,
Ғашықтар жалған емес, шын бөлыпты.
Айрылып жалғзынан қалғаннан соң,
Шешесі тезек теріп, күң болыпты.

Тоқсан құлдың бастығы Жидебай-ды,
Құлдың қылған ісіне кім шыдайды?!
Енесі Баян жастың түсіне еніп:
- Құлға күң бөлдім!- деп зар жылайды.

- Қарағым, мені есіңе салма, - дейді,
- Дұшпанның өсегіне нанба, - дейді.
- Құдайдан тілеп алған екі көзім,
Мен байғұсқа көрер күн бар ма?!- дейді.

Баян жылап күймеден түрегелді,
Қозыкенің қасына жетіп келді.
- Шырағым, қайдан туып, қайдан түстің,
Біз көргендей ел жұртың бар ма?- дейді.

Сонда Қозыке айтады:

- Бойыңнан шайтан қашар Алла десең,
Жаһаннамға кетерсің харам жесең.
Екеуімізге қуанып әкем өлген,
Зар жылап қалып еді жалғыз шешем.

Қайғысын ұзын жолдың сарт көреді,
Танымаған кісіні жат көреді.
«Енді бізді ел-жұртқа ұзатсын», - деп,
Баян жас әкесіне хат береді.

Сарыбай жері алыс деп қайғырады,
Қаракөз ұзатуға ой қылады.
Шідертінде Бақа айғыр шідер үзген,
Өлеңтінде өлең айтып, той қылады.

Ғаділ болса, бұзылмас ханның тағы,
Ақынның топта сөйлер тіл мен жағы.
Өлеңтінің Ақжар деген бір жері бар,
Сарыбайдың той қылған жерошағы.

Қырық күн ұдай той қылып, тамаша етті,
Қырық қара нар арттырып, қыз жөнелтті.
Шырағым жұрттан жалғыз бармасын деп,
Қырық құл, қырық күң нөкер қып қасына ертті.

Қырық құл, қырық күң нөкерді қасына ертті,
Малды үйрлеп айдатып көш жөнелтті.
Өлеңтінің бойынан шыққан күні,
Айбас пенен Қозыке озып кетті.

Баян жас ауыр жүкпен кейін қалды,
Айбас пен Қозыке озып барды.
«Қарабай елі Жұпардың қорығында», -
Деп естіп солай қарай бұлар салды.

Базардан бақша-бақша бөз келеді,
Бір пәле бейнеттіге кез келеді.
Екеуі арып- шаршап, аңсап-сусап,
Қойшыға көп қой жайған кез келеді.

Екі жігіт қойшыға жетіп барды,
-Бұ қай елдің қойы?- деп сұрап қанды.
- Кімдікі деп айтайын мен сендерге,
Иесіз бағып жүрміз арам малды.

Қозыке айтады:

- Қалай-қалай сөйлесің, қойшы жаным,
Мұңды шерің құдайға болсын мәлім.
Біздер үйден шыққалы көп жыл болды,
Иесіз бағып едің кімнің малын?

Қойшы айтады:

- Жаратқан сыйынамыз бір құдайға,
Жылаймыз әуедегі күн мен айға.
Қозыке қыршын жаста жоқ боп кеткен,
Қалған дәулет қор болды Жидебайға.

Қойшыдан елдің жөнін сұрап білді,

Үйіне қонақ болып тура келді:

- Жолаушы, алыс жолдың, кісіміз,- деп,-

- Кім бар-ау, тысқа шығып сөйлес,- деді.

Сонда Жидебай кемпірге ақырады дейді:

- Тұр жылдам шығып,қонаққа сөйлес! - деп.

- Шұнақ күң, қолыңды отқа тықшы,- деді,-

- Ұятты кісі болса, бұқшы,- деді.-

- Үй артына келіп тұр екі қонақ,

Кім екенін біл кел, шықшы!- дейді.

Қозыке амал қылды ғақыл ойлап,

Жеткізді шешесіне құдай айдап.

Үйден шыққан шешесін тани салып,

Үйге кіре бастады атын байлап.

Байларға күнде қонақ көп келеді,

Жөнсіз қонақ келгенін жек көреді.

- Қарны ашқан екі қонақ бір тойсын,- деп,

Екеуіне үш табақ ет береді.

Айбас құл елін танып күлімдейді,

Қозыке келген жерден білінбейді.

- Жүдеген мұнды кемпір, бір тойшы,- деп,

Үш табақ еттің бәрін соған берді.

Жидебай айтады:

- Қонақ, саған не болды қара басып,

Жалы асты мен бердім қазанға асып.

Жалғызынан айрылған мұндар күнге,

Неге тамақ бересің жаның ашып?

- Екеуіміз мылтық атқан мерген едік,

Үйіңе қонақ бола келген едік.

Мұңлыға неге жаның ашымайсың,

Жалғызын қайнындағы көріп едік.

- Үш табақпен бердім етті салып,

Жақсы қонақ екен деп жолың танып.

Қодар атып сүйегі қурап қалған,

Не қыласың шіркінді ауызға алып.

Сонда бұлар айтады:

- Құл болсаң, жылқы бағып жатар едің,
Би болсаң, жұртқа кеңес айтар едің.
Жағанды ұстап тәубе қыл, Жидебайым,
Жалғыз келін қалса қайтер едің?!

Жидебай айтады:

- Әділ болсаң, жұртыңның қамын жерсің,
Қонақ сыйлап жөнелтсем, мырза дерсің.
Қодар атып, сүйегі құрап қалған,
Өлген кісі тіріліп қайдан келсін?!

Сонда бұлар айтады:

- Қарап тұрсаң адамға адам ұқсар,
Ит жегенін аузынан қайта құсар.
Өлген кісі тіріліп келмегенмен,
Жарай ма, айтшы, шын болғанын тұзға тышар.

Жидебай.

Өткен сөзді қозғама қайта бастап,
Жүрген-тұрған жерінді тұрмай ластап.
Біріне болсын обалы жалғызыңа,
Ақ сүт берген анасын кеткен тастап.

Сонда бұлар айтады:

- Дәм айдаса, бармайды қайда кісі?
Өз жанына қыла ма пайда кісі?!
Бір күнгі тойғандықтың мастығынан,
Демесін, қой, не болса хақтың ісі.

Жидебай айтады:

- Ден қоялық, қонағым, саған не ғып,
Өкпелерсің нанбасам, көңілің қалып.
Құр бос сөзден дәнеме өнбейтұғын,
Тыныштық қыл тамағыңа тойып алып.
Айтпай кетсем, барады көп сөз қалып,
Білген-сезген ешкім жоқ әлі танып.
Қонақ жолы қиын деп күтін сыйлап,
Төр алдына жатқызды төсек салып.

Кемпір отты саулатып жағып отыр,
Жасы саулап көзінен ағып отыр.
Адам шыдар іс емес естігенге,
Қалай шыдап осылар не ғып отыр?

- Токсан құлдың Жидебай басы,- дейді,
- Бір тыйылар көзімнің жасы,- дейді.
- Сендей шешем үйімде қалып еді,
Кел, арқамды, шешеке, қасы,- дейді.

- Төр алдына жығылды әрең жетті,
Әл- дәрмені таусылған түгел бітіп.
Арқадағы түймедей менін көріп,
Бір «аь» ұрып жығылды есі кетіп.

Бұлар тұрып кемпірге бір су шашты,
Кемпір жиып сонда есіп, көзін ашты.
Алтын айдар белгісін көріп қалып,
Тұра сала бас салып құшақтасты.

Өлді деген жалғызын тірі көріп,
Жаңа өлгені тіріліп, өшкені өніп.
Кемпір зары дүниені кезіп кетті,
Қардай болып бұзылған, тау-тас еріп.

Айғайымен жылады жұрттың бәрі,
Түн ішінде түп- түгел жас пен кәрі.
Шаңқылдаған бүркіттей тау жаңғырып,
Жұрт ұйқысын кашырды кемпір зары.

Айбас сорлы сыбырлап тілін безеп,
Қозыке отыр құр жылап бойын тежеп.
Шаршау да жоқ кемпірде, қою да жоқ,
Екеуіне көрісіп кезек-кезек.

Ашқан қарын болды ғой жап-жаңа тоқ,
«Қызған кезде,- мақал бар,- темірді соқ».
Бәрі жатыр жан біткен жабырласып,
Бар білгенім: жалғыз-ақ Жидебай жоқ.

Осы арада енді бір алайық дем,
Мұңлы сөзі мұңлының дертіне ем.
Көрінбеген бойымен кете барсын,
Жидебайды керек қып іздеген кім?!

Қозыке ел-жұртын бір түңілдірді,
Құдай мұнан шеберлік сыр білдірді.
Бір желі қып байлатып боз биені,
Соныменен шешесін шомылдырды.

Бізге күмән әр нәрсе Аллаға аян,
Зекеті жоқ мал болар жылан-шаян.
Құл-күңімен келішті ырғап-жырғап,
Көп кешікпей, кешікпей сұлу Баян.

Кейінгіге қалдырған айтып жатқа,
Соның үшін жазылды мұны хатқа.
Мұндай сөзді дүниеге өрнек қылған,
О да жетсін деңіздер бір мұратқа.

Жан туар ма жаралып бұлар сынды,
Қозыке мен Баянның көңілі тынды.
- Бізді қойсын, құдайға құл болсын! - деп,
Құл мен күңнің бәрін де азат қылды.

Үлкен шүлен той берді жұртын жиып,
Үлестіріп жалғанды көзі қиып.
Күң мен құлды жұрт қылды өз алдына,
Бір-бірін адалдасын неке қиып.

Үйір-үйір қысырақ көп мағалды,
Үлестіріп қалғанын бұл бата алды.
Бір кедей жоқ, теп-тегіс бай боп бәрі,
Қарабай, Сарыбайдың елі атанды.

Дүниені кім тегістеп түгел етті,
Жалғанды керек қылмай солайша өтті.
Бәрі өтіп жан біткеннің нәубет жетіп,
Санаулы отыз бір жыл о да бітті.

Бабай түкті шашты Әзиз түске кірді:
«Талақ қылып таста,- деп,- сен бұл жерді,
Аягөздің бойына барасың!»- деп,
Қозыке мен Баянға аян берді.

Әулиелер түсіне кірді дейді,
Жер тамырын періште түйді дейді.
Жан ертпестен қасына сонда екеуі,
Аягөзге бет алып жүрді дейді.

Қонған, түскен жерлері болып бұлақ,
Жаныменен жарқылдап қос шамшырақ.
Жер арасы оларға болып жақын,
Бұл күндерде болғанмен бізге жырақ.

Бірнеше күн арада түндер өтіп,
Бары-жоғы жалғанның естен кетін.
Тағы Баян зарланып жалғыз қалды,
Жерге жетін бұйрықты Қозыке өтіп.

Баян жылап зарланып отырады,
Жердің жүзі мал менен жанға толды.
Іздегені су болып сусап шаңқап,
Жер қайысқан бір қалың керуен келді.

Баян көріп керуенді шат болады,
Жақсыға арзан, жаманға жат болады.
О шеті мен дүниенің бұ шетіне,
Көбінесе жүретұғын сарт болады.

Аударыла көп керуен аттан түсті,
Көрмей ешкім кете алмас жазулы істі.
Баян көркі дойбының тасы болды,
Бұлар тағы ұтқызды ақыл есті.

Керуен енді бұл суға қонар болды,
Таусылмайтын бір өзен сонар болды.
Өліп жатқан сабазмен ісі де жоқ,
Баян жасты көрумен құмар болды.

Несіне ғарыплайды бәрі басты,
Мұндай сұлу ұрғашы табылмас-ты.
Сарт болған соң саудасыз бола ма, айтшы?
Алу жағын ыңғайлап саудаласты.

Баян айтты:

- Жамағат, құлағың сал,
Жабдығына өліктің жаратып мал.
Тастан тамды орнатып бұзылмастай,
Қайсың алсаң, ал мені, сонан соң ал!

«Пәлі, сөз!»- деп, бәрі де шуылдасты,
Әбдіренің аямай аузын ашты.

Үлде менен бүлдеге орап шырмап,
Қадірледі құрмет алып асыл тасты.

Әрбір сарттың отыз-қырық жолдасы бар,
Іш ағасы ішінде қор басы бар.
Шаңырақтай сәлдесін орап алған,
Жаназа ондап оқитын молдасы бар.

Өлікті таза жуып көмді жайлап,
Қуанып бәрінде ес жок: «Иә, құдай-лап».
Баянның көңілін риза (ырза) қылу үшін,
Керуендер үй тұрғызды тастан сайлап.:

Біреудің- іс, біреудің достасы бар,
Әркімнің бір замандас тұстасы бар.
Дүниенің ұқсатуын әбден білген,
Не түрлі жалақтаған ұстасы бар.

Жабылып жан қалмастан біткен адам,
Бәрінің көңілінде бар: «Қайтсем алам?!»
Қиямет қайымға шейін бұзылмастай,
Болсын деп шын ықыласпен қылды тамам.

Қуанып Баян отыр көңілі толып,
Көңіліне қылған жұмыс әбден қонып,
Бітірін: «Болдық!»- десіп, келді дейді,
Бәрі де аламыз деп іңкәр болып.

Сонда Баян сұлу айтады:

- Халайық, ризамын келгеніңе,
Бір белгі тұрғыздыңыз өлгеніме.
Үлесем, бәріңізге мүшем жетпес,
Тиемін хақылың артық жеңгеніңе.

Айтарлыққа бұл сөз жарасады,
Бір-біріне киыспай қарасады.
Біреуге- біреу көңілін неге берсін,
«Мен алам, мен алам!»,- деп, таласады.

Бірін-бірі енді жек көріседі,
Өзді-өзімен араз боп керіседі.
«Мен тұрғанда сен қалай аласың?»- деп,
Жұдырықтап ауызға періседі.

Мұнда қалды бас салып жұдырықтасу,
Оңай емес біреуден біреу асу.
Ғақыл естен тап-таза айрылған соң,
Төбелеспей, басылмас мұндай ашу.

Тамам керуен шулығып жиылады,
Қылыштасып желкелері қиылады.
Бірін-бірі аяспай ұрып жығып,
Төбелесіп, өзді-өзі қырылады.

Керуен біткен өзді-өзі таяқтасып,
Бірін-бірі жатыпты аяқтасып.
Үш-ақ кісі қалыпты сонша жаннан,
Олжа көріп өз басын алып қашып.

Жақсы адам әр нәрсені өнер қылған,
Сонан бері қанша өтті ай мен жылдан.
Үш кісі үш ру елге қашып барып,
Сол екен Қозыкені өлең қылған.

Қозыке мен Баянның болған шағы,
Бәйшешектей қуарып солған шағы.
Қозыке өлген жерінде Баян да өлген,
Әркімнің сондай болсын алған жары.

Дүниеден бұл күйімен бұлар кетіп,
Міне, тұр әңгімесі бізге жетіп.
Қарабай, Сарыбайдың ауыр елі,
Ертістен арман қарай кетіпті өтін.

Қонысы Сарыарқадан келген ауып,
Қазақты жүрген кезде қалмақ шауып.
Жеті қабат мұжықтың ар жағында,
Аласың іздегенің сонан тауып.

Әңгіме жұрт аузында алып қашып,
Жазу жоқ бұл қазақта тасқа басқан.
Ақын Шөже айтқаннан естіп едім,
Күнімде тоғыз жасқа аяқ басқан.

Жыл өтті сонан бері қырықтан асып,
Елуге біз де тұрмыз аяқ басып.
Қатесін білген жандар түзетіндер,
Бар болса қалған жері мидан қашып.

1908 ж.

ТҮСІНІКТЕМЕ

Ескерту: квадрат жақшаға алынған сөздер түпнұсқада не өшіп, не түсіп қалғанын біздің қалпына келтіруімізді, жақша ішіндегілері сөздің екінші түрде жазылуын көрсетеді.

I Ертегілер

1. Шыншыл мен суайт.

Бұл туынды бұдан бұрын сөз болған Алматыдағы ҚР ҰҒА Орталық Ғылыми кітапханасы қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп туындылары жинақталған 1176-папканың 26-33- беттеріндегі мәтін бойынша әзірленді. Шығарма маңдайшасында мына бір түсінік орын алған: «Бағрамкүл (Ибраһимкүл) патша ғам алтыншы ықылым жолын- келген мүсәпiрдiң екiншi күн батарда ұйқы келтiру үшiн сөйлеген хикаясы.»

2. Һамза, Лумза әңгімесі.

Бұл мәтін Мәшһүр-Жүсіптің жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1176-папкадағы өз жазбасы бойынша әзірленіп, ақынның Мәдина деген қарындасынан туған жиен інісі Жолмұрат Жүсіпұлының (1894-1977) әулеттік мұрағатта сақталған 3- папкасы, 296-297- беттеріндегі көшірмесімен салыстыру жүргізілді.

3. Заманына қарай- амалы.

Бұл туынды алдында айтылған қолжазба қорындағы 1176-папкадағы ақынның өз жазбасы, 189-191- беттері бойынша ұсынылды.

4. Ақылдың пайдасы.

Бұл да Жолмұрат көшірмесі (әулеттік мұрағат, 2- папка, 318-319 –беттер) бойынша әзірленді.

5. Екі патшаның білместігі.

Бұл шығарма да Жолмұрат көшірмесі бойынша беріліп отыр. Бұл ертегі фабуласының бүкіл шығыс, араб әдебиетіне ортақ туынды «Мың бір түн» сюжетіне ұқсас болуы тікелей одан көшіру емес, қайта сол аңыздың ел арасында түрлі нұсқада таралу мүмкіндігін, әрі Мәшһүр-Жүсіптің бәрін қамтып жинау ерекшелігін танытады деп санаймыз.

6. Бес тиын бақыр және мысық.

Жолмұрат көшірмесі, 2- папка, 313-314- беттерден алынды.

7. Патша қызы және тазша.

Бұл да Жолмұрат көшірмесі, 2- папка, 314- беті бойынша дайындалды.

8. Қонақтың ақылы.

Жолмұрат жазбасы, 2- папка, 62-64 беттерінен алынды.

9. Ер Төстік

Халық арасына түрлі қалыпта таралған бұл ертегінің Мәшһүр-Жүсіп жинаған нұсқасының Жолмұрат көшірмесі, 1- папка, 346-354- беттері бойынша берілгенін, соңы әзірге табылмай отырғанын ескертеміз.

10. Желкілдек.

Бұл ертегі Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы, жоғарыда аталған қолжазба қоры, 1170- папка, 173-218- беттері бойынша әзірленіп, 1870 жылғы В.В.Радлов кітабы (Ел қазынасы- ескі сөз // Алматы, Ғылым, 1994, 96-113 б.) мәтіні мен және 1992 жылғы ақын таңдамалысындағы (М.Ж.Көпеев. Таңд., 2- том, Алматы, Ғылым, 1992, 148-167 б.) басылыммен салыстырыла отырып әзірленді. Енді әр нұсқадағы аз-кем айырмашылықтарға назар аудартамыз:

1. В.В.Радловта «Өзтемір»- делінсе, таңдамалыда (1992 ж.) ол «Өзтемір»- деп берілген екен, біз түпнұсқадағы жазылу ерекшелігін ескеріп, Өзтемір атауын сақтағанды жөн көрдік.

2. Таңдамалыда (1992 ж.) «Жоқ болғанда көп болды»- деп берілсе, біз түпнұсқаға сүйеніп: «Жоқ болғанда, боқ болдық»- деп өзгерттік. В.В.Радловта да солай берілген.

3. Таңдамалыда: «Әкесі оның батасын берді»- делінсе, түпнұсқада және В.В.Радловта «оның» сөзі орнын «оң» иеленген екен. Біз соны қалпына келтірдік.

4. В.В. Радловта: «Дүлдүлің оң аяғымен жер тепсе»- делініп, әрі қарай: «Сол аяғымен жер тепсе»- жалғастырылса, Мәшһүр-Жүсіпте (1170-папка, 176 б.) және соған сүйенген таңдамалыда екі ретте де «жер тепсе» орнын «жер тарпыса»- иеленген.

5. Таңдамалыда: «Келе жатса, бір елдің үстінен шықты» делінсе, Мәшһүр-Жүсіп жазбасында және В.В.Радловта «елдің» сөзін «белдің» ығыстырған екен. Біз де сол өзгерісті жөн деп таптық.

6. Таңдамалыда сол кезеңдегі әміршілдік жүйесі қыспағы ескеріліп (кітап дайындаған уақыт 1991 жылғы тәуелсіздікке дейінгі кез болғаны белгілі): «Жаудың ең артында Телегей алып бар екен»- делінсе, бұ жолы ақын қолжазбасындағы және В.В.Радловтағы өзгешелік ескеріліп: «ең артында» сөздері орнына: «ең көтінде кәпір басы»- деп берілді.

7. «Жаудың алар хайласын табайық!»- жолы В.В. Радловта жоқ, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған.

8. Таңдамалыда: «Атсақ оны алмаймыз, // Шапсақ оны шаппаймыз»- делінсе, В.В.Радловта: «Атсақ оны ала алмаймыз, // Шапсақ, оны шаба алмаймыз»- түрінде сәл өзгеріп орын тепсе, Мәшһүр-Жүсіпте былай деп ап-анық жазылған: «Атсақ, оны ата алмаймыз, // Шапсақ, оны шаба алмаймыз.»

9. В.В.Радловта: «Шапсақ қылыш өтпейді. Кәпір басы Телегей күнді боран соқтырды, аяз қылдырды. Бала тоңды, тоңған соң атасының айтқан сөзі бар екен»- деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте айырмашылық бар. Мәселен, «Шапсақ қылыш өтпейді»- дегеннен кейін: «ал, оған амал не?»- қосылуымен бірге «бала тоңды» дегеннен соң, «жаурады» сөзі үстеліп, мұндағы соңғы: «сөзі бар екен»- дегені «сөзі есіне түсті»- деп өзгертілген.

10. В.В.Радловта: «қамшысын бастырып»- делінсе, Мәшһүр-Жүсіпте сәл өзгеше: «қамшыны баса салып.»

11. В.В.Радловта: «Бір апасы басын алды»- түрінде берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте «басын» сөзінен кейін «алдына» қосылған.

12. Таңдамалыда: «Төрт түйемен, төрт сабамен барған екен»- делінсе, бұ жолы түспнұсқа, яғни 1170-папка және В.В. Радлов бойынша «түйемен» орнын «биемен», «барған»- дегенді «барады» ығыстырды.

13. В.В.Радловта: «Қодар өтірік той қылды»- делініп, бұрын аталмаған кісі аты орынсыз кірістірілсе, бұ жолы Мәшһүр-Жүсіпте «Қодар» орнына «қулар» сөзі ап-анық жазылғаны ескерілді.

14. В.В.Радловта: «Өзі қатынымен Құдайдан бір бала сұрады. Кетеді, етегін беліне қыстырды. Келе жатқан күнінде Сарыбай арықтады, қатын арқалады- түрінде берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте тағы да кеңейту, өзгерту бар: «Өзі қатынымен екеуі: «Құдайдан бір бала сұралық!»- деп, екі етегін беліне түріп алып:

- А, Құдай, өзін қай жақтасың, қайда болсаң да, міне, біз сенен бала сұрап қаңғырдық!- деп, жапан түзге бет алды. Қаңғырып жүріп кетті. Жүре-жүре Сарыбай арықтады. Қатыны арқалады. (Мәшһүр-Жүсіп. 1170- папка, 184- бет).

15. В.В.Радловта: «Түрегел, байым,- деді,- аспаннан табак түсті»- қалпында орын алса, Мәшһүр-Жүсіпте алғашқы екі сөзден кейін «Тілекті берді құдайым»- қосылған.

16. Алғашқыда (В.В. Радловта): «Қатын бәрін жеді. Сонан соң қайтты үйіне, қатыны буаз болды»- түрінде келтірілсе, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) бұл тағы да әжептәуір кеңейген:

Қатын бәрін жеп қойды,
Екеуі мас болды.
Бірін-бірі құшақтап жығылды,
Жас күнгі қуат-күштері кірді.
Сонан соң есін жиып,
Көздерінің жасын тыйып,
Бойлары бір-біріне еміреніп, иіп,
Бірін—бірі құшақтап сүйіп,

Ойнап-күйіп үйлеріне қайтты.

Қатын буаз болды (Мәшһүр-1170-папка, 185- бет).

17. Бастапқыда: «Сол күнде Өзтемір жылқыға келді, қарағайдың ішіне еніп келді. Топай құл айтты»- қалпында тым қысқа алынса, соңғыда тағы да сөздер т.с. үстелуі орын алған: «Сол күнде Өзтемір жылқыға келді: «Қарағайдың ішінде паналап, көлеңкелейін»- деп, атын бір ағашқа байлап, жатып қалды. Топай құл айтты.»

18. Кейінгідегі: «Бармағымның арасына салып, сені жоқ қылайын ба?»- сөзі бұрынғыда мүлде жоқ. Осы арқылы сөз айтушының екінші адамды бармақ арасына қысқандай сонша алып екендігі ашылған.

19. Әуелгіде: «Біздікінде не бар?»- деді түрінде тым қысқа қайрылса, екіншіде тағы да қаһарман мінезін аша түсерлік толығы бар: «Біздікіне не бергенің, не өткізгенің бар еді?- дейді.»

20. Бұрынғыда тағы да: «Соның атын қойған жоқ екен, соның атын қойғалы келдім»- делініп, тым қысқа да, ресми берілсе, кейінгіде: «Оның аты қойылған жоқ екен. Әдейі ат қойып, айдар тағайын деп келдім.»- деп өрілген.

21. Соңғыдағы: «Баламды айтпай біліп, // Сұрамай таныған // Қойсын атын- деп, // Ойымдағы жаңа табылды!- деп қуанды»- сөздері алғашқыда мүлде болмағандықтан да, Сарыбай мінезі ашылуына бұрынғыда біраз кедергі туғаны анық.

22. Бастапқыда: «Өзтемір: «Алмаймын, берсең,- деді,- маған балаңды бер, балаң керек маған»- деді.- Менің әкемді, шешемді, інімді, екі қарындасымды бәрін жауға алдырдым, өзім үйде жоқ болдым да, бок болдым- деді.» Екіншіде бұл мүлде басқаша берілген: «Өзтемір:

- Алмаймын ат пен тонды! // Екінің біріне, егіздің сыңарына// Беріп жүрсің ғой. // Сені жын мырза емес, // Шын мырза деп естіп келдім. // Маған бергіш болсаң, балаңды бер, // Балаңды қалап, сұрағалы, // Сенің мырзалығыңды // Сынағалы келдім!- дейді.»

23. Алғашқыда: «Қатыны айтты: «Ақылың жоқ екен, шақыр, бері келсін»- деді. Сарыбай тұмағын қолына алды, тұмағын былғап шақырды»- делінсе, соңғыда бұл тағы да өрістетілген: «Қатыны айтты:

- Бұрынғылардың: «Дүние боктан сасыққа, тастан қаттыға бітеді»- дегені осы екен-ау, ақылың жоқ екен, байғұс байым! Мырза Құдайдың мырзалық қылып берген нәрсесіне кісі сарандық қылмас болар. Бізді Құдай «қубас»- деген аттан құтқарды. Бізге сонысы да қанағат. Шақыр бері, келсін!- дейді.

Сарыбай тымағын қолына алды, тымағын былғап шақырды.» (Мәшһүр-Жүсіп, 1170- папка, 190 б.)

24. Кейінгідегі: «Жылқының сыйып жатқан даласы бес шақырым болыпты»- дегеніндегі алдыңғы төрт сөз әуелгіде (В.В.Радловта) орын алмаумен бірге, одан әрі екіншіде өрілген: «Топай құл баланы ертіп жүріпті»- дегендегі: «Баланы ертіп» сөздерінің бірінші нұсқада болмауы да соңғы жинаушының (Мәшһүр-Жүсіптің) ел аузынан естігенін қысқартпай жеткізу әдетінің тағы бір көрінісі болар деп есептедік.

25. Бұрынғыда тағы да: «Желкілдек шалма тастады, // Күреңше тайды тоқтатты. // Жүгенді алып жүгендейді, // Тай енді құнан болады»- деп тым қысқа тұжырылса, екінші үлгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) мәтіннің неғұрлым кең қамтылғаны көзге ұрады: «Сонан соң бала шалманы Топай құлдан:

-Бері ап кел, бермен!- деп, жұлып алып, тайдың мойнына тастап жіберіп, тартып қалғанда, тай жылп беріп, не ғып келіп қалғанын білмей қалыпты.

Топай құл жүгендеймін деп ұмтылған екен, тай тулағанда, құлдың қайың, қарағай болып жүрген сақалын дал-дал қылып, құлдың басын ит мүжіген қу бастай қылыпты.

Сонан соң жеті жасар Желкілдек өзі жүгендеймін деп ұмтылған екен, тай бұлк етпепті. Бөгелекке басын изегендей, басын изеп: «Қылша мойным мұнша»- деп тұра беріпті. Жүген салса, құнан болыпты.»

(Ескерту: Екі шығарманы салыстырсақ, жекелеген өзгерістер біз көрсеткеннен әлдеқайда көп. Біз бірақ басты-басты айырмашылықтарға тоқталумен шектелгенді жөн көрдік. - Н.Ж.)

Еділ-Жайық ертегісі.

Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (5-папка, 3-6 беттері) бойынша беріліп отыр. Бұл мәтін тап осы аталыммен ең алғаш «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1984 жылғы, 12-саны, 14- бетінде жарияланды. Туындыны ақын жазбасынан әзірлеп ұсынушы- Қ.Мәшһүр-Жүсіп.

Сарыбас мерген.

Бұл да әулеттік мұрағаттағы ақын жазбасы (5- папка, 20-23- беттер) бойынша ұсынылып отыр. Осы мәтін ең алғаш «Зерде» журналының 1992 жылғы санында (№6, 27-28 б.) жарияланды. Материалды әзірлеген- сол кездегі ҚазМУ студенті- Нартай Жүсіпов.

Ұйқының әлегі (Сарыбастың екінші бір әңгімесі).

Бұл да әулеттіктегі ақынның өз жазбасынан (5-папка, 24- бет) алынды. Бұл мәтіннің де алдында аталған «Зерде» журналында, аталған автор ұсынуымен жарық көргенін еске саламыз.

II Аңыз әңгімелер

Нұх пайғамбар мен бір кемпір.

Бұл мәтін жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы, 1176-папка, 212(309) бетіндегі және әулеттік мұрағаттағы ақын жазбасы (11-папка, 91-97 б.) мәтіндері салыстырыла отырып әзірленді. Бұл мәтін ең алғаш «Қазақстан мектебі» (№ 4-5, 1994 ж., 79-бет) журналында жарияланды. Әзірлеген- Қазақтың Әл-Фараби атындағы мемлекеттік ұлттық университетінің сол кездегі студенті-Нартай Жүсіпов.

Сүлеймен мен құмырсқа.

Бұл туынды әулеттік мұрағаттағы ақынның өз жазбасы бойынша дайындалды (2-папка, 215-222 б.) да, кейін табылған ақынның ертеректе жазылған тағы бір қолжазбасымен салыстыру жүргізілді. Бұл мәтіннің де бұрын жарық көргенін еске саламыз: «Азия» газеті, №3, шілде, 1992 ж., 5-6 бет. Мәтін ұсынушы- Нартай Жүсіпов.

Құдайды қолдан жасаушылар әлегі.

Бұл да жоғарыда ескертілген қолжазба қорындағы 1176- папка ішіндегі өз жазбасы (305(399)-310(404) беттер) бойынша ұсынылды.

Асан қайғы және Ежен хан.

Бұл туынды да әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (2- папка, 10-12 беттер) бойынша әзірленді. Мәтін ең алғаш «Ақиқат» журналында (№7, 79-84 б.) жарық көрді. Ұсынушы- Нартай Жүсіпов. Әулеттік мұрағатта тап осы мәтіннің көшірмелері, атап айтқанда, Жолмұрат Жүсіпұлы (2- папка, 47-56 б.) және кезінде ақын атқосшысы болып, оның мұрасын көп жинаған Иманғали Маненов (3- папка, 206 б.) жазбалары бар екенін еске саламыз.

Асан қайғы және пері қызы.

Бұл да алдында ескертілген Мәшһүр-Жүсіп жазбасынан (2-папка, 12-14 бет) алынды. Асан қайғыны тарих ғылымы тұрғысынан зерттеуді сол саладағы мамандар еншісіне қалдыра отырып, осы орайда жоғарыда ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің (1176- папка, 319(413) б.) мына жазғанына назар аудартқымыз келеді: «Бұл Мекіре балықтан әуел туғанда, Шайхы Бурих әулие туған. Атасы- адамзат. Онан соң- Асан қайғы. Бір қызын алып, онан жалғыз жетім Жаналы туған. Бір еркегін Ескендр [Александр] Зұлқайнарын ұстатып алып, ол да адамзаттан қатын алып, балалы-шағалы болған». (Біздіңше, «Асан қайғы» аңызында айтылғандай, пері қызынан туған бала т.с.с. сөз болып отырған тәрізді- Н.Ж.)

Асан қайғының жер туралы айтқандары (бірінші нұсқа).

Бұл да әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (2-папка, 15-21 беттері) бойынша дайындалды.

Асан қайғының жер туралы айтқандары (екінші нұсқа).

Бұл мәтіпнің біраз ретте ұқсас жерлері, қайталауы аз болмаса да, өзіндік ерекшелігі де баршылық екені, әрі ел арасында осылай түрліше тарауы ықтималдығы ескеріліп, бір мәтіпнің екінші бір түрі ретінде ұсынылды. Туынды Мәшһүр-Жүсіптің екінші бір жазбасы бойынша (әулеттік мұрағат, 1-папка, 33-37 б.) дайындалды.

Асан қайғы мұңы.

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы 1177-папка, 62-бетіндегі Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы бойынша дайындалды.

Жиренше шешен (бірінші нұсқа).

Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (2- папка, 22-37 беттер) бойынша ұсынылды. Сонымен бірге бұл мәтіннің әулеттік мұрағатта: ертерек жазылған ақынның өз жазбасы (11-папка, 298-307 беттер) және Жолмұрат (2-папка, 32-44 б.), Иманғали (3- папка, 304-305 б.) көшірмелері сақтаулы. Бұл мәтін ең алғаш республикалық «Ақиқат» журналында (№10, 1992 ж., 88-91 б.) жарық көрді. Жарияланымды әзірлеген- Нартай Жүсіпов.

Жиренше шешен (екінші нұсқа).

Бұл мәтін Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен ертеректе, яғни XIX ғасырдың соңғы ширегінде түсірген (Мәшһүр-Жүсіп-11-папка, 298-307 б.) жазбасынан алынды.

Бастапқыда ортақ түркі тілінде жазуға ойыскандық әсерімен және қазақ әріптері санынан араб әріптері саны кемдігінен де, қазақ әріптері, дыбыстары ерекшеліктері аз ескерілсе, кейініректе қазақшаға икемделу дами түскені байқалады. Тек жазу үрдісі ғана емес, сөз қолданыс, мәтіндік өзгешеліктер мол екенін ескеріп, бұл екі мәтінді де, яғни Жиреншеге қатысты бірінші, екінші нұсқаны да сол қағазға түскен түрліше қалпында ұсынғанды жөн көрдік. Сонда белгілі бір фольклорлық үлгінің ел арасында сақталу, тарау ерекшелігімен бірге, қағазға түсірілу, жиналу тарихы да анықтала түсетініне көзіміз жетті.

Сондай-ақ екінші мәтіннің бас жағы мен аяқ жағы бізге толық жетпегенін ескертеміз.

Ұста тұспалы және Жиренше.

Бұл да Мәшһүр-Жүсіптің ертеректегі жазғаны (11-папка, 307-310 беттері) бойынша ұсынылды.

Жақсыдан жаман тумайтыны.

Бұл туынды кезінде Мәшһүр-Жүсіп шығармаларын жинаумен айналысқан Әшім Қарақызұлы (1893-1989) жазбасы (әулеттік мұрағат, Әшім, 243-244- беттер) бойынша ұсынылды.

Шаш туралы әңгіме.

Бұл мәтін Мәшһүр-Жүсіп туындыларын жинаумен шұғылданған Омар Иманбаев жазбасы бойынша әзірленді.

Жиренше мен Қызылым. Бұл шығарма ақын шығармаларын жинауға белсене ат салысып жүрген Төлепберген Алдабергенұлы (1932 ж. туған) жазбасы (1-папка, 62-бет) бойынша әзірленді. Төлепберген ақсақал оны кезінде Мәшһүр-Жүсіп атқосшысы болған Иманғали Маненовтен (1903-1993) көшірген.

Жиреншенің енді бір түйіндері. Бұл да Мәшһүр-Жүсіп атшысы Иманғалидан алынған Төлепберген көшірмесі бойынша берілді.

Кемпір мен қарға. Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1176-папка, 224(319) бет) бойынша дайындалды.

Тұлпардың дүбірі. Бұл да сол қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1178- папка, 125-129 б.) бойынша әзірленіп, әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат көшірмесімен (2-папка, 304-306 б.) салыстыру жүргізілді.

Жиенәлі батыр тұлпары. Әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі (2- папка, 309-310-беттер) бойынша берілді.

III Күлдіргі сөздер

Қыз таңдау. Бұл мәтіннің үш үлгісі сақталған: оның екеуі Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы да, үшіншісі Жолмұрат көшірмесі. Мәшһүр-Жүсіп жазбасының біреуі неғұрлым толық болса (әулеттік мұрағат, Мәшһүр-Жүсіп, 3- папка, 90-бет), екіншісі біраз қысқартылып берілген (Мәшһүр-Жүсіп, жоғарыда аталған қолжазба қоры, 1176-папка, 213-бет). Жолмұрат көшірмесі әулеттіктегі толығынан алынған.

1. Мәшһүр-Жүсіп жазбасының әулеттік нұсқасында орын алған: «Томырлықты тұнжырды алғанда, не оңамын?»- деген жігіт сөздері ақынның екінші бір жазбасында, 1176-да мүлде жоқ.

2. Бастапқы нұсқада (бұдан былай әулеттіктегіні осы іспетті аталыммен атай береміз.- Н.Ж.): «Қыз көрерге екі жолдас ертіп, ел қыдырып жүргенде, елсіз далада үш жолаушы кез болыпты»- делінсе, екіншіде (әрі қарай да 1176-ны «екінші» т.с.с. аталыммен беріп отырамыз.-Н.Ж.): «Қыз көре екі жолдас ертіп, жолаушы болып бара жатса, өздеріндей үш жолаушы кез болыпты.»

3. Алдыңғы екі мәтін бірінші үлгі бойынша берілсе, бұл жолы екіншінің кен де, ұғымдырақ екені ескерілді. Әулеттікте: «Тама боламыз!»- десіпті. Жүрген жүрісін сұраса:

- Мына баланың ұзатқан апасы бар еді. Сол апасына амандыққа барып келеді,- десіпті.» Ал, 1176-папкада бұл сәл өзгеше, әрі нақтылық, дәлдік басым:

«-Тама деген елміз!- десінті.

- Қайдан келесіздер?- десе,

- Мына баланың ұзатқан апасы бар еді. Соған барып келеді,- десіпті.» Осы орайда бұл жолы мәтінді екінші, 1176-папка, бойынша ала тұра бұрынғыдағы «амандыққа»- деген сөзді өз орнында сақтауды жөн көргенімізді ескертеміз.

4. Екіншіде, 1176-да: «Бұл баланың өзін қай елге беріп еді,- депті»- түрінде қысқартылса, әулеттікте бұл біршама кеңейтілген: «Бұл баланың өзін қай елге көзін өткізуге ыңғайлап қойған бала еді?- десіпті.» Біз әрине, неғұрлым толығына табан тіредік.

5. Бұрынғыда: «Ондайдан аман, таңба салынбаған, дақ түспеген бала- десіпті.»- түрінде келсе, соңғыда өзгеше: «Басы бос, әлі атастырылған жоқ,- деген соң.» Біздіңше, Мәшһүр-Жүсіптің өзі осы мәтіндер басына сан қайталап: «Күлдіргі сөз» деп жазғанына, жалпы шығарма сарынына, жанрлық сипатына иек артсақ, алғашқыдағы сөздер ұтымдылығы анық.

6. Әуелгіде: «Соны алып бер»- түрінде қысқа айтылса, екіншіде (1176-да) сәл кеңейген: «Соны аламын, мал беріп, алып бер.» Бұл жолы біз кейінгіге сүйендік.

7. Алғашқыда: «Қалай қылсаң, еркіңіз»- болса, аяққыда «қалай қылсаң» орнын «әр не қылсаң» иеленген екен, біз соған иек арттық.

8. Бастапқыда: «Әкем мені малға сатты, // Аптықпай-ақ кергіңіз- депті» түрінде отау тігілсе, екіншіде «сатты» дегенді «берді», «аптықпай-ақ» орнын «асықпай-ақ» сөздері алмастырған екен. Біз өлеңнің шыққан уақытына, шығарманың жанрлық сипатына, қыз мінезіне қарап, бұрынғыдағыға ат басын тіредік.

Жігіттер сыбағасы (бірінші нұсқа).

Бұл да әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп (3-папка, 91-бет) жазбасы бойынша әзірленіп, ақынның екінші бір жазбасымен (1176-папка, 214(221) (311) б.) салыстыра саралау жүргізілді.

Жігіттер сыбағасы (екінші нұсқа).

Бұл жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1176-папка, 214(221)(311)б) бойынша әзірленді.

Түзеле алмау әңгімесі.

Бұл мәтіннің Мәшһүр-Жүсіп қолымен жазылған 2 нұсқасы сақталған. Оның бірі- әулеттік мұрағатта (3-папка, 92-бет) болса, екіншісі- сол қолжазба қорында (1176- папка, 214(221)(311) б.). Осы екі нұсқа салыстырыла отырып ұсынылды.

Барпық өнері (бірінші нұсқа).

Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (3-папка, 92-94 б.) бойынша әзірленіп, әулеттіктегі Жолмұрат (2-папка, 13-16 б.) көшірмесімен салыстыру жүргізілді.

Барпық өнері (екінші нұсқа).

Мәшһүр-Жүсіптің жоғарыда аталған қолжазба қорындағы өз жазбасы (1176-папка, 215(222)(312)-217(224)(314)б.) бойынша ұсынылды. Жоғарыда айтылғандай, Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазған екі нұсқада біраз айырмашылық, түрлішелік орын алуы себебі осының алдында да ескерткеніміздей, әрі ақынның екі үлгіні әр кезде қағазға түсіргені, әрі ел аузында түрлі сипатта таралуы айнасы деп ұғынған жөн. Сонда фольклордың басты ерекшелігі- ел арасында әр топта сөйленгенде, әр кезеңде түрлі өзгеріске ұшырап отыратынына біз қатар келтірген екі нұсқа да дерек көзі бола алады деп санаймыз.

Екі жігіттің өнер салыстырғаны.

Мәшһүр-Жүсіп ағамыз біраз ретте тақырыпты нақты көрсетпей, тек «Күлдіргі сөздер»- деп атап, не тіпті аталымсыз сөз бастай берсе, осы мәтін мандайына өз қолымен: «Екі жігіттің өнер салыстырғаны»-деп анық көрсеткен. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің сырт көзге анайы, тұрпайы көрінерлік күлкілі істерді електен өткізбей, сол қалпында беруі де фольклортану ғылымы талабына толық сай келетінін қайталап еске салғымыз келеді.

Тіней әңгімесі.

Бұл да Мәшһүр-Жүсіптің әулеттік мұрағатта сақталған өз жазбасы (3-папка, 103-104 б.) бойынша енгізілді.

Екі құрдас әңгімесі.

Бұл да әулеттіктегі Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасынан (3-папка, 104-106 б.) алынды.

Бір епті жігіттің өнері.

Бұл мәтіннің Мәшһүр-Жүсіп қолымен жазылған екі нұсқасы сақталған. Оның бірі- әулеттік мұрағатта (3-папка, 106-107 б.), екіншісі- жоғарыда сөз болған қолжазба қорында (1176- папка, 223(228)(318)(110)-бет) орын алған. Сол екі мәтінді салыстыра отырып, осы туындыны дайындадық. Шығарма тақырыбын да ақынның өз жазбасы бойынша келтірдік. Осы орайда қайынатасының өлімін есіттіруді күлкіге айналдырған жігіт сөздері де, соған мойын сұнған әйел әрекеті де

ізгілікке, ата жолына, дін қағидасына орайласпайтын ерсі, анайы, теріс екенін ескеру үстінде мәтінді бұл кітапқа ұсыну себебіміз, алдында айтылғандай, фольклор үлгілерінің таралу, сақталу ерекшелігін ескеруден туып отыр. Мәшһүр-Жүсіп атамыз тек ізгілікке үндеген үлгілерді ғана емес, оған кереғар, оғаш, тұрпайы әрекеттерді әспеттеген нұсқаларды да қалдырмай, өзгертпей жинап, сол замандағы адамдардың бар тобының наным-сенімін толық сақтауы- бәрі ерте замандағы қазақ тарихын, психологиясын, фольклор сипатын кең тануға қызмет етеді деп санаймыз.

Бір кедейдің сараңдығы.

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасынан (1176-папка, 196(203)б.) алынды.

Сараңның барып тұрған сараны.

Бұл мәтіннің де ақын қолымен жазылған екі үлгісі (1176-папка, 196 б. және 1-папка, 87 б.) салыстырыла берілді.

IV Шешендік өрнектер

Үлгілі сөзер.

Әулеттік мұрағатта сақталған Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1-папка, 104 бет) бойынша енгізілді.

Абылай хан сауалы.

Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1-папка, 37-38 б.) бойынша әзірленді. Осы орайда: «Қамқа тонын бас қылып жауып, толық тоғыз сый берді дейді»-дегеннен кейінгі ақынның өз жазбасы жазылған соңғы бет сақталмауына байланысты ол әулеттіктегі Жолмұрат көшірмелері (2-папка, 132-133 б. және 3-папка, 169-170 б.) бойынша толықтырылды. Жолмұраттың бастапқы көшірмесі соңында мынадай ескерту орын алған: «Көшірілді. 8.02.1937 ж. Өз қолынан жазған нұсқасынан-Мәшһүрдің анық- көшірілді. Көшіруші- Жолмұрат Жүсіпұлы.» Осы орайда екінші папкадағы Жолмұрат көшірмесі: «Хасен қажы айтып еді»- дегенмен тамамдалса, одан кейінгісі Жолмұраттың үшінші папкасы мәтіні бойынша толықтырылғанын да ескерткіміз келеді.

Қазыбек би

Қазыбектің алғаш көзге түсуі.

Бұл мәтін Мәшһүр-Жүсіп мұрасын жинаушылардың бірі - Әшім Қарақызұлы(1893-1989) жазбасы бойынша әзірленді. Қазақ билері

сөздерін т.с.с. ұзақ жылдар қарастырған зерттеушілер жинағандары, жазғандары топтастырылған кітапта (Төрехұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. Алматы, Жалын, 1993, 88 б.) Қазыбек Келдібекұлының туған, өлген жылы: 1667-1764 болып көрсетілген екен. Өмірбаяндық деректерді анықтау, нақтылауды тарихшы ғалымдар ізденісі үлесіне қалдыра отырып, сол кітапта біз ұсынып отырған мәтіннің кеңейтілген басқа бір нұсқасы берілгеніне (93-102 б.) көңіл бөлеміз. Біріншіден, мәтіндірдің түрлішелігі- ел арасында ауызша таралып, қилы-қилы нұсқалар тармақталуы мүмкіндігін көрсетеді. Екіншіден, бұл мәтіннің қай архивтен, кімнен алынғаны біз айтып отырған кітапта көрсетілмегендіктен де, екі мәтінді ғылыми салыстыру, сараптау жұмысын жүргізудің қиын болғанына назар аудартқымыз келеді. Қалай болғанда да, біз ұсынып отырған нұсқа өзіндік табиғилығымен ерекшеленеді.

Қазыбектің екінші билігі.

Бұл да Әшім Қарақызулы көшірмесі бойынша әзірленіп, Мәшһүр-Жүсіп мұрасын жинаушылардың бірі- Омар Иманбайұлы жазбасымен салыстыру жүргізілді.

Қазыбектің үшінші билігі.

Бұл да әулеттік мұрағатта сақталған: Әшім Қарақызулы мен Омар Иманбаев көшірмелерін салыстыра отырып дайындалды.

Қазыбектің төртінші билігі.

Бұл да әулеттік мұрағаттағы Әшім Қарақызулы мен Омар Иманбаев көшірмелерін салыстыра отырып енгізілді.

Қазыбектің бесінші төрелігі.

Бұл да Әшім Қарақызулы мен Омар Иманбаев көшірмелерін салыстыра отырып ұсынылды.

Қазыбектің «Тәңірі алдына барғанда» - сөзінің әсері.

Бұл әңгіме де әулеттік мұрағатта сақталған Әшім Қарақызулы мен Омар Иманбаев жазбаларын салыстыра отырып әзірленді. Осы орайда қайталап еске саламыз: фольклор үлгілеріндегі түрлі пікірлер Мәшһүр-Жүсіп көзқарасына үнемі сай келмеуі де мүмкін. Әйтсе де атамыз ел аузынан естігенін қағазға бұлжытпай түсірсе, біз де оны өзгерту т.с.с. жұмыстары фольклордың туу, тарау заңдылығын бұзу, яғни ғылымға қиянат деп санап, бізге жеткен үлгіні осы жолы да сол қалпында беріп отырымыз.

Қазыбектің 3 сұраққа жауабы.

Бұл да әулеттік мұрағаттағы Әшім Қарақызулы (287-288 б.) көшірмесі бойынша алынды.

Қазыбектің қартайған шағындағы сөзі.

Бұл мәтіп әулеттіктегі Жолмұрат Жүсіпұлы (3-папка, 78-бет) жазбасы бойынша дайындалып, Омар Иманбаев көшірмесімен салыстыру жүргізілді. Мәселен, Жолмұраттағы бастапқы жол: «Үлкен тау төбе болар тас кеткен соң»- түрінде болса, Омарда «үлкен» орнын «асқар» сөзі иеленген екен, біз кейінгіні неғұрлым дұрысы деп санадық. Мәшһүр-Жүсіптің сөз саптау үлгісі «үлкен тау»- дегеннен де «асқар тау» дегенге орайлас деп санадық. Сондай-ақ мына соңғы шумақ Жолмұратта ұшыраспай, тек Омарда орын алуы да көңіл бөлерлік:

Күндердің күнінде төрт түлік малдан-

Егістік салатын қоныс артық.

Қадіріңді білмей күндейтін ағайыннан-

Әділдігі бар орыс артық.

Омар атамыз бұл мәтінді Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, бұрынғы Жаңа жол ауылының тұрғыны Омарбек Әбдірахманұлынан (29.07.1967) жазып алғанын ескерткен. Біздіңше, сөз саптау қисыны соңғы шумақтың Мәшһүр-Жүсіпке тән еместігін байқатып тұр. Осы шумақ жартылай тыйым салынып, кітаптары басылмай жүрген Мәшһүр-Жүсіпті сол кездегі әміршілдік жүйе талабына бейімдеу мақсатында кейінгілердің қосқан жамауы болуы да ықтимал.

Қазыбектің қастандықтан аман қалғаны.

Әулеттік мұрағаттағы Омар Иманбаев (1-папка, 179-180 б.) жазбасы бойынша ұсынылды.

Қазыбектің соңғы бір тілегі

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1178- папка, 85- бет) бойынша әзірленді.

Байдалы шешен

Байдалының күйеуін менсінбегенге төрелігі

Бұл мәтін Мәшһүр-Жүсіптің әулеттік мұрағаттағы өз жазбасы (2-папка, 341-342 б.) бойынша кіргізілді.

Байдалы және Айғаным (бірінші, екінші нұсқа).

Бұл мәтіннің Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазған 2 нұсқасы сақталған. Мәтіндерде аздаған түрлішелік орын алуына қарап, ел арасында қилы өзгеріске ұшырау дәлелі ретінде екі нұсқаны да ұсынғанды жөн көрдік. Оның бірінші нұсқасы жоғарыда аталған ақын жазбасы (1177- папка, 147 б.) бойынша берілсе, екіншісі әулеттік мұрағаттағы мәтіп (2-папка, 343-347 б.) бойынша ұсынылды. Бірінші нұсқа бұрын ақын таңдамалысының 2-томында (Алматы, Ғылым, 1992 ж., 52-53 б. Әзірлеген- С. Дәуітов) жарияланған. Осы орайда: «Өлі аруақты тіргіздің»- деп басталып, «Астыма оны мінгіздің»- деп тамамдалатын

үзiктiң ақынның сол 1177- папкасының ендi бiр тұсында (24-бет) жеке орын алғанын, тек соңғы тармақтағы: «Астыма оны» орнына бiз сүйенген негiзгi үлгiде (1177, 147 б.) «керторыға» сөзi тұрғанын ескертеміз. Бұл Байдалыға қатысты әңгiмелер ең алғаш «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы 8-санында (194-195 б.) басылды. Әзiрлеушi- Н.Қ.Жүсінов.

Едiге би

Едiгенiң алғашқы билiгi.

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптiң өз жазбасы (1177- папка,204-206 б.) бойынша әзiрлендi. Әулеттiк мұрағатта бұл билiк кезiндегi Едiгенiң жас мөлшерiн айқындайтын және бiз сүйенген үлгiмен үндес келетiн, ақынның өз қолымен жазылған мынадай дерек сақталған:

«Едiге он төрт жасар бала күнде Едiгеге Үйсiн-Төле тоғыз «тоғыз» берiп қайтарған екен: «Менен соң үш жүздiң баласына үлгi айтасың!»- деп. Сол тоғыз «тоғызды» елге алып келiп таратқанда, бас тоғызын Бабырға берген екен: «Үндемесе де,- Бабыр еңбегi»- атаған себебi сонда екен.» (Мәшһүр-Жүсіп, 2-папка, 360-бет).

Едiгенiң Тоғаспен құда болуы (бiрiншi нұсқа)

Бұл мәтiн ертеректе жазылып, әулеттiк мұрағатта сақталған ақынның екi бiрдей өз жазбасына сүйенiп әзiрлендi. Оның негiзгiсi- 2 папка, 291-302 б. болса, екiншiсi- II-папка, 122-124 және 108-112 беттерi. 2- папканы негiзгi деу себебiмiз, ол дұрыс орында сақталғандықтан да, әрiптерi анық көрiнедi, ал II-папка кейiн қолға тиiп, (ол алдыңғы томдарда ескертiлдi) кезiнде бөлме ауасы ылғалдылығын бастан кешiргендiктен т.с.с., бет шетiнiң жырымдалуы, әрiптерi өшүшi т.с.с. орын алған.

Едiгенiң Тоғаспен құда болуы (екiншi нұсқа).

Жоғарыда ескертiлгендей, бiр туындының түрлiше қағазға түскен 2 нұсқасы болуы оның ел арасында алуан сипатта орын алуы ықтималдығын, яғни фольклор үлгiлерiнiң көбiнесе ауызша тарағандықтан да, көп нұсқалы болуы мүмкiндiгiн ескерiп, сол бояу ерекшелiктерiн сақтау үшiн екеуiн де қалдырмай, қатар ұсынып отырмыз. Алғашқыға қарағанда, бұ жолғыда кендiк, нақтылық басым болуы да назар аудартады.

Едiгенiң көрген түсi (бiрiншi нұсқа).

Әулеттiк мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптiң өз жазбасы (2-папка, 362-363 б.) бойынша дайындалды.

Едiгенiң көрген түсi (екiншi нұсқа).

Бұл да әулеттiктегi ақын жазбасына (2-папка, 359-360 б.) сүйенiп енгiзiлдi.

Едігенің көрген түсі (үшінші нұсқа).

Бұл мәтін жоғарыда ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасынан (1177- папка, 210-211 б.) алынды.

Едігенің соңғы билігі

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1177-папка, 212-214 б.) бойынша енгізілді.

Мөңке.

Әулеттік мұрағаттағы ақынның ертеректе қағазға түсірген өз жазбасы (II –папка, 89-90 б.) алынды.

Болтірік би.

Алдында аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1645- папка, 117-118 б.) бойынша ұсынылды.

Тайкелтір би.

Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (2-папка, 336-341 б.) негізге алынды. Бұл мәтіп «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы 8-санында (193-194 б.) жарияланды. Әзірлеуші- Н.Қ.Жүсіпов.

Жәуке шешен.

Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (2-папка, 268-274 б.) бойынша алынып және Мәшһүр-Жүсіп мұрасын ең көп жинап бізге жеткізген, оның Мәдина деген қарындасынан туған жиен інісі Жолмұрат Жүсіпұлы (2- папка, 161-164 б.) көшірмесімен салыстыру жүргізілді.

Тәйтеке және Кетебай сәлемі.

Бұл мәтін әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп қолжазбасы (2-папка, 326-327 б. бойынша енгізілді.

Тәйтекенің болжамы.

Мәшһүр-Жүсіптің жиені Жолмұрат Жүсіпұлы мен ұлы Мұхаммедфазыл Жүсіпұлы тәрізді ақын мұрасын ең көп жинаған кезінде ақынға атшы болып қызмет еткен Иманғали Маненовтің әулеттік мұрағаттағы (1- папка, 242- бет) жазбасынан алынды.

Ақтайлақ сыны.

Мәшһүр-Жүсіп мұрасын ұзақ жылдар бойы ерінбей жинаушының бірі- Төлепберген Алдабергеновтің әулеттік мұрағаттағы жазбасы бойынша (6-папка, 172-176 б.) енгізілді.

Досбол әңгімелері

Досболдың накыл сөздері.

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1178-папка, 317б.) және әулеттіктегі Жолмұрат көшірмесі (2-папка, 295 б.) негізге алынды. -

Досболдың тапқырлығы.

Бұ да сол 1178-папкадағы, 318(177) беттен алынды.

Досболдың енді бір сөзі.

Бұл да сол қордағы (1178-папка, 318 б.) ақынның өз жазбасынан енгізілді.

Досболдың қартайғандағы сөзі.

Бұл да сол қордағы жазба (1178- папка, 319(179 б.) бойынша ұсынылды. Сонымен бірге тап осы мәтіннің әулеттік мұрағатта: Жолмұрат (3- папка, 140-бет және 239-бет), Фазыл (2-папка, 231 б.), Иманғали (3-папка, 155-156 б.) және Омар Иманбаев (1-папка, 12 б.) көшірмелері қоса сақталғанын ескертеміз.

Досболдың көңлін сұрағандарға айтқаны.

Бұл мәтіннің Мәшһүр-Жүсіп қолымен жазылған екі нұсқасы сақталған. Оның кейінірек және толығырақ қағазға түскені алдында сан айтылған қолжазба қорындағы ақын жазбасы (1178- папка, 317-бет) негізге алынып, әулеттіктегі ертерек қағазға түскен (5-папка, 71 б.) біраз қысқалау алғашқы нұсқамен салыстыру жүргізілді.

Өтетілеу.

Алдында ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1645-папка, 70 бет) бойынша кіргізілді.

Үкібай.

Бұл да сол қордағы ақын жазбасынан (1645- папка, 71-бет) алынды.

Басқа да бұрынғы шешендік үлгілері.

Бұл жолы да сол қордағы ақын жазбасына (1645-папка, 71-73 б.) иек арттық.

Қарамеңде.

Бұл да сол қордағы Мәшһүр-Жүсіп (1645-папка, 75 б.) жазбасы бойынша берілді.

Кешкенбай.

Бұл да сол қордағы ақын (1177- папка, 148 б.) жазбасынан алынды.

Қондыбай.

Бұл да сол қордағы Мәшһүр-Жүсіптің (1178- папка, 176 б.) жазбасы бойынша енгізілді.

Торайғыр би

Торайғырдың шешендік өнері.

Бұл мәтін әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (2-папка, 364-376 б.) бойынша берілді.

Торайғырдың құн беруі (бірінші нұсқа).

Бұл әңгіме, яғни осы мәтіннің орта тұсындағы: «Жаздың күнінде ел жайлауда отырған мезгілде Торайғыр, Шоңның жылқысына түнде жау тиді дейді.»- деп басталатын тұсы Мәшһүр-Жүсіптің 2-папкасы, 376-381 бетінде жазылуымен бірге ақынның ертеректе жазылған (әулеттік мұрағат, II-папка, 293- б.) нұсқасында орын алғанын, сондай-ақ Жолмұрат (2-папка, 103-107 б.) көшірмесінде де бар екенін еске саламыз. Мәшһүр-Жүсіптің II-папкасы бойынша қосылған аздаған өзгерістерді көрсетуді жөн көрдік:

1. Мәшһүр-Жүсіптің екінші папкасындағы «сүйеулі» сөзі орнына он біріншіде «шаншулы» орналасқан екен, біз соңғыны шығарма рухына неғұрлым сай, ұтымды деп санадық.

2. Екіншіде (Мәшһүр-Жүсіптің әулеттік мұрағаттағы екінші папкасы дегеніміз-Н.Ж.) «Ал жау тиді!»- деп қана берілсе, алғашқыда, он біріншіде (яғни әулеттіктегі II-папкада) бұл сөздердің соңынан «жылқыға» сөзі қосылған.

3. «Ат екпінімен» сөзі екіншіде жоқ, тек он бірінші бойынша кіргізілді.

4. «Өкіре құлады, барғаным жоқ, қалды сол жерде.»- деген Торайғыр сөзі де екіншіде жоқ, тек он біріншіде орын алған.

5. «Уа, ұрған екенсің»- деген Шоң сөзі де екіншіде болмай, тек он бірінші бойынша кіргізілді.

6. «...ел қорқа-қорқа барды»- сөздері де тек он біріншіде ұшырасты.

Бұл мәтін ең алғаш республикалық «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы 8-санында (188-191 б.) жарияланды. Әзірлеуші- Н.Қ.Жүсіпов, ҚазМУ-дің студенті.

Торайғыр тапқырлығы.

Бұл да Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы, 2-папкасы (381-384 б.) бойынша кіргізілді.

Торайғырдың тағы бір сөзі.

Мәшһүр-Жүсіптің екінші бір жазбасы (4-папка, 109 б.) бойынша енгізілді.

Торайғырдың құн беруі (екінші нұсқа).

Бұл әңгіме Төлепберген Алдабергенов көшірмесінен алынды. Төлепберген осы мәтінді кезінде Мәшһүр-Жүсіпке атшы болып қызмет көрсетіп, ақынның көп мұрасын сақтап, кейінгіге жеткізген Иманғали Маненов жазбасынан алғанын ескерткен.

Торайғырды тоқтату.

Бұл мәтін де Төлепберген жазбасы бойынша ұсынылды, онда: «Қарақызұлы Әшімнен естіген әңгіме» ескертуі орын алған.

Шоң би

Шоң нақылдары.

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1176-папка, 21-бет) негізге алынды.

Тіл мен көз.

Иманғали Маненов (3-папка, 105-106 б.) бойынша ұсынылды.

Сарман мен Шоң би.

Әулеттік мұрағаттағы ақынның өз жазбасынан (2-папка, 363 б.) алынды.

Шоң бидің бір әйелден жеңілуі.

Әулеттіктегі Жолмұрат көшірмесі (3-папка, 138 б.) бойынша кіргізілді.

Шоң би мен Тіленші .

Әулеттіктегі Иманғали көшірмесі (3- папка, 118-120 б.) бойынша берілді.

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (бірінші нұсқа).

Бұл мәтіннің біз білетін үш нұсқасы сақталған. Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған бұл үш нұсқаның екеуі неғұрлым толық та, үшіншісі- қысқа. Ең толығы жоғарыда ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1177-папка, (153-162 б.) болса, екінші бір 1176-папкадағы (141-154 б.) жазба, негізінен, 1177-дегіні қайталағандықтан, одан алынып қосылған жекелеген қосымша сөз, сөйлемдерді арнайы түсініктеме арқылы көрсетіп отыруды жөн деп таптық. Ал, әулеттік мұрағатта сақталған үшінші нұсқа қысқа болса да, өзіндік ерекшелігі молырақ болғандықтан, оны «екінші нұсқа» айдарымен жеке енгізгенді жөн деп ұйғардық. Енді 1177- папкадағыны негізге ала отырып, 1176-папка бойынша енгізілген жалғыз үстемені арнайы көрсетеміз:

1. Тап осы орында 1177-де жоқ, тек 1176-да бар мына өзгешелік қоса кіргізілді: «Басына шығып, асқа тіккен үйлерді тамаша кылып тұрды. Көптігі- бір шеті мен бір шетіне көз жеткісіз екен. Сол жерде тұрып» (1176-папка, 141-бет).

Осы орайда осы мәтіннің бұдан бұрын ақын таңдамалысында (М.Ж.Көпеев. 2-том, Алматы, Ғылым, 1992 ж., 84-91 б.) енгенін еске саламыз.

Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (екінші нұсқа).

Бұл мәтін алғашқының орта тұсынан басталатын екінші бір қысқа нұсқа ретінде алынды. Жеке берілу себебі- мұнда алғашқыда жоқ біраз өзгешеліктер орын алған.

Сонымен бірге әулеттік мұрағаттағы Шоң биге қатысты Мәшһүр-Жүсіптің мына бір деректері де көңіл бөлерлік:

«Қуандықта сәукеле жасатқан салдың аты- «Өтебай жынды»- атанған сал екен.

Сүйіндіктен жеті жүз жылқы ығып, Ертіс түсіп, бес жүзін беріп, екі жүзі қалып тұрғанда, Шоң бидің Қатынтөремен ерегісіп, айтқан есебі айтқан күніне қар кетіп, суын сүт қылып алып қайтқан.

Жананның Қараласын алып, ақын Сақауды алысып, Қаржастан: Байкелді, Жаманқара, Балданды алысып, Жанақты алып, Қуандықтың асына барған – Шоң би (Мәшһүр-Жүсіп, 4- папка, 110- бет)»

Боздақ би туралы бір дерек.

Алдында ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1178-папка, 331 (185) б.) бойынша дайындалды.

Шорман би

Шорманның жас кезі.

Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасынан (2-папка, 289-291 б.) алынды.

Қаржас пен Қанжығалы дауы (бірінші нұсқа).

Әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасына (2-папка, 285-289 б.) сүйеніп берілді.

1. Осы 285- беттің оң қапталына көлденеңдеп жазылған ескертпе бар: «Сонда ең алдымен оққа ұшқан Қылтышар- Сыманбай батыр. Өзі өлгенде іште қалған баласы - Көзқажы атанды.» Бұл мәтіп бұған дейін «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы 8-санында (195-197 б.) басылды, ұсынушы-Н.Қ.Жүсіпов.

Қаржас пен Қанжығалы дауы (екінші нұсқа).

Бұл да сол 2-папкадағы басқа беттегі жеке үзінді ретінде жазылған (2-папка, 316 б.) нұсқадан алынды.

Шорманға бір бәйбішенің сын айтуы.

Бұл да әулеттіктегі Мәшһүр жазбасы негізінде (2-папка, 320-323 б.) ұсынылды.

Итемген.

Тарихта белгілі Едіге бидің немересі, Шоң бидің баласы Итемгеннің өз шешендігі де назар аудартады. Бұл үлгі әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (2-папка, 304-311 б.) бойынша әзірленді. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта тап осы мәтіннің Жолмұрат көшірмесі (2- папка, 157-161 б.) де бар екенін еске саламыз. Бұл мәтін ең алғаш «Жұлдыз» журналының 1992 жылғы 8-санында (191-192 б.) Н.Қ.Жүсіпов ұсынуымен жарық көрді.

V Түрлі әңгімелер

Мірсейіт пен Тінтазаны әңгімелері.

Бұл мәтін әулеттік мұрағаттағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (2-папка, 112-114 б.) негізінде дайындалды. Шығармадағы жеке сөздерге түсініктер:

1. Күбүрә- араб сөзі: «үлкен болу»- мағынасында қолданылған.
2. Тәкәббүр- араб сөзі: «мансапқорлық»- ұғымын береді.
3. Кәйф- араб сөзі: «сүйсіну, рақат, көңіл көтеру т.с.с.»- ұғымдары жинақталған.
4. Иәд- араб сөзі: «қол» мағынасында.
5. Сітт- араб сөзі: алты санын көрсетеді.
6. Нәша- араб сөзі: «пайда болу» мағынасын береді.
7. Шарх- араб сөзі: «түсінік, түсіндірме» мағынасында жұмсалған.

Қаһарлы Жанақ.

Бұ да әулеттіктегі Мәшһүр-Жүсіп (2-папка, 347-351 б.) жазбасынан алынды.

Төйте тәуін.

Бұл әңгіменің бастапқы бөлімі Мәшһүр-Жүсіптің әулеттік мұрағаттағы: 3-папка, 95-беті бойынша берілсе, «Бұл Қозғаннан шыққан Төйте тәуін: Қызылтауда Жосалы деген жерде қоныс қыстауы»- деп басталатын екінші бөлімі сол әулеттіктегі ақынның екінші бір жазбасы, 5- папка, 73-беті бойынша кіргізілді.

Дуанын пайдасы.

Бұл мәтін әулеттік мұрағаттағы ақынның өз жазбасынан (8-папка, 33-36 б.) алынды. Бұған дейін республикалық «Зерде» журналының 1995 жылғы 1-санында (28 б.) басылды. Әзірлеуші- Н.Қ.Жүсіпов.

Бір кедейдің тапқырлығы.

Бұған да әулеттіктегі Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (2- папка, 323-325 б.) негіз болды.

Мыңжанның шешендігі.

Бұл да әулеттіктегі ақынның өз жазбасымен (1-папка, 39 б.) берілді.

Әділ би әңгімесі.

Бұл мәтін Жолмұрат Жүсіпұлының әулеттік мұрағаттағы жазбасы (2-папка, 1, 2-бет) бойынша ұсынылып отыр.

Боран батыр.

Шығармада сөз болған Боран батыр жөнінде тарихи дерек ұшыраспағандықтан, әрі шығарма оқиғасында да нақтылықтан гөрі қиял, шарттылық басым түскендіктен, біз бұл әңгімені тарихқа арналған

кейінгі томдарға қалдырмай, тарихтық сипатынан да фольклорлық сипаты басым екенін ескеріп, осы кітапқа енгіздік. Бұл мәтін де Жолмұрат жазбасынан (1-папка, 311-312 б.) алынды. Бұл әңгіме бұдан бұрын республикалық «Жалын» журналының 1999 жылғы 5-6 санында (209-218 б.) Н.Қ.Жүсіпов түсіндірмелерімен жарық көрді.

Тентектер әңгімесі

Есен тентек.

Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1176- папка, 62 б.) бойынша ұсынылды.

Үшкүрт (бірінші нұсқа).

Бұ да Мәшһүр-Жүсіптен (1176-папка, 324 (417) б.) алынды.

Үшкүрт (екінші нұсқа).

Бұған да Мәшһүр-Жүсіптің әулеттік мұрағаттағы (1-папка, 88 б.) жазбасы негіз болды.

Есен тентек және басқалар.

Бұл да Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1178- папка, 106-110 б.) бойынша берілді.

Есеннің тентектік салыстырғаны.

Бұл да Мәшһүр-Жүсіптен (1178- папка, 111(70) б. және 1178- папка, 51 б.) алынды.

Құлболды иінідегі әулиелер.

Бұл мәтін Жолмұрат Жүсіпұлы (2-папка, 351-бет) жазбасы бойынша енгізілді.

Қоныр әулие.

Бұл да Жолмұрат көшірмесінен (2-папка, 345-346 б.) алынды.

Есте болатын ескі сөздер.

Бұл да Жолмұратқа (3-папка, 301,302 б.) сүйеніп ұсынылды.

Нұрман сөзі.

Бұған да Жолмұрат жазбасы (2-папка, 297 б.) негіз болды.

VI Ақындар айтысы

Қысқа қақтығыс үлгілері.

Жолаушы мен бойжеткен қағытпасы.

Бұл мәтін жоғарыда ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы, 1176-папкасы, 230(325) беті бойынша әзірленді.

Мәшһүр-Жүсіптің бір қожамен сөз қағысуы.

Бұл да сол қордағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасынан (1176-папка, 388(458)-389(459) б.) алынды.

Төлеген мен Имантай тәжікелесуі.

Бұған да сол қордағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1176-папка, 140 б.) негіз болды.

Көтеш пен Күмпейе сайысы.

Бұл да сол қордағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1178-папка, 212(125)-213(126) б.) бойынша берілді.

Көтеш пен Күнекей қағытпасы.

Бұл да сол қордағы ақын жазбасынан (Мәшһүр-Жүсіп, 1177-папка, 130 б.) алынды.

Көтештің бір қызбен айтысы (бірінші нұсқа).

Бұл да сол қордағы Мәшһүр-Жүсіп (1178-папка, 226(132)-227(134) б.) жазбасы бойынша ұсынылды.

Көтештің бір қызбен айтысы (екінші нұсқа).

Бұл өлең әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат көшірмесінен алынды. Назар аударарлық жәйт: «Мінгенім дәйім менің боз інген-ді»-деп басталған тармақтан кейінгілері осының алдында ғана берілген «Көтештің бір қызбен айтысы» мәтінін біраз ретте қайталайды. Сондықтан мұны сол мәтіннің екінші нұсқасы деп есептедік.

Орынбай мен келіні қағысуы.

Бұл мәтін әулеттік мұрағаттағы Жолмұраттың қарындашпен жазылған көшірмесі бойынша енгізілді.

Тәттіқыз бен Өске қақтығысы.

Бұл мәтін әулеттік мұрағаттағы Жолмұрат көшірмесіне (1-папка, 341-бет) сүйеніп, ұсынылды.

Мұстафа мен Жұмабай қағысуы.

Бұл орайда алдымен Мәшһүр-Жүсіп мұрасын көп жинаған Жолмұрат Жүсіпұлының Мұстафа мен Жұмабай қағысуын берумен қатар, сол Мұстафаның өмірдерегіне т.с.с. кеңірек көңіл бөлгенін ескеріп, сол деректерді толық беруді жөн көрдік: «Мұстафаның өмірбаяны, ата-тегі, шыққан руы туралы түсіндірме. Мұстафаның руы, шыққан тегі: Орта жүз ішінде Арғын, [Арғын] ішінде Мейрам, Мейрам ішінде: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Болатқожа- бұлардың ішінде Сүйіндіктен. Сүйіндік ішінде Айдабол, Күлік, Тұлпар болғанда, Айдаболдан бес қозының- Жанқозысы. Жанқозыдан-Төлебай, Төлебайдан: Жолан, Еламан, Едіге, Ырыс, тоқалдан-Ескелді, Малкелді. Жоланнан-Тойбазар, онан-Бүркітбай, Бүркітбайдан: Мұстафа, Омар. Омар- ағасы, екі әйел туысқаны бар. Біреуі-апасы- белгілі Ақбет. Қарындасының аты- Жүнжобас (Жүнжумас). Мұстафаның туып-өскен жері- Сарыарқа; Баянаула тауы. Туған жылы- көрген, замандасы болған адамдардың айтуы бойынша 1850 жылдардың шамасы, қайтыс болған жылы- 1880 жылдың шамасы. Мұстафаның дене құрылысы- орта бойлы, аққұба, ат

жақты, келбетті, қияпатты адам болған. Мұстафаның әкесі- Бүркітбай орташа дәулетті адам болған. Мұстафа жасынан өткір, зерек, зейін ішкірлі, ақыл ойлы болып туады. Он-он бес жасынан-ақ өлең жазып, өлең айтып, домбыра тартып, ән салатын болған. Ақбет деген апасы мен екеуі қосылып, домбырамен ән салғанда, заманында көрген, естіген адамдардың аузынан суын ағызып, таңырқантқан. Әуелі жас кезінде арабша дін оқуынан біраз оқып, оны былай тастап, ісін білетін беріп болған соң, Баянаула қаласынан қазақ-орыстан үйіне жалдап, орысша молда ұстап, онан орысша әрін жазуын, тілін үйренгеннен кейін, Павлодардан оқып, онан кейін Омбы қаласында оқып, Кадетский корпусы бітірген. Ол уақытта да қазақ елінің қараңғы күйі, болыс десе, сайлау десе, екі жақ партия болып, болыстыққа таласып, болыстықты үлкен зор дәреже көріп, барлық бір болыс елдің адамшылық тағдыры болыс болған адамның қолында, аузында болатын болғандықтан, малы, абыройы, беделі жететін қу пысықтар болыс болуға таласып, өзі болмайтын болса, өзінің бір көңілі сүйген адамдарын болыс қоюға жанын, малын, арын, иманын- түгел сол сайланатын адамның жолына, сайлануына салып, партияға таласып, ел бүлініп, қак жарылып, екі жақ партия болып, туысқан, аға-інілі адамдар бірімен-бірі көргісіз болып, әке-ұлынан, шеше қызынан айрылып, дау-жанжал, ұрыс-төбелес, кісі өліп, аяғы атылу, айдалу, нақақтан пәле жауып, пәленің неше түрлі тоқсан түрі туады. Бұл сияқты партияның ашу, араздық, партияның кесірі бірнеше жылға созылады. Данышпан ақын Абай айтқандай: «Болыс болдым, мінеки, // Бар малымды шығындап»- дегендей, жеңіп болыс болып алған соң, партияда қарсы болған, қалған жағы партиясы басқа болғандарға болыс-екен бар әкімшілікті қолданады. Барлық сайлауда партияда ұсталған расход, шыққан шығын, берілген пара, шашылған-төгілгеннің бәрін өндіріп алады.

Ол уақыттарда бір болыстың қарамағына алым тартпайтын аз иет үйлерден басқа, жазылмайтын, жарамсыз үйлерден басқа, алым тартуға жарайтын 1500-2000 үйлер болады. Болыс болып алған соң, бар әкімшілікті қолданады, барлық пәлені жабады. Сондықтан сайланарда барлық күшті салады. Осы айтылғандай, сайлау жұмыстары Мұстафаға да кездесіп, бірсыпыра жағдайларын, талқыларын көрген болады.

Волосной, управитель сайлауы жақындаған кезінде әрбір елге уездной (оязной) начальник шығып, болыстық әрбір болыстарды уездной начальник сайлап шығарады. Сайлау начальник алдында болады.

Мұстафаның өз әкесі Бүркітбай мен Хұсайын Боштайбаласы екеуі елді қак бөліп, партия жасап, болыстыққа таласып, осы сайлауда

Мұстафа уездной начальникке переводшы болып, Мұстафаның да көмегі тиіп, әкесі Бүркітбай болыс болып шығады.

Әкесі болыс болды, істеген іс орынға келді. Өзі би, өзі болыс, өзі төре. Өзі орысша, қазақша екі жұрттың тілін біліп, ауызы, бақыты әрі болса, бір уезге, бері болса, бір дуанға жеткен соң, көңілі өсіп, тасып, сайлаудың тақау арты ғана, қымыз ішіп қызып отырып, болыстықтың қуаныш мерекесінің үстінде өзінің қайнағасы Тасқара деген балуанмен тіленіп күресемін деп болмайды.

Тасқара:

- Қой, күреспейік,- деп үш рет қайырады, болмапты.

- Бүгін әкем Бүркітбай болса да, қурайша лақтырам!- деп тіленіп, болмаған соң, Тасқара амалсыз күреседі. Күрескенде, кім жығыламын деп күреседі, жығамын деп күреседі. «Алысқанда, атанды жық; аясаң, қоя бер!»- деген бар емес пе? Шарт-шұрт айқаса, ұстаса кеткенде, Тасқара шалып алып көтеріп тастап жібергенде, Мұстафа сылқ ете түседі. Көп кешікпей, жан береді. Көргендер: «Жұлыны үзіліп кетіпті!»- деген. Артынан бір жылға жетпей, әкесі Бүркітбай өледі.

Аңдып жүрген Хұсайын Боштаев сайлауды бекітпей, қайта қуып, Бүркітбайдың төрт биін паназор қылып түсіртін, келер жылына жеткізбей, күл-талқан, ойран-ботқасын шығарып, Хұсайын болыс болып шығады. Мұстафа мен Бүркітбай өлген соң, қалған мал дәулеті судай ағып, ағасы Омар болыстық былай тұрсын, ауылнай да болмады.

Омар ақырында апиынқор, ішкіш болып, ажалы апиыннан өлді. Мұстафадан өзіне тартқан бала қалмады. «Дүниенің алды -анау, арты -мынау!». «Дүние бірде бетін көрсетеді, бірде көтін көрсетеді.», «Су аяғы-құрдым бар сонымен.»

Мұстафаның төртінші атасы- Төлебай. Онан-Жолан, Еламан, Едіге. Ырыс тоқалдан: Малкелді, Елкелді. Осы бесеуінің Жолан үлкені болса да, бас пен малдан ана төрт туысынан аз, кем болған. Бүркітбай мен Мұстафаның уақытындағы аз дәурен Мұстафаның жігіттік жігер, талабының арқасы еді.

Мұстафаның тірі күнінде өз тұсындағы жақсы көретін қыздарына арнап жазған өлеңдері, шығармалары... әндері көп еді. Өзінің Жолан деген табынан туған Ысқақбай Итаяқбаласы ақын еді. Біздің жас бала күнімізде ауылға ел аралап жүріп келіп қонып жатып, өлең айтушы еді. Өзі үлкен ақын. Дүние жүзінде білмейтін өлеңі жоқ еді. Бұрынғы: Шөже, Кемпірбай, Жапар, Жәмішбай (Жамшыбай), Балта, Орынбай, Сақау, Тоғжан, Қойсары, Жұмабай, Көтеш, Күдері- осылардың бәрінің айтқан айтыстарын айтып, өз жанынан бірнеше түрлі өлеңдерін көп айтып жүретін еді. Өзі қорасаннан көзі кеткен қарабұжыр кейіпсіз кісі

еді. Біз онда өлең тындап, өлең ұқпақ түгіл, сөзге көңіл қоймақ түгіл, Ысқақбайды сыртынан боқтап келемеждеп, мазак қылып жүреміз. Қайран Ысқақбай енді тіріліп келер ме еді?!

«Мұстафаның ақын Шөжемен айтысқаны»- деп, «Қойсары Жұмабай ақынмен айтысқаны»- деп, бірнеше өлеңдер айтатын еді. Мұстафаның Шәшимансұр әулиенің нақақтан өлуі туралы жазған: «Аралыхақта мен нақақ»- деп жазған бір поэмасы болған. Ысқақбай осылардың бәрін айтатын еді. Жасы он- он бес жасар бала күнімізде естіген сөздер еді. Бәрі ұмыт болған.

Мұстафаның «Аналхақ» - деген шығармасын Ақбет деген апасы алған. Арқарбай деген жездесі мен екеуі домбыраға қосып, ән салып, екеуі кезек-кезек айтып, күздікүнгі сентябрь айындағы бір таңға таң атқанша айтып тауыса алмаған екен.

Мұстафаның Ақбет деген апасын алған жездесі Арқарбайдың түбітегі- Қарқаралы тауының күн шығысында «Қу»- деген тауды мекен қылып, туып-өскен жері- Қаракесек ағайындар болады. Арқарбай бес ағайынды: Қасқарау байдан- Қоңқабай, Аманбай, Мылтықбай, Қуандық, Арқарбай. Бір әйел туысқандары болған. Бәрінен үлкен апасы, аты- Күмседе еді. Арқарбайдан: Әнуар жалғыз туып, Ақбеттен- Арқарбайдан жаман туа ма, нағашысы Мұстафа. Әнуар да жұлынып, қалпына туып он бес жасында Қоянды жәрмеңкесі- ұлы жиында орыс-қазақтың түгел бас қосатын жәрмеңке уездной начальник алдында мақтап өлең айтқан. Начальник таңданып, арқаға қағып, үйіне бара-ақ ауырып өлген. Екі бала қалды. Мұстафаның ақын Шөжеден сұраған сөзі:

Барша жанға Құдайым жан береді,

Жаны кетсе тәнінен, кім жүреді?

Қабірден қойған қауым қайтқаннан соң,

Мүңкір-нәңкүрмен бірге еріп кім келеді?

-дегенде, Шөже жауап бере алмай қала берген.»

Сөз соңында айтарымыз: бұл мәтіндердің ішіндегі тікелей айтыс үлгісі әулеттік мұрағат, Жолмұрат Жүсіпұлы, 3-папка 214-бетінен алынса, Мұстафаның өмірдерегі т.с.с. туралы жазған Жолмұрат ойлары сол папкадағы соған дейінгі 207-214- беттер аралығында берілген.

Қалыпты айтыс үлгілері

Ақбала мен Боздақ айтысы.

Бұл айтыс бұдан бұрын сан рет ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1170-папка, 103-109 б.) бойынша дайындалды. Бұл үлгі 1992 жылғы ақын таңдамалысының екінші кітабында

(Алматы, Ғылым, 1992 ж., 127-131 б. жарияланды. Осы орайда бұл айтыстың ең алдымен 1870 жылғы В.В.Радлов кітабында (қара: «Ел қазынасы- ескі сөз», Алматы, Ғылым, 1994, 573-577 б.) жарияланғанын еске сала отырып, ел арасына таралу өзгешелігінен т.с.с. туған біраз айырмашылықтарды көрсетеміз:

1. В.В. Радловта осы айтыстың үшінші тармағы: «Тілеуің мен кеткенде, тап-таза еді»- деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте тармақ басындағы «тілеуің» орнын «жайлауың» иеленген.

2. Бастапқыда (В.В.Радловта): «Айтамын айт дегенде, Ақбаламын»- деп шумақ басталып, аяққы сөздің төртінші тармақ соңындағы «Ақбаламын» сөзін қайталауы орын алса, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) бірінші тармақ мүлде өзгеше келтірілген: «Жалғанның сұмдығынан ақ баламын». Соның нәтижесінде қыз атының бір шумақ ішінде екі рет қайталануы да жойылған.

3. Алғашқыда шумақ соңы: «Бейіттен мына тұрған шықпай денем»- деп беріліп, бірінші тармақ соңындағы «тілім», екінші аяғындағы «түбін» сөздерімен онша ұйқаспау орын алса, соңғыда аяққы «денем» сөзі «үнім»-дегенмен алмастырылып, ұғым дәлдігі және ұйқас сапасы жақсарған.

4. Әуелгіде: «Қайда екен, Ақбала қыз, сенің мұрның»- дегендегі «қайда екен» сөздері одан кейінгі сауалдардың бәрінің маңдайында қайталанып келіп отырса, екіншіде ол сөздер орнын «қайтті екен» иеленген. Зерделесек, көрде жатқан өліктің дене мүшелерін «қайда екен?»- деп іздегеннен гөрі соның шіру, бүлінуіне алаң болған жанашыр айтуына «қайда екен» дегеннен де «қайтті екен?»- сауалы неғұрлым дөп келетінін ажырату қиын емес.

5. Бұрынғыда: «Орнында жи дегенде қолаң шашым»- деп берілсе, соңғыда «жи дегенде» сөздерін «жидігенде» ығыстырып, ұғым, сурет нақтылығы арта түскені көрініп тұр.

6. Әуелгіде: «Көрінген жабылық қиғаш қасым»- делінсе, екіншіде басқаша: «Қалпында тұрсың ба, қиғаш қасым?!»

7. Біріншіде Боздақтың: «Жатты екен қайтіп шыдап жақ етіңіз?» сауалына жауап ретінде: «Шіріді жақ етіміз түтіп сан етіміз»- беріліп, сауалда жоқ «сан етіміз» қоса еніп кетсе, соңғыда ол кірме ығыстырылған: «Шіріді жатып жерде жақ етіміз.»

8. Бастапқыда: «Үйіңе апарайын мен сені бүгін»- делінсе, кейінгіде оның орнын: «Басылсын менің көңілім көріп жүзің»- иемденген.

9. Бұрынғыда: «Орнынаң ағып түсті екі көзім»- делінсе, екіншіде: «Орнынаң олқы соқты екі көзім»- орын тепкен.

10. Әуелгіде төртінші тармақ: «Бейіттен мына тұрған шықпайды үнім»- деп берілсе, аяққыда соңғы «үнім» сөзін «өзім» алмастырып, өз алдындағы бірінші, екінші соңындағы: «көзім», «сөзім»- сөздерімен құп үйлесу, ұйқасуға әкелген.

11. Біріншіде: «Қайда екен Ақбала қыз екі безін»-деп келтірілсе, кейінгіде: «Қайтті екен, Ақбала қыз, екі көзің»- деп берілген.

12. Бастапқыда: «Ақбала, әлің келсе, көтер басың // Үйіңе апарайын күні бүгін- делініп, бұрын айтылғанды жай қайталау ғана отау тіксе, Мәшһүр-Жүсіпте белгілі бір ұғымды дамытып, нақтылай түсу алға шыққан: «Қара жер бауыры суық алған екен, // Қызықты ойнап-күлер айдай кезің.»

13. Әдепкіде: «Аян-ды бір құдайға айтқан сөзім»- орын тепсе, екіншіде мүлде өзгеше: «Осындай мұнды кәріп болған кезім.»

14. Бастапқыда: «Райысын екі дүние көрдің қабат»- делінсе, соңғыда: райысын» орнын «арасын» иеленген.

15. Бұрынғыда: «Артында апан, алдында сіңлің жоқта»- деп келтірілсе, екіншіде: «Пайдасы қияметте тиер болса»- түрінде берілген.

Шортанбай мен Орынбайдың айтысы.

Бұл айтыстың Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған екі нұсқасы сақталған. Оның екеуі де алдында аталған қолжазба қорында сақтаулы. Салыстыра қарағанда, 1170-папка (78-85 б.) мәтінінен 1177- папкадағысы (117-120 б.) неғұрлым толық, дәл берілуімен ерекшеленеді. Біздіңше, 1170-тегі алдымен жазылған да, 1177-дегісі кейіннен жинақталып қағазға түскен. Енді Мәшһүр-Жүсіп жазбаларын бұрын (1870 ж.) жарық көрген В.В.Радлов нұсқасымен салыстыру жүргіземіз:

1. Бастапқыда (В.В.Радловта): «Диуана қожа атасы барар ма екен?»-деп берілсе, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) аяққы: «барар ма екен» орнын «барған Мекке» иеленген.

2. Әуелгіде: «Әр көрерсің құр келіп қатылғанды»- делінсе, екіншіде: «Ар көресің құр келіп шатылғанды»- түрінде орын теуіп, белгілі бір ұғымның нақтылана түсуі жүзеге асқан.

3. Бұрынғыда төртінші жол: «Қызғанған- тәңір малын шайтан болсын», - қалпында орналасып, өзінен бұрынғы тармақтар соңындағы: «айтармысың», «қайтармысың» сөздерімен ұйқасу сапасын нашарлатуға бастаса, соңғыда «тәңір» сөзі орнын «дүние» сөзі иемденумен бірге аяққы сөз: «шайтанбысың»- деп ірге теуіп, ұйқас заңдылығы қалпына келтірілген.

4. Әдепкіде: «Бағана біліп едім келерінді»- деп алынса, кейінгіде біраз басқаша: «Бағана-ақ біліп едім не дерінді.»

5. Біріншіде: «Осы жолы бердірмесең, қатын қожа»- делінсе, аяққыда: «бердірмесең» сөзінен кейін «боламысың» сөзі жайғасқан.
6. Бастапқыда: «Әу, балам, түк бермен тілің өтті»- түрінде орын алса, Мәшһүр-Жүсіптің бір жазбасында (1170-папка, 82 б.) осы қалып сақталып, екіншісінде (1177-папка, 119 б.) мүлде басқаша өрілген: «Алдыңнан түсер жан жоқ, гулеп кеттің».
7. Әуелгіде: «Ау, балам, осы сөзің түпке жетті»- делінсе, кейінгіде бастапқы төрт сөз мүлде өзгерген: «Түк білдірмен, түбірлеп».
8. Бұрынғыда: «Қожеке, сырттан сұрап сағынғаным»- қалпында сап түзелсе, екіншіде тағы да өзгешелігімен көңіл бөлгізеді: «Қожеке, сөйлер сөзден жаңылғаның.»
9. Әдепкіде: «Бұ жерде қожа билер қарату жоқ»- делініп, «қарату» сөзі ұғынықсыздық тудырса, соңғыда оның орнын белгілі бір тау аты «Қаратау» иеленіп, ұғым нақтылығы қалпына келтірілген.
10. Біріншіде: «Үйретті неткен адам сен кубасқа»- берілсе, Мәшһүр-Жүсіптің алғашқы нұсқасында (1170-папка, 83 б.) да тап осы үлгі қайталанғанымен, ақынның кейінгі жазбасында (1177-папка, 119 б.) «неткен адам» орнын «қандай ақымақ»- иеленген.
11. Бастапқыда: «Еліңе теріс айтып, дін үйретпей»- дегендегі «теріс айтып» сөздері ұғым бұлдырлауын ғана тудырса, соңғыда: «Пір болсаң, дәріс оқытып»- деп басталып, көмескілік, екіұштылық жойылған.
12. Әуелгіде: «Е, шал өлең айтқанын қашан көрдің»- деп берілсе, тармақ маңдайындағы «е, шал» сөзі «ишан» түрінде орнап, ұғым екіұштылығы ығыстырылған.
13. Бұрынғыда: «Өлеңді айт, бірліктен кет садаға»-қалпында өрістеп, бірліктен бөлу идеясы түсініксіздік тудырса, екіншіде «бірліктен» орнына «пірліктен» енгізілуі көмегімен тағы да ұғым екіұштылығынан арылу жүзеге асты.
14. Әдепкіде: «Жасыққа бола атыңды алыспаңыз»- деп берілгенде, «ат» ұғымының келіспейтіні байқалса, бұ жолы «бола атыңды» орнына «болатыңды» енуі нәтижесінде майысып, сынуы ықтимал жасық затты иіліп сынбас, қатты металл болатпен айырбастамау ұғымы туып, ұғым нақтылығы қалпына келтірілді.
15. Шығарманың ең соңғы тармағы біріншіде: «Жұртыма енді айтып майламасам»- түрінде орын теуіп, өз алдындағы тармақтағы оймен онша қабыспай тұрса, тағы да кейін қағазға түскен Мәшһүр-Жүсіп жазбасына сүйену соңғы екі жолдың ішкі бірлігін қалпына келтірді: «Кетермін жолдан тайып сыйламасам.»

Міне, бұл айырмашылықтардың бәрі тағы да белгілі бір мәтіннің ауызша таралғандықтан да, ел арасында көп нұсқалы болып айтылу, таралу өзгешеліктерін ескеріп отыру керектігін дәлелдейді.

Жанақ пен Түбек айтысы.

Бұл айтыстың Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған екі нұсқасы жоғарыда аталған қолжазба қорында сақталған. Оның ертеректе жазылғаны (1170-папка, 46-56 б.) мен кейінгісінде (1177-папка, 103-109 б.) ара-тұра айырмашылықтар бола қалған жағдайда, сөз мағынасына, ақынның сөз қолдану машығына қарап, соңғыға сүйенуіміз де заңды. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта Жолмұрат көшірмесі (3-папка, 350-354 б.) де бар екенін еске саламыз. Бұл айтыстың ең алдымен 1870 жылғы В.В.Радлов кітабына («Ел қазынасы- ескі сөз», Алматы, Ғылым, 1994, 564-566 б.) енгені белгілі. Тағы да белгілі бір мәтіннің, оның ішінде ауыз әдебиеті үлгілерінің, ел арасына түрліше нұсқада таралуын т.с.с. дәйектеу үшін де В.В.Радлов кітабы мен кейінірек қағазға түскен Мәшһүр-Жүсіп жазбалары арасындағы біраз өзгешеліктерді көрсетіп өтуді жөн көрдік.

1. Бұрынғыда (В.В.Радловта) осы айтыстың екінші жолы: «Үш жүздің үш ұлын жеңемін деп»-деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте (кейінгіде) 1170-папкада В.В. Радловқа жуықтастық орын алса, 1177-папкада өзгерістер мол болуымен ерекшеленеді. Мәселен, В.В.Радловтағы: «үш ұлын жеңемін деп»- дегенге орайлас 1170-папкада: «үш ауылын жинаймын деп»- түрінде келсе, 1177-де (103-бет) мүлде өзгеше: «ортасында өлең кернеп.»

2. Бастапқыда: «Үш жүздің үш ұлын жеңемін деп»- қалпында берілсе, екіншіде: «Үш жүздің үш ауылына кедеймін деп»- түрінде басқаша өрілген.

3. Әуелгіде: «Кәрі құл мен шыдармын, сен шыдамассың, // Шыдамаған жігітті тәңір алсын»- делініп, ұйқас сапасына аз да болса қылау түссе, соңғыда аяққы «тәңір алсын» орнын «қара бассын»- иеленіп, ұйқас сапасы жақсарған.

4. Біріншідегі: «Мен кімнің шақыртқанына келіп едім»- деген жол Мәшһүр-Жүсіптің 1170-папкасында да сол қалыпта қайталанса, ақынның екінші жетілдірілген жазбасында, 1177-папкада, бастапқы сөздер: «Оспан хан шақырған соң»- түрінде келіп, ұғым нақтылығы жүзеге асқан.

5. Әдепкіде: «Атың Жанақ болған алты алашқа»- түрінде отау тігілсе, кейінгіде алғашқы сөздер: «Кедейлігің белгілі»- деп өзгерген.

6. Бұрынғыда шумақтың соңғы тармағы: «Тайында-ай атпенен айқаласты»- түрінде орын теуіп, өзімен ұйқас құруға лайық бұрынғы

жолдар аяғындағы: «Берікағашта», «алты алашқа» сөздерімен мүлде үйлеспей тұрса, соңғыда: «Тай күнінде атпенен тайталасса»- деп алынып, ұйқас заңдылығына толық жауап беруімен ерекшеленіп тұр.

7.Бастапқыда: «Қамбардың кедей шалы кедей қалса, //Бозбалалар дым бермеңіз десіп жүрген» жолдарында бір тармақ ішінде «кедей» сөзі екі рет қайталанса, екіншіде «кедей» сөзі «келе»- деп ауыстырылумен бірге келер жолдағы «дым» сөзі орнына «түк» сөзі орын алуымен де ерекшеленеді.

8.Әуелгіде: «Арғынның айналасы алты айлық»- делінсе, кейінгіде ең соңынан «жол» сөзі қосылған.

9.Біріншідегі: «Жаман бала еркіңе қойған бар ма?»- тармағы орнына соңғыда (1177-папка, 104 б.): «Жаман болып, жасқанып, тайғандай ма?»- жайғасқан.

10.Әдепкіде шумак соңы: «Төрт ұлы бәйбішенің қосылмайды»- түрінде келіп, әрі өз алдындағы ұйқас құраушы тармақ аяғындағы сөздермен: «Найман қайда?», «осындайда»- сөздерімен ұйқаспау, әрі ұғым бұлдырлығы орын алса, екіншіде: «Арғын беттеп жайласа жазғы майда»- делініп, әрі ұйқас сапасы жақсарған, әрі ұғым дәлдігі орнаған.

11.Бұрынғыда: «Бас қылып жаман тайын ұстап алып, // Жақсыңды тізіп салған жалғыз сайға»- делініп, жаман тайды ұстауда не мән бары түсініксіздік тудырса, кейінгіде: «Бас қылып Жамантай мен Құсбегінді // Жақсыңды тізіп қамап жалғыз сайға»- деп өзгеріп, ұғым нақтылығы, әсерлілігі артқан.

12.Бастапқыда: «Деген соң сенің атың Жанак, // Қылғындырып қойыпты мешкей тамақ»- делінсе, соңғыда: «Қу кедей тентіреген Қамбар: Жанак, // Қылғындырып қыдыртқан мешкей тамақ»- түрінде келіп, қиындық, жағдай сипаты айқындала түскен.

13. Әуелгідегі: «Інінді қойдай ұстап сатып едің»- дегенде, оның кімдерге не себепті сатылғаны білінбесе, екіншіде ол нақты берілген: «Інінді сартқа саттың кедейліктен.»

14. «Қақ жарып көп жақсыңа өлең айттым»- деп басталатын сегіз тармақтық мәтіннің, яғни 17, 18- шумақтардың В.В.Радлов кітабында болмай, тек Мәшһүр-Жүсіп жазбаларында ұшырасуы және мұндай алғашқыдағы түсіп қалудың орнын толтыру кейін де біраз орын алуы- бәрі Мәшһүр-Жүсіптің ара-тұра В.В.Радлов нұсқасына иек сүйеу мүмкіндігімен қатар, өз бетінше көп жинап, дамытып отырғанын нақты дәлелдей алады.

15.Біріншіде: «Ұранымды сұрасаң, Арғын, Найман, // Кедей Жанак десе де ар қылмаймын»- деп өрілсе, кейінгіде тағы да белгілі бір

ұғымның дамытылып берілуі байқалады: «Мен ағаң Арғын болғанда, балам- Найман, // «Кедей Жанак»- десең де арланбаймын.»

16. Әдепкідегі: «Қолдағы домбырамен ұрғандаймын»- дегендегі ойға алған әрекет сипаты тағы да соңғыда нақтылана түсуімен назар аудартады: «Домбыраммен қақ басқа қойғандаймын!»

17.Бұрынғыда: «Оспанның асыңғаны алтыннан қын»-делінін, бір жақты ғана марапаттау жүзеге асса, екіншіде тағы да белгілі бір ұғымды қарама-қарсы қойып, өрбіту көңіл бөлгізеді: «Сен-пышақ: жетесі жоқ, мен- алтын қын.»

18.Бастапқыда: «Алтай, Қарпық байым бар, Алдажұман, // Тап өзінің жылқысы жиырма үш мың»- делініп, тек бір жақты бөліп дәріптеумен шектелу орын алса, кейінгіде тағы да қарама-қарсы қою арқылы әсерлілік артуы жүзеге асқан: «Өзім кедей болсам да, аймағым бар, // Алдажұман жылқысы- жиырма үш мың.»

19. Әуелгіде: «Найманда бұрымынан талған қатын»- қалпында ірге тепкен тармақ екіншіде өзгерген: «Найманда: Бураменен қалған қатын.»

20.Алдында ғана атап өткеніміздей: «Күмістен жамбы деген тасым еді»- деп басталатын 24, 25, 26- шумақтардың, яғни 12 жолдық мәтіннің В.В.Радловта ұшыраспай, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алуы тағы да бір мәтіннің таралу, жиналу өзгешеліктері мол болатынын дәлелдей түсетіні анық.

21.Алғашқыда: «Елімде бір байы бар Азнабай-ды»- деп берілсе, Мәшһүр-Жүсіпте кісі аттары көбейген: «Құрысбай, Сапақ, Бапақ, Азнабай-ды.»

22. Біріншіде: «Тап бір күнде қырық арба қазына алды»- қалпында көрінсе, екіншіде тағы өзгеше: «Оны азсынсаң, қос атқа ал Өтебайды» (1177-папка, 107-бет).

23.Әдепкіде: «Тоқсан сан осы күнде қой айдайды»- деп алынса, соңғыда: «Бас-басына тоқсан сан қой айдайды.»

24. Бұрынғыда: «Қу далада қуындап айтқаныңша»- түрінде берілсе, кейінгіде: «Қу далада қу таңдап, қақсағанша»- қалпында алынған.

25.Жоғарыда айтылғандай: «Еліңде төрең бар ма іске жарар»- жолын маңдай еткен 8 тармақтық мәтіннің, яғни 30, 31- шумақтардың В.В.Радловта жоқ болып, тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алуы тағы да ел арасындағы ауыз әдебиеті үлгілерінің таралу, жиналу ерекшеліктерін танытады деп санаймыз.

26.Бұрынғыда: «Кедейді өзіме қойып елденейін»- деп алынса, соңғыда тағы да белгілі бір ұғымды нақтылай түсу бар: «Жанактың толтыра алар кім көмейін?!»

27. Бастапқыда: «Қызыл тілім сөйлей бер безектеген, // Күнде күнін көреді тезек терген»- деп оқығанда, түсінік бұлдырлығы орын алса, екіншіде: «Сапеке, даусың қалай безектеген, // Күң де күнін көреді тезек терген»- делініп, ол көмескілік жойылған.

28. Алғашқыда: «Қайғылы көкірегім, көңілім күпті»- делінсе, кейінгіде: «Жұрттан жалғыз жүрген соң, көңілім күпті»- делініп, көңіл-күй деңгейіне не әсер еткеніне жарық түсірілген.

29. «Екеуің екі жақтан буындырып»- жолынан бастау алған 35-39 шумақтар, яғни 20 жолдық мәтін В.В. Радловта мүлде жоқ. Оның есесіне онда Мәшһүр-Жүсіпте жоқ 12 тармақтық басқа мәтін орын алған. Бұл да ауыз әдебиеті үлгілерінің таралу, жиналу ерекшелігін, яғни көп нұсқалылығын танытады деуге негіз толық.

Жанақ пен Сақау айтысы.

Осының алдында ғана Жанақ пен Түбек айтысы берілгенін ескеріп, сол Жанақтың екінші бір ақынмен, яғни Сақаумен айтысын ізінше ілестіре бергенді жөн көрдік. Бұл да алдында ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1178-папқа, 227-228 б.) бойынша әзірленді.

Сақау мен Тоғжан айтысы.

Бұл да жоғарыда ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбасы (1178- папқа, 89-100 б.) бойынша әзірленді.

1. 93- беттің соңғы тармағындағы: «Кеспелік, Түрмелік» сөздеріне сол беттің сол жақ қапталына көлденеңдеп жазылған Мәшһүр-Жүсіп түсіндіруі орын алған: «Кеспелік, Түрмелік, Елік- Мәукенің үш баласы, оғбаған азғын туған нашар тұқым болғандар.» Одан әрі мына бір ескерту қоса берілген: «Сақау, Шаншар деген елдің жиені екен, шешесі оң жақтан көтерін келіп тапқан дейді.»

2. 94- беттің оң қапталында осы «Марамик» сөзіне байланысты мынадай түсінік жазылған: «Абыралы, Марамик- таудың аттары. Тасшоқы Марамикке маңайлас, Жалғызшоқы- ұрлығын мойнына салды.

3. Осы тұста Мәшһүр-Жүсіптің баға беруі орын алған: «Өлең болса, айтыс болса, осы екеуіндей болсын!»

4. Бұл арада Мәшһүр-Жүсіп ескертуі ізінше берілген: «Төртуыл билері: Торайғыр, Қойшыбай Қаракесекке бітімге барып, Қаракесек бітім бермей, бұлар салы суға кетіп, салбырап қайтып, аштан өле жаздаған жері болған екен, Тоғжан соны айтты.» Сонымен бірге сол 98-беттің оң қапталында мына түсінік қоса жазылған: «Қушоқы-Ақмола, Қарқаралы, Баянаула- үшеуінің қиранты астасқан жер.»

5. Осы сөзге байланысты 98-беттің оң қапталында көлденеңдеп мына түсінік жайғасқан: «Шортандының қарасуы «Қоңырадыр»- деген жерде – Есілдің басы болады.

6. Осы ине табылуына байланысты өз түсіндірмесін Мәшһүр-Жүсіп атамыз 96(60) беттің сол қапталына көлденеңдеп жазған: «Мұса Секербайдың Секербайы дәл осы жерге келгенде: «Аузынан айналайын, ай, аузына қайдан түсті?»- деген екен. Сонда Торайғыр бидің атқосшысы-Бістықмұрт: Ерсарыдан ине табылған екен. Бұлардың қасында осы екеуі де болған емес: бірінен-бірі жеңілмес үшін дауласып отырған.»

7. «Мен емес даулы кісі, жүгінбеймін!»- деген Сақау сөзінен кейін оған отырғандардың қалай қарағанын, айтысқа қандай баға берілгенін Мәшһүр-Жүсіп былай деп жазып қалдырған: «Үй толып отырған боз-бала жанған өрттей дауылдап, Сақауға лап қойды: «Алшекеме тілі тиді, тапырлап тастаймыз!»- деп. Алшынбай би ақырды:

-Отыр былай, жалғызың бүлк етпе! Бір қызыл түлкі қорымнан қорымға қашып тығылып, бір кара бүркіт: «Қайда барсаң да, қоймаймын!»- деп, қуып барады. Кісісіз жерде кісіні ит талайды. Кісілі жерде кісіні кісі талай ма екен? Жеңілмейтұғын бала еді, сендердің мына ашу шақырғандарың жеңілгенге тәндік (тандық) болды. Осы үйде отырғаннан бірің қалмай, мына Сақауға ат бастатқан «тоғыз» айып төлеңдер! Қазір менің алдымда жиып беріңдер! Біздің баланың өлеңінен Сақаудың өлеңінің тайлы бие, боталы түйелік артықтығы бар. Қалай десең, біздің бала Алтай, Қарпық қонысынан кетіп қалған!- деді.

Жұтап кетті ме, болмаса жылқының қонысы емес. Оның үстіне: «Қызыл қарын, жас бала жан сақтай алмайтын жер»,- деп кетті ме, белгісі жоқ. Есенкелді -Алшағырдың Қарсұн, Кернейді қырып, Ақтау, Өртауды қолмен тартып алғанын айтты ғой. Өтірік десең, ана жатқан Ескенбайды көттеріңе тығып жасыра аласың ба? - депті.

Ұлбике мен Күдері айтысы.

Бұл айтыстың Мәшһүр-Жүсіптің қолымен жазылған үш нұсқасы алдында аталған қолжазба қорында сақталған. Оның алғашқы жазылғаны-1170-папка (56-66 б.) нұсқасы болса, одан көп кейін қағазға түсірілгені-1178-папкадағысы (250-261 б.) және 1177-папкадағысы (69-79 б.). Осы орайда бұл айтыстың ең алғаш жариялануы В.В.Радловтың 1870 жылғы кітабынан (Қара: «Ел қазынасы- ескі сөз». // Алматы, Ғылым, 1994 ж., 569-573 б.) басталса, кейін де біраз кітаптарға (Қараңыз: Айтыс, I-том, Алматы, Жазушы, 1988, 76-81 б.) енді. Сонымен бірге бұл айтыс Мәшһүр-Жүсіп таңдамалысына (2-том, Алматы, Ғылым, 1992, 119-122 б. құраст. С.Дәуітов) да кіргені белгілі. Осы орайда Мәшһүр-Жүсіптің басқа жинаған үлгілері тәрізді, ең толық қамтылғаны- осы біз ұсынып отырған қалып деуге негіз толық. Оны біз мәтінге берілген түсініктемелер бөлімінде нақты көрсетеміз. Алдымен Ұлбике мен Күдері жайында берілген 1178- папкадағы ескертуді келтіреміз: «Қожа диуа-

надан шыққан, әкесінің аты- Еркөшек, өз аты- Күдері. Әкесінен Имам Мұхаммедханафия барғанша ақын баласы Құлыт қожа- о да ақын. Құлыт баласы Құлжан қожа, бұ да ақын. Сексен жасқа келген шағында көзіміз көрді. Мұның баласы Ғайса қожа, Мұса қожа, Баймен қожа. Бұл күнгі тұқымына шейін ақындық тұқымынан үзілмей келген.»

Одан әрі 1178 бен 1177- папкадағы пікірлер біркелкілігі байқалады: Ұлбике Ұлы жүз: Үйсін- Ошақты-Жалайырдың Ошақтысынан шыққан, әкесі Жанкелді де ақын, шешесі Жаңыл да ақын болған. Ұлбикенің әкесі Жанкелді ақынның қартайғанда айтқан екі ауыз өлеңі:

Елек қойып болмайды ел аузына,
Өлеңім, бірте-бірте кел аузыма,
Өтіпті бізден бұрын көп керуен,
Біз де келіп отырмыз жол аузына.

Қартайған шағында бір немере-шөбелері қолына су құйып тұрса, қолының еті қашқандықтан, құйған су қолына тұрмай, саусақтарының арасынан аға берген соң, су құйған балалар жырқ-жырқ күле бергенде, айтқаны:

Халқы түзу тұрмаса, хан бола ма,
Бейнет жекпес жалғанда жан бола ма?
Қысқа күнде қырықты алған қыран едік,
Еті кетсе, тұлпарда сән бола ма?!

Талай ақын айтқан шығар, бұл екеуіндей құмарланып айтқаны болмаса керек.» (1178-папка, 250-бет және 1177-папка, 69(34)- бет).

Сонымен бірге 1177-папка мәтіні маңдайшасындағы ақынның мына бір ескертпесіне көңіл бөлеміз: «Бұрынғылар домбыра ұстап, өлең айтатұғыннан: «Қайым білесің бе?»-деуші еді. «Қайым»-деп екі ақынның айтысқан өлеңін айтады екен. Сонда қайым өлеңінің ілкі басы- Күдері қожа мен Ұлбике қыз айтысқан. Бұл екеуінен бұрын өлең де жоқ, айтыс та жоқ. Бұрынғының мақал-тақпақ- анан сұратын (суретін) жырлап сөйлейтін болған. Жырлап сөйлеушінің тұңғышы- Ноғайлыдан шыққан Мөңке би Орманбет хан заманында қойшы бала. Қазақтан жырлап сөйлеушінің басы- Бұқар жырау. Олардың заманында өлең тіпті жоқ. Өлеңмен сөйлеушінің басы- Күдері қожа, Ұлбике, Заман қожа, Ұмсын қыз, қарақалпақ- Жангел (Жаңыл) ақын, Көтеш ақын. Мұның заманында Ұлы жүзде Күмпейе қыз деген болған. Сонан кейін ақындар әр таптан шыға берді. «Ер Тарғынды» жырлап сөйлеген Кіші жүзден шықты. Марабай ақын-Кенесары, Наурызбайды жырлап сөйлеген -Орта жүзден шықты. Нысанбай жырау- осы екеуінен шешен жыршы болмаған деп білемін.

Күдері қожа албырт бозбала күнінде: «Ұлбикемен айтысамын!»- дегенде, Күдерінің әкесі- Еркөшек қожа, о да ақын екен, жырлап сөйлейді екен:

- Балам, Ұлбикемен айтысамын десең, Бұхараға барып, үш жыл оқып кел. Әйтпесе онымен айтысуға жарамайсың!- деген екен. (Әрі қарай 1177-дегі ой қайталануы орын алған- Н.Ж.).

1177-папканың 72 (37) бетінің сол жақ шекесіндегі Мәшһүр-Жүсіп ескертуі көңіл болғізеді: «Осылар бір жерде айтысқан емес, әр жерде айтысқан сөздер. Мұнан басқа да көп шығар. Бізге келіп жеткен жалғыз-жарым тамтыры.»

Осы орайда бұл туындының ең алғаш 1870 жылғы В.В.Радлов кітабында шыққанын, оның жалпы көлемі 51 шумақ, 204 тармақты құрайтынын еске ала отырып, Мәшһүр-Жүсіп нұсқасы одан әрі анағұрлым екі еседей кең 101 шумақ, 404 жол екенін дйттеген жөн. Атап айтқанда, алғашқы бөлімі: «Қай күні суық болғанда, дария қатар»- делінген, В.В.Радлов бойынша 51 шумақпен, ал Мәшһүр-Жүсіп бойынша 45 шумақпен тамамдалатынын ескерткен жөн. Осы айтылған межеге дейін бірен-саран шумақтар бастапқыда бар да, кейінгіде орын алмаса, оның есесін шығарманың кейінгі көлемді бөлімінің тек екіншіде орын алуы тағы да әрі белгілі бір ауыз әдебиеті үлгілерінің ел арасына түрліше таралуын, әрі Мәшһүр-Жүсіптің өзіндік ізденісін, әр кезде әр жерде жинау, қағазға түсіруді т.с.с. ұзақ уақыт жалғастырғанын дәлелдей түседі. Енді шығарманың бастапқы бөліміндегі В.В.Радлов пен Мәшһүр-Жүсіп нұсқасы арасындағы айырмашылықтарға және ақынның ара-тұра берген өз түсініктеріне мәтіндегі сөз реті, орны бойынша тоқталып өтеміз.

1. Бастапқыда (В.В.Радловта): «Тұсыма қыздар толды қос алқалы»- дегендегі «толды» сөзі Мәшһүр-Жүсіптің ертеректе қағазға түсірілген 1170- папкасында (56-бет) ғана қайталанса, ал кейінірек жиналып жазылған 1177, 1178- папканың екеуінде де ол сөз орнына «келді» енгізілген.

2. Бұрынғыда: «Қазақтың ақсақ тайын алдап алған»- түрінде алынса, соңғыда 1170- папкада тап солай болса да, 1177, 1178-де «ақсақ» сөзінің орнын «шынжау» иеленген.

3. Әуелгіде: «Өлең, өлең дегенге етерелі»- делініп, біртүрлі ұғынықсыздық пайда болса, екіншідегі үш нұсқада да: «Өлең-өлең деуменен өтер еді»- түрінде берілген.

4. Біріншіде: «Өлең айтып көңілді көтереді»- бой көтерсе, соңғыда: «айтып» сөзін «шіркін» ығыстырған.

5. Әдепкіде: «Қожам, өлең сұраймын қолым жайып»- сөздері қыз атынан берілсе, кейінгіде «қожам» сөзі «сенен»-деп, алмастырылып қожа атынан айтылуымен ерекшеленеді.

6. Бастапқыда: «Кішкентай да қосылған, тақсыр қожа, // Ары отырма, бері отыр жақындайық»- деп қыз атынан айтылса, екіншіде ол ұсыныс керісінше қожа атынан беріледі. Біздіңше, «Әрі отырма, бері отыр»- сөзін қыздан гөрі ер адам иемденуі шындыққа жақын.

7. Бұрынғыда соңғы жол: «Біз байғұсты алдайды бара тұр деп»- қалпында орын теуіп, өз алдындағы екінші тармақ соңындағы: «бара тұрып»- дегендегі «бара» сөзін орынсыз қайталау тудырса, соңғыда: «бара тұра деп» орнын «бері отыр деп»- иемденген.

8. Әуелгіде: «Төрт орамал шетіне түйдім анар»- деп берілсе, «шетіне» сөзі кейінгідегі 1170- папкада орын алғанымен, 1177, 1178-дін екеуінде де ол сөз: «бұрышына»-деп өзгертілген.

9. Біріншіде: «Қожаңменен Ұлбике ойнап күлсең»- деп өрістесе, екіншіде «Ұлбике» орнын «бас қосып» иемденген.

10. Әдепкіде: «Бала едің өзің тәуір, Ұлбике ақын, //Көрмес, білмес кісідей тілің тиді»- делініп, алғашқы жол қызды мақтауға арналса, соңғыда жігітті аша түсуге бағындырылған: «Пірлі, мұртты кісі едік, ай, Ұлбике.»

11. Бастапқыда: «Дәретсіз жан иманға қосылмайды»-делінсе, осындағы «дәретсіз» орнына кейінгінің 1170- папкасында: «тағатсыз», 1178-де «шыдамсыз», «1177-де «сабырсыз» берілген екен. Біз «тағат» сөзінің соның алдындағы тармақта да орын алуын ескеріп, қайталау тудырмас үшін «сабырсыз» сөзіне ат басын тіредік.

12. Бұрынғыдағы төртінші тармақ: «Не малдан, не бастан кем өсерсің»- делініп, өз алдындағы ұйқас құраушы жолдар аяғындағы: «елдесерсің», «теңдесерсің» сөздерімен ұйқасу, үйлесуін тудырып тұрса, екіншіде ұйқас құраушы сөздер өзгерін кеткен. Мәселен аяққы жол: «Мал мен бастың бірінен кем боларсың»- деп алынып, онысы өз алдындағы аяққы сөздер: «ел боларсың», «тен боларсың»- дегендермен үндесуімен ерекшеленеді. Біздіңше, бұл екі нұсқаның бірін артық, бірін кем санамай, әрқайсысын өз орнында фольклордағы көп нұсқалылық дәлелі ретінде қабылдаған жөн.

13. Әуелгіде: «Тәңірмен қашан, қожам, сөйлескенсің»-делінсе, соңғыда аяққы сөз «тілдескенсің»- деп өзгертілген.

14. Біріншіде қожа атынан айтылған бір шумақ:

Сенімен жау болмағам, елдескенмін,

Бір-екі ауыз сөзбенен теңдескенмін.

Бір табан сенен гөрі жолым үлкен,

Бабама Әзірет Әлі сөйлескенмін,- қалпында сап түзесе, бұл кейінгідегі 1170-папкада тап осылай қайталанса да, 1177, 1178- папканың екеуінде де қожа сөзі мүлде басқаша шаңырақ көтеруімен ерекшеленеді:

Атан түйе жарасар нар дегенге,
Айран-асыр қаламын жар дегенге.
Айтысқалы келіп ем тойларына:

«Ошақтыда ақын қыз бар»- дегенге.

15. Бастапқыда (В.В.Радловта): «Ажал жетсе, бір сақа дендетейін», - деп берілсе, екіншіде (Мәшһүр-Жүсіпте) мүлде өзгеше: «Әмір келсе, Алладан демде өтермін!»

16. «Ұлбике, сіз дегенмен, біз дегенмен»- тармағымен басталатын 10 шумақ, яғни 40 жол, (Мәшһүр-Жүсіп реті бойынша: 19-28-шумақ аралығы) В.В.Радловта мүлде жоқ болса, кейінгіде гана орын алғанын еске саламыз.

17. «Көргенде ақ жүзіңді көркем дейді»- деп басталатын 4 шумақ алдында гана көрсетілгендей, В.В.Радловта жоқ болумен қатар, Мәшһүр-Жүсіптің ертерек жазылған 1170-папкасында жоқ, ал 1177, 1178- папкаларда бар.

18. «Өлеңді білмегендер айып етер»- деген тармақпен басталған беттің (1177-папка, 72-бет) сол жағының жоғарғы қапталында Мәшһүр-Жүсіптің мына бір ескертуі көлденеңдеп жазылған: «Осылар- бір жерде айтысқан емес, әр жерде айтысқан сөздер. Мұнан басқа да көп шығар. Бізге келіп жеткені- жалғыз-жарым тамтыры.»

19. «Қожеке, шоқша қара сақалыңыз»- деп басталатын Мәшһүр-Жүсіптегі 24-шумақ В.В.Радловта орын алмауымен бірге, Мәшһүр-Жүсіптің де 1170, 1178-папкаларында жоқ, тек 1177-папка (72(37)б.) бойынша кіргізілді.

20. В.В.Радловта: «Батыраш, Әбділдаға нұрын төгіп»- делінсе, және ол Мәшһүр-Жүсіптің 1170-папкасында дәл солай қайталанса, 1177-де оның орнына: «Он сегіз мың ғаламның тұтқасы ғып»- жолы қоныс тепкен.

21. «Айтамын, айт дегенде, әуел айдан» басталатын 8 тармақ, Мәшһүр-Жүсіптегі рет бойынша есептегенде, 35-35- шумақтар В.В.Радловта мүлде ұшыраспағанын еске саламыз.

22. Бұрынғыдағы: «Айтамын айт дегенің, қожам, дүрсің»- тармағы соңғыда біраз өзгерген: « Қожалардың ішінде сен бір дүрсің.»

23. Әуелгіде: «Атасының аттары- Батыраш-ты, // Анасының аттары- Абу Таліп»- делініп, тарихта белгілі қаһармандар аттарын қате қолдану, шатастыру орын алса, екіншіде бұл түзетілген: «Ғабдолла, Батырашпен бір туысқан, // Ғалы атасын сұрасаң, Әбутәліп.»

24. Бастапқыда: «Ішінде осыншамның атам-есен»- делінсе, кейінгіде: «Шайтан қашар бойыңнан, «Алла»- десең»- қалпында оғау тігілген.

25. Ұлбикенің әке-шешесімен таныстыруына орай берілген Мәшһүр-Жүсіп түсіндірмесі сол 1177 папкадағы 73(38)-беттің сол жақ қапталында орын алған: «Қожаның әкесі ақын болса, мұның әкесі де, шешесі де ақын, бір жасы ағалығы болды.»

26. Әдепкіде: «Ақ тайлаққа жүк арттым қатар-қатар, // Шудасы шөгіп жатса, шаңға батар. // Сыймаған тілі аузыңа ақын болсаң»- түрінде алынса, соңғыдағы бастапқы екі тармақ мүлде басқаша: «Он түйме өңірімде қатар-қатар, // Соның бәрін шешем деп, басың қатар.»

27. «Қай күн суық болғанда дария қатар»- тармағымен аяқталған Мәшһүр-Жүсіптегі рет бойынша 46-шумақ, В.В.Радлов бойынша 51-шумақтан кейінгісі, жоғарыда атап өткеніміздей В.В.Радловта жоқ та, кейінгі бөлімі, бұған дейінгіден анағұрлым ұзақ бөлігі тек Мәшһүр-Жүсіпте орын алған. Сонымен бірге дария қатуына орай айтқан қожа жауабындағы қателікті Мәшһүр-Жүсіп сол 1177-папка, 73-бетінде арнайы ескерткен: «Қожа бұл жерде мейлінше адасты, оның сұрауы судың қатуы емес, басқа нәрсе еді.»

28. «Қоймаймын қыз дұшпанға күлісімді»- тармағынан кейін Мәшһүр-Жүсіп 1177 және 1178-папкасында да мына бір түсініктемесін енгізген: «Хазірет Ғалы кәрімалла ұжыңа- бір жасанып тойға бара жатқан қыздардың басынан асыра оқ атқан екен: «Еркекті бұзатұғын, жолдан шығаратұғын- осылар!»-деп. Ол өзіне тоқтау салып, сабыр қылғаны болса керек.»

29. Осы сөздерге байланысты Мәшһүр-Жүсіп мына бір түсінікті арнайы жазған: «Көз күлісіп ойнайды, құлақ сыбырласып ойнайды, мұрын иіскесіп ойнайды. Тіл сөйлесіп ойнайды, қол қысысып ойнайды, аяқ айқыш- ұйқыш салысып ойнайды. Қарынға қарын жабысып, шапанның екі өңіріндей қабысып ойнайды. Ауыздан ауыз сүйісіп, жөні келсе, ұят жері с...іп ойнайды. «Сегіз ойын»- солар екен де, бәрі де бір бас; екі емшектің сүйкімділігі бәрінен де аса қымбат.»- дегені екен. (Негізі: 1177- папка, 75(40)б.) және 1178-папка, 256(149)б.)

30. «Достар салған қожаға тіл тигізіп, // Кесір болып жүрмесін бастарыңа»- деген тармақтардың ізінше 1177-папкадағы 76-бетте Мәшһүр-Жүсіптің мына түсіндірмесі орналасқан: «Қожаға ашуы тиіп кеткендігі сондай: қарғады ғой, Ұлбике қыршын жасында өледі.»

31. Ұлбикенің: «Ит екен ішпес астан үміт етер»- сөзіне байланысты Мәшһүр-Жүсіп түсіндірмесі: «Ұлбике-ау, тағы аузыңнан айналайын! «Жігіт халқы ит мінезді болады: ит ішпес астан дәметеді!»- дегені шын сөз, хақ сөзі.» Қай сөзі жаман: сонда да осы сөзіне жаным риза болды.

Бұл иттік басымыздан көп кешкен көкейкесті сөзі.» (1177-папка, 78(43) беттің оң қапталында жазылған).

Ұлбике мен Жангел айтысы.

Бұл айтыс алдында сан ескертілген Алматыдағы Ұлттық Ғылым Академиясы қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз жазбалары (1178-папка, 262(152)- 264(153) б.) және 1177-папка, 79-86 б.) бойынша әзірленді.

Шөже мен Балта айтысы.

Бұл айтыстың Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған екі нұсқасы алдындағы айтылған қолжазба қорында сақталған. Оның бірі- 1177-папкадағы (125-129 б.) болса, екіншісі- 1178-папкадағы (267(156)-271 б.) мәтін. Екі мәтін басындағы Мәшһүр-Жүсіптің түсінік беруін және 1177-папка ішіндегі түсінікті- бәрін бұ жолы орналасу ретіне қарай мәтінмен бірге бергенді жөн деп таптық. Осы орайда Балта жеңілгеннен кейінгі Шөженің жоғарғы ұлықтарға шағымдануы 1177-де жоқ та, тек 1178-де орын алғанын ескертеміз. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта бұл айтыстың көшірмелері сақталған: Жолмұрат Жүсіпұлы (3-папка, 240-241 б. және 332-334 б., сонымен бірге 335-339 б.), Фазыл Жүсіпұлы (2-папка, 229-230 б.), Иманғали Маненов (3-папка, 167-169 б.)

Шөже мен Кемпірбай айтысы.

Бұл мәтін әулеттік мұрағаттағы: Фазыл (1-папка, 185-190 б.) және Жолмұрат (1-папка, 140-146 б.) көшірмелерін салыстыра отырып әзірленді. Фазыл мен Жолмұрат мәтіндерінде түрлішелік болған жағдайда әрі сөз қисынына қарап, әрі Жолмұраттың өзі бұ жолы жазба үлгіден емес, бір адамның жатқа айтуынан қағазға түсіргенін ескеріп, көбінесе алғашқы үлгіге иек арту жүзеге асқанын ескертеміз. Жолмұрат осы мәтіннің аяғында былай деп ескерткен: «Түбі, тегі- Нияз, Хасенұлы жатқа біледі екен, сонан көшіріп алынды.» Сонымен бірге әулеттік мұрағатта осы мәтіннің: Иманғали Маненов (3-папка, 81 б. және 242-248 б.), Иманмәдіұлы Ғафу (253 б.), Иманбаев Омар (1-папка, 59-64 б.) көшірмелері сақтаулы екенін еске саламыз.

Шөже мен Қалдыбай айтысы.

Бұл айтыс жоғарыда ескертілген қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіп жазбасы (1177-папка, 101-102 б.) бойынша ұсынылды. Сонымен бірге әулеттік мұрағатта осы айтыстың Жолмұрат Жүсіпұлы көшірмесі (3-папка, 340-341 б.) сақталғанын еске аламыз.

Мөңке мен Опан айтысы.

Бұл айтыстың жоғарыда аталған қолжазба қорында Мәшһүр-Жүсіп қолымен жазылған екі нұсқасы сақталған. Оның біріншісі ертерек қағазға түскені- 1170-папкадағысы (66-78 б.) да, кейінгісі- 1177-

папкадағысы (109-117 б.) Сонымен бірге бұл айтыстың ең алдымен 1870 жылғы В.В.Радлов кітабында жарық көргенін ескерін, әрі белгілі бір ауыз әдебиеті үлгілерінің ел арасына түрліше тарауын анықтай түсу үшін, әрі Мәшһүр-Жүсіптің тынбай ел аралауы нәтижесінде түрлі өзгерістерді біраз қамтығанын дәлелдеу үшін бұл екі үлгіні салыстыра сараптау қажет деп таптық.

1. Бұрынғы нұсқада (В.В.Радловта): «Қолаң қара шашымның түбіл сайда» (Қара: «Ел қазынасы-ескі сөз». Құрастырғандар: Б.Уақатов, С.А.Қасқабасов, Қ.С.Матыжанов. Алматы, Ғылым, 1994 ж., 577-580 б.)- делініп, соңғы екі сөз ұғынықсыздығы орын алса, кейінгіде (Мәшһүр-Жүсіпте) олардың орнын «түбі майда» иеленіп, ұғым нақтылана түскен.

2. Бастапқыдағы «Қарқараңның ол үші шайда болар»- тармағындағы «шайда» сөзі тағы да ұғынықсыздыққа бастаса, соңғыда ол сөзді «сайда» ығыстырып, ұғым дәлдігі қайтарылған.

3. Әуелгіде: «Руымды сұрасаң- Бағаналы»- түрінде келсе, екіншіде соңғы сөзден басқалары өзгерген: «Мен Арғын да, сен Найман.»

4. Біріншіде: «Аманжолдың Наурқұл жиып келіп»- дегендегі «науырқұл»- түсініксіздік арқаласа, кейінгіде ол сөзді «ауыр қол» алмастырған.

5. Өдепкіде: «Өленді айтып, Опаным, жөн өлерсің»- күйінде орын алса, соңғыда аяққы сөз: « жөнделерсің»- деп қоныс тепкен.

6. Алғашқыда екінші жол: «Неге айтасың, ау, сорлы, белдігіңді»- делініп, аяққы сөз өзінен бір жол кейін тұрған төртінші тармақ соңындағы «белдігіңді» сөзін қайталауға ұрындырса, екіншіде мүлде өзгеше: «Кісендеулі жүргенің кемдігің-ді.»

7. Бұрынғыда: «Бәйбішенің баласы басын естім»- қалпында тұрса, кейінгіде аяққы сөз: «қоссам» түрінде өзгерген.

8. Бастапқыда: «Сөйлер едің, жаяуым, күйің болса, // Шекең тола басыңда миың болса»- түрінде шаңырақ көтерілсе, соңғыда бұл екі тармақ біраз өзгеріске ұшыраған: «Сөйлер едің, жаяуым, шерің болса, // Сөз тастайтын аузыңа пірің болса!»

9. Әуелгіде: «Қара өлеңнен екеуміз қажыспаспыз»- делінсе, кейінгіде аяққы сөз «жеңіспеспіз» болып алынған.

10. Біріншіде: «Ойда орыс, қырда қазақ айдыннан тұрған»- түрінде өрістесе, соңғыда: «Орыс, қазақ- айдынынан түгел қорыққан»- қалпында қоныс тепкен.

11. Әдепкіде: «Тентегін тебізі мен тыймайтұғын»- түрінде алынса, екіншіде «тебізі» дегенді «телісі» ығыстырған.

12. Алғашқыда: «Жүгірткен сұм жаяуды таяқ-тағы»- делінсе, кейінгіде «таяқ» орнын «тамақ» иеленген.

13. Бұрынғыда: «Сорлыға біздей қала сауап тағы»- тармағы орын алса, соңғыда «қала» сөзін «кәріп» алмастырған.

14. Бастапқыда бір тармақ: «Біз жаяу» сөздерімен басталса, екіншіде «біз» орнына «бұ» енгізілген.

15. Әуелгіде тармақтың алғашқы сөздері: «Әуелде көкте қазы»- түрінде қоныс тепсе, кейінгіде: «Әуелде өзі жалғыз»- қалпында берілген.

16. Біріншіде:

Қатты жұтып саумалды қандыңыз ба?

Қайбана боп ақылдан тандыңыз ба?

Өлең айтып сусаған, сорлы жаяу,

Қаныңды ішіп саумал алдыңыз ба?- делініп, сауал қою түрінде өрістесе, соңғыда сауал емес, іске асыруға өзі кіріскен қалыпта берілген:

Қатты жұтып, іш саумал, қандырайын,

Ақылыңды жаңылтып, тандырайын.

Өлең айтып, сусаған, сорлы жаяу,

Мен көзіңді шырадай жандырайын!

17. Әдепкіде:

Қатты жұтып саумал қанғым келді,

Тағы бірге Опанмен жүргім келді.

Елдегі есер қылық еске түсіп,

Опанның ақ төсіне мінгім келді- делініп, бірінші тармақ пен екінші, төртіншінің ұйқаспауына әкелсе, кейінгіде ұйқас та, ұғым да нақтылана түскен тәрізді:

Қатты жұтып, саумалды қанғым келді,

Қақ қасыңа, Опан қыз, барғым келді.

Елдегі тентек ойымауып тұр ғой,

Ақ төсіңе бір мініп алғым келді.

18. Алғашқыда: «Аяғыма кигенім кебіс өкше»- қалпында келтірілсе, екіншіде «кебіс» дегенді «шоңқайма» ауыстырған.

19. Бастапқыда: «Қыпра болып»- деп тармақ басталса, соңғыда оны «күні кеше»- сөздері алмастырған.

20. Біріншіде: «Жарықтық анасынан туған-дағы»-жолы берілсе, кейінгіде «анасынан» орнын «арыстан боп» иеленген.

21. Әдепкіде: «Қара өлеңге келгенде жөнелемін»- деген екінші тармақтың соңғы сөзі өз алдындағы ұйқас құраушы: «түйелімін»

және шумақ аяқталымындағы: «жиенімін» сөздерімен онша ұйқаспай, үйлеспей тұрса, екіншіде «жөнелемін» орнын «жүйелімін» игергенде, ұйқас толымдығы қалпына келтірілді.

22. Алғашқы мына бір шумақ:

Балқын көл, салқын көл мен қызыл қурай,

Жас басыңнан көп жортып кез ортадай.

Атың менен берейін тоныңды алып,

Тамыршыдай келдің бе мені сұрай- қалпында отау тіксе, соңғыда айырмашылық баршылық:

Балқын көл, салқын көл мен қызыл қурай,

Жас басыңнан көп жортып, болдың сұмырай.

Атың менен берейін тоныңды алып,

Сүйек қуып, келген болсаң, тамыршыдай.

23. Әуелгіде: «Опанға , жалғызым-ау, бермейін деп»- қалпында ірге тепсе, кейінгіде «жалғызым-ау»- дегенді «жалғыз тал қыл» сөздері алмастырған.

24. Бұрынғыдағы: «Олай айтқан сөзің жөн дегенің, // Желіп жүрген жайсаңың мен дегенің»- жолдары екіншіде біраз өзгерген қалыпта берілген: «Желіп жортқан жайсаңың мен дегенің, // Өз сөзіңді тағы өзің жөн дегенің.»

25. Бір шумақтың екінші, үшінші тармақтары бастапқыда: «Желіп жүрген жайсаңың мен емес пе? // Жылқыңды шаршы түсте оттатпайтын»- деп алынса, соңғыда сәл басқаша: «Желіп жортқан жайсаңың мен емес пе? // Жылқыңды тыныштықпенен оттатпайтын.»

26. Енді бір шумақтың 2,3,4,- жолдары біріншіде: «Біздің өлең ол айтса қайда жатыр? // Өлеңді айта Бер Мөнек ақын, // Жарасынан Жекем жаман жатыр.»- түрінде өрістесе, кейінгіде ол тағы да көп өзгерген: «Біздің өлең есепсіз толып жатыр. // Өлеңіңді айта бер, арсыз сорлы, // Сойып салған сақтаулы соғым жатыр.»

27. Бұл айтыстағы соңғы шумақ та екі нұсқада түрліше келтірілген. Біріншіде:

Аяғы ұры құлдың қара қақпан,

Ұры құл бұ қақпаннан пайда тапқан.

Еліме ермек болсаң мен барармын,

Сенен құдай сақтасын бала тапқан.

Ал, екіншіде тағы да біраз өзгеше болуымен ерекшеленеді:

Ұры құл аяғында қара қақпан,

Қақпанмен қарғып барып саған шапқан.

Пайдамды жұрт алдында өзіме бер,

Кешегі балаң қайда менен тапқан!

Түбек пен Жамшыбай айтысы.

Жоғарыда сан мәрте ескерілген Қазақтың Ұлттық Ғылым академиясы кітапханасы қолжазба қорында сақталған Мәшһүр-Жүсіптің ертерек жазылған 1178-папкасындағы (239(141)-242 б.) және кейін қағазға түскен 1177-папкасындағы (120-124 б.) жазбалары салыстырыла отырып әзірленді.

Ұмсын мен Заман қожа айтысы.

Жоғарыда аталған қолжазба қорындағы Мәшһүр-Жүсіптің өз қолымен жазылған екі нұсқасын өзара салыстыра отырып (1178-папка, 243(143)-249(146)б.) және 1177-папка (82-89 б.) әзірленді.

1. 1177-папкадағы 83(48) беттің сол жақ қапталына көлденеңдеп мына ескерту жазылған: «Құран кітап-араб, парсының тілі. Өзім бөтен жұрттың тіліне өмір бойы түсіне алмадым. Ғылым, білімді қазақ тілінен алдым. Осы Заман қожаның сөзіне қатықтай қатып, сүттей ұйыдым. «Періштенің сұрауы көрде болады.»- деген жоқ, «Сират көпірі»- деді. Аузына Құдай салған. Біздіңше, Мәшһүр-Жүсіптің «түсіне алмадым» дегенін сөзбе-сөз ұғынбай (себебі ол атамыз аталған тілдерді жақсы білген), қанша білдім деген адамның басқа тілдегіні түсіндіруде қиналуы мүмкіндігін осы орайда ескерткені деп түсінген жөн болар еді.

2. 1177- папкадағы 84(49)- беттің оң жағында көлденеңдеп жазылған Мәшһүр-Жүсіп ескертуі: «Қожадан- қыз ақын. Қожа талай жерде қалбалақтап сасып қалды. Қыз қожалығын сыйлады ма, болмаса өзінен дәмелі ме, ажарына қарай берді.»

Мәшһүр-Жүсіптің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастаны.

Бұл дастан «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» кітабы (Астана, Фолиант, 2002 ж.) бойынша әзірленді. Ол кітапты құрастырып алғы сөзін жазғандар: М.Жолдасбеков, С.Қасқабасов.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының ежелден ел арасында көп нұсқалы болып таралғаны белгілі. Бұл жырлардың басым көпшілігінде қыз Баянның әкесі- Қарабай да, Қозы әкесі- Сарыбай болып алынса, бұл екі есімнің Мәшһүр-Жүсіп нұсқасында орыны ауысуы да сол көп нұсқалылық, алуан түрлілік нәтижесі деп есептеген жөн. Жырдың тақырыптық, жанрлық өзгешеліктерін зерттеуді мамандардың болашақ іздену өрісіне қалдыра отырып, бұл тұста Мәшһүр-Жүсіп нұсқасының өз бояуымен жетуін ескеру керектігіне назар аудартқымыз келеді. Біздіңше, жырдағы сөз, тармақ қайталаулары фольклор стилін, сарынын аңғартса, соның бәрін Алла құдіреті идеясына бағындырып отыру Мәшһүр-Жүсіптің өзіндік ақындық стиліне жақындататынын ескеру қажет.

Мазмуны

I Ертегілер	3
Шыншыл мен суайт	3
Һамза, Лумза әңгімесі	9
Заманына қарай амалы	11
Ақылдың пайдасы	14
Екі патшаның білместігі	16
Бес тиын бакыр және мысық	18
Патша қызы және тазша	19
Қонақтың ақылы	20
Ер Төстік	22
Желкілдек	26
Еділ-Жайық ертегісі	47
Сарыбас мерген	49
Ұйқының әлегі (Сарыбастың екінші бір әңгімесі)	52
II Аңыз әңгімелер	53
Нұх пайғамбар мен бір кемпір	53
Сүлеймен мен құмырсқа	54
Құдайды қолдан жасаушылар әлегі	57
Асан қайғы және Ежен хан	61
Асан қайғы және пері қызы	62
Асан қайғының жер туралы айтқандары (бірінші нұсқа)	64
Асан қайғының жер туралы айтқандары (екінші нұсқа)	68
Асан қайғының мұңы	70
Жиренше шешен (бірінші нұсқа)	71
Жиренше шешен (екінші нұсқа)	79
Ұста тұспалы және Жиренше	85
Жақсыдан жаман тумайтыны	87
Шаш туралы әңгіме	87
Жиренше мен Қызылым	88
Жиреншенің енді бір түпіндері	88
Кемпір мен қарға	89
Тұлпардың дүбірі	91
Жиенәлі батыр тұлпары	94
III Күлдіргі сөздер	95
Қыз таңдау	95
Жігіттер сыбағасы (бірінші нұсқа)	96
Жігіттер сыбағасы (екінші нұсқа)	97
Түзеле алмау әңгімесі	97

Барпық өнері (бірінші нұсқа).....	98
Барпық өнері (екінші нұсқа).....	100
Екі жігіттің өнер салыстырғаны	102
Тіней әңгімесі	107
Екі құрдас әңгімесі.....	108
Бір епті жігіттің өнері.....	109
Бір кедейдің сараңдығы.....	110
Сараңның барып тұрған сараңы.....	110
IV Шешендік өрнектері.....	111
Үлгілі сөздер	111
Абылай хан сауалы.....	112
Қазыбек би	113
Қазыбектің алғаш көзге түсуі.....	113
Қазыбектің екінші билігі.....	116
Қазыбектің үшінші билігі	116
Қазыбектің төртінші билігі.....	117
Қазыбектің бесінші төрелігі	119
Қазыбектің: «Тәңірі алдына барғанда»сөзінің әсері.....	119
Қазыбектің 3 сұраққа жауабы:.....	120
Қазыбектің қартайған шағындағы сөзі.....	121
Қазыбектің қастандықтан аман қалғаны	121
Қазыбектің соңғы бір тілегі	122
Байдалы шешен	122
Байдалының күйеуін менсінбегенге төрелігі	122
Байдалы және Айғаным (бірінші нұсқа).....	123
Байдалы және Айғаным (екінші нұсқа).....	124
Едіге би.....	126
Едігенің алғашқы билігі.....	126
Едігенің Тоғаспен құда болуы (бірінші нұсқа)	127
Едігенің Тоғаспен құда болуы (екінші нұсқа).....	131
Едігенің көрген түсі (бірінші нұсқа).....	135
Едігенің көрген түсі (екінші нұсқа).....	135
Едігенің көрген түсі (үшінші нұсқа)	136
Едігенің соңғы билігі.....	137
Мөңке	139
Бөлтірік би.....	141
Тайкелтір би	142
Жәуке шешен	145
Тәйтеке би.....	147
Тәйтеке және Кетебай сәлемі	147

Тәйтекенің болжамы	148
Ақтайлақ сыны	149
Досбол әңгімелері.....	150
Досболдың нақыл сөздері	150
Досболдың тапқырлығы.....	151
Досболдың енді бір сөзі.....	151
Досболдың қартайғандағы сөзі	152
Досболдың көңілін сұрағандарға айтқаны	152
Өтетілеу.....	153
Үкібай.....	154
Басқа да бұрынғы шешендік үлгілері	155
Қараменде.....	158
Кешкенбай.....	158
Қондыбай.....	159
Торайғыр би	159
Торайғырдың шешендік өнері	159
Торайғырдың құн беруі (бірінші нұсқа)	162
Торайғыр тапқырлығы	164
Торайғырдың тағы бір сөзі.....	165
Торайғырдың құн беруі (екінші нұсқа).....	166
Торайғырды тоқтату	167
Шоң би	168
Шоң нақылдары.....	168
Тіл мен көз.....	168
Сарман мен Шоң би.....	169
Шоң бидің бір әйелден жеңілуі.....	169
Шоңмен Тіленші.....	170
Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (бірінші нұсқа) ..	171
Шоң бидің Қуандық еліндегі асқа баруы (екінші қысқа нұсқа)	178
Боздақ би туралы бір дерек	179
Шорман би.....	180
Шорманның жас кезі.....	180
Қаржас пен Қанжығалы дауы (бірінші нұсқа)	181
Қаржас пен Қанжығалы дауы (екінші қысқа нұсқа)	183
Шорманға бір бәйбішенің сын айтуы	184
Итемген.....	185
V Түрлі әңгімелер.....	187
Мірсейіт пен Тіптазаны әңгімелері.....	187
Қаһарлы Жанак.....	189

Төйте тәуіп	191
Дуаның пайдасы	191
Бір кедейдің тапқырлығы	192
Мыңжанның шешендігі	193
Әділ би әңгімесі	194
Боран батыр	196
Тентектер әңгімесі	200
Есен тентек	200
Үшкұрт (бірінші нұсқа)	201
Үшкұрт (екінші нұсқа)	201
Есен тентек және басқалар	202
Есеннің тентектік салыстырғаны	205
Құлболды ішіндегі әулиелер	206
Қоңыр әулие	206
Есте болатын ескі сөздер	207
Нұрман сөзі	207
VI Ақындар айтысы	208
Қысқа қақтығыс үлгілері	208
Жолаушы мен бойжеткен қағытпасы	208
Мәшһүр-Жүсіптің бір қожамен сөз қағысуы	209
Төлеген мен Имантай тәжікелесуі	210
Көтеш пен Күмпейе сайысы	210
Көтеш пен Күнекей қағытпасы	212
Көтештің бір қызбен айтысы (бірінші нұсқа)	212
Көтештің бір қызбен айтысы (екінші нұсқа)	214
Орынбай мен келіні қағысуы	214
Тәттіқыз бен Өске қақтығысы	215
Мұстафа мен Жұмабай қағысуы	215
Қалыпты айтыс үлгілері	216
Ақбала мен Боздақ айтысы	216
Шортанбай мен Орынбайдың айтысы	221
Жанақ пен Түбек айтысы	224
Жанақ пен Сақау айтысы	230
Сақау мен Тоғжан айтысы	231
Ұлбике мен Күдері айтысы	242
Ұлбике мен Жангел айтысы	255
Шөже мен Балта айтысы	258
Шөже мен Кемпірбай айтысы	266
Шөже мен Қалдыбай айтысы	273
Мөңке мен Опан айтысы	275

Түбек пен Жамшыбай айтысы	281
Ұмсын мен Заман қожа айтысы	288
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы	
Қозы Көрпеш-Баян Сұлу	296-348
ТҮСІНІКТЕМЕ	349-391
МАЗМҰНЫ	392

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы

Шығармалары

6 том

Сдано в набор 20.07. 05 г. Подписано в печать 24.08.05 г. Формат 84x60 1/16. Бумага офсетная. Гарнитура Times. Объем в усл. печ. лист. 23,0.
Объем в уч. изд. лист. 20,5. Тираж 1000 экз.

Отпечатано в ТОО НПФ "ЭКО".
140000, Республика Казахстан, г. Павлодар,
ул. 29 Ноября, 2, тел. (3182) 32-16-08